МАРЖАН НҰРПЕЙІСОВА



ҮШ ОРТА

Инженерлік білімнің Хан Тәңірі -
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың
80 жылдығына арналады

Алматы 2014

УДК 378
ББК 74.58
Н 86

Нұрпейісова М.Б.

Н 86 Үш орта. Алматы: 2014. –500 бет.
ISBN 978-601-228-687-8

Туған жерін, өскен елін сүйе білген қайраткер әйел, халқы үшін елу жылдай аянбай адал еңбек еткен, білімді де білгір ғалым Маржан Байсанқызы Нұрпейісованың оқушылар назарына ұсынып отырған бұл ғұмырнамалық кітабында автордың жан сыры, ой–түйіндері баяндалады. Шығарманың көптеген тағандары «Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем», «Машановтың ғылыми мектебі», «Атамекен» атты кітаптарында және «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Арқа ажары», «Көкшетау», «Түркістан» газеттерінде жарияланды.

Автор өмір өткелдерінен сыр шерте отыра, бүгінде үлкен бір әулеттің отанасы болғандықтан, жеті атасынан бері қарай таратып, бүгінгі сәбиге дейін әкеледі және кезінде өзі қызметтес әрі жолдас болған ел ағалары, қоғам қайраткерлерінің, замандастарының адамгершілік қасиеттерін, ұлағатты сөздерін әңгімелейді. Сонымен қатар, қаламгер оқырманын елдің ертеңі мені бүгіні туралы ойландырады. Ел үшін еткен еңбектің текке кетпейтінін тілге тиек етеді.

Кітап әдебиет сүйгіш қауымға арналған.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-228-687-8 © Нұрпейісова М.Б. 2014

ПАРЫЗ
(алғы сөз орнына)

Тудың – тұтандың,
Өлдің – өштің,
Бұл өмір заңы.

Ә.Нұршайықов.

Осы айтылған «тұтану» мен «өшу» арасында таңғажайып өмір бар. Ол аз ба, көп пе – ол әр адамның өзінің сүрген өмірі, басынан кешкен қайталанбас қызықты да, қиын оқиғалар. Ол оқиға өзіңе артта қалған жол, кешкен қиындық, жеткен жеңіс сияқты болып өтіп кеткенімен, өзгеге, кейінгі ұрпаққа – сабақ. Өмір мектебі.

Әрбір адам атақты немесе атақсыз болсын, қолынан келгенше, өз басынан өткендерін өмір деген аудитория төрінде тұрып, естелік етіп жазып кетсе–ол ғанибет емес пе! Өйткені әр естелік – ғажайып кітап. Мен бұл кітабымды қайрат тасып, өнер асқан кезде емес, зейнеткерліктің дәмін татып, өткен өмірге ойлана көз тастау кезеңінде қолға алдым. Алғашқыда мен ғұмырнамалық эссе жазуды адамның басқа жазатын ештемесі болмаған кездегі шаруасы деп ойлайтын едім. Бірақ, естелік жазуға өмірдің өзі итермелейді екен. Жылдар жылжып өтіп жатты. Арындап шапқан атты да, сарқырып аққан асау өзенді де тоқтатуға болады. Бірақ мына зуылдап өтіп жатқан уақыт керуенін кідірту ешкімнің қолынан келмейді екен. Әркімнің ғұмыр жолында бедерлі белестері, өзі нәр алған бастауы бар.

Бүгінде өміріміздің өткеннен басталатынына көз жеткізгендеймін. Демек, барша шындық сол өткен өмірдің өн бойында жатыр. «Тұлпар аунаған жерде түк қалады» дегендей, менің туған өлкемнің батагөй даналары мен сал–серілерінің ақын–жырауларының, көрнекті өнерпаз ағаларының, ғалымдарының ізін уақыт көші жоғалта алмағанына, дап–даңғыл қалпында сайрап жатқандығына көз жеткіздім. Сол жол мені адастырмай ел тарихына алып барды. Тарихқа көз тастаудағы мақсатым, тарихшы болып, кітап шығарып атаққа кенелу емес, менің ер жеткен балаларым, өсіп келе жатқан немерелерім бар, солар өткенін білсін, бабалар дәстүрінен бастау алатын шежірелік тарихымызды білсін деген ниет. Мен де өзімнің хал–қадірімше осынау ой жетегінде отырып ұлы көшке үлес қосуды Парызым деп түсіндім.

Өткен өміріме ой жіберіп қарасам, ашылмаған сыр, танылмаған өнеге әлі де мол екен. Соның жоғын асырмай, барын асырмай, сүттен ақ, судан таза демей, жүріп өткен жолға, жіберген қателіктер мен жеткен жетістіктерді саралап, іштей болса да бір есеп бергенді жөн көрдім. Жасың ұлғаяды екен, бірге өскен замандастар азаяды екен, сол кезде солар жайлы, заманың жайлы, замандастарың жайлы кейінгі ұрпаққа айтудың қажеттігі туады екен. Сөйтіп, мен де естелік жазуды өзіме Парыз деп таптым.

Өткен өмір белестері – әр адамның өз тағдыры. Біреулер тек өзі үшін өмір сүреді, біреулер өз ортасы, елі, халқы үшін өмір сүруді басты мақсат етіп қояды. Кешегі күндей күркіреп өткен Бауыржан Момышұлының Парыз ұғымы төңірегіндегі айтқан қанатты сөздері халық зердесінде. «Парыз –намыс күзетшісі», «Парыз өлгенді тірілтеді», «Парыз –өшкенді жаңғыртады». Осындай қанатты сөздерді қазақтың қай–қай зиялысының болсын мұрасынан іздеп тауып, тағлым етуге болады.

Кешегі Шоқан, Сәкен, Бауыржан, Еркін сынды арыстарымыз өз қара бастары үшін емес, халқына қалтықсыз қызмет етуді өзінің парызы деп есептеген жандар. Сондықтан да олар өздері өмір сүрген уақыттың зор жауапкершілігін мойымай көтере білген.

Бір кездегі ағалар, замандастар «тозбас темір, озбас өмір жоқ» дегендей мына жалғаннан келместің кемесіне мініп кетті. Соларға қарап отырып, маған да кезек жақындап қалды–ау деген ой да мазалады. Ең соңында өзім өткен өмір жолына көз салдым. Ол да қызығы мен қиындығы қатар жүрген, бірақ тағылымы мол сияқты көрінді. Кейінгі жастарға біздің ұрпақтың өмірсүйгіштік рухы жайында айтуға болады екен. Сол себептен асығамыз, тездетіп жазамыз.

Қазақта «отағасы» деген ұғым бар, сол жаныма серік болып, тірлігімнің, от басымның мәнін келтірген жұбайым Шәріп дүниеден ерте озды. Ана болу бақытына кенелгенім сол отағасымның арқасы. Сол кісі жөнінде және өміріме өнеге болған адамдар туралы естелік жазып, ұрпақтың жадында қалтыруды да парызым деп ұғынамын.

Жастар қариялардан аталы сөз, жақсы лебіз, ақ тілек, ыстық ықылас күтеді... Мен балаларыма айтарлық байлық берген жоқпын. Бірақ оқыттым, тәрбиеледім, үлгі болуға тырыстым. Сіңлілерім, інілерім, балаларым – бәрінің білімдері бар, әдепті, адамгершілік қасиеттері мол, жөн біледі, талапты да талантты.

Есті болып ешкім де іштен тумайды. Өзінің нәсілінен, оқудан, өмірден, игі жақсылардан өнеге жинап жетіледі, осындай естеліктерден тағлым алады. Бұл естелікте менің үш ортам: туған, өскен, өнген орталарымдағы азаматтардың өмірге деген құлшынысы, келер күнге деген ерекше ұмтылысы мен сенімі жайлы көңіл толқыным, жүрек сырым жазылған. Оны жазу үшін мен өзімнің өткен өмір жолымды ой прожекторының жарық сәулесіне түсіріп, артта қалған ізімнің жақсысын да жаманын да көрсеткім келді. Сол сәуленің күшімен оқырман бір ысып, бір суып, менімен қоса мұңайып, қосыла қуанып, өзгеше бір күй кешеді деген ойдамын.

Осы кітаптағы ой толғамдары мен менің көзқарастарым оқырман кәдесіне жарап жатса, мақсатымның межесіне жеткені деп білемін.

Құрметпен автор

I

ТУҒАН ОРТА



Балауса балғын шақ



Көкшенің көлі–көңілімнің төрі

I. ТУҒАН ЖЕР, ТУҒАН КӨКШЕ, ТҰҒЫРЛЫ ЕЛІМ

1.1.Сарыарқа самалы

Ата–бабаларымыз өмір дегенді барлық сән–салтанатымен жарқырай, артынып–тартынып сар далада көшіп бара жатқан ұлы керуенге ұқсатқан ғой. Көш қонайын десе, көкорай шалғынды жерді таңдайды, бал бұлағы шөл қандырар, қызық–қуанышын жандырар құтты мекенді қалайды. Қазекем өмірдің сәнін, тіршіліктің нәрін содан тапқан.

Ұшса құстың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы тозатын ұшы–қиырсыз қазақтың кең даласын сайғақ өрген Сарыарқасыз, жер шоқтығы Көкшесіз, қасиетті Каратаусыз, қойны–қонышы мұнайлы Атыраусыз, кенді өр Алтайсыз, дана тұлғалы Баянауылсыз, жер жаннаты Жетісусыз, жерінде Сырдариясы бар, ақ күрішті Қызылордасыз, қара алтынды Қарағандысыз танып, білу мүмкін емес. Шынын айтсақ, дәл бұларсыз бұлбұлдай сайраған қызыл тіліңіз, де тиегі түсіп, иесіз қара домбырадай қайғылы күй кешері хақ.
Туған жерге деген ел ықыласы осылай туған.

Менің шыр етіп дүниеге келген, кіндік қаным тамған туған жерім – Қазақстанның аса бір қасиетті аймағы Сарыарқа. Сарыарқа–Қазақстанның ұлан–ғайыр жерін алып жатыр. Шығысын шөлге беріп, төрт құбыласын желге беріп керіле созылып жатқан сары дала – Сарыарқа атауы халық атауы. Арқадай кең көсіліп жатқан сары дала қайталанбас тамылжыған табиғатымен кім–кімді тамсандырады. Сарыарқаның төсінде соғатын самал жел лебінің өзі есіп қоя бергенде, өзіңді тамаша күйде сезінесің. Сағым ойнаған сары даланың самал желі ғана емес, табиғатының өзі керемет. Мұнда тұңғиығы тұнжыраған көлдерді, арналы өзендерді, аласа тауларды, сарғайған сары шөптерді, жазық даланы көруге болады.

Сарыарқа менің жаныма жылулық, сұлулық және өміріме мән сыйлайды. Таңғажайып табиғаты көңілге бір кірбің түсірмейді. Сонау Сарыарқадай сары даладан елін жаудан қорғаған, жұртына қалқан болған батырларымыз да шыққан. Сарыарқаның асыл тумалары, сонау Абылай заманындағы Бұқар жырау, хан Кене, Қаз дауысты Қазыбек, Шоқан, жазушылар С.Сейфуллин, С.Мұқанов, ақындар Қ.Аманжолов, К.Шөкеев, Ұлы Отан соғысының батырлары М.Ғабдуллин, Н.Әбдіров, ғалымдар Е.Ысмайылов және Е.Бөкетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров сияқты атақты адамдар Сарыарқаның атын шығарған. Осынау кең дала, сағым ойнаған самал желі туралы қанша айтсақ та сөзіміз таусылмас. Арқа даласы – көненің көзі асылдардың мекені.

Әрине, Сарыарқа деген кең дала, оның белгіленген шекарасы жоқ. Сонау Алтайдан бастап, Ертіс бойымен саялы Ұлытауды, одан Торғай ойпатын қамтитын, Бетпақдала шөлін орап жатқан аймақтың бәрі – «Сарыарқа» деп аталады. Ал, әкімшілікке бөлу тілімен айтсақ, бұл Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары.

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төсім нар алқа,
Құлагер жортқан құба бел,
Сүйемін сені Сарыарқа!

Әніме ұйып тына бер,
Құмарың тарқап жан қалқа,
Туған жерім – ғажап жер,
Сұлулар елі Сарыарқа!

Қосылып сен де тың ән сал,
Тыңдасын кербез бай алқа,
Ақан, Сәкен, Біржан сал –
Серілер елі Сарыарқа!

Ақ орда құрған Абылай,
Атына даңқы сай алқа,
Абай, Шоқан, Ыбырай,
Даналар елі Сарыарқа!,–

деп ақын Кәкімбек Салықовтың тебіренуі тегінен–тегін емес және артық мақтанғандық та емес[1].

Сарыарқаны ауызға алғанымызда көз алдымызға ең алдымен жер жәннаты Көкшетау елестейді. Өйткені туған жер – өз перзенті үшін мәңгі сағым, ең қимас, ең ыстық, ең киелі құдірет. Ол ұрпақ санасын мәңгі билеп, ұрпақтан–ұрпаққа тамыр тартып, олардың әрқайсысымен бірге ғұмыр кешеді. Ол – асыл мұра, баға жетпес қазына. Туған жерге, өскен өлке деген перзенттік сезім жас келген сайын ұлғая түседі екен. Оны мен «сағыныштың сарғайған сезімдері деп осы кіаптың әрбір тағандарына енгізіп отырмын.

Көкшетау атамекен туған жерім,
Кіндік кесіп кірімді жуған жерім.
Нәр алып өміріме жас шағымда,
Жастықта сауық–сайран құрған жерім.

Бұлаңдап көз ұшында сағым белі,
Еседі қоңыр салқын, саумал желі.
Түн болса сексен көлі тыным алып,
Жатқандай көзін жұмып байтақ елі.

Ауылым Біржан салдың қонған елі,
Әндерін арнап кеткен Ақан сері.
Бурабай Сәкен жырлап әнге қосқан,
Көл біткеннің мөп–мөлдір гөзелі еді.

Туған жер, туған Көкше, тұғырлы елім,
Жана алмай, жарыла алмай бүгілемін,

Көзіме оттай ыстық көрінесің,
Айналдым аймағыңнан туған жерім.

Жақтырмаймыз даңғаза ұранды біз,
Төрден орын алады құрметтіміз.
Көкшетаудың болған соң ұландары,
Биіктен көрінуге міндеттіміз! –

деп Сарыарқа төсіндегі Көкшетауымды мақтан ете отыра, өз замандастарымды туған жерді қастерлеуге шақырудан жалыққан емеспін.

1.1. Жер шоқтығы Көкшетау

Көкшетау – тұнып тұрған сыр, сөйлеп тұрған сурет. Бұл сұлу өңір – Көкше биігі ертеден бері «Қазақстан Швейцариясы» аталып келеді. Бірінен–бірі асқан көгілдір таулар өз аясына мөлдіреген сексен көлді ұялатып, текше–текше тастарды қиялатып, ұлы табиғат өз өнерін айдай әлемге сиқырлы бояумен паш еткендей. Туған өлкенің баға жетпес осынау байлығын қастерлеп, оның тарихын, дәстүрін көздің қарашығындай сақтауда перзенттік іңкәрлік сезіммен қамқор бола білген қазақ ақындары Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожин, Диқан Әбілов, Сағи Жиенбаев Көкшетауға өздерінің тамаша жырларын арнады. Ең шабытты жыр жолдары аса көрнекті жазушы–революционер Сәкен Сейфуллиннің каламынан туды [2].

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жауған жауын.
Жан–жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп – кетіп есен – сауын.

Көкпеңбек көк шың басынан мұнар кетпес,
Басына атсаңдағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

Көкшетаудың сексен көлдерінің тұп–тұнық көгілдір айдынында аспан, тау, орман қалай жарқырап көрініс тапса, дәл солай Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында осынау таңғажайып өлке және оған деген халық махаббаты кереметтей бір әсемдікпен, жан тербетерлік сезіммен жырланады және Көкшенің табиғатын мөлдіретіп көз алдыңа әкеледі.

Поэзия ақтангері Мұқағали Бурабайға келгенде, бірінші күні үндемей жүріпті деседі. Достары «Мұқағали табиғат сұлулығына тәнті болғаны сонша, тілін жұтып қойды» – деп қалжыңдаған екен. Тек бір күннен кейін ғана арқалы ақын ақтарылыпты.

О, ғажап!
Өзіңбісің Көкше деген?!

Тастары жиған жүктей текшелеген,
Бурабай Оқжетпесті өкшелеген,–

деп басталатын әйгілі жыры осылайша өмірге келген екен.

Ал, ақын Тоқаш Бердияров «Жер шоқтығы – Көкшетау» атты поэмасында[3]:

Соншама бұл Көкшені сәндеген кім?
Асыра жырлауым ба, әлде менің,
Неліктен айғыз–айғыз мына тастар?..
Жебесін тайдырған–ау, Хан Кененің.

Сұлаған Жеке батыр елден ерек...
Көз салам айналаға мен ентелеп.
Сөйлеуге, түшкіруге именемін
Мол тыныштық оянып кете ме деп.

Көкшетау әдемілік ұйыған жер,
Қазаққа сыбағадай бұйырған жер.
Талқандап қалмақтар мен жоңғарларды,
Абылай хан жеңістерін тойлаған жер.

Бурабай көл–таулардың сәні болып,
Аққу үні– Біржанның әні болып,
Үш апалы–сіңлілі құзар шыңға,
Ақша бұлт көмкерілген шәлі болып.

«Оқжетпестің иығы жайлы екен» деп,
Құж–құж тасын алыпты Ай мекендеп,
Тас діңгектен көз салам жан–жағыма,
«Ауылы Балуан Шолақ қайда екен» деп.

Айнакөл аймаласып аспанменен,
Маржандай су астында тас терілген.
Сырласқан жер – жас Қаныш тастарменен
Кездескен жер– Ботакөз Асқарменен.

Толғанып Шоқан, Сәкен ойлаған жер,
Құлагер шабысынан ор болған жер.
Сайрандап сал–серілер «тау ішінде»,
Өмірдің қызығына тоймаған жер.

Шын мәнінде Көкшетау – Сарыарқаның саумал самалы тербеткен сайын даласында сұлудың жасауынан үзіліп қалған әсем әшекей сынды Бурабайымен, сексен көлімен сыр ұқтырған, сұлу табиғатымен тамсандыра білген, «Оқжепесімен» сұқтандыра білген киелі де қасиетті өлке. Бүгінде Көкшетау жазиралы Сарыарқаның символына айналды. Халық оған «Көкше!» деп тамсануда, оны бір көруге, ауасын бір жұтуға інкәр болуда.

«Өзің боп нәзігім де, дөкейім де, Көкшетау сен жүресің көкейімде» –деп Еркеш Ибраһим жырлағандай, сол туған өлкем Көкшеге келгенде, көз жетпейтін мидай жазық даласы тынысыңды ашып, кеудеңді күмбірлеген күйге, ән мен жырға толтырады.

Ақын Қорғанбек Аманжолов «Қанай–Абылай» поэмасында:

«Хан ордасы, ханның қызыл ағашы Көкшеде шежіредей қапталған,
Абылайды Бурабайға қондырған, Түркістан мен екі араны жол қылған.
Атығай мен Қарауыл хан көтеріп, қазақ бағын жандырған!
Қауызында, қалыбында қалмаған –Көкшесі бұл көкжал Кенесарының.
Көкшесі бұл аққу ақын Еркештің, Көкшесі бұл Әуелбеков Еркіннің.
Қазағымның көп тарихы Көкшеде, қаланып тұр Оқжетпестей текшеде...» деп, Көкшенің иесі мен киесін ұмытпай қастерлеуге шақырады [4].

Осынау ой мен бойды билеген сезім Көкше өңірінің кешегісі мен бүгінгі сыр– сымбатын санаңа оралтады. Сол сәтте, туған жердің көркі мен байлығы, көз тоймас сұлулығы менің де жүрегімде өлең болып өріліп, жыр болып төгіліп жосылып та жүр[5]:

Сұлу Көкшем көгілдір заңғар биік,
Баурайында ойнаған арқар, киік,
Сағыныштың сарғайған сезімдерін,
Алсам деймін барғанда түгел жиып.

Көкшетауым – көк майсам туып өскен,
Кіндік кесіп, шыр етіп жерге түскен.
Туған жерің шіркін – ай, қандай ыстық,
Бетке жылы тиеді желі де ескен.

Бурабайым сәулеті сол Арқаның,
Жұпар аңқып тұрады кең алқабың.
Шарайнадай көгілдір көлдеріңмен,
Оқшау тұрған Оқжетпес сені аңсадым.

Хош иісті туған жер гүл–ау, далаң,
Қолын бұлғап түтінің тұр–ау, маған.
Мұра қылып ән–жырды тастап кеткен,
Ақан менен Біржандай жырау бабам.

«Сұлу Көкшем» деген бұл өлеңімді «Дедім–ай» әнінің әуенімен 2001 жылдан бері айтып та жүрмін.

1.3. Көкшенің сексен көлі

Жұртшылықта «Әр шымшық өз балшықты көлін мақтайды» деген мәтел бар. Бұл да бір патриоттық сезімнен туған ой ғой.

Көкше өңірі көлге бай. Гидрогеологтардың айтуынша, бұл өңірде үлкенді–кішілі 1500 ден астам көл бар. Солардың көрнектілері, аумағы ат

шаптырымнан асатындары – 80 көл. Көгілдір Көкшенің сексен көлі деп біз де мақтан етеміз. Сол күміс көлдердің ең кәусары Зеренді, Имантау, Шалқар, Бурабай, Жаңғыз, Ақ көл, Шабақты, Байсары және басқалары.

Көрікті Көкшенің құшағындағы қыз жанарындай мөлдіреген сексен көл талай ақындар мен жыраулардың жырына арқау болғаны белгілі.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар исі,
Көкірек қанша жұтсаң тоясың ба? –деп, ақын Сәкен Сейфуллин жырға қосқан.

Қарағайлы, қайыңды ормандары, Көкшенің шоқылары, аңыз болған Жұмбақтас, біріне–бірі жақын жатқан Көкшетаудың сексен көлінің бір үзікті тізбегі – Шортанды, Үлкен шабақты, Кіші шабақты, Қотыркөл, Жөкей, Бурабай болып, тұтастай осы өңірге ерекше сипат береді [6].

Міне, сол сексен көлдің он шақтысы Бурабайдың айналасында, кербез Көкшенің баурайында айнадай жарқырап жатыр. Бурабай – жер шоқтығы атанған көрікті Көкшетаудың ең бір әсем, жанға шипалы өңірі. Осы төңіректегі атаулар Бурабай көлінің даңқымен көпке танымал болған. Сымбатты да сырбаз Сәкеннің сәнін көрген, атақты Ақан серінің әнін тыңдаған,

«Мөлт еткен көз жасындай күміс көлім,
Майда ескен қоңыр салқын самал желім....» –деп Біржан сал жырлаған Көкшенің сексен көлдерінің бірі–Бурабай көлі.

Біржан атамыз бұл көлді Күміс көлім деп бекер айтпаған. Ата–бабаларымыз бүгінгі Бурабай көлін –Күміс көл, қазіргі кішкене Шабақтыны – Шабақкөл, үлкен Шабақтыны – Айнакөл деп атаған.

Ақын Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында халықтың көкейіндегісін дөп басқандай:

Мөп–мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс.

Атамыз Біржан сал ардақтап өткен, мөлдіріне шомылған атақты Жөкей көлі де ерекше. Біржан сал көп уақыт көрмесе, осы Жөкейді сағынып, көрісіп табысады екен. Өзінің белгілі «Көкейтесті» дейтін әнінде Біржан атамыз осы бір сұлу жерлермен қалың ел сән түзеп, сайран салып көшкендігін сүйіспеншілік сезіммен есіке түсіре:

Бүркітті асуынан талай өттім,
Қалың ну орманында сайран еттім.
Айнала Жөкейкөлдің жағалауын,
Шіркін–ай, бір көруге арман еттім!–
деп туған жеріне деген ыстық махаббатын айтады.

Бүгінде Көкшенің сексен көлінің ішіндегі ең тазасы, сұлу табиғаты, мөлдір суы бар, әдемі жартасты – Шалқар көлі. Мына жыр, 2003–2004 жылдары демалыста, сол Шалқар көліне арналған еді [7].

Көзді арбаған алыстан,
Шалқар көлдің жағасы–ай.
Сап түзеген жағалай,
Көкке өрлеген ағашы–ай.
Билеп тұрған арудай,
Қайыңы мен қарағай.
Сұлулықтың көрмесі,
Шалқар көлдің бейнесі,
Суы салқын саумалдай,
Құрамы теңіз суындай.
Ауасы шипа дертіңе,
Табиғат мынау, япыр–ай.
Дем алам десең тынышта,
Көкше деген елге кел.
Қара теңіз не керек?
Шалқар деген көлге кел.
Апта сайын демалып,
Келіп жатқан қалың ел.

Көкшенің шоқысында тұрып айналаға көз салсаң ғажап бір суреттер көрмесіне келгендей боласыз. Сұлу сардаланың ортасынан ойып аумағы 22 шаршы км. ғана болатын жерді айнала таумен қоршап, ойпаң жерге жұмақ пейішін орнатқан ба дерсің Алла тағала.

Алтын кеселерге құйып қойғандай, ойым–ойым орналасқан, беті айнадай жарқыраған Айнакөл, күмістей жарқыраған Күміскөл, Әулиекөлдерін және де Светлое, Карасье, Горное, Аққулы деген кіші көлдері көрініп тұрады.

Карасье көлінде ешқандай табан (карась) балық жоқ. Ол көлді жағалай шымылдықша қоршап қарағайлар өсіп тұратындықтан судың беті қара болып көрінеді. Оны жергілікті халық Қарасу деп атайды. Ал, орыстар Қарасуды «Карасье» деп атап кеткен. Қарасудың жағасында Кеңестер үкіметінің кезінде салынған президенттік шипажай орналасқан.

Құралайдың көзіндей мөлдіреген Аққу көлін жат көзден жасырып үйір–үйір ақ қайыңдар қоршап тұрады. Бурабайдың көрнекті жерінің бірі – сол атаулы көлдің Көгілдір шығанағы болып табылады. Бурабайдың оңтүстік бағытында, айналасы сыңсыған қалың орманды жерде Қотыркөл жатыр. Көлдің теріскей жағынан ну орманды қақ жара сынаптай сырғып Сарыбұлақ өзені ағады. Ол өзен Қотыркөлдің бар артық суын Күміс көлге, яғни Бурабай көліне әкеліп құяды.

1.4. Абылай хан ақ ордасын тіккен жер

Қазақстанның ең көрікті жерлерінің бірі таңғажайып әндер мен поэтикалық аңыздарға толы – Бурабай. «Жүз рет естігенше, бір рет барып көр»–деп дәл осы өңір туралы айтылған сияқты. Табиғат бұл жерде әсемдік әлемінің ауызбен айтып жеткісіз алуан түрін жасаған.

Алла тағала он сегіз мың ғаламды жаратқанда жер бетінен қазаққа да көгілдір таулар мен құлпырған даланы, жаһұт сулы айдындарды бұйыртыпты. Жазиралар төстеріне аң–құстар жіберіп, оларды орман–тоғайлармен орап, өзен–көлдерді балыққа, ағаш араларын әртүрлі жәндіктерге толтырыпты. Биіктер мен жазықтар төстерінде небір қанаттылар ән салып, тіршіліктің мәңгілік жырларын шертетін болыпты. Бұл – Бурабайдың пайда болуы жайындағы аңыздардың ең көркемі.

Бурабайдың әр тасы, ормандағы әр соқпағы аңыз арқауға толы. Көкшетаудың келбетіне алыстан көз салсаң, қалың тоғай арасында ұйықтап жатқан алыпты көргендей боласың. Иә, бұл ұйқы құшағында жатқан батыр тауы. Аңыз бойынша, атақты Жеке батыр қалың жаумен шайқасып, қынадай қырып, қоғадай жапырып жүріп, жаңбырша жауған улы жебелерден қатты жараланады да, бейбіт елге басқыншыларды өткізбеу үшін екі таудың арасындағы аңғарға көлденеңінен жата кетеді. Сөйтіп, тауға айналып, сансыз жаудың жолын тұйықтайды. Дулығасы басында, қаба сақалы төсін жапқан «Жеке батыр» шыңы теңіз деңгейінен 836 метр жоғарыда тұр.

Енді бір жағыңа қарасаң тасқа айналып қалған түйені көресің. Бұл – қазақ халқы талай–талай аңыз шығарған Бура тауы. Ертеде жүні аппақ қардай қос өркешті әдемі де жуас түйе болыпты деген сөз бар. Ол Көкшетаудың етегінде жайылып жүреді екен. Ал, егер жұт немес жау шапса, бура өзгеріп шыға келетін болыпты. Оның құстай ұшып тау басына шыққан, күндей күркіреп буырқанғанынан тау сілкініп, дала тына қалады екен. Оның даусын естіген жұрт жедел жиылып, жаудың бетін қайтаруға, таған жерді қорғауға аттанады екен. Халық ақ түйені киелі санап, оны бәле–жаладан сақтауға тырысқан. Бірақ, бір жолы суатқа кетіп бара жатқан бураны Қасым хан кезіктереді, сол жерде ерігіп оны садақпен атады. Жебе қадалғанда ауырсынған бура қатты ыңырсып, шипалы судан бір ұрттау үшін көлге қарай ыңырана жылжиды, бірақ оның дәрмені жетпейді. Бура тасқа айналып, тау болады.

Табиғаттың ең бір ғажайып туындысының бірі – айнадай жарқыраған Бурабай көліне төніп тұрған «Оқжетпес» шыңы. Оқжетпес шыңы туралы Шоқан Уәлиханов он бестен астам аңыз әңгімелер жинаған. Көкшеге келе қалсаңыз әйгілі Оқжетпеспен бірге туысқандай болып, бір–бірінен қалыңқы бой түзеп тұрған үш шынарға еріксіз көзіңіз түседі. Оны халық «Апала–сіңлілі үш ару» деп атап кеткен. Осы орайда мынандай бір аңыз еріксіз еске түседі [8].

Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде апалы–сіңлісі сұлу үш қыз өмір сүріпті. Үшеуі де бірінен–бірі өткен хас сұлулардың өзі болады. Орталарында жалғыз бауырлары беті қайтпас батыр болып өседі. Ол үш апасын қорғап, қамқоршы бола білген.

Бірде елді жау шауып, үш ару мен інісін қоршауға алады. Төртеуі шегіне атысып, кейін шегіне береді. «Туған жерді арам ниет дұшпандарға қалай таптатамыз, өзімізді қалай қорлатамыз?» –деп қайраттанған төртеуі қатарласып, жауға қасқая қарсы тұра қалады да, шапса алмас қылыш майырылмайтын, сүңгітсе қара найзасы қайырылмайтын, атса оқтары асып түсе алмайтын қамал тасты шыңдарға айналып кетеді.

Мұны көрген жау зәрелері ұшып, тым–тырақай қаша жөнеліпті... Сөйтіп, үш сұлу қыз «Апалы–сіңлілі үш ару» шыңдарына айналған деседі.

Ал «Жұмбақтас» туралы аңызға келсек, атақты Абылай хан кезекті бір жорықта қалмақтарды қирата жеңіп, мол олжамен оралыпты. Сол мол олжаны жөн–жосығына қарай бөлісіп алу үшін қалың қол пирамидаға ұқсас биік таудың баурайына жиналыпты. Қолға түскен қалмақтың ару қызы жөнінде жұрт көпке дейін келісімге келе алмапты. Әдеттегідей алтын–күміс пен мал–мүлікті әркімнің жолына, жасына қарай тез үлестірген олар, тұтқынға түскен қалмақ қызына кезек жеткенде бір шешімге тоқтап, ортақ мәмілеге келе алмапты. Сонда Абылай хан: «Тұтқын қыз күйеуді өзі таңдасын»–депті. Сонда қыз тіп–тік шың басына шығып алып: «Кімнің жебесі жетіп, орамалымды тесіп өтетін болса, мен соныкімін» – деп айғай салады. Бірақ жігіттердің ешқайсысының жебесі шың басына жетпеген екен. Сол күннен бастап бұл шың «Оқжетпес» атанып кетіпті дейді ел аңызы.

Сонда хан алдында басына теңдік тимейтінін сезген қалмақ қызы «Оқжетпестен» көлге құлап түскен. Сол кезде қаздар қиқулап, аққулар сұңқылдап қанаттарын сабалап жүргенде, су астынан қыз сымбаттас тас бейне шашын жайып шыға келген. Бурабай көлінің ортасында тұрған бұл «Жұмбақтас», тас сфинкс, осы оқиғаны дәл қазірге дейін еске салып тұрғандай. «Жұмбақтас» атына сай, көлдің бір жағынан қарасаң, шашы желмен желбіреген аруға, енді бірде Көкшетауды жақтырмай, бүрісіп отырған кәрі кемпірге ұқсайды.

Орталық Қазақстанда табиғаты көрікті аймақтар мол. Бірақ, Бурабайдың қайталанбас тұлғасының орны тым бөлек, аңызға бергісіз. Хош иісті қарағайлы ормандар, кей уақта Египеттің пирамидаларын еске салатын жақпарлы жартастар! Қазақстанның осынау табиғат жауһары небір сырлы сипаттарға толы. Туған өлкеміздің ғажайып сұлу бір пұшпағы осы – Бурабай!

Ақындар табиғаттың осынау туындысы – Көкше тауларының бөктерлерінде жүздесіп, жыр жауһарларын тудырған. Біржан мен Ақандар серілік құрған, күш атасы Қажымұқан 56 пұт кірдің тасын көтерген, әнші, сері Балуан Шолақтың өшпес өнерлерін көрген, Құлагердің қиқулы бәйгелерде тұяғы солқылдатқан жер тынысы мен ел аңызын есту үшін Ілияс Жансүгіров аралаған, Бурабайдағы Жұмбақтастан Ботакөзін іздеген, Сәбит Мұқанов әлденеше рет келген бұл Бурабай – сұлу Көкшенің аңызға толы, табиғаттың өз қолымен жасаған кереметі. Сіздерге туған ортам туралы көкейіме келген ойларды ақтарып, сыр ашар сәт келді.

Бурабай –Абылай ханның ақ ордасы тігілген жер. Бұл жерді «Абылай хан алаңы» деп атайды. Абылай алаңы – қайталанбас ауасы бар тірі табиғаттың ерекше жері. Бұл тұстағы күн шуағының молдығы мен ультракүлгін сәулелердің көптігі арқасында адам ағзасы ерекше қуатқа, жастық күшке ие болады. Алаң маңында орналасқан қымызханалардағы қымыздың хош иісі мен дәмі ерекше. Бурабай шипажайларының барлығында осынау дәру қымыз ұсынылады.



Інім Сағындықпен Абылай хан алаңында

Елбасымыздың қатысуымен салтанатты түрде ашылған Абылай ханға арналған сегіз қырлы ескерткіш стелла Абылайдың жоңғар басқыншылығына қарсы ұлтын бастап, мемлекеттігін сақтап қалуға күш салған еңбегін паш етіп тұрғандай.

«Бурабай» ұлттық табиғи паркінің (МҰТП) ұлы суретшісі– табиғаттың өзі! Бұл парк Бурабай және Еңбекшілдер аудандарында орналасқан. Парк қыста қарағайлы орман мен жартастарды өзге бояулардан арылтқысы келгендей, бір ғана ақ түске бояиды. Көктем келісімен бұл маң жасарып, алуан түске еніп, ауа жұпарын шашады. Жаз айларында қарағайлы ормандар таң арайымен маужырап, рахаттана қалғып тұрғандай әсер береді. Құз болса, ол – жұмсақ бояулардың бейнесі сияқты өзгеріске енеді. Паркті аралап жүріп қарағайдың дымқыл тамырының, саңырауқұлақтардың самал мен тазалықтың лебіне астасқан ашқылтым дәру иістерін жұтасыз[6].

Мұнда дүниенің көп еліне аты мәлім «Бурабай», «Оқжетпес» демалыс және сауықтыру орындары бар. «Бурабай» демалыс орны тұрғысында ежелден мәлім. 1920 жылдан мемлекеттік маңызы бар қымызбен емдеу – сауықтыру демалыс орнына айналған.

Келушілерге қолайлы болуы және олардың қауіпсіздігі үшін көл жағалауынан Абылай алаңына дейін ұзындығы 9 шақырымдық жаяу жүргіншілер жолы салынды. Жолдың өн бойы табиғи бұрылыстар мен өрлерге

және еңістерге толы. Осы жердегі сәнді орындықтарға жайғасып, Бурабай көлінің айдынында шомылған түнгі жұлдыздар әлеміне, табиғат сұлулығына тамсана, рахаттана қарауға болады. Мұнда айналадағы ортаның экологиялық ахуалының жақсара беруіне бағытталған істер жалғасын табуда.

Табиғат Бурабайда денсаулыққа мол шипаның өзіндік шеберханасын жасаған. Жартастар, қарағайлы ормандар мен айнакөлдер, бал бұлақтар!.. Қызығы әсте таусылмайтын табиғаттың осынау Жерұйғына бір келсеңіз, қайта орала береріңіз анық!

Тәуелсіз ел болғалы, іргесіне Астана келгелі Бурабай көлінің, мұндағы демалыс орындарының маңызы бұрынғыдан да арта түсті. «Астана – Бурабай» жаңа жылдам автомобиль жолы салынып, демалыс үйлері жақсартылып, қызмет көрсету жағдайы жақсартылған. Бурабай жақын келешектің өзінде–ақ туристер Меккесіне айналатыны сөзсіз!

1.5. Біржан сал елі

Сол Бурабай кентінен шығып, оңтүстік–шығысқа қырық шақырымдай жол жүргеннен кейін жұмақтың есігін ашқандай, ынтызар көңіліңіз айнадай жарқырап, шалқып жатқан, жағасында Біржан сал дүниеге келген Жөкей көліндей толқып кетеді. Бұл жерде тек Жөкей көлі ғана емес, Мамай, Амансор, Көксеңгірсор, Қарасор, Көксор, Қотыр көл, Құртты көл, Шошқалы сияқты көлдер көп.

Бұл – қайың, қарғайлы ормандары мен күміс көлдері бар, тереңіне тұнған қазба байлықтары мен өмір арқауы – егіннің ырғалған жері. Бұл бүгінде Ақмола облысы аумағына кіріп кеткен әнімен, жырымен даңқы шыққан жұртшылық Біржан сал елі деп кеткен – Еңбекшілдер ауданы. Бұл облыс көлемінде 1928 жылы құрылған аудандардың бірі. Еңбекшілдер – еңбек қазаны қайнаған, алуан ұлт еңбеккерлері бас қосқан, бүгінде құрылғанына сексен жылдан асқан ордалы аудан.

Ауданның құрылғанының 80 жылдығы мен Біржан салдың 170 жылдығы 2008 жылы шілдеде Степняк қаласында аталып өтілді. Сол тойда Айдос Әбутәліпов ағамыздың арнауында [9] Еңбекшілдер былайша сипатталған:

Уа шіркін, Еңбекшілдің жері қандай,
Сан сабаз сайрандаған қағып таңдай.
Бүркітті, Жөкей көлі, сұлу Мақпал,
Ақынға арқау болған Біржан салдай.
Ауданның ұланғайыр атырабы,
Тыңдасаң не бір сырға батырады.
Қақ жарған Абылайдың қара жолы,
Қас жауы оны көрсе қалтырады.

Еңбекшілдердің көз жетпес көк жиегіне қарасаң, көгілдір дала көлбейді. «Жан–жақтан ертелі, кеш келіп, есен–саулығын біліп тұратын бұлттардың» керуен көші көршілерін шақырып, бір–бірін жетелеп бара жатқандай көрінеді.

Қызғалдағын самалы тербеткен беткейден торғай шырылы өмірдің тәтті бір әуенін бастағандай, арқа сал–серілерінің үнін құлағыңа құйғандай әсер береді.

Бұл жер, ата–бабам ауылы жайлаған жер, желіге асау құлын байлаған жер. Бұл жер – Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай бабалар әндерін салған жер, Құлагердің ізі ор болып қалған жер, Абылай келін алған жер. Сондықтан да, бұл елдің топырағы қасиетті, есімі кең таралған.

Бұл ел өткен XIX–ғасырдың басында Ресейдің мемлекеттік Думасының бірінші және екінші шақырылуының депутаты болған, Ресей патшасының озбырлық саясатына қарсы шығып, жеріміздің сақталып қауына зор атсалысқан, сол жолда жанын құрбан еткен Қосшығұл Шаймерденұлының туған жері. Бұл елде, бұл жерде Кенесары көтерілісінің белсенді күрескерлері Андықожа, Аңғал батырлар туып–өскен.

Осы жерде қостарын тігіп, шаңырақ көтергендер – бірлігі мен тірлігі жарасқан жұртшылық талай оқиғаларды басынан кешіріп, табысы басқаға үлгі боларлықтай іргелі ел болып қалыптасты. Мұндағы шаруашылықты өркендетуде, ауылды көркейтуде, тәлім–тәрбие беруде Н.Әбенов, Ә.Әміров, А.Баянжанов, Қ.Бірмағанов, Қ.Кәрімов, Қ.Қоңқаков, К.Мырзахметов, Ш.Мұқашев, Б.Нұрпейісов, Б.Рахымжанов, К.Таубаев, Д.Шаханов, М.Шәйкенов секілді азаматтар айтулы үлестерін қосқан.

Еңбекшілдердің топырағы қасиетті ғой. Осы бір жылы мекеннен сонау 1936 жылы Калининнің қолынан «Құрмет Белгісі» орденін алған, қоғам және мемлекет қайраткері Роза Шамжанова; Есмағамбет Ысмайылов бастаған бес бірдей ғылым докторлары: Ахмет Алдашев, Еңлік Нұрғалиева, Кеңес Қасымов, Маржан Нұрпейісова, Әлия Боканова; Қазақстанның халық артисі Роза Әшірбекова; «нағыз» полковниктер: Сәтібек Байтеміров, Зейнолла Өміржанов, Қайыркен Нұрсейітов, Сайлау Шүленбаевтар секілді көптеген өнер қайраткерлері, ғылым кандидаттары, инженерлер, дәрігерлер, ақындар, ұстаздар, қаламгерлер түледі.

Туған өлке ұрпақтарынан, алтындай азаматтарынан, толқын–толқын түлектерінен айналдық! Жүректері ояу, көңілдері сергек, ойлары асқақ, тілектері аппақ қардай азаматтар, бүгінде ат басын ауылына бұра бастады. Иә, қасиетті туған жер – атамекен, өскен орта – толқын–толқын түлектерімен еңселі, мерейлі де мәртебелі. Қалай десек те, туған ауылын, өскен мекенін, қанаттанған ұясын ойынан, жүрегінен, жадынан ешкім де шығармақ емес. Сондай алтын ұя ауылдың бірі – менің туған жерім «Казгородок» деп картаға түсіп қалған Қазақ ауылы.

Казгородок 1928 жылдан бастап Еңбекшілдер ауданының орталығы болған, ауылда бір де бір орыс болмағандықтан «Казгородок» деп атап кеткен. Бүгінде аудан орталығы байырғы алтын кен орны – Степнякқа көшірілген. Казгородок кеңшары, атына заты сай дегендей, өңшең қазақтар мекендеген ауыл еді. Біреу–міреу ауырып қалса немесе әйел босанатын болса, ауылдан алты шақырым жердегі Степняктан «Борыз» деген дәрігерді шақыртатын. Ол барлық ауруды емдейтін және өзі қазақша сөйлейтін. Кейін білдік, оның ұлты орыс, Борис есімді фельдшер екен.

Кейіннен, 1941 жылдары немістер мен шешендер, 1954 жылы тың көтеруші – орыстар келіп, Казгородогіміз көп ұлтты кеңшарға айналды. Кеше ғана туған ауылының құшағында асыр салып, сай–саласынан жидегін жинаған, бүлдіргенін терген мен – Маржан, Алматыдан жылда келемін. Жасыл жайлауымды, шуақты нұрлы жазымды, еркелеген жастық шағымды көз алдыма келтіремін. Туған жер әркімнің дүниенің қай түкпірінде болса да қайта соғар, сағынып табылар темірқазығы, Мысыр шаһары.

«Кіндігімнің жас қаны, тамған жерім –ауылым» –деп әндетеміз мақтана. Еліне, жеріне келіп, оның топырағына аунап–қунап кету кім–кімнің болсын жүрегін қуанышқа бөлеп, жүрегін лүпіл қақтырары сөзсіз. Өйткені ауылда ана тілдің қасиеті мен ұлттық тәрбие сақталған. Ауылда аруақ сыйлайтын қасиетті салт сақталған, көрші сыйлайтын мейірім мен кішпейілділік және ұят деген ұлы сөз сақталған. Сол ұят деген ұлы сөзді жиі естіген қазақ қызы, қазақ әйелі басқа ұлттарға қарағанда инабат пен төзімді дала тәрбиесінен үйренген.

Туған ауыл – туған анаңның мейірлі құшағы сияқты ыстық қой. Қаншама жасқа келсең де туған жер мен ел алдында әлі сол баяғы бала қалпыңдағындай тазасың, тілегің бұлақ сияқты мөлдір. Біз оның мәңгілік перзентіміз. Әр қайсымыздың көңіліміздің төрінде туған жерге, өскен елге, өсіріп–жеткізген ата–анаға, ағайын–туғанға деген ыстық сезіміміз бары хақ.

Ауыл – біздің бәріміздің шыққан жеріміз, алтын ұямыз, түгін тартсаң майы шыққан суы мөлдір, жайылып жатқан көл–көсір нәр. Ел іші – ұлттық ғұрыптардың қайнар бұлағы, қазынаның көзі. Таза ауа, мөлдір аспан, кең жазира даласы бар Казгородок ауылының ту сырты садақтың жебелеріндей тіп–тік қарағай шоғырынан тұратын еді. Бұл күнде кәрі малдың тісіндей селдіреп, арасы ақ тақырға айналып кеткен. Қазақтың қаншама ауылы жоқ болып кетті. Құдайға шүкір, «Казгородок» ауылы егде тартып сексеннен асса да, еңсесі түспей, еңкеймей орнында тұр. Әлбетте, ол нарық кезінде тік тұрып, сүрінбей өту үшін өз үлестерін қосып ел экономикасын көтеріп жүрген ауыл азаматтарының арқасы.

Ғалымдардың айтуы бойынша адамзаттың жан–дүниесі, мінез–құлқы өзінің туып–өскен, кіндік қан тамған топырағына тартпай қоймайды. Кез келген адамның мінезінен, жан сарайынан туған жерінің қадір–қасиеті, табиғаты байқалып тұрады. Мәселен Арқа азаматтарынан көгілдір Көкшенің кермарал маңғаздығын, жан дүниесінен сұлу табиғатын, бойынан зиялылықты, ақындықты, сыпайылықты сезінгендей боласың. Ойымды өрбіте түссем, әркімнің туған ауылы өзіне Мекке демекші, оған келген сайын соңғы өзгерістерін, жаңалықтарын білгім келіп тұрғандай құмарланамын.

Ұлтарақтай болса да ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да туып–өскен ел қымбат. Қаншама биікке шықсаңдағы, туған елдің алдында перзенттігімді мойындаймыз.

Ешкім де оқып–тоқып тумайды ғой. Өмірден, айналадан, өскен ортасынан жақсы–жаманды үйренеді. Сөйтіп, адам болмысының негізін қалайтын қасиеттер қалыптасады. Ойлап отырсам, осы аядай ауылдың өзінен де қаншама жақсы адамдардан үлгі–өнеге алып өскен екенмін. Олардың барлығын бүгінде үлкен құрметпен еске аламын. Еңбекшілдердің азаматтары,

ығай мен сығай, тепсе темір үзер шебер механизаторлар, машина жүргізушілер, мықты диханшылар, тәжрибелі ұстаздар, мәдениет және өнер қайраткерлері. Олар бұл дәрежеге өмірде кездесетін бұралаң бұлтарыстарды да, қуаныш шаттықтарды да көре жүріп жеткендер.

Сөйтіп, менің ата–бабамның ата–жұрты қасиетті Көкшетау өлкесіндегі, қарағайлары мен ақ қайыңдары арманыңа қанат байлайтын, еңбеккерлікке баулитын Еңбекшілдер ауданы. Менің кіндік қанымның тамған жері – Казгородок. Балалық шағым Жөкей мен Мамай көлдердің жағасында, Сарыарқаның даласында өткен.

Осы жер ата–бабаларымның жаз жайлауы, қыс қыстауы болды дегенге бұл күнде кім сенеді. Төрт түлік малын өргізген шөбі шүйгін, суы бал осы ауылымда жалаң аяқ жер басқаным, қайталанбас балдай тәтті балалық шақтың бақытты кезеңдері ертегіге бергісіз аңыздай болып жадымда сақталуда. Сол ауылыма келгенде, көз жетпейтін мидай жазық даласы тынысыңды ашып, кеудеңді күмбірлеген күйге, ән мен жырға толтырады. Осынау ой мен бойды билеген сезім туған өңірінің кешегісін, бүгінгі сыры мен сымбатын санаңа оралтады. Сол сәтте, туған жердің көркі мен байлығы, көз тоймас сұлулығы менің жүрегімде өлең болып өріледі:

Казгородок сені сағындым
Алыстап кеткен армандай,
Жұпары жусан – шөбімнің,
Жайлауы жастық шағымның,
Шырыны тәтті назымның,
Аяғы сұлу әнімнің,
Үзіліп сенде қалғандай,–

деген сияқты өлең шумақтары шұбатылып шыға келді. Мен қызмет бабымен, ғылыми сапарлармен дүниежүзінің көптеген елдерін араладым, ел мақтаған қалаларды көрдім. Сонда да тап өзімнің туған ауылыма, сұлу Көкшеме жер жетпейді екен. Туған жерге арналған «Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем», «Атамекен» атты өлеңдер жинағым мен эсселерім жарық көрді.

Бүгінде тәуелсіздіктің туын көтеріп, Егеменді ел атандық. Мен Қазақстанымдағы тәуелсіздіктің баянды болуын тілеймін. Бірақ тоқырау аталып жүрген жылдарға да, Кеңес дәуіріне де, пионер, комсомол, партия қатарында болған кездеріме де біржақты пікір айтып, теріс баға беруден аулақпын. Бұл кезеңді, мен өз басым, қазақ балаларының шарықтауына, білім, ғылым немесе басқа салаларда шырқау шыңға шығуларына, мүмкіндігін сынауына, самғауына қанат байлаған дәуір болды деп есептеймін. Енді сол уақытты, сол заманды жамырай жамандағаннан не табамыз? Сондықтан да...

Әр адамның көңіл төрінде туған жерге, өскен елге, өсіріп жеткізген ата–анаға, ағайын–туғанға деген ыстық сезім болады. Бүгінде жетпістің бесеуіне шығып Алатаудың төрінен тіл қатсам, ол да менің өмірімнің, өрнекті сәттерімнің бірі дер едім. Әсем қала, арман қала, ару қала – Алматыға қай қазақтың баласы ынтығып өспеді дейсіз. Мен де Алматыда оқыдым, ұлағатты

ұстаздардан білім алдым, ғылым жолын қудым, қазақтың бір қызына жеткілікті дәрежелерге ие болыппын.

Өткен күндерге ой жіберіп қарасам, ашылмаған сыр, танылмаған өнеге әлі де мол екен. Соның жоғын жасырмай, барын асырмай, сүттен ақ, судан таза демей, жүріп өткен жолға, жіберген қателіктер мен жетістіктерді саралап, іштей болса да бір есеп бергенді жөн көріп, жадымда сақталған қалпында, болмысы күрделі, табиғаты тұңғиық жандар жайлы оқырмандарға жеткізуді мақсат еттім.

2. АТА–БАБА ЖОЛЫМЕН

Қорған болған елінің елдігіне,
Батырлардың бас идік ерлігіне!
Ақын–жырау, би болған бабалардың,
Ұрпақтары мақтанар өрлігіне.

2.1. Шежіренің шегін шертсек

«Шежіре» деген сөз арабтың «Шажарат» – бұтақ, тармақ деген сөзінен шыққан екен, қазақшалағанда «ұрпақтардың тарау тарихы» деген ұғымға сәйкес келеді. Шежіре – осы күнге дейін ұрпақтан – ұрпаққа ауызша айтылып келген, жүйелікке енді ғана келе бастаған халық тарихының бастау көзі. Халқымыздың озық ойлы азаматтары Абай, Шоқандар бұған халықтың тарихи мұрасы ретінде қараған.

«Шежіре» – жөнін білу, кешегісін, осы күнге жеткен тарихын, әулетін білу, келешекке, ұрпақ тәрбиесіне ықпалды болу деген сөз. Әр әулет, үлкен өзендер бастау алатын бұлақтар секілді, телегей теңізге жылға болып қосылып, Ұлы Қазақ ұлтын құрайды. «Құда болғанша тегіңді сұрас, құда болған соң, құл да болса сыйлас» демей ме қазағым. Сайып келгенде, ру сұрасқан рушыл емес, жер сұрасқан жершіл емес. Қайта, ынтымақ жақтаушылар деген жөн.

Өскен орта, ата–баба рухының ел деген киелі ұғымымен жалғасып жатқанын енді–енді түсіне бастағанымыздың несін жасырайын. Руға, жүзге бөлуге жол бермеу– қағида болса да, жеті атасын білмей жетесіз болу – қасірет. «Текті жердің баласы», «Тегіне тартып туған» деген сөз сөз тіркестері бүгінде ұғымға айналып кеткен тәрізді. Менің ұғымымда тектану – ғылым. Оған ғылыми тұжырыммен, байыпты талдаумен қараған ләзім. Тұлпардан тұлпар, жабыдан жабы, мәстектен мәстек туатыны сияқты жақсыдан жақсы тууы өмірдің өз шындығы.

Алысқа бармай–ақ, Абайдан мысал келтірелік. Әкесі Құнанбай «тобықтының топқа түскен торысы» болса, одан әрі заманының сөзін ұстап, уақытының байрағын көтерген Өскенбай, Ырғызбайларға жолығамыз. Жолығасын да, Абай мен Шәкәрімдердің ұлылықтарынан заңдылық іздейміз.

Қаныш Сәтбаев ата–тегінің шежіресін қарасаңыз, осы айтылған заңдылықтың дәлелін тапқандай боласыз. Арғынның бірінші әйелінен туған Мейрамсопыдан тараған Сүйіндік деп аталатын бағаналы бәйтеректің бұтағы сынды осы әулет қазаққа қанша дүлдүл ұл сыйлағанына таңданасың. Ол сонау Бұхар Жыраудан бастау алады екен де Жаяу Мұса, Шорман, Торайғыр, Сұлтанмахмұт, Қаныш, Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Олжас сияқты толып жатқан ұлыларымен көшін көрікті етеді екен.

Шоқан Уәлиханов осы әулетке туған жиен.

Басқа халықтармен салыстырғанда қазақ халқы өзі көп те емес қой. Мен өзім руды көп сұрай қоймаймын. Өйткені өзіміз аз болып, тағы да бөлінгенді ұнатпаймын. Қызмет істеп, жастарды өсіргенде олардың руы емес, туып–өскен жері емес, шешуші нәрсе ол кісінің қара басының адамгершілік пен іскерлік қасиеттері болды. Кейде бір туысымды, не танысымды қызмет бабында өсіргенде де оларды таңдап, әлгі айтқан қасиеттерін қарап, ертең жұмыс ақсамайтын, не өзіне, не маған ұят келтірмейтіндерді ғана өсірдім, не басқа басшыға тапсырдым. Қазақтар ұйымшыл болып, елімізде бірлік, қазір егеменді

ел болғасын, шет елдермен қатынаста жүргенде, олардың алдында бір болып, елдің байлығын сақтап, жеріміздің, халқымыздың мүддесін жеке басымыздан артық көріп, мықты елдердің қатарына енуге мүмкіндік бар. Ол мүмкіндікті асыра алсақ...

Ал, әр адам өзінің туыстарын, жақындарын, атасын білуге міндетті. Ер жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Үш жұртын білу керек, сыйлау да керек.

Біріншісі – адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдерге – төркін жұрты. Екіншісі – шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Үшіншісі – әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты. Адамның өз жұрты жеті ұрпаққа таратылып аталады. Олар: 1) өзінің атасы мен әжесі (анасы), 2) әкесі мен шешесі, 3) өзі, 4) ұлы мен қызы, 5) ұлдан туған немере мен қыздардан туған жиен, немереден туған шөбере мен жиеннен туған жиеншар, шөбереден туған шөпшек пен жиеншардан туған туажат.

Атасының әкесін – арғы атам, бабам дейді, оның әкесін – ұлы бабам, не төртінші атам деп, ал ары қарай бесінші, алтыншы атам деп атай береді. Арғы аталарымен бірге туысқан еркек кіндікті адамдардан тарайтын ұрпақтарды ағайыным дейді. Туып өскен үй – «қара шаңырақ» атанады, әке–шешесі қайтыс болғанда оған кенже бала ие болады. Қазақ қара шаңырақты құт көреді, кие тұтады.

Мен шежіремді балалардың, жастардың санасы оянсын, ұлттық салт–дәстүрді біліп, барымызды түгендеп, жоғымызды жоқтап, шыққан тегімізді танып білсін деп жазып отырмын. Әр атаның, ананың қадір–қасиеті, ерлік істері, шешендік сөздері бар. Кейінгі ұрпақтарға ата–бабаларын мақтан тұтып, жомарттыққа, ерлікке, саясаттыққа, еңбекке тағылым алсын, соларға ұқсасын, марапаттап айтып отырсын деген үміттемін. Туыстық, қарым–қатынас жөнінде ақын Шылбы Көмекұлы [10] әдемі айтыпты:

Жігітке ақыл айтсам елемес пе?
Өзіңнен үлкенменен ерегеспе.
Ата–анаң тірі болса шын береке,
Мысалы, шалқып жатқан көл емес пе?
Алдыңда қадірі бар ағаң болса,
Жігітке асқар ала бел емес пе?
Кемеңгер, сыйласымды жеңген болса,
Қазына таусылмайтын кен емес пе?
Ақылды алған жарың жақсы болса,
Өзіңмен анық бірдей тең емес пе?
Артыңда інің болса,қолың ұзын
Қолыңды тоңдырмайтын жең емес пе?
Ер жетіп ұл балаңыз билеп тұрса,
Алланың сүйген құлы сол емес пе?
Қыз балаң көрікті боп пісіп тұрса,
Үйіндегі шын асылың сол емес пе?
Келінің әдепті боп күтіп тұрса,

Ол дағы шын байлықпен тең емес пе?
Құдаң мен құдағиың жақсы болса,
Дарияға бірге жүзген кеме емес пе?
Ақылымен аймағына жігіт жақса,
Өзінше ол бір патша, бек емес пе?
Жездең мен тағы біреу күйеу болар,
Күйеуің жақсы болса сүйеу болар.
Жезденің ең жақсысы әкемен тең,
Жығылып қисайғанда тіреу болар,
Тағы бір жиен менен нағашың да,
Білмеске ақыл айтып ағасынба.
Нағашың жиен менен ол да жақын,
Бар болса алыс–беріс арасында.
Қайын атаң, қызын берген қайын енең,
Күтеді көптен үміт олар сенен.
Асырап саған бағып бермеді ме?
Жүрегін айырғандай бір денеден.
Осының бәрінің де еңбегі бар,
Болады жақсылыққа құдайым жар.
Ата–енең, әке–шешең, бәрі бірдей,
Ұмытпай, қыз бен жігіт, есіңе ал.

Жастар, болашақ ұрпақтар ағайын, туыстарын біліп жүрсін деп ата тегімізді түгендеп жазып отырмын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Шоқан Уәлихановтың бойында ата–бабаларынан мұра болып қалған аса мол рухани күш–қуат бар еді. Оның осы қасиеті ғұмырынан айқын көрінеді. Мұндай адамдар тарих толқынындағы біздің мәдениетіміздің кіндік тұлғалары, шоқ жұлдыздары» деген тамаша тұжырым жасады [11].

Иә, осындай ғалым, жиһангер Шоқан Уәлиханов, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәлік Ғабдуллин, Еркін Әуелбеков, Сәкен Жүнісов, Көкен Шәкейұлы, Ермек Серкебаев сияқты толып жатқан шоқ жұлдыздарымызбен Көкшенің көші көріктене бермек. Сондықтан да тегіне тартып ұл туғаны қуаныш.

Атаға тартып туған ұл, анаға тартып туған қыз, ол ең алдымен ұлттың ұлағаты, елдің мерейі болмақ. Ал жүзге бөлініп жүзі күйіп, руға бөлініп у ішіп жүргендердің тірлігі – тексіз тірлік, білімсіздік пен біліксіздіктен туған топ құрмақ болған тобырлардың әрекеттері дер едім. Десек те, еліңді, туған жеріңді, тегіңді білу мұсылманшылыққа да, қазақшылыққа да парыз. «Жеті атасын білген ұл жеті жұртың қамын жер» деген бұрынғыдан қалған сөз текке айтылмаған тәрізді.

Менің тегім қазақтың үш жүзінің ішіндегі Орта жүзінен бастау алған. Руым Орта жүздің Арғын тайпасының ішіндегі Атығай–Қарауыл елі. Атығай–Қарауылдың қасиетті жылнама шежіресі Көкшенің 80 көліне сылдырлап ағып келіп құйылып жатқан бұлақтардай. Бұл рудың ел шежіресінде орнықты орны

бар, найза ұстаған батыры, сөз ұстаған шешені, ақын–жыраулары шыққан іргелі ел екені көпке мәлім.

Сұлу Көкше еліміз,
Барып көзбен көріңіз.
Оқжетпестей шыңы бар,
Билеп тұрған қайыңдар,
Алланың өзі жаратқан.
Хан Абылайдың атындай,
Арғы атамыз Атығай
Қарауылдан Майқы би,
Етекбай билер ұрпағы,
Ақ киізге көтеріп,
Абылайды хан қылған,
Қанай шешен әрі батыр,
Кезінде оң қолы боп Абылайдың,
Екеуі талай жерде тіккен шатыр,
Қарасақ жер бетінде іздер жатыр,–

деп Көкен Шәкейұлы жырлап кеткендей, біздер ата – баба қасиетін ұғынып, Көкше ұлыларының үнін жүрегімізге жаттап өскен жандармыз десек, еш қателеспейміз [12].

Аңыз бойынша Атығай–Қарауыл ағайынды. Қарауыл – ағасы, ал Атығай інісі. Қарауыл 8 ата, ал Атығай 12 ата болып таралады. Атығай көп болған соң және іні ретінде жаугершілік заманында жауға шабатын негізгі күш болған, ал Қарауылдан тек іріктеп қана батырларын жіберіп отырған. Қарауыл ол жағдайда көбіне елге және шаруашылыққа бас–көз болып қалады екен. «Қарауыл» деген атау мағынасы содан қалған деседі, ал «Атығай» деген сөз көне ұғымда «жылқы мінезді», «асау» дегенді білдіреді. Атығай – Қарауылдың мекені негізінен Ақмола, Көкшетау, Омбы аймақтары.

Сөйтіп, белгілі шежіре бойынша Арғын ата ішіндегі Қарауыл (шежіре сұлбасы осы кітаптың мұқабасында келтірілген) аталатын елеулі рудың төртінші буыны Аққісіден сөз қозғаймыз. Оған себеп Мәшһүр Жүсіп айтқан: «Арғыннан әрі кетсең адасасың» қағидасын темір қазық етеміз.

Осы орайда К.Словцовтың 1878 жылы жазған «Путевые записки» атты еңбегінде Қарауылдың бір болыс елінің ішінде Машам, Ұйтқыл, Керейт, Жайылған, Қуандық, Сүйіндік, Құттымбет. Құттымбеттен Малай, Қанай, Аю, Бөкей атап көрсетілген. Олардың старшиналары мен билері көрсетілген.

Бабаларымыздың өмір сүріп, дәурен кешкен заманын шежірешілер 1400–1450 жылдарға жатқызады. Ата қоныстары Баянауыл, Қара Ертіс бойы деседі. Осыдан 550–600 жыл бұрын Баянауыл баурайынан Зеренді, Бурабай, Еңбекшілдер өңіріне қоныс тепкен Қылды Қарауыл руы ірге бекітіп, өркен жайып, тамыр тартқан.

Сөйтіп, Қарауылдан Мәшек туады, одан үш ұл: Аққісі, Қарт, Бөлекей, Аққісіден: Құрманқожа, Құланшы туады, Құрманқожадан Қараша, одан

Амалдық, Байқошқар болып келеді. Амалдықтан: Құттымбет, Тілеуімбет, Құттымбеттен: Малай, Қанай, Аю, Бөкей төрт ата таралған. Қазіргі Зеренді ауданының: Игілік, Қарабұлақ, Жамантұз, Ұялық, Бірлік ауылдарында Қанай ұрпақтары шоғырланған. Малай мен Бөкей ұрпақтары Бурабай және Еңбекшілдер ауданының жерінде, ал Аю Есіл бойында Ақмола төңірегінде орналасқан [13].

Жоңғар шапқыншылығының қанды қырғынында, шамамен 1730 жылдардың басында, қорықпай қол бастап, жауын қырғидай ілген Сабалақ – Әбілмансұрды атақты Абылай атандырып, Орта жүздің сұлтаны еткенде, орталарынан ойып тұрып Көкшетаудан қоныс беріп іргесін кеңейткен, басына орда тігіп, алдына мал саған осы қалың Қарауыл рулары болған. Бұл істің басы–қасында жүріп бас болған адам, от ауызды, орақ тілді, шашасына шаң жұқпаған шешен Қарауылдың Қанай биі.

2.2. Айбарлы Абылай ханның жәдігер жебеушілері

Қасиетті Көкше топырағы асылдарын ауызға алғанда алдымен тілге Абылай хан бабамыз оралады да, есімізге еріксіз Қанай би келуі, сол замандағы олардың ара–қатынастары мен іс–әрекеттерін саралауды алдымызға тартады. Абылай хан жайлы өте өрелі пікірлер мен туындылар жарық көргенін білеміз және де соңғы жылдары тарихтың тереңіне үңіліп, ел басына қиын–қыстау күн туған кезде топ құрып, күш біріктіріп, туған топырақтың түгін таптатпас үшін атой салып атқа қонған ұлы тұлғаларды еске алып еңсемізді көтерудеміз.

Абылай хан – қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалушы, біріктіруші, дарынды қолбасшы, білікті мәмлегер (дипломат) және аты аңызға айналған ұлы тұлға. «Абылай хан ұлылығының құпиясы неде?» деген сауалға зерттеушілердің барлығы да оның бойындағы Құдай берген қасиеттерден және ол қасиеттерді қоғам дамуы үшін дұрыс қолдана білуінен деп біледі. Абылай ханның бойындағы оң қасиеттердің біріне – адамтану және қабілетін көре білу, яғни айналасындағы адамдардың ерекше қасиеттерін тани білуі, олардың күш–жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі жатады.

Абылайдың жанында Бұхар жырау секілді данагөйдің, Қанай, Байдалы, Етекбайдай билер, шешендердің, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Баян, Андықожа және тағы басқа батырлардың топтасуы – оның адам тани білушілік қасиетінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Бірде Абылай Бұхар жырауға айтқан екен:

«Қарауыл Қанайды айтсаңшы, сөздің бірін қоймай, майын тамызушы еді. Қанжығалы Бөгенбайды айт – ақылдың жатқан үйін табушы еді»–деп тұсындағы екі аяулы адамына осындай баға берген екен. Соның бірі – Абылай ханның бас биі Қарауыл Қанай бидің қайраткерлік ерен еңбегі қазақтың ескі жырларында айрықша аталады. Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында Қанай бидің қалмақ басқыншыларымен соғыстардағы ролін баса көрсеткен. Оның Абылай ханның басты кеңесшілерінің бірі екенін, атақты батырлар мен билердің топ басы болғанын анық айтады.

XVI–ғасырдан XVII–ғасырдың ортасына дейін Қаратау мен Ұлытау арасында көшіп–қонып жүрген Арғын рулары, кезінде қазақ алауыздығын пайдаланған жоңғарлықтардың жан аямас шапқыншылығына душар болып үдере ауғанда, Арқа жеріне аяқ басып, Ертіс пен Есіл арасында қоныстанғаны, солардың арасында Атығай, Қарауыл руларынан шыққан беделді ел басшысы болғаны шежірешілерден мәлім. Аңыз, аңыз да болса шындық дегендей, қариялар аузынан қалған бір сөз, Қарауыл Қанай би Қаратаудан туып келген еді дегені шындыққа жатады.

Қанай Құттымбетұлы, Қарауыл Қанай (1695–1780) – би, шешен, батыр, қоғам қайраткері. Орта жүздің Арғын тайпасының Қарауыл руынан шыққан. Атығай–Қарауылдың бас биі болған. 1723 «Ақтабан–шұбырынды» жылдары оның 25 жастағы жігіт кезі. Жауынгерлік өмірді жасынан ат үстінде басынан кешкен Қанайдың Арқаға келіп өзінің батыр да шешен өнерлігімен ел билігіне араласып, талпына бастаған кездері Жоңғарға кеткен есені қайтаруға дайындық жасалған уақыттармен қатар, 1723–1733 жылдар аралығындағы Жоңғардың бетін қайтарып, соққы берген, қырғын соғыстармен ұштасып, ерлігімен, ақылдылығымен белгілі болған.

Ал, 1732 жылы не бары 20 жастан жаңа асқан Сабалақтың (Абылай) Аңырақайда болған кескілескен шайқаста жоңғарларға қарсы «Абылайлап» шауып, Қалдан Сереннің батыры Шарышты жекпе–жекте өлтіріп, басын алып, қазақ жерінен жауды қуған тамаша жеңісінен соң, шайқаста бірге жүрген Қанай Абылайдың ержүрек азамат, келешектен үміт күттіретін батыр және арғы тегінде ханға лайықтығын тани білген.

Абылай өзі ешқашанда таққа асыққан да, таласқан адам еместігін көптеген деректер дәлелдейді. Дегенмен, өмір, заман талабына сай, Орта жүздің Қанай би бастаған көрегендері мен игі жақсылары ұйғарып, ханға лайық деп, Көкше тауының түстігіндегі Хан көлі жағасында ақ киізге салып көтерген. Атығай мен Қарауыл руларынан үш–үштен алты қыз әперіп, Көкше іргесіне ордасын тігіп, алты алашқа Абылай атын паш еткен.

Қанай би бабамызға ел танитын бақ қонып, жеріне Абылайдай аруақты хан келуін ырымшыл халқымыздың аузындағы мына бір аңыздан байқауға болады. Жаугершілік кезінде, бірде Қанай бабамыз шаршап келе жатып, дем алып ұйықтап кетеді. Түсінде қолына келіп қонған алып қара бүркітке таңырқап, аяғындағы бауын көріп, «апырай иесі таба алмай қалды ма екен, жат адамға бұл неге қонды?»– деп басынан сипай бергенде, желпіген алып қанатының лебімен оянып кетеді. Жолдастарын тұрғызып, таудың жотасына желе жортып шыға келсе, анандай жерде қара бүркіт қоян жеп отыр екен. Көрген түсі ойына келе қалған Қанай, тоқтай қалып, «Тоқтаңдар, бүркітті шошытпаңдар, мен бір қызық түс көрдім»–деп, түсін жорытқанда, өзінен жасы үлкен ақылгөй ағасы Малай «Бұл көргенің тамаша түс екен, басыңа бақыт, елімізге құт қонар, біз бұл жерде қанша жүріп мына бүркітті көрмеген едік, әумин»–депті. Қанайға бақ қара бүркіт болып қонды деген аңыз осыдан қалған.

Көкшеге Абылай хан құты қонып, Қанай бабамыздың дәрежесі өсіп, ылдидағы тасы өрге домалаған екен. Қанай би Абылайхан мен сөзін «Мен – арғын деген арыспын, ауызы кере қарыспын» –деп бастайтын Бұхар жыраудың

ұсынысымен көп жыл Орта жүзде төбе би болған. Бізге ел аузындағы әңгімелер мен тарихи шығармалардың деректеріне қарағанда Қанай би Абылайдың ең жақын кеңесшілерінің бірі болған.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділерінде» Қанай Құттымбетұлы жоңғарлармен болған шайқастарда ержүрек батыр, ірі қолбасшылардың бірі болғаны жөнінде баяндалады. Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанында Қанай бидің қалмақ басқыншыларымен соғыстардағы ролін баса көрсеткен. Оның Абылай ханның басты кеңесшілерінің бірі екенін, атақты батырлар мен билердің топ басы болғанын анық айтады. Мағжан «Батыр Баян» дастанының бір бөлімінде :

Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Жиналды өңшең бөрі Бурабайға
Бәрі де ел қорғаны – батыр билер
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:
«Жүрелік, жау басынар» – деген сөзбен
Салады Қанай биді Абылайға –

деп әділ де көреген бидің тұлғасы жарасымды сомдалған.

1771 жылы үш жүздің басшылары Абылайды хан сайлағанда, Қанайды ақ киізге орап, қараша би ретінде, қатар көтерген. Абылай хан Арқа жерімен қоштасып, екінші рет Түркістанға бет алғанда жанында көптеген батырлармен бірге Қанай би де аттанған. Қанай Құттымбетұлы Абылайдың сенімді өкілі ретінде Ташкенттің бегі болып, қаланы көп жыл билеп тұрған. Мемлекет деңгейіндегі аса күрделі мәселелерді талқылауға Төле, Әйтеке, Қазыбек билер белсене араласты.

Әрине, Ташкент қаласының бегі Қанай биге де Отан қорғау, әскери бірлік, жер мәселесі жайында тамаша шешімдер қабылдауда кемеңгерлік ғибраттар туындатқан шығар. Қанай бабамыздың шешендік сөздері жайлы деректер Ташкент түбіндегі Қанай ұрпақтарында да сақталған. Бабамыз жасы 80–нен аса 1779–80 жылдары Ташкентте дүние салған. Жерленген жері Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде, Абылай хан зиратының жанында, сақталған құлпытастардың тізімінде 29–шы болып тіркелген.

Бірде Ақтайлақ би Қанай шешеннен:

– Ер басында бақыт нешеу? Кемдік нешеу? Құлазу нешеу? – деп сұраған екен. Сонда Қарауыл Қанай шешен былай деп жауап береді:

– Ер басында бақыт – бесеу, кемдік –үшеу, құлазу – төртеу.
Астыңдағы атың жүрдек болса, жалғанның пырағы.
Алғаның жақсы болса, үй мен қонақтың тұрағы.
Әкең – асқар тау, шешең – қайнар бұлақ,
Балаң жақсы болса, екі көздің шамшырағы.
Міне – бес бақыт осы.

Атың шабан болса, жалғанның азабы.
Алғаның жаман болса, дүниенің тозағы.
Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы.
Міне – үш кемдік осы.
Қалың ел көшсе, көл құлазиды.
Қаптаған мал кетсе, бел құлазиды.
Нарқын танымаған сөз құлазиды.
Қатарынан айырылған қарт құлазиды.
Міне – төрт құлазу осы.

1999 жылдың тамыз айында Ақмола облысының жұртшылығы Қазақстанның XVIII ғасырдағы қоғам және мемлекет қайраткері Қарауыл Қанай бидің 300 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті.

Бабамыз жайлы Р.Әбдірахмановтың «Қарауыл Қанай батыр туралы кейбір тарихи деректер – Некоторые исторические данные о Қарауыл Қанай батыр» және Айтқажы Қазбековтің «Ас» (Тризна) атты кітаптары жарық көрді. Бүгінде бұрынғы Қарабұлақ ауылы Қанай би есімімен аталып, Көкшетау қаласындағы Фурманов көшесі Қанай би көшесі болып өзгертілді.

☆☆☆☆☆

Бұқар жырау Қалқаманұлы– қазақтың ұлы жырауы, жоңғар басқыншыларына қарсы күрестің бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен.

Сәкен Сейфуллин: «Бұхарды «Абылай ханның ақылгөйі» деген сөз оған берілген өте жоғары баға. Кімге де болса, соның ішінде белгілі адамға ақылшы болу оңай шаруа емес. Ал, Абылай сынды XVII– ғасырдағы ел билеген кемеңгер ханына ақылгөй аталуы, ол ілуде бір адамға, үлкен дана, кемеңгер кісіге берілетін баға деген» –ді. Бұл ретте М.Әуезовтың пікірі де сол деңгейден көрінген. Ол: «Бұхар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы». Абылай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Бұхар жырау тек жеке адамдардың ғана емес, бүкіл ұлыстың, күллі қазақ елінің қамқоршы–ақылшысы болғандығы, қазақ қауымының хал–күйін жан дүниесімен жырлап өткендігі шындық [14].

Бұқар жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел–жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси–әлеуметтік мәнді жыр–толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден–бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет

етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін жырлаған.

Бұхар жырау әлі күнге дейін халық жадында. Ол туралы және қазіргі мемлекет басшысының ақылгөйлері туралы айтыскер ақын Ринат Заитов былай дейді:

«Қазақтың тарихында ақындар көп,
Елімнің маңдай терін сеніп төккен,
Кешегі Бұқар Жырау дара дана,
Әр сөзің Абылайға ерікті еткен,
Бар жайды білгеннен соң хан Абылай,
Ырысын қазағымның толық еткен,
Әу бастан ханға айтылған шыңдық қана,
Басшының әрбір ісін көрікті еткен,
Бүгінгі зиялының түрін көрсең,
Шетінен өзін ойлап шөгіп кеткен,
Басшылық сұрай қалса бүлк етпестен,
Жағдайы дейді жұрттың оңып кеткен,
Ақылы жеткенімен батылы жоқ,
Салқыны саясаттың соғып кеткен,
Иманы жұртта қалған ағалардың,
Милары металлалом болып кеткен».

Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл–ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім қабылдауына, екі алып мемлекеттің (Қытай мен Ресей) арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери–дипломатиялық қарым–қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Бұқар Жырау толғаула–рында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «*Қилы заман*» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды болжап, көз алдымызға елестетеді:

Өзі сары, көзі көк, орыстар келер ғалым боп.
Әулиедей көрінер, діндәрінің аты – поп.
Поптары болар сазандай, кітаптары қазандай.
Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды, есепке алар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан, әскер қылар ұлыңнан.
Бұл айтқаным, Абылай, болмай қоймас артыңнан.
Орыстарды пір тұтқан, сорлы болған қазағым,
Тартарсың сонда сазаңды–ай!

Жыршылардың тәбәрікке тән жыр мұрасы XIX–ғасырда алғаш ұлы ғалымымыз Ш.Уәлихановтың, М.Ж.Көпейұлының ел аузынан жинаған материалдары мен XX ғасырда М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Е.Ысмаилов, Қ.Сәтбаев, С.Негимовтың және т.б. ғалымдардың әр кезде жарық көрген еңбектері арқылы халықтық қазынаға айналды. Мен өзімнің Алматыдағы Бұхар жырау атындағы көшедегі үйде тұратынымды мақтан тұтамын.

☆☆☆☆☆

Байдалы би, шешен – Абылай ханның жанындағы сегіз бидің бірі, хан кеңесінің мүшесі. Кейін Уәли ханға би болған. Жастайынан ауыл арасына билік айтып, ел ісіне араласқан. Ел аузындағы аңызға қарағанда Байдалы шешен бай болмапты. Дүние құрастырып, дәулет жинауға, сірә, ол кісінің қолы тимесе керек. Бабамыз Байдалы шешен ақылын азық, асыл сөзін сусын етіп, «Барға қанағат, жоққа салауат» – деп дүниеден өткен адамның бірі екен.

Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болғанда, 90–ға келіп қалған, аты–тоны болмаған Байдалы шешен жаназаға бара алмапты. «Әне барамын, міне барамын» деп жүргенде қырқы да өтіп кетеді [15].

– Қадірлес қария еді, келіп көңіл айтпағаны несі? Уәлиханның ханымы Айғаным ішінен өкпелеп жүреді екен. Бір күндері Байдалы барып, өзінің келгендігін сыртта тұрып білдіреді. Бірақ, өкпелі Айғаным шешенді аттан түсіріп алуға тысқа шыға қоймайды. Сонда шешен атының басын кейін бұрады да, тұра қалып:

Ханы өліп, қайғырып жатқан Айғаным,
Қара жамылып, ай–күні батқан Айғаным,
Ханға сүйеніп, қоқай көрмеген Айғаным,
Қамқаға оранып, шоқай көрмеген Айғаным,
Мен бір сөз айтайын тыңдағын! – депті.

Қара жамылып, жоқтау айтуға даярланып отырған Айғаным құлағын тіге қалыпты.

Сонда Байдалы би былай деген екен:

Ер қартайып, мал тайып, екеуледі, ей ханым.
Қатын жалқау, ұл ынжық, төртеуледі, ей ханым.
Келін қатал, ағайын жат боп, алтаулады, ей ханым.
Кәрілік пен кедейлік егіз келді, ей ханым.
Мұның бәрін санасаң, сегіз болды, ей ханым.
Қаусаған жақ, иек бар, саудыраған сүйек бар,
Ауыл алыс жер болды.
Тоқсан темір тор болды, оннан асты, ей ханым.
Шығар жолды осыдан, өзің тапшы, ей ханым
Құла бие құлындап, келе алмадым, ей ханым!
Келдім, енді кетемін.

Ықылассыз ордаға, ене алмадым, ей ханым! – деп жүре беріпті. Айғаным үйден жүгіре шығып, шешенді құрметтеп, аттан түсіріп үйге

кіргізген екен. Төрге отырған соң, Айғанымның жоқтау айтып, жылауға ыңғайланғанын байқаған шешен:

– Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтауды тыңда–депті. Сонда Байдалы:

Қайрат деген қыран бар, қайғыға тізгін бермейтін,
Қайғы деген жылан бар, өзекті шағып өртейтін.
Үміт, сенім, тілек бар, қуантып, қуат алдырар,
Жылау деген азап бар, қуратып отқа жандырар.
Мен қайғыңды қозғағалы келгем жоқ,
Қайратыңды қолдағалы келдім, – депті.

Шешенді аттандырарда Байдалы биге Уәлиханның ханымы Айғаным «Ханның көзіндей көріп жүріңіз»–деп Байдалы бидің иығына қамқа тон жауып, астына жорға мінгізген екен. Бүгінде сол қамқа тон Байдалы би ұрпақтарында сақтаулы екен, ол табылып, Астанадағы Президент мұражайына қойылғаны жұртшылықты қуантады.

Байдалы биден «Алыс не, жақын не?» деп сұрағанда: «Жақын – ажал, алыс – білімді мен білімсіздің арасы» деген. «Ағайынға қадірім жоқ – бетімді көреді, әйеліме қадірім жоқ – етімді көреді», «Панасы жоқ таудан без, пайдасы жоқ байдан без», «Ақсақалға жарасар аузындағы тобасы, бәйбішеге жарасар піспегі мен сабасы» деген сияқты көптеген нақыл сөздер қалған.

☆☆☆☆☆

Қарауылдың тағы бір тарланбоз сөз шебері **Етекбай би** екендігі даусыз. Сот жүйесі туралы айтқанда Көкшеден шыққан би–шешендерді айтпай кету мүмкін емес, олар: Қанай шешен, Бапан би, Етекбай би, Нияз би және тағы басқалары. Бұл біздің тарихымыздың мәдени құндылығы болып қала бермек. Ақмола облыстық сотының ғимаратында ашылған галлереяда жергілікті би–шешендердің өмірінен сыр шертер құнды жәдігерлермен танысып, мол мағлұмат алуға болады [15].

Бірде Омбы қаласында болған аға сұлтан, билердің жиналысында Шарман, Ыбырай, Тұрлыбек, Әбілхайыр мырзалар мәжіліс құрып отырады Солардың бірі Етекбайдан «Құт кім? Жұт кім?» –деп сұраған екен. Сонда Етекбай би: «Бала әкесінен енші алып, қонақ түсіріп, ылау шалса, өзінен төменгіге көмегі болса, елге қосылған құт – осы. Енші алған балаң қонақ түсірмесе, шылау шалмаса, қонаққа көмегі болмаса, әкесінің малын бекерге шашса, жұтың – осы»–депті.

Етекбай би қартайған шағында ел арасына «Етекбай алжыпты» деген лақап тарайды. Бұл сыбысты естіген бір ел қадірлісі Желкілдек би «Қайран от ауызды, орақ тілді сабазымыз қартайған екенсің ғой, хал–жағдайын білейін»–деп жолға шығады. Етекбай Желкілдек биді Қарауылдың игі жақсыларын жиып, үй тігіп қарсы алады. Әңгіме–думан қызып, қонағасы ішіледі. Өзінің сынай сұраған не бір сауалдарына мүдірмей жауап беріп, алдырмай отырған Етекбайдың «алжыды» дегеніне түсіне алмай, Желкілдек аң–таң болады.

Қайтарында Желкілдектің бір шаруамен келгенін сезген Етекбай:

–Шырағым, Желкілдек, сен жай келмеген екенсің, менде бір сұрағың бар сияқты, ұялма, сұра,–депті. Сонда Желкілдек: «Иә, Сізді шатасты деген лақап қазақ даласына тарап кетті, соны мен көре алмай, өзім шатастым ба деп отырмын» деген екен. Сонда Етекбай:

Онға келген жасым–ай, ойнақтаған басым–ай.
Жиырмаға келген жасым–ай, жылап болған басым–ай.
Отызға келген жасым–ай, орда бұзған басым–ай.
Қырыққа келген жасым–ай, қырға шыққан басым–ай.
Елуге келген жасым–ай, ел билеген басым–ай.
Алпысқа келген жасым–ай, асау мінген басым–ай.
Жетпіске келген жасым–ай, жер таянған басым–ай.
Сексен келді бүйірден, биыл қалдым үйірден.
Қатын төсек салмайды, бала тілді алмайды.
«Алжыды» деген бұл атақ, енді көрге кіргенше,
Етекбайдан қалмайды, – деген екен.

☆☆☆☆☆

Абылай хан өзінің Бурабайдағы ақ ордасында отырып, жаз мезгілінде ел басқарғанда, жорыққа шыққанда оның оққағары және Ұлы жүздің, Кіші жүздің, Орта жүздің шекараларында болып жатқан оқиғалардан ақпарат беру міндетін Қанжығалы **Бөгенбай батыр** атқарған.

Қазақтың жеріне кімдер қызықпаған. Сол кезде Абылай хан үш (Ресей, Жоңғар, Қытай) алып мемлекеттердің ортасында дипломатиялық шеберлікпен Қазақ елінің бостандығын сақтай білген.

Осындай жан алысып жан беріскен соғыстардың бірін Бұқар жырау *«Қалданменен ұрысып, Жеті күндей сүрісіп...»* деп суреттейді. Осындай соғыстарға Абылайдың қанды көйлек жолдастары: Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Андықожа және т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады.

Бөгенбай батыр өнерлі адам болған, ол ұсталық өнермен айналысып, соғыс қару–жарақтарын жасаған. Бала кезінен қазақ даласындағы шешендік өнерді бойына сіңіріп өскен Бөгенбай жігіт шағында ауылдарға барып, ру арасындағы дауларды шешіп, билердің құрылтайларына қатысып жүрген.

Батырлығы мен қолбасшылық дарыны арқасында Бөгенбай үлкен құрметке бөленіп, ерлігі ел аузында аңызға айналып кетті. Бөгенбайдың қалмақтармен және қытай әскерлерімен болған қиян–кескі шайқастарда көрсеткен қайраты сол кездегі жорық жырауларының толғауларында мәңгі өшпес өлең тілімен өрнектеліп қалды.

Кейін Бөгенбай батыр қартайған кезде Абылай хан «Батырым, сен жер жаннаты Ерейментауды бауырыңа бас. Сырттан келген жау сенің атыңнан қорқып, ол жерге аяқ баспас»–деген екен. Міне атамекенді сақтап қалу үшін айтылған қандай көрегендік сөз.

Бірақ, Бөгенбай батыр қартайған шағына дейін ат үстінде жүрген. 1756–1758 жылдары ол Шығыс Түркістанға алғаш рет аяқ басқан қытай әскерімен

қиян–кескі шайқасқа қатысты. Бұл ұрыста ол қытайларды қыра талқандап, Үрімшіге дейін қуып барды. Батыр Торғай өзенінің жағасындағы шайқаста қаза тапқан. Бөгембай батырдың қазасын Абылай ханға Бұхар жыраудың былайша естірткен екен:

Қиядан қиқу төгілсе, аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе, қорқып жаудан қайтпаған.
Қазақ деген халқынан, батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар, қорғасындай балқыған.
Еңбек қылған ел үшін, жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой–арына сарып қылған бар күшін,
Қарияң келіп жылап тұр, еңбегі сіңген ер үшін,
Келмей тұр аузым айтуға, батырың өтті –Бөгембай!

Бөгенбай батырдың денесі ежелгі екінші Мекке саналған Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи – Әзірет Сұлтан кесенесіне ақ түйемен алып барып жерлеген. Қорыта келе айтарымыз, қол бастаған батырларымызды, ел басқарған көсемдерімізді, сөз бастаған шешендірімізді, жапа жеккен боздақтарымызды бір руға жатқызып, оның төңірегінде ғана әңгіме болса қисыны болмас.

☆☆☆☆☆

Баян Батыр. Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қасаболатұлы. Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ–жоңғар шайқастарына қатысып, «Батыр Баян» атанған.

Баян Абылай ханмен бірге Қытай жасақтарына қарсы соғысқа қатысады. Қытайлармен айқаста Абылай қолы шегінуге мәжбүр болғанда Абылайдың әскерінің шегінуіне мүмкіндік жасап, Баян қолы қытайлармен айқасады. Бұл шайқаста Баян өзінің тапқырлығымен, ержүректілігімен, найзагерлігімен көзге түсіп, хан әскерін құтқарады.

Ел аузындағы аңызға қарағанда Баян батырлығымен тұңғыш рет Әбілмансұрдың Абылай хан аталып, жоңғарға қарсы қол бастап шыққан бір жорығында танылады. Ол туралы аңыз былай дейді: бір жорықта қалың қолдан озық шығып кеткен Абылай аз ғана нөкерлерімен қапылыста жау қоршауында қалып қояды. Абылай «Жауға шабар кім бар?» деп үш айтқанға дейін ешкім орнынан тырп етіп қозғалмайды. Қаншама жаужүрек болса да кеудесін тікенектей қалың найзаға төсеу оңай ма!

Абылай «Бұл қазақта жауға шабар бір ұл тумаған ба?» деп қатты қапаланады. Сонда есік пен төрдей сары ала ат мінген біреу «Қазақ жауға шапса сенен сұрап шаба ма, хан ием!» деп, ұмтыла шауып, қалың қалмақты майға салған пышақтай тіліп өтіп, хан қосын қоршаудан алып шығады. Қоршауды бір бұзған жерде қаша ұрыс салып, әрқайсысы жеке қол бастаған өңшең көкжалдар аман құтылып, бас қолға келіп қосылып, жауды күйрете жеңеді. Көңілі әбден орныққан соң Абылай «Манағы сарыала атты батырды тауып әкеліндер!» деп жарлық береді. Алдына келтірілген сақал–мұрты енді

шыға бастаған жас жігіттің келбетіне разы бола отыра Абылай «Жауға шабарың бар – бір айттырмай неге үш айттырдың?» дейді. Сонда жас батыр: «Біріншіде – шаппағаным төрдің төбесі, жолдың басы хандікі. Алдыңнан кесіп өтпейін дедім ханием. Екіншіде – іркілгенім – алдымда аға баласы – Арғын болды. Жолын орамаймын дедім. Үшіншіден – өлімнен басқа қаралайтын ештеме қалған жоқ», – депті.

Соңынан ұзақ жылдар үзеңгілес серік еткен Баян батырмен Абылай өзінің таққа отырған шағында осылай танысады. Сонымен бірге осы әңгімеден Баянның батыр ғана емес, сөз жүйесін табатын шешен, ой арнасын табатын ақылды, кемеңгер адам болғандығын да аңғаруға болады.

Ақыл тұрмас қашқанда,
Дегбір тұрмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмейсің,
Бұрылып жауды шапқанда! –деген өлеңді Абылай Баянның осындай ерлігіне разы болып айтқан екен дейді.

Батыр Баян жөнінде деректерді Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан, жыраулар шығармаларынан, Шоқан Уәлихановтың «Исторические предания о Батырах XVIII века» атты мақаласын да көруге болады.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының желісі де осыған ұқсас. Поэма аса көркем деңгейде, ерекше шабытпен жазылған. Сезім де, махаббат та, батырлық та, жан күйзелісі де дастанда жыр болып өріледі. Поэмадағы батыр Баян тағдыры ешкімді де бей–жай қалдыра алмайды. Шоқтығы биік Баянның бейнесі поэмада былай суреттеледі:

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның әруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ ноян?
Наркескен, өрттей ескен қайтпас болат,
Баянсыз қанатымды қалай жаям?
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ батыр Баян – деген Абылай сөзінен батырдың хан ордасындағы орны мен беделін байқайсыз. Баян батыр ел рухы мен батыр рухының биіктігін барлық құндылықтан жоғары қояды. Елдің мүддесі Баян үшін қымбат, халқының тағдыры жау табанына басылмауы жолында жан аямай күрескен Баян батыр ерліктің, отаншылдықтың үлгісі.

Қазақ осындай батырлардың арқасында тағдыры мен келешегін қорғап қалды.

Баян– Орта жүздің Уақ руынан. М.Жұмабаев «Баян батыр» дастанында
Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде аз ғана Уақ қоныс қылған.

Уақтың ерте күнде өжет қайсар
Ер Көкше, ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің Ер Көкшенің
Нәсілінен қайтпас, алмас Баян туған, – деп жазады.

Баян батырдың туыстары, олардан тараған ұрпақ қазір Солтүстік Қазақстандағы Булаев ауданында, оның ішінде Абыл, Жарбол, Аралағаш атты үш үлкен ауылдың үшеуінде Баян батырдың ұрпақтары тұрады.

☆☆☆☆☆

Андықожа Абылай ханның батыр сарбазы, ақылшысы әрі уәзірі, ту ұстаған дарынды қолбасшысы болуымен қатар өте шешен адам болған. Атығай–Қарауылдың сайыпқыран жігіттерінен жасақталған қолды басқарған Андықожа Әлменбетұлы Жәнібек, Бөгенбай және тағы басқа сол кездегі батырлармен бірге қазақ даласын қырғыз, жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысып, батырлығымен, батылдығымен көзге түскен.

1717 жылғы Аягөз маңындағы, 1726 жылғы Сарсу (Бұланты) өзенінің бойында «Қалмақ қырылған» деген жердегі, 1729 жылғы Аңырақайдағы соғыстарға қатысқан. Атамыз Андықожа батырдың жасы сексенге келіп Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне 1752 жылы жерленуі Ұлы Абылай хан бабамыздың сенімді серігі, ту ұстаған батырларының бірі болғанын аңғартады[16].

Бөгенбай батыр мен Андықожаның достығы өте берік, сыйлы да сырлы болыпты. Үлкен жорықтар алдында қазақ жерінің кіндік тұсында отырған Бөгенбай батыр сонау Солтүстікте жатқан Андықожаға алдын ала хабаршы жіберіп, кездесетін жерін, күнін белгілеп сәлем айтады екен. Соның бір айғағы, алдын–ала құлақтанған Андықожа 1726 жылы Сарсу өзенінің бойындағы соғысқа үлкен дайындықпен келгендігі. Майданға Бөгенбай батыр қолының оң қолтығынан кірген Атығай жігіттері үлкен ерлік көрсетіп, қалмақ әскерін шығынға ұшыратқаны.

Көкше жерін қалмақтардан тазартқаннан кейін, Абылай Атығай, Қарауылдан шыққан қолбасшылары Қанай мен Андықожаға жерді бөлуді жүктеген. Сонда Бурабай маңының әсем көлдері, көгілдір таулары бар жерді Абылайға бөлген. Бурабайдан 15 шақырымдай жердегі Ақшоқы деген таудың төңірегі Андықожаға тиген. Қалған жерлерді Абылаймен бірге қан кешкен басқа да батырлары мен билеріне бөледі.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Көкшетау жерінде батыр бабаларымызға арнап ас берілді. 2001 жылғы 31 қазан айындағы Ақмола облыстық маслихаты сессиясының шешімі бойынша Еңбекшілдер ауданының Донской селосы –Андықожа батыр ауылы деп аталды. Елінің, халқының тағдыры үшін қасық қандарын қиған батырлардың ерлік іс–әрекеттерін жинап, зерттеу келешек ұрпақтың борышы болмақ.

Себебі, Күн –ортақ, Ай ортақ, жақсылық ортақ. Осындай ортада шапағат нұры бірдей түскен ұлы тұлғалар халқымыздың пірі, тірек етер ортақ ұлдары десек орынды болар.

2.3. Тарих толқынындағы тұғырлы тұлғалар

«Көкшеде күңіренген Кенем қайда?» –деген М.Жұмабаевтың жыр жолдары көз алдымызға қазақтың соңғы ханы Кенесары ханды елестетеді.

Ордасы Көкшетауға тігілген Абылай ханның отыз ұлы болған. Баласы Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары, екінші әйелінен Наурызбай туған. Кенесары өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы–қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен күш–жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан.

Абылай ханнан кейін орнына билікке Уәли хан (1781 – 1821) келген. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және Орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты Кенесары Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Оның: «Алла қостаса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз» деген пікірі әкесі Қасым сұлтанның, бауырларының, көптеген қазақ батырларының тарапынан қолдау тапты. 1838 жылы Кенесарының қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның ішінде Орта жүз руларынан басқа, Кіші жүздің шекті, тама, табын, т.б. руларының, Ұлы жүздің үйсін, дулат, т.б. руларының сарбаздары болды. 1841 ж. қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. 1846 жылы Қазақ ордасында етек алған Кенесары азаттық қозғалысын басу үшін арнайы жасақталған экспедиция келеді. Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан Кенесары мен інісі Наурызбай дұшпандарының қолына түседі. Кенесары айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жіберген.

Құрбандық қошқары болған Кенесары туралы ақын Ғалым Қалибекұлының:

Аруағыңнан айналдым, айналайын, Хан Кенем,
Жер–жаһанды кезумен, басыңды іздеп мен келем.
Ие болып өріске, Хан бабамыз қалған ғой,
Қаңғып келген орысқа, басың керек болған ғой, –деген жыр жолдары және Мағжан Жұмабаевтың көп уақытқа дейін жарыққа шығарылмай келген «Оқжетпестің қиясында» атты поэмасындағы жыр шумақтары еріксіз еске түседі.


Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кен–екеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген Кенем қайда?,
Дариға жүрегімді дерт өртейді!

«Хан кене» атанған Кенесары мен «Науан батыр» [17] атанған Наурызбай Қасымұлдарының тарихи тұлғасы Қ.Бекхожин шығармаларында лайықты дәрежеде көрсетілген. Хан Кененің батырлық тұлғасын қиялына ерік берік бере отыра жырлайды:

Ер бопты арыстандай кеудесі кең,
Айбаты найжағай ғой күркіреген.
Арқадан атой салып жөнелгенде,
Алыста Еуропа да тітіркенген.

Мұнда Қ.Бекхожин Хан Кенені арыстанға, айбатын нажағайға, іс–қимылынан «Еуропа тітіренген» деп қазақ даласының шеңберінен шығара суреттеуі де тарихи шындық. Оған осы көтеріліс туралы шетелдегі мұрағаттардан табылған құжаттардың көптігі дәлел.

Арғы атамыз Абылай хан болса, қазақтың соңғы ханы болған Кенесарыдан тараған ұрпақтардың осы күнгі тыныс–тіршіліктерін айтсақ деген ой бар. Хан Кененің немересі Натай Кенесарин Қазақстан және Өзбекстан геология ғылымының көрнекті өкілі, геология–минералогия ғылымының докторы, Өзбекстан ғылым Академиясының академигі болған. Хан тұқымы болғандықтан қудаланып, Мәскеу мен Ташкентте білім алып, сол жақта жұмыс істеген. Соғыс аяқталғаннан кейін, атағы Одаққа мәлім Қ.И. Сәтбаевтың шақыруымен Қазақстан ғылым академиясына жұмысқа орналасқан. Қ.Сәтбаевтың тапсырмасымен Натай Әзімханұлы Жезқазған төңірегіндегі Жанай, Айдос, Үйтас су көздерін жан–жақты зерттеумен айналысқан.



Хан Кеменің шөбересі, бірнеше жыл жер ауып Өзбекстанда өмір кешкен, бүгінде тектілігін көрсетіп жүрген, философия ғылымдарының кандидаты, Д.Қонаев атындағы университеттің профессоры Раушан Кенесарина. Раушанның тұлғасына сұңғақ бойы, терең ойы, сымбатты түрі, алақандай ақылды көздері атасынан аумайтындығын ағартады.

Арқаның жер жетпейтін Бурабайында Абылай ханның ұрпақтары –Қасым сұлтан, Кенесары және Наурызбай туып–өскен. Ұлы ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлиханов бірқатар зерттеу жұмыстарын және де Сәбит Мұханов «Жұмбақ жалау» романын, арқалы ақын Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанын, ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Сәкен Жүнісов «Ақан серісін» дәл осы Бурабайдың тамаша табиғаты аясында жазған. Сондай–ақ, саяси қайраткер Әбілқайыр Досов, Кеңестер Одағының батыры, ғалым –жазушы М.Ғабдуллин, Социалистік Еңбек Ері, қоғам қайраткері Е. Әуелбеков, Социалистік Еңбек Ері, халық артисі Е.Серкебаев, академик ғалым Е.Ысмайылов және тағы басқалар осы өлкеде туып, өскендер.

☆☆☆☆☆

Сөнбес жұлдыз –Шоқан Уәлиханов. *Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында асқан талантты адамдар туралы айта келе: «Абылай ханның тікелей ұрпағы –Шоқан Уәлихановтың бойында ата–бабалрынан мұра болып қалған аса мол рухани күш–қуат бар еді. Оның осы*

қасиеті қысқа ғұмырынан айқын көрінеді. Мұндай адамдар тарих толқынындағы біздің мәдениетіміздің кіндік туындылары»,– деп атап көрсетті [11].

Ақын–жыраулардың өлеңдерінде «Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалады» дейтін жолдар кездеседі. Ол заманда солай болса, кәзіргі жүрген, біздер – кімбіз сонда? деген сауал туады. Қандарында ойнаған батырлық біздің ата–бабаларымызды әр дәуірде әр түрлі елдің жауымен шайқастырды. Батырлар алдыңғы лепте, қалғандары кейінгі сапта. Алдымен мерт болатындар батырлар болған. Дәуір асыл қанға әсер ете ме, жоқ па?– деген де сауал ойға келеді.

Осындай көптеген сауалдарға жауап іздеу үшін тек бұрынғымыз бен кейінгі ұрпақты салыстыра саралау қажеттігі туындайды. Себебі, қазіргі мына «тұлпар бойын жасырып, жабылардан жорға шыққан кезде», айналып келіп, баяғы өткен ғасырлардағы әулетке көтеріңкі көңілмен көз тастауға мәжбүр боласыз.

Майқы би «Кімнен кім туады?» деген сұраққа былай жауап берген екен:

«Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.
Масылдан малбақпас туады.
Таздан жарғақбас туады.
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады....».

Бүгінде бұл генетикалық заңдылық екені баршаға аян. Қазағым «Алып бәйтеректің діңгегі нәрлі болумен бекемделіп, оның бұтақтары да соған байланысты жайқалып өсе түседі» демекші, қысқа ғана ғұмыры өшпейтін, өлмейтін өмірнамаға айналған біртуар тұлғаның бірі –Шоқан Уәлиханов.

Шоқиып отырып үлкендердің кеңесін тыңдауға әуес болғандықтан әжесі еркелетіп Шоқан атап кеткен Мұхаммед–Қанафия Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ даласының Еуропаға ашылған терезесі, исі қазақ ұлтының басын біріктіруде күш–жігерін аямаған Абылай ханның ұрпағы, бітім– болмысынан бекзадалықтың бар белгісі анық көрінетін қазақтың ұлы, ағартушы, демократты ...сияқты сипаттамаларды айта берсек, сөз жетпесі анық.

Күллі ғалам жұртшылығының назарын бір сәтке қазақ даласына, қазақ ұлына аудара білген Ш.Уәлиханов болмысы туралы жазбастан бұрын, Шоқан атамыздың біз білмеген қыры жайында ғұламаның ұрпақтарымен сұхбаттасып, ғалымның атын иеленген Тарих және этнология институты қызметкерлерінің жазбаларымен таныстым.

Шоқан туралы зерттеу жұмыстарын жүргізген көптеген ғалымдар болған. Бірақ Шоқанның өмірін жан–жақты зерделеген, оның данышпандығын халыққа жеткізе білген, еңбектер жазған бірден–бір ғалым Әлкей Марғұлан. Себебі, академик Ә.Марғұлан энциклопедист– ғалым: ол филолог, фольклорист, өнертанушы, археолог, этнограф, публицист, қырқыншы жылдары жазған

кейбір мақалаларын қарасақ, нағыз әдебиетші. Ал, Шоқан да этнограф, географ, тарихшы, фольклорист, мәдениетанушы, публицист, нағыз жазушы.

Отыз жасқа жетпей өмірден өткен бір ғана тұлғада жан–жақты қабілеттердің бірдей қалыптасуы оның даныштандығы. Ә.Марғұлан Шоқанды терең зерттей білді. Шоқандай адамды зерттейтін адамда, ең алдымен, үлкен білгірлік, ғұламалық қасиет қалыптасқан болатын. Шоқан туралы бұрын беймәлім сирек деректерді Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология ғылыми–зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, ғылым кандидаты Дәнел Әлкейқызымен араласа жүре көріп, оқып білдім. Бүгінде Дәнел Ә.Марғұлан атындағы халықаралық қоғамдық қордың вице–президенті, марғұлантанушы.

Аталары Шыңғыс хан, Уәли хан және Шоқан туралы Шота Ыдырысұлы және Едіге Уәлихановтардан көп естідім. Әль –Фараби даңғылы мен Марков көшелерінің қиылысындағы мұражайдай үйлерінде Шота Ыдырысұлы ағамыз бен Зинаида Кәрімқызы жеңгеміз аталарынан қалған жәдігер–бұйымдарды осы уақытқа дейін арнайы кабинетте көздерінің қарашығындай сақтауда. Сол кабиетте отырып Шота ағамызға мен келесідей сауал қойған едім:

- Қазір, қолынан келіп тұрған көп азаматтарымыз қонышынан басып, балаларын үлкен дәрежеге жеткізу үшін әртүрлі жолдармен шет елдерде оқуға жібереді, Батыстың тәрбиесін алғанын қалайды. Шоқан атамыз Омбыдағы Кадет корпусын бітіріп, көзі тірісінде–ақ әлемнің мен–мен деген ғалымдарының назарын өзіне аударды. Бұл неліктен деп ойлайсыз? Төре тектіліктен бе, жоқ ғылыми тұжырымының мықтылығынан ба?

Сонда Шота ағамыздың айтқан мына бір сөздері жадымда қалыпты. «Шоқанның қысқа ғұмырына зер салып қарасақ, оның қас қағым әрбір сәті жылдарға пара–пар келетінін аңғарамыз. Біріншіден, әр адамның ой–өрісінің кеңеюі, әрине, тегіне, өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты. Ол жастайынан қазақ халқының өткен–кеткенінен хабардар болып, мол ақпараттың ортасында өсті.

Сонымен қатар, ол төре ұрпағынан болғандықтан да, ортасы осал емес–тін. Мен саған және балаларыңа мына «Белые ночи Чокана» деген кітабымды сыйлап отырмын. Мына тамыры терең бәйтеректен (шежіренің схемасы) алысқа бармай–ақ, арғы атамыз – Абылай болса, атамыз Уәли, әжеміз – Айғаным, әкеміз Шыңғыс т.с.с.. Бұлардың әрқайсысы өз заманының білгір, алғыр перзенттері болғаны тарихи шындық.

Екіншіден, Шоқанды заманның өзі тудырды. Ол 1835 жылы өмірге келді. Бұл атамыз Кенесары көтерілісінің лебі сезілген кез болатын. Қазақ жерінде дәстүрлі хандық жүйенің жойылуы әрбір қазақтың, әсіресе, сол замандағы төре тұқымдарының қарсылығын танытты. Оның ушығып, халық көтерілісіне ұласуы 1837 жылдарға келеді. Міне осы оқиғалар қоғамда, әрбір отбасында талқыланып жатқан кезде, Шоқан өмірге келіп сондай пікірталастардың ортасында ержеткен. Ол 5 жасында хат танып, 7–8 жасында сурет сала бастаған. Он жасында парсы, түрік, араб тілдерін меңгеріп, шығыстың ұлы ақындарының өлеңдерін жатқа айтқан. Туғанынан зерек 12 жасар Шоқанды әкесі Омбының әскери орыс оқуына беріп, оның болашақ ұлық боларына

таудай сенім артты. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды.

Шоқан Уәлиханов 18 жасында кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалады. Ол 20 жасында Омбы зиялылары С.Ф.Дуровпен, Г.Н.Потанинмен және айдауда жүрген Достоевскиймен танысты. Орыстың ұлы адамдарымен терезесін тең ұстап, олармен пікірлес болды, достасты.

Үшіншіден, Шоқан алған терең білімін, өмірлік тәжірибемен толықтыра білді. Әскери қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласты. Жағрафиялық қоғамының мүшесі болу үшін, императордың тапсырмаларын тікелей алу үшін үлкен қабілет, терең білім керегі түсінікті болар» –деген еді.

Менің өзімнің жеке пікірімде Шоқанның өмірбаянын оқи отырып, мынандай ойға қаласыз: XIX ғасырдың екінші жартысы –географиялық саяхаттар кезеңі. Сол дәуір, ең мықты географтарды, картографтарды.т.б. ғалымдар мен әдебиетшілерді өмірге әкеледі. Шыңғыс сұлтанның айналасында жүрген орыс зиялылары Шоқанның зеректілігіне мән беріп, қалам алдыртып, сурет салуға баулып, үлкен ғылыми жолға дайындай бастаған сияқты. Жиырма жасқа толар–толмастан «жарты патша» аталған Батыс Сібірдің «құдайы» Гасфортқа адъютант болып шыға келгенде, орыс қауымы тік тұрып оның талантына табынған. Бұл – тарихи ақиқат. «Оқымысты адам оқымысты адамды таниды. Сондықтан орыс қауымы Шоқанның зеректігін көре білді және болашағына үміт артты. Патша үкіметі Шоқан Уәлихановтың білімін, мүмкіндіктерін, тіл білетіндігін белгілі бір мақсата пайдалануды көздеді деп есептеймін. Орта Азия мен Қазақстанды жетік білетін адамды даярлау – сол заманның қажеттілігі болды.

Екіншіден, Қытайға барып–келу қазір оңай болғанымен, ол кезеңде өте қиын еді. Ол кезде Қытай Ресей тарапынан зерттелмеген өлке, ал Еуропа ғылымы үшін белгісіз, құпиясы мол ел болатын. Себебі, XII ғасырдың соңғы ширегінде Марко Поло, 1603 жылы саяхатшы Голе Қашқария жерінде болғаннан кейін, бұл өлкеге ешкім аяқ баспаған. Қытайға (Қашқарияға) ешбір адам ене алмаған, енген адам шықпаған. Шоқаннан бір жыл бұрын Қашқарияға Үндістан арқылы барған немістің белгілі географы Адольф Шлагинвейт болса, ол елге енбей жатып басынан айрылған. Адольфтің бұл қайғылы тағдыры жөнінде алғаш мәліметті жеткізген Шоқан болды.

Ал, Шоқан–Әлімбай болып, шекарадан өтіп, Қашқарияда біраз тұрып, аман–есен оралып, жинаған баға жетпес материалдары жайында баяндама жасаған. Семенов–Тянь–Шанскийдің ұсынуымен 1857 жылы 27 ақпанда Шоқан Орыс География қоғамының толық мүшелігіне сайланады. Бұл орыс қоғамы зиялыларының, орыс ғылымының жас ғалым еңбектерін зор бағалағандығы, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін мойындағандығы екенінің дәлелі.

Шоқан өзінің білім деңгейі, тектілігі арқылы күллі қазақ халқының болмысын көрсете білді. Ол өз ұлтының патриоты болмаса, отаршылардың ішінде өмірінің соңына дейін әскери қызмет атқарар еді. Оған батыс тәрбиесі дарымай, керісінше шығысшыл болып шықты. Оның қайшылықты–трагедиялы

өмірінің негізгі арқауы да осында жатыр. Ол өмір бойы мықты офицер болуды емес, ғылым жолын таңдады. Шоқан ат басын батысқа емес, шығысқа бұрды.

Ш.Уәлиханов (1859–61) Петербургте болған жылдары оның ғылыми–шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі болды. Мәселен, Бас штабының әскери–ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша, ол Орта Азия мен Қазақстанның карталарын жасайды. «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», «Қытай империясы батыс өлкесінің картасы» т.б. дайындалады. 1865 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін, Петербургта оның «Жоңғария очерктері», «Қытайдың Хан–Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы», «Адольф Шлагинтвейттің өлімі туралы мәліметтер» еңбектері жарияланды.

1957–1972 жылдарды Ә.Марғұланның басшылығымен Ш.Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы жарық көрді [8].



Шоқан әкесі– полковник Шыңғыс ханға да, атасы Уәлиге де тартпаған. Абылайдың көзін көрген ақсақалдар, ақын–жыраулар жас Шоқанды көріп таңырқасқан–құдды Абылай атасы, әсіресе алақандай аялы, ақылды көздері. Ұқсастығы сондай, оларды сескендіріп–тітіренткен деседі.

Шоқанның орны қазақ қоғамында, қазақ даласында орныққан, ол қазақ халқының нақ төрінде отыр деп толық айта аламыз. Өйткені, ол Көкшетаудан бастау алып, Сарыарқаны қақ жарып өтіп, Жоңғар Алатауынан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлға һәм сөнбес жұлдыз.



Бірінші Алматының вокзалынан басталып қаланы қақ жарып өтіп, сонау ұлы әл–Фараби даңғылына барып қосылатын, ұзындығы 20 км, ерекше көше бар. Ол Алматыдағы –Сәкен Сейфуллин даңғылы. Бұл есім Республикамыздың әр азаматына сондай қымбат, сондай қастерлі. Әсіресе түнгі қала көрінісінде айрықша көз тартатын, қою қараңғылықты жарқыратып кейін серпіп, электр шамдарының нұрына бөленіп тұратын бұл даңғыл – революция дәуірінің қаһарманы, дауылпаз ақын – ***Сәкен Сейфуллиннің*** өмір жолының да символы іспеттес.

С.Сейфуллин дүние салғалы табаны күректей 72 жыл! Ал сол кезде ол тек қана 44 жаста болатын. Қырық төрт жас адам ғұмырымен есептегенде Орда бұзар жас. Иә, ол отызында орда бұзып, 40 жасында Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалып, еліне қамал болған жан. Бұл жас, қазақы ұғыммен айтқанда, өлгенің өшіп, тірінің тұғырға шығар шағы. Бұл адам Рухының қайсарлығы сыналар тұсы. Бұл жалғанды жалпағынан басып кейбіреулердің қара көбейтіп жүрер немесе Орда бұзар кезін көрсетер кезеңі де осында [18].

Сейфуллин Сәкен қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1918 жылдан **Компартия мүшесі. Омбыда оқып, мұғалімдік мамандық алған.** Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқынға алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «азап вагонынан», 1919 жылғы сәуірінде адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған.

Осы жылғы қазанның 4–де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы, БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, «Жыл құсы» альманағымен «Жаңа әдебиет» журналы басшысы, Қазақтың мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметтерін атқарған.

Ол 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған деп, жарияланымдардың барлығында **алтын әріппен жазылған.**

Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға көп күш салды, сол тұста әдебиетке келген қаламгерлер М.Қаратаев., Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин, Ж.Саин, тағы басқалары С.Сейфуллиннің көмегіне сүйенген. С.Сейфуллин олардың алғашқы кітаптарын бастыруға көмектесіп, алғысөздерін жазған және де олар Сәкеңді өздерінің ұстазы санаған.

Тарихта қалған тарландар өмірі біз үшін үлгі. Сол бір кезеңдер қандай марғасқа, жаны жайсаң адамдар өмір сүрді десеңізші. Олардың әрқайсысының өз келбеті, өз жан–дүниесі болды. Егер ақынға сезім мен сұлулықты қосып берген болса, одан нағыз құнды дүниелерді күтуге болады. Қазақтың маңдайына біткен Сәкен Сейфуллин дәл сондай сері адам болған.

Ол, әсіресе, табиғатты жан–жүрегімен нәзік сезініп, сүйіне жырлады. Ақынның «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы»– деп басталатын әйгілі «Көкшетау» поэмасын оқығанда, онда суреттелген мөлдіреген күміс айнадай сексен көлдің аясында, көк мұнарға оранып, көшкен бұлттармен есен–амандық сұрасып, сұлу жүзін әлсін–әлсін ақ жауынмен жуып, нұр жайнаған кербез ару Көкшетау табиғатының көріністерін өз көзімізбен көріп, жұпар ауасымен рахаттана тыныстап, қалың қарағайы мен ақ қайыңдарының сыбдырын өз құлағымызбен естіп тұрғандай әсер аламыз.

Ал, басқа жақтарда қызметте жүрген кезде туған жерін аңсап жазған «Біздің жақта» жырындағы:

«Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,

Ағашты биік таулы жерлері бар.
Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын
Меймандос, берекелі елдері бар.
Думанды шалқар көлдері–ай,
Еркін дала белдер–ай.
Қаздай қатар мыңғырып,
Тізіліп көшкен елдер–ай.
А–ай, Сарыарқа,
Елің алыс, қалдың шалыс,
Жат жерде талай елмен болдық таныс» –

деп ақын өзінің арман–аңсары мен құпия сырларына сұлу табиғатты куә етеді [19].

Сәкеннің күрес жолындағы көңіл–күйі де елге, туып–өскен жерге деген сезімі және табиғатқа ынтықтығы арқылы ашылады. Мәселен, «Қамаудан» деген өлеңінде жау қолында зарыққан тұтқын туған жер табиғатынан жанына демеу табады.

Тас үйдегі тұтқынды,
Аяған адам жоқ болды.
Аяды бірақ табиғат,
Көңілім соған тоқ болды.

Демін салып майда жел,
Құшақтап сүйіп тәнімді.
Сүйгенімдей тербетіп,
Жұбатты менің жанымды.

Міне осындай өзінің барлық саналы өмірін елі, халқы үшін қызмет етуге арнаған ардагер азамат С.Сейфуллин жазықсыз жаланың құрбаны болып, 44 жасында қуғынға ұшырап, 1938 жылы жазықсыз атылып, алаштың 38 азаматының ішінде кете барды. Ол заман қазақтың қуғын–сүргінге ұшыраған, қасіретті ғасыры еді. Сол кезде, Сәкеннің жұбайы – Гүлбахрам анамыздың тартпаған азабы жоқ.

Қ.Бекхожин өзінің «Сұңқар туралы аңыз» поэмасында суық хабарды ести сала, анық–қанығына жету үшін Сәкен үйіне жетіп келгендігін және Гүлбahрам жеңгесін төмендегідей суреттейді[20]:

Үй үнсіз, Көшкен жұрттай оты сөнген,
Жапырақ жағаласып жатыр желмен.
Құшақтап нәрестесін бебеу қағып,
Түбінде қу қайыңның отыр жеңгем.

«Өмір деген тұңғиық дарияға, тұлымымнан ұстап алып лақтырдың» – деген Фариза Оңғарсынованың жыр жолдарына көз жіберсек, сол дарияның асау да өткел бермес иіріміне төтеп беру, тұңғиыққа батпай, ағынымен, толқынымен алыса жүріп, жағаға шығу аса үлкен мәртебе және екінің бірінен келе бермейтін ерлік десек те болады. С.Сейфуллиннің жұбайы Гүлбахрамдай,

И. Жансүгіровтың жұбайы Фатимадай, М.Жұмабаевтың жұбайы Зылихадай аналарды қайыспайтын, майыспайтын, әрқашанда тік тұра білген бәйтерек ағашқа теңеуге болады.

☆☆☆☆☆

Міне осындай ұлты үшін оққа түскен боздақтардың бірі емес бірегейі **Мағжан Жұмабаев** (1893–1938). Ол–қазақ әдебиетінің көгіндегі XX ғасырдың басында жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі, текті ақыны. Туған жері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы. Жоғарыдағы әр бөлім Мағжан ақынның жыр жолдарымен өрнектелгеніне көңіл аударған боларсыздар.

М.Жұмабаев ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашқаннан соң 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгіріммен аяқтайды. Бұл оқуға онша қанағаттанбаған, ол Уфадағы Медресе Ғалияға оқуға түседі. Медреседе оқып жүріп «Шолпан» атты тұңғыш жинағын баспадан шығарады. Одан кейін Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі. Бұл кез оның қазақтың ардақ азаматтары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлынан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір белесіне құлаш ұрған шағы еді.

Мағжан 1919– 23 ж. «Шолпан», «Сана» журналдары, «Ақ жол» газеті редакцияларында қызмет атқарды. Сол кезде қалың қауымға таныс өзінің «Батыр Баян» поэмасын жазып, жарыққа шығарды.

1923–27 ж. Мәскеудегі Жоғары әдебиет көркемөнер институтында оқыған. 1927–29 жылдары Бурабайда, одан кейін Қызылжарда оқытушылық қызмет атқарған. 1929 жылдан бастап ақын қуғын сүргінге ұшырайды. Әуелі жалған жабылған жаламен он жылға сотталады. Күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанында ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған, Мағжанның ол жолы ақталуына бірден–бір себепші бола білген. Одан М.Горький мен оның әйелі Е.Пешкованың араласуымен, 1936 жылы босатылады да, бір жылдан кейін «Халық жауы» деп қайта сотталып, келесі жылы наурыз айында ату жазасына кесіледі.

Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында–ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді.



Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай… Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі

күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды. Мағжан қуғын–сүргінге ұшырап жүрген кезде Мұхтар Әуезовтің өз ойын осылай ашық айтуы, бұл – Мағжанның шығармашылығына берілген баға, азапты жолда жүрген ақынға ашықтан–ашық ара түсу, өз басын оққа байлағанмен бірдей нағыз ерлік еді!

М.Жұмабаев «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында» дастандарында Кенесары ханның тұлғасын сомдады, даналығын, даралығын, алғырлығын, кемеңгерлігін жырлады және сол үшін ол қуғынға ұшырады.

Мағжан 1925 жылы Мәскеуде әдебиет институтын оқып жүріп, қазақ тілінен сабақ берген және сол кезде Мәскеуде Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүрген Б.Кенжебаев Мағжанның алдынан дәріс алған. Б. Кенжебаев: «Мейлі, лекциялық сабақта болсын, мейлі, практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Мағжан студенттерге Абай өлеңдерін оқып–үйретететін. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын. Ойшыл, орысшаға, шығыс тілдеріне ерекше жетік–ті»– деп жазады.

Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін М.Жұмабаев ұлт азаттық тақырыбын өз поэзиясына арқау етті. Оның атақты «Батыр Баянындағы»

Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа – сары дария, қиыры жоқ
Көз болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да...

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға. ...
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?

Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп–мөлдір, дөп–дөңгелек ұқсайды Айға.
Бурабай – Арқа арлы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға...

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында –көр, жан–жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ,
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап»–

деген жыр жолдары бастапқы кезде туған жердің табиғатын суреттеуден барып қайран елдің ендігі күні не болады деп, халқымен бірге күйзелгенін көрсетеді. Оның туған елін, жерін, азаттық жолын аңсағанын Мәскеудің Бутырка түрмесінде қамауда жатқанда жазылған «Сағындым» деген өлеңінен байқауға болады:

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!
Қара елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!

М.Жұмабаев ақталған соң, оның өлеңдері, ата–тегі, өскен ортасы туралы деректер жарық көре бастады. Ақынның 1996 жылы «Білім» баспасынан үш томдық шығармалар жинағы шықты [21]. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы 2000 жылдан бері Мағжан Жұмабаев ауданы болып аталды.

☆☆☆☆☆

Әлжанов Шәрапи 1901 жылы Еңбекшілдер ауданында дүниеге келген. Тарихтан белгілі Бертіс бабадан қолдың бес саусағындай бес ұл – Қожағұл, Қожамқұл, Ақшуақ, Айшуақ, Жаншуақ тараған. Біржан сал Қожағұлдың немересі болса, Әлжан Ақшуақтың немересі.

Шәрәпи Әлжанов 1918 жылы Шортанның бастауыш училищесін бітірген. 1920 жылдан бастап Қызыл әскер қатарында соғысқа қатысқан, қазақ полкінің саяси басшысы, кейін полктің әскери комиссары болған, партия мүшесі. Ол 1925 жылы Мәскеудегі жоғары Әскери педагогикалық курсқа түсіп, 1932 жылы Мәскеудің Крупская атындағы коммунистік тәрбие беретін академияның аспирантурасын бітірген. Осы жылдан бастап Қазақстанның алғашқы жоғарғы білім ордасы Абай атындағы педагогикалық институтының алғашында доценті, кейін профессоры болып қызмет атқарған.

1934 жылдан 1937 жылға дейін ҚазПИ –де педагогика кафедрасының меңгерушісі, деканы қызметтерін атқарған. Бұған қоса Қазақтың педагогика ғылыми–зерттеу институты директоры болды[15].

Шәрапи Әлжановтың әр жылдары «Ес және есте қалдыру мәселелері», «Ой мәселесі", «Дағдылық мәселесі», «Партия оқуының жүйесі мен оқыту әдісі», «Ауылдағы әскери үгіт–насихат жұмысы» оқулықтары жарық көрді. Оның 1934 жылы «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» дейтін «Әдебиет майданы» журналының 4 санында жарияланған көлемді мақаласының маңыздылығы күні бүгінге дейін жоғалған жоқ.

Ал, Мәскеу журналдарында «Аз ұлттардың жоғары оқу орындарында сабақ беру әдістері», «Ұлт мәдениеті жөнінде елі майданда да күресуіміз керек», «Маркстік–лениндік теория таза және дұрыс баяндалсын» т.б. ғылыми мақалалары жарияланған. Сонымен қатар, ол психологияның ұлттық терминдерін жасауға атсалысқан, А.Залкиндтің «Психологиясын» қазақ тіліне аударған. Оның қолжазбасы Қазақстан кітап қорының Академиясында сақтаулы.

«Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» – деп Абай айтқандай, аз ғұмырында ұлан–ғайыр істерімен халқына танылған тұлға , амал қанша, саяси қуғын–сүргіннің құрбаны болды. 37 жасында қыршын кеткен Шәрапи атамыз бір ғана Еңбекшілдердің азаматы, Көкшетаудың перзенті емес, бұл дегенің «отызында орда бұзған» қазақтың маңдайына біткен санаулы шоқ жұлдыздарының бірі дер едім.

Сөйтіп, 38–40 жастарында қыршын кеткен С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ш. Әлжановтар

«Ауызың алты қарыс қырық жаста,
Семсерсің майырылмас салсаң тасқа», –

деп жырға қосқан Қазақтың маңдайына біткен санаулы шоқ жұлдыздары дер едік. «Өлтірген 70 мыңды оққа байлап, жоғалтқан бір талайын Сібірге айдап» деген жыр жолдарын еске сала кете мемлекетіміздің құрылуына, дамуына маңдай терін төгіп қызмет еткен, әрі нағыз күш–жігері тасып, кайнап тұрған шағында «халық жауы» атанып көз жұмған боздақ Сәкен Сейфуллиннің және оның замандастары: Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев және Шәрапи Әлжановтардың рухтары алдында, мың тағзым, Сіздерге зобалаң боздақтары! –деп бас иеміз[22].

Тағдыр неге маңдайымыздан өппейді?
Есіл ерлер көз алдымыздан кетпейді.
Халықты емес, қалтаны ойлар қазаққа,
Құрбан болған жайсаңдарым жетпейді.

Бұл өмірден талай жайсаң өткенді?
Кемеңгерлер көз алдымыздан кетпейді.
Тірлігі көп, бірлігі жоқ қазаққа
Құрбан болған боздақтарым жетпейді.

Ас берем деп, байлығыңды төк мейлі,
Уақыт өтсе де, аруақ–нарлар шөкпейді.
Қайтіп келмес Сәкен менен Мағжандар,
Төңкеріліп құлап түссін көк мейлі.



Боздақтарымыз көзімізден кетпейді,
Жылағанмен көздің жасы кеппейді.
Тағзым еткін! Риза болмай аруақтар,
Өмір бізге нұр сәулесін төкпейді.

2.4. Көкшенің сал–серілері

Көкшенің сал–серілік мектебі дегенде Біржан сал, Ақан сері, Үкілі

Ыбырай қатар аталады. Бұл үш дүлдүлдің ішіндегі үлкені **– Біржан сал.**

Көркем сөздің айтулы шебері Әбдіжәміл Нұрпейісов, сөз бұлағы мен ән бұлағын сапырған Көкше саңлақтары туралы былай деп жазған: «Көгілдір таулар еліне келген сайын, осы өлкенің өткен кездегі серілік, салдық құрған жігіттері есіме түседі. Біржан сал, Ақан сері сияқты атышулы ақын, әншілер сол бір кезде Арқаның өнерлі жастарына ту болып, шоқтай екшеленіп шыққан ғой. Ұлан байтақ қазақ даласына ән Арқадан тарады. Арал өңірін жайлайтын біздің жақтың көне қариялары әлі күнге дейін естеріне алып, аңыз етіп айтып отырады. Біздің ел ол кезде қыстың азығын күз басынан қамдап, балықшы ауылдың ер–азаматтары Арқаға аттанады екен. Қайтарында түйе қомына теңдеп қап–қап астықпен бірге Біржанның, Ақан, Балуан Шолақ, Ыбырай әндерін теңіз жағасына ала келетін еді»[23] .

Иә, «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» қаншама таланттарға тал бесік болып, ән мен күйге тербеді, күмістей көлдеріне шомылтып, биші қайыңдарымен билетіп өсірді. Көкшенің нәрімен сусындаған жандардың өнер сүйгіш, әнші, ақын болмауы мүмкін емес. Сондай жандардың бірі емес, бірегейі алты алашқа аты шыққан Біржан сал дер едім.

Мектеп қабырғасында жүріп–ақ М.Төлебаевтың «Біржан–Сарадағы»

«Жер шоқтығы Көкшетау,
Тал, қарағай, бақша, бау.
Баурайында сексен көл,
Иісің жұпар аңқиды–ау», деген Біржанның ариясын өлкеміздің әнұранындай айтатын едік, қазір де айтып жүреміз.

Біржан 1833 жылы бұрынғы Көкшетау дуанының ішінде Бурабайға жалғас қалың тоғаймен қоршалған айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген. Көкшенің сексен көлдерінің бірі Жөкейге жақын төңіректен суы күмістей сылдырап мөлдір бұлақтар ағады. Соның бірін осы күнге дейін ел Қожағұл бұлағы деп атайды.

«Кім екен бұл жыры–жалын, әні–сел?
Деп дүрлікті ынтық болған қалың ел.
Он бес жасар Қожағұлдың баласы,
Әнге салса дүр сілкінген сары бел, – дегендей, жастайынан елдегі белгілі ақын әншілердің қасына еріп, атақты шешендер, ел басқарған көсемдер, қол бастаған батырлар тобына араласып, солардан ұлықты, ұлағатты сөздерін тыңдап, құлағына құйып, санасына сіңіріп өскен. Біржан дәулетті жанұяда туып–өссе де ол өз дәулетінің мастығымен қазақтың жүн жеп, жабағы құсқан байларындай отырып қалмай, сол дәулетімен ақындық өнеріне кең жол аша білген. Өзінің «Біржан сал» деген өлеңінде [24].

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.
Жасым бар жиырмада, жасырмаймын
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын, –деген өктем сөзді өзінің ақындық, әншілік құдіретіне және турашыл, сыншыл ойына берік сеніммен айтады. Біржанның даусы керемет зор, әнді шырқай салғанда бес–алты шақырымдағы ауылдар түгел естіп қайран қалып, жым–жырт болып тыңдайды екен. Біржан атамыздың әншілігін

Тыңдады ұйып Бурабайдың биігі,
Тыңдады ұйып қырдың ерке киігі,
Толастаған толқындары сап болып,
Жөкей көлі, ол да сол кез бұйығы, –деп суреттесе де болады. Иә, бұл өңірде Біржан бабамыздың көмейінен шырқалған ән дала төсіне армансыз асқақтап, есті құлақтарды тамсандырып өткен ғой. Қырық құбылта құйқылжыта салған Біржанның сұлу әуендері Бурабай баурайы, Бүркітті асуы, Мамай, Жөкей көлдері, сан алқапқа ірге тепкен Атығай, Қарауыл, Керей ауылдарына жете таныс, аяулы қалпымен өте қымбат.

Шырқап салатын әнге келгенде Біржан өзіне ұстаз ақын–әншілерден де, замандастарынан да үздік шыға берген. Шорманның Мұсасына:

Мұсеке, біздің әнге кенелерсің,
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің.
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдің сындырардай терезесін, –деп шаттана, шабыттана шырқаса, Сарамен айтыс үстіндегі «Сандалтып орта жүзді әнмен қырған», «Даусына аспандағы құс айнала, құбылтып тоқсан екі төңкерілген» деген толғауларда оның асқақ үнді, үздік әншілік сипаты елестейді.

Біржанның творчестволық өміріне үлкен әсер еткен оқиға – оның Сарамен айтысының алдында Абаймен кездесуі. Бұл жайлы М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының II– кітабында баяндалған. Біржан Абай ауылында айлап жатып, өнердің шын бағалаушысы Абайдың өзінің пікірін есітеді. Екеуара әңгімеде Абай: –«Пah, шіркін, Біржан аға, енді қайтып сіздей әнші туар ма екен, тумас па екен?» –дегенде Біржан: «Алтын құрсақ қазақ әйелі аман тұрса, мендей әнші туар–ау, бірақ дәл өзіңдей тыңдаушы тумас! Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай!»–деуінен ұлы тұлғалардың бір–біріне деген зор сүйіспеншілік пен құрметін сезіну қиын емес [25].

Сарамен айтысуға жүрер алдында ұлы Абай Біржанға «Сен Кереймін деп мақтанба, Арғыннның атынан шық, сонда жеңесің» – деп ақылын айтқан.

Біржан әншілігіне Еуропа мәдениетін жетік білген орыз жиһанкез ғалымдары да жоғары баға берген. Шоқанның досы, ақын С.В.Дуров 1856 жылы Бурабайда Шоқанмен бірге дем алған. Сонда Шоқан Біржанды әдейі алдырып әнін тыңдаған. Дуров ұлы әншінің орындаушылық шеберлігіне разы болып: «Неткен талант! Шіркін–ай, бұл әншіні Петербургте, Парижде, Римде тыңдаса ғой!–дегендігі Шоқан еңбектерінде жазылып қалған шындық.

«Аспандағы аққуға үнін қосқан, Орта жүзді әнмен қырған» сал Біржан 64 жасында мәңгі көз жұмады. Қойылған жері Степняктан екі шақырым жерде. Біржан салға сол Степняк қаласында ескерткіш орнатылған.

Біржан деп атым шықты алты алашқа,
Құдайым берсін өмір Теміртасқа.
Жасымыз алпыс үшке келгенінде,

Құдайым берді науқас ғазис басқа, – деп
өзі кеткелі жатсада баларының тілегін тілеп, олардың ішінен Теміртасты бөліп айтады.

Біржан атасы өнердің жұлдызы болса, оның балалары, немелері еңбек саңлақтары. Мен Теміртастың ұлы Мұхамметқалимен 2008 жылы Еңбекшілдер ауданың Степнякта өткен 80 жылдық тойында және Біржан салдың 175 жылдығына арналған ән мерекесінде кездестім. Мұхамедқали Теміртасов осы кеште домбырамен атасының «Жанбата», «Жамбас сипар» әндерін орындап берді (суреті осы кітапта келтірілген). Марал Мұхамедқалиұлы Теміртасов (Біржанның шөбересі) қазір Көкшетауда тұрады.

«Әкемнің атағы – азығым емес, ар–абройым, өз атағымның алтын қазығы – өз еңбегім» деген салдың сүт кенжесі –Қалкен Біржанұлы 1936 жылы стахановшылардың Бүкілодақтық кеңесінде Қазақстаннан қатысқан азғана топтың біреуі, Көкше өңірінде стахановшылар қозғалысын бастаушылардың бірі болған. Құдайға шүкір, бүгінде Біржан атамыздың бес шөпшегі мен үш туажаты өсіп келеді.



Біржанға орнатылған өлмес ескерткіш деп Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсын айтуға болады. Бүгінде қазіргі қаншама қазақ операларының, капеллалық хорлар мен оркестрлік номерлерінің бірсыпырасына Біржан әндері алтын арқау болып тұр.

Бүгінде Біржан әндерін білмейтін, оны тамсана тыңдамайтын қазақ жоқ десе де болады. Артындағы елі–жұрты бүгінде ән падишасының рухын барынша аялап бағуда. Бұл орайда, дара тұлға Біржан сал жайлы жазылған поэмалар мен ғылыми зерттеулердің аз емес екендігін тілге тиек етуге болады. Тарих деген кей кезде қап түбінде жатпайтын алмас кездікше кешегінің сөзін бүгінге жалғастырар дәнекер сыпатты. Соның дәлелі ақын Көкен Шәкейұлының:

Бұл күнде біреу бек те біреу шешен,
Кей адам ел басқарып болған көсем.
Өлкеңді білгің келсе білдіретін,
Жаңылман Біржандардың сөзі десем, – деп жырлап өткені.

Біржан мұрасын зерттеген, өзінің «Ақындар» атты монографиясында мол орын беріп, ұлы әншінің музыка әлеміндегі орнын анықтап берген көрнекті ғалым Есмағамбет Ысмайылов атамыз [25], ақын өмірі мен өнегесін жете білетін Қарта Қаңтарбаев, Қорғанбек Аманжолов және т.б. еңбектері жетерлік.

Бұған қоса сахна өнерінің шебері Досхан Жолжақсынов түсірген әрі бас рөлде ойнаған «Біржан сал» атты фильмінің жарық көргені белгілі. Осы

фильмнің Астанада өткен тұсаукесерінде Д.Жолжақсынов: «Бұл жүрдім–бардым жасалған дүние емес, бұл менің қаным мен жаным, ұлтыма деген махаббатым, еліме деген сүйіспеншілігімнің нышаны» дегені есте. Оның бұл сөзіне қосарымыз, бұл –халқымыздың, сол халықтың ортасынан қайнап шыққан өнер иесінің Біржан салға деген құрметі, өнерге, өнерпазға соққан ескерткіші деп қалай айтпассың.

Мен Біржан бабамыз туралы сөз түйінін, музыка білгірі, профессор Ахмет Жұбановтың «Біржан – қазақтың музыка мәдениетінің алыбы»– деп берген бағасымен аяқтағым келіп тұр. Неге десеңіз, ол – әнші, композитор ретінде қазақтың әншілік өнері мен музыкасын молықтырған, жаңа белеске көтерген, Арқада әншілік, композиторлық творчествоның тамаша мектебін жасаған, қолма–қол суырыпсалмалық айтыс өнерін дамытқан, ескіден келе жатқан сал–серілікті жаңа қырынан танытқан жан. Міне осындай жан, бүгінде өнері арқылы XXI ғасырға жетіп отыр және оның әндерін Қайрат Байбосынов, Ерлан Рысқалилар т.б. бабына келтіріп орындап жүр.

☆☆☆☆☆

Ақан сері–Көкшенің әншісі, әдемі әуендердің зергері. Оның «Құлагері» тек Атығай–Қарауыл айналасындағы әңгіме болып қалмай, ол Ақан өмірінің бір ғана оқиғасы, сол заманның трагедиясы болып үш жүзге тегіс тараса, бүгінде ол жер жүзіне жайылды деуге болады. Ақан серінің үлкен жүрегінен шыққан көкейтесті сөздер мен композиторлық творчествосы исі қазаққа кеңінен таралды.

Ақан 1843 жылы Көкшенің Қоскөл деген жерінде туған. Ол он үш жасқа келгенше молдадан мұсылманша оқыған. Бірақ сезімтал, сергек ойлы, ұғымтал Ақанға молданың оқуы ұнамайды. Кейін Қызылжарда Уәли медресесінде 2–3 жылдай дәріс алады. Жасынан өлең айтып, домбыра тартып, ән шығарумен шұғылданған Ақанның серілік өмірі басталады. Ел мұңын жоқтап, жүрген жерлері думанға айналған.

Ақан атамыз өнерімен ғана емес, киім киісімен де, сырт көркімен де, дене бітімінің сымбатымен де өзгеден ереше болған көрінеді. Ол өзінше үлкен салтанат құрған. Боз атқа мінсе, ақ киім киген, сүліктей мақпал қараға мінсе, шымқай қарадан үлде мен бүлде киген, ал торыға мінсе, киімді өңкей күрең түстен киген. Айналасы Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сынды атақты өңкей өнерпаз әнші, жезтаңдай жыршы, жауырыны жерге тимейтін балуан болған. Ит жүгіртіп, құс салып аңшылық құрған. Алғыр қыран құс, жүйрік тазы ұстаған. Кейін Құлагер сияқты жүйрік атқа ие болған [26].

Өзі ән салғанда, қалың ел қоғадай жапырылып құлай тыңдайтын Ақан сері Біржан ағасын өзінен асыра бағалаған. Ақан сері: «жердегі әнімен аспандағы құсты атып түсіретін сал Біржанның даусына пара–пар дауыс табылар ма екен»– деп таңдай қаққан.

Жастық, бозбалалық көңілде Ақан серінің көп жырлаған тақырыбы достық, махаббат болды. Өзі ақын, өзі әнші, өзі аңшы сұлу жігіт Ақанның

халық арасына атағы тез жайылады. Оның айналасына қыз–бозбала топтала береді. Эстетикалық сезімі, талғамы күшті, ол Көкшенің көркем табиғатында туған небір әсем әндерін бабына келтіріп орындайтын болған. Ақанның енді қадірі ел арасында күннен–күнге арта түскен. Нәзік жанды ақын өмірдегі небір сұлу, әдемінің бәрін беріле жырлаған.

Бірде Жүсіп төренің сұлу қызы Жамалға ғашық болған Ақан оны ешбір қызға теңемейтінін өлең шумағымен білдірген.

... Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шықса–дағы
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.
Сармойын аққуымсың көлге тартқан.
Жүйрік ат көлденеңдей жемге тартқан.
Болғанда сен аққу құс көлде жүзген
Лашын құс не болады талпынбаған, –

дегенде ақын Жамалды «Ақ жамбы», «Аққу», «Қоңыр қаз» т.б. сияқты небір теңеулермен аспандата суреттеп эмоциялық әсерін күшейте түседі. Осындай сұлу жанның өзіне тең келмейтін сүймеген адамына баруына қарсылық білдіреді. Жамалды мүлде ұмыта алмаған Ақан сері оның өзі ұнатпаған адамына ұзатылу кезінде іштегі мұң–шерін өлеңнің, музыканың тілімен сыртқы шығарған әйгілі «Сырымбет» әні дүниеге келеді. Бұл ән кімнің болса да жүрегін қозғайтын, ішкі жан ашуының, сезімінің адамшылық, азаматтық сырларын паш еткен шығарма.

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Болдым ғашық ақсұңқар баласына.
Бидайыққа лайық қарағым–ай,
Бөктеріге қор болып барасың ба?
«Қарындасым, енді есен бол!»–

деген жолдардың өзінен ақын жаны қанша қиналса да, азаматтық ағалық көңілмен сүйген адамына аман–саулық тілейді. «Сырымбет» әні – Ақан шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туындысы.Ақан серінің «Сырымбет», «Балқадиша», «Қараторғай», «Маңмаңгер», «Мақпал», «Ләйлім» сияқты әндерін білмейтін кісі аз.

Сұлу Көкшеде екі аяқты адамның қанаттысы болып Ақан туды, қыл құйрықтының қанаттысы болып Құлагер туған. Екі жүйрік бірін–бірі тауып табысқан. Бірақ, елден ерен тума қасиеттері өз бастарына қасірет әкелді.

Ереймен еліндегі Сағынайдың асында Ақанның сүйікті аты Құлагерге қастық жасалады. Бұл кез серінің сүйген жары Ұрқиядан, қыран құсы Қараторғайдан, құмай тазысы Базаралыдан айрылған кезі болатын.

Ат арқылы халық арасында беделі айырықша артып бара жатқан Ақанды дұшпандары көре алмайды. Топ аттың алдында озып келе жатқан

Құлагерді Батыраш–Қотыраш байдың адамдары тосып тұрып, шоқпармен ұрып өлтіреді. Ақан сері алдыңғы аттың түсінің өзге екенін көріп, бір жамандықты көңілі сезіп, қасындағыларға:

Жел соқса қамыс басы майда деймін,
Ат қостым, ат айдаушы, айда деймін.
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды
Жығылмаса Құлагер қайда деймін? –

деп зарлы өлеңін айта бастайды.

Құлагер шешең – сұңқар, әкең – тұлпар
Соғып ең дөненіңде сегіз арқар.
Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің,
Бота тіресек, қыл сағақ, сандал керім.
Құлпырған күлте жібек құйрығың–ай
Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Атығай–Қарауылға олжа салған,
Қыл сағақ, бота тірсек сандал керім–

деген суреттеулерден Құлагердің шын жүйрікке тән мүсінін, бәйгеге шапқандағы қимылын толық көзге елестетеміз. Құлагердің өлімі Ақанды қатты толғанысқа түсіреді. Ол өмірде әділдік жоқ деген сияқты ойлар басына келіп, рухани дағдарысқа ұшырайды. «Құлагер» әні – серінің жан ашуының туындысы. «Құлагер» – ат қайғысын ғана жырлаған өлең емес, озбыр зұлымдықты әшкерелеген туынды.

Талай жарыста ел намысын, ел абыройын асырған Құлагердің мерт болуын Атығай–Қарауыл елдері өз қайғысындай қабылдады. Атығай–Қарауылдың аты құс қанатты Құлагердей пырақпен, Ақан серідей ақиық ақынымен аталуына іштей қуанамыз.

Ақан сері туралы кезінде С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, С.Жүнісовтер зерттеп, әдебиеттен өз орнын ашып берді. Ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын жазса [27], Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқты» трагедиялық пьесасы осы күнге шейін көрушілердің назарын аударуда. Ал, Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» [26] диологиясы қазақ прозасының ірі туындысының бірі болып, әдебиетіміздің алтын қорынан орын алды.

Алматы мен Көкшетауда Ақан сері көшелері бар және Көкшеде атамызға ескерткіш орнатылған.

☆☆☆☆☆

Көкшенің жезтаңдай, бұлбұл үнді саңлақтардың бірі – **Үкілі Ыбырай.** Кезінде оны

Әнші бар Көкшетауда талай ірі,
Ыбырай – топ жарғанның о да бірі.

Қаңбақша қыз–бозбала қағып алып,
Жайылған талай әсем ән мен жыры.

Әні бар «Гәкку» деген аңқылдаған,
Аққудай айдын көлде қаңқылдаған.
«Гідігай», «Қалдырған» мен «Маңмаңгерін»
Ырғалтса, керней даусы саңқылдаған, – деп Сәкен Сейфуллин жырға қосқан.

Әкесі Сандыбай Ыбырайды 8 жасынан бастап зергерлікке, ұсталыққа үйретемін деп әуреленген екен. Сонда он үш жасқа толған Ыбырай: «Осы үйдегінің барлығы қара мұрын ұста болуы керек пе? –деп әкесіне қарсы келген. – «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» –дегендейін, ұстаның үйінде туғаныңды ұмытпа. Көрпеңе қарай көсіл»–деп әкесі ұрса бастаса, баласы есесін жіберсей: – «Мен әлімді білем, бабама бас ием. Сәбден бабам Абылай хан жорығының жауынгері болса да, көкрегінде сыр, көкейінде жыр төгілген шешен болған. Арғы түбіміздің–қалың Карауыл, бергі тармағымыздың өңкей игі жақсылар екенін ұмытқаның ба, әке? Өз ағаң Әбіл «Шахнамадан» бастап Шығыстың бүкіл інжу–маржан дастандарын жатқа соқпаушы ма еді? Әке, осылардың барлығы ең алдымен сөз зергерлері болған ғой» –деп әкесін мойындатқан.

Әкесінің қоңыр шаруасын көре тұр, ол өз жолын – өнер жолын қуған. Жас жағынан да, ауыл арасы жағынан да Ақан сері Үкілі Ыбырайға жақындау. Сондықтан, Ақан сері Ыбырайды ерте танып, жарық етіп жалындап келе жатқан кезінен бастап қасына ертіп алып баулыған.

Жас Ыбырайды Ақан сері көш бастар ағасы Біржан салмен көп жиында таныстырып, ән айтқызады. Сонда Ыбырай жаға шығарған әні «Гәккуді» қос әншінің алдында тамылжыта орындап беріпті. Біржан сал бір кереметті шапшаң сезе қалғандай шыдамай: « Ақан–ау, жылқының перісі Құлагер болса, әншіліктің перісі осы Ыбырай болар. Ат тұяғын тай басқаны осы да. Ендігі Біржандарың –осы» –деп Ыбырайдың талантына бас игені белгілі.

«Ыбырай әнді шығарушы ғана емес, тамаша шебер орындаушы. Тыңдаушысын Ыбырайша ұйытып, Ыбырайша елітіп әкететін ақынды көрген жоқпын»,–деп жазған С.Мұқанов. Үкілі Ыбырайдың әдеби мұрасын байсалды зерттеген әдебиет сыншысы Е.Ысмайылов болды. Өз заманында әнші–сазгерлігімен аты шыққан Үкілі Ыбырайдың музыкалық мұрасында бүгінде 40–қа жуық әндер бар[25].

Ел арасына кеңінен тараған «Гәкку» әні Ыбырай шығармашылығының шыңы болып табылады. Е.Г.Брусиловский «Гәкку» әнін «Қыз Жібек» операсында (Жібектің негізгі ариясы) Ғабит Мүсіреповтың ақылымен пайдаланғаны білгірлік болды.

Шомылған айдын көлде біз бір аққу,
Мұндай сөз естідің бе бек ләззәтлу.
Сырнай мен домбыраның арасында,

Балқыған қорғасындай қайран Гәкку, – деп, аяғында «Гәкку, Гәкку, гә–гәгә» – деп ұлы Күләш Байсейітованың орындауында, «Гәкку» қазақ ән өнерінің символына айналып, бүкіл әлемге тарады.

Мәскеудің үлкен театрының сахнасында Күләш апамыз «Гәккуді» Қыз Жібек болып шырқағанда Үкілі Ыбырай бабамыз қатты ұйқыдан оянып, бір аунап түсіп, рухы жер шарын аралап кете барды емес пе?

Бірақ, ол кезде Үкілі Ыбырай бабамыздың аты аталмады, себебі ол «халық жауы» деген жаладан әлі арылған жоқ еді. Үкілі Ыбырай тек жалаң әнші, жадағай ақын емес, ол елдің қамын ойлаған қайсар азамат болған. «Қолхоз құрылысына қарсы үгіт–насихат таратқан,1921 жылы Совет үкметіне қарсы ақ бандалармен бірге күрескен, оларды құртқан кезде, кейбіреулерін жасырған адам»,–деп 1930 жылы оны ату жазасына бұйырған. Үкілі Ыбырай ұсталғанда 72 жаста екен. ншіліктің асқар тауы болып, сақал–шашы аққудай ағарған қарт Ыбырайдың «халық жауы» дегенді естуге шыдаған жүрегі де осал болмаған–ды.

Ыбырай әндерін алғаш нотаға түсірген А.В.Затаевич. Драматург Ш.Хұсайынов Ыбырай туралы «Қайран Гәкку» пьесасын жазды. Үкілі Ыбырайдың 130 және 150 жасқа толған мерейтойларын Көкшетау облысы атап өтті.

☆☆☆☆☆

Сегіз сері – ол да сері. Сегіз бірнеше кісі емес, бір кісі, яғни Мұхамед–Қанафия Баһрамұлының 8 түрлі өнеріне байланысты халық берген атау, «Сегіз қырлы, бір сырлы» дегеннен шыққан. Мұхамед–Қанапия Баһрамұлын бүгінгі ұрпақтар әлі күнге дейін жете тани алмай келеді. Шындыққа жүгінсек, ол–қазақ сал–серілерінің атасы! Сегіз сері есімі – еліміз тәуелсіздік алғанша, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Ш.Сәтбаева еңбектерінде сөз болған.

Біржан салға өзінің ғажап өнерімен тым жақын адам болғандықтан Сегіз сері жайлы айта кетуді жөн көрдім.

Атасы Қожаберген – әрі ақын, әрі әнші, әрі батыр кісі болған. «Ақтабан шұбырынды» заманының ұлы ескерткіші – «Елім–ай» дастаны мен әннің авторы, қалмақтармен шайқаста қол бастап, көзге түскен.Сегіз сері 1818 жылы Бұқпа көлінің маңында Баһрам батырдың отбасында дүниеге келген.

Әкесі Баһрам батырлығына қоса білімді адам болған. Ал, анасы – Жамал Қарауыл Қанай бидің баласы Бекболаттың қызы. Әкесі Мұхамед–Қанапияны жастайынан мұсылманша оқытып, мылтық атуға, садақ тартуға, найза шаншуға, қылыш шабуға, ат өнеріне баулыған. Он үш жасынан домбыра тартып ән айтатыны, есейе келе бүркіт, қаршыға баптап, жүйрік ат ұстайтыны байқалған соң «сері» деген ат қосылған.

1928 жылы 10 жасар Сегізді атасы Омбыдағы Сібір қазақ–орыс әскери училищесіне оқуға түсіріп, екі жыл орысша сауатын ашып, төрт жыл әскери мамандықтан білім алған. Табиғатынан дарынды шәкірт озат оқушылардың қатарында аталады. Шыңғыс Уәлихановпен достасып, Қосмұрынға барып, ол жерді өз өнерімен тәнті етіп жүрген.

Серінің жан–жақты өнерін тамашалаған Шыңғыс дүниеге жаңа келген

сәбиіне соған ұқсап өсер ме екен деген тілеумен Мұхаммед Қанафия деп азан шақыртып ат қояды. Шоқанның шілдехана тойына Сегіз сері арнайы шақырылған деген дерек бар[28].

Жаңа туған балаға ат қою туралы тағы да бір оқиға 1845 жылы Сегіз серінің Баянауылға барған бір сапарында орын алған. Сегіз серінің келуі Арғын Сәтбай Шөкіұлы әйелінің жас босануына орайлы болғандықтан, сәбиге есім беруді серіден қаласа керек. Сонда сері тұрып «Иманжан» деп ат беріп, еркелеткенде «Имантай» дерсіңдер депті. Сондағы серінің сәбиге берген батасы:

Әнет бидей еліңнің ағасы бол,
Халқыңның Қазыбектей данасы бл.
Жер, суды қалмақтан қорғап қалған,
Бөгенбайдай жұртыңның панасы бол.
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол,
Тоқсан бидей Үш жүздің шешені бол.
Керейде Белгібайдай білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол, –

деп, қазақтың не бір марқасқаларының қадір–қасиеттерін тізген екен. Бұл халқымызға Қаныштай ұлы ғұламаны әкелген әке Имантай Сәтбаев екен.

Омбыдағы орыс әкімдері Сегіз серіні қазақтың ру басыларымен, беделді билерімен келісім сөз жүргізу саясатына пайдаланғысы келген. Бірақ, ол патша үкметіне қызмет етуден бас тартып, Сырдария жаққа қоныс аударуға мәжбүр болады. Той–думаны көп Сыр бойында жас жігіттің асыл қасиеттері жарқырап ашылған, талай тамаша әндер шығарған. Өзіне ерген жігіттерді бастап, ол патша озбырлығына қарсы наразылық оты лаулап келе жатқан Жайық өзені мен Нарын құмы жаққа жол тартады. Бұл кезде, бұл елде Сегіз Исатай, Махамбет бастаған көтерілісшілерден кеңес алады. Бұл жақта да тұрақтай алмай, Кавказдағы елдерге өтеді, атақты Шәміл бастаған мұсылмандар көтерілісіне қатысады. Мұз жастанып, қар төсеніп, жорықта жүрген жылдарында өкпесіне суық тигізіп, Сегіз 36 жасында ауырып қайтыс болған.

Сегіз сері – лирик, өлеңдері – көркем, әні әуезді. Оның Б.Төлегенова орындайтын «Гауһартас» өлеңі:

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!
Беу–беу, гауһар тас,
Құсни құрдас,
Раушан жүзің көргенде,
Сәулем–ау сабырым қалмас.

«Көкем–ай» өлеңі:

Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,
Бір, өзіңе, қалқатай, болдым құмар.

Бұраң бел, көкем–ай.
Қасы, көзі қиылып,
Қай жерде отыр екен–ай!

«Назқоңыр» (Ай қабақ):

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін ,
Кел десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.
Екі ғана жирен–ай,
Өңшең манат киген–ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ғашық жардың сүйгені–ай,– деген және , «Әйкен–ай», «Қарғаш», «Қызға сәлем», «Мақпал», «Ай қабақ», «Сәулем – ай» өлеңдері махаббат лирикасына жатады. Сегіздің біз білмейтін әндері көп, талайы бұрынғыша «халық әні» делініп немесе басқа сал–серілердің қанжығасында кеткен тәрізді. Оның «Ер Исатай», «Жорық» және т.б. жыр–толғаулары, дастандары Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы.

Кезінде Нияз сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Нұржан т. б. шәкірттері ол туралы арнау өлең шығарып, жоқтау жазған.

☆☆☆☆☆

Балуан Шолақ: Сегіз сері батырды көргенім жоқ,
Көрмесем де естімей жүргенім жоқ,
Біржаннан қонып, оның жолын қудым,
Жақсыны одан артық білгенім жоқ.
Мен Шолақ сол Сегізге електедім,
Сыйладым жасы үлкенді желікпедім.
Байлардың есігінде жүрмей жалға,
Жасымнан шәкірт болдым Біржан салға.
Сегіздің Мұстафасы қамқоршы боп,
Үйретті әртүрлі өнер біздей нарға! – деп жырласа,

Сәкен Сейфуллинның:

Тағы бір ғажап ер Балуан Шолақ,
Көтерген елу бір пұт бір–ақ жол–ақ.
Қызықты ән шығарғыш, ақын, балуан,
Шебері сырлы өлеңнің, емес олақ.

Әлі ынтақ «Ғалияға» жұрттың бәрі,
Тыңдаса мәз болады жас пен кәрі, – деп жалғаса беретін жыр жолдары жасынан сұлу Көкшенің әндерімен ауызданған, Сегіз серіге еліктеген, Біржан мен Ақанның әндерін өз ауыздарынан естіген Балуан Шолаққа арналған.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы (1864–1916) – қазақтың атақты халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет.

Балуан Шолақтың шыққан тегі – Ұлы жүздің Дулат тайпасының Сәмбет руынан. Бірақ аталары ерте кезде Арқаға қоныс аударғандықтан, оның бар өмірі Көкшенің Бурабай маңында өткен. Ол 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат үсінде ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әр түрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған.

Көкшетау қаласындағы үлкен жиында Шолақ 35 жасында елу бір пұт кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. Ол туралы өзінің бір өлеңінде:

Бұл күнде отыз бесте менің жасым,
Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.
Кешегі Сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын, – дейді.

Ал, жасы 49–ға келгенде Қояндының базарында Карон деген балуанмен күресіп, оның қабырғасын сындырады. Ол туралы бір өлеңінде:

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Ардақты ел ішінде менің басым.
Қалтамнан жетпіс бес сом залог салып,
Сындырдым Карен балуан қабырғасын, – дейді.

Балуан Шолақ тек бір беткей күшін ғана дамытып қоймай, әншілік жағына да көп көңіл аударған. Ол Біржанның, Ақанның әндерін бабына келтіріп орындап жүрген. Жасы жиырмаға келгенде ол айналасына өнерлі жастарды жинап, өз алдына бір «ансамбль» болып жүреді. Білгендердің айтуынша «Балуан Шолақ ансамблі» Бурабай маңындағы Қотыркөл болысынан алысқа асып, қазақ даласына тұңғыш рет кейбір әндерді хор болып қосып орындау өнерін де көрсеткен [28].

Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болады. Олардың әнші–композиторлық дәстүрін берік ұстанып, кейін өзі де ән шығарады. Бұл тұрғыдан алғанда, Балуан Шолақ қазақтың әншілік өнерін өрістетуге үлкен үлес қосқан композитор. Көкшетау, Қаркаралы, Қараөткел, Сарысу бойындағы елдерді түгел аралаған. Әншінің өмірінен үлкен орн алған жанның бірі де, айтулы әнші ретінде атын жалпақ елге танытқан әні де – «Ғалия». Бұл ән нәзік сезім дүниесін, мөлдір махаббатты шеберлікпен сыршыл әуенде жырлаған ғашықтық лирикасы болды. Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт кешені – әнші, ақын әрі балуан атамыздың еңбегін паш еткендей жарқырап жайнап тұра берері сөзсіз.

☆☆☆☆☆

Көкен Шәкеев – Қазақстанның халық ақыны, Қазақстан ақын – жыршылар Одағының тұңғыш Президенті, Көкшенің ақсақалы**,** Ұлы Отан соғыстың ардагері. «Айтыстың Қажымұқаны», «Айтыстың ақтангері» атанған көптеген республикалық айтыстардың жүлдегері, зор денелі, екі иығы қатар тұрған Көкшенің екі жарындай көз тартатын еді.

Көкен атамыз 1924 жылы дүниеге келіп, 1999 жылы өмірден озды. Ақан серіге арнаған бір өлеңінде: «Әкем сізден 24 жас кіші екен, «Карауылда» құсбегі бір кісі екен» – десе, Тайджан ақынға арнауында «Өлең – өмір өлмейтін аңғарғанға, Нұр жауар, көкірегіңе күн мен айдан. Қарауыл Шәкейұлы атым Көкен, Демессіздер мені де келді қайдан» – деп өзінің шыққан тегін жырға қосқан [12].



Көкен атамыз өмір бойы кербез сұлу Көкшетауды, жер жаннаты Бурабайды, Қазақстанның басқа да өлкелерін, ұлы ұстаздары Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайды жырлап өтті. Біржанның 170 жылдық тойында:

Бұл күнде біреу бек те, біреу шешен,
Кей адам ел басқарып болған көсем.
Өлкеңді білгің келсе білдіретін,
Жаңылман Біржандардың сөзі десем.

Той–тойлап қуанса егер Көкшем бүгін,
Өмірдің еске алып көшкен жүгін.
Біржекем өз көзіңмен көрсең еді,
Дарындар, ізбасарлар өскендігін. –

деп Көкшеде сал–серілер мектебінің жалғасын тауып жатқандығын, ұрпақ байланысын жыласа, Үкілі Ыбырай тойында:

Пір тұтам Ақан менен Ыбырайды,
Сыйынсам құйылады жыр ұдайы.
Ыбырай, Шәкен, Ақан, Біржан салдар,
Емеспе қазағымның жыр құдайы.– деп шарықтаған.

Көкен ағаның 70 жасқа толған тойында ақын Кәкімбек Салықов:

Төксең өлең сексен көл гүлі дейтін,
Атағың зор, ақиық , ірі кейпің.
Балуан Шолақ секілді арыстансың,
Көзі шалған келіншек дірілдейтін.
Үздік шырқап байқауды батыл жеңген,
Жан айырмас жалғанда ақынды елден.
Жаса, жаса Көкшенің ақсақалы,
Биік тұрған, сан жетпес әкімдерден!– десе Көкшенің тағы бір дүлдүлі Қорғанбек Аманжолов:

Көкшенің көркем төрінде,
Ақтангер ақын Көкенсің,
Іздеген көктен жақсы аға,
Жанымда жүрген екенсің.
Көкшеде жеке серісің,
Айтыстың ақтангерісің.
Сөзің де балуан, өзің де,
Бұл неткен ғажап келісім! – деп жырға қосады.

Ақын Т.Жалмүрзеков:

Айтыстың ақтангері Көкен аға,
Өмірге қайта келіп тудың жаңа.
Жезқанат Құлагер–ән пырақ етіп,
Мәреге ағынымен жеттің дара. –деп түйіндейді.

Көкше өңірі мен бүкіл Қазақстанға даңқы жеткен ірі айтыскер ақын атамыз бір өлеңінде:

Жер жүзінде болғанмен қорғасын көп,
Бейбіт өмір тілейміз орнасын деп.
Қазақ халқы айтатын асыл сөз бар,
Әнші, күйші адамның жорғасы деп–жырласа, өзіне де соны айтамыз. Көкен Шәкейұлының балалары да дерлік өнерпаз, Еркеш Шәкеев белгілі сазгер, әнші. Әулеттеріңізді ата–бабаларыңыздың аруағы қолдасын дейміз!

Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдай дүлдүлдердің туып–өскен жері Көкше – әннің туын тіккен, сал–серілер өлкесі десе болғандай. Бұл өңірдің атын Біржандардан, С.Сейфуллиндерден кейін Көкен Шәкеев, Сәкен сері, К.Салықовтар шығарса бүгінде Т.Қажыбаев, Б.Әлімжанов, К.Мырзабеков, И.Тасқаралар биікке шарықтатып отыр.

☆☆☆☆☆

Сәкен сері (Жүнісов Сәкен Нұрмақұлы) – атағы алты алашқа белгілі Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері. Ол әдебиеттің барлық жанрына қалам тартқан. Балалар әдебиетінен бастап тарихи роман, драматургияда өшпес сүрлеу қалтырды, өлең жазып, ән де салды. Мұхтар Әуезов «Абай жолын жазып, ақынды асқақтатса, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазып әншіні асқақтатты. Ақан серідей ел еркесін ұлықтаған Сәкен Жүнісовқа халық «Сәкен сері» деген есім берді.



Сәкен сері ағамыз Көкшенің Кішкенекөл ауылында дүниеге келген. Ол Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген, «Пионер» журналында, Қазақ драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп, ҚазМУ–дың аспирантурасында оқыған. Сәкен – ұлы Мұхтар

Әуезовтың ең соңғы аспиранттарының бірі. Сол кезде–ақ оның болашақта жазушы болатындығы анықталып, творчестволық жұмыс пен аспирантураны бірге алып жүрді. Осы уақыттарда Скен Жүнісов «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім бастығы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметтерін атқарған. Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институы жоғарғы курсын бітірген.

Сәкен сері әдебиетке «Жапандағы жалғыз үйімен» келіп, бүкіл әдеби қауымды тамсандырды. Ол қазақ даласын, оның ішінде жер жаннаты Көкшенің, Біржан мен Ақан әнге қосқан, Мағжан мен С.Сейфуллин жырлаған жазираны талқандап жатқан, «тарихта теңдесі жоқ ұлы қозғалыс» деп бүкіл Кеңес одағы шулап жатқан, тың игеру науқаны кезіндегі «шындықты» көрсеті білген әлеуметтік роман болды. «Аманай мен Заманай» романы өткен ғасырдың 20–30 жылдары қазақ халқының басынан кешкен зұлматы жайлы, ол туынды бойынша «Заманай» атты көркем фильмі түсірілді. Көптеген шығармалары шет ел тілдеріне аударылған.

Сәкен серінің 70 жылдық мерейтойы Көкшетау театрында өтті. Сол кеште ол мақтау сөзді де күтпей, мадақтау да дәметпей жиналған жұртына екі сағат бойы ән салып берген болатын. Арқаның сал–серілерінің мұрагері, ән қантында өсіп, әнмен өмір кешкен Сәкен сері халқымен әнмен қоштасты десе болады. Ол әдебиетке қалай шаңдатып, жұлқынып тез келсе, о дүниеге де асыға аттанды. Көкшенің баурайында дүниеге келіп, исі қазақтың ардақтысына айналған Сәкен сері ағамыз 72 жасында 2006 жылы Астана қаласында дүние салуы туралы ақын Бақытжан Тобаяқов:

Көкірегі кең сарай, бұлақ еді,
Әдебиеттің арғымақ Құлагері.
«Жапандағы жалғыз үй» ескерткіштей,
Сәкен сері – Арқаның куәгері.

Тарих – сыншы, жоқ оның өгертпесі,
Анық оған тіл тиіп, көз өтпесі.
Үшар шыңда қос қыран қалықтайтын,
Сәкен сері – қазақтың Оқжетпесі– дейді.

Қазақстанның Халық жазушысы Т.Молдағалиев:

Бәйгі алдынан қашанда сені көрдім,
Көп еді ғой қиялға берілген күн.
Қазақстандағы біз білген Сәкен сері,
Соңы болып жүрмегей серілердің, – десе,

ақын Серік Тұрғынбекұлы:

Жанып тұрған от едің,
Сайрап тұрған тоты едің.
Көкшетау көркем ғұмырың,
Ақмола – Атамекенің.

Домбыра тартып күніне,

Қосылып аққу үніне,
Серілік, ерлік,, әуелден –
Еншіңе біткен дүние,–деп жоқтаса, ақын Төлеген Қажыбай ағасына «Сәкен серінің рухымен сырласу» атты толғау жазып, оның рухына ескерткіш орнатты [29].

Сұлу Көкше көлдерінен нәр алған,
Жас кезінен алғыр болып саналған.
Жер шоқтығы Көкшетаудай сымбатты,
Жігіт еді «Оқжетпестей» жаралған.

Адал еңбек аброй– атаққа бөледі,
Ата–анадан алғаны да көп еді.
Озып келер қай сайысқа салсаң да,
Ер жігіттің Құлагері сол еді.

Күміс көмей әнші,сөздері мәнді еді,
Болды оған ата–баба жәрдемі.
Италия, орыс әуеніне қосылды,
Абай, Ақан, Біржандардың әндері.

Сәкен сері бұл жалғаннан өткенде,
Көкшетаудан жылап келді–ау, көп пенде.
Сарыарқаның желі сыңсып қосылды,
Алты алашым көзінің жасын төккенде.

Жан дүниесі таза, берік, намысы,
Қалды артында мұра болып нар ісі.
Арманда кеткен Сәкен сынды ағамыз –
Ол қазақтың шын дарабоз арысы, –деп жоқтау да айттық, бірақ ешкім ол дүниеден қайтіп келмейді екен. Бүгінде артында жұбайы Күләш, қарындасы журналист Роза Жүнісова, киносценарист Абылай Жүнісовтердің, баласы және немере, шөберелері бар деп тұжырым жасаудың орны келіп тұр.

Қамшының қысқа сабындай мынау жалған дүниеде аз уақыт өмір сүрсе де көп іс тындырып үлгерген жайсаң жандарды сүйген халқы саңлақ деп құрметтейді. Сәкендердей (Сейфуллин, Жүнісов) нар тұлғалы жігіттер жөнінде қалай айтса да, қалай тебірене жазса да көптік етпейді. Сондықтан да, о дүниелік болған ата–бабаларымыздың, ағаларымыздың рухына басымызды иіп, тағзым етелік! Әулеттеріңізді ата–бабаларыңыздың рухы қолдасын!

3. НҰРПЕЙІСОВТЕР ӘУЛЕТІ

Әулет дегеніміз ұлттың ірге тасы іспетті. Оның әртүрлі сипаттары болады. Бұл жерде мен жақсы да жағымды сипатын айта отыра, яғни белгілі бір деңгейде елге аға, қамқор, ұйтқы болған әулеттерді және олардан тараған ұрпақтардың осы күнгі тыныс– тіршіліктерін айтсам деген ой бар. Бүгінде, тұлпарлар бойын жасырып, жабылар озып жүрген заманда айналып келіп, әулетіміздің үлгілі істеріне көрікті көңілмен көз тастап, ақын Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» жыр жолдарындағы «*Өзге емес, өзім айтам өз жайымда, жүрегім жалын атқан сөз дайында»* дегеніндей енді өз әулетіміз жайлы айтқанды жөн көрдім.

Мәңгіге кеткен келмеске,
Әжем менен әкеме!
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Ақ сүт берген шешеме!
Арнайды Маржан еңбегін,
Салғандай қылып кесене!

3.1. Менің әжем

Мен әже тәрбиесін көріп өстім. Әжем мені «тұңғышымнан туған тұңғыш немерем» – деп өз бауырына салып алған. Сондықтан шығар мен әкемді «ағатай», оның інісін «тәте» деп кеткенім, ал шешемнің атын Бәтжан деп айтып жүрдім.

Марқұм Мәмилә әжемнен Нұрпейіс атама қосылған әңгімесін талай естіген едім. Әжемнің айтуынша, Малай биден тараған Тұрлыбай мен Құттыбай аталарымыз кезінде бай, мал– дәулет иесі болған, Бурабай төңірегін мекендеген екен. Әжемнің айтқанынан: «Жазғы жайлауымыз Жөкейде, қыстауымыз Көксеңгірде көшіп–қонып жүретінбіз. Құттыбай атамыз: «Өзіміздің Қойлы Атығайдың қызы, үй шаруасына мықты, тәрбиелі»– деп, қалың мал беріп мені баласына алып берді. Құдайдың жазғаны да, сендердің аталарың Нұрпейіске қосылдым. Аталарың өте тұйық, көп сөйлемейтін еді. Атаңның Нүрилә деген қарындасынан тараған жиендеріміз бар. Оларды Алтайбектің алты ұлы деп атайтын–ды. Оларды білулерің керек»– деп әңгімесін жалғастыратын. Мен мектепте оқып жүрген, қып– қызыл комсомол кезімде әжемнен: «Ағатайым өмірбаянында кедей шаруадан шықтым деп неге жазады?» деп сұрағанда, әжем: «Сөйлеме, ол – партия ғой. Бай болдық десек, үндемес алып кетеді» дейтін.

Әжем екі құрсақ көтерген. Үлкен ұлының атын Наурызбай атаның балалары Айтқожа, Мұсақожаларға ұқсатып Исақожа қойған екен. Бірақ жастары үлкен қайын ағаларының есімдерін атамас үшін Байсан деп кеткен.

Ал, кіші ұлының азан шақырып қойған есімі – Махмет. Кейін менің әкем Исақожа (Байсан) үйленгенде, жұбайы Бәтжанның Махмет есімді ағасы болған екен. Құданы сыйлағандығы сондай, құданың атын атамаймыз деп, екінші баласы Махметті Махан деп атап кеткен.

Колхоздастыру науқаны кезінде атамыз Нұрпейіс бірсыпыра малын колхозға өткізіп, үлкен баласын үкімет қызметіне берген. Ал, қолында қалған

біршама мал–мүлкіне, шаруашылығына ие болады деп кіші ұлы Махметті (Маханды) үйде ұстаған. Сөйтіп, бір бала түздің, бірі үйдің баласы болған. Ағатайым мен тәтемнің 1941 жылы соғысқа аттанғаны, әлі күнге дейін есімнен кетпейді, көз алдымда бір көрген сурет сияқты болып тұрады. Мен сонда төрт жастамын. Тамыз айы, сүмбіленің жауыны. Ат жеккен арбада атам, әжем екі келіндері және мен Макинка деген стансадан әкемді соғысқа аттандырғалы бара жатқанымыз. Арбаның екі жағында екі салт атты ағатайым мен тәтем. Поезд келді, жұрттың бәрі қоштасып жатыр. Менің әкем вагонға кіргенде, інісі Махмет бірге кірді. Сонда әжемнің «сен қайда барасың?» –деп жылағаны әлі есімде. Екеуіне де соғысқа шақыру қағазы келгенін және бір күнде кетіп бара жатқандарын атам мен әжем сол поезд басында ғана білді. Поезд Батыс бағытына жүріп кетті...

Біздер үйге қайтып келе жатырмыз. Сол ат жеккен арба. Тек екі жағында байланған екі бос аттар. Үн– түнсіз отырмыз. Үлкендер іштей жылап келе жатқан болар, білмеймін. Бірақ, жауын құйып тұр, табиғаттың өзі жылап тұр. Жол бойы атам тіс жармады, тек үйге келген соң әжеме «маған торсыққа қымыз құйып бер, шөп шабуға кеттім» – депті. Әжемнің «Мына жаңбырда қайдағы шөп?» дегеніне қарамастан, шалғысын алып, арбасына отырып жүріп кеткен.

Қас қарайғанша келмегеннен кейін, Ахмет деген інісі мен ауыл адамдары іздеп тауып алған. Барса, бір– екі рет сермеген шалғысы қолында, соғысқа бір күнде кеткен екі ұлының қайғысынан далада көз жұмған. Степняктан шақыртқан доктор «жүрегі тоқтап қалған» деп қағаз берген. Сөйтіп, 1941 жылғы тамыздың 20 жұлдызында атамыз Нұрпейіс о дүниеге, екі ұлы Отан соғысына кетті.

Ал әжем соғысқа кеткен екі ұлының отбасына ие болып, екі келінді ұстап отырды. «Қайран біздің аналар арды ойлаған» дегендей, әжем қатал еді, қайсар еді, бірақ қатыгез емес еді. Әрдайым жанұяның жағдайын, отбасының берекесін, молшылығын іздейтін.

Мәмилә әжем ұзын бойлы, жүргенде денесін тіп– тік ұстап, қимылдары ірі, көп сөйлемесе де, көрген– білгенін айтып, әңгімелеп отыратын, көзі ашық кісі еді. Қазақша киінген. Әдемі тігілген қамзол, басына жаулық киетін. Аяғында мәсі етік, қысты күндері далаға шыққанда үстінде кейде күпі, кейде түлкі терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген, сырты жақсы матамен қапталған ішік, басында түбіт орамалы болушы еді. Өле – өлгенше намаз оқып, құдайға сыйынып өтті.



Бәтеш, Мәмилә әжем, мен. Түрегеліп тұрған менің анам

Әжем құран оқығанда, кейде күбірлеп, өзгеше бір мақаммен: *«Атамыз өткен Абылай, тілекті берсін бір құдай»* деп ыңылдап, өзінің ішінде жатқан шерлі, мұңлы ойларымен бір сезімге кетіп, балаларының соғыстан аман– есен келуін тілеп отыратын. Менің жадымда қалғаны – осы екі жол өлең...

Ол кезде Абылай, Кенесары есімдерін атауға жұрт қорқатын.

Сондағы Мәмилә әжемнің мақамын естігенде мен: «Е, Абылай біздің ата– бабаларымыздың бірі екен ғой» – деп ойлайтынмын. Енді кейін ойласам, терең ойлы әжем ұлы, қаһарлы хан Абылайдың кешегі ел құрап кеткен жақсы, бірлікті заманын елге тілек етіп ыңылдап отырады екен ғой...

Әжеміз қимылдар керек кезінде күш те көрсеткен. Кейде бидай салынған қапшықтарды бір өзі көтеріп жүре берсе керек. Сондай қайратты, ер мінезді, елде сыйлы, заманының ақылдысы болған. Айтар сөзін тура айтып, жөнге сілтеп жүрді. Бурабайға барып жүргенде Томан ақсақалдың «Сен бізге екі рет жиенсің, сенің әжең Мәмилә да, шешең Бәтжан да біздің Атығайдан» – деп айтқаны бар.

Қазақ әйелінің қасиеттері мол емес пе? Өзі жарына ұнағанынан артық қандай бақыт бар әйел затында. Қыз тұрмысқа шыққанда ауылым, елім осы деп біржолата келеді. Қалың малды өтеу боп енбей, жарға сүйеу болып аттаған босағасын, аруағын сыйлап өтеді. Біздің Мәмилә әжеміздің, өзімнің анам Бәтжанның, апатайым Рахиманың жұбайын сыйлаған өнегесін біздің әулеттен тараған жиен – апаларымыз, туыстарымыз көріп өсті. Сондықтан шығар, барды ұқсатып, үйді де, өзін де жинақы ұстап, жанұяны жарқын, жайдары мінезімен, жүрек жылуымен жылытып, аналық мейірбандылығын төгіп отыратыны. Соғыс кезінде бір үйде әжем, екі келіні, мен, жиендері Жәнібектің ұлдары (Кәтәй мен Естай) және күйеуі соғысқа кеткен Әжібектің қызы Қазина бәріміз бірге тұрдық.

Әжем мен келіндері тоқтықты да, соғыс кезіндегі жоқтықты да бірқалыпты қабылдап, асып– тасымады да, жасымады да. Қай кезде болсын өз жаратылысын сақтап, асыл бейнесінен айнымады, табиғатынан танбады. Ата– әжеміздің, әке– шешеміздің, аға– апаларымыздың осындай ізгілік сипаттарын, озық өнегелерін өмір бойы жанымызға азық етіп келеміз.

Әжемнің мен дегенде жаны жоқ– тын. Мен соғысқа дейін Нұрпейісовтер әулетіндегі жалғыз бала болдым. Әже тәрбиесінің де құдіреті ерекше ғой. Шешем қайтыс болғаннан кейін мені нағашыларым өз қолдарына алғысы келсе, оған әжем келіспей қойған екен.

Туа сала сол үлкен кісінің жанында болып, қойнында жатып өстім. Үлкендер менен «Кім баласысың?»– деп сұраған кезде, әжем менен бұрын: «Менің балам» дейтін. Болды. Оған ешкім таласа алмайтын. Әжем марқұм 1961 жылы 85 жасында қайтыс болды. «Мәмилә әжеме» деп арнап бірнеше өлең де жаздым, соның бірінен үзінді келтірудің жөні келіп тұрғандай.

Елден өзге, Мәмилә әже еңбегің,
Сарқылса да емшегіңді емгенмін.
Алматыдан мен келед деп арнайы,
Сақтап қойған дәмділерін жегенмін.

Қуандың таудайына талабымның,
Қуандың күйеу балаға, бала қылдың.
Бір ыстық дәстүрі ғой қазағымның,
Шәкірді бауырыңа алып, жиен қылдың.

Жан анам көз жұмса да ерте менің,
Құрбылар қатарына сен теңедің.
Бүгінде өзім ана болсам дағы,
Өзіңе келе бере еркелегім.

3.2. Менің әкелерім

Өмірде қарапайым еңбегімен көптің көзіне түспей жүретін адамдар болады. Солардың бірі ағалы– інілі Исақожа (Байсан) және Махмет (Мақан) Нұрпейісовтер. Рулары орта жүздің Арғын тайпасының ішіндегі Қарауыл елі. Атамыз Нұрпейіс үлкен ұлы Байсанды үкімет жұмысына жіберіп, ал кіші ұлы Махметті барлы– жоқ шағын шаруасына ие етіп қолына ұстан екен. Ағайынды екеуі енші алып бөліспеген, әйелдері де тату болған. Менің әкем Кеңестің атқамінері болып кеткен, шаруамен жұмысы болмаған жан. Өмірден солай өтті. Енші алуды олар туыстықтан бөліну деп көрген сияқты. Әжем марқұмның «Мал иесі –Мақан ғой» деп отырғанын талай естіп едім.

Байсан Нұрпейісов 1905 жылы туған**,** 1932 жылдан партия мүшесі, соғыс және еңбек ардагері. 1928 жылдың желтоқсанынан бастап, алғаш Еңбекшілдер ауданының №18 ауылдық комитетінің төрағасы, 1932– 1935 жж. «Отан», «Кереге тас», «Үлгі», «Ынталы» колхоздарының төрағасы, 1936– 1941 жж.– Еңбекшілдер аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1941– 1945 жж.– Ұлы Отан соғысы жауынгері.



Соғыстан кейінгі 1945– 1952 жж. аралығында «Сәуле» колхозының бастығы қызметтерін атқарған. Алты айлық Петропавл қаласындағы инструкторлар курсын оқып, куәлік алғаны болмаса, жарықтық әкемнің жоғары білімі жоқ еді. Дегенмен өте сауатты болатын. Өз– өзін қамшылап, өз бетімен білім алғанның, ізденудің, табандылықтың үлгісін мен сол кісіден ұқтым. Өз жұмысына сонша беріліп істейтін.

Біздің заман соғыстан кейінгі қиын заман еді ғой. «Сәуле» кеншары құйқалы өңірде орналасқан. Егіні бітік шығатын, шабындығы мол, жайылымы да жеткілікті. Соған орай жұмысы да шаш етектен болатын. Қыста тал– терек шауып, тоқыма шарбақ орнатып, қар тоқтатса, көктемде егістікке шығады. Ала жаздай шөп шауып, күз маусымында жиын– терін жұмыстары бастан асып жататын еді.

Әкеммен қиын– қыстау кезде қоян– қолтық, таңның атысы, күннің батысын білмей еңбек еткен Мәжит пен Рабиға Әлімжановтар, Уәли мен Кәрім Әміровтар, Айтқожа мен Гүлбағиса Әбдрахмановтар, Рахымжан Омарұлы, Қадеш Уәлиқыздарының бейнелері әлі күнге дейін естен кетпейді.

Жарықтық жұмыстан басқа түк ойламайтын. «Сәуле» колхозында тұрған кезім есімде, әкем ертелі– кеш тыным таппай, шаршап– шалдығып, ат үстінде жүретін. Жазғы науқан кезінде ол кісіні көрмейтінбіз, біз ұйықтап қалғанда

келеді, таң ата кететін. Осы қызметті әкем алты жылға жуық абыроймен атқарды.

Әкем өмір бойы дүние жинамай, тек кітап жинады. Үйде кітап көп болатын. Сол жылдары қазақ жазушыларының шығармалары жарық көре бастады. Жұрт жапатармағай оқитын. С.Мұқановтың «Менің мектептерім», «Жұмбақ жалау», Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» атты кітаптарды бастауыш мектепте жүріп оқыдық. Қызылжарда оқып жүрген кезінде әкем Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» романын сатып алыпты. Әкемнің ойы колхозды сондай дәрежеге жеткізсем деген ниеті болар. Сол кітапты мен де оқыдым. Оқыдым деген тым жадағайлау, оқиғаның ішіне еніп елтіп, ғажайып бір сезімнің шуағына шомылып, шынымен колхоз осындай көрсеткіштерге жетсе деген бір күйге бөлендім, армандадым. Ол «Сәуле» ауылының гүлденуіне, өркендеп өсуіне, ауыл тұрғындарының әл– ауқатының жақсаруына, колхоз экономикасының нығаюына үлкен үлес қосты.



Кейін әкем өзіміздің туған жеріміз Казгородокқа (Ленин атындағы колхозға) жұмысқа ауысты, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де еңбектен қол үзген жоқ. Б.Нұрпейісов 50 жылдан астам партия қатарында болып, соғыс және еңбек ардагері атанып, бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталып, 1988 жылы 13 қарашада дүние салды.

Махмет Нұрпейісов 1909 жылы туған. Соғыс және еңбек ардагері. Махмет тәтем үй шаруашылығына жауапты болды. Сол жауапкершілікті бірге атқарсын деп, колхоз бастығы болып жүрген ағасы Байсан екінші бір колхоздың бастығы Нүкен (Нұрмұхамбет) Бейсембайұлының үлкен қызы Рахиманы атастырып, інісін үйлендірген. Рахима соғысқа дейін бірнеше бала көтерген, бірақ бәрі шетіней берген. Балаға зар болып жүрген Махмет пен Рахиманың төсектеріне ырым болсын деп мені жатқызып қояды екен.

... 1941жылғы 22 маусым. Соғыс басталды. Дәл осы күні біздің ауылдың адамдары соғыстың басталғанын білмеген екен–ді. Екі–үш күн өтпей–ақ әскери комиссариаттан өкілдер келіп жиналыс өткізген. Уәкіл фашистік Германия соғыс ашқанын, ел басына ауыр күн туғанын, енді Отан қорғау үшін ер–азаматтардың әскерге шақырылатынын айтқан.

Коммунистер, оның ішінде менің әкем Байсан алғашқылардың бірі болып майданға баруға жазылған. Бұл шешімді үйдегі атамыз бен әжеміз қабыл алған және бір ұлы әскерге барады, екіншісі үйде қалады деген сенімде болған. Үйдегі шаруашылыққа бас– көз болады, «оқып келсін» деп оны Қызылжарға бір айлық «мал дәрігерлік» курсқа жіберген.

Сондай кезеңде әжелер мен әйелдер жылап– сықтап, екі күннің бірінде ауыл азаматтары майданға аттанып жатты. Ауылда ер азамат қалмады.

Махмет тәтем де майданға баратын болған екен, ол Қызылжар қаласында «мал дәрігерлік» курста емес, 1,5 айлық жедел әскери дайындықтан өтіп жатқанын тек ағасы мен жұбайы Рахима ғана білген. Сөйтіп, ағайынды екі Нұрпейісовтер тамыз айында бір күнде майданға аттанды.

1945 жылы соғыс аяқталып, әкем Байсан елге аман–есен оралды. Ал, тәтем Махмет – ұлы Отан соғысының басынан соңына дейін қатысқан майдангер. Өмірдің ыстығы мен суығын көріп, небір тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізді. Әскер қатарынан тек 1946 жылдың мамырында ғана босап, елге оралды. Олар аудан орталығында тұратын болды. Мен бесінші кластан бастап тәтем Махмет пен апатайым Рахиманың қолдарында тұрып оқитын болдым.



Аудан орталығында әкелері майданнан оралмаған балалар оқитын мектеп– интернат болатын. Тәтем сол интернатта өмірінің соңына дейін қызмет атқарды, балаларының қызығын көріп 1992 жылы қайтыс болды.

Соғыс және еңбек ардагерлері ағайынды Нұрпейісовтер көздері жұмылғанша өздері шеккен ғасырдың бейнесін жастарға айтып, көзге оралтудан жалықпады. Көкен ақынның:

«За, за», деген медаль көп,
қалғам жоқ соғыс көшінен.
Он екі мүшем орнында,
ешқайсысы жоқ кесілген.
Отан үшін беріліп,
келгенше қайтпай шешімнен» – деп

айтқанынындай, ағайынды Нұрпейісовтар бірнеше ордендермен, медалдармен марапатталған.

Менің әкелерімнің туыстыққа, бауырмалдыққа көзқарасы ғана емес, олардың бойындағы қазаққа тән мінез– құлықтың, кеңдіктің, өмірге азаматтың көзімен қарай білгені де кейінгі ұрпаққа үлгі деп білемін. Өмір алдында жауапкершілік деген болады. Оны олар қатты сезінетін еді. Өздері үшін өмір сүрмей, жанталасып, жағаласып жүріп еңбек етіп, арттарында із қалдырды, ұрпақ тәрбиеледі десек артық айтқандық емес.

«Ата–ананың қадірін, балалы болғанда білерсің» дегендей дүниеден өткен сол көне көз, тірі тарих, ақылгөй қарияларымыздың қадір– қасиеттерін біліп жатырмыз және сол сезім «Қариялар» атты өлеңімде жалғасын тауып жатқандай [5]:

Биік– биік таулардың,
Төбесінде қарлар бар.
Тауларға ұқсас бір дөңде,
Жайғасушы ед қариялар.

Сырласады не жөнінде,
Бұл отырған қариялар.
Әрқайсысының өңінде,

Қанды соғыс қаһары бар.

Ата– жұртқа жан отын,
Берді олар тыңында.
Тұрмыс деген фронттың,
Жүр ғой бүгін тылында.

Арқасында солардың,
Сіздердағы барсыздар.
Алдарында олардың,
Ақталмаған қарыз бар.

Бақыты ғой балалардың,
Осы отырған қариялар.
Ал бойында олардың
Елдің намыс – ары бар.

Соғыста табаны күректей бес жыл емес, бес ай ғана болғандар «соғыс ардагеріміз»– деп қаншама жеңілдіктер алып жатқанда, ағайынды Нұрпейісовтер бір демалыс үйлеріне барып қызық көрген емес. Қарапайым жандар осылайша дүниеден өтеді екен.

Бүгінде Байсан мен Мақан Нұрпейісовтер өмірден өтті. 1928 жылдан бастап үкіметке еңбек сіңірген, Ұлы Отан соғысында қан төккен Нұрпейісовтердің есімдері ауданның беделді ақсақалдары мен тумаларының ішінде, елдің есінде, ұрпақтарының жадында жатталуда.

Бір нәрсе айқын. Кешегі сұрапыл соғыстың белортасында жүріп, Отанды азат етуге қатысқан, бейбіт өмірде ерен еңбегімен көзге түсіп, байсалды мінезімен, ұйымдастырушылық қабілетімен таныла білген Байсан және Махмет Нұрпейісовтер тәрізді тұлғалар көп емес. Ендеше оларды халқымыздың алтын қоры деуіміз әбден орынды.

Ағайынды Нұрпейісовтар балаларынан өздерінің ертеңгі өмірінің жалғасын көрді, бірақ олар бізден басқарақ, еліміздің жоғары білімді, зиялы азаматтары болады деп жиі айтатын. Байсан мен Мақан балаларының үлкенді–кішілі тірліктің бәрінде Нұрпейісовтер дәстүріне адал болатындығына имандай сенді. Кез келген істе сенім – басты нәрсе болып табылады, өйткені сенім – алға қойған мақсаттарымызды жүзеге асырудың кепілі.

«Есік алдында төбе болса, ерттеп қойған атпен тең. Ауылыңда қария болса, жазып қойған хатпен тең» дейді халық даналығы. Рас–ау, туған ауылымыз, ауданымыз егде тартса да еңбектерімен жастарға үлгі көрсеткен ардагерлерін құрметтеді, әлі де ұмытпаса екен.

Бүгінде, ол дүниелік болып кеткен ата– бабаларымызды еске алу– біздерге парыз. Дана халқымыздың «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген

мақалына ой көзбен қарап, аруақтарды еске алып, рухтарын тірілтіп, соның арқасында өзіміз де рухани байып, еңсеміз көтерілуде. Шын мәнінде, мұндай игі тірліктердің барлығы да «жандарың жәннатта болғыр» өлілерге емес, тірілерге – балаларға, кейінгі ұрпаққа керек. Сондықтан да, өзіміз көзіміз көрген бір туар асылдарымыздың қадір– қасиетін оларды көрмеген келер ұрпаққа айтып кетуді жөн деп санаймыз.

Жетпістен асқан менің бар міндетім де, парызым да әкелер атын өшірмеу.

3.3. Менің аналарым

Үйінің отын сөндірмей, түтінін түзу шығарудағы жанкештілік пен ақылдылық қазақ әйелдерінің көбіне тән. Сол жанкештілік өткен ғасырдағы ашаршылық, қуғын–сүргін, соғыс және мына нарық заманы басталғаннан бергі дағдарыста қалың қазақты аман–сау алып қалды емес–пе? Сол жанкештілік қазақ әйеліне майданда жүрген азаматтарының орнын жоқтатпай, ауылдың ауыр жұмыстарын атқарғызды. Солардың бірегейі менің аяулы анам **Бәтжан Қаңтарбайқызы** еді. Нағашыларым туралы сөз басқа.

Қазақ әйелінің Құдай берген негізгі сипаты – аналық мейірімі, аналық табиғаты арқылы өз үстемдігін жүргізіп, «бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербете» білуі. Анам бірнеше құрсақ көтерген, бірақ тұрмаған. 1939 жылы Амантай деген інім туыпты. Апатайым айтушы: «аппақ сазандай, толық еді»– деп. Соғыстың алдында, екі жасында қайтыс болған. Көз тиді деп айтып жүрді үлкендер. Екі–үш күн ғана ауырып, денесі қарайып, лезде қайтып кеткен. Өскесін өзім талай ойланғанмын: неге менде іні жоқ, неге Амантай менімен бірге емес? Талай жерде керек болды. Бірге туған інісі болған қандай жақсы «көңілің тоқ, тынысың бар» дегендей.



Соғыс өз алдына, ал тылдағы жағдай да жеңіл боған жоқ. Ұран біреу болатын: «Бәрі жеңіс үшін! Отан үшін!». Міне осындай қиын – қыстау кезеңде, жанұяда үш әйел: екі баласын әскерге аттандырған және отағасысы 60 жасқа жетпей дүние салған, қажымас қайраткер, асыл – Мәмилә ана мен екі жас келіні қалды.

Соғыс кезінде колхоздың жұмысы таң атпай басталатын. Шалғы шауып, шөп айырлау, көтеру деген ауыр жұмыс еді. «Басқа түссе баспақшыл» дегендей, анам мен апатайым ауыртпалыққа төзіп, майдан үшін еңбек етті. Шөп жинау науқаны біткен соң, әйел азаматтар егін жинауға жұмыла кірісетін. Бидайды арамшөптен тазартып, астық қоймасына тапсыратын. Жолшыбай жаңбырдың астында қалып, бидай су болса, оны элеватор алмай, су–су болып үйге қайтып келетін–ді. Қазан астына от жағып, бидайды құрғатып, ертеңінде қайтадан жолға шығатын. Анам мен апатайым келгенше біз, әжем екеуіміз қол диірмен тартамыз, нан пісіріп қоямыз.



Рахима, Қазина, мен, анам Бәтжан Амантаймен

Анам Бәтжан өте іскер, тек өзімізге ғана емес, көршілердің киімдерін тігетін аса шебер еді. Үйге көп адам келетін, ешкімнің көңілін қалдырмайтын. Қазіргі кезде біз қалдықсыз технология деп жатамыз, сол сияқты анам қалдықтардан оюлы көрпелер жасап үйді жайнатып қоятын еді. Ертең Степняктан суретке түсіретін кісі келеді деп, маған түнделетіп қызыл және сары ленталардан сарафан, басыма тақия тіккен–ді. Сөйтіп, түскен суретіміз де бар. Соғыс кезінде бір түбіт шәліні бір жетіде тоқып, оны Степнякқа апарып сатып, ақшасына шәй, қант, сабын әкелетін.

Соғыс жылдары әрі колхоздың жұмысына, әрі түнделетіп жауынгерлер үшін куфайкалар тігу мен мылтық атуға лайықтап қолғаптар тоқу тек аналардың үлесінде еді. Тамақ ішіп болғаннан кейін, аналарым түнделетіп іс тігетін еді. Сол кезде мен іс машинаның құлағын бұрап отыратынмын. Қолғап тоқуды да сол кезде үйрендім.

Осындай тылдағы ауыр жұмыстың салдарынан анам өкпе дертіне ұшырады. Соғыстан кейін, 1945 жылы «Бурабай» табиғи паркінің директоры болып тағайындалған нағашым Махмет Қаңтарбаев ауруға шалдыққан қарындасын (менің анамды) Бурабай санаториясында алты ай бойы емдетті. «Бала көтеруге болмайды» деген дәрігерлердің айтқанына құлақ қоймай, 1948 жылғы мамырдың 30 жұлдызында дүниеге ер бала әкелді де, сол күні анам дүниеден өтті. Туған ер бала 1 айдан кейін қайтыс болды. Мен 11 жаста едім.

Аудан орталығындағы тәтем мен апатайыма хабар берген. Абысындар сияқты емес, апалы– сіңлідей болып бірге жүрген «Бәтжан өлді» дегенді естігенде, аяғы ауыр апатайым Рахима ес–түсінен айырылып құлап, күні бұрын босанып қалған. Сөйтіп, сол күні, яғни 1948 жылдың 30 майында Нұрпейісовтер әулетіне жас нәресте Күләш келді. «Біреу өліп жатқанда, екінші біреуі дүниеге келіп жатады» – деген осы да!

Иә, «әке –асқар тау, шеше –күміс бұлақ, бала– жағадағы құрақ» демекші, анам Бәтжан Қаңтарбайқызы дүниеден өткенде, мен не бары он бір жаста едім және де әже баласы болып жүріп, анамнан айырылғанымды онша сезе қоймадым. Ана тәрбиесін көре алмадым. «Ата– ананың қадірін, балалы болғанда білерсің»,–дегендей, өзім ана, әже болғанда ғана анамның жоқтығын сезіне бастадым.

«Үй құлазып, күн тұнжырап,
Кеттің ана қиып қалай?
Он бір жаста қалдым жылап,

Түн ұйқымды ұйықтамай.

Өтті арада жыл қаншама,
Ұмытпадым, түске де ендің.
Сырларымды тыңдашы, Ана,
Әже болған кішкенеңнің.

Маған ыстық сенің бейнең,
Сепкіл бетің, қияқ қасың,
Сағынғаннан әр жыл сайын,
Бұрам саған жиі ат басын.

Жастайымнан сені іздедім,
Сені іздедім қорғаным деп.
Өміріммен егіз бе едің,
Сені іздедім орманым деп» – жылаған күндерім болды.

Мен Нұрпейісовтардың атын шығарып, жұртқа танытып, кітаптарға қаттап, осы жолдары жазғанда, оқығанда көзімнің жасын қағазға тамызып, іздеумен, аңсаумен өтіп келемін. «Өмірден ешқандай рахат көрмей өткен қайран анам, Сіздің атыңызды ардақтап, оған кір келтірмей өту менің парызым. Айналайын ана, артында қалған жалғыз Маржаныңның Сізге істеген бар жақсылығы осы ғана... Осыған енді аруағыңыз риза болғай, ардақты Ана, ең қымбаттым – асыл анам менің...».

Көп болмаса да, аса айтарлықтай іс атқармаса да анамның маған қымбат қасиеттерін жазып қалдырып, перзенттік парызымды өтеуге 50 жылдай толғанып жүріп, енді ғана оны аздап ақтаған сияқтымын ба деп ойлаймын. Ардақты ата–анаға жеке–жеке кітаптар арнап жазса да көптік етпейді. Балаңның жазып қалдырған осы кішкентай естелік әңгімесі ұзақ жылдар бойы өзінше ерекше ескерткіш болар деген ойдамын.

Анам Бәтжан қайтыс болғаннан кейін, әкем екінші рет, жолдасы соғыста қайтыс болған **Шария** деген әйелге үйленді. Шария Нұрғазықызы айтулы ана болды, Бәтжанның жолын ұстап, ағайын–туғанды жалғастыра білді. Ешкімді өгейсіткен жоқ. Күлпаш деген қыз бала, Абай есімді ұл туды. Сөйтіп, Нұрпейісовтер әулетінің төл басы мен – Маржан «майқұйрық» болып, соңымнан балалар ерді. Олар да Алматыға келіп оқыды. Казгородокта «Нұрпейісовтердің малына дейін оқиды» деп аңыз етісетін–ді. Бізді паналап осылардың біразы Алматыны қоныстанды.




Шәмшия, Маржан, Күлпәш. Алматы-2007 жыл

Сәуле колхозында тұрғанда Шария апамыздың сіңлісі Шәмшия екеуіміз қатар оқыдық. Ол маған нағашы емес, құрбыдай болып кетті. Әке-шешелеріміз дүниеден өтседе, Шәмшия екеуіміз қуаныштарымыз бен реніштерімізге ортақтасып, араласып жатқан жайымыз бар. Астанада тұрып жатқан Шәмшия мен жұбайы Назымбек екеуін мерейтойларымен шын жүректен құттықтаған едім. Ағайынға қамқор, бауыр мен балаға мейірімді, жайдарлы қалыптарың-мен, әрдайым өмірдің шуағында болыңдар. Мен сіздердің ғұмыр жастарыңның ұзақ болуын, өзерің әлпештеп өсірген балаларыңның қызығын көрілеріңді, немере, шөбере дейтін балдан тәтті балапандардың қызығына тоймауларыңды тілей отыра:

«Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілеуші көп, біз де соның біріміз.
Күопаштарға жанашыр боп жүресің,
Болғаннан соң бірге шыққан түбіміз» деген едік.
Ләйім солай бола берсін!

Рахима Нұрмұхамедқызы, еңбек ардагері, көп балалы ана болған. Кішкентай күнімнен апатай дейтін едім. Апатайым өр, ақылды да асқақ еді. Ешкімнен тайсалмайтын, бетке тура айтатын, әділдікке, адалдыққа жүгінетін. Біреулер туралы сұрай қалсаң, жеті атасына дейін таратып беретін. Апатайымның осы қасиеттері Күләшқа дарыған.



Қаншама адаммен араласа жүре, осы жасымда Бәтжан және Рахима аналарымдай ешкімнің ала жібін аттамай тірлік кешкен таза жандарды кездестірген емеспін.

Соғыс ардагері Махмет пен еңбек ардагері Рахима екеуі 50 жыл отасып, жүректеріндегі сарқылмас махаббаттары мен қажымас қайраттары оларды «алтын тойға» жеткізді. 1985 жылы «Казгородокта» Махмет пен Рахиманың «алтын тойы» өткізілетіні туралы шақыру билеті таратылды. Тойға дейін тәтем мен апатайымды Алматыға шақыртып алып, Неке сарайында ресми түрде атап өттік. Үлкен тойды Көкшетауда өткіземіз деп шештік

Мұндай тойды естіп, көрмеген туыстарымыз, ауыл адамдары аң– таң, бірақ түгел жиналды. Мен, Күләш және Күлпаш –Алматыдан, Майра – Бурабайдан, Сағындық–Жолымбеттен келдік. Сұрапыл соғыстың не бір

қиындықтарын басынан кешкен тәтем мен апатайымның көңілдері көтерілді, көптен күткен «алтын тойларын» думандатып өткіздік. Сөйтіп Алматыда басталған той ауылда өз мәресіне жетті.

Бұл тойды Алматыда бастап алдық,
Некесін қайта қиып тастап алдық.
Жалғасын Көкшетауда өткізуге,
Арнайы Алматыдан келіп қалдық.

Қиындық бастан өтіп түскен сынға,
Солардың бәрін жеңіп шыққан шыңға.
Алтын той 50 жылдық есте қалсын,
Бұл тойды толтырайық ән мен жырға»– деп ән салдық.

Халқымызда «Би болмаса да, би түсетін үй болсын»– деген мақал бар. Оның басты мәнісі барды ұқсата білуде, тазалықта, ниет пен көңілдің кеңдігінде дер едім. Бала бағу, немере өсіру, ағайын–туған, жолдас–жора, жегжат күтудің жөн–жобасын Рахима анадан үйренетін еді. Мақан мен Рахиманың табалдырығын аттағанда телегей–теңіз таза пейілді сезінетін–ді. Сөйткен Рахима апатайым 1992 жылдың 20 наурызында дүниеден өтті.

Менің әкелерім мен аналарымның бар арманы, тілектері балаларында болды, үлкен жүректерімен бауырмалдыққа, ауызбірлікке, адамгершілікке, тазалыққа, еңбекке үйретті, адалдық пен әділдікті көрсетті. Міне сөйткен ата–аналарымыз бақилық болды. Осының бәрінде көптеген ғасырлар бойы салып кеткен ата жолының қаймағын бұзбай, осы ғасырға дейін біздерге «Жоқтауы» ғұрпын жеткізген талай аналар болды. Солардың жоқтауларын есіме түсірсем, ерекше бір мазасыз ойға түсемін...

Сол аналарымыздың «Жоқтау» айтып, салып кеткен сара жолдарын «Асылдарым қайдасыңдар» деп жалғастырып келе жатқан жайым бар.

Қасиетіңді ел бағалап мақтаған,
Ұрпақтарын адалдыққа баптаған.
Құт– берекем, ***Мәмилә*** әжем қайдасың?

Ақ сүтімен әлдилеген, өсірген,
Маржаным деп қатем болса кешірген
Қамқор анам, ***Бәтжан*** анам қайдасың?

Қонақтарды ақ жүрекпен қарсы алған,
Тойымызда қуанышпен ән салған,
Дархан жанды, ***Рахима*** анам қайдасың?

Маған ыстық күлімдеген жанарың,
Қиындықта шытылмаған қабағың,
Аяулы жан, ***Шария*** ана қайдасың?

Ағайынның ішіндегі тәуірім,

Қайдасыңдар асылдарым, бауырым,
Баса алмай жүр Маржанкүл,
Сіздерді ойлап мауығын.

Менің асыл аналарым! Топырақтарың торқа, жатқан жерлерің жарық болғай! Ал, олардың аруағы ұрпағын қолдап жүрсін!

«Әке –асқар тау, шеше – күміс бұлақ, бала – жағадағы құрақ» демекші, анам Бәтжан Қаңтарбайқызы өмірден ерте озды. Жанұяның жалғыз баласы болғандықтан ба, әжем күнге, желге тигізбей, жүрегінің ыстық лебімен мәпелеп өсірді. Менің өсіп ержетіп, білім алып, отау тігіп, балалы болғанымды (шөбересін) көріп «дүниеден арманым жоқ» деп өтті. Енді міне, байқап отырсам, сол кісілердің жасына келіп, өзім де әже атанып отырмын. «Алпысқа келдің бе, бәрін көрдің бе?!» демекші, бәрі де табиғаттың заңы ғой, туған елім, өскен жерім, сіздердің орталарыңызға келіп марқайған шағымды сездіріп, аруақтарға тағзым етемін.

Өздерің бұл фәниден кеткелі қаншама сағым жылдар өтіп, қаншама сулар ақпады! Тірлік арнасы өзгерді. Арттарыңда қалған балаларың өсіп– өніп, жетіліп жатыр. «Орнында бар оңалар» деген осы да!

3.4. Менің бауырларым

Бүгінде Нұрпейісовтар әулеті балаларының барлығы дерлік оқыған, жоғары білімді мамандар. Еліне қадірлі, ата даңқын адал еңбекпен ақтап жүрген азаматтар.



Нұрпейісова Күләш Махметқызы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Отанымызды әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосу стратегиясын басты бағыт етіп қойғаны баршамызға белгілі, онда білім беру мәселесіне, әсіресе мамандардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса назар аударғаны мәлім. Осы талапты орындауда аянбай еңбек етіп жүрген жандар аз емес. Соның бірі–Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ–дың доценті, техника ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз, білікті маман Күләш Нұрпейісова. Ол отыз жылдан астам инженер– мамандарды даярлауда хал –қадірінше үлес қосып, атағы Алатаудай талай құрылыс инженерлерінің рухани анасына айналған асыл жан.

Күләш Махметқызы 1948 жылдың мамырында Көкшетау (қазіргі Ақмола) облысы Еңбекшілдер ауданының Казгородок деген ауылында дүниеге келген. Әкесі Махмет пен анасы Рахиманың соғысқа дейінгі балалары тұрмай, балаға зар болып жүргенде дүниеге келген Күләш бұл жанұядағы балалардың үлкені болатын. Уақыт пен тұрмыс оны ерте есейтті. Жұрттың қыздары бой түзеп, сыланып–сипанып жүргенде, Күләш өзінен кіші бауырларының қамын ойлады, әлі де солай өмір кешуде. Әке–анасы дүниеден өткен соң бауырларына әке орнына әке, ана орнына ана болуға тура келді. Олардың әрқайсысы балалы–шағалы отбасылары болса да, Күләшсіз, оның ақыл– кеңесінсіз әлі күнге дейін мәселе шешілмейді.

Орта мектепті бітіргеннен кейін, 1966 жылы Алматыға келіп, ҚазПТИ–дың инженерлік– құрылыс факультетіне оқуға түсті. 1971 жылы институтты «Жылумен– газбен жабдықтау және желдету» мамандығы бойынша тамамдап, жолдамамен Көкшетау қаласындағы жобалау институтында үш жыл бойы еңбек етті. Өндірістік тәжірибеден өтті, ысылды. Ол кез келген мәселелерді дербес шеше алатын батылдығымен, принципшілдігімен, адамдарға деген жанашарлық сезімімен көзге түсе бастады.

Жастайынан өзінен кейінгі сіңлі–інілеріне, жиендеріне қамқоршысы хақында болған Күләшті бір үлкен ой мазалады. Ол тәрбиеші– ұстаз болу, өзінің бойындағы білімін кейінгі жастарға беру еді. Күләш осы ойымен 1975 жылы конкурс арқылы өзі білім алған ҚазПТИ (қазіргі ҚазҰТУ)–ға ассистенттік қызметке орналасты. 1980 жылы Қазақ политехникалық институтының инженерлік–құрылыс факультеті дербес Алматы сәулет–құрылыс институты (басында ААСИ, кейінде ҚазГАСА) болып бөлінді де, бірнеше адам сол ұжымға бұйрық бойынша ауысты. Солардың бірі К.М.Нұрпейісова болды. Институтта С.М.Байболов, П.А.Атрушкевич ректорлық еткен жылдары Күләш Махметқызы өзінің ұстаздық та ұйымдастырушылық та қабілеттерін көрсете білді, он жылдай институт кәсіподақ комитетінің босатылған төрайымы, проректордың көмекшісі қызметтерін де атқарды [34].

Бүгінде ҚазГАСАдағы бір кездегі білікті мамандар қайтадан өз ұяларына– Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ– ға қайтып оралды. Қазір ҚазҰТУ–да жеке «Сәулет және құрылыс» институты құрылып, Күләш Махметқызы 2004 жылдан бастап бұрынғы өзінің үйреншікті педагогикалық ортасына қайта оралды.

К.М.Нұрпейісова ҚазҰТУ –да диссертация қорғап, техника ғылымдары кандидаты дәрежесіне ие болды. Ғылыми жұмысының өндіріске енгізілген нәтижесі үшін ол ҚР Ұлттық патенттік ведомоствосының үш бірдей патентіне ие болды.

Қазірде ҚазҰТУ–да, көбінесе қазақ мектептерін бітіріп келген балалар оқиды. Дәл осы кезде ауылдан келген жастарға түсінікпен қарап, қамқорлық таныту аса қажет. Ата– анасынан жырақта жүрген баланың көңілі қашанда жүдеу болады ғой. Міне осы кезде оларға жүректегіндегі бар жылуын беріп, ең жақын адамдарындай болуға тырысып жүрген жандардың бірі емес, бірегейі – ұлағатты ұстаз, ғалым Күләш Махметқызы.

«Жылумен, газбен жабдықтау және желдету» саласында білікті мамандар даярлаудағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беруінің үздігі», Алматы қаласы әкімі мен Білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған сіңлім Күләштің мерейтойына:

«Түлеп ұшып Көкшетаудың жерінен,
Алдың орын Алматының төрінен.
Бөлендің ғой абырой мен атаққа,
Қажырлы еңбек, маңдайыңның терімен.

Көкшенің кер маралы киігіндей,

Алтыннан апталанған киіміндей.
Шығып тұр Күләш сіңлім бүгін міне,
Алпыстың асқаралы биігіне.

Көкшенің қоңыр желі аялаған,
Жанында талай адам саялаған.
Үлкенге ізет, кішіге қамқор болып,
Жылуын жүрегінің аямаған», – деп құттықтау жырымды арнаған едім.

Нұрпейісова Күлпаш Исақожақызы. Үлкендердің: «Әкең Исақожа (Байсан) жақсы кісі еді–бәріңе пана болған, анаң Шария жақсы кісі еді–жетім–жесірге ана болған»–дегендерін құлағы шалған Күлпаш, осыған қайран қалатын. Көкейде жатталып қалған үлкендердің сол сөзіне бүгінде көз жеткізгендей.



Күлпаш 1949 жылы Көшетау облысы Еңбекшілдер ауданының Сәуле ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Алматыдағы кооператив техникумын бітіріп, еңбек жолын ата–анасы тұрған Казгородок кен– шарында сауда қызметкерлігінен бастады. Көп ұзамай Әлімжанов Темірбай деген қатар замандасына тұрмысқа шығып, дүниеге бүлдіршіндей Темірлан, Ерлан, Әнуар атты үш ұл әкелді. Оның өмірге деген құштарлығы балаларына деген сүйіспеншілікпен ұштасып жатты. Өркениеттің, білім мен ғылымның орталығында тұрсақ, балаларым оқыса, адам болса деген арман оны Алматыға алып келді. Бұл жерде де сауда саласында күндіз–түні қызмет атқарды. Етінің тірлігінің арқасында өз күшімен үлкен әулетке лайықты екі қабатты үй–жай салып алды. Үлкен ұлын үйлендіріп, одан Тәңірберген есімді немере сүйді.

Балаларын өсіріп, қолдарын ауыздарына жеткіздім бе дегенде Күлпаш өмірдің қиыншылығына тап болды. Ең алдымен кенеттен жүрегі тоқтап қалып үлкен ұлы Темірлан дүние салды. Жығылғанға сүрінген дегендей, күрестен жасөспірімдер арасында жүлдегер болып жүрген, болашағы зор Ерлан сынды баласы спорт бәсекелестерінің қолынан қазаға ұшырады. Іле– шала, балалардың қайғысынан өмірлік серігі–Темірбай бақилық болды.

Сөйтіп, Күлпаш–ана кіші ұлы Әнуар, 5 жасар Тәңірберген және 3 жасар Индира есімді қызымен қала берді.

Құдайға шүкір! Бүгінде немересі Тәңірберген Астанада оқиды, Әнуардан Абылай және Анель деген екі немере сүйді, олар мектепте оқып жатыр. Ал, өзінің аузынан түсіп қалғандай, сүйікті қызы Индира бүгінде Д.А.Қонаев атындағы гуманитарлық университетінің үздік студенті.



Тәңірберген, Күлпаш, Индира. Төбесіндегі Абылай



Күлпаш қызы Индирамен

Бүгінде Алматыда тұратын көкшетаулықтардың жиналатын орталық – мекені Күлпаштың үлкен үйі. Осы үйде ол елдің елеулісі, халықтың қалаулысы болып отыр. Алматыда оқып жүрген студенттер, көшіп келген жанұялар, қызмет істеп жүрген көптеген азаматтар Күлпаштың үйіне түседі, қанат қағады, оның қамқорлығына бөленеді де жұмыс істеудің сынынан өтеді. Бәрі де Күлпашті өздерінің өкіл аналарындай сыйлайды [35].



Күлпаштың туған күні. Отырғандар: Зағипа, Күлпаш, Айтжан, Алмазия; түрегіп тұрғандар: Салтанат, Барқыт, Зәуреш, Ақлималармен бірге

«Ана» деген ардақты есімге ие болып отырған Күлпаш Исақожақызы – 65 жасқа толып отыр. Ол қазір үлкен бір әулеттің анасы. Күлпашқа айтарымыз, Сен қартайған жоқсың. Сен от басынды ойладың, ұрпақтарыңды, одан әрі дос–жарандарыңды ойладың. Сондықтан да сенің орның өте биікте. Балаларың, немелерің барда Сен мәңгі жассың, Күлпаш!

Сенің туған күніңе Күлпаш сіңлім, мына жырымды арнадым:

Ұл– қызына үлгі болған бұл бір шақ,
Биік болсын сен көтерген шаңырақ.
Алматыға «Диспетчер» қып біз үшін,
Сені жіберген Сәуле менен Көкше жақ?

Сан сынақта балаларың саған сенеді,
Құлдырап кеп құшағыңа енеді.
Аңқылдаған көңіліңе көл– көсір,
Ала жаздай шомылумен келеді.

Өмір деген қарап тұрсаң бұралаң,
Сынақ алып сенен жауап сұраған.
Айналаңа жинап алып туысты,
Шәриянің көзіндей боп жүр аман.

Бала– шағаң – арманың да, ойың да,
Анаға тән ұлы сезім бойында.
Жамбыл ата секілді бір 100 жасап,
Отырыңыз Индираның тойында.

Нұрпейісова Майра Махметқызы. Көкшеде туып, Өскеменде оқып, Бурабайда жетіліп, бүгінде Алматыда қанатын кеңінен жайып отырған сіңлімнің бірі Майра. Апатайым айтатын: «Мен Қазан революциясы, 1917 жылы тудым, ал Майрам Қазан революциясы күні туды» – деп. Айтса айтқандай, мінезі де революционерлерге ұқсады. Ата – ана қай баланы жек көреді дейсің. Бірақ та, Майра бір төбе де, басқа балалар бір төбе болатын. Өйткені Майраның жөні бөлек, кішкентай бала кезінен мінезге бай болатын. Көкшенің Еңбекшілдер ауданы Казгородок ауылында орта мектепті үздік тамамдаған Майра, алдына ұстаз болуды мақсат ете білді.



Ұстаздыққа деген әуестік Майраны 1968 жылы Өскемендегі Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің география пәнінен мұғалімдер әзірлейтін мамандыққа жетелеп келді. Оны 1973 жылы ойдағыдай аяқтаған соң, еңбек жолын ұшқан ұясы Казгородоктағы мектепте ұстаз болып бастап, кейін Бурабайдағы мектепте жалғастырды. Алғыр, өз ісіне тындырымды, бастаған ісін аяқтамайынша тыным таппайтын Майра мектепте шәкірттерге география, биология пәндерінен сабақ берді.

Не бары он жыл көлеміндей ғана мектепте қызмет атқарсада, азынаған жел, асқар асу бел, айдын көл тебіренген қилы заманға ілесе отырып оқу жүйесіне еңбегі сіңіп, Майра елдің құрметіне бөленді, ұстаз атанды. Десек те, Майраны бір үлкен ой мазалады. Ол өзінің бойындағы тәрбиеші– ұстаздық білімін жоғарғы мектепте жалғастыру еді. Майра осы ойымен үлкен апайы Күләшпен бөлісті де, Бурабайдағы пәтерін тастап, 1983 жылы Алматыға көшіп келді.

Ата-баба мекен еткен, өзі-туып өскен Көкше елін қалдыру оңайға соқпады. Түн ұйқысын төрт бөлгізер баласы Бауыржан Алматыда оқып, қызмет бабымен Алматыда тұрақтағаны көңіліне демеу болып, Алмалыбақ ауылынан көңіліне жағымды қоныс тауып, ағайын– туыс, құда– жекжаттармен табысып та үлгерді.



Бауыржанның тәрбиешілері Студентгің кураторлары Немеренің тәрбиешілері

Құдайға шүкір! Бүгінде баласы– Бауыржан құрылыс саласының қас шебері, үйлі– баранды болды. Майра қолына құдайға қараған Динара деген келін түсіріп, немере қызығына бөленген ардақты апа.



Майра баласы Бауыржан, келіні Динара, немерелерімен және үлкен әже Күляшпен

Әркімнің туған жері Мысыр шаһары деп тегін айтпаған ғой. Бірнеше жыл ұстаздық қызмет атқарып жүргенде алған Бурабайдағы және Алматыдағы пәтерлері немерелеріме бұйырсын деген ниетпен, Майра Маканчикті қолтығына қысып алып Алматы мен Көкшетаудың арасын жол қылып жүр. Бұл да үлкен аналық мейірімнің бір көрнісі.

Осындай ананы кей кезде сынға да алып қоямын да былай деймін:

Сенің жаның кейде құйын, кейде гүл,
Менің жырым – бір кигізген киім бұл.
Майра сіңлі бар ғой дейік біз дағы,
Тентегіміз бар дегендей бейне бір.

Сен көктемсің, біз бір күздегі алап,
Ішіп жүрген ешкім жоқ іздеп шарап.
Көңілімізді көтеріп отырғанда,
Көзіңді алартпа сен, бізге қарап.

Жақсылыққа мен ылғи сенім артам,
Шалқып кетсек, кей кезде сенің арқаң.

Мейрамында туған қыз Кеңестердің,
Мейрам болып өмірің өтсін, қалқам.

Нұрпейісов Абай Исақожаұлы. 1951 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Абай інім жоғарыда айтылып кеткен Майрадан 10 ай үлкендігі бар. Бірақ, мен Абай мен Сағындықты қатар беріп отырмын. Себебі қазақта «ер егіз»–деген қағида бар. Ол рас. Ағатайым мен тәтем бір де бір ауыр сөзге келмей, бір–біріне жандары ашып өмірден өтті. Күләш екеуіміз екі үйдің үлкеніміз, егіздейміз.



Бүгінде Нұрпейісовтердің екі үйінің екі азаматтары Абай мен Сағындықтан соны көріп жүрміз. Абайға інісі Сағындық демеу болып, ағасының денсаулығына қарайлап, оның немерелеріне жаны ашып жүреді. Түсінігі мол, көргені, білгені көп, кішіпейіл де ақжарқын Ырыстықүл (Сағындықтың жұбайы) де Казгородокқа барып Абай отбасының хал– жағдайын біліп, қол ұшын беріп жатады. Сондықтанда Абай мен Сағындық қатар баяндалмақ.

Абай інім Казгородокта он жылдықты бітіргеннен кейін Талғардағы ауылшаруашылық техникумында оқыған. Отан алдындағы әскери міндетін атқарғаннан кейін, еңбек жолын туған ауылында механизатор қызметінен бастаған, кейін механизаторлар мектебінде осы кәсіпке жастарды үйретті–де. Әкем Байсан мен шешеміз Шәрия, өздерінің жақсы араласып жүрген ауылдағы еңбек ардагері Бекіш ақсақалдың Алтын есімді қызына құда түсіп, Абайды үйлендірді, олардан немерелер сүйді.

Жұмыр басты пенде болған соң, көрер қуанышымен қатар, ауыр күндерінің кездесетінін де еске алмасқа амалым жоқ. Жиырма бес жылдан астам бірге өмір кешкен серігі Алтын, жүрегі тоқтап қалып, бахилықтан мәңгілік мекен тапқанында, Абай бес баламен қалып, маңдайына жазғанды шыдамдықпен көтере білгеніне мың да бір шүкіршілік.

Табиғат аса қатал ғой. «Уайым түбі тұнғиық, батасың да кетесің» демекші, жұбайының қайғысынан айыға алмай, жүрегі қырық жамау болып жүрсе де оған өмір көшіне ілесуге тура келді.

Ол ҚазПИ– ді бітіріп Алматыда қызмет атқарып жатқан үлкені Нүргүл мен ҚазПТИ– ды жаңа бітіріп келген Қуандыққа үлкен үміт артты.

Осындай бір қиын– қыстау кезде Абайды Алматыға көшіріп алған едім, қалада тұра алмады. Сөйтіп «Ауыл тоқырап жатқанда, біздің торсиып қалада отырғанымыз болмас. Ауылдың есін жию үшін туған ауылға барайын» – деп кетіп қалды. Атаның өсиетін, ананың қасиетін бойына дарытқан, ауылда өсіп, ауыл мектебін бітірген Абай іниміз– сол туған ауылында тұрып жатыр.

Елге барған сайын зиратқа сәлем бермесем, әлдене жетпей тұрғандай болады. Бұл ата– бабалар зиратының жұрнағы. Бұл зиратта Нұрпейіс атамыз, әжеміз, әке–шешелеріміз, бауырларымыз жатыр. Дұрысы, олардың сүйегі жатыр. Жандары жаннатта болғай!



Ал, мына кішкене ауылымызда ескі екі үй тұр. Бұл ағайынды Нұрпейісовтердің үйлері. Мен жетпістен асып барамын. Ескірген үйлер баяғыдай, әлі тұр. Олар мына ата– баба зиратының күзетшісіндей. Абай інім де осылардың куәгеріндей Сарыарқа төсінде тұрып жатыр.

Нұрпейісов Абайдың отбасында бес бала тәрбиеленді. Нүргүл Абай атындағы педагогикалық институтты, Қуандық–Қазақ политехникалық институтын тамамдаған, Астанада қызмет атқаруда. Сүйіндік пен Мая да Астанада, ал Айгерім– Алматыда жұмыс істеуде. Балаларынан жеті– сегіз немере сүйіп отырғанына мың да бір шүкіршілік.



Астана, 2008 ж. Абай, Мая, Раушан, Қуандықпен

Абай 2008 жылы, Қуандық пен Раушан келінімізден, алғашқы немересін көргенде, Күләш екеуіміз Астанаға барып тойлап, «Қанай би атасына тартсын»– деп, нәрестенің атын Қанай қойған едік. Ол да ержетіп, мектепке баратын болып қалды.

Өмірдің не бір соқпағын бастан кешкен, ұлын– ұяға, қызын– қияға қондырған Абай ініме ұзақ өмір, деніне саулық, балаларының қызығын көрсін деп тілек қосамын.

Немерелерді аймалап мейіріңменен,
Дос– жаранға қол создың пейіліңменен.
Балаларың өмірден өз жолын тапты,
Зердеге құйған өзіңнің зейініңмен

Құтты болсын деп тіледім алпысыңды,
Жарық еткен Абайжан талтүсіңді.
Өзің барда әулеттің мерейі үстем,
Жаратқан өзі оңғарсын жалпы ісіңді.

Нұрпейісов Сағындық Махметұлы. Осыдан 60 жыл бұрын, Еңбекшілдер ауданының орталығы Казгородок кеңшарында, ата–анасы сағынып жүргенде дүниеге келген Сағындық өмір белестерінен өтті. Қазақстанның Швейцариясы аталатын ескінің көзіндей, шешеннің сөзіндей болған, талай тарихи тұлғаларды дүниеге келтірген Көкшетау өлкесінде тәрбиленді, білім алды.

1960–70 жылдарғы ұстаздар берген білімнің тереңдігі, тәрбиенің тәлімі мол болғандығы талассыз. Сағындық сол Казгородок орта мектебінен түлеп ұшып, Қазақ политехникалық институтын тәмамдап, «Қазақалтын» АҚ Жолымбет кенішінде тау–кен инженері болып қызмет атқарды.




Ұлы Отан соғысының ардагері әкесі Махмет пен еңбек ардагері анасы Рахиманың сөздерін жерге тастамай аудан орталығына келіп жұмысқа орналасты. Жолымбеттен Сағындық жалғыз келген жоқ, сол кеніште еңбек етіп жүрген Төлеген Абдрахмановтың қарындасы Рыстықүлді ұнатып, өзімен бірге ала келді. Бүгінде Сағындық Махметұлы Көкшетау қаласында еңбек етуде.

Өмір өткелдерінен өтіп, көптің жүгін өз жүгіндей көтеріп жүрген Сағындықты үлкен от басының мықты тірегі, туған-туысқандарына жылу шашып отыратын аяулы жан ретінде білесіздер. Ал, құдай қосқан қосағы, маңғаз мінезінен жаңылмайтын, ақылына көркі сай, келісті де келбетті Рыстықүлді жанұяның нағыз жауынгері деп білеміз.




Келініміз Рыстықүлді: «Наурыздағы туған күнің ғажайып,
Сені әрдайым өлең етіп жазайық.
“Тәтелер” деп әркез бізді сыйлайтын,
Сендей жандар кетпесе екен азайып», –
деп жырға да қосамыз.

Екеуі Айжан атты бала сүйіп, тәрбиелеп отыр. Ағылшын тілі бойынша университетті және магистратураны тамамдап, бүгінде Ақмола облыстық маслихатында қызмет атқарып жүрген Айжан Нұрпейісова сіңліме де жыр арнау артық болмас.

«Әсем қызым Айжаным, осы үйдің сәні ме?
Көмейіме келген бұл, күмбірлеген әнім бе?
Бере салған Құдайым, құтты бала болсын деп,
Сағындық пен Рыстының, өмірінің мәні ме?»

Бүгінде асқар таудай арқа сүйеріміз, ел– жұртының құрметіне бөленіп, шаңырағының береке–бұлағына, туыстарының мақтанышына айналған інім Нұрпейісов Сағындық Махметұлы 60 –жасқа толып отыр. Туған күн құтты болсын! Зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілеймін. Алла берген күш–қуаттың арқасында, өмір атты толқыны қатты теңізде туыстарыңды, Рыстықүл мен Айжанды, жалпы Сіз деген жандарды қуантып жүре бер дей отыра мына өлең жолдарын арнаймын:

Артта қалды бес асу мен бес белең,
Өрге тартып барады өмір–көш деген.
Елу бес деген ердің жасы қызулы,
Жастық шақтың соңғы оттары өшпеген.

Елу бес деген – ес тоқтату, есею,
Елу бес деген – елдің жүзін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Туған күнде нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Айжанымыздың қызығына кенеліп,
Ырыстықүлмен аман– есен жүріңіз!



Нұрпейісова Нәйлә Махметқызы. 1959 жылы апатайым ауырып тәтем оны Алматыға алып келді, операция жасатты. Дәрігерлер: «Жағдайы ауыр, көп кешікпейді, дайындала беріңдер» – деген соң, тәтем елге алып кетті. Сөйткен апатайым бір жылдан кейін, 1960 жылы, Нәйләні дүниеге әкелді. Ал, апатайым Нәйләні туғаннан кейін, ауруынан құлан таза жазылып кетті. Балаларының, кенжесі Нәйләнің қызығын көріп, 1989 жылы дүние салды.

Сөйтіп, Нәйлә Нұрпейісовтер әулетінің сүт кенжесі болды, ерке болып өсті. Тәтем мен апатайым Нәйләға жақсы сөз айтып көңілін тасытпады, қатты сөйлеп

жасытпады. Анасы Көкшенің мөлдіреген сұлу табиғаттың аясында Нәйләні алақанына салып, намысын қызғыштай қорғап, жас күнінен инабаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеп өсірді.

«Үлкен қыздардың бәрі алматылық болып кетті, сен қолымызда боласың» – деген ана сөзіне құлақ қойып, жоғары білім алуға Көкшетауға барды. Көкшетау кооперативтік техникумын тамамдаған соң, өзінің туған ауылына келіп, әке– шешесінің қолында тұрып, сауда саласында бірнеше жыл жемісті еңбек етті. «Ұл түтінге, қыз күтімге» дегендей, анасы Рахиманың көңілін, қас–қабағын аңғара білген Нәйлә, қария әкесі мен анасын ардақтап, бар қолайлы жағдай жасай білді.

Адам да ағаш сияқты белгілі бір жерге тамыр жаяды. Білім алуға барған уақытын айтпағанда Нәйлә Махметқызы еш уақытта да туған жерінен жыраққа шықпаған. Сондықтан да болар бұл өңірде еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін Нәйләні жақсы білетіндігі. Нәйлә сіңлім мен сияқты тұрмысқа алыс жаққа кеткен жоқ, шыққан жері, ата– тегі белгілі ел азаматы Мәжитов Серікпен шаңырақ көтеріп, үй тікті. Нәйлә сауда саласында еңбек етсе, Серік аудандық халық банкісінің білдей қызметкері.



Құдайға шүкір, бүгінде өзінің ұйымдастырушылық қабілеті, анасының барды ұқсата білу тәрбиесі дарыған Нәйлә еліміздің сауда саласына лайықты үлесін қосуда. Ол қазір Еңбекшілдер ауданының орталығы Степняк қаласында еңбек етуде. Жүйесін тауып жүргізген жұмысының жемісінің арқасында зор беделге ие болып отырғанын жасыра алмаймын.

Алғашқыда кішіректеу отау болған, уақыт жылжыған сайын жұрт қатарлы тұрмыс құрып, бүгінде бір үлкен әулет болып отырған жәйі бар және де Арайлым және Әйгерім есімді балаларының қызығына бөленіп отырған ардақты ана.

Өтіп бара жатқан өмір–ай! Қарап отырсам, кеше ғана туған Нәйләміз 50–ге де келіп қалыпты. Біз түзде жүрсек, сен–үйдесің, Нәйлә! Сен ата–бабаларымыздың қонысында, кіндік қанымыз тамып, күш– қуат, нәр алған мекенімізде, біздердің аңсап баратын жерімізде тұрып жатырсың! Осындай сіңлімді құттықтап, жыр да арнап қоямын.

Нәйләжан, орта жасқа сен де келдің,
Кенжесі ата–ананың жақсы көрген.
Ақ жүрек, адал ниет, жұмсақ мінез
Жинадың қасиеттерді Алла берген.

Төрт қыз бен екі ұлдың ортасында,
Орны бөлек Нәйләнің расында.
«Жастайынан қолынан іс келед» – деп

Ақтап жүрсің жұрт берген бағасын да.

Сүйген жарың Серікжан сүйеу болып,
Әйгерім мен Арайлым тіреу болып.
Ағайын, туыстармен араласып,
Сүйінте бер, Нәйлә, сен бір Ер болып.

Адам есейіп, балалық шағынан алыстаған сайын, ұлы мұхитқа бет алған кемедегі адамдай, қол бұлғап қалған жағалау – жастығы мен жас күнін жиі– жиі еске алады екен. 2008 жылың шілде айында, барлығын Көкшетудан даярлап алып барып, Күләш, Абай, Сағындықпен бірге, «Сәуледегі» Жотан– Бағдат құдаларының үйінде, қой сойғызып, Асылтасқа даярлатқызып, аруақтарды еске алып, құран оқытып, ауылға ата– бабаларымызға ас бердік. Бұл біздің бір байлық көрсетейік дегеніміз емес. Ол халкымыздың «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген даналығына ой көзбен қарап, аруақтарды еске алып, рухтарды тірілтіп, соның арқасында өзіміз де рухани байып, еңсемізді көтеру еді. Шын мәнінде, мұндай игі тірліктердің барлығы да «жандардың жәннатта болғыр» өлілерге емес, тірілерге– балаларға, кейінгі ұрпақтарына керек. Ол деген, парыз– қарыз, борыш дегендердің салмағын, жауапкершілігін сезініп, ұғынуымыз үшін, елдегі туыстар аман, көңілдері көтеріңкі, тұрмыстары жақсы болсын деген тілек үшін, яғни өзіміз көрген бір туар асылдарымыздың қадір– қасиетін оларды көрмеген келер ұрпаққа айтып кету – парызымыз үшін қажет.

Бүгінде мен туған жерімнен, алға деген ұмтылыспен ұзап кеттім, ағайын– бауырларымның барлығы сонда қалды. Ағайындарға бармай тұра алмаймын. Олардың ыстық–суығын, ащы–тәттісін, алыс–жақындығын, мақтау мен даттауын мына бір ақынның «Ағайын» деген өлеңінен жиі–жиі есіме түсіріп тұрамын.

«Жас кезімнен сырымды, білетін де ағайын.
Жік– жік болып атаға бөлетін де ағайын.

Жетпей жатқан жеріңді, жеткізетін ағайын.
Өтпей жатқан сөзіңді, өткізетін ағайын.

Қуаныш пен реніште бөлісетін ағайын,
Барың менен жоғыңды, білдіртпейтін ағайын.

Озғаныңды көре алмай, күндейтін де ағайын,
Сүрініп кетсең абайда, жөндейтін де ағайын.

Еркелсем еліме, силайтын да ағайын,
Өкпелесем, өлімге қимайтын да ағайын.

Іс түскенде басыма, қарасатын ағайын.
Ағайыннан алыстап, қайда барып оңайын».

3.5. Ағайындарым менің...

Құдайға шүкір деймін: аңсайтын ауылым бар; сағынышпен көрісіп, шүйіркелесетін ағайындар көп; туған жерімнің көрікті жерлерін көргенде қуанамын; мейірімді қандырып су ішкен мөлдір таза бұлақтарды көргенде шабыттанам; құшақтап құлай кететін жайқалған жасыл желең шөптерге аунап, жусанды искеген балалық шағымды есіме алып масаттанам!

Мақтан тұтатын өткен және қазіргі ағайындарымды еріксіз еске алып шаттанам. Тектілігімізді де тереңнен танып тебіренем. Арғы бабаларымыз бірнеше рулардың көшбасшысы болған. Бабаларымыздан танымал би–болыстар, ел қорғаған батырлар, әйгілі ғалымдар, жазушылар, өнер тарландары да шыққан.

Ағайындарымның тарихы олар шыққан тұлғалы азаматтардың өмірі мен қарым– қарекеттеріне байланысты. Осы тұрғыдан көз жіберсек, кешегі ұлы Отан соғысы жылдарында қан кешкен, Кеңестер Одағы тұсында ауылымыз бен еліміз үшін үлкен қайраткерлік қызмет атқарған ағайындарым баршылық. Сұрапыл соғысты, қан майданды «Азаттық» деген фильмнен көргенде–ақ, көптеген аталардың жерленген жерін табу мүмкін еместігіне көзіміз жетті емес пе!

Иә, бұл соғыста талай боздақтар қыршынынан қиылды, шаңырақтары ортасына күйрей түсті, ah ұрған ана, ата баладан, бала әкесі мен ағасынан айрылды. Отан үшін отқа түсіп, жалын кешкен, бастарын бәйгеге тіккендер арасында ағайындарымыз да аз емес.

Топырақтарың торқа, жандарың жаннатта болғай! – дей отыра, әрі қарай сол «майдангерлер және тылдағы ерлеріміз» жайлы және бүгінде бірлігіміз жарасып араласып жүрген, олардан тараған ұрпақтардың осы күнгі тыныс–тіршіліктеріне тоқталсам деген ой бар.

Осы кітаптың алғашқы мұқабасында берілген шежіредегі Наурызбай атамыздың ұлдары Айтқожа мен Мұсақожа майдан даласында қаза тапты.

Наурызбаев Есмағұл Айтқожаұлы ҚазГМИ–дың тау–кен инженері мамандығын бітірген. Каникулда үйге келіп тұратын, Алматыға жүрер алдында ағатайым «сен студентсің ғой»–деп қолына ақша беретін еді. Келгенде ең әуелі әжеммен амандасып, әңгімесін айтатын. Өзіне жарасып тұратын үстінде горняктің киімі болатын. Оқу бітірген соң Степнякқа жұмысқа келемін дейтін.

Еңбек жолын Жезқазғанда учаске бастығынан бастаған Есмағұл аға, шахтаның бас инженері қызметіне дейін көтерілген, еңбек ардагері. Жезқазғанда бірге жүрген жолдастарынан Есмағұл ағаның ақылдылығын, ойының ұшқырлығын кейіннен естідім, оны жоқтауымызға тұрарлы азамат екендігін білдім. Ендігі жерде медет қыларымыз Есмағұл Айтқожаұлының артында қалған балалары. Зурә есімді қызы Алматыда, Атайбек пен Арыстанбек Сәтбаев қаласында еңбек етуде.



«Өткенге салауат, қалғанға берекет» деп халық бекер айтпаған ғой.

Мұсақожа атамыздан *Керей, Әлібек және Жәнібектер* тараған. Соғыстан кейінгі қиын–қыстау кезде осы екі ағайынның балалары қоян–қолтық араласып кетті. Нұрпейіс атамыз үлкен баласының атын Айтқожа мен Мұсақожаға ұқсас етіп, Исақожа деп атаса, Керей бауырымыз 1958 жылы туған үлкен қызының атын Маржанға тартсын деп (мен онда Алматыда студентпін) Ырысжан қойған.

Керей Мұсағожин басында «Кеңащыда» тұрды, кейін «Златополе» совхозының бөлімшесі Савинкаға көшіп үй салып, осы уақытқа дейін сол жерде тұрып жатыр. Керей бауырымыз Казгордокқа келіп қалғанда ағаштың көлеңкесінде дастарханға жайғасып, қымыз ішіп дем алып, әр түрлі әңгімелер айтылатын.

Керей бауырымыз Казгордокқа келіп қалғанда ағаштың көлеңкесінде дастарханға жайғасып, қымыз ішіп дем алып, әр түрлі әңгімелер айтылатын.

Ол өз шаруашылығына мықты, жұмыс істеген адамдардың арасында өте беделді. Әрдайым, ағатайым мен тәтеме келіп, ақылдасып, жөн сұрап кететін. Шешенің ақылы аяздан сақтайды, әкенің ақылы саяздан сақтайды ғой. Бір атадан тараған ағайындар ірі болуды, балаларының өскенін тілеп қана қоймай, бір– біріне айтып отыратын, қадағалайтын да.

Керей атаның қызы Ырысжан Кереевна Мұсағожина Петропавл университеттін тамамдаған, мамандығы биология. Қазір Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде зертхана меңгерушісі.

Қанат Керейұлы Мұсағожин Көкшетауда бизнеспен айналысады. Келініміз Бақыт екеуі Қуаныш, Алма деген балаларын тәрбиелеп отыр. Олар университетте шет тілі мамандығында оқитын студенттер.

Болат Керейұлы Мұсағожин мамандығы агроном. Айнаш деген келініміз екеуі Гауһар, Самал, Қуат, Айдар, Сара есімді балаларын тәрбиелеп Көкшетауда тұрып жатыр.

Талапкер Керейұлы Мұсағожин суретші, Көкшетауда қызмет атқарады.

Ира деген келініміз, Тимур және Дариға есімді балалары бар.

Ащы мен тұщыны татқан, өмірдің кермек дәмін білетін, көргені мол әкелерімізді бүгінде бәріміз жоғары тұтып, алыста болсақ сағынып, қатынасып, көмектесіп жүреміз, қадыр тұтамыз.

Рахима апатайым өте балажан адам болды. Мұсақожа атаның Әлібегін бауырына басты, бір жылдай Казгородокта тұрды, менімен бірге өсті. Ол Қарағанды политехникалық институтының түлегі. Көкшетау қаласының

көптеген ғимараттарын тұрғызған, құрметті құрлысшы. Шамшибану келініміз бірнеше жыл Көкшетаудың сауда саласында еңбек етті. Бүгінде Мұсағожин Әлібектің Қайрат және Сәуле деген екі баласы ержетіп үлкен азамат болып отыр. Мұсахожин Жәнібектен Баян, Еркін, Әсел деген бауырларымыз бар.

Нұрпейіс атамыздың қарындасы ***Нүриләдан:*** *Жәнібек, Әжібек, Уәли, Қазыбек, Балғынбек, Шәріп* және *Қазина* есімді жиендер тараған. Оларды Алтайбектің алты ұлы деп атайды екен. Жәнібек, Әжібек және Уәли соғыста қаза тапты. Жәнібектен Қайша, Бәдишә, Кәтәй, Естайлар туған.

Жәнібек жиеніміздің қыздары Ғайша мен Бәдиша әрқашан жанымызда болды. Ұлағатты ұстаз– Қайша тәтеміз туралы келесі тағанда баяндалады, ал Бәдишә жиеніміздің балалары Алматыда, Степнякта, Казгородокта ел қатарлы еңбек етуде, ұрпақтары өсіп өрбуде.


Кәтәй Жәнібеков ҚазГМИ– ді тамамдаған, тау– кен инженері, көп жыл Өзбекстанда қызмет атқарды. Ауырып жүргенде, ауылға келіп, қымыз ішіп, таза ауа жұтып, дем алып кетіп тұратын. Кейін зейнеткерлікке шыққанда ғана елге оралды. Қарағандыда екі ұлы еңбек етуде. Кәтәйға туған жердің топырағы бұйырды.

Естай Жәнібеков Алматыда тұрды, өмірінің ақырына дейін коопертивтік техникумда сабақ берді. Естайдан Ермек деген бір бала бар, Алматыда қызмет ақаруда.


Әжібек Алтайбековтің жұбайы Зурә Қайниса және Зұлқиза деген екі қызымен қалды. *Қазина Алтайбекқызының* жолдасы – Қимаш Усин, соғыс және еңбек ардагері. Олар да балалы– шағалы болып өмірден озды. Артында қалған қызы Рая Казгородокта, ұлы Сапар ауыл шаруашылық саласында абыройлы қызмет атқарады.

Қазыбек пен Шәріп Алтайбеков жиендеріміз екеуі де Шиеліде тұрды, өмірлерінің соңына дейін нағашылары Нұрпейісовтермен тығыз қарым– қатынаста болды.

Бурабай жақтан ат басын Омбыға қарай тартсақ, жолында Қызылтаң және Алқатерек ауылдары бар. Сол ауылдарда Бейсембай атадан тараған ағайындарымыз тұрады. Әрі қарай сол ағайындар жайында айтқанды жөн көрдім.



Ұлы даланың сонау атам заманынан бері жалғасып келе жатқан дархан дәстүрін бойына сіңіріп, қиындыққа қайыспай, көсем келбетті, аққұба жүзді, еңбек ардагері құдаларымыздың бірі ***Нұрмұхамбет Бейсембайұлы.*** Құдамыз



кезінде бай, арабша оқыған жан екен. Нүкен (Нұрмұхамбет) Кеңес үкіметі кезінде ел басқарған, кейін арабша білімінің арқасында ауылдың үлкен молдасы болған. Ал, Айтжан құдағи еңбекқор, өте кішіпейіл, көрші–қолаңына, ауыл–аймағына силы болған жан еді. Нүкен ата да коммунистік партия қатарында болған. Екі басқарма (менің әкем Байсан мен Нүкең) бірнеше жыл жұмыс бабында араласып, бір–бірлеріне қонақ болып жүріп құдаласқан. Нүкеңнің бес қызы (Рахима, Рабиға, Нәпен, Көпей, Қайыржан) және Сапарбек деген ұлы болған. Ағатайым Нүкеңнің үлкен қызы –Рахиманы құда түсіп, інісі Махметке алып берген. Нүкен құда туралы:

«Нүкен құда ел билеген жасынан,
Айтжан ана еш кетпеген қасынан.
Үзілмеген ел– жұртына қазаны
Дәм татпаған кем– ақ шығар асынан.

Игі жақсы құдандалы болып иілген,
Бес қызына қырмызыдай киінген.
Қайран құда өтіп кетті дүниеден
Топырағы торқа болсын үйілген.

Не сабаздар дүниеден өтпеген.
Өзі өлгенше ырыс– бақыт кетпеген.
Ықыласпен шын батасы берілген
Сапарбегім мұратына жет деген»– жыр жолдары

еріксіз тілге оралады.

«Қарағайдан қиылған, Казгородок үйлері–ай,
Терезенің қырауын қырып жеген күндер–ай»–дегендей Казгородокта біздің ағаштан қиылып салынған үйіміз болды. 1945 жылы әкем соғыстан аман– есен елге оралып, «Сәуле» колхозына басқармалық жұмысқа жіберілді. Махмет тәтемнен хабар болмай, әскерден келмей жатты. Біздер көшейік деп жатырмыз, сонда апатайым: «Мен осы Казгородокта қаламын, күйеуімнің соғыстан келгенін күтемін»– деп отырып алғаны бар. Сол бір сәт менің есімде. Үйге Нүкең құда (апатайымның әкесі) келді. Ол кісі денелі, сақалы аппақ еді. Төрге отырып қызына: «Сен осы үйдің келінісің. Бес жылғы соғыста бір отбасы болып тұрдыңдар, Мәмилә құдағи не айтса сол болады. Құдай жазса, ертең– ақ Мақан келеді, содан кейін келесіңдер бірге»– дегені есімде. Құданың айтқаны құдайдың құлағына шалынып, бәрі орнына келді.

Нүкен құданын ерекше қасиеттері болған. Ол кісі көп жасады, қайтыс болар мезгілін де білген сияқты...

Тәтем аман–есен елге оралғаннан кейін олар Казгородокта тұратын болды. Мен де аудан орталығына келдім. Сол кезде қонақ болып, үйге Қызылтаңнан тәтемнің балдыздары мен бажалары: Шайза–Құрманғали, Рабиға–Қабыкен, Нәпен–Айып, Көпей–Даулетбайлар келеді. Ал, апатайымның кіші сіңлісі Қайыржанмен бір төсекте жатып, мектепте бірге оқыдық. Нүкен құданың ерекше қасиеттері болған.

Біздің әулеттің маңайына жиналған ағайындар баршылық еді. Кәрімов, Жәнібеков, Алтайбеков, Құланов, Усин, Қаңтарбаев, Мұсахожин, Нүкенов, Жұмабаев, Ильясов, Қапаев, Ашимовтар сынды құда–жекжаттармен араласқан тамаша кезеңдер естен кетпейді.

Қазақта «Туған ай, тураған етпен бірдей» деген емес пе. Міне содан бері алпыс жылға жуық уақыт өтіпті. Иә, сол бір қуанышқа толы тамаша кезеңдер әлі күнге дейін ұмытылайды. Өткен күнде белгі жоқ деп кім айтады?! Неге болмасын. Өзіміздің тал түсіміздің бесін шағымызға беттеп бара жатсақ та, барлық күндер кешегідей жадымызда, көз алдымызда.

Сапарбек Нүкенов – жоғарғы шежіре сұлбасында көрсетілген Нұрмағамбет құданың бес қыздан кейінгі баласы, мамандығы агроном, Көкшетау ауылшаруашылық институтын бітірген. Ол Алқатеректе агроном, директордың орынбасары, кейін «Жазира» жекешаруашылығын құрған. Ләззәт деген келінімізбен отауласып, үлкен әулеттің иесі болды.

Құдайға шүкір! Арман Сапарбекұлы, Астанада медицина Академиясын тамамдаған, тіс дәрігері. Аман Сапарбекұлы, Қарағанды жоғарғы милиция мектебін бітірген, Ақжар аудандық милицияда қызмет атқарады. Досан Сапарбекұлы Астанада Заң институтын бітірген, қазір Көкшетауда заңгерлік қызмет атқаруда. Дидар Сапабекұлы Астанада медицина Академиясында оқиды.



Сапарбек пен Ләззят баласы Арманмен



Сапарбек,Ләззят Арманның қызы Нұраймен

1992 жылдың 28 шілдесінде Нүкеновтер отбасында жарық жұлдыздай жарқырап қызы Жазира дүниеге келіп, бүкіл әулет қуанған керемет күн болатын. Алтау болмаса да, төрт ұлдан кейін туған бұл қыз балаларыңның атын Қыз Жібек деп неге қоймадыңдар?– деген едім. Бұл күні ата-анасы қызды

болып, ағалары қарындасты болған қуанышты күн ретінде 18 рет атап өтті. Күні кеше ғана осы қуаныштары түгесілместей, өмірбақи жалғаса беретіндей көрінетін. Амал не... Осыдан бір жарым жыл «жол апаты» деген сұм ажал өзінің үкіміне ешкімнің базынасы жүрмейтінін көрсетіп, Жазираны алып кетті. Туған күнін 19 рет тойламақшы болып отырған Жазира жұлдыз боп ағып түсті. Оның жұдырықтай жүрегіне Сарыарқаның кең даласы, Көкшенің сексен көлі сиятын еді. Қырда көшкен сағымдай жосылып, арада жылдар өтсе де, өмірдің ызғары мен суық желі Жазираның бейнесін жұрт көңілінен өшіре алмайды.

Оның алға қойған мақсаты биік, арманы асқақ еді. Амал қанша, оқуын бітіріп, дипломын қолына алып, өмірге бір кірпіш болып қаланып, қуанышын көпшілікпен бөлісу бұйырмапты.

«Жақсы адамның дүниеден өткен күні болмайды, тек туған күні ғана болады»–дегендей, өмірдің осындай қатыгез қас қағым сәтін мынандай жоқтау жолдарына сиғызуға болады.

Қырық күн өтті өмірден сен өткелі,
Қырық күн өтті тағдырдың мұңды еткелі.
Жазира–ау, қарап тұрсақ Сенсіз міне,
Зымырауда уақыттың тізбектері.

Қырық күн толды Жазира кеткеніне,
Қойды ғой көтерілмей күн көгіме.
Өкінесің, қайтесің, амал қанша,
Қуанышты күндердің өткеніне.

Неше түрлі басыңа келеді ой,
Кеше ғана бұл дүние кең еді ғой.
Өлу керек болса егер баладан бұрын,
Ананың өліп кеткені жөн еді ғой.

Айрылған Жазирасынан ата–ана,
Көз жетті келмесіне бар ма шама.
Шынар ед тал шыбықтай шыңға біткен,
Қыз Жібегі ед әулеттің жеке дара.

Ия, жұлдыздар ағып өтеді, бірақ сөнбейді.

«Төрт ұлым бір төбе, Жазирам бір төбе»–деп жүрген Сапарбек құданың көкірегін қарс айырған қайғы–қасірет пен көл болып төгілген көзінің жасы оның көзін алды, құса болып, ауруға шалдықты. Айналасына нұр сеуіп, жүрген жерін жайнатып жүретін асыл жан–Сапарбекті, бір жылдан кейін, қара жер қойнына алды. Ағайынның ардақтысы еді...

Нүкен құданың қызы Рабиға Қабыкен Жұмабаев деген азаматқа тұрмысқа шықты. Біз Қабыкен атаны, неге екенін білмеймін, Кәндәбай деп атаушы едік. Ол өмірдің де, елдің де қадір– қасиетін білген, ісі мен өнегесі қашанда


Асылбек «Мужская истрия» фильмінде Адардың ролінде

ардақтауға тұрарлықтай, абзал азамат болатын. Қабыкен мен Рабиғадан Шолпан, Жақан, Жәкен, Айман, Күлман, Кабдеш, Гүлжан, Кәкібайлардай балалар дүниеге келді.

Нәпен құдашамыз Айып Ильясовпен отау құрған–ды. Құдайға шүкір! «Артында бар оңалар» – дегендей, Айып Иьясов құдаларымыздың балалары өсіп, өрістері кеңейді. Нәпен құдашаның қыздары Гүлжәмилә мен Балжамилә және ұлы Кенжебай бөлелері Күләш, Майра, Салтанатармен бірге өскен, қазір де Алматыда бірге араласып жүріп жатыр.

Көпей құдаша әлі де сол Алқатеректе тұрып жатыр. Жолдасы Даулетбай Қапаев құдамыз Қарағанды шахтасында білікті маман ретінде танылып, ел сүйіспеншілігіне бөленіп, сый–құрметке ие болды. Бірақ, көп ұзамай құда мына жалғаннан келместің кемесіне мініп кете барды, жер–ана оны да өз құшағына алды. Ол Көпей құдағидың жүрегін аңыратты, ұлдары Серікбай, Дүйсенбай және қызы Розамен қала берді. Бүгінде Көпей құдағи немересі Асылбек Серікбайұлы Қапаевтан қызық көріп отыр.


Қалел, Көпей, Қайыржан және құдаша Мәнсиямен бір партия болып отырғаным

«Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» қаншама таланттарға тал бесік болып, ән мен күйге тербеп, күмістей көлдеріне шомылтып, биші қайыңдарымен билетіп өсірмеді? Күні кешегі Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ермек Серкебаев. Айта берсек бұл тізім жалғаса түседі. Кербез де тәкаппар тау, саумал ауа, сауыққой ел кімнің де шабытын көтерері мәлім. Көркемдіктің көрмесіндей Көкшенің нәрімен сусындаған жандардың өнер сүйгіш болмауы мүмкін емес. Біз, әдетте жақсы мен жайсаңдарды өткен заман еншісінен іздейміз, олар туралы жазылған деректермен танысқанда таң–тамаша боламыз. Бүгінде дәл сондай адамдар арамызда аз емес. Сондай арамызда жүрген аяулы адамдардың бірі **Асылбек Серікбайұлы Қапаев** дер едім.

Асылбек мектепте оқып жүргенде «Әнші балапанға» қатысып көзге түсті, кейін Жүргенов атындағы өнер институтын тамамдады. Күндіз институтта оқып жүріп, түнде Алматыдағы фантазия әлемі «Аяда» қызмет

істеп, ауылдағы әжесіне көмектесе білді. Сол кезде Асылбекпен бірге оқып, бірге жұмыс істеп жүрген: Мұрат, Расул, Нұрлан, Сырым сияқты жастардың келісті келбеттеріне қызыға қарайтын едім.

«Талапты ерге нұр жауар»–деген халқымыздың ғажайып мақалы бар ғой. Асылбек Қапаев өнер институтын үздік дипломмен аяқтады. Содан бері осы күнге дейін Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық драма театрында еңбек етуде. Асылбектің өнер жолы өсу, өрлеу үстінде келеді. Ол тұлғалаған «Қыз Жібектегі» Төлеген мен Бекежан, «Қара көздегі» Асан және т.б. рольдері оның өнерімізге қосқан зор үлесі. Сонымен қатар, Асылбек сомдаған «Қалжа» телефильміндегі Асылбек, «Мужская историядағы» Айдардың және т.б. бейнелерінің өзі бір төбе.

Өнер адамдарының еңбек жолы жайлы қалам тарту кім–кімге болсын әрі абыройлы, әрі қиын екені ешкімге күмән келтірмейді. Асылбек талантының сыры мен сымбатын ашу, ішкі дүниесі мен рухани қазынасына бойлау бізер сияқты техникалық салада жүрген жандар емес, сол сахнададағы қойылымдардың тылсым сырына және ол кейіптеген бейнелерді басынан аяғына дейін пайымдап да бағалап жүрген тек өнер қайраткерлері – әріптестер мен театр сыншыларының қолдарынан ғана келетін сияқты.



Асылбек анасы Әлия, ағасы Қалибек, қарындасы Райханмен және жеңгесі Әсемгүл, жұбай Ұлжанмен

Сондықтан, мен өнер саласында қол ұстасып бірге жүрген және үш бірдей бала тәрбилеп отырған Асылбек бауырымыз бен Ұлжан келінімізге Сіз деген жандарды қуантып жүре беріңіздер дей отыра мына жыр жолдарын арнаймын.

Өнерімен таңдантқан тірілерді,
«Бейнелерің» өмірге ірі келді.
Осы жолдарды жазып бір отырғанда,
Құлағыма Біржан сал үні келді.

Азаматсың мен сенетін, ел сенетін,
Апалар көп керек болса белсенетін.
Жай ғана жайбасардың бірі емессің,
Жампозсың Құлагердей жол шегетін.

Аса берсін, арта берсін мерейің,
Біз өзіңді тек биіктен көрейік.
Біздің «Асылбек–азамат»–деп ардақты,
Мадақтайық, мақтан етіп жүрейік!

Бір төсекте жатып өскен Қайыржан құдаша бір мектепте оқыған Ашимов Қалел деген азаматқа тұрмысқа шығып, балалы– шағалы болып отыр. Олар туралы 3–ші ортада баяндалмақ.

Бейсембайдың Шахметінің қызы Шайза сол Алқатерекке ауылсовет болып қызметке келген, Құдықағаштың тумасы Құланов Құрманғалиға тұрмысқа шығып, дүниеге Уәли және Қазима деген екі бала әкелді. Мен Уәли Құлановпен мектепте және Алматыда бірге оқыдым. Уәли Алматы малдәрігерлік институтында оқыған. Ал, Қазима Құрманғалиқызы –сіңлім туралы «Біржан сал елінің бір тектісі» деген «Арқа ажары» газетінде жарияланған мақаладан хабардар боларсыздар.

Қазима Құрманғалиқызы Өмірәлина өмір бойы күш–қуатын мәдениет саласында қызмет істеуге арнаған жан. Бүгінде облыс орталығына рухани нәр алатын мекен–"Көкшетау" мәдениет сарайы. Қазима Құрманғалиқызы осы сарайдың 30 жылдан астам меңгерушісі қызметін атқарып, елдің елеулісі, халықтың қалаулысы болып отыр. Облыстық, республикалық деңгейде әкімшілік, әдебиет пен мәдениет саласында басқару орындарында жүрген көптеген азаматтар Қазиманың қырағы көзіне шалынып, жұмыс істеудің сынынан өткендер. Бәрі де Қазима Құрмағалиқызын өздерінің руханиың ұстазы санайды, әлі күнге дейін апайларымен ақылдасып– пікірлесуге, ой бөлісуге ұмтылады.



Қазима Құрманғалиқызын білмейтін адам бір көргенде тек жұрттың жағдайын шешуге жаралған жан екен деп қалуы мүмкін [36].

Еңбекшілдер ауданының Құдықағаш кеңшарында дүниеге келген Қазима өзінің алдындағы да, өзінен кейінгі тумаларына әлі күнге дейін қамқор болып жүреді. Олардың әрқайсысы балалы– шағалы отбасылары болса да, Қазима апайларынсыз, оның ақыл– кеңесінсіз әлі күнге дейін мәселе шешілмейді.

Аппақ өңінен ылғи мейірім мен жылылық есіп тұратын, Біржан атасындай, бүгінгінің сал– серісі сол Қазиманы өзім жақсы көремін. Кейде оны қалай атасам екен деп ойлаймын да, "Қазима Құрманғалиқызы" десем, менен жас, әдемі жан қартайып кететіндей көрінеді, "Қазима сіңлім" десем тым кішірейтіп жібермеймін бе деп ойладым. Ақыры, оны "Сал Қазима" деп атауды жөн көрдім де мынандай өлең арнадым:

Сал – серісі бүгінгінің Қазекең,
Тұла бойы тұнған сұлу наз екен.

Көкшетауда дәл өзіңе тең келер,
Қарындасы Біржан салдың бар ма екен?

Сал Қазима! Көкшенің ерке қызы,
Секілді Оқжетпестің биік құзы.
Мәдениет майданында жайнап жатыр,
Тайға таңба басқандай қалған ізі.

Уақыт деген зымырап өтуде, арамызда жоғарыда аталған жекжаттарымыздың, достарымыздың көбі мәңгілікке аттанған. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, ең алдымен сол аруақтарды еске алып, рухтарын тірілтіп, кейінгілердің еңсесін көтерсек деген ойдамыз. Осы орайда көңілдері жарым боп жүрген жандардың күре тамырларын дөп басатын ақын Ибрагим Исаевтың мына жыр жолдары еріксіз тілге оралады.

Ағайындар мен достарым,
Сендерсіз төмен аспаным.
Өмір дегенің қас– қағым,
Пәниге жалғыз тастадың,
Бақиға кеткен достарым....

Сөз соңында, жоғарыда айтып кеткен кейбір ағайындардың көре алмай кеткен қызығы мен жасай алмай кеткен жасын артында қалған балаларына, немерелеріне берсін, иманы өзіне, жаны жәннаттың төрінде болсын демекпіз. Күні кеше ғана қоғамның белсенді мүшелері болған, бір дастарханнан дәм татып, сыйласып жүрген құдаларымыздың көздері жұмылғанда дұғамыздан қалдырмай, «топырақ торқа болсын» дегеннен басқа не шара. Арамыздың сиреп бара жатқанына көзіміз жетіп отыр.

4. ҚАҢТАРБАЕВТАР ӘУЛЕТІ

Сұлу жердің қасиеті-сағасында
Шөлді жердің қасиеті-ағашында
Қашанда ер жігіттің қасиеті-
Ешбір сәт өзгермейтін нағашыда.

4.1. Нағашылар шежіресінен

Халық шіркін дана ғой. Жақсы адам не нашар адам туралы сөз бола қалса, «нағашысы кім екен», «ата-тегі кім» деген сұрақтар жайдан-жай айтылмайды екен-ау. Ата-бабамыз адамның шыққан тегін, нағашы жұртын біз күні кеше партияға өткенде, ал бүгіндері билікті орындарға отырарда берілетін рекомендация –ұсыныс ретінде қабылдаған болса керек. Тектілік деген ұғым да тегін емес екендігін енді біліп жатырмыз.


Менің анам Бәтжан да осындай текті жерден шыққан еді. Ол өз алдына бір тарих, шежіре (шежіресі келесі бетте).

Арғынның Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Темірсопы, Нәдірсопы деген ұлдары болған. Менің әкелерім Қарасопының ішіндегі Қарауыл болса, нағашыларым Сарысопының Қойлы- Атығайынан тараған.

Қойлы Атығайдың Қоқанынан тараған Жұмағұлұлы Қаңтарбайдың Ахмет, Мұхаметжан, Қарта, Махмет деген төрт ұлы және Бәтжан деген қызы болған. «Пай-пай, шіркін Қаңтарбайдың балаларын-ай! Сайдың қызыл тасындай өскен, өркендеген ел ғой»-деп алыс-жақын сүйсіне қызығады екен. Олар Еңбекшілдер ауданының «Ынталы» колхозында туып өскен. Ахмет пен Мұхаметжан көп жылдар бойы Казгородокта тұрды, кейін Махмет нағашым Бурабайға орныққаннан кейін, ағалары да сонда көшкен.


Осы төрт ұл мен менің анам Бәтжанды дүниеге әкелген үлкен нағашы әжеміз Күлсім Ыбрайқызын көзім көрді. Сөйтіп, арғы нағашыларым Қойлы-Атығайдың Есенгелдісінен тараған.

Нағашы әжем Күлсім бүкіл денесі секпіл, денесі толық, аққұба адам еді. Басына киген кимешегінен оның шашының қандай болғанын көргемін жоқ, бірақ менің шашым оттай қызыл болды (нағашы әжесіне тартқан дейтін). Нағашыларым да менің шешем де барлығы қызыл сепкілді болды. Қарта нағашым айтатын еді: «Бәрімізді бүлдірген бір кемпір (Күлсім)». Қазір осы Алматыда тұратын нағашы сіңлім Қарлығаш-менің анам Бәтжанның копиясы. Жеті атасына тартады деген осы екен, менің Шолпан деген немеремнің шашы да қып-қызыл, «шашын бояған ба?»деп көрген адам сұрап қояды.



Андықожының 3 ұлы болған (Қабыл, Кәдір, Қосағалы), Қосағалы деген ұлы әкесімен бірге соғыстарға қатысып, батырлық көрсеткен. Әкесі қартайып

ауырып жатқанда, Қосағалы соғыста жүріп Андықожының ақ семсерін бір сарт жігітке сыйлық ретінде беріп кетеді. Әкесі баласының бұл ісіне қатты ашуланып: «Менің орнымды сен басасың, ел қорғаған мендей батыр болады деп саған әдейі арнап ақ семсерімді берсем, не біреуге бердің? Ұрпағың үш атадан атпағыр» - деп теріс батасын берген екен. Міне содан Қосағалының ұрпақтары өспеген. Бүгінде Қосағалының жалғыз-ақ Қалиақпар баласынан немересі Алматыда тұрады.



4.2. Ахмет және Мұхамбеджан Қаңтарбаевтар

Нағашы атамыз Қаңтарбай балаларының барлығын ауыл молдаларына беріп оқытқан екен. Олар хат таныларлық, қиссалар оқырлық дәрежесіне ғана жеткен. Үлкен нағашыларымыз Ахмет пен Мұхамеджан хат таныған соң, оқуды тастап еңбекке кірісіп кеткен.

Ахмет нағашым өмір бойы мал баққан, жұбайы Ендігой екеуі балаларымен Казгородокта тұрды. Үлкен қызы Сахан Қызылұйым бастауыш мектебінің директоры Кәген ағамызбен тұрмыс құрған еді. Бүгінде екеуі де дүниеден озды. Олардың үлкен қызы Шәмшибану Алматыда білім алған, қазір Көкшетауда қызмет атқаруда және Айдар есімді баласының қызығын көруде. Соқан нағашы апамның қалған балалары Бурабайда еңбек етуде.



Ахмет , Қарта нағашыларым анасы Гүлсіммен. Сол жақта отырған Бәтжан

Ахмет нағашымның үлкен ұлы Балташ әскери міндетін орындап жүрген шақта соғыс басталып, 1941-45 жылға дейін Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін де Кеңес Армиясы қатарында қалып Ресей жерінде жауынгерлік борышын жалғастырған.

Балташ Ахметұлы Қаңтарбаев «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Жеңістің 20, 30 жылыдығы» мерейтойлық, «СССР қарулы күштерінің 60 жылдығы» медальдарымен марапатталды.



Ол Қазақстанға тек 1965 жылы ғана ауысып келіп, бірнеше жыл Қаратау қаласында әскери комиссаратты басқарды. Подполковник Қаңтарбаев Балғаш Ахметұлы, Алматыда балаларының қолында дүние салды.

Қаңтарбаева Галя Балғашқызы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінде көп жыл қызмет атқарды. Қазір Алматыда тұрады, жұбайы Мұрат екеуі Асқар деген баласын атасының дәстүріне сай етіп тәрбиелеуде. Балташ ағаның екінші қызы *Люба* Алматыда банк саласында қызмет істейді, ұлы Санжар студент.

Мұхамбеджан Қаңтарбаев нағашым жасынан қол өнеріне бейім болып, өлген адамдардың басына қоятын құлпытас шабуды кәсіп еткен екен. Бұндай тастың жазуын да өз қолынан қашаған. Сондай жазулардың төменгі жағына өзінің атын, фамилиясын тасты шауып бітірген күнін жазып қоюды әдет еткен.

Сәбит Мұқанов өзінің естеліктерінде Қаңтарбаевтар туралы былай жазғаны бар: « 1930 жылдары Еңбекшілер ауданына асыра сілтеу жұмысын тексеруге барсам, өзімізбен бірге Кеңес үкіметін орнатуға атсалысып жүрген Махмет Қаңтарбаевтың ағасы туралы материалға тап болдым.

Жаппай колхоздану науқанының кезінде, Қаңтарбаевтар туралы өшіккен біреу: «Мұхамеджан Қаңтарбаев жасында молда болып, өліктердің аруағына табынған, оған талассыз куә – байлардың молаларын шапқан тасы, сондай тастарды өзінің қойған қолдары бар» - деп арыз береді.

«Найзағайшылдар» тексеріп қараса – рас! Олар Қаңтарбаевтардың үстінен материал жасауға кіріскенде, ауылдағы Ахмет нағашым сасады да, тілін алатын адамдарды жұмсау арқылы, інісінің қолы қойылған тастың бәрін көрлерінің басынан құлатып, үстін топырақпен жауып тастай бастайды... Бірақ тастың саны бірталай болғандықтан, бәрін сүйреуге шамасы келмей, құлатқан тастың бірталайы көр басында қалып қояды... Мен оның қамаудан шығуына

көмектестім. Артынан жолыққанда Махмет Қаңтарбаев және оның ағасы Қарта үшеуіміз осы жайды еске түсіріп шегіміз қатқанша күліп алушы едік...»

Мұхамеджан нағашым өле-өлгенше сол кәсібін тастаған жоқ. Бурабай мен Қазгородоктың жаттарында құлпытастардың көбінде Мұхамеджан нағашымның қолтаңбасы бар. Нағашым жұбайы Бәтеш екеуі Балжан және Сайран деген екі қыздарын тұрмысқа беріп, солардың балаларын бағып , өмірлерінің соңына дейін Бурабайда тұрды. Қаңтарбаева Шолпан балалы-шағалы, қазір Қостанайда тұрады. Қаңтарбаев Марат жұбайы Розамен бірге Павлодарда қызмет атқарады. Сайран және Динара деген балаларын тәрбиелеуде.

4.3. Қарта Қаңтарбаев

Ауыл молдасынан алған біліміне онша қанағаттанбаған Қарта Қаңтарбаев Шортандағы бастауыш училищесінің оқуын бітіріп, еңбек жолын Еңбекшілердің №5 ауылында мұғалім болып бастаған.



Ауыл мұғалімі Қарта: сол жақтағы Гүл, ортадағы Жібек, оң жақтағы Есмағамбет Ысмайылов

1925-1927 жылдары комсомол қатарында, 1928 жылы партия мүшесі болған. Махмет нағашым Алматыда қызмет атқарып журген кезде, 1933 жылы елден Қартаны жанұясымен және 16 жасар қарындасы Бәтжанды Алматыға көшіріп әкелген, оның себебі, ол жылдары елде тұрмыс ауыр болған. Махмет айтқан: «Біздер бір жерде болайық, екі үлкен ағаларымыз шаруашылықпен айналысып елде тұрсын» деген. Қарта нағашымда паспорт болмапты, паспорт алу үшін елден анықтама сұраса, оған Қаңтарбаев Қарта 1901 жылы туған деп жазыпты. Сөйтіп, Махмет екеуіміз бір жылда туған болып шыға келіпті. Махмет нағашымның әр сөзді сөйлеп, сөзінің артын, әзіл-күлкіге айналдырып жіберетін жасынан әдеті болған екен. Ағасы елден мынандай анықтама алып отырған соң, Қарта нағашымды «құрдас» деп кеткен.

Менің анам айтатын еді: «Қарта ағам Алматыға келген соң, мұғалімдік жұмысқа орналасты, күндіз бала оқыту, кешке сырттай өзі оқу, өте ауыр болды

қатты қиналып жүрді. Және де, сол кездегі «алашорда» «тап жауы» «кулак» дегендер шығып, кешегі мүйіздері қарағайдай болып жүргендер, бүгін барда, ертең жоқ заман болды. Ағам өндір шаршап, еңсесі көтерілмей, қабағын түйіп жүретін-ді. Бір күні үйге келе жатқанын Махмет ағам көріп, «Ал, үндемеңдер біздің құрдастың әкесі бүгін өлгендей болып, қабағын жауып келе жатыр» - деп біздерді күлдіретін.

Қарта нағашым 1937 жылдан бастап Алматыдағы №38 және №18 мектептерде мұғалім бола жүре Абай атындағы педагогикалық институтты сырттай оқып тамамдаған. 1958 жылдан бастап Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазба бөлімінде қызмет атқарды.

Егер қолдарыңызда 1967 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Біржан сал Қожағұлұлы» деген кітап болса, сол кітапты құрастырған Қарта Қаңтарбаев, ал алғы сөзін жазған академик Есмағанбет Ысмайылов ағамыз екендігіне көз жеткізуге болады.

Кітапты құрастырған менің нағашым – Қарта Қаңтарбаев, ал оның суретшісі Шәріптің нағашысы Әділхан Рахманов болды. Әділханның алғашқы туындысы 1967 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Біржан сал» кітабын суретпен бейнелеу еді. Мына төменгі суретте Қарта Қаңтарбаев құрастырған кітаптың сыртқы жұқа мұқабасы, онда Біржан сал бейнесі келтірілген. Ал екіншісі сол кітаптың ішкі қатты мұқабасы, оның өзінде де сол ғасырға лайықтап қазақтың ою-өрнегін бейнелеген.




Қарта нағашым сол кезде Қазақстанның ғылымдар Академиясында осындай тарихи өнер жұлдыздары туралы мәлімет жинап, көп сериялы кітаптар құрастыруымен айналысатын.Осы кітаптың Есмағамет Ысмаилов ағамыз жазған 40 беттен тұратын алғы сөзінде «Біржанның өмірі мен ата-тегі туралы және бұрын белгісіз өлеңдерін жинауда Қ.Қаңтарбаев көп еңбек сіңірді» –деп жазды

«Біржанның баласы Теміртастың және оның баласы Мұхамебедқалидың суреттерін Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметкері Қ.Қаңтарбаев тауып әкеп берді» - деп

жазды, өзінің «Замана бұлбұлдары» кітабында Ахмет Жұбанов. Нағашым Қарта Академияда қызмет істеп жүрген кезде, Көкшетауға қысы-жазы іс-сапармен барып, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай жайында мәліметтер жинайтын. Жазуы жақсы еді, барлығын қолмен жазатын-ды.

Алматыға келген соң, сол жазып әкелгендерін қазақша шрифтысы бар машинкаға басатын. Мәтінді тергенде, қолым тиіп қалғанда, мен де көмектесетін едім. Сол машинкасын, қайтар алдында, маған аманат қылып тастап кетті. Ол кезде компьютер жоқ. Менің алғашқы : «Геодезия» және «Маркшейдерлік іс» атты екі оқу құралым (1992, 1993 жж) сол машинкада басылып жарық көрді.

1981 жылы Қарта нағашымыздың 80 жасқа толған тойына суретші іниміз оның портретін салғыздық. Біздер суретшіге ренжіп жүрміз: «Салсаң Көкшетауды дұрыстып салмайсың ба?» деп. Сөйтсек, портеттегі идея: Көкшетау бір төбе (үшкіл), Оқжетпес бір үшкіл, Қарта қарияның өзі(киген тақиясымен) бір төбе деген мағына екен, оны кейін білдік. «Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» деген қағиданы берік ұстаған, Қарта нағашым менің үй болып кетуіме, азамат болып қалыптасуыма үлкен әсер етті, көп көмектерін тигізді. О дүниелік болар алдында, мүмкін сезді ме екен, ең алдымен туыстары, құдалары Нұрпейісовтерге (Казгородокқа), содан кейін ағалары жатқан жер – Бурабайға барып көз жұмды. Туған жердің топырағы бұйырды деген осы да!



Нағашым мен жұбайы Құсни екеуінің жалғыз қыздары Жібек Қаңтарбаева, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент еді. Ол Қазақтың өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі, кейін директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Жұбайы Ескендір Алтаев екеуі үш бала тәрбиелеп, немерелерін көріп дүниеден өтті.

4.4.Махмет Қаңтарбаев

1901 жылы Бурабайдың шығыс жағында «Қара бұлақ» деген жерде туған, еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған. 1924 жылы Орынбордағы «қызыл командирлер» оқуының саяси бөлімін бітірген.

1925 жылдан коммунист, партия және мемлекет қайраткері. 1928-31 жж. – Алматы облыстық комитетінің жауапты хатшысы, кейін облыстық партия комитетінің төрағасы, 1935-40 жж. аралығында Қазақстан компартиясының орталық комитетінде партиялық бақылау бөлімін басқарды. 1941-45 жж. Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1945-52 жж. Бурабай табиғи паркінің директоры қызметтерін мүлтіксіз атқарған азамат еді. 1952 жылы қазанның 15 жұлдызында, өзінің Бурабайында, тосыннан қан қысымынан қайтыс болды.

1925-1927 жылдары комсомол қатарында, 1928 жылы партия мүшесі болған.



Нағашыларым:Қарта, Махмет, жұбайлары Құсни, Гүлбану және қыздары Гүл , Жібек

Махмет нағашым Алматыда қызмет атқарып журген кезде, 1933 жылы елден Қартаны жанұясымен және 16 жасар қарындасы Бәтжанды Алматыға көшіріп әкелген, оның себебі, ол жылдары елде тұрмыс ауыр болған. Махмет айтқан: «Біздер бір жерде болайық, екі үлкен ағаларымыз шаруашылықпен айналысып елде тұрсын» деген. Қарта нағашымда паспорт болмапты, паспорт алу үшін елден анықтама сұраса, оған Қаңтарбаев Қарта 1901 жылы туған деп жазыпты. Сөйтіп, Махмет екеуіміз бір жылда туған болып шыға келіпті. Махмет нағашымның әр сөзді сөйлеп, сөзінің артын, әзіл-күлкіге айналдырып жіберетін жасынан әдеті болған екен. Ағасы елден мынандай анықтама алып отырған соң, Қарта нағашымды «құрдас» деп кеткен.

Біздің Нұрпейісовтар әулеті осындай құдаларын құдайындай сыйлап өтті. Махмет құданы сыйлағандары сондай, құданың атын атамас үшін, өз баласы Махметті - Мақан деп атап кетті. Қарта мен Махмет нағашыларым Алматыдан Казгородокқа келгенде басқа туыстарының үйлеріне түспей, әдейі, бір жағынан өздерінің жалғыз қарындастарының орны, екінші жағынан - құданың Мақан мен Рахиманың үйіне атының басын бұратын. Осы екі әулеттің ұрпақтары әлі күнге дейін Алматыда байырғы қарым-қатынасты жалғастыруда.

Мен 15-ке толғанда ол кісі дүниеден озды. Біздің үйдегілердің, жұрттың айтуынша: «Махмет өте бойшаң, кең иықты, парасатты, терең ойлы, адам болған. Ол кісіде бос жүру, қыдыру, орынсыз сөз сөйлеу болмайды екен. Не істесе де , не сөйлесе де алдын-ала ойлап, тиісті жерінде ғана сөйлейтін.

Қызмет бабында партия мен үкіметтің қаулы-қарарын мүлтіксіз орындауға шын берілген коммунист болған».

Махмет нағашым алғаш Мария Асқапқызына үйленген. Ол көп жылғы ұзақ аурудан кейін 37 жасында қайтыс болған. Мариядан 1928 жылы туған Гүл деген қызы қалған.

Нағашым Алматыда Қазақстан компартиясының Орталық комитетінде қызмет атқарып жүргенде С.Сейфуллинмен тығыз қарым-қатынасы болған. Екінші әйелі ақын Қайып Айнабековтың ортаншы қызы - Гүлбану. Қ.Айнабековтың үлкен қызы Гүлбаһрам – Сәкен Сейфуллиннің, кіші қызы Күлән – режиссер Асқар Тоқпановтың жұбайы болды. Қазақстанның халық әртісі, тұңғыш режиссер Асқар Тоқпанов С.Сейфуллин, М.Қаңтарбаевпен бажа болғанын мақташыппен айтатын. Бүгінде Махмет, Сәкен және Асқар бажалар өмірден өтті.

Қарта нағашым інісі Махмет туралы естелігінде[37] былай деп жазған жері бар: «Біздің Ахмет және Мұхамеджан ағаларымыз ауылда бір-біріне жақын, ал Махмет екеуіміз өмір бойы егіз қозыдай бірге өстік, өмірімізде біріміздің бетімізге біріміз келмедік. Қайсы бір уақытта, мен үлкендік жасап, оның мінезінің қаталдығын, бірбеттілігін айтып ұрысқан болатын едім, сонда ол әзілге жеңдіріп, саясатқа байланыстырып, маған ақыл айтатын. Біздер Алматыда екі семья бір үйде тұратынбыз. Туыс арасындағы қайшылықтарда менің айтқанымның көбін мойындай келе: «Ал, ел көнсе мен көндім, өзің біл» - дейтін. Қандай данышпандық! Біз төртеуіміз де жасымыздан ынтымақты болдық, арамызда ашу-араздық, бір затқа таласу, бөліну, айтысу дегенді білмедік. Сөйтіп жүріп, үйленіп, семьялы болдық. Семья арасында аздаған күңкіл кіре бастаса, Махмет отырып: «Адамға өмірде туыс қымбат, біз туысымыздан айырылмаймыз, туыстан айырамыз деген әйел болса, онда өкшелеріңді көтеріңдер, әр көшеде әйел табылады, бірақ туыс табылмайды» - дейтін.

Гүл Махметқызы Қаңтарбаева Көкшетауда дүниеге келген. «Жақсыдан жақсы тумай ма, ата жолын қумай ма» дегендей көкірегі асыл, қажымайтын қайрат, кемімейтін екпіні бар, партия мен үкімет қызметкері, коммунист Махмет Қаңтарбаевтың тұңғышы еді. Махмет нағашым перзентінің атын «Гүл»-деп қойған және оған мына өлең жолдарын арнаған.



Атыңды комсомолдар «Гүл» деп қойды,
Гүлдей боп арамызда жүр деп қойды.
Езілген елің үшін еңбек етіп,
Жаса деп жас та болсаң міндет қойды.

Гүл десе, гүлдей болып үлбіреп, Көкшенің көлдеріндей мөлдіреп, қазақтың қызы қайсы десе, мынау дегендей болып өсті, өз соқпағында ата жолына көшті. *«Тектіден текті туады, Тектілік тұқым қуады, Тегі бекзат болғандар, Өмірдің мәнін ұғады, Тұғырында өмірдің әрқашан биік тұрады»* - деп халық бекер айтпаса керек. Ол онжылдық мектепті бітіргеннен кейін, Алматыдағы Қазақтың қыздар педагогикалық институтын үздік

тамамданған. Еңбек жолын қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруден бастаған.

Қырық бес жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған Гүл Махметқызын жұрт жақсы көріп кетті, қадірлі де сыйлы азамат болды. Оған апамыздың адамдарды алаламайтындығы, ішкі жан дүниесінің тазалығы, отбасы, ошақ қасының күңкіл-сүңкілінен жоғары тұра білетіні себепші болған деп білеміз.

Гүл апамыз еңбек етіп қана қойған жоқ, Хаби Сержанұлымен жанұя құрып, дүниеге бүлдіршіндей Нұрлан және Нұрия есімді балаларын әкелді. Оның өмірге деген құштарлығы балаларына деген сүйіспеншілікпен ұшта-сып жатты.



Гүл Махметқызы балалары: Нұрлан, Нүрия Сержановтармен және немересі Айдармен

Өркениеттің, білім мен ғылымның орталығында тұрса да, адам болса деген арманы асқақ болды. Алматыда оқып жүрген студенттер, көшіп келген жанұялар, қызмет істеп жүрген көптеген азаматтар Гүл Махметқызының үйіне түсетін, қанат қағатын, оның қамқорлығына бөленетін де жұмыс істеудің сынынан өтетін еді. Бәрі де Гүл Махметқызын өздерінің өкіл аналарындай санайтын, апайларымен ақылдасып- пікірлесуге, ой бөлісуге ұмтылатын еді.

Гүл мен Гүлбану анамыздың арасындағы қарым-қатынас ерекше болатын. Гүл Махметқызы Қайып Айнабековтар әулетін (Күлән, Бәсирә, Балхаш, Мереке т.б) сыйлап өтті. Әсіресе, Күлән апамызды қадірлегені соншалық, жездеміз Асқар Тоқпановтың тілін тауып, қажет жерде тізгіндеп те отыратын еді. Гүл апамызды кезінде 60 жасқа келді деп айтуға қимайтын едік. Сырлы аяқты сыры кетсе де сыны кетпейтіні рас екен, науқасқа шалдықса да оның ешқашан ажары тайған емес. Гүл десе, Гүл еді ғой, шіркін... ....[38]

Ажарың күн бедерлі-алтын. Алмас,
Тозаң баспас, тот баспас, қырау шалмас.
Гүл десе, жайнап тұрған гүл едің-ау,
Кім ойланбас, дәм етпес, назар салмас.

Өзіңе кісі бар ма, келетін тең,
Папаңдай парасатты пейілің кең.
Көтердің қиындықты нар түйедей,
Бейнеңді әлі ұмытпай келемін мен.-

деп жыладық, жоқтадық. Бірақ, міне биыл арамыздан Гүліміздің оралмасқа кеткеніне тура 20 жыл болыпты. Гүл Қаңтарбаеваның рухына мына жолдарды арнаған едім.

«Өткен күндер сағымдай, көрген түстей болар да.
Нағашы апам Гуляның орыны сірә толар ма?

Жағдайын ойлап талайдың, қуанса бірге қуандың.
Гуля айтса болды деп, сөзіңді бәріміз құп алдық.
Гүл десе, шіркін гүлім ең, жаралған таза сезімнен.

Бар адамның көңілін, жүрегіңмен сезінген.
Нұрланың мен Нүрияң, қос жанарың жұлдызың.
Екеуін де үй қылып, көре алмай кеттің қызығын.

Өлшеусіз өмір бітті де, мәңгілікке көз жұмдың.
Айжан, Қарлығаш үшеуміз, ақ жүзіңді арулап,
Амандығын тілейміз, артында қалған ұл-қыздың».

Шмит Махметұлы Қаңтарбаев жүрек ауруынан 37 жасында дүние салды. Артында жұбайы Мәдина 6 жасар Элмирамен қала берді. Бүгінде келініміз Мәдинә қызымен және Туризм және көлік академиясын тамамдап қызмет істеп жатқан немересі Дилярамен бірге өсіп-өнді елдің елеулі азаматтары болып Астанада тұрып жатыр.


Гүл, Шмит, Мәдинә және Элмира

Қаңтарбаева Қарлығаш Махметқызы, Алматы медицина институтын тамамдаған, тіс дәрігері. Жолдасы Болат Ильясұлы Жансүгіров, белгілі кинорежисер өмірден ерте озды. Қарлығаш балалары, немерелерімен Жансүгіровтер әулетінің отын өшірмей, түтінін түзу шығары Алматыда тұрып жатыр.

Бүгінде ол үй бір мұражай сияқты. Төрде, 18 жасында қолына келін болып түскен, Фатима ананың суреті ілулі тұр. Фатима тек жұбай Болаттың ғана анасы емес, әрдайым сол үйге жыйналатын, бастары қосылатын, ақылдасатын ағайындылардың (Саят, Үміт, Ильфа,Мұрат, Пулат және т.б.) анасы. Фатимадан қалған дүние-мүлік, кітаптар Біләл, Ілияс, Мұхтарлардың көзіндей, арттарында қалған сөзіндей сақталуда. Сондықтан да ол үй барлық балаларға ортақ –орталық.





Қарлығаш болса, бүгінде сол шаңырақты ұстап, ұрпақтарын өрбітіп отырған асыл ана және сүйікті әже. Лейла Болатқызы Жансүгірова ҚазҰУ-ды тамамдаған, ғылым докторы, «Генетика және цитоология» ҒЗИ-ның директоры.

Умиля Болатқызы геолог. Кейінгі кезде Қарлығаш Махметқызы Көкшетаудағы бауырларына әке орнының әке, ана орнына ана болуға тура келіп отыр. Олардың әрқайсысы балалы-шағалы, өмірден өз орындарын тапқан саналы азаматтар болса да, Қарлығашсыз, ол кісінің ақыл-кеңесінсіз әлі күнге дейін мәселе шешілмейді. Жыл сайын Бурабайға барып, аталары, әке мен ана, аяулы ағаларының зиратына да Қарлығаш бастап бару әдетке айналған.



Нағашы сіңілім Қарлығаш менің анамның копиясы деп айтқаным бар. Қарлығашқа қарасам анамды көргендей күйге түсемін. Сол күйімді, сезімімді оның туған күніне арнаған мына жолдардан байқарсыздар.

Аққұба өңің алтындай, құшақтайсың жарқылдай.
Туған анам секілді, тартасың мені сарқылмай...
Айналайын қарағым, ашық сенің қабағың.
Аумай қалған анамнан, түріңе таң қаламын.
Пейілің кең даламдай, қамқорлығың анамдай.
Сыйластық керек адамға, мынау жарық ғаламда.
Тұлғасы, түрі, қолаңшаш, секпілі ұқсас, ол да рас.
Қаңтарбаева Қарлығаш сіңлісі туған анамның.

Қаңтарбаев Талас Махметұлы 1998 жылы тамызда 55-ке толмай әкесі Махмет сияқты жүрек ауруынан қайтыс болды. Ол «Астана теміржолының» Көкшетау аймағын басқаратын.

Таласты жерлеуде:



«Тұлпарлардың тұяғы, асылдардың құрағы,
Арманда кеткен қыршын жас, қайранда менің, Таласым!
Оқжетпестей бойы бар, тұнық көлдей ойы бар.
Көкшедегі тірегі, жайлып жатқан кілемім,
Арманда кеткен баласың, қайранда менің, Таласым!
Бойындағысын бере алмай, көп өлеңін жаза алмай,
Балалардың қызығын көре алмай, кең дүниеге сия алмай,
Бір ауыз тілге келе алмай, арманыңа жете алмай,
Аттанып бара жатырсың, мекеніңе Таласым!
Ахмет, Қарта, Мұхаметжан, Махмет, Шмит, Гүлбану,
Казгородокта жатса да, бірге туған Бәтжан да,

Торқалы төсек салыңдар, бара жатыр Таласың,
Қойындарыңа алыңдар!» –деп жоқтау да айттық.

Ілияс Таласұлы Қаңтарбаев, Алматыдағы көлік-коммуникация академиясында білім алған**,** қазір «Бурабай курорты» стансасы коммерциялық жүк тасымалдау бөлімінің бастығы, Бурабайдағы атасы Махмет Қаңтарбаевтың үйінде тұрады. Жібек есімді келініміз бар, құдалдарымыз да құдайға қарап қалған жандар. Жібек қайын енесі Раушан, апалары Ғалия және Аселмен тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Ілияс іниміздің әрбір мерейтойы елеусіз, ескерусіз қалмағаны анық. Ғұмырының бедерлі белестерінің бірі – қырық жасқа келгенде ізгі ниеттерімізді өлеңмен жеткізген едік. Сол тілекте мынандай шумақ болған.

Ілияс қырық деген жасқа келді.
Келгендей көрінеді жыйырмаға енді.
Келінімізбен екеуі айдай сұлу,
Көргендейміз Қыз Жібек, Төлегенді…

Бүгінде Аружан есімді қыздарын тәрбиелем сұлу өмір кешіп жатқан оларды Жібек пен Төлегенге теңеуіміз әбден орынды. Бір-біріне ынтық, ғашық жандарды жыр-дастандардан ғана емес, нақты өмірде кездесетіні осының дәлелі.

Нағашыларым Қаңтарбаевтар барлығы да Бурабайда, ал менің шешем Бәтжан Қаңтарбаева Казгородокта жерленген. Олар өмірден өтсе де, Көкшелік ізгі ниетті қауымның өз ішінде де азаматтық ажарымен, орнықты кішіпейіл, ақпейіл мінезімен, адалдығымен еңбеккерлігімен танымал болған Қаңтарбаевтар әулетін білмейтін, танымайтын адамдар аз шығар. Нағашым Махметтің тұрған үйі әлі күнге дейін орнында, балалары мен немерелері тұрады. Бурабайдың өлкетану музейінде Қаңтарбаевтар туралы толық мәлімет бар.

Аруақтарыңнан айналайын, нағашыларым, жатқан жерлерің жарық болып, пейіштен нұрларың шалқысын деймін үнемі. Нағашыларым қасиетті кісілер еді ғой. Арты жаман болған жоқ. Жиендері, немерелері, шөберелері өсіп – өрбуде.

Абзал нағашыларымның үкілі үмітіне ел – жұртының, туған халқының тілеулес ықласын қос иықтармен көтеріп келе жатқан Қаңтарбаевтардың жас ұрпақтарын «әкеге тартып ұл, шешеге тартып қыз» туады деп мен мақтан тұтамын, сол сезімнен өзім де биіктей түсемін және жүрегіңді дір еткізер нағашыларыма деген сағыныш сезем. Шіркін – ай, сағына білгенге, сағындыра білгенге не жетсін!

4.5. Нағашы жұртым

Сүйікті газеттеріміз: «Арқа ажары», «Көкшетау», «Бұқпа» және «Айқын» газеттерін жаныма серік қылғаныма жиырма жылдай уақыт болыпты. Осы

мерзім ішінде оның әрбір санын асыға қолыма алып, қадағалап оқумен қатар, ара-тұра өзім де мақалалар жазып тұрамын. Әсіресе, соңғы жылдары егемендік алуымызға байланысты бұрын айтылмай келген ақтаңдақтарымыздың беті ашылып, газет бетінде жазықсыз жапа шеккен арыстарымыз, тіліміз, дініміз туралы көптеген жазбалар жарық көрді.

Солардың қатарында жазушы М. Қожахметованың «Асыл ана – орның дара», Ғ. Кәрімовтың «Бұзып, жардық бөгетсіз», А. Әбутәліповтың Еңбекшілдер азаматтарына арнауы, «Қарауыл Қанай би», «Қарауыл Бөгенбай», «Андықожа», Жағаловтың «Ең алдымен Көкшені сүю керек» деген мақалаларды атауға болады.

«Ойды ой қозғайды» демекші, осындай мақалалардан кейін, бұдан бірнеше жыл қарт аналарымыздан, аталарымыздан естіген әңгімелер еске түседі. Анам өмірден ерте өтсе де, мен нағашыларым туралы айтқандарын әлі күнге жадымда сақтап келемін.

Нағашыларымның барлығы дерлік Казгородокта тұрды. Қаңтарбайдың бауыры Дүйсенбайдан туған Шайшахмет те Казгородокта тұрды, бертін қайтыс болды. Қазір сол Шайшахмет атамыздың қызы Айжан Алматыда тұрады. Бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай қатынас жасап, мұң – мұқтажымызға құлақ асып, көмегін көрсетіп жүрген нағашыларымның бірі



Айжан мен Қайыркен.

Айжан Шайшахметқызы Қыздар педагогикалық институтын бітіріп, Казгородокта ұстаздық қызмет атқарды.

Сөйтіп жүріп, Еңбекшілердің жігіті Қайыркен Қалиұлы Нұрсейітовке тұрмысқа шығып, үй болды. Қайыркен Нұрсейітов, подполковник дәрежесіне, әскери қызметте, Кеңестер үкіметінің бірсыпыра жерінде еңбек етті. Сонда қайын атасы Шайшахмет нағашым екі баласымен (Айжан мен Қайыркен) бірге жүрді.

Қазақстанға (Алматыға) біржола ауысып келгенде Қайыркен: «Елді, Сіздерді сағынып, қайтып келгенім осы емес пе? Туған елім, өскен өлкем, жастық шағым, өмір мектебінен өтіп, ағалық жасқа келсек те, туыстарды іздейді екенбіз. Өмірде сыйластыққа, достыққа, қадір – қасиетті білгенге не жетсін!» - деп толғанған-ды.

Бүгінде Қайыркен мен Айжан бір –біріне арқай болып, сыйластықпен өмір кешіп келеді. Олар бар тілектің бастау көзі, әрі ұйытқысы болып, қанатымен су сепкен қарлығаштай, өз балаларына, немерелеріне өнегелі тәлім, тәрбие бере білді. Оның үстіне туыстарға ұйтқы, ақылшы, серігі бола білді.

Қайыркен мен Айжанның 70 жасқа толған мерейтойында:

Бүкіл елге танымал, жанашыр туыс – бауырға,
Құрметтеген, сыйлаған үлкен – кіші ауылда,
Бар өмірін арнаған Отан қорғау ісіне,
Бұл өлеңім арналды Қайыркен деген кісіге.

Келіп қалсаң қалаға әңгіме – дүкен құрасың,
Бәрі бұйрық сөзіңнің таным таппай жүресің.
Полковниктің «настоящий» өзісің,
Апамыздан басқаны қашан осы көресің.
Сізге пана болды ғой Алатаудың жартасы,
Туып – өскен Көкшенің болып тұрсыз «маркасы».
70-ке келіп қалсада, білмей жүрсіз қарттықты,
Бар ғұмырын сарп еткен Айжанның арқасы.
Құтты болсын Қайыркен, Айжан, мерейтойыңыз,
Сізге арналған бүгінде барлық тілек ойымыз.
80, 90, 100 деген тойларды да осылай,
Өткізуге біздермен жоспарлап та қойыңыз» - деген едік.

«Алуан – алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, кешегі өткен заманда, ақылы асқан дана ағаларымыз, алғыр ойлы, ұлағатты тұлғалар, ойына ақылы сай, ел тізгінін қолына ұстап, халқына адал қызмет еткен ағаларды ұмыту мүмкін емес. Анам Бәтжан айтатын еді: «Махметпен егіз қозыдай қатар өскен, 1927 жылдан бастап бірге қызметтес болып, Кеңес үкіметін орнатуға ат салысып, жақсыны насиқаттап, өткен **Рахымжан Ыбраев** деген нағашым болды. Махмет райком хатшысы болғанда, Рахымжан жастар комитетін басқарған. Жиналыстарда сөйлегенде сөзі өткір, туралап әрі кесіп айтады екен. Махмет пен Мария жаңа үйленіп, бір үйде тұрып жатқанда» Рахымжан да солармен бірге тұрған, бір дастарханнан тамақ ішіп, бірінің киімін бірі киіп жүрген» деп.

Рахымжан нағашымыз екі әйел алған. Бірінші әйелі Тасжанның қызы Нұржамал, ата-анасы келін ұстаймыз деп жастайынан үйлендірген. Сол әйеліне көңілі толмай, басқа қызға ғашық болып, семья бүліне бастаған. Рахымжанның осы істеген ісіне ашуланып, ұрсу үшін Ыбырай ата үйлеріне келіпті. Сол кезде, атамыз көп балалы бәйбішесінің үстіне тоқал алған кезі болса керек. Атамыз: «айрандай ұйып отырған семьяңды бұзып, Нұржамал деген қызың бар, ағайын арасында ылаң шығарма, мына ісіңді қой! Сен не қылып жүрсің, мынаны тоқтатпай»,-деп Махметке ұрысса керек. Сонда Рахымжан: «Мен сізге тартқанмын ғой. Сіз де ылаң шығарып, менің апамды тастап, көзі көк тұздай, Бәтиқаны алдыңыз ғой»-дегенде отырғандар күліп жіберіпті. Сөз төркінін білетін Ыбырай ақсақал сөзден тосылып, төмен қарап: «Япырай, мынаған амал болмас»-деп сөзін тоқтатыпты.

Екінші рет Сара деген қызға үйленген, ол да қайтыс болды. Сөйтіп, Рахымжан нағашым соғысқа аттанғанда, артында **Нұржамал** және Сарадан туған **Сәуле** деген қыздары қалды. Рахымжан нағашым Отан соғысынан қайтпады. Нұржамал әкесіне тартып, комсомол және жауапты партия қызметтерінде болды.

Сәуле мектепте өте жақсы оқыды, ол да әкесіне тартып өте алғыр, мектептегі комсомол ұйымының жұмысын жандандырды. «Жақсы оқығаны, қоғам жұмысына белсенді қатысқаны үшін және әкесі ұлы Отан соғысында қаза тапқан»-деп Сәулеге Артекке демалуға жолдама берген. Сәуле біздің

Еңбекшілдер ауданы бойынша Артекке барған бірден-бірі оқушы болған, мұғалімдік жоғары білім алған.

Қызылтуда тұратын Нұржамал апаның қолында қызмет атқарып жүріп, Сәуле Жасқайрат деген азаматпен танысқан.

Еңбекті емген, қиындықты көрген, халықтан нәрлі сөзді терген, қазақтың қара табан перзенті **Жасқайрат Арынғазин** Сәулені Алқатеректегі әке-шешесінің қолына келін қылып түсірген. Сол кезден бастап Сәуле Рахымжанова Алқатерек орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беріп, бүгінде зейнеткерліктің дәмін татып отыр.

Адамның сыйлы, абыройлы болуы атқарған қызметіне қарамаса керек. Қай ортада да өзі жақсы адамның жанына өзге жұрт үйірілгіш келеді емес пе? Отыз жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған ұстаз Сәулені Алқатерек ауылында үлкен-кішінің бәрі жақсы көріп кетті, қадірлі де сыйлы азамат бола білді. Оған Сәуленің ішкі жан-дүниесінің тазалығы, от басы, ошақ қасының күңкіл-сүңкілінен жоғары тұра білетіні себеп болған деп білемін.

Мен сол Алқатеректе тұратын туыстарға сан рет барып жүріп, Рахымжан нағашымнан қалған тұяқ – Сәуленің сол жерде тұратынын білмеппін. Оны білгенім былай болды.

2008 жылы Еңбекшілдер ауданының құрылғанына 80 жыл толған торқалы тойы болып, шақырумен елге бардым. Елге құр қол бармадым, «Атамекен» деген кітабымды ала бардым және Көкшенің газеттеріне өзімнің әке-шешем және нағашыларым туралы мақалаларым шықты. Той аудан орталығы Степнякта өтті.

Әр ауыл бір-бірінен қалыспай, өз киіз үйлерін тіккен. Мен Абдрахмановтар әулетінің киіз үйінде болдым. Сол тойға келе алмаған Алқатерек ауылындағы туыстарға беретін сәлемдемемді және кітаптарымды «кімге екенін айтсаңыз апарып береді»-деп, мені Алқатеректен келген Жасқайрат қажымен таныстырды. Сөйтіп, Сәуленің жұбайы Жакеңмен кездесудің сәті түсті.

Жасқайрат қажы 10 шақты жыл бұрын қажылыққа барып келген, ертеден кешке дейін аузынан Алла, қолынан құраны түспейтін, сол ауылдың сыйлы азаматы екендігіне бірнеше рет көзім жетті.



Нағашым Сәуле және оның жұбайы Жасқайрат қажы балаларымен

Адам баласы өз өмірінде небір рахат, қызық көрсе де ұрпағы дұрыс болып өспесе, көргені түстей болып өте шығады. Осы ретте мен ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» деген жыр жолдарының сөзін кейінгі кезде «Баласы жақсы адамдар, ешқашан қартаймайды» - деп өзгертіңкіреп айтып жүргенін еске салып, Сәуле сондай қартаймай жүрген бақытты аналардың бірі дегім келеді. Өйткені, отағасы Жакең екеуі Мұстар, Серік, Айгүл, Бибігүл, Гүлмира, Айна сынды балаларын тәрбиелеп, олардан немере, шөбере көріп отыр.

«Жақсыдан кейінгіге мұра қалар,
Жас ұрпақ өз керегін таңдап алар.
Артыңда өшпейтұғын ізің қалса,
Қуалап сол ізбенен бұлақ ағар»,-

демекші, қызы Сәуленің және оның балаларының қызығын көре алмай, соғыста қаза болған Рахымжан нағашыма зор ілтипаттылықпен басымды иіп, алла тағала ұрпақтарын қолдап, аруақтар рухы желеп-жебеп жүрсін демекпін.

Ыбыраева Шолпан Қазгородок мектебін бітірген, ҚазПИ-дің географиясын бітірген. Мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Зейнеткер, қазір Щучьеда тұрады. Жолдасы Шәріпов Қабешпен Қазгородок орта мектебінде бірге оқыған едік. Қайтыс болды.

Ыбырайқызы Тікітайдан **Сәлім Алыпқарин**, ҚазКМИ-ді бітіріп, Ресейде жұмыс істеген, орыс семьясы бар. Мәскеуде тұратын, қазір қайтыс болды.

Оның інісі **Серік Алыпқарин** Киевте ұшқыштың оқуын бітіріп, сол жақта орысқа үйленіп, Алматы аэропортында қызмет атқарды. Бүгінде дүние салған. Артында бала-шағалары бар, Алматыда тұрады.

4. ҚАҢТАРБАЕВТАР ӘУЛЕТІ

Сұлу жердің қасиеті-сағасында
Шөлді жердің қасиеті-ағашында
Қашанда ер жігіттің қасиеті-
Ешбір сәт өзгермейтін нағашыда.

4.1. Нағашылар шежіресінен

Халық шіркін дана ғой. Жақсы адам не нашар адам туралы сөз бола қалса, «нағашысы кім екен», «ата-тегі кім» деген сұрақтар жайдан-жай айтылмайды екен-ау. Ата-бабамыз адамның шыққан тегін, нағашы жұртын біз күні кеше партияға өткенде, ал бүгіндері билікті орындарға отырарда берілетін рекомендация –ұсыныс ретінде қабылдаған болса керек. Тектілік деген ұғым да тегін емес екендігін енді біліп жатырмыз.


Менің анам Бәтжан да осындай текті жерден шыққан еді. Ол өз алдына бір тарих, шежіре (шежіресі келесі бетте).

Арғынның Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Темірсопы, Нәдірсопы деген ұлдары болған. Менің әкелерім Қарасопының ішіндегі Қарауыл болса, нағашыларым Сарысопының Қойлы- Атығайынан тараған.

Қойлы Атығайдың Қоқанынан тараған Жұмағұлұлы Қаңтарбайдың Ахмет, Мұхаметжан, Қарта, Махмет деген төрт ұлы және Бәтжан деген қызы болған. «Пай-пай, шіркін Қаңтарбайдың балаларын-ай! Сайдың қызыл тасындай өскен, өркендеген ел ғой»-деп алыс-жақын сүйсіне қызығады екен. Олар Еңбекшілдер ауданының «Ынталы» колхозында туып өскен. Ахмет пен Мұхаметжан көп жылдар бойы Казгородокта тұрды, кейін Махмет нағашым Бурабайға орныққаннан кейін, ағалары да сонда көшкен.


Осы төрт ұл мен менің анам Бәтжанды дүниеге әкелген үлкен нағашы әжеміз Күлсім Ыбрайқызын көзім көрді. Сөйтіп, арғы нағашыларым Қойлы-Атығайдың Есенгелдісінен тараған.

Нағашы әжем Күлсім бүкіл денесі секпіл, денесі толық, аққұба адам еді. Басына киген кимешегінен оның шашының қандай болғанын көргемін жоқ, бірақ менің шашым оттай қызыл болды (нағашы әжесіне тартқан дейтін). Нағашыларым да менің шешем де барлығы қызыл сепкілді болды. Қарта нағашым айтатын еді: «Бәрімізді бүлдірген бір кемпір (Күлсім)». Қазір осы Алматыда тұратын нағашы сіңлім Қарлығаш-менің анам Бәтжанның копиясы. Жеті атасына тартады деген осы екен, менің Шолпан деген немеремнің шашы да қып-қызыл, «шашын бояған ба?»деп көрген адам сұрап қояды.



Андықожының 3 ұлы болған (Қабыл, Кәдір, Қосағалы), Қосағалы деген ұлы әкесімен бірге соғыстарға қатысып, батырлық көрсеткен. Әкесі қартайып

ауырып жатқанда, Қосағалы соғыста жүріп Андықожының ақ семсерін бір сарт жігітке сыйлық ретінде беріп кетеді. Әкесі баласының бұл ісіне қатты ашуланып: «Менің орнымды сен басасың, ел қорғаған мендей батыр болады деп саған әдейі арнап ақ семсерімді берсем, не біреуге бердің? Ұрпағың үш атадан атпағыр» - деп теріс батасын берген екен. Міне содан Қосағалының ұрпақтары өспеген. Бүгінде Қосағалының жалғыз-ақ Қалиақпар баласынан немересі Алматыда тұрады.



4.2. Ахмет және Мұхамбеджан Қаңтарбаевтар

Нағашы атамыз Қаңтарбай балаларының барлығын ауыл молдаларына беріп оқытқан екен. Олар хат таныларлық, қиссалар оқырлық дәрежесіне ғана жеткен. Үлкен нағашыларымыз Ахмет пен Мұхамеджан хат таныған соң, оқуды тастап еңбекке кірісіп кеткен.

Ахмет нағашым өмір бойы мал баққан, жұбайы Ендігой екеуі балаларымен Казгородокта тұрды. Үлкен қызы Сахан Қызылұйым бастауыш мектебінің директоры Кәген ағамызбен тұрмыс құрған еді. Бүгінде екеуі де дүниеден озды. Олардың үлкен қызы Шәмшибану Алматыда білім алған, қазір Көкшетауда қызмет атқаруда және Айдар есімді баласының қызығын көруде. Соқан нағашы апамның қалған балалары Бурабайда еңбек етуде.



Ахмет , Қарта нағашыларым анасы Гүлсіммен. Сол жақта отырған Бәтжан

Ахмет нағашымның үлкен ұлы Балташ әскери міндетін орындап жүрген шақта соғыс басталып, 1941-45 жылға дейін Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін де Кеңес Армиясы қатарында қалып Ресей жерінде жауынгерлік борышын жалғастырған.

Балташ Ахметұлы Қаңтарбаев «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Жеңістің 20, 30 жылыдығы» мерейтойлық, «СССР қарулы күштерінің 60 жылдығы» медальдарымен марапатталды.



Ол Қазақстанға тек 1965 жылы ғана ауысып келіп, бірнеше жыл Қаратау қаласында әскери комиссаратты басқарды. Подполковник Қаңтарбаев Балғаш Ахметұлы, Алматыда балаларының қолында дүние салды.

Қаңтарбаева Галя Балғашқызы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінде көп жыл қызмет атқарды. Қазір Алматыда тұрады, жұбайы Мұрат екеуі Асқар деген баласын атасының дәстүріне сай етіп тәрбиелеуде. Балташ ағаның екінші қызы *Люба* Алматыда банк саласында қызмет істейді, ұлы Санжар студент.

Мұхамбеджан Қаңтарбаев нағашым жасынан қол өнеріне бейім болып, өлген адамдардың басына қоятын құлпытас шабуды кәсіп еткен екен. Бұндай тастың жазуын да өз қолынан қашаған. Сондай жазулардың төменгі жағына өзінің атын, фамилиясын тасты шауып бітірген күнін жазып қоюды әдет еткен.

Сәбит Мұқанов өзінің естеліктерінде Қаңтарбаевтар туралы былай жазғаны бар: « 1930 жылдары Еңбекшілер ауданына асыра сілтеу жұмысын тексеруге барсам, өзімізбен бірге Кеңес үкіметін орнатуға атсалысып жүрген Махмет Қаңтарбаевтың ағасы туралы материалға тап болдым.

Жаппай колхоздану науқанының кезінде, Қаңтарбаевтар туралы өшіккен біреу: «Мұхамеджан Қаңтарбаев жасында молда болып, өліктердің аруағына табынған, оған талассыз куә – байлардың молаларын шапқан тасы, сондай тастарды өзінің қойған қолдары бар» - деп арыз береді.

«Найзағайшылдар» тексеріп қараса – рас! Олар Қаңтарбаевтардың үстінен материал жасауға кіріскенде, ауылдағы Ахмет нағашым сасады да, тілін алатын адамдарды жұмсау арқылы, інісінің қолы қойылған тастың бәрін көрлерінің басынан құлатып, үстін топырақпен жауып тастай бастайды... Бірақ тастың саны бірталай болғандықтан, бәрін сүйреуге шамасы келмей, құлатқан тастың бірталайы көр басында қалып қояды... Мен оның қамаудан шығуына

көмектестім. Артынан жолыққанда Махмет Қаңтарбаев және оның ағасы Қарта үшеуіміз осы жайды еске түсіріп шегіміз қатқанша күліп алушы едік...»

Мұхамеджан нағашым өле-өлгенше сол кәсібін тастаған жоқ. Бурабай мен Қазгородоктың жаттарында құлпытастардың көбінде Мұхамеджан нағашымның қолтаңбасы бар. Нағашым жұбайы Бәтеш екеуі Балжан және Сайран деген екі қыздарын тұрмысқа беріп, солардың балаларын бағып , өмірлерінің соңына дейін Бурабайда тұрды. Қаңтарбаева Шолпан балалы-шағалы, қазір Қостанайда тұрады. Қаңтарбаев Марат жұбайы Розамен бірге Павлодарда қызмет атқарады. Сайран және Динара деген балаларын тәрбиелеуде.

4.3. Қарта Қаңтарбаев

Ауыл молдасынан алған біліміне онша қанағаттанбаған Қарта Қаңтарбаев Шортандағы бастауыш училищесінің оқуын бітіріп, еңбек жолын Еңбекшілердің №5 ауылында мұғалім болып бастаған.



Ауыл мұғалімі Қарта: сол жақтағы Гүл, ортадағы Жібек, оң жақтағы Есмағамбет Ысмайылов

1925-1927 жылдары комсомол қатарында, 1928 жылы партия мүшесі болған. Махмет нағашым Алматыда қызмет атқарып журген кезде, 1933 жылы елден Қартаны жанұясымен және 16 жасар қарындасы Бәтжанды Алматыға көшіріп әкелген, оның себебі, ол жылдары елде тұрмыс ауыр болған. Махмет айтқан: «Біздер бір жерде болайық, екі үлкен ағаларымыз шаруашылықпен айналысып елде тұрсын» деген. Қарта нағашымда паспорт болмапты, паспорт алу үшін елден анықтама сұраса, оған Қаңтарбаев Қарта 1901 жылы туған деп жазыпты. Сөйтіп, Махмет екеуіміз бір жылда туған болып шыға келіпті. Махмет нағашымның әр сөзді сөйлеп, сөзінің артын, әзіл-күлкіге айналдырып жіберетін жасынан әдеті болған екен. Ағасы елден мынандай анықтама алып отырған соң, Қарта нағашымды «құрдас» деп кеткен.

Менің анам айтатын еді: «Қарта ағам Алматыға келген соң, мұғалімдік жұмысқа орналасты, күндіз бала оқыту, кешке сырттай өзі оқу, өте ауыр болды

қатты қиналып жүрді. Және де, сол кездегі «алашорда» «тап жауы» «кулак» дегендер шығып, кешегі мүйіздері қарағайдай болып жүргендер, бүгін барда, ертең жоқ заман болды. Ағам өндір шаршап, еңсесі көтерілмей, қабағын түйіп жүретін-ді. Бір күні үйге келе жатқанын Махмет ағам көріп, «Ал, үндемеңдер біздің құрдастың әкесі бүгін өлгендей болып, қабағын жауып келе жатыр» - деп біздерді күлдіретін.

Қарта нағашым 1937 жылдан бастап Алматыдағы №38 және №18 мектептерде мұғалім бола жүре Абай атындағы педагогикалық институтты сырттай оқып тамамдаған. 1958 жылдан бастап Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазба бөлімінде қызмет атқарды.

Егер қолдарыңызда 1967 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Біржан сал Қожағұлұлы» деген кітап болса, сол кітапты құрастырған Қарта Қаңтарбаев, ал алғы сөзін жазған академик Есмағанбет Ысмайылов ағамыз екендігіне көз жеткізуге болады.

Кітапты құрастырған менің нағашым – Қарта Қаңтарбаев, ал оның суретшісі Шәріптің нағашысы Әділхан Рахманов болды. Әділханның алғашқы туындысы 1967 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Біржан сал» кітабын суретпен бейнелеу еді. Мына төменгі суретте Қарта Қаңтарбаев құрастырған кітаптың сыртқы жұқа мұқабасы, онда Біржан сал бейнесі келтірілген. Ал екіншісі сол кітаптың ішкі қатты мұқабасы, оның өзінде де сол ғасырға лайықтап қазақтың ою-өрнегін бейнелеген.




Қарта нағашым сол кезде Қазақстанның ғылымдар Академиясында осындай тарихи өнер жұлдыздары туралы мәлімет жинап, көп сериялы кітаптар құрастыруымен айналысатын.Осы кітаптың Есмағамет Ысмаилов ағамыз жазған 40 беттен тұратын алғы сөзінде «Біржанның өмірі мен ата-тегі туралы және бұрын белгісіз өлеңдерін жинауда Қ.Қаңтарбаев көп еңбек сіңірді» –деп жазды

«Біржанның баласы Теміртастың және оның баласы Мұхамебедқалидың суреттерін Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметкері Қ.Қаңтарбаев тауып әкеп берді» - деп

жазды, өзінің «Замана бұлбұлдары» кітабында Ахмет Жұбанов. Нағашым Қарта Академияда қызмет істеп жүрген кезде, Көкшетауға қысы-жазы іс-сапармен барып, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай жайында мәліметтер жинайтын. Жазуы жақсы еді, барлығын қолмен жазатын-ды.

Алматыға келген соң, сол жазып әкелгендерін қазақша шрифтысы бар машинкаға басатын. Мәтінді тергенде, қолым тиіп қалғанда, мен де көмектесетін едім. Сол машинкасын, қайтар алдында, маған аманат қылып тастап кетті. Ол кезде компьютер жоқ. Менің алғашқы : «Геодезия» және «Маркшейдерлік іс» атты екі оқу құралым (1992, 1993 жж) сол машинкада басылып жарық көрді.

1981 жылы Қарта нағашымыздың 80 жасқа толған тойына суретші іниміз оның портретін салғыздық. Біздер суретшіге ренжіп жүрміз: «Салсаң Көкшетауды дұрыстып салмайсың ба?» деп. Сөйтсек, портеттегі идея: Көкшетау бір төбе (үшкіл), Оқжетпес бір үшкіл, Қарта қарияның өзі(киген тақиясымен) бір төбе деген мағына екен, оны кейін білдік. «Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» деген қағиданы берік ұстаған, Қарта нағашым менің үй болып кетуіме, азамат болып қалыптасуыма үлкен әсер етті, көп көмектерін тигізді. О дүниелік болар алдында, мүмкін сезді ме екен, ең алдымен туыстары, құдалары Нұрпейісовтерге (Казгородокқа), содан кейін ағалары жатқан жер – Бурабайға барып көз жұмды. Туған жердің топырағы бұйырды деген осы да!



Нағашым мен жұбайы Құсни екеуінің жалғыз қыздары Жібек Қаңтарбаева, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент еді. Ол Қазақтың өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі, кейін директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Жұбайы Ескендір Алтаев екеуі үш бала тәрбиелеп, немерелерін көріп дүниеден өтті.

4.4.Махмет Қаңтарбаев

1901 жылы Бурабайдың шығыс жағында «Қара бұлақ» деген жерде туған, еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған. 1924 жылы Орынбордағы «қызыл командирлер» оқуының саяси бөлімін бітірген.

1925 жылдан коммунист, партия және мемлекет қайраткері. 1928-31 жж. – Алматы облыстық комитетінің жауапты хатшысы, кейін облыстық партия комитетінің төрағасы, 1935-40 жж. аралығында Қазақстан компартиясының орталық комитетінде партиялық бақылау бөлімін басқарды. 1941-45 жж. Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1945-52 жж. Бурабай табиғи паркінің директоры қызметтерін мүлтіксіз атқарған азамат еді. 1952 жылы қазанның 15 жұлдызында, өзінің Бурабайында, тосыннан қан қысымынан қайтыс болды.

1925-1927 жылдары комсомол қатарында, 1928 жылы партия мүшесі болған.



Нағашыларым:Қарта, Махмет, жұбайлары Құсни, Гүлбану және қыздары Гүл , Жібек

Махмет нағашым Алматыда қызмет атқарып журген кезде, 1933 жылы елден Қартаны жанұясымен және 16 жасар қарындасы Бәтжанды Алматыға көшіріп әкелген, оның себебі, ол жылдары елде тұрмыс ауыр болған. Махмет айтқан: «Біздер бір жерде болайық, екі үлкен ағаларымыз шаруашылықпен айналысып елде тұрсын» деген. Қарта нағашымда паспорт болмапты, паспорт алу үшін елден анықтама сұраса, оған Қаңтарбаев Қарта 1901 жылы туған деп жазыпты. Сөйтіп, Махмет екеуіміз бір жылда туған болып шыға келіпті. Махмет нағашымның әр сөзді сөйлеп, сөзінің артын, әзіл-күлкіге айналдырып жіберетін жасынан әдеті болған екен. Ағасы елден мынандай анықтама алып отырған соң, Қарта нағашымды «құрдас» деп кеткен.

Біздің Нұрпейісовтар әулеті осындай құдаларын құдайындай сыйлап өтті. Махмет құданы сыйлағандары сондай, құданың атын атамас үшін, өз баласы Махметті - Мақан деп атап кетті. Қарта мен Махмет нағашыларым Алматыдан Казгородокқа келгенде басқа туыстарының үйлеріне түспей, әдейі, бір жағынан өздерінің жалғыз қарындастарының орны, екінші жағынан - құданың Мақан мен Рахиманың үйіне атының басын бұратын. Осы екі әулеттің ұрпақтары әлі күнге дейін Алматыда байырғы қарым-қатынасты жалғастыруда.

Мен 15-ке толғанда ол кісі дүниеден озды. Біздің үйдегілердің, жұрттың айтуынша: «Махмет өте бойшаң, кең иықты, парасатты, терең ойлы, адам болған. Ол кісіде бос жүру, қыдыру, орынсыз сөз сөйлеу болмайды екен. Не істесе де , не сөйлесе де алдын-ала ойлап, тиісті жерінде ғана сөйлейтін.

Қызмет бабында партия мен үкіметтің қаулы-қарарын мүлтіксіз орындауға шын берілген коммунист болған».

Махмет нағашым алғаш Мария Асқапқызына үйленген. Ол көп жылғы ұзақ аурудан кейін 37 жасында қайтыс болған. Мариядан 1928 жылы туған Гүл деген қызы қалған.

Нағашым Алматыда Қазақстан компартиясының Орталық комитетінде қызмет атқарып жүргенде С.Сейфуллинмен тығыз қарым-қатынасы болған. Екінші әйелі ақын Қайып Айнабековтың ортаншы қызы - Гүлбану. Қ.Айнабековтың үлкен қызы Гүлбаһрам – Сәкен Сейфуллиннің, кіші қызы Күлән – режиссер Асқар Тоқпановтың жұбайы болды. Қазақстанның халық әртісі, тұңғыш режиссер Асқар Тоқпанов С.Сейфуллин, М.Қаңтарбаевпен бажа болғанын мақташыппен айтатын. Бүгінде Махмет, Сәкен және Асқар бажалар өмірден өтті.

Қарта нағашым інісі Махмет туралы естелігінде[37] былай деп жазған жері бар: «Біздің Ахмет және Мұхамеджан ағаларымыз ауылда бір-біріне жақын, ал Махмет екеуіміз өмір бойы егіз қозыдай бірге өстік, өмірімізде біріміздің бетімізге біріміз келмедік. Қайсы бір уақытта, мен үлкендік жасап, оның мінезінің қаталдығын, бірбеттілігін айтып ұрысқан болатын едім, сонда ол әзілге жеңдіріп, саясатқа байланыстырып, маған ақыл айтатын. Біздер Алматыда екі семья бір үйде тұратынбыз. Туыс арасындағы қайшылықтарда менің айтқанымның көбін мойындай келе: «Ал, ел көнсе мен көндім, өзің біл» - дейтін. Қандай данышпандық! Біз төртеуіміз де жасымыздан ынтымақты болдық, арамызда ашу-араздық, бір затқа таласу, бөліну, айтысу дегенді білмедік. Сөйтіп жүріп, үйленіп, семьялы болдық. Семья арасында аздаған күңкіл кіре бастаса, Махмет отырып: «Адамға өмірде туыс қымбат, біз туысымыздан айырылмаймыз, туыстан айырамыз деген әйел болса, онда өкшелеріңді көтеріңдер, әр көшеде әйел табылады, бірақ туыс табылмайды» - дейтін.

Гүл Махметқызы Қаңтарбаева Көкшетауда дүниеге келген. «Жақсыдан жақсы тумай ма, ата жолын қумай ма» дегендей көкірегі асыл, қажымайтын қайрат, кемімейтін екпіні бар, партия мен үкімет қызметкері, коммунист Махмет Қаңтарбаевтың тұңғышы еді. Махмет нағашым перзентінің атын «Гүл»-деп қойған және оған мына өлең жолдарын арнаған.



Атыңды комсомолдар «Гүл» деп қойды,
Гүлдей боп арамызда жүр деп қойды.
Езілген елің үшін еңбек етіп,
Жаса деп жас та болсаң міндет қойды.

Гүл десе, гүлдей болып үлбіреп, Көкшенің көлдеріндей мөлдіреп, қазақтың қызы қайсы десе, мынау дегендей болып өсті, өз соқпағында ата жолына көшті. *«Тектіден текті туады, Тектілік тұқым қуады, Тегі бекзат болғандар, Өмірдің мәнін ұғады, Тұғырында өмірдің әрқашан биік тұрады»* - деп халық бекер айтпаса керек. Ол онжылдық мектепті бітіргеннен кейін, Алматыдағы Қазақтың қыздар педагогикалық институтын үздік

тамамданған. Еңбек жолын қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруден бастаған.

Қырық бес жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған Гүл Махметқызын жұрт жақсы көріп кетті, қадірлі де сыйлы азамат болды. Оған апамыздың адамдарды алаламайтындығы, ішкі жан дүниесінің тазалығы, отбасы, ошақ қасының күңкіл-сүңкілінен жоғары тұра білетіні себепші болған деп білеміз.

Гүл апамыз еңбек етіп қана қойған жоқ, Хаби Сержанұлымен жанұя құрып, дүниеге бүлдіршіндей Нұрлан және Нұрия есімді балаларын әкелді. Оның өмірге деген құштарлығы балаларына деген сүйіспеншілікпен ұшта-сып жатты.



Гүл Махметқызы балалары: Нұрлан, Нүрия Сержановтармен және немересі Айдармен

Өркениеттің, білім мен ғылымның орталығында тұрса да, адам болса деген арманы асқақ болды. Алматыда оқып жүрген студенттер, көшіп келген жанұялар, қызмет істеп жүрген көптеген азаматтар Гүл Махметқызының үйіне түсетін, қанат қағатын, оның қамқорлығына бөленетін де жұмыс істеудің сынынан өтетін еді. Бәрі де Гүл Махметқызын өздерінің өкіл аналарындай санайтын, апайларымен ақылдасып- пікірлесуге, ой бөлісуге ұмтылатын еді.

Гүл мен Гүлбану анамыздың арасындағы қарым-қатынас ерекше болатын. Гүл Махметқызы Қайып Айнабековтар әулетін (Күлән, Бәсирә, Балхаш, Мереке т.б) сыйлап өтті. Әсіресе, Күлән апамызды қадірлегені соншалық, жездеміз Асқар Тоқпановтың тілін тауып, қажет жерде тізгіндеп те отыратын еді. Гүл апамызды кезінде 60 жасқа келді деп айтуға қимайтын едік. Сырлы аяқты сыры кетсе де сыны кетпейтіні рас екен, науқасқа шалдықса да оның ешқашан ажары тайған емес. Гүл десе, Гүл еді ғой, шіркін... ....[38]

Ажарың күн бедерлі-алтын. Алмас,
Тозаң баспас, тот баспас, қырау шалмас.
Гүл десе, жайнап тұрған гүл едің-ау,
Кім ойланбас, дәм етпес, назар салмас.

Өзіңе кісі бар ма, келетін тең,
Папаңдай парасатты пейілің кең.
Көтердің қиындықты нар түйедей,
Бейнеңді әлі ұмытпай келемін мен.-

деп жыладық, жоқтадық. Бірақ, міне биыл арамыздан Гүліміздің оралмасқа кеткеніне тура 20 жыл болыпты. Гүл Қаңтарбаеваның рухына мына жолдарды арнаған едім.

«Өткен күндер сағымдай, көрген түстей болар да.
Нағашы апам Гуляның орыны сірә толар ма?

Жағдайын ойлап талайдың, қуанса бірге қуандың.
Гуля айтса болды деп, сөзіңді бәріміз құп алдық.
Гүл десе, шіркін гүлім ең, жаралған таза сезімнен.

Бар адамның көңілін, жүрегіңмен сезінген.
Нұрланың мен Нүрияң, қос жанарың жұлдызың.
Екеуін де үй қылып, көре алмай кеттің қызығын.

Өлшеусіз өмір бітті де, мәңгілікке көз жұмдың.
Айжан, Қарлығаш үшеуміз, ақ жүзіңді арулап,
Амандығын тілейміз, артында қалған ұл-қыздың».

Шмит Махметұлы Қаңтарбаев жүрек ауруынан 37 жасында дүние салды. Артында жұбайы Мәдина 6 жасар Элмирамен қала берді. Бүгінде келініміз Мәдинә қызымен және Туризм және көлік академиясын тамамдап қызмет істеп жатқан немересі Дилярамен бірге өсіп-өнді елдің елеулі азаматтары болып Астанада тұрып жатыр.


Гүл, Шмит, Мәдинә және Элмира

Қаңтарбаева Қарлығаш Махметқызы, Алматы медицина институтын тамамдаған, тіс дәрігері. Жолдасы Болат Ильясұлы Жансүгіров, белгілі кинорежисер өмірден ерте озды. Қарлығаш балалары, немерелерімен Жансүгіровтер әулетінің отын өшірмей, түтінін түзу шығары Алматыда тұрып жатыр.

Бүгінде ол үй бір мұражай сияқты. Төрде, 18 жасында қолына келін болып түскен, Фатима ананың суреті ілулі тұр. Фатима тек жұбай Болаттың ғана анасы емес, әрдайым сол үйге жыйналатын, бастары қосылатын, ақылдасатын ағайындылардың (Саят, Үміт, Ильфа,Мұрат, Пулат және т.б.) анасы. Фатимадан қалған дүние-мүлік, кітаптар Біләл, Ілияс, Мұхтарлардың көзіндей, арттарында қалған сөзіндей сақталуда. Сондықтан да ол үй барлық балаларға ортақ –орталық.





Қарлығаш болса, бүгінде сол шаңырақты ұстап, ұрпақтарын өрбітіп отырған асыл ана және сүйікті әже. Лейла Болатқызы Жансүгірова ҚазҰУ-ды тамамдаған, ғылым докторы, «Генетика және цитоология» ҒЗИ-ның директоры.

Умиля Болатқызы геолог. Кейінгі кезде Қарлығаш Махметқызы Көкшетаудағы бауырларына әке орнының әке, ана орнына ана болуға тура келіп отыр. Олардың әрқайсысы балалы-шағалы, өмірден өз орындарын тапқан саналы азаматтар болса да, Қарлығашсыз, ол кісінің ақыл-кеңесінсіз әлі күнге дейін мәселе шешілмейді. Жыл сайын Бурабайға барып, аталары, әке мен ана, аяулы ағаларының зиратына да Қарлығаш бастап бару әдетке айналған.



Нағашы сіңілім Қарлығаш менің анамның копиясы деп айтқаным бар. Қарлығашқа қарасам анамды көргендей күйге түсемін. Сол күйімді, сезімімді оның туған күніне арнаған мына жолдардан байқарсыздар.

Аққұба өңің алтындай, құшақтайсың жарқылдай.
Туған анам секілді, тартасың мені сарқылмай...
Айналайын қарағым, ашық сенің қабағың.
Аумай қалған анамнан, түріңе таң қаламын.
Пейілің кең даламдай, қамқорлығың анамдай.
Сыйластық керек адамға, мынау жарық ғаламда.
Тұлғасы, түрі, қолаңшаш, секпілі ұқсас, ол да рас.
Қаңтарбаева Қарлығаш сіңлісі туған анамның.

Қаңтарбаев Талас Махметұлы 1998 жылы тамызда 55-ке толмай әкесі Махмет сияқты жүрек ауруынан қайтыс болды. Ол «Астана теміржолының» Көкшетау аймағын басқаратын.

Таласты жерлеуде:



«Тұлпарлардың тұяғы, асылдардың құрағы,
Арманда кеткен қыршын жас, қайранда менің, Таласым!
Оқжетпестей бойы бар, тұнық көлдей ойы бар.
Көкшедегі тірегі, жайлып жатқан кілемім,
Арманда кеткен баласың, қайранда менің, Таласым!
Бойындағысын бере алмай, көп өлеңін жаза алмай,
Балалардың қызығын көре алмай, кең дүниеге сия алмай,
Бір ауыз тілге келе алмай, арманыңа жете алмай,
Аттанып бара жатырсың, мекеніңе Таласым!
Ахмет, Қарта, Мұхаметжан, Махмет, Шмит, Гүлбану,
Казгородокта жатса да, бірге туған Бәтжан да,

Торқалы төсек салыңдар, бара жатыр Таласың,
Қойындарыңа алыңдар!» –деп жоқтау да айттық.

Ілияс Таласұлы Қаңтарбаев, Алматыдағы көлік-коммуникация академиясында білім алған**,** қазір «Бурабай курорты» стансасы коммерциялық жүк тасымалдау бөлімінің бастығы, Бурабайдағы атасы Махмет Қаңтарбаевтың үйінде тұрады. Жібек есімді келініміз бар, құдалдарымыз да құдайға қарап қалған жандар. Жібек қайын енесі Раушан, апалары Ғалия және Аселмен тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Ілияс іниміздің әрбір мерейтойы елеусіз, ескерусіз қалмағаны анық. Ғұмырының бедерлі белестерінің бірі – қырық жасқа келгенде ізгі ниеттерімізді өлеңмен жеткізген едік. Сол тілекте мынандай шумақ болған.

Ілияс қырық деген жасқа келді.
Келгендей көрінеді жыйырмаға енді.
Келінімізбен екеуі айдай сұлу,
Көргендейміз Қыз Жібек, Төлегенді…

Бүгінде Аружан есімді қыздарын тәрбиелем сұлу өмір кешіп жатқан оларды Жібек пен Төлегенге теңеуіміз әбден орынды. Бір-біріне ынтық, ғашық жандарды жыр-дастандардан ғана емес, нақты өмірде кездесетіні осының дәлелі.

Нағашыларым Қаңтарбаевтар барлығы да Бурабайда, ал менің шешем Бәтжан Қаңтарбаева Казгородокта жерленген. Олар өмірден өтсе де, Көкшелік ізгі ниетті қауымның өз ішінде де азаматтық ажарымен, орнықты кішіпейіл, ақпейіл мінезімен, адалдығымен еңбеккерлігімен танымал болған Қаңтарбаевтар әулетін білмейтін, танымайтын адамдар аз шығар. Нағашым Махметтің тұрған үйі әлі күнге дейін орнында, балалары мен немерелері тұрады. Бурабайдың өлкетану музейінде Қаңтарбаевтар туралы толық мәлімет бар.

Аруақтарыңнан айналайын, нағашыларым, жатқан жерлерің жарық болып, пейіштен нұрларың шалқысын деймін үнемі. Нағашыларым қасиетті кісілер еді ғой. Арты жаман болған жоқ. Жиендері, немерелері, шөберелері өсіп – өрбуде.

Абзал нағашыларымның үкілі үмітіне ел – жұртының, туған халқының тілеулес ықласын қос иықтармен көтеріп келе жатқан Қаңтарбаевтардың жас ұрпақтарын «әкеге тартып ұл, шешеге тартып қыз» туады деп мен мақтан тұтамын, сол сезімнен өзім де биіктей түсемін және жүрегіңді дір еткізер нағашыларыма деген сағыныш сезем. Шіркін – ай, сағына білгенге, сағындыра білгенге не жетсін!

4.5. Нағашы жұртым

Сүйікті газеттеріміз: «Арқа ажары», «Көкшетау», «Бұқпа» және «Айқын» газеттерін жаныма серік қылғаныма жиырма жылдай уақыт болыпты. Осы

мерзім ішінде оның әрбір санын асыға қолыма алып, қадағалап оқумен қатар, ара-тұра өзім де мақалалар жазып тұрамын. Әсіресе, соңғы жылдары егемендік алуымызға байланысты бұрын айтылмай келген ақтаңдақтарымыздың беті ашылып, газет бетінде жазықсыз жапа шеккен арыстарымыз, тіліміз, дініміз туралы көптеген жазбалар жарық көрді.

Солардың қатарында жазушы М. Қожахметованың «Асыл ана – орның дара», Ғ. Кәрімовтың «Бұзып, жардық бөгетсіз», А. Әбутәліповтың Еңбекшілдер азаматтарына арнауы, «Қарауыл Қанай би», «Қарауыл Бөгенбай», «Андықожа», Жағаловтың «Ең алдымен Көкшені сүю керек» деген мақалаларды атауға болады.

«Ойды ой қозғайды» демекші, осындай мақалалардан кейін, бұдан бірнеше жыл қарт аналарымыздан, аталарымыздан естіген әңгімелер еске түседі. Анам өмірден ерте өтсе де, мен нағашыларым туралы айтқандарын әлі күнге жадымда сақтап келемін.

Нағашыларымның барлығы дерлік Казгородокта тұрды. Қаңтарбайдың бауыры Дүйсенбайдан туған Шайшахмет те Казгородокта тұрды, бертін қайтыс болды. Қазір сол Шайшахмет атамыздың қызы Айжан Алматыда тұрады. Бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай қатынас жасап, мұң – мұқтажымызға құлақ асып, көмегін көрсетіп жүрген нағашыларымның бірі



Айжан мен Қайыркен.

Айжан Шайшахметқызы Қыздар педагогикалық институтын бітіріп, Казгородокта ұстаздық қызмет атқарды.

Сөйтіп жүріп, Еңбекшілердің жігіті Қайыркен Қалиұлы Нұрсейітовке тұрмысқа шығып, үй болды. Қайыркен Нұрсейітов, подполковник дәрежесіне, әскери қызметте, Кеңестер үкіметінің бірсыпыра жерінде еңбек етті. Сонда қайын атасы Шайшахмет нағашым екі баласымен (Айжан мен Қайыркен) бірге жүрді.

Қазақстанға (Алматыға) біржола ауысып келгенде Қайыркен: «Елді, Сіздерді сағынып, қайтып келгенім осы емес пе? Туған елім, өскен өлкем, жастық шағым, өмір мектебінен өтіп, ағалық жасқа келсек те, туыстарды іздейді екенбіз. Өмірде сыйластыққа, достыққа, қадір – қасиетті білгенге не жетсін!» - деп толғанған-ды.

Бүгінде Қайыркен мен Айжан бір –біріне арқай болып, сыйластықпен өмір кешіп келеді. Олар бар тілектің бастау көзі, әрі ұйытқысы болып, қанатымен су сепкен қарлығаштай, өз балаларына, немерелеріне өнегелі тәлім, тәрбие бере білді. Оның үстіне туыстарға ұйтқы, ақылшы, серігі бола білді.

Қайыркен мен Айжанның 70 жасқа толған мерейтойында:

Бүкіл елге танымал, жанашыр туыс – бауырға,
Құрметтеген, сыйлаған үлкен – кіші ауылда,
Бар өмірін арнаған Отан қорғау ісіне,
Бұл өлеңім арналды Қайыркен деген кісіге.

Келіп қалсаң қалаға әңгіме – дүкен құрасың,
Бәрі бұйрық сөзіңнің таным таппай жүресің.
Полковниктің «настоящий» өзісің,
Апамыздан басқаны қашан осы көресің.
Сізге пана болды ғой Алатаудың жартасы,
Туып – өскен Көкшенің болып тұрсыз «маркасы».
70-ке келіп қалсада, білмей жүрсіз қарттықты,
Бар ғұмырын сарп еткен Айжанның арқасы.
Құтты болсын Қайыркен, Айжан, мерейтойыңыз,
Сізге арналған бүгінде барлық тілек ойымыз.
80, 90, 100 деген тойларды да осылай,
Өткізуге біздермен жоспарлап та қойыңыз» - деген едік.

«Алуан – алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, кешегі өткен заманда, ақылы асқан дана ағаларымыз, алғыр ойлы, ұлағатты тұлғалар, ойына ақылы сай, ел тізгінін қолына ұстап, халқына адал қызмет еткен ағаларды ұмыту мүмкін емес. Анам Бәтжан айтатын еді: «Махметпен егіз қозыдай қатар өскен, 1927 жылдан бастап бірге қызметтес болып, Кеңес үкіметін орнатуға ат салысып, жақсыны насиқаттап, өткен **Рахымжан Ыбраев** деген нағашым болды. Махмет райком хатшысы болғанда, Рахымжан жастар комитетін басқарған. Жиналыстарда сөйлегенде сөзі өткір, туралап әрі кесіп айтады екен. Махмет пен Мария жаңа үйленіп, бір үйде тұрып жатқанда» Рахымжан да солармен бірге тұрған, бір дастарханнан тамақ ішіп, бірінің киімін бірі киіп жүрген» деп.

Рахымжан нағашымыз екі әйел алған. Бірінші әйелі Тасжанның қызы Нұржамал, ата-анасы келін ұстаймыз деп жастайынан үйлендірген. Сол әйеліне көңілі толмай, басқа қызға ғашық болып, семья бүліне бастаған. Рахымжанның осы істеген ісіне ашуланып, ұрсу үшін Ыбырай ата үйлеріне келіпті. Сол кезде, атамыз көп балалы бәйбішесінің үстіне тоқал алған кезі болса керек. Атамыз: «айрандай ұйып отырған семьяңды бұзып, Нұржамал деген қызың бар, ағайын арасында ылаң шығарма, мына ісіңді қой! Сен не қылып жүрсің, мынаны тоқтатпай»,-деп Махметке ұрысса керек. Сонда Рахымжан: «Мен сізге тартқанмын ғой. Сіз де ылаң шығарып, менің апамды тастап, көзі көк тұздай, Бәтиқаны алдыңыз ғой»-дегенде отырғандар күліп жіберіпті. Сөз төркінін білетін Ыбырай ақсақал сөзден тосылып, төмен қарап: «Япырай, мынаған амал болмас»-деп сөзін тоқтатыпты.

Екінші рет Сара деген қызға үйленген, ол да қайтыс болды. Сөйтіп, Рахымжан нағашым соғысқа аттанғанда, артында **Нұржамал** және Сарадан туған **Сәуле** деген қыздары қалды. Рахымжан нағашым Отан соғысынан қайтпады. Нұржамал әкесіне тартып, комсомол және жауапты партия қызметтерінде болды.

Сәуле мектепте өте жақсы оқыды, ол да әкесіне тартып өте алғыр, мектептегі комсомол ұйымының жұмысын жандандырды. «Жақсы оқығаны, қоғам жұмысына белсенді қатысқаны үшін және әкесі ұлы Отан соғысында қаза тапқан»-деп Сәулеге Артекке демалуға жолдама берген. Сәуле біздің

Еңбекшілдер ауданы бойынша Артекке барған бірден-бірі оқушы болған, мұғалімдік жоғары білім алған.

Қызылтуда тұратын Нұржамал апаның қолында қызмет атқарып жүріп, Сәуле Жасқайрат деген азаматпен танысқан.

Еңбекті емген, қиындықты көрген, халықтан нәрлі сөзді терген, қазақтың қара табан перзенті **Жасқайрат Арынғазин** Сәулені Алқатеректегі әке-шешесінің қолына келін қылып түсірген. Сол кезден бастап Сәуле Рахымжанова Алқатерек орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беріп, бүгінде зейнеткерліктің дәмін татып отыр.

Адамның сыйлы, абыройлы болуы атқарған қызметіне қарамаса керек. Қай ортада да өзі жақсы адамның жанына өзге жұрт үйірілгіш келеді емес пе? Отыз жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған ұстаз Сәулені Алқатерек ауылында үлкен-кішінің бәрі жақсы көріп кетті, қадірлі де сыйлы азамат бола білді. Оған Сәуленің ішкі жан-дүниесінің тазалығы, от басы, ошақ қасының күңкіл-сүңкілінен жоғары тұра білетіні себеп болған деп білемін.

Мен сол Алқатеректе тұратын туыстарға сан рет барып жүріп, Рахымжан нағашымнан қалған тұяқ – Сәуленің сол жерде тұратынын білмеппін. Оны білгенім былай болды.

2008 жылы Еңбекшілдер ауданының құрылғанына 80 жыл толған торқалы тойы болып, шақырумен елге бардым. Елге құр қол бармадым, «Атамекен» деген кітабымды ала бардым және Көкшенің газеттеріне өзімнің әке-шешем және нағашыларым туралы мақалаларым шықты. Той аудан орталығы Степнякта өтті.

Әр ауыл бір-бірінен қалыспай, өз киіз үйлерін тіккен. Мен Абдрахмановтар әулетінің киіз үйінде болдым. Сол тойға келе алмаған Алқатерек ауылындағы туыстарға беретін сәлемдемемді және кітаптарымды «кімге екенін айтсаңыз апарып береді»-деп, мені Алқатеректен келген Жасқайрат қажымен таныстырды. Сөйтіп, Сәуленің жұбайы Жакеңмен кездесудің сәті түсті.

Жасқайрат қажы 10 шақты жыл бұрын қажылыққа барып келген, ертеден кешке дейін аузынан Алла, қолынан құраны түспейтін, сол ауылдың сыйлы азаматы екендігіне бірнеше рет көзім жетті.



Нағашым Сәуле және оның жұбайы Жасқайрат қажы балаларымен

Адам баласы өз өмірінде небір рахат, қызық көрсе де ұрпағы дұрыс болып өспесе, көргені түстей болып өте шығады. Осы ретте мен ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» деген жыр жолдарының сөзін кейінгі кезде «Баласы жақсы адамдар, ешқашан қартаймайды» - деп өзгертіңкіреп айтып жүргенін еске салып, Сәуле сондай қартаймай жүрген бақытты аналардың бірі дегім келеді. Өйткені, отағасы Жакең екеуі Мұстар, Серік, Айгүл, Бибігүл, Гүлмира, Айна сынды балаларын тәрбиелеп, олардан немере, шөбере көріп отыр.

«Жақсыдан кейінгіге мұра қалар,
Жас ұрпақ өз керегін таңдап алар.
Артында өшпейтұғын ізің қалса,
Қуалап сол ізбенен бұлақ ағар»,-

демекші, қызы Сәуленің және оның балаларының қызығын көре алмай, соғыста қаза болған Рахымжан нағашыма зор ілтипаттылықпен басымды иіп, алла тағала ұрпақтарын қолдап, аруақтар рухы желеп-жебеп жүрсін демекпін.

Ыбыраева Шолпан Қазгородок мектебін бітірген, ҚазПИ-дің географиясын бітірген. Мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Зейнеткер, қазір Щучьеда тұрады. Жолдасы Шәріпов Қабешпен Қазгородок орта мектебінде бірге оқыған едік. Қайтыс болды.

Ыбырайқызы Тікітайдан **Сәлім Алыпқарин**, ҚазКМИ-ді бітіріп, Ресейде жұмыс істеген, орыс семьясы бар. Мәскеуде тұратын, қазір қайтыс болды.

Оның інісі **Серік Алыпқарин** Киевте ұшқыштың оқуын бітіріп, сол жақта орысқа үйленіп, Алматы аэропортында қызмет атқарды. Бүгінде дүние салған. Артында бала-шағалары бар, Алматыда тұрады.

II
ӨСКЕН ОРТА



Талдай болып кіріп, таудай азамат болып шыққан,
инженерлік білімнің ХанТәңірі–ҚазҰТУ-дың
80 жылдық мерейтойына арнаймын!

1. ҚАНАТ ҚАҚҚАН ШАҚ

1.1. Армысың Алматы! Алғашқы танысу

Дуылдап екінші Алматы вокзалынан келіп түстік. Алматы жасыл баққа оранған қала екен. Жұмбақ та жұмақ қала. Алатаудың ақ басты шындары да, уақыт желі мүжіген қия құздары да көз тартады. «Бурабайды сұлулықтың көрмесіндей» деуші едік, қарасам табиғат-ана Алматыға әсемдікті де, сұлулықты да аямай-ақ берген екен. Адамдарының жүздерінен де ерекше бір нұр есетіндей. Шынында да ол Алматының қайталанбайтын, ғажайып сәті, гүл жарып тұрған кезі екен ғой. Бүгінде түсімізге кіретін, қып-қызыл «Алматының апорт» алмасының хош иісі қандай еді сол кездері.

Армысың Алматы! – дедім мен.

Біздерді Алматыда тұратын менің нағашым Қарта Қаңтарбаев және осында оқитын елдің студенттері қарсы алды. Қарта нағашым Пастер мен Дзержинский көшелерінің қиылысқан жерінде жеке меншік үйде тұрады екен және сол кезде Алматыда оқитын Еңбекшілдердің балаларының барлығы сол үйге келіп-кетіп жүретін көрінеді. Көңіл сыйса бәрі сияды дегендей, құжаттарын тапсырып жатақхана алғанша елден келгендер сол үйде орналасты.

Алматыда оқитын елдің студенттерінің жазғы каникулға шығып жатқан кезі екен. Олар бізге қаланы аралатып, Панфилов паркіне апарып, балмұздақ алып берді. Балмұздақты бірінші рет жегенім, өте ұнады, парктің ішіндегі балмұздақ сататын жерді есіме мықтап тұрып сақтадым. Балмұздақтың өзі бір тарих!

Нағашым Қарта мен жұбайы Құсни, жалғыз қарындасымыз Бәтжаннан қалған тұяқ, Маржан деген жиеніміз оқуға түсуге келіп қалды деп үйлеріне қонақ шақыра бастады. Алғаш шақырғандары С.Мұқанов пен Мариям апай, академик атамыз Е.Ысмайылов пен апамыз Шайзада және Қазақстанның тұңғыш режиссеры Асқар Тоқпанов пен Күлән апаларымыз болды.

Мұқановтарды қара ЗИМ машинасымен баласы Арыстан алып келді, ол да қонақтармен бірге отырды. Сәбең мен Есағаң оқу, ғылым, білім төңірегінде әңгімелер айтты. Арасында Алматының Көкшетау сияқты емес, үлкен қала екенін, онда жүріп-тұрудың да өзіндік ерекшелігі болатынын айтып қояды.

Мынандай құжаттарыңмен ҚазПИ–дің филология факультетіне түсіп кетесің, Мәлік Ғабдуллинге айтып қоямыз дейді Сәбит Мұқанов пен Есмағамбет Ысмаилов. Маған өлең айтқызды, әрине мен бұрыннан айтып жүрген Біржан мен Ақан әндерін орындадым.

Асқар Тоқпанов: «Дау жоқ, дауыс бар. Бірақ бір «но» бар, деді де, отырғандардың бәрін күлдіріп, бір сықақ әңгіме айтты. Баяғыда бір қыз, айнаға қарап отырып, жігітке ұнау үшін: «Көзді сүзсе болады, ауызды бүрсе болады, мынау қу мұрынды қайтсе болады»-деген екен. Мынау Маржанның екі беті алмадай, қос бұрымы шалмадай, екі аяғы балғадай. Тек мұрны келте екен, артист болуға қыр мұрын керек. Әрине, мына диплом және грамоталарымен

консерваторияға түсе алатындығына күмән жоқ, ол жаққа мен өзім ертіп апарамын»–деп түйді. Үлкендермен таласып сөйлеуге болмайды, амал жоқ, «мен артист болайын деп келген жоқпын ғой» – деп ішімнен тынып отырмын.

А.Тоқпановтың сөзін есіме сақтадым. Жезде болып жүрген Асекең, кейін менің жұбайым – Шәріптің нағашысы болып шықты, сөйтіп араласып жүрген кезде, сол сөздерін алдына талай келтірдім.

Бір уақытта Мариям апай шықты: «Әртістің керегі жоқ, мұғалім болсын. Бір баламызға Көкшенің қызын алып берсек деген ойымыз бар еді, өзіміз келін қылып аламыз»–деп. Екінші бөлмеге шығып кеттім, «мен Алматыға күйеуге тиюге келген жоқпын ғой» – деп тырсыйып отырмын.

Осы кітаптың І-ортадағы 4.2.Ахмет және Мұхамбетжан Қаңтарбаевтар тағанында Сәбит Мұқановтың менің нағашыларымен қандай қарым-қатынаста болғанын баяндаған едім. Жастайымнан «Ботакөзін», «Жұмбақ жалауын» оқып өскен мен бүгін сол С.Мұқановты алғаш көзім көріп, танысып отырмын.

Кейін институт қабырғасында С.Мұқановпен талай кездесулер болды. Ал, Мариям апаймен араласуымды үйлі-баранды болғаннан кейін жалғастырдым.

Асқар Тоқпановпен (Асекең) және Күлән апаймен алғашқы кездесуім, соңғы болмады, өмірлерінің соңғы күндеріне дейін жақсы қарым-қатынаста болдым. Асекең Мәскеуде театр өнері институтында бірге оқып жүрген, белгілі ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Қайып Айнабековтің кіші қызы Күләнға үйленген. Қ.Айнабековтің үлкен қызы Гүлбаһрам–Сәкен Сейфуллиннің, ортаншы қызы Гүлбану–менің нағашым Қаңтарбаев Махметтің жұбайлары болған. Асекең С.Сейфуллин, М.Қаңтарбаевпен бажа болғанын мақтанышпен айтып отыратын.

Күлән апай–ҚазКРО-ның еңбек сіңірген артисі. Өмір бойы Ғ.Мүсірепов атындағы «Балалар мен жас өспірімдер» театрында қызмет атқарды. Күлән апайдың дауысы да жақсы болатын, домбырамен Сәкен Сейфуллиннің әндерін және де өзі шығарған өлеңдерін (Асқарым-ау, Асқарым! Керегі жоқ басқаның! деген) сазына келтіріп орындайтын еді.

Шай ішіп отырған кезде мен сызу мен математиканы жақсы көретіндігімді, инженерлік мамандықты қалайтынымды және оқу бітіргеннен кейін Степняққа қайтып баратынымды айттым. «Степняк» аузымнан шыққаны сол екен, оны Есағаң мен Сәкең бір-бірімен таласа жалғастыра кетті. Арасында нағашым да Степняк туралы білетіндерін айтып отырды. Мен ол кезде Көкше өңірінің «алтынды аймақ» екенінен бейхабар едім.

1.2. «Алтынды аймақ» турылы аңыз бен ақиқат

Степняк деген атаудан бірнеше жүз жыл бұрын бұл жерлер Сары адыр, Қоңырөлең деп аталған екен. С.Мұқановтың айтуынша Қоңырөлең кеніші 1889 жылы ашылыпты. Көкшетау уезінің Қотыркөл болысындағы алтын өндірісін ашқан ағылшын алтын іздеушісі Штернберг болған.

Жалпы Көкше аймағының алтынға бай екендігі ежелден белгілі. Кішкене және Үлкен Шабақты, Теке, Жаңабай жерлері ойпаңдарынан 1836

жылдары таза алтын түйіршіктері табылғандығы туралы мәліметтер баршылық. XVIII–ғасырда Қазақстанның Калифорниясы аталған Шортан маңындағы Мәдениет кен орнында алтынды кім жумады десеңіздерші? –деп қояды ағамыз Есмағамбет Ысмайылов.

— Қоңырөлең, яғни Степняк шахталары талай қазақ пролетариатын қалыптастыруға өзіндік үлес қосты ғой. Алтыны да мол болып еді... Баяғыда біздің ауылдың бір адамы старательдер тобында болды. Сол айтушы еді: «Алтынды жерден суырып алғанша, жаның бірге суырылып, қара терге малынасың. Неге десең, табиғат жарықтық, қойнына тыққан қазынасын оңайлықпен ешкімге де бергісі келмейді» – деп қояды Қарта нағашым...

Мұның барлығы Кеңес үкіметіне дейін болған жағыдай ғой. Ол кезде старательдер тіпті көп болған. Жер қазынасы жұқармаған кезде, кесек алтын да, алтыны бар алып тастар да жиірек кездескен. Бірақ оның көбі Шпринбах (Штернберг) сияқты шет елдіктердің тамағынан өтіп кетіп, кедей старательдер жер шұқып қала берген.

Шпринбах деп атап кеткен ағылшын туралы мен айтайын, сіздер тыңдаңыздар деп бастайды Сәбең сол кезде.

Көне заманнан бері Қытай мен қазақ жерін, Орта Азия қалаларын байланыстыратын керуен жолы осы Қоңырөлең (Степняк) жерін басып өтеді екен. Бұл жол Көкшетау мен Түркістан арасын да жалғастырған. Кейін қалталы шетелдіктер Сарыарқадағы Нілді мыс қорыту зауытынан Қызылжарға, Түменге, Қарсақпайға керуен айдайтын жолға айналдырыпты. Ғасырлар бойы Көкше сілемдерінің табанында жатқан төбе, қырқаларды 1900 жылдан бастап тегін иемденіп алған Шпринбах деген кәсіпқой кеніш ашып, аш-жалаңаш жүрген орыс, қазақ кедейлерін жалдап алады. Қазақтар бұл кенішті Қоңырөлең деп атағысы келсе, орыстар Степняк деп атағысы келеді.

Бірақ «Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін» дегендей, Шпринбах бәрібір өз атын қояды. Бір төбенің басында Шпринбахтың шаңырағы көтеріледі. Іргелес қондырғысы келмей, жұмысшыларға жертөле, баспаналарды қырат қиялатып, жер үңгітіп аулақтан қаздырады. Бірақ қалқиған жалғыз үйдің жанынан шұбалып өте беретін керуеншілерден күні-түні қауіп күтіп, ұйқысы қашқан Шпринбах, жылан арбағыш бір қарақшыға ордалы жылан алдырып, үйінің маңына жайып жіберген екен дейді.

Ара-тұра ақ сүтке тойдырып қойып еркіне жібергенде, әлгі жыландар жер бауырлап керуен жолына жайылып, ірелеңдеп үй дуалына шығып бастарын қақшаңдатып, сүйір тілдерін сумаңдатып ысқырып, ысылдап тұрады екен. Осы суық көріністен жаны түршіккен ел Шпринбахтың кесек- кесек алтынын ұрламақ түгілі, іргесінен жоламай, алты қырдың астынан өтеді екен. Тауып алған тума алтынын Шпринбахқа өткізбей, өздері олжалал кеткісі келген старательдердің бір-екеуін ордалы жыланның ортасына тастап, елді шошытып, үрейін алыпты.

Алтынды мысқалдап емес, күреп алып отырған қалталы миллионер: «Түбі Совет өкіметі құриды, оған дейін қара халықтың көзінен жасыра тұрайын», – деген зымияндық ниетпен «алтыны таусылды» деп жар салып, шахтаны жауып тастайды. Мүлдем ұмыттыру үшін үстінен бақша жасап, маңынан мал

қораларын салады. Бірақ түбі жоқ қалтасына қаржы құйыла беруі үшін, кешегі кеніштің үстінен сауда-саттық орындарын ашып, екінші бір басынан жел диірмен орнатады.

Күнкөріссіз қалған қаншама кенші алаяқ Шпринбахтың пиғылын түсініп, жағдайды баяндап, Петропавл губерниялық Халық шаруашылығы советіне өз өкілдерін жібереді. Сөйтіп, 1921 жылы старательдердің жұмыс істеуіне, алтын іздеуіне рұқсат алады. Сөйтіп, Степняктағы шахта және оның маңайындағы құрылыстар (кен уатып, алтын шаятын қарапайым фабрика және т.б. халық меншігіне алынған. Кенішті қайта қалпына келтіріп, фабриканы іске қосу үшін Москвадан арнайы мамандар шақырылады.

Кеңес өкметінің көрнекті қайраткері С.М.Киров – 1934 жылы Степнякқа келген, кеншілермен кездескен. Содан бастап Степняк шахталары кеңейіп, тау-кен өнеркәсібі жаңа техникалармен жабдықтала бастады.

Алтын аймақтың сары алтыны сарқылды дегенмен, алтын астығы дән дария болып ағыла түсті бүгінде. Бір кездегі жұпыны ғана жұмысшы қаласы-Степняк осы күнгі өскелең мәдениет пен тұрмысқа сай салынған әдемі ғимараттарымен сәнін тапқан жарасымды қалаға айналғаны бәрімізді қуантады. Атақты Біржан сал өмірінің іздері қалған осы Степнякта оған ескерткіш – құлпытас орнатылған.

Бүгінде сол Степняк Еңбекшілдер ауданының орталығы. Алтыны таусылды деп Степнякті жауып тастаған еді, енді алтын жылғаларының өзегі үзілмей Көкшетау дан 17 км жерде қайтадан табылып Васильков кенішімен жалғасып отыр. Демек Степняк алтынының болашағы әлі алда.

Жоғарыда айтылған Штернбергтің жыландарына ұқсас мен мынандай шындықты айтар едім. Васильков кен өрісінде протерезойдың метоморфизмге шалынған жыныстары таралған. Оларды қырыққұдық (ордовик) және Бурабай (силур-төменгі девон) интрузиялық жыныстар тобы жарып өткен.

Осы жыныстардың кварцқа өте мол байыған және көп минералданған зоналары (ұзындығы бірнеше жүз метр, ені ондаған метр) мен кварц желілері алтынды руда денелері болып саналады. Кен рудасы 40 м тереңдікке дейін тотыққан, ал орташа тереңдікте гидротермалдық әсермен жаралған ірі Васильков кенінің «Динозавр жұмыртқасы» деп аталып кеткен кварц-арсенопирит формациясы орналасқан.

Ертедегі аңыздарда айдаһарлармен солардың қатарындағы динозаврлар өз ұяларын жерасты байлықтарының, оның ішінде алтын жатқан жерлердің үстіне салатыны және де олардың ең ірі «жұмыртқалары» алтынмен жалатылғаны айтылған. Сондағы айдаһарлардың басты мақсаты - жерасты байлықтарын сақтау және жер қойнауының тыныштығын бұзғандарды қатал жазалау болған. Дегенмен, осы заман адамдары мұндай қиындықтар мен қауіптерден қорықпай, кен игеру ісін күннен-күнге дамытып келеді.

Әрине, бұл өте қызық аңыз, бірақ, жер қойнауында «жұмыртқа» пайда болуын геологтар ғылыми түрде әлдеқашан дәлелдеген және олардың пікірлері мынандай. Васильков алтын кен орнын түзетін магмалық тау жыныстары, жер қыртысының төменгі бөлігінен (силур-төменгі девон) немесе жоғарғы мантиясынан шығатын силикатты магмалардың қатуынан пайда болған.

Жер қойнауында жүріп жататын тектоникалық процестер кезінде, жоғары көтеріліп келе жатқан магма температурасын жоғалтады да қатады. Әрі қарай, кен қазу кезінде тау жыныстары ашылады және желге мүжілу процестері кезінде беріктігі аздау тау жыныстары тез бұзылады, ал, жоғарыда айтылған «динозавр жұмыртқасы» тәріздес жұмыр шоғырлар сол қалпында қалады.

Васильков кен орнын игеру барысында баршаға белгілі бір үлкен «жұмыртқа» және одан да басқа кіші-кірім 20 шақты жұмыр шоғырлар ашылды. Міне, осы кен орнында табылған үлкен «динозавр жұмыртқасы» екіге бөлінген және олар бүгінде Көкшетау қаласының орталығына ажар беріп тұр (суреттер).



Көкшетаудағы Горьский көшесі және Абылайхан даңғылы

Қазақ ғылымының төрағасы, КССРО Ғылым академиясының академигі, әмбебап білім иесі Қ.И.Сәтбаев «Біздің Республикамыз өзінің ұлан –ғайыр шалқарында табиғи қазыналарды тығып сақтауда. Қазақстанның болашақ байлығы қазбасында, оны орынды пайдалану халықтың материалдық игілігі мен мәдени деңгейін, экономикасы мен әлеуметтік дамуын белгілейді» деген болатын. Сәтбаевты өмір жолының шырқау шыңы – Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасын жасау болды және ол әлемдегі теңдессіз ғылыми еңбек ретінде тарихқа енді. Ғалымның жетекшілігімен Солтүстік және Орталық Қазақстан территориясында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде көптеген алтын кен орындары ашылды [40].

Солардың бірі бүгінгі «Altyntau Resources» компаниясы. Оның негізгі актитері Қазақстанда орналасқан, әлемнің ең ірі және тез өсіп келе жатқан алтын өндірісшілерінің бірі. Компания өндіріс, «Good Delivery Rules» London Bullion Market Association (LBMA) сәйкес алтын кенін шығарудан тазартылған алтын құймасын шығаруға дейін толық циклді қамтып отыр.

Васильков кен орнының бірден-бір ерекшелігі– ондағы алтын қорының көлемінде. Табиғат Васильков кенішіне 350 тоннаға жуық, Менделеев жүйесіндегі 79 нөмірлі элементті қоймалаған. Бұл деген дүниежүзілік үлкен көрсеткіштердің бірі. Осы алтын қорының игерілуіне биыл 40 жыл толып отыр. Мұндағы алтын рудасы 500 метр теңдікке дейін барланған, карьердің

ауданы 1210 мың.м^2, ұзындығы 1300 м, ені 1200 м. Дәл кәзір карьердің тереңдігі 70 м болса, әрі қарай бұл алтын кенін жерасты әдісіменен игеру жобаланып отыр. Іске сәт дегеннен басқа айтарымыз жоқ!

Бұл алтынға толы терең жер тостағаны тәрізді аймақ! Үстіңгі жағында құстар ұшып жүрсе, төменгі жағында самосвалдар жүк тасуда. Егер де Қазақстанда алтынға толы тостаған бар десек, ол мына Сіздер көріп отырған Васильков карьері.



Васильков карьерінің сырт көрінісі

Бүгінде алтыннан басқаның барлығы бос қиял... Валютаның дүниежүзілік бағасы төмендеп, финанстық дағдарыстар туындап жатқанда, адамдар жасыл қағаз-долларды еске алады, ал алтын кез-келген жағдайда бағасын жоғалтпайды. Қазақстанның асыл металдармен байлығында шек жоқ, оны тек қана Көкше төңірегінде ашылған 41 кен орнынан байқауға болады. Солардың ішінде оқшау тұрғаны Көкшетау жанындағы Васильков алтын кен орны. Ал, келешек жастардан осы аймақтың Сымбат, Комарово, Варваринское кен орындарын игеруді күтіп тұр.

Жалпы Көкшетау жері түсті металдарға да бай. Әшекей үшін қажет қымбат тастардың бірнеше түрі бар. Оның ішінде бір Бурабай минералдары елу шақты түрге бөлінеді: гранит, малахит, алмас, кварц... тағы басқа. Геологтар сонау 1940 жылдың өзінде-ақ аса қымбат және жартылай қымбат Бурабай тастарынан әшекейлік бұйымдарын жасап шығаратын шеберхана ашу керек деп ұсыныс жасағаны да белгілі. Оған Сарыадырдың шымқай жасыл хризопразы, көкшіл сүт түстес және сары халцедоны, жасыл жыланкөзі жатады. Бұл байлықтарды халық мүддесіне игеру қазіргі таңда қолға алынып отыр.

Көкшенің түтін түстес тау хрусталі қандай! Оның 50 килограмдық кесектері де табылып жүр. Қазақстанның геологиялық-геофизикалық экспедициясы, Көкше тауының оңтүстік беткейінен кварцтың күлгін түсті бір түрін – аметист тасын тапты. Аметист тасы қолыңа түссе, ол сені түрлі пәле-жаладан, ауру-сырқаудан сақтайды, үнемі жолың оңғарылып отырады деген ескі аңыздың, біз білетін бүгінгі шындығы сол, ол түрлі салтанат бұйымдарының әсем

әрі мен сәні. Көкшетаудың нефрит, жыланкөз, хризопраз және жадеиттері – халықаралық нарықта жоғары бағаланып жүрген аса пайдалы кендер.

Ленинград (аудан) габбросы – сан алуан скульптуралық ескерткіштерді жасайтын аса бағалы материал. Степняк габбро — диориті, гүлді сисаны еске түсіретін Зеренді және Көкшетау граниті тұрғын үйлер мен мәдениет сарайларының сыртқы, ішкі сәнін жайнатып жіберетін, құрылыс ірге тастарын бекітетін, су мен ауа әсерінен бүлінбейтін, әрі әдемілік жағынан да таптырмас тастар. Көкшетау кен қабаттарындағы гранитоидтер: граниттер, гранодиориттер мен аса құнды, бағалы материалдармен өзін ғана емес, көрші облыстарды да толық қамтамасыз етіп отыр. Алексеев және Қара бауыр доломиті республиканың қара және түсті металлургиясы үшін отқа төзімді, сапалы шикізаттың үлкен қоры болып табылады.

Алғашқы кездесуде тек Степняк алтыны жайында ғана айтылған-ды. Осы әңгімеден кейін маған тосын ой келді: «Егер оқуға түсіп кетсем, бірігеннен кейін бәрібір осы жерге келемін, онда маған неге Степняктің қалған алтынын қазбасқа? Мен кен қазатынның инженері болайын» – деген.

Енді міне, сол кездесудегі есте қалғандарды, тау-кен инженері мамандығына ие болған мен өзім ресми деректермен толықтырып жазып отырмын.

Қарта нағашым арғымағын аламанға қосқан адам сияқты: «Осы жалғыз жиеніміздің қай оқуға түссе де өз орнын табатынына сенімім зор» – деп қояды. Ақыры, ағаларымыз нағашыммен ақылдасып, «Өзінің қалауы болсын, инженерлік оқуға түссін, сол мамандықты игерсе, адам жанының инженері, яғни журналист те, әнші де бола алады» – деп шешті.

1.3. Алғашқы қадам

Сөйтіп мен Қазақстанның инженер мамандарын даярлайтын Қазақ кен-металлургия институтының (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) есігін аштым. Мамандықтың қайсысын қаласам деген ниетпен қабылдау комиссиясына келіп, құжаттарымды тапсыруға енді кірісе бергенде, бөлмені аралап жүрген кесек денелі, жүзінен нұр тамған, келбетті, жасы отыздан енді ғана асқан жігіт ағасы менің қолымдағы кәмелеттік аттестатымды, мақтау грамоталарымды, облыстық көркемөнерпаздар олимпиадасының жүлдегері ретінде консерваторияға емтихансыз түсуге берілген жолдаманы, өлеңдерім мен жарияланған мақалаларымды, көріп біраз тұрды да:

«Жарайсың, Маржан! Қазақ қыздарының инженер болуы да үлкен ғанибет. Химияға қалайсың, металлург болғың келе ме?» деп сұрады.

«Менің өте жақсы ұнататыным сызу мен математика» - дедім.

«Биыл тау-кен факультетіне қыз балаларды қабылдауға рұқсат берілді және сызуды жақсы көрсең «Маркшейдерлік іс» мамандығына оқуға түсуге кеңес беремін. Бұл жер қойнауының тылсым сырын білдіретін, оны сан алуан әдістермен бейнелейтін, әрі оңай қолға түспейтін мамандық. Ал әдебиетпен поэзиямен айналысуға, өлең айтып көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысуға өзім көмектесемін» - деп ақыл берді. Осы сөз маған қамшы болды.

Кейінірек білдім, ол кісі сол жылғы қабылдау комиссиясының төрағасы, доцент Ебіней Арыстанұлы Бөкетов екен.

Құжаттарымды қабылдау комиссиясына өткізгеннен кейін, консультацияларға қатысып, бар уақытымды тек емтихандарға дайындалумен өткіздім. Бұрын көрмеген қала, бұрын жүрмеген орта, жаңа оқу орны көзіме тосындау көрінгенімен, жатсынып, жатырқаған мінез көрсетпедім.

Талапкерлерге қойылатын талаптың оңай еместігі де айтылды. Екі жылдық еңбек стажымен келгендер, әскери міндеттерін өтегендер, мектепті алтын және күміс медальмен бітіргендер де біршама екен. Конкурстағы жеңілдіктер тек солар жағында. Ал қалғандары тап-таза білімдерімен бағаланбақ. Емтиханды алты сабақтан тапсырамыз. Оның ішінде орыс тілінен мазмұндама және шет тілі. Бітіргеніміз ауылдың қазақ мектебі. Оқуға түсемін десең, алты пәннен не 30, не 25-26 балл жинау керек.

Орысша емтихан біз үшін ауыр. Жеңілдік жоқ. Орыс балалары, орыс топтары бізбен тең конкурсқа түседі. Сондықтан олардың о бастан жеңілдігі бар. «Әттеген-ай, егер олар қазақ тілін тапсырса, көрер едік, ауылдан келген біздер де олардан қалмас едік» – деп, ыза боламыз.

Алғашқы сынақ жазбаша математика болды. Билеттегі шығарылатын есеп тақтаға орыс тілінде жазылды. Біздерге есептің шартын қазақшаға аударды, оған біршама уақыт кетіп қойды. Мен мектепте оқып жүргенде кез-келген есепті бірінші шығарып, орнымнан тұрып кететінмін. Есепті шығарып жатырмын, жан-жағыма қарап та қоямын. Бір кезде бір қазақтың баласы «мен шығарып болдым»-деп қолындағы қағазын оқытушыға өткізді. Кейін білдім, ол талапкердің фамилиясы Жарқымбаев екен.

Иә, менен де жақсы оқитындар бар екен деп ойладым. Есебімді бастан-аяқ мұқият тексеріп жатқанда, тағы бір бала жұмысын өткізіп қойды. Үшінші болып мен де орнымнан тұрдым. Оқытушының фамилиясы Бисалиев болатын-ды, ол барлығын қарап, тексеріп алды. Екі күн өткен соң бағамыз белгілі болды, бестік баға алыппын.

Ертеңінде математикадан ауызша тапсырамыз. Емтиханға кірдім, алған билеттегі есептерді шеше білетін болғандықтан қиналмай отырмын. Сынақ алушының алдына келдім. Билетке толық жауап бердім. Қосымша сұрақ қойып жатыр. Бесті бұған қалай қиып қоямын дегендей, емтихан алушы енді есептерді бірен соң бірін жаудыртты. Жанында отырған оқытушы қарап отыр және: «Біліп тұр ғой, бесіңді қоя сал!» – демейді, мысыққа ойын керек дегендей, Бисалиев бас аяғы маған 15 шақты қосымша есеп берді. Мен мүдірмей, шығарып жатырмын. Сол кезде математика пәні бойынша комиссияның төрағасы келе қалды (Хаймулдин бе, фамилиясын ұмытып қалыппын). Ол кісі келе сала маған тағы сұрақ қоймасы бар ма? Содан кейін менің жазбаша жұмысымды көрді де ауызша сынақ алып отырған Бисалиевке:

- Бұл қызымыз математиканы біліп тұр. Білген балаға қоймағанда, кімге қоясың?» Қой бесіңді... деді.

Сол-ақ екен емтихан қабылдаушы маған бесін қонжитып, қолын қойып та берді. Бұл бестік баға менің тағдырымды шешетін саф алтынға лайық сан еді.

Екі бес алғаннан кейін, үйге келіп, нағашыларымды қуантым. Далаға

шығып кішкене қыдырып келуге рұқсат алдым. Ондағы ойым, паркке барып, рахаттанып, өзіме ұнаған балмұздақты жеу.

Алғаш Алматыға келгенде осында оқитын елдің студенттері бізді Панфилов паркіне апарып, балмұздақ алып берген болатын. Балмұздақты бірінші рет жегенім, өте ұнады, парктің ішіндегі балмұздақ сататын жерді есіме сақтаған едім. Гоголь көшесінен троллейбусқа отырып, паркке барып, 5 тиынға билет сатып алып, паркке кірдім. Балмұздақтың кезегінде тұрған адамдар көп екен. Қайта –қайта тұрмас үшін екеуін бір-ақ сатып алдым. Бір орындыққа жайғасып отырып, асықпай жейінші десем, еріп барады. Тез-тез жеп, үйге қайттым. Түні бойы ыстығым көтеріліп, тамағым қырылдап, сөйлей алмай қалдым. Алматының ыстығы өтіп кеткеннен, суық су ішіп қойған ғой, – деп үйдегілер мені емдеп жатыр.

Физикадан -5, химиядан -4 ,неміс тілінен-5 бағалар алып сынақтардан өттім-ау. Ендігі қауіпім орыс тілі болды. Орысша мазмұндама жазу оңай ма? Ауылдан келгендердің барлығы орыс тілінен екілік алып қалдық. Сол кездегі директорымыз Ө.А.Байқоңыровтың рұқсатымен, екілік алған қазақ балаларының барлығына диктант жазғызды.

Не керек, оқуға түстік-ау. Қазақша бітірген балалардың саны аз, ат төбеліндей. Бізге түсе алмаған балалар ауыл шарушылық институтының механика факультетіне кетіп жатыр. Ол кезде Тау-кен институтының шоқтығы басқа институттарға қарағанда әлдеқайда биік болатын. Қабылдау кезінде ректор Байқоңыров: «Стипендия да жатақхана да аласыңдар» – деді.

Сөйтіп, 1955 жылы шілде айында институтқа оқуға түстім, студент атандым. Білім ордасына ендім. Арманым орындалды, бақыттан басым айналды. Мен үшін бұдан артық қуаныш, бұдан артық мәртебе болмады. Іле Көкшеге оқуға түскенім, студент болғаным жөнінде жедел телеграмма жібердім.

Жоғарғы оқу орнына қабылданғанымыз туралы бұйрық шықты. Көңіл көтеріңкі, Алматыға оқуға түстім. Медальға ұсынғаннан ештеңе шықпай, аттестат қолға тимей, өлдім-талдым дегенде Алматыға жетіп, Қазақтың инженерлер даярлайтын алғашқы оқу орнының (ҚазТКМИ) маркшейдер мамандығына оқуға түсіп, қиыншылықтың бәрі артта қалып, ұмытылып, мәз-мейрам болып жүрмін.

Студент деген қандай жақсы сөз! Секіріп-секіріп, ән шырқап кеткің келіп тұрады! Сынақ-емтихандарын тапсырып жүргенде алматылық Роза Абдрахманова деген қызбен танысқан едім. Ол да маркшейдер мамандығына түсті. Қуанғаным соншалық, сол Розаға айтамын: «Оқуға түстік қой, жүр паркке барып бір-бір балмұздақ алып жейік. Мен төлеймін –деп. Сонда Роза: «Неге ол үшін паркке барамыз, мына Бас арықта да (Головной арык) сатады-ғой» – дейді. Сөйтсем, балмұздақ деген көрінген бұрышта сатылады екен. Оны да білдім!

1.4. Студенттік алғашқы сапар

Жоғарғы оқу орнына қабылданғанымыз туралы бұйрық шықты. Біздерді тың өлкесіне ауыл шаруашылық жұмысына жіберді. Оқуға түскендердің жаны–

жаз, көңілі–көктем, ол жаққа жолаушы поезымен жүретін болдық. Поезд дөңгелегі шойын жолмен қалыпты әуеніне басып зырлап келеді. Бағытымыз– Солтүстік аймағы.

Енді ғана студент атанған жастар поездың ырғағына қосылып мандолин, гитарамен әндетіп қоямыз. Біріміз орысша, біріміз қазақша...

Ал мен болсам: *Жазира, жасыл кілем өрнектеген,*
Туған жерге, дариға, жер жетпеген.
Көкшетау, әлдилей бер, сен деп келем,
Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем, – деп қоям.

Жолшыбай бір-бірімізбен таныстық. Олар: Роза Абрахманова (Қанафина)–Алматыдан, Бақыт Жарқынбаев, Володя Есниязов– Қызылордадан, Қайролла Сердалин–Солтүстік Қазақстаннан, Тамара Новикова–Бурундайдан, Валерий Антонов–Өскеменен, Төлепберген Бекназаров, Имаш Мүлдеков, Шәріп Бекбасаров, Анатолий Болтман, Болат Ниязбеков – Жамбылдан, Настя Кривенко – Қостанай, Ақылжан Бейсебаев – 10 жылдықты Көкшетауда бітіріпті, оған мен жерлес деп қоямын. Вячеслав Беднов, Марат Исаев, Марат Журкашев, Темірхан Хакімжанов, Эмма Емцова – Алматы, Құсман Жасимов, Вячеслав Колотвинов–Омбыдан, Абдолла Сағындықов–Жезқазған, Шамшиден Абдраманов–Қарағандыдан, Виктор Яшкин, Казбек Дзарахоховтар еді.

Біздің топтың старостасы –техникум бітірген, үш жыл Қызыл армия қатарында болған Федор Карпов деген бізден ересек жігіт болатын, бүгінде дүние салды. Бәріміз бір-бірімізді көптен білетін адамдардай, тел өскен құрдас-құрбыдай тез бауыр басып кетгік. Жолшыбай әркім өз ауылы, өскен ортасы жайлы әңгіме айтады.

Сөйтіп, ара қонып, Көкшетауға жеттік. Барар жеріміз Көкшетау облысының Қызылту ауданы. Жолда Бурабай стансасынан түсіп, үйге барып, сіздерді қуып жетемін – деп жетекшіміз Б.Н.Кораблевтан сұранған едім, босатпай қойды.

– Ең алдымен барып орналасайық ауылың алыс емес екен, содан кейін барып келесің,– деді.

Осы жерде біздің бәрімізді палаткаларға орналастырды. Сол жыл егіннің керемет бітік шыққан жылы екен.

Алтын күн аспаны, алтын дән даласы.
Думанды бастады, далама қарашы-

деп дикандар әнге басады, біздер қоштаймыз. Егінді уақтылы жинау жұмысына Одақтың түкпір-түкпірінен студенттер жаппай ағылатын-ды. Еңбегіміз де, әніміз де «Алтын дәнге», «Ақ бидайға» арналатын.

Техникалық институттарға қыз балалар аз түсетін-ді. Барлығы 8 қыз бала едік, біздерге тамақ пісіру жүктелді. Дала қосының жағдайы бойынша тамақ та далада берілетін. Ер балалар астық қабылдау пунктінде жұмыс істеді. Бидай жал-жал болып далаға төгілген. Арасына уақтылы ауа жіберіп, кептіріп,

араластырып тұрмаса әлгі астықтың асты ылғалданып, қызып кетеді. Бос уақытымызда біздер де, құрбыларымызға көмектесіп, аяғымызға керзі етікті киіп таңның атысы, күннің батысы алтын дәнді жалдарды аударыстырып, араластырып жүретінбіз.

Менің туған ауылым да егін шаруашылығымен айналысатын, оларда да науқанның қызу кезі. Мен жұмыс істеп жатқан жерімізді айтып, бір күнге болса да келіп кететінімді хабардар еттім. Біздерді басқарып барған жетекші ұстаздар айтқан сөздерінде тұрып, маған бір машина тауып беріп, жүз шақырымдай жердегі ауылыма Роза құрбым екеуімізді жіберді. Ол кезде мұздатқыш деген жоқ. Қысқы соғымнан қалған қазы, қарталар ағаштан жасалған кебеженің ішіндегі ұнда, сап-сары болып сақталған екен. Аруағынан айналайын, әжем маған деп сақтағандарын пісіртті. «Басқарып келген ұстаздарыңа және жолдастарыңа ауыз тигіз» -деп, торсыққа қымыз да құйып берді. Қайтарыңда тағы да сұран, Алматыға алып кететіндеріңді даярлап қоямыз деп қояды, жарықтық.

Ауыл шаруашылығы жұмыстары біткен соң Алматыға оралдық. Алматының алтын күзі әппақ пейілмен құшақ жая қарсы алды. Сарғая бастаған жапырақтары бұтаққа ілініп, желмен ойнағанда алтын жауып тұрғандай әсер аласың. Алматыда аңызақ ұрмайды екен, бірақ ыстығына үйрене алмай жүрдім. Арықтан сылдырлап аққан суға екі аяғымды салып қойып, кешкілік таудан ескен самал желмен желпініп отырамын да

Алматының кеші қандай, Алатаудың төсі қандай,
Күн қала бұл, Ай қала, аймала жел, аймала –деп әндетемін.

Ал енді Алматының жаңбыр жауған кездері керемет. Ап-ашық күн аяқ астынан ойлана қалады да көк жүзін қара бұлт торлап, әп-сәтте найзағай ойнап шыға келеді. Содан соң Алматының ақжауыны құяды-ай дейсің келіп. Жауыннан соңғы ауа-райы тынысынды ашып, жан сарайынды жадыратып-ақ жібереді. Сол кезде *«Алматыда жаңа жауып, жаңа жауып басылған»* деген ән көкейге оралады. Ол кезде көлік те қазіргідей көп емес. Ауа да таза, адам да таза уақыт еді ғой, шіркін.

Біздер бірінші курстан бастап жатақханада тұрдық. Жатақханамыз қазіргі «Қазақстан» қонақүйінің орнында болатын. Тұрған жері де тамаша. Достық және Абай даңғылдарының қиылысында. Геология, тау-кен және металлургия факультеттерінде оқитын 1-курстың 16 қызына бір бөлме тиді. Бөлмеде екі ярусты 8 кереует болды.

Металлургияға мамандығына түскен бойшаң Роза Нұрымова деген қыз маған: «Сен кішкентай екенсің, екінші қабатқа жатасың»-деп, өзі астыңғы қабатты алды. Ол Жамбыл (Тараз) қаласынан келіпті. Сөйтіп, Роза Нұрымова, Балхаштан келген Күлзәкен Махмұтова және Өскеменнен келген Сәбирә Қажығалиева төртеуіміз тамақты бірге ішеміз, құрбы болып кеттік, жұбымызды жазбай бірге жүрдік, қалаға үйрене бастадық.

1.5. Алматы – ән ғой, шіркін қалықтаған

Құдай-ау, қайда сол жылдар, махаббат, қызық мол жылдар!» - дегендей сол жылдардың студентері өнер десе ішкен асын жерге қоятын-ды.

Сол жылдары қазақ өнерінің де бір жұлдызы жанып, басына бақ қонған жылдар еді. Күләш Байсейтова, Қанабек Байсейтов, Байғали Досымжанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Ермек Серкебаев, Шара, Роза Бағланова мен Хадиша Бөкеевалар өнеріне бар қазақ тәнті кез болатын.

Ең алғаш тамашалағаным Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы болды. Күміс көмей Күляш Байсейітованың ғажап үнін тыңдау үшін Абай атындағы опера және балет театрына М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасын», Пуччинидің «Чио-Чио-Санын» және т.б. қойылымдарды түгел тыңдадым, көрдім десем өтірік емес. Күләш Үкілі Ыбырайдың әнін айтып Гәккулетіп жатқан кезде:

Тотыдайын таранған,
Сұңқарнайын сыланған,
Сұлу Жібек бар ма екен! –

деп, көздері жалт-жұрт етіп сахнаға Ғарифолла Құрманғалиев шыға келгенде, оның шырқаған әндерінен дауыл тұрғандай немесе бүкіл зал арқылы бір толқын жүріп өткендей әсер болатын. Өзінде де, аузында да тыным жоқ, екі бүктеп қолында ұстаған қамшысымен, лезде екпіндей басып хан қызының тұсына келіп, одан кейін жалт етіп қыз жеңгесіне шола қарап, Жібекке теңеу таппай сипаттап жүрген Шеге бүкіл сахна мен залды шарықтаған әнге толтырып жібергендей болды.

Сахнаның хас шеберлері ән шырқаған кездерінде бізге өздері емес, нағыз халықтың ақындарын, сал-серілерін еслестететін.

1959 жылы Ғ.Құрманғалиевтің 50 жылдығына арналған концертке елден келген қария апаларымызды ертіп бардым. Домбырамен көп өлең айтып, елдің құлақ құрышын қандырды. Жұрттың сұраған әндерін де қайтармады. «Он алты қызын» орындаған кезде алдыңғы қатарда отырған апайларға қарап, көзін қысып қойып, олардың жас шақтарын еріксіз естеріне түсірді емес-пе! Ғарекеңнің залдағы адамдарды өзіне тартып әкететін құрдіретті күші, әр әнге тән орындау шеберлігі бар еді. «Япырай қандай дауыс, демі қалай жетеді-әй» - деп халық таң қалысып жататын.

Атақты өнер жұлдыздары Хадиша Бөкеева мен Ш.Аймановты тыңдау үшін «әкемтеатрға» барып тамашалаушы едік. Жас Ермек Серкебаевқа бірге оқитын қыздардың бәрі ғашық. Е.Серкебаевты көру үшін, тыңдау үшін «Фигароға» неше рет бармадық, десеңші!

1958 жылдың желтоқсанның онынші жұлдызынан бастап Мәскеуде казақ өнерінің онкүндігі өткен. Қазақ бұлбұлдары Мәскеуде ән шырқағанда кеудемізді шаттық кернеп, мақтаныш сезімге толдып, жатақханадағы радиодан фестиваль жаңалығын күтетін едік. Осы өнердің онкүндігіне қатысушылар желтоқсанның жиырма үшінші жұлдызында Үлкен театрда қорытынды концерт берді. Ол Құрманғазының «Сары-Арқа» күйімен басталды.

Мәскеу дүр сілкінді. Казақ өнерінің жетістігі жайлы «Правда» газеті де желпіне жазып жатты. Біздің кеудемізді мақтаныш сезімі биледі. Билемей ше, Құрманғазының күйі «Сарыарқа» болып Мәскеуден шалқып жатса..

«Сарыарқа» тек Мәскеуде ғана емес, Румыния астанасы Бухаресте өткізілген Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінде орындалды. Біз бұл сәтті киножурналдан көріп таң қалдық. Қазақтың ұлттық аспаптар оркестрі сонда 10-нан астам елдің ұлт аспаптар оркестрінің ортасынан топты жарып, сәйгүліктей озып шығып, бірінші орынға ие болды-ғой! Бұл барша дүниені түгел мойындатқан үздік жетістік болды.

Ең соңында Бухарестің 30 мың орындық стадионында Құрманғазының «Сарыарқа» күйі шиыршық атып, самғай жөнелді. Стадионға жиналғандар дүркіреп қоя берді. Маған біздің оркестрдің бүкіл планета халқын шырт ұйқыдан оятып, орындарынан атып-атып тұрғызғандай әсер етті.

Жамал Омарова апайды айтсайшы, ол кісіні білмейтін қазақ жоқ. Ал біздер одан да жақсы білеміз. Өйткені Жамал апайдың туған інісі ҚазПТИ-дағы химия кафедрасының меңгерушісі және көркемөнерпаздар үйірмесінің басшысы. Концертте Жамал апайға «Алтайды» қоярда қоймай 5-6 рет айтқызатын еді халық. Бірде Жамал апай Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін залдың «қалпағын ұшырып жіберердей» екпінмен, қуатты үнімен орындады және әннің соңғы сөзін айтарда «Менің Қазақстаным!» –деп рояльды жұдырығымен қойып қалды! Сол сәтте Жамал апай да, залдағы халық та осы әннің, ертең-ақ, Қазақстанның әнұраны боларын сезгендей, барлығы орындарынан тұрып қосылып айтқаны есімде.

Шәмші Қалдаяқов, Әбілахат Еспаев, Нұрғиса Тілендиев секілді талантты жас композиторлардың шырқап шыға бастаған кезі сол жылдар болатын. Құлақ түрген адам түн тынысынан небір керемет сыр еститін, ол Шәмшінің әні, жастықтың әні болатын. Жастайымнан мені тал бесік болып әнімен, күйімен тербеткен, биші қайыңдармен билеткен «Арқаның кербез сұлу Көкшетуынан» келген маған Шәмші әндері үлкен әсер етті.

Бұл жылдар шіркін қайта оралмас, студештік өмірдің ең мазмұнды да мағаналы сәттері еді. Шәмшінің жаңа туған әрбір әнін өзімізше мәпелеп, масаттана айтатын едік.

Біздерге Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні өте қатты ұнайтын. Ол осы әнімен өзінің ғана емес, біздің де, біздің ғана емес, сол бір шақтағы бүкіл жастардың жүрек жалынын, сұлу сезімін, адал да мөлдір махаббатымызды жеткізгендей болатын. Бүгін ойласам, біздің бала сезімімізді тербиелеуге бүгінде «қазақ вальсінің королі» атанған Шәмші Калдаяқов ағамыз аз еңбек етпепті. Оның рухының алдында біздің буын бас июге тиіс.

Стипендияны алысымен тамаққа ақша бөліп қоямыз да, міндетті түрде театрларға билеттер алатынбыз. Қай жерде, қандай концерт болатынын күні бұрын Роза Нұрымова досым біліп қояды (оның мамасы Фатима Нұрымова өнер адамы) және арзан билеттер алуға мүмкіншілігі болатын. Бірде «Қазақконцерт» залында керемет концерт болды. Сол концертте Б.Досымжанов «Әлі есімде» деген Ә.Еспаевтың әнін алғаш орындады. Бұл ән маған өте ұнады және менің дауысыма да келетін сияқты. Мен бұрын-соңды

лирикалық ән тыңдап жүріп, жаздың кешкі мезгілін, жастардың бір-бірімен қоштасу сәтінің табиғатпен үндескендегі адам сезін дәл осылайша ешкімнің суреттегенін естімеппін.

Музыкасын жаттап алдық, енді мәтінін таба алмаймыз. Байғали Досымжановтың жүретін жерлерін аңдимыз, көріп тыңдауға ынтықпыз. Сөйтсек артистердің барлығы Калинин көшесіндегі (Коммунистік көше бұрышы) №20 магазиннің үстінде тұрады екен. Ол үйде өзіміздің Күлән мен Асекең де, Роза Шамжанова апамыз да тұратын. Сөздің қысқасы, сол әннің мәтінін Күлән апай жазып алып берді және ол әнді бірнеше рет институт сахнасында орындап жүрдім.

1957 жылы Мәскеуден әнші Владимир Трошин келді, соның концертіне бардық, Ермек Серкебаевты көрдік. В.Трошин орындаған «Подмосковные вечера» әнінен кейін, ілі-шала І.Жақанов өзінің «Мәскеу түбіндегі кешін», яғни «Жайлаукөл кештерін» дүниеге әкелді. Студенттер осы екі әнді де орындаудан жалықпады. Ол әнді біздер:

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,
Қол созып көктегі арманға.
Жүрген кез жүректен, жүректен өшпеді,
Жақсы еді-ау, дариға, Алматы кештері – деп айтатынбыз.

Шіркін, Алматының арулығында, гүл қалалығында, ән қалалығында шек жоқ қой! Оған талас болуы да мүмкін емес. Көше бойы сылдырап аққан арықтар, қисапсыз егілген саялы ағаш қаланы баққа айналдырғандай. Алматы көшелермен жүргенде: «бұл қаланың ішіндегі бақ па, әлде бақтың ішіндегі қала ма? - деп қайран қалатын едік.

Абай атындағы Мемлекеттік Опера және балет театрының жанындағы фонтанға барып қарайтынбыз. Бұл суды екі кемер қылып шашатын вазон-фонтан еді. Содан кейін Үкімет үйінің екі қапталына қызыл граниттен орнатылған екі фонтанға да баратын болдық.

Студенттердің сүйікті демалыс орны–Горький атындағы Мәдениет және демалыс паркі болатын. Паркте әлденеше рет Құрманғазы атындағы Халық аспаптар оркестрінің, Хор капелласының, Қазақ КСР-ның Халық артисі Шараның, Роза Бағлановаңың және т.б. концерттері болатын.

Батыс классикасынан концерттер, Кеңес композиторлары Дунаевский, Новиков, Соловьев-Седой, Блантердің концерттері міне осы Горький атындағы паркте өтетін. Паркте Орталық және кіші ашық эстрада алаңы, би алаңы т.б. болатын. Алматыны жырына, әніне қоспаған өнер иесі кемде-кем шығар. Алматыны өрнектемеген суретшінің шығармашылығында бір дүниенің кем болып тұрары анық. Алматы туралы түсірілген фильмдер де сан алуан.

Гүлі бар таңда ашылар,
Бал шырын алмасы бар.
Бақыттың арнасы бар бір өзінде,
Гүл қала, арман қала,
Көк-жасыл орман қала,
Мәңгі от боп жанған қала,

Алматым-жүрегімде!– деп әндетіп жүріп, бүгінде алматылық болып кеттім. Алматыны жақсы көрем, мақтан тұтам. Ол келешектеде де солай болуы тиіс.

Ару қаланың ажарына қарап, оның алмасын сағынамын, оның иісі қандай еді? Студент кезімде, каникулде ауылға апаратыным апорт алмалар болатын. Оның өзі елге таңсық болғандықтан, әжем Алматыдан әкелді деп ырым етіп әр біреуін тілімдеп-кесіп, отырғандардың қолына ұстататын. Қып-қызыл бір екеуін жеуге қимай, иісіне қызығып, көрнекті жерге қойып сақтайтын-ды.

Бүгінде табиғаттың мінезінен шошыды ма, әлде бір нәрседен жасқанды ма, әйтеуір алма Алматыдан алшақтап кетті ғой. Қазір қайда барсаң, Қытайдың алмасы. Тілсіз болса да, Алматы бүгінде бізге соны айтқысы келетіндей. Жуырда өткен «Алматы жүрегімде» қалалық ән байқауында бас жүлдені жеңіп алған Т.Молдағалиев пен Т.Шапайдың «Алматы күзі» әні сол студенттік кездерімді еріксіз есіме түсірді.

Достар-ау, сол сезімді кешесің бе?
Көз жасым тұр бақыттың кесесінде.
Сайрандап, қол ұстасып сол кездерде,
Жүруші ек Алматының көшесінде.

2. БҰЛАҚ АШҚАН ШАҚ

2.1. Орда

Әр адамның жүрегіне ыстық және жанына жақын ортасы болады. Мен үшін сондай нұрлы да шуақты орда – Қазақстанның инженер кадрларын даярлайтын ұстаханасы болып есептелетін Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (ҚазҰТУ).

Мен студент болып оқуға түскен жылдары ол орда Қазақ кен-металлургия институты (ҚазТКМИ) болатын. ҚазТКМИ тарихы – Қазақстан Республикасы дамуының, оның мәдениетінің және жоғары білім жүйесінің тарихы [41].

Бүгінгі ҚазҰТУ-дың тамыры тереңде жатыр; оның өзіндік тарихы, өзіндік жолы бар. Осыдан 80 жыл бұрын 19-қыркүйекте есігін 1–курс студенттеріне айқара ашқан Қазақ тау-кен металлургия институтын (КазТКМИ)- бүгінгі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ды ашуға дайындық 1933 – жылдан басталыпты. Сол жылғы 20-қазанда КСРО Халық коммисариатының Кеңесі Алматы

қаласында Қазақ тау-кен металлургия институтын ұйымдастыру және оның құрамына Семей геологиялық барлау институтын кіргізу туралы қаулы қабылдаған. Құрамында небары 120 дай студенті бар Семей институтының барлық үш курс студенттері мен материалдық-техникалық базасы ҚазТКМИ-ға ауыстырылды. Осылайша Қазақ тау-кен металлургия институты Қазақстандағы алғашқы техникалық ЖОО- Қазақстанның инженер кадрларын әзірлейтін ұстаханасы пайда болды.

Институт құрамында 22 оқытушы, оның ішінде 6 адам профессорлардың, 9 доценттердің міндеттерін атқаратындар және 7 ассистент болған. Осындай күрделі кезеңде институт Мәскеу, Ленинград, Криворог, Краматорск институттарының көмегіне сүйенді.

Институттың алғашқы директоры–Орал-Қазақстан өндірістік академиясының түлегі, Әшір Жанәліұлы Бүркітбаев өзінің сарқылмас күш-қуатының арқасында институттың қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру мақсатымен Ә. Бүркітбаев Мәскеу, Ленинград, Криворог, Краматорск институтарының көмегіне сүйенді, көптеген профессорларды оқытушылық қызметке шақырды. Атап айтсақ: И.И.Бок, В.В.Бутов, В.А.Ванюков, А.Ф.Войцеховский, А.С.Гескин, В.А.Глазковский, А.А.Ермеков, П.М.Кошулько, И.З.Лысенко, Г.Ц.Медоев, Н.С.Старков, Е.Д.Шлыгин және басқалар. Сол кездегі қызмет істеген көрнекті тұлғалар арасындағы Әлімхан Әбекұлы Ермеков – бірінші қазақ математигі, Томск политехникалық институтының түлегі екендігін және 1936 жылы жоғары техникалық оқу орындары үшін математикадан терминологиялық сөздік жасап жариялағанын айтып кету ләзім.

Соғысқа дейінгі жылдар ҚазТКМИ үшін қалыптасу, даму кезеңдері болды. Оқу орнының атағы 1937–жылдың өзінде-ақ сол кездегі тау-кен металлургия институттары арасында Одақ көлемінде екінші орынға (Мәскеу түсті металдар институтынан кейін) шығып, кеңінен танылды.

1937 жылдың қазанынан бастап институт директоры болып Мәскеу түсті металдар және алтын институтының түлегі Серікбай Базарбаев тағайындалды. Алғашқы оқуға түскендердің көпшілігі кейіннен аса ірі ғалым, өнеркәсіп кәсіпорындары басшысы, мемлекет қызметкерлері болып шықты. Олар: А.Машанов, И.А.Онаев, М.Г.Мильграм, В.Штифанов, А.Каюпов, Б.Ысмағұлов, С.А.Карамуллин, Ө.А.Байқоңыров, М.Е.Медведев, Н.Төкенов және т.б.

Ұлы Отан соғысы институт үшін де үлкен сын болды. Білікті оқытушылар әскерге алынып, олардың орындары сиреп, саны күрт азайып кетті. ҚазТКМИ түлектері Н.Д.Маркелов, В.А.Засядько, М.Баймұханов, А.Торопкин, Н.Ященколар Ұлы Отан соғысында Кеңестер Одағының Батыры, ал Т.Бигельдинов деген түлегіміз екі рет Кеңестер Одағының Батыры жоғары атағына ие болды.

1942 жылы институт алғашқы инженер–маркшейдер мамандарын шығарды. «Іс тетігін кадрлар шешеді» дегендей, сол кезден бастап ҚазТКМИ сапалы кадрлар даярлау үшін, соғыс жылдары Кеңес одағының әртүрлі қалаларынан (Мәскеу, Ленинград; Киев, Харьков; Днепропертовск, Воронеж, Минск және т.б.) Алматыға қоныс аударған көптеген ғалымдар педагогикалық қызметке шақырылып, оқытушы-профессорлар құрамын білікті ғалымдармен толықтырылып отырылды. Қ.И.Сәтбаевтың шақыруымен институтқа дәріс оқуға: Г.Ц.Медоев, Е.Д.Шлыгин, И.И.Бок, Г.Н.Щерба сияқты геолог-ғалымдар келді. Оқытушы-профессорлардың қатары П.А.Рыжов, А.В.Бричкин, А.С.Попов, В.В.Стендер, Н.С.Старков, В.Д.Понаморев, Х.А.Аветисян, Л.В.Гульницкий сынды ғалымдармен толықтырылды және олар институт қабырғасында дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеуге белсене ат салысты.

Осы ретте Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткерлері, көрнекті ғалымдары мен ақын-жазушылары, білікті өндіріс басшыларының үлкен шоғыры осы оқу орнын бітірп шыққанын атап айтқым келеді.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде Қазақстанның өндірісін дамытудың болашағына байланысты біздің институт үшін кезең болды. 1952 жылы Ө.А.Байқоңыров академик Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысымен әрі әрі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Ж.Ш.Шаяхметовтың қолдауымен Қазақ тау-кен және металлургия институтының директоры қызметіне тағайындалды.

Ө.А.Байқоңыров сол кезде өндірісті бірнеше жыл басқарған, тәжірибелі тау-кен инженер еді. 1952-1962 жылдар аралығында ол ҚазТКМИ ды политехникалық салаға түрлендіру үшін көп еңбектер атқарды, института мамандықтарар саны көбейді, жаңа қалашығын (қазіргі Сәтбаев көшесіндегі) салуға, материалдық-теникалық базасын жаңартуға, оқу орнының кадрлық әлеуетін жақсартуға қол жеткізді. Осылайша, институтта геологиялық барлау, тау-кен, металлургия өндірісі мен құрылыс жұмыстарына арналған 12 мамандық бойынша инженерлерді дайындау жүргізіле бастады[42].

Ө.А.Байқоңыров директорлық қызмет атқарған жылдары, оның орынбасары жас ғалым, доцент Е.А.Бөкетов болған-ды. Ол осы институттың түлегі, 1951-53 жж.-аспиранты, доценті, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1960-72 ж. Қ.И.Сәтбаевтың шақыруымен Қазақ КСР Ғылым Академиясының Қарағанды Химия-металлургия институтының директоры, кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болған, ҚазақҰҒА академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері. Бүгінде ҚарМУ-ге Е.А.Бөкетовтің есімі берілген.

Қарап отырсақ, өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертең болмайтын сияқты. Қазақстан Республикасының осы оқу ордасының қалыптасуы мен даму тарихындағы басты бес кезеңді атап өтуге болады:

1934-1960 жж. – Қазақ кен-металлургия институты (ҚазТКМИ);

1960-1994 жж. – Қазақ политехникалық институты (ҚазПТИ);

1994- жылдан бастап–Қазақ Ұлттық техникалық университеті (ҚазҰТУ).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, 1999 жылы көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі берілді.

2001 жылдың 5 шілдесінде Елбасының Жарлығымен университетке ерекше мәртебе беріліп, бүгінде Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰТУ) аталып отырған ЖОО ның қысқаша тарихы осындай.

Біздің университетте де жүректері елім деп соққан ұлы тұлғалар, зиялы азаматтар еңбек еткен. Өздері өмірден өтсе де олардың артында өшпес еңбектері қалды, басқан іздері тасқа таңба басқандай, олар дәріс оқыған аудиториялардан жылы леп есіп тұрады. Біздер сол ұлыларға тағзым ету арқылы да болашақ жастарды тәрбилейміз. Оларға арналған арнайы мұражайымыз бар. Алып тұлғаларымыздың алдыңғы шебінде Ә.Бүркітбаев пен Ә.Ермековтер тұрды десек, сол үрдісті Ө.А.Байқоңыров, А.Ж.Машанов, М.Құрманғалиев, М.Батырбеков, Е.А.Бөкетов, Ш.Е.Есенов, Г.Ц.Медоев, Ғ.М.Есіркегенов, Ә.Қ.Омаров, Б.Р.Рақышев, Д.Қ.Сүлеев, Ө.А.Жолдасбеков, И.А.Онаев, А.Б.Беделбаев, Н.Тұяқбаев, С.А.Шрубко, Б.С.Жармағанбетов және тағы басқалар дамытқан.

Бүгінде ҚазҰТУ инженер кадрларын даярлайтын ең ірі орталықтардың бірі бола отыра, әлемдік білім беру жүйесінде лайықты орынға ие болып отыр және бұл білім-ғылым ордасының болашағы үлкен деп сенеміз.

Жоғарыда айтып кеткен ұлы ұстаздар Ө.А.Байқоңыров, Е.А.Бөкетов және А.Ж.Машанов сынды ұстаздар жайында өткен шақта жазу ауыр, сөз айту да оңай емес екені белгілі. Ұлы Абай:

«Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенмен боласың тең» –

деп дөп басып айтып кеткендей, ҚазҰТУ– дың тарихында өшпес із, бай мұра қалдырған ұлағатты ұстаздарымыз жайында айтып кету – парызымыз.

2.2. Ұстаздарым менің

Ұстаздардың ұстазы болу – ұлылық. 1955 жылы бағым жанып, ҚазТКМИ атты қара шаңырақтың студенті атанып, оның есігін ашқаным – менің өмір табалдырығын алғаш аттаған сәтті күнім болатын. Сол күннен бастап менің студенттік, аспиранттық, ғылыми және педагогикалық жолдарымда, бір ауыз ақыл сөздері атаның берген батасындай болған О.А. Байқоңыров,



Е.А Бөкетов, Ж.С. Ержанов сынды академиктер кездесіп, жасаған аталық қамқорлықтары менің сәтті күндерімді көбейте түсті.

Осы академиктер «ұлағатты ұстазымыз, ағамыз» - деп сыйлаған, құрмет тұтқан, заманымыздың заңғар ғалымы, кеше ғана 100-жасқа толғаны ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілген А.Ж. Машановты сырттай шырамытып, басына киген тақиясынан жазбай танушы едік. Ұстаз жоғарғы курстарға дәріс оқитындықтан да, алғашқыда институт дәлізінде ғана көріп қалып жүрдік. Жүзтаныс болмасақ та, өзіне деген үлкен құрметіміздің белгісі ретінде ізетпен берген сәлемімізді ол кісінің жылы қабылдап, күлімсірей бас изеп өткеніне мәз болатынбыз.

А.Ж.Машанов бізге 1958-1959 оқу жылдарынан бастап кен геометриясы пәнінен дәрістер оқи бастады. Ол кісі сол кезде геология мен маркшейдерияны үйлестіре отыра, Қазақстанның көптеген кен орындарында жер қойнауының геологиялық құрылымын математика-механика әдістерімен зерттеп, тау-кен ғылымында жаңа геомеханика әдісін батыл қолданып жүрген екен. Сабақ беру барысында Ақжан Жақсыбекұлы кен геометриясы пәнінің нысандары, мақсаттары, тәсілдері жайлы өте ұғымды, терең мағыналы, студентердің көкейіне қонатын сөздер қозғады. Сабақ үстінде байқағаным: ол кісі асықпай сөйлеп, сөздерін тайға таңба басқандай айтатын, кезі келген кезде қазақша да түсіндіріп тұжырымдайтын еді. Үзіліс уақытында да ешқайда кетпей, арамызда болып, біздің қойған сауалдарымызға жауап беріп, өндіріс-тәжірибе жұмыстарынан тартымды әңгімелер айтып бірден өзіне тартты.

Шіркін-ай! Сол кездегі ұстаздардың шәкіртке білім беру мен ғылыми ізденіске баулуға деген құлшыныстары мен үйретуден жалықпас қасиеттеріне таңданбасқа шараң жоқ қой. Абайдың: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегені сол ұстазымыз Ақаңа, «Білімдіден шыққан сөз –талаптыға болсын кез» деген арманы сол тұстың шәкіртіне арнап айтылғандай. Ғылым атты тылсым дүниенің, ғажайып әлемнің табалдырығын имене аттаған едік. Кейіннен, есейген соң, сол ғылымның әліппесін қолға ұстатқан Ақаңның төл шәкіртіне айналдық [43].

Мен сол тұстан бастап, бүгінде XX ғасырдың Әл-Фарабиі атанған Ақжан Жақсыбекұлының бойындағы ұстаздық қасиеттерді, ұстазға тән ұлағаттылықты, тау-кен ғылымына деген адалдықты танып біле бастадым десем, өтірік айтқандық емес. Жалпы алғанда, Ақжан Машанов – ұстаздығы мен ғалымдығы, адамдығы мен азаматтығы тұтасып кеткен жан! Ұстаз бойына біте қайнасқан осынау қасиеттерді бөліп жаруға әсте болмайды. Ең алдымен айтарым, Ақжан Жақсыбекұлы бойындағы бар қасиеттің басын қосып, ыдыратпай тұрған ұлы құдырет – оның ұлтына деген шексіз құрметі. Өйткені, ол – ұлттық рухты көтеруге саналы ғұмырын түгел бағыштаған, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жүрегінен жас кезінен орын тапқан жан еді.

Ол қасиетті Арқада туып, 1934 жылы Алматыда ашылған ҚазТКМИ-дың (қазіргі ҚазҰТУ) институттың алғашқы студенттерінің бірі болып қабылданады. Осылайша оны 1939 ж. «тау-кен инженері–геолог» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шыққан тұңғыш түлегі.

Қазақстандағы маркшейдер мамандығының негізін қалаушы профессор П.А.Рыжов зерделі студентті 1939 ж. аспирантураға алып қалады. Сөйтіп Ақаң ҚазТКМИ – дің алғашқы аспиранты болды.

Ғылыми еңбегіне жер қойнауының геометриясын өзек етіп алды. Ол екінің бірінің тісі бата бермейтін тың тақырып еді. Жаңалыққа қашанда қарсы шығар кертартпа ғалымдар ғылыми жаңалыққа күдікпен қарады. Алайда Ақанның диссертациясындағы кен орындарын зерттеудің жаңа әдісі Қазақстанның көптеген кен орындарында байқаудан өтті. Сөйтіп, кендердің жер қойнауында түзілу заңдылықтарын ашуда алғаш рет жер қойнауы геометриясының әдістерін қолдана отыра, үш ғылым саласының (геология, механика және тау-кен ісі) түйісуінен туындаған жаңа ғылыми бағыт – «Геомеханиканы» дүниеге әкелді. А.Ж.Машанов ҚСРО – дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі және Қазақстандағы геомеханика мектебінің ірге тасын қалаушысы болған 1946 ж. Қазақстандағы Ұлттық ғылым академисының шаңырақ көтеруі тарихи уақиға болды және оның құрылтайшыларының бірі хақында А.Ж.Машанов академияның корреспондент – мүшесі болып сайланды. Оның геология, геомеханика саласындағы ғылыми еңбектері, көп жылдардағы далалық, өндірістік, ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижелері бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орындарының тау-кен мамандықтарына оқылатын «Геомеханика» пәні ретінде оқу үрдісіне енгізуге негіз болды.

А.Ж.Машанов көптеген ғылыми кітаптар жазды. Солардың ішіндегі «Механика массива горных пород», «Введение в геомеханику», «Основы геомеханики скально–трещиноватых горных пород», «Геомеханика», «Устойчивость бортов карьеров бассейна Каратау» сияқты монографиялық еңбектері осы саладағы іргелі зерттеулер қатарына жатады.

1959ж. профессор А.Ж.Машанов ҚазПТИ–да «Маркшейдерлік іс» кафедрасының меңгерушісі және ғылыми ұжымының жетекшісі қызметін атқарды. Тұңғыш түлегі болып мамандық, алғашқы аспиранты болып ғылыми атақ алған оқу орнындағы ғылыми – педагогикалық жұмысы (1950-1997ж.ж) оның еңбек жолындағы жемісті кезеңі болды. Ол кісінің басқаруы кезінде 1000-нан астам кен инженерлері – маркшейдерлер, 25 – тен астам ғылым кандидаттары мен докторлары дайындалды. Ол тек біздің буынның ғана емес, көптеген ірі тұлғалардың ағасы, ұлағатты ұстазы еді.

А.Ж.Машанов ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу–маржанын талмай талғаммен терген жан. Ол кісінің ой толғамында «Кісіліктің өлшемі–білімділік, сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек» деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті [45].

Осы саладағы Ақжан Жақсыбекұлы баға жетпес, ерлікке парапар келетін ел құлағын елең еткізген еңбегі–ұлы бабамыз, Шығыстың энциклопедист–ғалымы Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы қызметі теңдессіз. Ақаңның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отанына қайта оралды. Ол дүниежүзі елдерінің

кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 ж. бабамыздың Дамаск қаласындағы зираттан бейітін тапқан жан.

Ақаңның үйіндегі кітапханасында сирек кездесетін кітаптар көп еді. Солардың бірі – Иоганн Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабы болатын. Сол кітапты оқи отыра, Ақаң Кеплердің жазғандарының барлығы дерлік Әл – Фарабиден алынғандығын анықтады. Осы мәселеге байланысты ол 1972ж. Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азия мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялады. Сол мақала туралы шығыс ғалымдары «Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді» – деп жазды. Міне содан бері «Әл-Фарабиді ашқан Әл-Машани» деген сөз тіркесі жалғасып кете берді. Әл-Машани деген атақ Ақаңның өзіне де ұнағандығы соншалық, «Ай арысы» және «Геомеханика» атты кітаптарында қаламгер иесі «Әл-Машани» деп өз қолымен жазып кетті.

Жалпы Әл-Машани 200– ден астам ғылыми мақалалар, 10 монография, 5 оқулық және 8 ғылыми– көпшілік кітаптар жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалымның кемеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды.

А. Әл-Машанидің ғылымға қосқан зор үлесін және ғылыми педагогикалық қызметін жұртшылық пен Үкімет жоғары бағалады. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдар және Қазақ ҚСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ал, Ақжан Жақсыбекұлының педагогикалық тәжірибесі де шексіз, жастарға жоғары білім беріп, оларды бүгінгі дәуірге сай жан-жақты білім, мәдениетті маман етіп тәрбиелеу біздің парасатты борышымыз екенін айта келе: «Студенттердің көңілін қалдырып, сақтарын сындырмаңдар, кемшіліктерін жекіп, сөзбен емес, көзқарастарыңмен білдіргейсіңдер. Алдарың өте қайтымды, туған анасындай-ағасындай болғандарың жөн», – дейтін. Міне, көргендік, ұстаздық деген осы емес пе?

Бүгінде ҚазҰТУ-да Әл-Машани атындағы «Жаратылыстану» институты, студенттер дәріс тыңдайтын, диссертациялар қорғалатын А.Ж.Машанов атындағы аудитория бар. Жаратушымыз, адамға екі тізе бергенде: біреуін ұстаздың алдында, екіншісін дәрігердің алдында бүгуге берген екен деген қағида бар. Сол айтылғандай, А.Ж. Машанов аудиториясы алдында орнатылған ескерткіш тақтаның ашылу рәсімі кезінде, ұлы ұстазға тағзым етіп, басымызды идік. Осылайша ұстаздарының өз дәуірінде еккен егінін, төккен терін бағалай білген шәкірттері зор еңбек жасады.

Уақыт өткен сайын ғалымның өмір жолы мен ғибраттылығы, ғылыми еңбектерінің қажеттілігі, ұрпақтар үшін бұрынғыдан да ұлғая, биіктей түскен тәрізді және болашақта да солай бола бермек.

Сөзімнің соңында Ақжан әл-Машанидің рухына тағзым етіп, естелігімді ұстаздың 100 жылдық мерейтойына арналған өлеңіммен аяқтағанды жөн көрдім[43].

Көңілі бір Сарыарқадай кең еді,
Іздегені жер астының кені еді.
Шәкірттері атап жатқан бүгінгі,

Ұлы ұстаздың 100– ге келген тойы еді

Әл-Машани қазағымның мақтаны,
Ғұлама деп сөз сөйлейміз шаттана.
Білім қадірін түсінетін адамға,
Машани ісі жадында қалар жаттала.

Әр ісіңіз үлгі-өнеге, байсалдық,
Нәр алдық та өзіңізден жайқалдық.
Аруағыңыз желеп, жебеп жүрсінші,
Фарабидей тұлғаңыздан айналдық.

Ұстаздан дәріс алмайтын, үйренбейтін кім бар? Ұлы да, ұлық та ұстаз алдында өтеді. Олай болса жастарға білім мен ғылымның кілтін ашудан, үйретуден, ғылымды көпшілікке насихаттаудан жалықпаған, ұстаздардың ұстазы А.Ж.Машановтай үлгі-өнегенің биік жолында өзімізді ұстай білейік. «Шәкіртсіз–ұстаз тұл»–дейді. Білімді шәкірттеріміз көп болып, денсаулығымыз келісті, еңбегіміз жемісті бола берсін дегім келеді.

☆☆☆☆☆

Тау-кен ғылымының данасы. Ұлы ғалым, қазақ зиялыларының ірі өкілі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыров туралы ойлағанда, «Жаманның ғұмыры шағым мен арыздан тұрады, жақсының ғұмыры қарыз бен парыздан тұрады» деген өлең жолдары ойға оралады Ө.А.Байқоңыров ел–жұртының, халықтың алдында өтейтін қарызым мен парызым бар деп ғұмыр, жаратылысы ерекше жан болатын. Мен 1955 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтына оқуға түскенімде Өмірхан Аймағамбетұлы осы институттың директоры еді, дипломды да сол кісінің қолынан алдым.

Бүгінгі күні Ө.А.Байқоңыровтың сан қырлы қызметі туралы жан-жақты айту бір жағынан жеңіл, екінші жағынан қиын да. Оның парасатты қызметі халқының көз алдында өтті, әрбір қадамы замандастары мен шәкірттерінің есінде қалды. Ұлағатты ұстаз біздерге өз бойындағы білімі мен даналық теңізін, адамгершілік махаббатын сыйлады. Ө.А.Байқоңыров дәріс оқыған кездегі алғашқы сөзі «Біздің басты байлығымыз минералды ресурстар» деп басталатын. Оның ғылыми еңбектерінің саны қаншама көп болса, сапасы да жоғары. Ғалымның әр еңбегі өз саласының жаңалығы мен жаршысы ретінде ерекше.



Өмірхан Аймағамбетұлы студенттер, аспиранттар үшін тазалықтың, әділдіктің, бекзаттықтың үлгісі болды. Ұстаздың да ұстазы бар. Өмекең сөзімен де, ісімен де, тілімен де, сырт келбетімен де өзіне адамды тартып, баурап алатын тұлға бола білді. Оның ашық дәрістеріне студенттер ғана емес, оқытушы-ғалымдардың өздері барып тыңдайтын-ды.

Ө.А.Байқоңыровтың ғалым-педагогтарды даярлаудағы еңбегі де зор. Өмекеңнің жетекшілігімен 60 ғылым кандидаттары, 10 ғылым докторлары дайындалып, 300 ден астам ғылыми еңбектері, 15 монографиялар, 30 өнертапқыштық патенттері бар екен. Академик Байқоңыровтың шекпенінен шыққан тау-кен саласының көрнекті өкілдері, ғалымдар, министрлер, ректорлар оның ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз болғанының айғағы.

Ө.А.Байқоңыров 1934 ж. құрылған ҚазТКМИ-ды 1960 ж. Одақтағы инженерлер даярлайтын, ұлттық кадрларды сомдайтын ҚазПТИ-сынды ордаға айналдырып, оны қарашаңырақ болып қалыптастырған, қазіргі ғимаратын салғызған ең беделді директоры болды. Басыңа пәлені үйіп, күйген заманда, орыс пен қазақ іштей тіресіп, бұлшық еттері сіресіп тұрған кезде ҚазПТИ–ды басқару оңай болған жоқ. Ө.А.Байқоңыров өндірістерге жас қазақ жігіттерін тартудың ең дұрыс жолы– ол институтқа қазақ жастарын қабылдап алу және мүмкіндігінше қазақша оқыту деп білді. Қазақша оқыту үшін институтқа қазақ оқытушыларын тарту керек болды. Осы жайлы М.Батырбековтің естелігінде: «Бірде Өмекең «институтта қанша қазақ оқытушысы бар?» деп сұрады. Мен «бесеу» дегенімде, ол жұлып алғандай «төртеу» емес пе?» деп санай бастады: «М.Құрманғалиев, Ш.Бегалиева, сен және мен» деп төрт саусағын жұмды. Мен: «атшы ше?» деп бесінші саусағымды жұмдым. Өмекең мейірлене күліп алды да, маған қазақ кадрларын іздеуді тапсырған еді»... деп жазылған.

Институтқа ұлт кадрларын топтастырудағы Өмекеңнің жұмысына қолдау жасаудың орнына, оның бұл ісіне қарсы А.В.Бричкин, П.М.Кошулько бастаған арызқойлар да шықты. Осындай әрекеттеріне қарамастан Ө.А.Байқоңыров ол арызқойларды шектен шығармай ұжымда ұстай білді және ҚазПТИ-дағы қазақ оқытушыларының санын 50% -ға жеткізді[44].

1962 жылы Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысымен академик Байқоңыров Қазақ КСР Ғылым академиясының академик-хатшысы болып сайланды. Қ.И.Сәтбаевпен жұмыс істеуді ол өзіне бақыт деп санады.

Өмірхан Аймағамбетұлы қандай жоғары дәрежелі орындарда отырса да, өзінің мағыналы өмір жолымен, ішкі рухани байлығымен, асыл адами қасиеттерімен, кішпейілдігімен, қарапайымдылығымен, еңбекқорлығымен бәрімізге үлгі болды. Тек қана тау-кен саласындағы адамдарға емес, ғылым қуған барлық жастардың рухани көсемі, ақылшысы, тәрбиешісі, қамқоршысы да болған жан еді. Өз басыма Өмекеңнің жасаған жақсылығы ұшан теңіз. 1959 жылы жолдасым Шәріп Бекбасаров Қарағандының №38-шақтасында өндірістік жарақат алып, бір аяғынан айырылды. Сол жылдары студенттер жатақханаға тапшы болатын. Соған қарамастан біздің жанұямызға бір бөлмені босатқызып берді. Екеумізді де аспирантураға алып қалды. Өмекеңнің арқасында ғалым болдық, отбасымызды құрып, пәтер алдық, балалы-шағалы болғанымша қамқорлығын көрдік.

Академик Ө.А.Байқоңыров Қазақстанның георафиялық орталығы болып саналатын, көшпелі дала мәдениетінің бастауы, ежелгі даланың көне сырларын ішіне бүккен шежірелі Ұлытауда 1912 жылы дүниеге келген. Ол Ұлытаудан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлға.

Осындай кемеңгер ғалым, ұлағатты ұстазымыз Ө.А.Байқоңыровтың 100 жылдық мерейтойы 2012 жылы Республика көлемінде атап өтілді. Осы шараға орай ҚазҰТУ-да арнайы аудитория ашылуына арналған тілегімді келтіре кеткенді жөн көрдім[45]:

Балапанбыз кеше өзіңіз ұшырған,
Еңбегіңіз жанды бізге ұсынған.
Жігерленіп, талпынамыз күн сайын,
Өткен кезде аудитория тұсынан.

Қанатыңыз жазығындай еді Арқаның,
Ақылыңыз асқар тауы еді алқаның.
Таба алмасақ бір нәрсенің түйінін,
Әділеттің кенін іздеп аңсадық.

Бағыт берер Шолпаным бол, бол айым,
Ақ бейнеңізге күнде барып қарайық.
Біздер үшін аудиторияңыз – шаңырақ,
Ішінде тек жыр оқитын болайық.

☆☆☆☆☆



Қазақтың намысынан жаратылған. Біз бұрынғы өткен дәуірімізде халқымыздың елдігін көрсетуге аянбай тер төккен асыл азаматтарын атап, құрметпен еске алып отыруды дәстүрге айналдырған жанбыз-ғой. Солардың арасынан ғұлама ғалым, көрнекті ұйымдастырушы, аты да атағы да алты алашқа әйгілі, елге, қоғамға үлкен қызмет істеген, белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, әрбір ісінде үлкен ақыл-ойдың, іскерліктің ұласқан ізі жатқан Ебіней Арыстанұлы Бөкетов, оқшау көрінеді.

Мен Е.А.Бөкетовпен 1955 жылы Қазақ тау-кен-металлургия институтында таныстым. Мамандықтың қайсысын қаласам деген ниетпен қабылдау комиссиясына келгенімде бөлмені аралап жүрген ірі тұлғалы отыздар шамасындағы адам алдымнан кез келіп, қолымдағы кәмелеттік аттестатымды, мақтау грамоталарымды, жолдамаларымды көрді де:

– Металлург болғың келе ме? – деп сұрақ қойды.

– Мен металлург мамандығын білмеймін, бірақ сабақтардың ішіндегі өте жақсы ұнататыным сызу мен математика, - дедім.

– Онда жер қойнауының тылсым сырын білідіретін, оны сан алуан әдістермен бейнелейтін, әрі оңай қолға түспейтін маркшейдер мамандығына құжаттарыңды тапсыр–деп ақыл берді. –Ал, мына ҚазКРО Жоғарғы Кеңесінің грамотасы саған жай берілген жоқ, жаза білсең, алғаш өзіміздің «Инженер кадрлары үшін» деген газеттен баста, кейін бұл саладағы газет, журналдарға шығуға көмектесеміз. Және де институтта көркемөнерпаздар үйірмесі бар, бірінші курстан бастап соған жазыл, көрсет өнеріңді. – деді де, қолындағы

блокнотына бірдеңелерді жазып алды. Менің фамилиямды жазып алды ма, ол жағын білмедім.

Кейінірек білдім, ол кісі сол кезде доцент, әрі сол жылғы қабылдау комиссиясының төрағасы Евней Арыстанұлы Бөкетов екен. Қай заманда да ғылымға шын берілгендер өз ісіне мығым ғой. Сол кездің өзінде ол асқан сезімтал, әуелден аққу боп, сұңқар боп, тұлпар боп туған адам екендігін байқататын еді. Өзін толғандырып жүрген мәселелерге келгенде іркіліп қалмайтын-ды.

«Оқу білім бұлағы, білім өмір шырағы» дегендей, көздегенің бір жылдық болса – егін ек, он жылдық болса – ағаш ек, ғасырлық болса –ұрпақ тәрбиеле» деген қағиданы берік ұстаған Ебіней ағамыз артында өшпес із қалдырды. Ол мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, еліміздің түсті және сирек металдар химиясы мен металлургия саласындағы көрнекті академик-ғалымы, әрі жазушы, ақын ретінде де елеулі қолтаңбасымен елдің есінде қалған ірі тұлғаға айналы. Ол Қаныш Сәтбаевтың қалауымен Қарағандыға жұмысқа ауысты. Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі Химия, металлургия ғылыми-зерттеу институтын ашқан бірінші директор болып тағайындады. Қарағанды Мемлекеттік университетінің ірге тасын қалап, шаңырағын көтерген тұңғыш ректоры. Оның ғылым ордасының ірге тасын қалаған әрі ұйымдастырушысы болғанын еске сақтау мақсатында бүгінде аталмыш университет академик Е.А.Бөкетов атымен аталады.

1975 жылы елудің беліне еркін көтерілген Ебіней Арыстанұлының мерейтойында академик З.Ғабдолов «Ебіней Бөкетовтің алдында қос рельстей қатар тартылған екі тарам жол жатты: ғылым жолы, әдебиет жолы. Ол екеуін де алалаған жоқ, қатар басты» десе, Әбділдә Тәжібаев: «Елуге, достар Ебінейше келіңдер, елуде бәрің Ебінейше есеп беріңдер» деген болатын. Себебі, Е.А.Бөкетов 29 жасында-ғылым кандидаты, 41 жасында-ғылым докторы, 44 жасында –Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 50 жасында Қазақ КСР ҒА–ның толық мүшесі дәрежесіне жеткен болатын. Оның 150– ден артық еңбектері жарық көрген, оның ішінде 70-тен астамы авторлық куәліктер. Бөкетов мыс-электролиттік шламдардан селен, теллур элементтерін бөліп алудың пиро және гидрохимиялық әдістерін жасап, Д.Менделеев жасаған Элементтердің периодтық жүйесіндегі химиялық элементтер аналогтарының жіктеліміне түзетулер енгізген ғалым.

Е.Бөкетов студент кезінде-ақ Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Ғабиден Мұстафиндердің алдында өзінің өз қатарынан артық туған асыл жанның бірі екенін дәлелдеп берген. Сергей Есениннің, Владимир Маяковскийдің өлеңдерін ана тілімізде сөйлеткен тамаша аудармашы, өйткені ол өзі де көкірегі тұнып тұрған ақын болатын.

Өкінішке орай, Е.А.Бөкетов 58 жасында дүние салды. 1983 ж. жазған «Евней Букетовке реквием» деген жырын К.Салықов:

Биікте едің ала алмас қанат тыным,
Мерт болдың-ау таптырмай тағат тыным.
Бүгін қайта көтерді есіміңді,

Сезіп заман өзінің ағаттығын», – деп аяқтаған еді.

1990 жылы АҚШ ғалымдары аспанда жаңадан табылған жұлдызды «Бөкетов-Баешов жұлдызы» деп атаған. Баешов– бүгінгі күні Түркістандағы қазақ-түрік университетінің профессоры. Ебіней Бөкетовтың шәкірті. Екеуі бірігіп, химия саласында жаңалық ашқан. Бірақ, академик бұл әдістің халықаралық тұрғыда қуатталғандығын естімей дүниеден өтті[46].

Ақ иық ағаның көзі жеткенде көңілі жай табатын марқасқа мінезі көз алдымызда. Оның білімді де біліктілігі, ақындық, жазушылық дарындылығы қандай еді, шіркін! Дүниенің ащысы мен тұщысын жетерліктей көргендіктен оның қоғам қайраткері болып қалыптасу жолы да күрделі. Сұңқардай самғап өткен қысқа ғұмында адалдық пен азаматтық, имандылық пен мейірімділіктің үлгісін паш еткен тәлімгер ұстаз Ебіней Бөкетов ағамыз Қаныш Сәтбаевтың шексіз сеніміне бөленген жан еді.

Бөленген шексіз сенімге,
Перзентін әлі ел бағалар.
Көбейсін қазақ жерінде,
Бөкетовтей жайсаң ағалар!- дей келе, ондаған, жүздеген жылдар өтсе де қазақтың намысынан жаратылған Е.А.Бөкетовтың есімі шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады демекпін.

☆☆☆☆☆

Мейірімді Медоев. Менің есімде қалған ұстаздарымның бірі, біздерге 1-курста «Тарихи геология» пәнінен дәріс оқыған Георгий Цараевич Медоев болды. Ол жалпы геология кафедрасының меңгерушісі екен, Ленинград тау-кен институтын тамамдаған, орта бойлы адам. Ол кісі туралы басқа ештеңе білмейміз.

Алғаш рет дәріс тыңдау–бойды да, ойды да еркіндік билеген бір ғажап сәт еді. Не деген ғажап, аспанның бәрі де ап-анық, бәрі де ап-айқын көрінеді екен! Г.Ц.Медоев дәріс оқу барысында Көкшетауды айтып қояды. Ал мен болсам, асқар шыңды Алатаудан, туып-өскен Көкшеге көзді ашып-жұмғанша жетіп барамын. Одан қайта жұлдыздай ағып Алматыға жетемін. Сөйтіп қиял құшағында тап осылай шабыт тасып, қызыққа батып отырғанда менің алғашқы дәрісімді жез таңдай қоңырау үні үзіп жіберді. Мен айтарын айтып, енді есіктен шығып бара жатқан Медоевтың желкесін ғана көріп қалдым. Ол не айтты, не оқыды, одан мен бейхабармын. Жанымда отырған Розаға тіл қатып едім, ол иығын қиқаң еткізді.

Жаңа ғана жалғанды жалпағынан басып, қуаныштан асып-тасып отырған маған енді ес кіре бастады. Ес кірген сайын, өзіме-өзім сұрақ қоя бастадым. «Дәрісті тыңдамай, оқытушының айтқанын ұқпай мен қалай студент боламақпын? Бүгінім осылай басталса, ертеңім не болмақ?». Келесі жолғы дәріске қалам, дәптерімді алдыма жайып, сақадай-сай әзірлендім. Қанша ынта-ықылас қойсам да, дәрісте не айтылып жатқанын ұғына алмадым. Дәрісін оқып шықты да, оқитын кітаптардың тізімін беріп, шығып кетті. Мен табан астында

тас қапаста қалғандай күй кештім. Орыс тілін ұқпай, білмей, игермей таң атып, күн шықпайтынын сездім. Кітапханаға барып 1954 жылы басылып шыққан Сауранбаевтың «Орысша-қазақша сөздігін алдым. Сөйтіп, басқа да сабақтарды ұға, түсіне бастадым және епте-септеп дәріс жазуға кірістім. Практикалық сабақтан берген сызбаларын орындап жатырмын.

Емтихан басталды. Билет алдым, дайындалып отырмын.

– Дайынсың ба? -деп сұрады Г.Ц.Медоев.

– Дайынмын, Георий Цараевич...

Билеттегі сұрақтарға білгенімді былдырақтатып айтып бердім. Бір сұрақ жерсілкіністер туралы еді, соған толық жауап бере алмай қиналдым. Ол менің орысшаға шорқақ екендігімді біліп отыр. Бір уақытта, ұстаз маған қазақтың жалпақ тілімен:

– Сен қай облыстан келдің?-деп сұрады.

– Көкшетауданмын –дегенім, сол-ақ екен ұстаз:

– Көкшетауда қай жылдары жер сілкініс болды?-деп сауал қойды.

– Ешқашанда.. - дедім.

– Сен өзің қай жылы туғансың? –деп күліп жатыр.

Георгий Цараевичтің қазақшаға судай екенін сонда білдім, қатты ұялдым. Сөйтсем, мен тумай тұрып өл өңірде талай жер сілкіністер болған екен, мен оларды оқымаппын. Ұстаз менің практикалық сабақтардағы жұмысыма қанағаттанды және түсінбесем де барлық дәрістерге қатысқанымды тексеріп шықты да, бағасын қойып, зачеткамды қолыма ұстатты.

Зачеткамды алып, жүгіріп сыртқа шықтым. Төрттік баға қойған екен. Алғашқыда қуанышым қойныма сыймағандай күй кештім, іле ол күйімнен арылдым. Геологиядан төрттік алғаныма қуана алмадым. Медоев маған бағаны біліміме қойды ма, жоқ әлде орысша сөлей алмай тұрған түрімді көріп, мүсіркеп қойды ма? Мүсіркеп, аяп қайырымдылық көрсету кем-кетік мүгедектерге жасалынады емес пе? Қол –аяғым балғадай, екі бетім алмадай, тығыршықтай маған мүсәпір болғанымнан артық бейшаралық бола қоймас. Көңіліме осындай ойлар оралуы мұң екен, мен өзімнің білімсіздігіме қарным ашып, қаным қайнап, намыс оты лаулап жанып кетті.

Кейін білдік, сөйтсек біздерге алғашқы дәріс оқыған ұстазымыз Г.Ц.Медоев КСРО–ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, ҚР ҒА-ның корр.-мүшесі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор және өмір бойы Қазақстанда еңбек еткен жан екен. Ол өткен ғасырдың 30–жылдарынан бастап Орталық Қазақстанда геологиялық экспедицияларда жүріп, алдын-ала есептерге қарағанда, қоры жағынан сол кездерде белгілі Подмосковный және Кизилов көмір бассейндерінен әлде асып түсетін Қарағанды көмір бассейінін ашқан. Соғыстан кейінгі жылдары Г.Ц.Медоев Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен Орталық Қазақстанның металлогениялық картасын жасауға қатысқан, 1936 жылдан бастап Қазақ тау-кен-металлургия институтында қызмет артқарып жүрген екен.

Г.Ц.Медоев қазақ даласын жаяу жүріп, жер қойнауының байлықтарын зерттеп қана қоймай, отызыншы жылдарда көшпелі халықтың жай-күйін, тұрмыс-салтын, ою-өрнектеріне де назар аударғанын, академик Әлкей

Марғұлан архивінен көрдім. Г.Медоевтың Рамазан Барукаевтан басқа достарының барлығы кілең қазақ зиялылары болған, сөйтіп жүріп қазақ тілін үйренген екен. А.Машанов, А.Қайыповтардың айтуынша «Медоев өте мейрімді жан» еді. Осындай атақты адам студенттің фамилиясын жадында сақтауы мүмкін емес. Бірақ, неге екенін білмеймін, Г.Ц.Медоев мені көріп қалғанда «Ия, Көкшетаудың қызы, қалай, жақсы оқып жүрсің бе?-деп сұрап қоятын. Сонда мен бір марқайып қалушы едім.

☆☆☆☆☆

Тау-кен факультетінің анасы. Софья Алекссевна Шрубко, әйел затының сезімге бай, ақылға кең екендігін 30 жыл бойы ҚазПТИ–дың өңшең ер балалар оқитын тау-кен факультетінің деканы қызметін талапқа сай атқарып жүрген кезінде дәлелдеді. С.А.Шрубко 1916 ж. Қазақстанда туған. Ол 1943 жылы Қазақ тау-кен-металлургия институтын (ҚазГМИ) үздік дипломмен тамамдап, еңбек жолын Текелі Қорғасын-мырыш комбинатында учаскелік маркшейдер болып бастаған.



1945 жылдан бастап, Софья Алексеевна ҚазПТИ-да аспиранттан факультет деканына дейін көтеріліп, 43 жыл бойы тау-кен өндірісіне мамандар даярлау саласында қызмет атқарды.

П.А.Рыжовтың ғылыми жетекшілігімен 1954 жылы «Опырылу бұрыштарын теориялық анықтау» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, кафедрада «Геодезия» және «Маркшейдерлік іс» пәндерінен дәрістер оқыды.

С.А.Шрубко 1968-1978 жылдары тау-кен факультетін басқарғанға дейін, деканның орынбасары, «Геодезия» кафедрасының меңгерушісі міндеттерін атқарды. Ол ер азаматтармен қатар тұрып, білек сыбана еңбек етті, факультеттің анасы бола білді. Ол өз бойындағы жалынын, дарынын, қабілетін, жақсылықтарын еш адамнан аямайтын, айналасындағылармен бөлісуге даяр тұратын. Адамдарды өзіне тартып, жан-жағына сәуле шашып жүретін, ерекше жаралған жан еді.

Софья Алексеевна рақымды, әділ, адамға қамқор, қыңырды жөнге, қисықты тезге салған, талай жас толқынды баулып өсірген ұлағатты ұстаз бола білді. Жаны нәзік, аналық ақылы данадай, асқар тау-жартастай, осы бір сырт жағынан қарапайым көрінетін адамның бойында үлкен адамгершілік қасиет жатқандығы жүрегінің лебінен көрініп тұратын.

«Әйел–отбасының тірегі, ұйтқысы, береке мен бірліктің бастауы. Әйелдің ақылдылығы мен іскерлігінің арқасында отбасының берекесі кіріп, татулығы тұрақталады»-десек, факультет дегеніміз–шағын отбасы. Ал, Софья Алексеевна сол отбасының тірегі, ұйымдастырушысы болатын. Студенттер өзара Софья Алексеевнаны–біздің анамыз дейтін-ді. Ол шын мәнінде де солай болды [47].

Софья Алексеевнаның шәкірттері – тау-кен инженерлері Қанапья Алипов, Абай Қаймақов және т.б. Мәскеуде қайтыс болған факультет анасы мәйітінің күлін Алматыға алып келіп, жұбайы Л.А.Шрубконың жанына жерленуі ол кісінің шын мәнінде асыл ана бола білгендігінің дәлелі.

Ол тек қана Қазақстанда емес, ТМД елдерінде үлкен беделге ие болған жан. Үйіне келгенде Софья Алексеевна–асыл жар, ана. Бүгінде Софья Алексеевнаның екі қызы, бірі металлург, екіншісі архитектор Мәскеуде қызмет атқаруда.

Сондай тау-кен мамандығы студенттерінің анасы бола білген Софья Алексеевна Шрубкоға туғанына 100 жыл толуына орай күздің ақжарқын сәнді де сәтті күндерінің бірінде, жүзінен нұр тамып тұратын, ақ жүрек абзал жанға аудиториясы жанына ескерткіш тақта орнату жоспарлануда.

☆☆☆☆☆

Тазалық тұғырындағы тұлға. Біздің есімізде ерекше қалған ұстаздардың бірі–Николай Александрович Крякунов. Ол кісі кафедрада «Маркшейдерлік іс» пәні жалпы курсының негізін қалаған жан, техника ғылымдарының кандидаты, доцент болатын.

Н.А.Крякунов толықша келген, сұлу адам еді, бір қарағанда сұсты көрінетін. Жақындап сөйлессең жаныңа жайлы. Шашы бұйра болатын. Қыздар: «Шіркін-ай ана бұйра шашты бізге берсе ғой»-деп армандайтын-ды.

Ол Ленинградта (1923 ж) туып, Ленинградта білім алып, әскер қатарына алынып, 1941-1943 жж Ленинград қоршауында өмір мектебінен өткен. 1943-1948 жылдар аралығында Ленинград тау-кен институтын маркшейдер мамандығы бойынша және Бүкілодақтық маркшейдерлік ғылыми-зерттеу институының (ВНИМИ) аспирантурсын тамамдаған және ғылым кандидаты дәрежесін алған Н.А.Крякуновты ҚазТКМИ-ға оқытушылық қызметке жіберген.

Николай Александрович Ленинградтан арнайы жолдамамен келіп, Қазақстанның қысы мен ыстық жазына шыдамдылықпен төзе біліп, жергілікті тұрғындармен, оқытушы-профессорлар құрамымен туыстай араласып кеткен, өз ісінің білгір маманы, қызмет атқарған жерінде ізгілікті ізі қалған азамат. Ол еңбек жолын 1952 ж. ҚазПТИ-дың «Маркшейдерлік іс» кафедрасында аға оқытушылықтан бастап, 1996 жылға дейін доцент болып қызмет атқарды. Н.А.Крякунов маркшейдерия саласындағы жетекші ұстаз болды және ғылыми жұмыстармен айналысты. Оның негізгі ғылыми бағыттары: шахта құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстарды жүргізудің, жерасты қазбаларын гироскоптық бағдарлаудың, тау жыныстарының жылжуын аспаптық бақылау және оның нәтижелерін өңдеудің әдістемесі болатын. Оның 100 ден артық ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішіндегі 11 әдістемелік нұсқаулары мен 10 шақты ғылыми есептері өндіріс орындарына жаңалық болып енгізілді.



Николай Александрович дүние жинамай, тек кітап жинайтын еді. Пәтеріндегі бір бөлмесі кітапхана болатын, онда мамандық бойынша кітаптардан басқа, орыс және шетел классиктерінің әдеби мұралары жинақталған-ды. Ол бір қарағанда қарпайымдылығында шек жоқ болса дағы адамды тез баурап алып, бойындағы білімін, ойындағы ойын, ғылымдағы пікірін біздерге жеткізгенше тағат таппай, оқытушы-профессорлар арасында биік межеден көрініп, өмірінің соңғы күндеріне дейін Николай Александрович араласқан адамдарымыздың бірі болды.

Ұстазымыз Николай Александровичтің өнегелі өмірі – үйренетін үздік үлгі, кафедрамызды кафедра ететін де, ұстазды ұлағатты ететін де еңбек екенінің, адалдықтың аты озарының тағы бір тамаша дәлелі.

Ол тазалықтың тұғырындағы аяулы тұлға еді...

☆☆☆☆☆

Ұстаз, ғалым, мемлекет қайраткері. Белоруссияда (1933 ж) туып, Минскіде (1958ж) ауыл шаруашылығы академиясын жерге орналастыру мамандығы бойынша тамамдаған, алыстан арнайы жолдамамен Алматыдағы Орталық кешенді экспедицияға келіп, Қазақстанда қанатын кеңінен жайып, ұстаз, ғалым, мемлекет қайраткері деген дәрежелерге қолы жеткен азаматтардың бірі – Павел Александрович Атрушкевич.



Олда 1960-1980жж ол ҚазПТИ-дың «Геодезия» кафедрасында аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. **П.А.Атрушкевичпен мен 1963 жылы «Геодезия» кафедрасында танысып, бірге жұмыс істей бастадым. Ол** кафедраның аға оқытушысы, мен – ассистентімін. Ол геодезиядан дәріс оқиды, мен зертханалық сабақтарды жүргіземін. Сөйтіп, П.А.Атрушкевичпен 17 жыл бір кафедрада бірге жұмыс істеп жүріп, екеуіміз де ғылым кандидаттары болдық. Павел Александровичтен геодезияның сыр-қырынан басқа, адамдармен, әсіресе студенттермен қарым-қатынастың қандай болу керектігін үйрендім. Оның көңілінің әрқашан сергектігі, жанының жарқындығы, толассыз істеген жұмыстары, туған жеріне кетіп қалса да, көз алдымда.

1980ж. Алматы архитектура-құрылыс институты құрылғанда ол «Инженерлік геодезия» кафедрасының меңгерушісі, ал 1992-1999 аралығында сол оқу орнының ректоры болды.

П.А.Атрушкевич— геодезиялық әдістер арқылы жер сілкінуді болжау, сейсмикалық –қауіпті аймақтардағы күрделі құрылыстардың орнықтылығын зерттеу саласындағы көрнекті ғалым. Оның «Алматы полигонындағы геодинамикалық зерттеулер» атты монографиясы ТМД елдері мен алыс шетел полигондарында қолданысқа ие болды. ҚР Жоғарғы кеңесінің депутаты, ҚР халықтары ассамблеясы төрағасының орынбасары болған, П.А.Атрушкевич, бүгінде Белоруссияда зейнеткерлікте.

☆☆☆☆☆

Жас кеткен Жамал апам. Киелі топырақтың қасиетті ұлдары көп болары даусыз. Семей өңірі дарын мен таланттардың шымырлап қайнап шығар көзі, шыңдалып, суғарылып шығар көрігі дер едім. Соның айғағы Семейдің тумасы, техника ғылымдарының докторы, Қазақ ҒА мүше-корреспонденті, қазақ әйелдері арасынан шыққан тау-кен ісі саласындағы тұңғыш ғылым докторы, профессор Жамал Мұсағалиқызы Қаңлыбаева.

Жақсының жақсылығын айтудан, шын жақсыға қошемет көрсетуден тартынбайтын халықпыз ғой. Ж.М.Қаңлыбаева туралы естелік жазу парыз деп қолыма қалам алып, ақ қағаздың бетіне үңілудің сәті түсті.

Жамал Мұсағалиқызы Қазақ ТКМИ-ның түлегі, инженер-маркшейдер, Профессор Ж.М. Қаңлыбаева ҚазПТИ-да қызмет атқармаса да, келіп арнайы тақырыптарға дәріс оқып тұратын. Ол менің дипломдық жобамның рецензенті болған еді.

Ғалым Ж.М.Қаңлыбаева академиялық тау-кен ісі институтында зертхана меңгерушісі қызметін атқарды. Ол жер астында кен қазудың әсерінен пайда болатын жылжу процесін зерттеуде изотоптарды қолдану әдісін ұсынды. Тасты жарып шыққан шынардай қарапайым қазағымның қызына дарындылықты үйіп-төгіп бергендігі соншама, оның есімі бұрынғы Одаққа, шетелдерге мәлім болғаны өз алдына.

Тау-кен істері институтында «Тау жыныстарының жылжуы» зертханасын басқарып отырған ғалым Ж.М.Қаңлыбаевамен мен өз ғылыми жұмысым туралы қарым- қатынаста болдым. Жамал апай ақыл-кеңес айтып, ғылыми бағыттарыма қолдау көрсетіп жүрді. Міне осындай ғұлама ғалым Жамал Мұсағалиқызы менің кандидаттық диссертациямның бірінші ресми оппоненті болып тағайындалған кезде, кенет дүние салды. Ғалым дүниеден өтседе, әлі күнге ел есінде.



☆☆☆☆☆

Ардақты ағалар. Демокриттің «Мінезі бір қалыпты адамдардың өмірі де жаймашуақ болады» деген даналық сөзін еске ұстаған жөн. Өйткені ешкіммен бәсекелеспей, өштеспей, өз бетімен, тынымсыз еңбек еткендер уақыт өте келе рахатқа бөленеді. Орыстың «характер» деген сөзі қазақтың «қара тер» деген мағынасын білдіретін сияқты. Қара тер – төзімділік. Терін төгіп еңбек еткендер, емеді, өмірдің қызығын көреді.

1953 жылы Байқоңыровтың ҚазТКМИ-да «төрт-ақ қазақ оқытушысы бар» дегендегі төртеудің екеуі, қазақтың инженерлер даярлайтын ұстаханасының алғашқы күндерінен бастап терлерін төккен, біздерге тікелей сабақ бермесе де тәрбиесін көрген ардагер ағаларымыз Мейрам Құрманғалиев пен Мүштай Батырбеков.

М.Батырбеков **- ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін еңбек жолын ҚазТКМИ-да** ассистенті, аға оқытушысы, факультет деканы,

сырттай оқу жөніндегі проректорынан бастап, 1978-1985 жылдары - Жоғары және арнайы орта білім беру министрлігі Жоғары оқу орындары бас басқармасы-ның бастығына дейін көтерілген. Ол тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық Ақпараттану Академиясының академигі, Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, КСРО Жоғары мектебінің үздігі. Ол 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медалдармен марапатталған.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың қай-қай кезі болмасын Мейрам Құрманғалиевтың білім саласына сіңірген еңбегі, төккен тері барлығымыздың көз алдымызда. Ол ҚазТКМИ-дың түлегі, Ұлы Отан соғысының ардагері, техника ғылымдарының кандидаты, ҚазҰТУ-нің құрметті профессоры. Соғыстан кейін металлургия факультетінде оқытушылық қызметін бастаған М.Құрманғалиев, біздер оқуға түскен кезден бастап, көп жылдар бойы партия комитетінің хатшысы болды. Ол тәуліктің қай мезгілі болмасын Ө.А.Байқоңыровтың жанынан табылатын жақтаушысы, адал досы, жүрегі таза, ешкімді алаламайтын жаны жайсаң, халқына қалтқысыз қызмет істей білгендігі елдің есінде.

М.Құрмағалиев ҚазҰТУ–да 1977 жылы құрылған Машина жасау факультетінің тұңғыш деканы болды, еңбек ардагері.

Өмірден түйгендері көп, білгендерін ішке бүкпей біздерге үйреткен осы ұстаздарымызға біздер қызыға қарайтынбыз. Студенттермен өзінің ең жақын адамдарындай өте жылы амандасып, өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, менің ұстаз болып қалыптасуыма себепші әрі тілектес болды. Кездесулер жүргізіп болған соң, біздерге «Енді маған не айтасыңдар?!» дегендей жылы шыраймен қарайтын. Өздерінің қарапайымдылықтарымен олар, студенттермен етене араласатын-ды.

Біз не айтамыз, біз ол кісілерге айтқызып қалуға, Қазақстанның өндіріс алыптары туралы қызықты әңгімелерді тыңдауға тырысатынбыз. Осы бір елден ерек, бітімдері бөлек адамдардың ешкімге ұқсамайтын ойлары мен пікірлерін шамамыз жеткенше сақтап қалуға тырысатынбыз. Өзіміздің өреміз жетпей жүрген небір сұрақтарды жамыраса қоямыз және сауалдарымызға терең де қызықты жауап алатынбыз. Мүштай Батырбеков және Мейрам Құраманғалиевпен кездесулердің әрқайсысы бір-бір мектеп екен ғой.

«Теория механизмов машин» (ТММ) деген пәнді біздер «Тут моя могила» дейтін едік. ТММ-ны ***Әбдеш Беделбаев*** деген жас ғылым кандидаты оқыды, ол біздерден 10-ақ жас үлкен болатын және сол кездің өзінде кафедра меңгерушісі еді. Доцент Ә.Беделбаев дәрісті өте қызық оқитын және оның білімпаздығы сол кездің өзінде өз тұстастарынан әлде қайда жоғары болатын. Сүйікті ұстазымыз Ляпунов функциясы әдісіне байланысты бір күрделі тақырыпқа докторлық диссертациясын қорғады. Сол жылы біздің көз алдымызда, аудиторияда дәріс оқып тұрып, «жедел жәрдем» келгенше көз жұмды. Өлшемі қысқа өмір-ай...

Өмірде абзал ұстаздарды көп кездестірдім. Мысалы, әр кездегі басшыларымыз, ірі ұйымдастырушылар Ө.А.Байқоңыров,А.Қ.Омаров,

Ө.А.Жолдасбеков, М.Б.Батырбеков, М.Құрманғалиев, Ш.Е.Есенов, П.Чулаков, Ш.Г.Балғожин, М.Г.Мильграм сынды тұлғалардың мейірімді шапағатынан кенде болған емеспін. Өмірден өтсе де, жарқын бейнелері жадымызда.

2.3. Студенттік өмір

Біздің студенттік өміріміз күні кеше мал шаруашылығымен айналысқан, көшпенді тұрмыс кешкен, оқыған зиялы қауымы аздау елден, соғыстан кейін көш ілгері ұзаған, қуатты республикаға айнала бастаған кезінде өтті. Қарағандының көмір өндіруде Кеңестер Одағында үшінші орынға ие болған, Кенді Алтайда түсті металл өндірісінің, Жезқазған мен Балхашта мыс, қорғасын өндіретін алып зауыттары, Ембі, Ащысай, Қаратау, Текелі, Степняк, Ақжар сияқты кеніштерінде мұнай, алтын, күміс, қорғасын, мырыш, мыс кендері игеріліп, қазақ даласының жер асты байлығының барша жұртқа белгілі болып, жан-жақты өркендеген айтулы кезең болатын.

Осындайда Абай атамыздың «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан»–дейтін өнегелі сөзі біздер үшін, оқуға тау-кен-металлургия институтына түскендерге арналғандай. Десек те, сол кезеңде де, өндіріс ошақтарымыздағы мамандар орыстар болған және жұмыс барысы да орыс тілінде жүретін.

Міне осы жылдары орыс тілінің мәртебесі өсіп, қадір қасиеті тым асқақтап тұрған кезі болатын. «Барлық халықтардың ортақ тілі, коммунизм тілі» ресми де айтыла бастаған. Қазақстандағы инженерлік, техникалық, медициналық мамандықтарды даярлайтын жоғары оқу орындары білімді орыс тілінде ғана беруге жаппай көшкен еді. Қазақ тіліне бүйрегін бұрып сөз еткендер табан астында «ұлтшыл» аталынатын. Бірең-сараң бой бермегендері болмаса, қазақтың көбі ана тілінде сөйлеуді де, оқуды да қойып, бетті бүтіндей «ұлы тіл» жаққа бұра бастаған болатын. Ұлы тілді білмегендердің кемшілігі көрініп-ақ тұратын, кей жерде келеке-мазаққа ұшырайтын.

Ия, бұл орысша білетіндер бір жақ, орысша білетіндер бір жақ болып, қақырап қақ бөлінген кез еді. Алыстағы ауылдардан оқу іздеп, білім қуып келгендерді қаланың орысша оқыған қазақтары қандасымыз екен деп, қатарларына тартпайтын, кемсінетін. Ана тілде сөйлеуді намыс көретін.

Бірінші курста математикадан дәрісті Ефремов деген кісі оқыды. Бұрын тыңдасам түсінетін, оқысам ұғынатын сүйікті математикам менің құлағыма түрпідей тиді. Қанша ынта-ықлас қойсам да түсіне алмадым. Студенттер тыңдап отыр ма, тыңдамай отыр ма, орысша білесің бе, білмейсің бе, онда оқытушының шаруасы жоқ. Дәрісін сыдыртып оқып шығады да, тайып тұрады.

Тарихтан Селеменова деген бір орыс әйелі, философиядан Е.Айымбетова сабақ жүргізді. Семинарда біліп тұрғаныңды мыңқылдап, жеткізе алмаудан асқан қорлық жоқ екенін мен алғаш сонда бастан кештім. Осы екі оқытушыға аса жақындаса алмадым. Олар біз үшін тым асқақ, әрі суық адамдар болды. Бойына кісіні жақын жуықтатпайтын. Айымбетовадан бір ауыз қазақша сөз естімейсің. Мені қатты қинайтын пәндер «Тарих», «Философия» болды.

Орысшаға келгенде тұсаулы аттай шоқақтап, әр жерден үтір нүктесіне дейін тас қып жаттап алатынмын.

Минералогиядан сабақ беретін Анкинович Екатерина Александровна апай біздерге білсін деп талап қоя да білетін және ауылдан келгендерге жанашырлықпен қарайтын. Ал, петрография пәнінің оқытушысы С.Г.Анкиновичтің алдында білгіштердің өздері талай құлап, талай тұратын. Ол мейірімге сараң адам еді.

Бірақ біздер орыс тілін білмейік, үйренбейік демейміз. Жабыла оқимыз, жабыла жаттаймыз, бірақ тілі құрғыр күрмеуге келе бермейді. Орысша білмейтіндерде білім жоқ дегенді де естідік.

Орыс болса да әділ баға қойған «Сызба геометриясының» оқытушысы Пономарев болды. Оған орысша сөйлеудің қажеті жоқ. Берілген фигураның проекциялық байланыстағы үш кескінін, көзінше сызып берсең болды. «Сопромат» деген пәннен де аузыңда ашпай, яғни орысша сөйлемей сызып, есебін шығарып берсең қалаған бағаңды аласың.

«Ядролық физика» пәнінен ұстазымыз Л.В.Гульницкидің дәрістерін өте бір қызығушылықпен тыңдайтын едік. Оның өзін-өзі ұстауы, сөйлей білуі, жүріс-тұрысы ақсүйектерге (бекзат адамдарға) ұқсайтын.

Екінші курстан бастап, Тамара Новикова екеуіміз геологтар-орыс қыздары тұратын басқа бөлмеге ауыстық. Ондағы менің ойым орысша үйрену. Жаңа таныстар мені жатсынбады, қарсы алды. Білмегенімді сұрап білдім. Күн санап қарым-қатынас күшейді. Тілді жаттықтыру үшін кітапты дауыстап оқу керек болды. Ол үшін жатаханадан шығып, оңаша жер іздейтін болдым. Сөйтіп жүріп, сандуғаштай сайрап кетпесек те, аздап орыс тілінде сөйлей бастадық.

Сол студент кезімізде жеген пирожкидің дәмі әлі күнге дейін аузымнан кетпейді. Ол пирожки сатылатын жер Бас арықта (Головной арық) пен Ленин көшелерінің қиылысында, сағат 12-лердің кезінде ып-ыстық қылып алып келеді, бағасы 5 тиын тұратын. Ішіндегісі ет емес, өкпе-бауыр. Үзіліс кезінде институттың барлық студенттері сонда жүгіреді, кезек күту керек. Біз бір студентімізге ақша жинап беріп, күні бұрын пирожкиге жібереміз. Ол біз үшін түскі тамақ болатын-ды.

Біздің оқыған кезде Тау-кен институтында студенттерді өндірістік тәжірибеге үш рет жіберетін. Мұның өзі студенттің қалыптасуына, мамандығын жете түсінуіне өте қажет дүние. Тау-кен өндірісінде жұмыс істеу дегеннің өзі күрделі де, қиын кәсіп.

Екінші курстың соңына таман біз Текелі қаласына өндірістік тәжірибеден өтуге бардық. Бұл сапарға біздерді тісқақты оқытушылар: Н.А.Крякунов пен П.М.Кислов бастап барды. Бұл тәжірибенің мақсаты – жыл бойы маркшейдериядан теориялық дайындық негіздерін игерген біздерге жерастындағы көрністі көзімізбен көріп, көңілімізге түю болатын. Кеншінің жер астына түсіп шыққаны тұтас бір ғұмыр. Оның қатері де, қаупі де мол. Бұрын да солай болған, қазір де солай.

Үшінші курстан кейін тәжірибеге Қарағандыға бардым, Абай атындағы шахтада бір учаскелік маркшейдерге көмекші етіп тағайындады. Тәжірибенің жетекшісі доцент Н.А.Крякунов келіп, менің жұмыс істеп жатқанымды көріп

кетті. Бірінші тамыздан бастап, әлгі маркшейдер демалысқа кететін болды. Бір ай жұмыс істеп үйренді деп мені соның орнына қойды, жетекшіміз екінші айдың соңында тексеріп Қарағандыға тағы келді.

Енді мен қаникулға үйіме барып келсем деген ойым бар еді, бірақ ол жүзеге аспады. Қара теңіз жағалауына демалысқа кеткен маркшейдер телеграмма жіберіпті: «Менің демалысымды қыркүйектің ортасына дейін созыңдар»-деп. Мен тағы қалдым сол шахтада.

Ең соңында мен шахта кассасынан тиесілі ақшамды алдым. Сол 1958 жылдары кеншілер көп еңбекақы алатын-ды. Менің қолыма 3000 рублден артық ақша тиді. Ол кезде Қарағандының магазиндерінде не қажеттің бәрі бар. Мен әжеме, сіңлілеріме, інілеріме сыйлықтар алып, үйге 2000 рублге дейінгі ақшамен бардым. Ондай ақшаны мен түгіл, үйдегілер де көрмеген. Бәрі таң қалды. Мен тәжірибе алып, марқайып, мәз болып Алматыға оралдым.

Бір күні институтта жас ғалымдар қоғамы құрылып жатқанын естіп, соған мүше болмаққа бардым. Қоғам жетекшісі физикадан сабақ беретін Т.Х.Чормонов. Ол ультрасәуле әсерінен әртүрлі металдар құрылымының өзгеруін зерттеуге студенттерді тартқан екен. Бұл тақырып менің мамандығыма келе қоймады, дегенмен мен біраз уақыт айналысып, бір реферат та жаздым.

Оқу жалғаса берді. Е.А.Бөкетов ұстазымның нұсқауымен мен бірінші курстан бастап көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстым. Менің орындайтын әндерім Біржан салдың «Бурылтайы», Ақан серінің «Балқадишасы», «Маңмаңгері», Ә.Еспаевтың «Маржан қыз», Сәкеннің «Көкшетау» әндері болатын.

Институттағы драмалық үйірмеге, бүгінде ғылым докторлары Н.Жалғасұлы, Ш.Әбдраман бәріміз белсене қатысып жүрдік. Үйірмеге Халық артисі С.Телғараев жетекшілік ететін. «Еңлік-Кебек» спектаклінде Еңліктің ролін орындадым. Қойылымнан кейін Ө.А.Байқоңыров пен Е.А.Букетов сахнаға шығып, С.Телғараевтан бастап бәрімізді құттықтады. Басты ролді ойнаған менің қолымды қаттырақ қысқандай әсер алдым. Мен өзімді бір майталман өнер қайраткеріндей сезініп қуандым. Тамаша! Оқушы қиялымдағы көп әсерлер алдымнан шықты. Артист болғым келіп кетті.

Біздер тек институт сахнасында емес, басқа жерлерге (Ұйғыр ауданының бірнеше совхоздарына) концертпен барып жүрдік. Ол кезде жақсылық та көп, жаңалық та көп. Студенттік өмірдің қызығына ілесіп, әндетіп жүріп сабақтарымды босаңсытып алыппын. «Қой, артты қысқан бай болады» деп, есімді жинап, белімді буып, қайтадан оқуға кірістім. Студенттік өмірдің қиындығына қалыптаса бастадым.

Қай ректор қазір студенттердің қойған концертіне барады? Сол кездегі ректорымыз Ө.А.Байқоңыров көркемөнерпаз-студенттердің концертіне жұбайы Мариям апайды және бала-шағаларын ерте келіп, бірінші қатарға орналасып, концерттің соңына дейін отыратын. Ректормен бірге Е.А.Букетов жұбайы Зубайра Оңдасыновамен, М.Қ.Құрманғалиевтар жайғасатын.

Бірде Жезқазғаннан Алматыға жиналысқа келіп, жұмыс соңында Ө.А.Байқоңыровқа сәлем бергелі келген К.Салықовты, студенттердің кезекті концертіне алып келді. Мен ол кісіні танымадым, әдеттегідей әнімді

орындадым. Концерттен кейін Кәкімбек ағамыз: «Иә, Казгородоктің қызы, сен осында оқып жүрсің бе?» – деп сұрады. Сонау 1954 жылғы конкурста кездескеніміз, есінде қалыпты.

Оқу бітіргеннен кейінгі өміріміз де бірден жақсара қойған жоқ. Бәріне төздік, қайсарлық көрсеттік. Десек те, жастардың болашаққа сенімі мол еді. Солардың бірі болғандықтан, менің бойымда да осы бір қасиет басымдылығын көрсете білді.

2.4. Менің студенттік достарым

Студенттік жылдардың ең бір есте қалар тұсы – арман ағыстарына карай бірге жүзетін, киял көкжиегіне бірге самғайтын достар табу. Достық деген ұғымның өзінің аясына көп мағына сиятын қасиет. Студент күндерімде тапқан дос-жолдастың ең жақын да, мәңгілік болатынына талай рет көзім жеткен адаммын. Біздің студент шағымыздан бері шырқалып келе жатқан Ә.Еспаевтың «Қайдасындар, достарым» деген әні бар. Сондағы:

Достар, достар жүрсің қайда,
Бірге еді ғой жанымыз.
Еске алысып, осындайда
Кел шырқайық, бәріміз» -

деп шырқалатын жерлері қаңдай әсем, қандай мағаналы. Шіркін, біздің жастық шақтың әндері еді ғой бұлар.

Студентік - жастық дәуренде қасымызға дос ертіп, жолдас-жора таба біліппіз. Енді ойласам, қазір сол достардан артық, сол достардан адал достарды табу қиын екен. Әніміз де, сәніміз де, дәміміз де ортақ сол күндерді, бірін-бірі әзілдеп-қағытып жүріп-ақ қас-қабағыңнан түсіне қоятын сол бір бауырмал жүректі достарымызды сағынамыз. Адамның жасы ұлғайса да досқа деген адал сезім сонау жылдардағыдай мәңгілік көктеген қалпында қалады екен. Бірге оқыған достар туралы осы кітаптың 1.4. «Студенттік алғашқы сапар» атты тағанында бастаған едім. Сол достардың ішінен жаныңа жақын, мұңдастар, сырластар електен өткендей жадыңда жатталады екен. Енді сол достар туралы айтқанды жөн көрдім.

☆☆☆☆☆

Алматыда туып, оқып, Жезқазғанда өмір мектебінен өткен ***Роза Абдрахманова*** еңбек жолын Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында учаскелік маркшейдерден бастап, ҚазССР-ның Түсті металлургия министрлігінде бас маркшейдерлік қызметке дейін көтерілген, еңбек ардагері. Алматыдан арнайы жолдамамен барып, Сарыарқаның қатал қысы мен ыстық жазына шыдамдылықпен төзе біліп, сол жерде Қанафин Байдолладай жар тауып, жергілікті тұрғындармен туыстай араласып кеткен, бүгінде әже болып отырған Роза Сеитовна Қанафина құрбым туралы жазу мен үшін әбден орынды. Бес жыл бойы бірге жүрдік, бірге оқыдық, әлі де арамыз ажыраған

емес. Алғашқы жылдары Роза қазақшаны шала білсе, мен орысша білмедім. Екеуіміз бір-бірімізді үйреттік. Роза студент кезінен әдемі киім кигенді, аккордеонда ойнағанды, ән салғанды, би билегенді ұнататын. Ол әлі күнге дейін сол баяғы қалпында.



Бір-біріміздің ыстық-суығымызға ортақ бола білдік. Жолдасы Байдолла қайтыс болғанда, баласы Арсенді үйлендіргенде, немересі Дананың ұзату тойында, өзінің 60, 70 жасқа толған мерейтойларында бірге жүрдік.

Бүгінде немерелері мен шөберелерінің ортасында сүйікті де сыйлы әже болып марқаюда. Роза Қанафина жайында кейін де айтылатындықтан әрі қарай шарықтамай, оның туған күніне арнаған жырымды келтіргенді жөн көрдім.

Оқыдық бес жыл бойы қатар жүріп,
Әзіліміз жарасып, ойнап-күліп.
Жасымыздан жұбымыз жазылмастан,
Келеміз 55 жыл бірге өмір сүріп.

Ақ тотыдай, ажарлы ақ, Роза,
Жүріс-тұрыс, модаға сақ, Роза.
Арсен деген балаңа тілейтінім,
Алладан «береке мен бақ», Роза!



☆☆☆☆☆

Менің досымның бірегейі жаны жайсаң, достыққа берік, бауырмал да кішіпейіл жігіт ***Қайролла Сердалин*** еді. Алғашынан-ақ оның жақсы қасиеттерін байқадық. Оның әкесі Қызылжарда беделді де, ауқатты жан екен. Әрі Аманғали ол кісінің жалғыз ұлы. Баласына жиі-жиі ақша, ет, май, құрт-ірімшікке дейін беріп жіберіп тұратын. Қайролланың Алматыдағы туысы Е.А.Бөкетов болатын. Біздер конкурстың кезінде орыс тілінен «үштік» баға алып қалғанда, сол Қайролла келіп: «Евней ағам айтты қазақтың балаларының барлығы да түседі, қорықпаңдар» дегені әлі есімде. Не кием, не ішем десе де жағдайы жетіп тұрған Қайролла достарынан оқшауланғысы келмейтін. Біз қатарлы киініп, біз не ішсек, соны ішіп жүре беретін. Қайролланың сол қасиетін үлкен жүректіліктің, үлкен адамгершіліктің белгісі деп білдім және ауыл тәрбисін көрген ол қазақи әдет-ғұрыпты мықты ұстайтын еді.

Бірінші курстан кейінгі геодезиялық практиканы қаладан тыс жерде өттік. Қалаға бір жұмыстармен Қайролланы жібердік және оған мен тұратын комнатаға барып, бір қажет оқулықты алып келу тапсырылды. Барса, күн ыстық, шілде айы, комнатадағы қыздар (көбі орыстар) жағажайда жүргендей, ашылып-шашылып жүрсе керек. Қайролла кітапсыз келді. Біз күтіп отырмыз. «Әй, кітап қайда?» десек, ол: «Есікті қақтым. Да, заходите!-деген соң кіріп барсам, сенің қыздарыңның барлығы жалаңаш жүр, содан атып шықтым» –

дейді. Содан кітап алып келуге өзім қалаға бардым. Келсем менің қыздарым: «біз шомылатын костюммен жүргенбіз, онда тұрған не бар. Сенің жігітің бізден қорқып қашып кетті» – деп күледі.

Қайролланың ұйымдастырушылық қасиеті күшті еді. 1982 жылы үлкен баламызды үйлендірмек болып, Қарағандыға бардық. Сол кезде, еңбек жолын учаскелік маркшейдерден бастаған, Қайролла Сердалин «Шахтинскінің» бас инженері. Біз оны бас құда қылып ертіп апардық. «Қыңқ етпеңдер, бәрін қатырамын» деді Қайрекең. Барсақ, қыз жақтағы құда «Қарағанды» ӨБ бас инженері болған, қазір Қарағанды облысы атқару комитетінің төрағасы – Зейкен Іңкәрбаев екен. Дәрежесіне сай ол кісі өзін жоғарылау ұстап, сыпайыгершілік сақтап отырды.

Біраздан кейін, Қайролла дос шабытының шаңқай түсіне енді. Өзінің тікелей бастығы Зейкен ағаға: «Осы дастарханның басында бәріміз бірдейміз. Сіз де, бізде бір институттың түлектеріміз. Төраға болсаңыз, ертең кабинетіңізде боласыз. Бүгін құдасыз.



– Келіңіз кеншілер сияқты отыралық» -десі бар емес пе?». Әрі-беріден соң, өзі сол кештің асабасы болып кетті, өйткені ол отырғандардың барлығын және олар оны жақсы біледі екен.

1994 жылы мен Қарағандыда докторлық диссертациямды қорғадым, оның да басы қасында Қайролла дос жүрді. Үйінде қонақта болдым. Әке-шешесін Қызылжардан көшіріп алып келіп, олардың барлық жағдайын жасап отыр екен. Адамгершіліктің асқан бір белгісі–Қайролланың жұбайы екеуінің, Шәріптің қайтыс болғанын естіп, көңіл айтып Алматыға келгені. Сөйтіп, бір-бірімізге деген ықласымыздың бұдан қырық елу жыл бұрын қалыптасқан, «бесікке тиген жамбас, жерге тимей қоймас» дегендей Қайрекең де өмірден озды. Иманы өзіне, жақсылығы балаларына дарысын демекпін.

☆☆☆☆☆

Толепберген Бекназаров. Ол Жамбыл облысынан келген болатын. Төрт жыл бойы Бақыт Жарқымбаев, Төлепберген, Қайролла, Володя Есниязов төртеуі бір бөлмеде тұрды. Төлепберген олардың ақша ұстайтын кассирі болатын және біздер бірінші курста –«Геодезия», үшінші курста- «Жоғарғы геодезиядан» бір-бір айдан тәжірибе өткен кездерде, бригадамыздың да кассирі болды. Тамақтан басқаға бір тиын ақша бермейтін, бірақ айдың аяғына дейін жеткізеді және сенбі, жексенбі күндеріне көңіл көтеруге арнайы ақша шығаратын.

Оқуды да жақсы оқыды, институт бітіргеннен кейін Балхаш кен-байыту комбинатына мамандығы бойынша жұмыс атқарды. Біз институт бітіруіміздің бес, он, он бес, жиырма жылдығы деген сияқты дөңгелек даталарды Алматыға жиылып мейрамдауға о, баста, қолымызға диплом алып тұрып уәделескен болатынбыз. Сол серттен әлі де айнымай, жастығымыздың жарқын күндері, махаббат, қызық, мол жылдарымыз бірге өткен жолдас, достармен әр бес жыл



сайын бір рет кездесіп, өткенді еске алып бір жасарып қаламыз. Сондай бас қосулардың бірінде, оқу орнын бітіруіміздің 20 жылдығы болса керек Төлепберген келген, өткен күнді еске алып, бір мәз-мейрам болғанбыз.

Сол жылдары Төлепберген Бекназаров Мойынқұм ауданы атқару комитетінің төрағасы екен. Біздің дос «Қой бастайтын ай мүйізді, ақ серке болуға ертеден-ақ» дайындалған ғой деп іштей марқайып қалдық. Төлепбергеннің осы қызметіндегі мақсаты – туған жерінің, елінің шаруашылығын өркендету, сол өңірдегі тоқырап қалған өндіріс орындарын қалпына келтіру екен. Осындай жауапты істің басы-қасында жүріп досымыздың оң нәтижеге жететініне күмәніміз болған жоқ және жақсы істерін жалғастырып, нарықтың қайнар бұлағындай төккен терінің жемісті болуын тілеген едік. Тілегіміз қабыл болып, бұл күнде Төлепберген досымыз жетпістің жетесіне шығып, ұл-қыздарынан немере сүйіп, шүкіршілікпен аталық ғұмыр кешуде.

☆☆☆☆☆

Володя Есниязов - Қызылорда өлкесінің қазағы, жетім балалар үйінде тәрбиеленген, содан есімі Володя болып кеткен. Володяның адам есінде қалатын, кейде тіпті күлкілі де небір қызық мінездері бар болатын. Дұрыстап ұқтырмасаң анау-мынау әзілді де түсіне бермейтін еді. Сабаққа аса алғырлығы



жоқ, жаны қиналып оқуды аса қалай қоймайды. Сонысына қарамай қоғамдық жұмыс десе жанып түседі.

Володяның өзі студенттер арасындағы қоғамдық тәртіптің сақшысы. Ол кезде ерікті жасақшылар дружинасы деген бар болатын. Кәдімгі учаскелік милиция органдарының көмекші, жәрдемшілері сияқты. Ол қылмыс атаулымен жалғыз өзі арпалысып жүргендей түнделетіп оралатын кейде.

Институтты бітірген соң Володя Қайролла доспен Қарағандыға барып, учаскелік маркшейдер болып қызмет атқарды. Кейін еліне Қызылордаға туған жеріне барды. Кайта құру басталып, жариялықтың желі ескен кезде Қызылорда аймағында жеке фирма ашып, қызу еңбектің басы-қасында жүргенін естідік. Кейінгі кездесулерге келмеді, хабарласпады. Себебі науқастанып жүрген екен, сөйтіп досымыз В.Есниязовтың өмірден озғанын естідім. Күні кеше ғана қоғамның белсенді мүшесі болған, бір дастарханнан дәм татып, сыйласып жүрген адамдарымыздың көздері жұмылғанда дұғамыздан қалдырмай, «топырағы торқа болсын» дегеннен басқа не шара.

Алланың нұры жаусын, алдынан!

☆☆☆☆☆

Кеше ғана бес жыл бірге жатақханада бірге тұрған **Тома Новикова** деген досым, Бурундай мектебін алтын медалмен бітірген болатын. Бүгінде Тамара Васильевна жұбайымен Берлинде тұрады. Институт бітіргеннен кейін екі жыл Қарағанды шахтасында еңбек етті, кейін Теміртау тау-кен-металлургия

техникумында «Геодезия» пәнінен көп жылдар бойы сабақ берді, зейнеткерлікке шықты. 2000 жылдан бастап, жұбайы екеуі Германияға мекен-жайларын ауыстырған, балалары немерелі бар, бақытты әже. Мен 2011 жылы Берлинде өткен ғылыми конференцияға қатысып, Тамара досымның үйінде қонақта болдым. Тамара Новикова екеуіміз Берлинді аралап бір жасап қалдық.

☆☆☆☆☆

Тамара Новиковаға (Германияға) барып, жағдайын біліп тұратын досымыздың бірі–**Валерий Александрович Антонов** еді. Ол 1937 жылы Кривой Рогта туып, Өскеменде мектеп бітіріп, Алматыда ҚазТКМИ-ды тамамдап, Кенді Алтайда өмір мектебінен өткен. Еңбек жолын Қазақстан ҒА-ның Алтайдағы тау-кен-металлургия институтында бастап, Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің проректорына дейін көтерілген В.А.Антонов 75- ке қараған шағында дүние салды.

Жақсы досты сағынып, жақсыны аңсаудың өзі бір ғанибет деп білем. Қазірде жасымыз ұлғайып қалған шақта көзбен көріп, бастан кешкен ғұмырдың ұмытылмас сәттері мен жаныңа жақын жандардың асыл бейнесі еріксіз еске түседі екен. Ол студент кезімізде барлығымыздан көмегін аямайтын. Курстас досымыз Валерий Антоновтың жаны нәзік, аққөңілдігі баладай, ақылы данадай болатын, сырт жағынан қарапайым көрінетін оның бойында үлкен адамгершілік қасиеттің жатқандығы жүрегінен, әрбір сөзінен көрініп тұратын.



Оның бойындағы байқалған бір қасиет, ол өзінің ғалым, профессор, академик, декан, директор, проректор екендігіне қарамастан өте кішпейіл еді. Оның жүзіндегі жылылық адамның жанына жайма-шуақ леп беретін. В.А.Антонов ашу шақырып, біреуге «сен» дегенін көрген жоқпыз, естіген емеспіз. Ол «пендешілік» дегенді өмірі білмеді. Үнемі жымиып, әлде бір зор қиялға, өмірге іштей толысып жүретін еді. Кескін-келбетінде парасаттылық пен ойшылдық жайнап тұратын. Бұл–В.А.Антоновтың кеңдігін көрсететін және үлкен адамгершілік азамат екенін дәлелдейтін.

Өлшемі қысқа өмір-ай.....

☆☆☆☆☆



Курстас досым **Имаш Мөлдеков**-бүгінде Әулиеатаның ардақты азаматы, бүкіл саналы ғұмырын жоғары білім беру саласының дамуы мен өркендеуі жолына арнаған. Техника ғылымдарының докторы, профессор Имаш Оспанқұлұлы әлі күнге дейін Жамбыл мемлекеттік университетінде еңбегін жалғастыруда. Атқарған кәсібіне адал Имаш зиялы қауымның ішінде еңбеккерлігімен, адалдығымен, азаматтық ажарымен танымал, ғылыми еңбектері мен оқулықтары университеттерде кеңінен таралған.

Имаш Мөлдеков пен оның жұбайы, ұстаз Рахима Оспаналиқызының 50 жылдық «алтын тойларының» куәгері болдым. Оларды құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, бала-шағаларының қуанышты қызықтарына бөлене берулерін тілеп:

«Алтын тойдың» жөні бөлек өмірде,
Қуанышы нұр шашады көңілге.
Жаны таза адамдарға құдайым,
Сыйлайды екен алтын тойды көруге.

Имекеңнің Рахимадай қосағы,
Жарты ғасыр маздап жанды ошағы.
Қос аққудай жаны таза Сіздерді,
Алда талай қуаныштар тосады, –

деген жылы ықылас білдірдім.



Арамыздың сиреп бара жатқанына көзіміз жетіп отыр. Кешегі бірге жүрген, бүгінде қайтпас сапарға аттанған Қ.Сердалин, В.Антонов, В.Есниязов, Т.Асқаров, Б.Ниязбеков, Э.Емцова, Қ.Жасимов, К.Дзарахохов, Ф.Карпов В.Ковалева, В.В.Колотвиновтар қай-қайсымыздың да іздеуімізге, жоқтауымызға тұрарлы азаматтарымыз екендігін білдік.

Күні кеше ғана қоғамның белсенді мүшесі болған, бір дастарханнан дәм татып, сыйласып жүрген адамдарымыздың көздері жұмылғанда дұғамыздан қалдырмай, «топырағы торқа болсын» дегеннен басқа не шара.



Менің аса құрметтейтін, бірге оқыған, жақсы көретін, көп нәрсе үйренген достарым Ақылжан Масымханұлы Бейсебаев, Роза Есқазықызы Нұрымова, Бақыт Молдағалиұлы Жарқымбаев, Марат Нұртайұлы Жұрқашевтар жайлы айтарым алда.

2.5. Асылдар ұшқан, жасындар қонған тұғыр екен

Менің алтын білім ордам–Қазақ ұлттық техникалық университетінің бөлінбес бір отауы–тау-кен факультеті. Ол–менің ұшқан ұям да, қонған тұғырым да. Мен тау-кен инженері–маркшейдер боламын деп ойлаған жоқпын. Мен сияқты ауылдан келген қазақ қызының ұғымына жақын болуы былай тұрсын, тіпті түсіне де кірмейтін мамандық болғаны шындық.

...Мен әнші болуды, журналист болуды ерте армандадым. Көгілдір Көкше тауларының сағымды белдерінде жүріп, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай әндеріне, Мағжанның мен Сәкеннің жырларына, Сәбит Мұқановтың асыл сөзіне шомылып өстім. Десем де, осы тау-кен мамандығы менің маңдайыма жазылыпты. Мен жастайымнан математика мен сызу пәніне үйірсек болдым. Бұл мамандықты игеру үшін осы пәндер өте қажет.

Қазақ «Ырыс ауысады, білім жұғысады» дейді. Расында да білім қалауына қарай біреуден біреуге жұғысып, біреуден біреуге ауысып жатады. Ғылым да, білім де бірін-бірі толықтыру арқылы ғана өніп, өспек екен де, жайқалып жемісін бермек екен. Мектептен қол үзген бір жылдың ішінде мен өмірдің өзі мектеп екенін түсіне бастадым. Бір ғажабы, өмір мектебі «мынау жақсы, анау жаман» деп, айтып қана қоя салмайды екен, жақсыдан үйрене, жаманнан жирене білуді талап етеді екен.

Сөйтіп мен кешегі мектеп түлегі емес, өмір мектебінің шәкірті екенімді, осы білім ордасына, оның ішінде тау-кен факультетіне келгеннен бері сезіне бастадым. Өмір мектебінен үйреніп, көңілімді тербеп, жанымды толғантқан, сағым сынған сәттерде демеу берген жайларды ұмыту, естн шығару, тіпті мүмкін емес екен. Қыруар шаруаны тындырып жүрген ақыл-парасатқа бай, мейірім шуағы мол туыстарымды, ауылдастарымды айырықша еске ала отыра, тау-кен инженері-маркшейдер маманы болып шығуда өз ісіне мығым, іскер ұйымдастырушы, академик Ө.А.Байқоңыров, А.Ж.Машанов және т.б. ақыл-кеңесін алып, тұтас тәрбие мектебінен өттім.

Оқып жүріп факультет тарихына үңілдім. Ауыр индустрияда үш сала бар: геология, тау-кен өндірісі, металлургия. Геологтар іздеп, кен орындарын тапса, оны игеру тау-кен мамандарының ісі. Әрі қарай қазылып алынған кеннің құрамындағы қаншама элементтерді бөліп алу металлургиялық зауыттарда жүргізіледі. Қазір бұрынғы факультет Ө.А.Байқоңыров атындағы «Тау-кен-металлургия» институты болып қайта құрылды.

Кімдер оқып, кімдер бітіріп шыққандығы туралы мұрағат құжаттарына көз жүгіртсең, біздің тау-кен факультеті иығына заман жүгін арқалаған, қазақтың нағыз нар азаматтарының бесігі болғанына қуанасың, сүйсінесің, мақтан тұтасың. Олар: Қазақстанның халық жазушысы И.Есенберлин, ақын

Иран-Ғайып, жазушы М.Сәрсеке, Социалистік еңбек ерлері: В.А.Гребенюк, Ғ.А.Омаров, «Халық қаһарманы»–А.С.Куленов академиктер: Ө.А.Байқоңыров, Е.А.Букетов, Ж.С.Ержанов, Ш.Г. Балғожин, Ш.А.Алтаев, М.Рамазанов, Ж.М.Қаңлыбаева, Б.Р.Рақышев, Е.И.Рогов, П.Ч.Чулаков, М.Ж.Бітімбаев, А.Б.Бегалинов, Н.С.Буктуков, Лениндік сыйлықтың лауреаттары А.Джакупбаев, И.Ш.Коган, ССРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары: Д.О.Ешпанов, В.Ш.Шарипов, В.Ф.Щербинин, Мемлекет қайраткерлері А.Д.Ясько, В.К.Божко, А.Бегалинов, В.В.Костюченко, О.М.Мүлкібаев, М.Е.Нұрымов, М.Х.Сарінжіпов, М.Н.Жұрқашев, М.Т. Өкшебаев В.И.Нифадьев және т.б. осы оқу орнының мақтан тұтар түлектері.

Бұл – мен үшін ғана емес, бүкіл тау-кен факультетінің есігін ашып, табадырығын аттайтын әрбір талапкер, студент үшін тағылымы мол тарих. Әрі жоғарыда аты аталған әрбір азаматтың (аталмағаны қаншама) еңбек және ғылым жолындағы ғұмырбаяны үлгі аларлықтай, өнеге тұтарлықтай. Тау-кен факультеті сонысымен де киелі, қасиетті шаңырақ. «Аруақты жерден ат үркеді» деген қазақ нақылының байыбына жеткен әрбір жас мұнда он ойланып, жүз толғанып келсе керек!

Тау-кен факультеті тарихына үңіле отыра мен бір бұлақ ашқандай болдым. Бұл білімнің бұлағы, ғылымның бұлағы екен.

Білімді болу туралы ғұламалар аз айтпаған ғой. Себебі олар білім алу дегенді өмірде кездесетін аса күрделі кедергілерді жеңе білу деп өтеге еткен. Бірі «көп білген емес, ең керектісін білген адам ақылды» десе, бірі «ғалым болу –ащы тамырдың тәтті жемісі» деген. Қалай десек те, сол ащы тамырдың нәр алатын ортасы, өніп-өсетін жері мына менің тау-кен факультетім екен.

Факультеттің осындай қысқаша тарихының ішінде университеттің төл құрдасы «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының да қосқан үлесі бар. Геологиялық барлау, геофизика, тау-кен мамандықтарына геодезия және маркшейдерия пәндері жүргізілетін болғандықтан, 1934 жылы алғаш «Геодезия», 1937 жылдан бастап «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы болып ұйымдастырылған. Кафедра меңгерушісі болып Мәскеуден келген ғалым, профессор П.А.Рыжов тағайындалып, 1939 жылдан бастап ғылыми кадрларды даярлау қолға алынған, «Маркшейдерия» мамандығы бойынша аспирантура ашылған. Оның тұңғыш аспиранты болып Ақжан Жақсыбекұлы Машанов қабылданған.

П.А.Рыжов із салып кеткен осы кафедраны Қазақстанның ғылым саласына еңбегін сіңірген қайраткер, Қазақстан ҰҒА академигі, ХХ-ғасырдың әль-Фарабиі атанған, профессор А.Ж.Машанов 30 жылдай басқарды[47].

Кафедра түлектерінің, аспиранттарының ішінде есімдері елге танымал болған ғалымдар Ержанов Ж.С., А.Қ.Қайыпов А.Қ., Ж.М.Қаңлыбаева Ж.М., Ерофеев Н.П, Кудряшев С.П., Милетенко И.В., Попов В.Н., Поклад Г.Г., Байғорин Ж.Ж., Жарқымбаев Б.М., Қалыбеков Т., Құрманқожаев Ә., Машанов А.А., Пентаев Т., Сатов М.Д., Шамганова Л.С., Абдугалиева Г., Ипалаков Т.Т., Е.А.Сапақов, Е.Нұржумин сынды тұлғалар баршылық.

Мына төмендегі суретке қараңыздар. Мұнда, өздерің оқытқан ұстаздарының арт жағында тұрып суретке түскен, сайдың сары тасындай жас жігіттерді (маркшейдерлерді), көріп отырсыздар. Бұл сурет – тарихи айғақ. «Олар кімдер, өмір жолдары қандай екен?» деген сауал туындары сөзсіз.

Суретте оңнан солға қарай отырғандар: Б.М.Жарқымбаев, А.Ж.Машанов, М.Б.Нұрпейісова, Т.Қалыбеков, Ж.Ж.Байғорин, түрегеліп тұрғандар, КазПТИ-ды бітіргендеріне 10 жыл толғанын Алматыда атап өтуге жан-жақтан жиналған, өндірістің тепсе-темір үзетін маркшейдерлері: А.Садақбаев, С.Махадилов, О.Сарыбаев, Е.Қәрібаев, С.Қыдырманов, Ж.Шалов, Қ.Арысов, Е.Абдрахманов, Тохтаров, Фаат, Б.Төлеуов.

Кафедра әрқашан мақтануға тұрар түлектерімен мақтанады, марқаяды. Әрі қарай осы жасындардың бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында және өздері түлеп ұшқан ұясы – ҚазҰТУ мен қарым-қатынастары туралы айтқанды жөн көрдім.

80 жыл аралығында кафедра 2000-ға жуық маркшейдер мамандарымен қамтамасыз етті. Осыншама түлектердің ішінен ҚазҚСР түсті металлургия министрлігінің орынбасарлары Л.М. Катков, Л.А.Парамонов ҚР энергетика және минералдық ресурстар министрлігінде Төлеуов Б.Т., Карибаев Е.К., Қыдырманов С.З. бірлестіктердің бас директорлары мен кен өнеркәсіптерінің директорлары Седлов М.Г., Мауленкулов С.М., Какенов Д.Е., Дауренбеков А.,. Сапақов Е.А. және т.б. шықты.

Кафедра құрамында 20–ға жуық оқытушы бар. Мұндағы 6 ғылым докторлары, профессорлар, 9 ғылым кандидаттары, доценттер уақытпен санаспай студенттермен жұмыс жасайды. Кафедрада қызмет атқаратындардың барлығы дерлік А.Ж.Машановтың шәкірттері деп айтуға болады. Жастарға білім мен ғылымның кілтін ашудан, үйретуден, ғылымды насихаттаудан жалықпаған ұстаздардың ұстазы, ғұлама ғалым



Ақжан Машановтан кеше дәріс тыңдаған, үлгі-өнеге алған, кафедраның бүгінгі аға буын ақылман ағалары мен батагөй апалары жас оқытушыларды жоғары біліктілікке шыңдауда.

Кафедрада геомеханика, геодезия, маршейдерия, геоэкология, жер қойнауын игерудің қауіпсіздігі, жер беті мен жер қойнауын мониторингтеу салаларында ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Кафедра геомеханика саласы бойынша жаңа тәсілдер мен жабдықтарды ойлап тапқандары үшін ҚР-ның 10-нан астам патенттеріне ие болды. Ғылыми жұмыстарының нәтижелері монографиялар мен алыс және жақын шетелдер жарияланымдарында мақалалар ретінде жарық көрген. Кафедрада әр жылда «Машанов оқылымдары» және «Қазақстан маркшейдериясы. Бүгінгі күні мен болашағы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіліп тұрады.

Осы кафедраны ҚазҰТУ–дағы көпшілік қауым «Машановтың кафедрасы» деп атайды. Өйткені бұл Ақжан атамыз жарты ғасыр бойы еңбек еткен қасиетті қара шаңырағы және сол қасиеттен арылмай алға адымдай бермек. Ақжан атамыз жаны да, діні де таза, ешкімге жамандық жасамайтын жан еді. Біздің кафедрағы оқытушылардың барлығына дерлік осы қасиет дарығандай[48].

Өз кәсібімізге адал болу, қолымыз таза болу, студенттерге ата-анасындай қарау, қамқорлық жасау – ол сонау Машанов басқарған жылдардан бастап бізде қалыптасқан, санамызға сіңген. Кафедрада біреудің қуанышына ортақтаса алатын, қолындағысымен бөлісе алатын, біреуге бір мысқал болса да жақсылық жасай алатын және оны міндетсінбейтін, айналасында мейірімділік нұрын шашып тұратын жандар жұмыс істейді. Олармен студенттердің жүздесуі, ақылдасуы, дидарласуының өзі бір ғанибет.

Инженер мамандарды даярлайтын Қазақстанның қара шаңырағы– ҚазҰТУ түлектерімен түлейді, түрленеді, асқақтайды. Ал студент те өздері білім алып жүрген оқу орнының үстем әрі еңселі болғанын қалайды. Мұның өзі, Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Мәртебесі, рухы биік шаңырақтың адамдары бір-біріне жақсылық жасауға құштар, өздерінің тамаша қадір-қасиеттерін бағалап қабылдауға өзге жұрттарды ынтызар етеді» деген дана сөзімен ұштасып жатыр. Кафедра ұжымы студенттерді өз шаңырағына деген зор құрметке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде.

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының бүгінгі заман үрдісіне сай мамандар даярлап жатыр. Бүгінгі шәкірттің ертең-ақ тәуелсіз еліміздің Көк туын биік желбіретуге үлес қосатынына сенім мол! Өйткені көкірегі ояу, көзі ашық, жүрегінде оты бар, жанарында жасын бар жастар жүр мұнда. Сол жастарға енді факультет басшылығы және кафедра ұжымы үлкен сенім артуда[49].

«Өткен тарихыңды білмей, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», -деп ұлама бабамыз әл-Фараби бекер айтпаса керек. Машанов ізін салып кеткен «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы білгенге – біздің алтын бесігіміз, терең тамырымыз, мәртебе мерейіміздің тұғыры. Сол тұғырға істің көзін таба білетін ойшыл іскер басшы керек, оның болмағанына «Адамның келеді екен жылағысы» (Ғ.Қайырбеков) дегендей көңілің босап, қынжылады екенсің.

Университетіміздің құрылғанына 80 жыл толғалы отырғанда, оның төл құрдасы «Маркшейдерлік іс және геодезия» – кафедрасының тарихы неге жазылмасқа, оны жалпақ дүниеге кім, қашан жария қылмақ деп те ойға кетем. Кафедраның ардагерлері туралы мәлімет берген кезде, әркім өзін ғана жазады. Оларды оқытқан, адам қылған ұлағатты ұстаздар, атаулы есімдер, меңгерушілер көңілден ғайып, санадан көмескіленіп, көзден таса болып қала бермек пе? Кафедраның тарихы – тұлғалар өмірімен, ғалымдар ғибратымен, қайраткерлер қаракетімен баяндалмақ емес пе?

2.6. Аспиранттық өмір



1960 жылың көктемі, диплом қорғағалы жүрміз. Әр кәсіпорынға бөліп, жолдама беру басталды. Курстастардың барлығы жан-жаққа кететін болып жатыр. Менің жолдасым 5-курстың студенті. Алматыға қалуға жұмыс жоқ, кафедраға аспирантураға орын бөлінбепті. Осындай қиын-қыстау сәтте институт директоры Ө.А. Байқоңыров ғылым академиясынан аспирантураға бір орын сұрап алып, мені кафедраға қалдырды. Ғылыми жетекші А.Ж. Машанов болып тағайындалды.

Бірінші жылым кандидаттық емтихандар тапсырумен, семья жағдайымен өтіп те кетті. Бір күні профессор Машанов шақырып жатыр деді Софья Алексеевна және дайындалып бар дегенді де қоса айтты. Өзі шақырмаса барып уақытын алмайтын едік, өйткені қашан келсен де ол кісі жұмыс істеп (есептейді, сызады, жазады, стол үсті толған тастар) отыратын.

А.Ж.Машанов өзінің Базарбаев С.А., Жақанов Ш.Ж. деген аспиранттарымен таныстырды, мен үшінші болып олардың қатарына қосылдым. Не айтар екен деп қысылып келген едім, ұстаздың жылы қабағын көріп, қуанып кеттім. Оның жылы шыраймен қабылдағанына, өзіне тартып, ерінбей-жалықпай маған тақырып таңдау жөнінде ғылымның шетін ашып, ақтарыла бөліскеніне өте риза болып, көңілім өсіп қалды. Өмірлік тәжірибем аз және мұндай ғалымның алдында не айтарымды білмей отырғанымды байқады да, ол сөзін былай деп жалғастырды:

– Қарағым, ғылыми-зерттеу жұмыстарын Қазақстанның қай аймағында жүргізсең де, ол ең алдымен ерінбей-жалықпай, шаршамай-талмай, адал еңбек етуді талап етеді. Ғылым жолы инемен құдық қазғандай аса қиын жол, межедегі мақсатқа жету үшін жеті қат жерастының тылсым сырын біліп, үнсіз жатқан жер қойнауын сөйлеттіріп, болжамдар жасап, өндіріспен қоян-қолтық араласып, үздіксіз еңбек етуіміз керек. Математика, механика, физика ілімдерінің заңдарын жақсы білетін бол. Бұл ғылымдарды меңгермеген адам геомеханиканың қас маманы, зерттеуші бола алмайды, - деп сөзін аяқтады. Ал диссертациялық жұмыстың тақырыбы – «Тау жыныстарының жылжу процессін зерттеу» болып бекітілді.

Сөйтіп үлкен жүректі, абзал адам Ақжан Жақсыбекұлымен қарым-қатынасым, аспиранттық өмірім осылай басталды.

А.Ж.Машанов мені Текелі кен орнындағы жылжу процесін зерттеуден диссертация қорғаған С.А.Шрубкоға жіберді және мен әрі қарай ол кісімен қоян-қолтық жұмыс істей бастадым. Ол кісінің Текеліде маркшейдер болып қызмет істеген кезде жинаған көп материалдары бар екен, солармен таныстым. Қандай әдебиеттерді зерделеу керектігін сұрап-біліп жүрдім, «Горное дело» деп аталатын Министрліктің журналына бір ғылыми мақалам жарық көрді. Сөйтіп жүргенде екінші жылым да өтіп кетті.

Сол жылдары (1960-1962 жж) кафедрада қаржыланатын ғылыми-зерттеу жұмысы болмады. Соған байланысты аспиранттар да, оқытушылар да өндіріске барып, эксперименттер жүргізуге ешқандай мүмкіндіктері жоқ еді. Сөйтіп, кафедраның аспиранттары дер кезінде қорғай алмай, тоқырап қалған кезеңі болатын.

Бір күні институттың Ғылыми кеңесінің мәжілісі болып, онда аспиранттардың жұмысы жайлы ғылыми жетекшілердің есебін тыңдапты. Барлығының да жағдайы белгілі, қаржы жағынан тапшылық болып, ғылыми бір нәтиже алуға өндіріске бара алмай жатқандықтарын айтып, ақталып жатса керек. Кезек А.Ж.Машановқа келеді, ол мінбеге шығып: «Менің 3 аспирантым бар, бәрін айтып қайтемін. Мәселен, «аспирант Нұрпейісова үш жыл аспирантурада үш ұл туды. Ондай аспирантқа ешқандай қорғаусыз ғылым канидаты дәрежесін беріңдер» депті. Мәжілісте отырғандар күлген. Ал директор Ө.А.Байқоңыров: «Ақа, отырыңыз!» – депті.

А.Ж.Машанов кафедраға келіп, күтіп отырған Ш.Жақанов пен С.Базарбаевқа «Сендер үшін сөз естідім» деп ұрсыпты. Мен жоқпын кафедрада. Бірақ болған жағдайды толық айтып берген.

Ол кезде пәтеріміз жоқ, Ленин даңғылындағы (қазіргі Қазақстан конақүйінің орны) жатақханада бір бөлмеде тұрамыз. Кешке қарай сол жатақханада тұратын оқытушылар, қызметкерлер осы күнгі ГМК корпусынан үйлеріне келе бастады. Мен кішкентай балаларыммен аулада отырмын. Барлығы мені көріп: «Маржан, сен қорғамай-ақ кандидат болдың. Бүгін кеңесте шешілді» - деп қояды. Бұл не сөз екен деп, ертеңінде ГМК-ға бет алдым. Машановқа баруға батпадым, аспирантура бөліміне бардым. Несіпбаев ағай отыр екен: «Маржан-ау, жолдасыңды да, бала-шағаң бар екенін де білеміз. Дегенмен күнде келіп тұрмасаң да, анда-санда төбеңді бір көрсетіп қоймайсың ба? Ақаңның ана екі ер азаматтарына өкпесі қара қазандай, бірақ сені айтып, сөз тауып құтылып кетті. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы да. Маржан, сен ғылыми жетекшің Машановтың айтқанын екі етпе. Сен әлі жассың, білмейсің. Ол әйгілі ғалым. Сен сондай адамнан тәлім-тәрбие алғалы тұрсың. Менің саған айтарым, енді диссертацияңды қолға алып, аяқтайтын бол. Диссертацияң өзіңе де, ғылымға да пайдалы» – деді.

«Рахмет, аға!»- деп шығып кеттім.

Машановқа баруға бет жоқ, үйге келіп едім, қарсы алдымнан қабағы қатулы жолдасым шықты. Қолында телеграммасы бар, онда: «Қаратауға тез кел, жұмыс бар! Нұрлыбаев» – деп жазылған. Ол мән-жайын білу үшін, сөйлесу пунктіне кетті. Қаратаудағы филиалдың директоры М.А.Нұрлыбаев «Қаратау» ӨБ-і Мәскеудегі ГИГХС-қа ғылыми жұмыс жүргізуге қаржы бөлген екен, олар



жұмысты бірігіп істейтін жергілікті жерден адамдар іздеп жатыр. Сендер сол мәскеуліктермен жұмыс істей аласыңдар ма?» деген жағдаймен шақырыпты.

«Сабақты ине сәтімен» дегендей, сол жылы Шолақтау кенорны тау жыныстарының жылжуын зерттеу үшін, шаруашылық-келісім шарт жасап, ғылыми жұмыстың Қазақстандағы жетекшісі-А.Ж.Машанов, ал мен-жауапты орындаушы болып кірісіп те кеттім. Жылжу процесін зерттеу мақсатымен бақылау жұмыстары жүргізіле бастады, әрі қарай нәтиже күтумен болдым.

Аспирантураның мерзімі де аяқталды, мен «Геодезия» кафедрасының ассистенті болып жұмысқа орналастым.

Кафедра бойынша жүргізіліп жатқан осы жұмыстың қаражатымен Ақжан Жақсыбекұлы аспиранттардың (Базарбаев С.А., Бекбасаров Ш.С., Жақанов Ш.Ж., Орманова Ж.Г., Тоқмұрзин О. және мені) қолдарынан жетектегендей Қаратау фосфорит бассейніне алып барып, геомеханикалық зерттеулерді жер бетінде (карьерде) және жер қойнауында қалай жүргізуді өзі көрсетіп үйретті.

Әсіресе бір есте қалғаны Қаратауда кен компасымен тау жыныстарының жарықшақтылығын түсіріп, сол атыраптан тау жыныстарын, тастарды, минерал заттарды жинағанымыз.

Беріктілік қасиеттерін анықтау үшін аты, заты, қай жерден алынғаны және т.б. толық сипатталып жазылған әр түрлі тау жыныстарына әрқайсысы–мыздың далалық сөмкелеріміз толды. «Керек тастың ауырлығы жоқ» – деп жинап-тергендерімізді Алматыға алып келіп, оларды зертханалық сынақтардан өткіздік және инженерлік есептерге қажет физикалық-механикалық қасиеттерінің көрсеткіштерін анықтадық.

Ғылым мұқтаждығына мыңдаған миллион сом бөлініп тұрған 1970-1980 жылдары профессор А. Машанов салған ғылымдағы жаңа сала – геомеханика дамып, өрісі кеңейе берді, кафедрада ғылыми лаборатория ұйымдастырылып шәкірттер саны көбейді. Аспирантураға Ж.Г.Орманова, Б.М.Жарқынбаев, Б.Жұмаділда, Б.Ниязбеков, Ө.Сабденбеков және т.б. түсті.

Профессор А.Ж. Машановтың жетекшілігімен Қазақстанның көптеген кеніштерінде жылжу процесін зерттеу мақсатында бақылау стансалары салынып, аспаптық-маркшейдерлік бақылаулар, сонымен қатар теориялық зерттеулер жүргізіле бастады. Сол жұмыстардың бірі Ақсай мен Жаңатас карьерлері кемерлерінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатымен ондағы тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктері мен беріктік қасиеттерін зерттеу болды. Тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін

анықтауды ГИГХС-тың зертханаларында үйрендім. Олар жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарын өзім атқарған істермен салыстырып, саралап көрдім. Мәскеулік әріптестер (М.Е.Певзнер, В.И.Борщ-Компониец) ойларын бөлісіп, тәжірибелерін ортаға салды. Қажетті, қалаған әдебиеттерді қайдан табу керектігін айтты. Біраз уақытымды Ленин атындағы бүкілодақтық кітапхананың оқу залында өткізуге тура келді. Сөйтіп, мен ғылым жолында ойлары ортақ, істері жақын жаңадан дос-жаран тапқаныма мерейім өсіп, көңілім тасыды. Біліміме білім қосылып, дүниетанымым артты.

Зерттеу нәтижелерін тек Қазақстанда ғана емес, Мәскеуде өткізілетін конференцияларда жариялауға қол жеткіздім. Диссертациям даяр болған кезде, ондағы ғылыми-практикалық жаңалықты растау қажеттігі туындады.

Менің Мәскеуде атқарған жұмыстарымды тұжырымдай келе:

- Маржан, мәскеудегі әріптестердің не істеп, не бітіріп жатқанынан хабардарсың, біліміңді де, тәжірибеңді де біршама толықтырдың. Енді қорғау үшін саған Ленинградқа бару керек. Диссертацияңа ВНИМИ-ден пікір алуың керек–деді. Мен онда кімге барамын деп қатты қиналдым. Ол кезде ВНИМИ –дің (Бүкілодақтық маркшейдерлік ғылыми-зерттеу институты) жұлдызы оңынан туып тұрған кезі, анау-мынау адамды қабылдамайды. Олар Қазақстанда тек Ж.С.Ержановты ғана мойындайды екен.

Бір күні ұстазым менің қолыма «Уважаемый Георгий Лаврентьевич! Прошу помочь нашему соискателю. Ержанов» деп қолмен жазылған бір тілім қағазды ұстатып, «мен батамды бердім» деп бетін сипап Ленинградқа аттандырып жіберді. Васильев аралындағы ВНИМИ-ға келдім. Георгий Лаврентьевич Фисенко деген кісі институттың директоры екен, ол мені рудалық кен орындарының жылжуымен айналысатын зертхана меңгерушісі М.Кузнецовқа жіберді. Сол зертханада ленинградтықтармен бір апта жұмыс істеп, баяндама жасап, қажетті құжатымды алдым. Ленинград сапарынан көп нәрсені көріп, көп нәрсені үйреніп, көп нәрсені көңіліме түйіп Алматыға оралдым.

Келсем, күні бұрын белгіленіп қойған ресми оппонентім Ж.Қаңлыбаева қайтыс болыпты. Енді маркшейдерия саласынан оппонент іздеу керек болды. Ол үшін Ташкентке барып, жас ғалым-маркшейдер В.Р.Рахимовтың келісімін алдым. Сөйтіп, мен «Шолақтау кен орны тау жыныстары мен жер бетінің жылжуын зерттеу» атты диссертациямды қорғап, жас ғалымдар қатарына қосылдым. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген бекер сөз емес екен. Ғылыми атақтың бейнетін көтерген мен енді зейнетіне жеттім, аға оқытушы болдым.

Осыған мен, біріншіден, өзім суын ішіп, дәмін татып жүрген Ордадағы білім бұлағының, ғылым бұлағының арқасында жеттім. Екіншіден Көкшетауда туып, Алатау аясында білім алып, Қаратау деген қасиетті жерде жүргізген ғылыми жұмыстарымның нәтижесінде жеттім.

2.7. Қазыналы Қаратау

Қазақстанның бүкіл жері қастерлі болса-дағы әр жер, әр өңір өзінің қайталанбас ерекше қасиеттерімен есте қалады. Солардың ішінде менің

ғылыми жолымды ашқан қасиетті де киелі Қаратау топырағы болып көрінеді де тұрады. Бұл өңірдің қойнауы тұнған қазына екендігі ата-бабаларымызға ежелден-ақ белгілі болса-дағы Қаратаудың даңқы 1960–1980 жылдары, «Үлкен химияның» дамып тұрған кезінде көтерілді. Қоры мен сапасы жағынан Қаратау фосфориттері дүние жүзінде алдыңғы қатардан орын алады. Қаратау бассейнінде 40 тан аса ірілі-ұсақты кендер бар екенін өткен ғасырдың 30-жылдарында геологтар анықтаған. Олардың алғашқысын (Шолақтау кен орнын) –1946 жылы игеру басталып, 1963 жылы Қаратау қаласы салынған және «Қаратау» кен-химия комбинаты (ТКХ) іске қосылған. Осы комбинатқа қарайтын Жаңатас, Ақсай, Шолақтау, Көксу, Түйесай кендері игерілуде. Қаратау 20 ғасырдың 60–90-жылдары, КСРО және республика экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. Осы жылдары ауыл шаруашылығына қажет фосфорлы минералды тыңайтқыштарға сұраныс күшейді. Бұл фосфорит өндірісін қарқынды дамытуға жағдай туғызды, сөйтіп, бұл өлке қазыналы Қаратау аталып кетті.

«Қаратау» комбинатының арқасында КазПТИ-да ғылыми-зерттеу жұмыстарының ауқымы кеңейді. Сондай ғылыми жұмыстардың бірнешеуін біздің «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы жүргізді және институтта «Қаратау» ғылыми-зерттеу лабораториясы ұйымдастырылды.

Ұстазым менің алдыма бір-біріне қарама-қайшы екі мәселе қойды: біріншісі-тау жыныстардың кернеулі-деформациялық күйін анықтау; екіншісі – тау-кен жұмыстары жүріп жатқан кезде күрделі кен қазбаларының, жер бетінің орнықтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау. Бұл күрделі мәселені шешу тау жыныстарының жер қойнауындағы жай-күйін, құрылымдық ерекшеліктерін және беріктілік қасиеттерін зерттеуге негізделген болатын.

Бірде ұстазым маған:

– Қарағым, сен енді басқа кен орындарын (Ақсай, Жанатас және т.б.) зерттеуге көш, сөйтіп тұтас Қаратау бассейні немесе алтын кен ошақтары тау жыныстарының геомеханикасымен айналыс, мына жаңа геомеханика теориясын тереңдет, – деп ақыл берді.

Ұстаздың айтқанын мақұлдап, кейінгі отыз жылдан астам уақыт ішінде жылжу процесімен айналысып ғылыми-зерттеулер жүргіздім. Машановтың ғылымның есігін ашып, алыста жатқан жолдарын көрсетіп, жөн сілтеуі, жалғыз маған ғана емес, бүкіл маңайындағы адамдарға деген жақсы ниетінің, көрсететін қамқорлығын, ғылыми қыметкерлерді даярлаудағы істейтін, шексіз игілікті істерінің бірі екен.

Қарапайым да кішіпейіл ұстазбен жұмыс істеп, мен күннен-күнге ширай түстім. Теориялық білімін практикасымен ұштасып, ғылыми жұмысқа деген көзқарасым да кеңейе түсті. 1988 ж. «Қаратау бассейні тау жыныстарының жылжуы» атты монографияма және «Геомеханика» атты оқулықтарыма пікір жазды. Ғалымның осы бір қамқорлығын ақтай алдым ба, жоқ па деген ой мені көп ойландырды.

Сөйтіп, 1968-1988 жылдар аралығында Қаратау бассейіндегі тау-кен жұмыстарының әсерінен тау жыныстары мен жер бетінің жылжу процесін



зерттеудегі нәтижелерімді тұжырымдап, ұстазым А.Ж. Машановтың алдына «Геомеханическое обоснование и прогнозирование процесса сдвижения скально-трещиноватых пород бассейна Каратау» атты докторлық диссертациямды ұсындым. Ұстазым батасын берді, қарап шығатын болды.

Осы жетістікке жетуде, осындай ауқымды ғылыми жұмыстарды жүргізуде сол кездегі комбинат басшылары: Анатолий Иванович Шеин, Александр Васильевич Недогон, Сүйінбек Түйтебаев, Жандарбек Каленов, Михаил Михаилович Фрид, Іңкәр Әбішев, Бимахан Өскенбаев, Түгел Мыңаяқов, Мәжит Ысмаиловтардан көп қолдау көрдік. Жолдасым Шәріп ризашылығын, алғысын айта алмай о дүниелік болып кетті, мен осы азаматтардың алдында басымды июді өзімнің парызым деп білемін.



«Қызмет қылсаң халқыңа, Игі ат қалар артыңды, Пайдалы мұндай еңбектен, Бас кетсе де тартынба» деген қағидалы өсиетті жүректеріне демеу етіп, тоқырау кезінде басқа ұлт өкілдері бас сауғалап, Қазақстаннан кетіп жатқан кезде, табандылық көрсетіп, комбинаттың техникасын талан-таражыға салдыртпай, ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып, жанашарлықпен әр адамға жағдай туғызып келе жатқан Сүйінбек Түйтебаев, Жандарбек Каленов сияқты азаматтардың өмірлері бір тарих.

☆☆☆☆☆

Сүйінбек Түйтебаев Қазыналы Қаратау өңірінде дүниеге келіп, ҚазТКМИ-дан жоғары білім алып, мамандығы бойынша өмірінің жастық шағын тау-кен саласына арнап, талай лауазымды сатылардан секіріп өтіп, 1992-1996 жж «Қаратау» АҚ-ның президенті бола білді. 1992 - 1994 «ауыр» жылдары өндіріс қуатын сақтап қала алды, өнімдер шығарып, еңбекшілер мен білікті мамандарды әлеуметтік жағынан қорғай алды.

Түйтебаев С. өзі еңбек еткен жылдары Қаратау фосфорит қойнауын, Қаратау және Жаңатас қалаларын дамытуға жеке басы үлкен үлес қосты. Жұбайы Түйтебаева Рая өзімізбен бірге оқыған, инженер- маркшейдер, мамандығы бойынша еңбек еткен, бүгінде зейнеткер. Сүйінбек пен Рая екеуі өздерінің абзал әке-шеше, қадірлі ата-әже екендігіне шүкіршілік ете отырып,

ұзақ жылдар бойы жұптарын үзбей, өмірдің ыстығын да, суығын да тең көтеріп қуаныштары мен қызықтарын бірге бөлісіп келе жатқан жайлары бар.

Киелі топырақтың қасиетті ұлдары көп болары сөзсіз. Ол Қазақстанның георафиялық орталығы болып саналатын, көшпелі дала мәдениетінің көне сырларын ішіне бүккен шежірелі Ұлытау жері. «Жерді атын ел шығарады, елдің ер шығарады» дегендей, жомарт табиғат бұл өңірді мекендеген халықтың бойына өнер, сарқылмас дарын, тамыры терең таланттарын да сиға тартқан. Олар өлкенің ғажайып мұра деректерін жинақтап, оның тарихи мәнін саралап, сол ескерткіштерді келер ұрпаққа жеткізе беруді бүгінгілердің міндеті деп біледі. Кәкімбек Салықов ағамыз:

Арқаның арғымақ төс Ұлытауын,
Қасында жүріп қалай ұмытамын.
Көз тойып, еңсем өсіп ұлы жерде,
Жырға орап жүрегімді жылытамын.

Жаныңа талай жаңа сыр ұқтырар,
Бір көрсең, тәтті түстей қызықтырар.
Жайраңдап күліп қарап әр шыңынан,
Алдыңнан Қаныш аға шығып тұрар»,- деп жалғаса беретін жырында өткенге бүгінгі заман тұрғысынан оралған.

☆☆☆☆☆

Міне осындай Ұлытау баурайында туып-өскен, Алатау төсінде жоғары білім алып, арнайы жолдамамен Қаратауға келіп, жергілікті тұрғындармен туыстай араласып кеткен **Жандарбек Каленов** досымыз туралы айтқым келіп отыр. Ол ҚазПТИ-ды тамамдаған, тау-кен инженері, техника ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын «Молодежный» кенішінде учаске мастері болып бастаған, ол «Қаратау» өндірістік басқармасының бастығына дейін көтерілген. Өндірісті өңірдегі келелі істердің басы-қасында болып, еңбек сіңірген Ж.Каленов секілді қызметкерлер кеніштің мақтанышы. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген. Аттары күнде аталып жатқан жоқ. Сондықтан олардың есімдерін қалай мадақтап жазсақ та жарасқандай. Өйткені Жандарбектей жандар зейнеткерлікке шыққанша, істің ебін келтіріп кеншілердің, жалпы жергілікті халықтың мерейін өсірудегі үлесі теңіздей десек асырып айтқанымыз емес.



Алматыда бірге оқып жүргенде басталған жолдастығымызға қылау түспей, достығымыз, қанша уақыт өтсе де күні бүгін үзілмей келеді. Жакеңнің шаңырағына береке үйірліп тұратынының өз сыры бар. Оған отбасының ұйтқысы, құт- берекесі Гүләйімнің үлесі зор. Оған өсірген балалары мен тәрбиелеп жеткізіп келе жатқан немерелері мен шөберелері куә бола алады.

Бірнеше жыл Қаратауда ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқара жүріп, қонақүйде тоқтаған емеспіз. Бірде Жандарбектің анасы Балтай апа қарсы алып жатса, бірінде Каленова Зүлпия мен Дәметкеннің анасы Сара апа тамағын

дайындап күтіп отыратын-ды. Бүгінде Зүлпия Алма мен Алияштың қызықтарын көріп, немерелерін бағып Алматыда тұрып жатыр.

Кезінде Қаратау мен Жаңатаста өндірістің қауіпсіздік техникасын басқарған Бимахан Өскенбаев пен жұбайы Дәметкендерде Алматыда, зейнеткерліктің дәмін татып, немерелерінің ортасында рахаттанып жүріп жатқан жайлары бар.

Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,
Жақсы адамдар бар екен сүйіп өтем,
Жамандарды іздемен, өзі-ақ табар,
Жақсыларды табуың қиын екен, - деген төрт қатар жыр жолдары сіздерге арналады қазыналы қаратаулықтар.

3. ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ БӨЛГЕН ШАҚ

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білімдардың сөзіне,
Махаббатпен ерсеңіз.
Абай

3.1. Желтоқсанның жігерлі желі

Баяғыда партияға алғанда, оның толық мүшесі емес, ең алғаш оның кандидаттығына қабылдайтыны сияқты, мен ғылым кандидаты болдым. Бір істің басын қайырғандаймын. Бірақ А.Машановтың жетекшілігімен ғылыми жұмыстар үздіксіз жүріп жатты. Кандидат емес, ғылымның толық мүшесі болуға талпындық.

Атқарып жүрген істеріме бір сәт көңілім толып, өмірге бұрынғыдан да құштарлықпен қарай бастаған кезімде Горбачевтың «қайта құру» деген демократиясының желі есті. Сол демократтар ойда жоқта, ешкімге айтпай Қонаевты жұлып түсті емес пе? Халық бұл шешімге түсінбей, алаңға шықты. Сөйтіп, Желтоқсан дүрбелеңі басталды.

Мен дәл сол күндері, жылдың аяғында ғылыми-зерттеу жұмысының есебін қорғау үшін (15-желтоқсан күні), Алматы-Шымкент поезына отырып Қаратауға іс сапармен жүріп кеттім. Бара сала комбинатқа Техникалық кеңес мәжілісіне қатысып, есебімді өткіздім. Ойым, ертең қолыма хаттама тисе, Алматыға жүріп кету. Өйткені үйде қартайған апамыз, Шәріп және 8 айлық Шолпан деген немерем қалған. Немерені қарау үшін үйге студент сіңлім - Салтанатты тастап кеткем.

Комбинаттың бас инженері Ж.Каленов: «Түскі асқа үйге барамыз» – деді. Балтай апа мен Гүләйім күтіп отыр. Зүлпияны да ерте келдік. Үйге кірісімен менен «Алматыда не болып жатыр? деп сұрайды. Мен ештеңе білмеймін. Комбинат бастықтарына «халық көтерілмесін, қаладан ешқайда шықпасын» деп Алматы хабар берген екен. Олар біліп отыр. Мен шыдамсыздан бастадым, телефон соғайықшы деп қоямын. Телефон жұмыс істемейді, олар өздері Алматыда оқитын баласымен сөйлесе алмай, хабарды менен білгілері бар. Жағдайды айтып, түстен кейін қолыма мәжіліс хаттамасын алып Жамбылға жүріп кеттім.

Желтоқсанның 16-күні кешке Жамбылдың вокзалына келдім, қолымда іссапарлық құжатым бар, билет сатпайды. Проводниктермен сөйлесіп кетермін деп, перронға шықсақ, поездар өтіп жатыр, бірақ тоқтамайды. Сонда Алматыға жетеміз деген жастарда есеп жоқ. Алматыға келгенмен, қалаға кіре алмайсың. Алматы жабық.

18 күні өлдім-талдым деп Алматыға жеттім. Бір таксиге отырып, мекен жайымды айтып едім, ол мені үйреншікті көшемен емес, басқа жолмен әкеле жатыр. Сұрасам, орталық көшелер жабық деді.

Сол кезде ұлт мүддесі үшін ақтық айқас жүріп жатыр екен ғой! Мәскеу Қазақстанды мықтап қолға алған сыңайлы... Үйде телефон бірде қосылады, бірде үзіледі. Шәріп Мәскеуде оқитын баламен де хабарласа алмай, жүйкесі құрып отыр екен және оны түнде жатқханада студенттерді қадағалайтын кезекшілікке шақырыпты. Ол: «Маржан командировкада, мен бала бағып отырмын» деп бармай қойыпты. Ертеңінде жүгіріп институтқа барайын. Жеке бір кабинетте КНБ-ның адамдары қызметкерлерді бір-бірден шақырып алып тексеруге алып жатыр. Мен билеттерімді және іс сапарлық құжатымды көрсеттім. «Сіз не үшін екі күн ерте келдіңіз Қаратаудан» деп тергеуге алды. Мен:«Кеңестің мәжілісі бітті, содан кейін қайттым үйіме» деймін.

Үйге келсем Мәскеудегі бала телефонмен: «Біздерді Мәскеуден үйге қайтарып жатыр» деп қысқаша сөйлесіпті. Бәрі де түсінікті болды.

Не істеу керек? Біздің қолымыздан не келеді? Ел ағалары не дейді? Халық не дейді? Мың сұрақ – бір шешім. Шешінген судан тайынбайды! Тек елмен бірге болу керек!

«Қайта құру» деген терминді 1986 жылы Горбачев бірінші рет айтқан. Осы термин ақпарат құралдары тілшілерінің арқасында жаңа дәуірдің ұраны болып кетті. Сөйтіп, 1986 жылдан басталған «қайта құрудың» үш кезеңінен кейін. 1990 жылға дейін КСРО-күрамындағы он бес одақтас республиканың бірі болып отырған Қазақстан тәуелсіздік алды. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған Желтоқсан ызғырығының септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берді.

Ал, мен осы Тәуелсіздікке не бердім? дегенде ой келеді екен адамға.

Бұдан 20 жыл бұрын кандидаттық диссертацияны қорғаудағы бастан кешкен қиындықтар қайтадан еске түсті. Орталықпен іс сапарлық қарым-қатынастар тоқтады, өз қаражатыңмен баруға жағдай көтермеді. Мәкеудегі бұрынғы жолдастар басқаша сөйлесетін болды. Осы кезеңнің қызығын тек қалтасы қалыңдар ғана көрді, жекешелендіруден шекелері торсықтай болды.

Мен қалың ойға шомылдым. Ұстазым А.Машанов менің қазақша оқу құралдарын жазғанымды ұнатып «Геодезия» және «Маркшейдерлік іс» деген алғашқы еңбектеріме пікір жазғаны есіме түсті. Ең бастысы, менің мектепте жүріп-ақ «Қазақстан пионері» мен «Лениншіл жас» газеттерінің Көкшетаудағы тілшісі ретінде 1954-жылы ҚСРО Жоғарғы кеңесінің грамотасымен марапатталғаным, көшесі түгіл ауылында бір орысы жоқ «Казгородок» деген ауылда қазақ орта мектебін біргенім, қазақтың тілі менің тәуелсіздік алған елімнің тілі екендігі – денеме бір электрдің тоғын жібергендей, мені селт еткізді.

Қазақстанның тәуелсіз ел болғаны рас болса, мен докторлық диссертацияны неге қазақ тілінде қорғамаймын? деген сұрақ туды. Шешім біреу. Шешінген судан тайынбас!

Сөйтіп, екі жыл отырып, орыс тілінде жазылған диссертациямды «Жартасты-жарықшақты Қаратау бассейні тау жыныстарының жылжу процесін геомеханикалық тұрғыдан негіздеу және болжау» деп қазақшаға аударып

кафедраның кеңейтілген ғылыми кеңесінде қарауға және талқылауға шығардым. Сын-ескертпелер айтылды–оларды түзететін болдым.

Сол кезде Қазақстанда маркшейдерия саласында докторлық диссертация қорғататын бір-ақ Диссертациялық кеңес (Қарағандыда) бар болатын, оның 18 мүшесінің үшеуі ғана (А.Сағынов, С. Жетесов, А.Құрманқожаев) қазақ, қалғандары орыс, неміс, жебірейлер. Ол кеңес қазақ тілінде диссертация қорғата алмайды және қазақ тілін білетін ресми оппонентер табу да өте қиын. Бұл текке әурешілік деген уәждер айтылды.

Ендігі мәселе ол кеңес қазақ тіліндегі жұмысты қарай ала ма, жоқ па, сонда болды. Мен алдын-ала Алматыдағы Жоғарғы аттестациялық комитеттің (ЖАК-тың) төрағасы С.А.Қасқабасовтың қабылдауында болдым. Сейіт Асқарұлының қуанышында шек болмады. Науқастанып жүр екен, соған қарамастан маған: «Біздің Егемен елімізде әрбір қазақ азаматы мемлекеттік тілде сөйлеуге, еңбек етуге, қорғауға толық құқы бар екендігі Конституцияда жазылған. Бұл техника саласында мемлекеттік тілдегі тұңғыш жұмыс. Қарағандыға бар, кемшіліктеріңді айтса түзетуден қашпа. Егер олар қорғата алмаймыз десе, қалғанын өзіміз шемеміз. Жолың болсын!» -деді.

Қарағандыға келдім. Сол кездегі ҚарПТИ–дың ректоры әрі диссертациялық кеңестің төрағасы Г.Г. Пивень мырза бұл мәселенің, шын мәнінде, қиын екенін айтты. Мен алдын-ала Ташкент университетінің профессоры В.Рахимовпен опоненттік жайында сөйлесіп қойған болатынмын. Ол қазақша сөйлей де білетін-ді. Сол есіме түсті де, мен:

– Басқа жаққа барып қорғау үшін, маған мемлекеттік тілде қорғауға мүмкіндік жоқ деген құжат керек. Сондай қағаз беріңіздер, мен кете берейін дедім. Үндемей қалды. Ертең келіңіз деп мені шығарып салды.

Білмеймін, кіммен ақылдасқанын. Алматымен (ЖАК) сөйлесті ме, әлде А.Сағыновпен кездесті ме, әйтеуір, ертеңінде келсем: «Біз мемлекеттік тілде қорғатуға міндеттіміз. Маркшейдерия кафедрасының меңгерушісі И.И.Поповқа барыңыз. Алдын-ала қорғаудан өтесіз,–деді.

Егер маған «Мемлекеттік тілде қорғата алмаймыз» – деген қағаз берсе, онда Диссертациялық Кеңесті жауып тастайтынын білген сыңайлы.

Кеңес ресми оппоненттер етіп: Қазақ ҰҒА академигі Ж.С.Ержановты, Өзбек ҒА академигі В.Р.Рахимовты, қарағандылық профессор Р.П.Оқатовты тағайындады. Қорғайтын күн 1994 жылдың 23-наурызы. Рахимов таң қалды, қалайша қорғауды мейрам кезіне тағайындайды. Ол кісі Қарағандыға келу үшін 22-наурызда ұшып шығуы керек. Мүмкін келе алмасын деген пиғыл ма? Егер оппоненттердің бірі келмей қалса, онда диссертация қорғалынбайды.

Сол кезде мен «осыншама азаптың не керегі бар»- деп те ойлаған кездерім де болды. Сөйтіп, мен ғылыми жұмысымды (34 көрнекті сызба) 25 минуттың ішінде қазақ тілінде баяндап шықтым. Сұрақтар орысша, жауап орысша, пікір таласқа шыққандар да орысша сөйледі. Тек қан үш оппоненттің пікірлері қазақша, отырғандарға түсінікті болу үшін оппоненттер орысша да сөйлеп қойды. Сөйтіп дауыс беруге қатысқан 16 адамның екеуі ғана қарсы болып, сәтті қорғап шықтым.

Сол күні Зейкен Іңкәрбаевтың үйінде ұйымдастырылған банкетке екі адамнан (қарсы дауыс берген) басқа, Н.А.Дрижд бастаған кеңес мүшелерінің барлығы келді. Отырыста профессор С.Жетесов асабалық жасап, көптің көңілін таба білді.

Отырғандардың назары, қарағандылықтардың көбін қорғатып, қолдау жасап ғалымдар қатарына қосқан академик Ж.С.Ержанов пен сонау Өзбекстаннан келген академик В.Р.Рахимовта болды. Ендігі сөз осы оппоненттерім жайлы жалғаспақ.

☆☆☆☆☆

Маркшейдер Ж.С.Ержанов. Алыстаған сайын асқақтай көрінетін адамдардың бірі–бірінші ресми оппонентім, әлемдік өредегі ғұлама ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚазҰА-ның академигі, ҚазТКМИ-дің түлегі, инженер-маркшейдер – Ержанов Жақан Сүлейменұлы.



Ол қазақ тарихының төрінен орын алған небір өнер, ғылым тарландары мен жүйріктері суырылып шыққан қасиетті жер–Баянауылда дүниеге келген. Жақан Сүлейменұлының ғалым, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуы Сәтбаев бастауымен құрылған ҚазақҰҒА-ның көркейген тұсымен тұспа-тұс келді.

Ж.С.Ержанов 1949 жылы «Мырғалымсай кенорны тау жыныстарының сырғуы» тақырыбына қорғаған кандидаттық диссертациясынан бастап ақтық демі таусылғанға дейінгі аралықта жазған том-том монографияларында болсын, Қазақ Ғылым академиясының «Механика және машинатану», «Сейсмология» институттарын құруда, басқаруда және Жер туралы ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы болып атқарған қызметінде заман талабынан, іргелі ғылымдарды дамытудағы өз ұстамынан айныған емес және ол өзіндік түсінік-пайымын ешкімге жалтақтамай, ашық айтатын жан еді.

Академик Ж.С.Ержановтың жетекшілігімен 93 ғылым кандидаттары және 35 ғылым докторлары даярланды. Оның 350 астам ғылыми еңбектері, оның ішінде 40 монографиясы жарық көрді. Ол алғашқы еңбектерін тау жыныстарының сырғу теориясынан бастап, геомеханиканың жаңа саласы - техногендік процестердің механикасын қалыптастырып, оны Жер айналуының жалпы теориясына ұластырды. Академик Ержанов ұсынған осы теорияның варианты Халықаралық мекемелер: Астрономиялық, Уақыт жүйесі, Жер полюстарының қозғалысы қызметі, Геодезиялық және геофизикалық одақтарда стандарт ретінде қабылданған [50].

Барлық еңбектері орыс тілінде жарық көрген Ж.С.Ержанов менің диссертациямды бір ай шамасында қарап: «...өзімнің бір кезде қазақ мектебінде оқығанымды есіме түсірдім және біздің тау-кен ғылымын қазақша сөйлетуге болатындығына көзім жетті»-деген болатын. Бүгінде біздер ҚазҰТУ «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының профессорлары, инженер-маркшейдер ғалымдары өзімізді сол ұлы тұлға - Ж.С.Ержановтың ізбасарларымыз, ұлы ғалымның геомеханика саласындағы еңбектерін өндіріске

енгізуді жалғастырып жүрген шәкірттеріміз деп білеміз. Университеттегі Машанов атындағы аудиторияда академик Ж.С.Ержановқа арналған бұрыштама да бар.

☆☆☆☆☆

Маркшейдер В.Р.Рахимов, Өзбекстан Республикасы ҒА-ның академигі**,** техника ғылымдарының докторы, Абу Райхан Беруни атындағы ТашГТУ-дың



«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі. Ол 1959 жылы К.В.Руппенейттің жетекшілігімен кандидаттық, 1972 жылы В.В.Ржевскийдің ғылыми кеңесшілігімен докторлық диссертацияларын Мәскеуде қорғаған ғалым және ұстаз.

«Менің ғылыми жұмыстарыма кезінде бірден-бір қолдау көрсеткен Ө.А.Байқоңыров пен Ж.С.Ержанов болды» - деп әрқашан айтып отыратын Вахаб Рахимович, сол ағалардың істеген жақсылықтарын мен арқылы қайтарды. Профессор С.Жетесов (асаба) екінші оппонентке сөз берерде: «Келесі сөз Нұрпейісованың екі рет оқ қағары болған, академик Рахимовқа беріледі»-деген-ді. Шын мәнінде солай, ол менің кандидаттық және докторлық диссертацияларымның ресми оппоненті болды. Наурыз мейрамына қарамастан Қарағандыға Кеңес мәжілісіне келуінің өзі оның адамгершілігін көрсетсе керек.

Бүгінде ҚазҰТУ мен ТашГТУ-дың «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедраларының арасында тығыз байланыс орнатылған. Мен ТашГТУ-дегі «Геодезия» және «Маркшейдерия» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің мүшесімін.

☆☆☆☆☆

Маркшейдер Р.П.Оқатов, ҚазПТИ-ды 1962 жылы тамамдаған, ғылым докторы. Мен қорғаған кезде ҚарПТИ-дың профессоры еді, кейін кафедраның меңгерушісі болды. Кафедрада Р.П.Оқатов менің жұмысымның рецензенті болды. Рецензент осы диссертацияны қарауға бола ма, жоқ па соны анықтайтын сараптамашы адам. Кафедраның мәжілісіне дейін Р.П.Оқатовпен 10 күн тапжылмастан жұмыс істедім, оның сұрақтарына жауап беріп, түзетіп үлгердім.



Рецензент ескертпелерін түзету барысында, диссертацияда қорғалынатын қағидалардың толық ашылмағандығына көзім жетті. Соның барлығын түзетуге Р.П.Оқатов көп көмектесті. Құдай бар, И.И.Попов мені қолдамаса да, Р.П.Оқатов қорғау кезінде жақсы сөйлеп, оң пікір берді.

Ол кезде Р.П.Оқатов мені мүлдем білмейді де, кейін онымен дос болып кеттім, Алматыда екінші Кеңес ашылғанда. Ол Кеңес мүшелігіне сайланды, Б.Жұмаділдамен жетекшілік жасап, бірнеше ізденушілерін қорғатты және біздің аспиранттарымыздың диссертацияларының оппоненті болды.

3.2. Машановтың ғылыми мектебі

Белгілі ғалымдардың, кен инженерлерінің естеліктерінде А.Ж.Машановтың сан қырлы ғылыми жұмыстарының бірнеше бағыттары аталып өтіледі. Ғұлама ғалымның тау-кен ғылымы саласы мен қазақстандық ғылыми жұртшылық алдындағы негізгі атап өтерлік еңбегі – ол ҚазТКМИ-дің «Маркшейдерлік іс» кафедрасының ғылыми потенциалы негізінде «студент-кафедра-ғылым» үлгісі бойынша ғылымға жастар мен талантты ғалымдардың үздіксіз ағылып келген ірі ғылыми-педагогикалық мектебін құруы. Бұл оның өміріндегі ең жарқын бағалы жағы.

Ғылыми мектептің негізін қалау және оған басшылық ету ғалымдар арасында сирек кездесетін жағдай. Бұл қырын айтқанда, нақтылы бір ғылыми биікке жету, тіпті ең бір елеулі нәтижеге жетсе ғана маңызды. Себебі, ғылыми мектептің жетекшісі, ең алдымен, өзінің ілім саласындағы барлық ғылыми жетістіктерді сақтаушы және әрі қарай жалғастырушы, сонымен қатар сол ғылыми бағытты келешекті болжай отыра дамытуға қабілетті болуы тиісті. Ғылыми мектеп дегеніміз – ол үрім-бұтақ шежіре секілді, бірнеше ұрпаққа жалғасып, ғалымдар егіп, суарған «көп жылғы бәйтерек ағаш» тәрізді. Әртүрлі жағдаймен «ағаштың» кейбір бұтақтары үзілсе, әрине, ол қиын жағдай. Онда бар үміт «ғылыми мектептің негізін қалаушысы» деп аталатын «бәйтеректің» берік түп тамырында.

Классикалық анықтама бойынша ғылыми мектеп - бұл оның идеясын, ғылыми ұстанымдарын және әдістерін бойына сіңірген, оларды өздерінің еңбектері мен қызметінде тереңдетуші және дамытушы оның шәкірттері мен ісін жалғастырушылар тобы[43].

Біз Ақжан Жақсыбекұлын құрмет тұтар, ұстазым деп санайтын белгілі ғылым докторларының және ол кісінің басшылығымен неғұрлым белсенді зерттеу жұмыстарымен шұғылданған ғылым кандидаттарының, өндіріс жетекшілерінің тізімін жасадық. А.Ж.Машанов мектебінің негізгі шоғырына жеке бағыттарға басшылық етуші 20-нан аса ғылым докторлары, профессорлар және 50-дан аса ғылым кандидаттары кіреді. Өкінішке орай, қазіргі кезде олардың бірсыпырасы өмірден өткен, бірнеше адам республикадан тыс жерлерде болса, кейбірі зейнеткерлер. Бірақ олардың барлығы мектептің дамуында, шәкірттер тұлғасында жарқын із қалдырды. Бұған А.Ж.Машановтың әрдайым қызметтес болған, оларға ақылын айтып, жұмыстарына пікірін білдіріп отырған Қазақстанның басқа ғылыми мектептері мен көптеген ғылыми ұйымдарының өкілдері, өндіріс қызметкерлері кірген жоқ. Бұл жеке зерттеуді қажет ететін үлкен сала.

Алғашқы қазақ геологы Ә.Ермеков, орыс ғалымдары П.К.Соболевский, П.А.Рыжов сынды ұстаздардан дәріс алған Ақжан үшін ең басты тірек - өзінің жеке таланты мен еңбекқорлығы болды. Оның болмысындағы үнемі алға ұмтылуы, қажымас қайраты, ғылымға шексіз берілгендік, жігерлілік, мақсатының дұрыстығы мен қажеттігіне деген сенімділік биіктерді бағындыруға жетелеген ұлы күш болды.

Сөйтіп, 37 жасында ол тек бірнеше кен орындарының алғашқы ашушысы, қалыптасқан ғалым (ғылым кандидаты) ғана емес, ұйымдастыру және ұжымды басқару қабілеті бар көшбасшы да бола білді. Осы сәттен бастап, оның ғылыми мектебінің қалыптасуы басталады.

Торғай кен алабының геологиялық құрылымының тетігін зерттеуде ол алғаш рет жер қойнауы геометриясын қолданады. Оның «Кен алаптарының құрылымын зерттеудің жаңа әдістемесінің негіздері» атты монографиясы өзі талмай, үнемі ізденіспен жүргізген ғылыми еңбегінің нәтижесі болды. Өзінің ғылыми зерттеулерінде А.Ж.Машанов геология, механика, тау-кен ісі сияқты іргелес ғылымдар заңдылықтарын кеңінен пайдаланды. Сөйтіп, геология, математика, геометрия, механика және кен ісі саласын терең зерделеу нәтижесінде жаңа ғылыми бағыт «Геомеханиканы» қалыптасты.

Қашанда болсын өз мектебіне ізденімпаз жастарды тарта білген, қамқорлығына шынайы алғаннан да болар, оның жетекшілігімен жүргізілген геомеханика саласындағы ғылыми жұмыстардың өрісі кеңейіп, жас ғалымдар қатары көбейе түсті[43].

Геомеханика, тау-кен ғылымы саласындағы ғылыми бағыт ретінде барлық Қазақстанда және ТМД аумағында кеңінен ғылыми және практикалық қолданыс тапты. 1959 жылдан бастап «Маркшейдерлік іс» кафедрасының меңгерушісі болған А.Ж.Машановтың ғылыми жетекшілігімен 25 астам техникалық ғылымдар саласынан кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

1960-1981 жылдары ол ғылыми зерттеулерді дамытудың көлемді бағдарламасын жасады, оны Ақжан Жақсыбекұлы көптеген аспиранттары мен ғылыми қызметкерлерінің көмегімен табысты іске асырып отырды.

Ақжан Жақсыбекұлы өзіне рухы жағынан жақын адамдар, іздеушілер, ғылымға риясыз берілген адамдар арасында жұмыс істеді. Бұл оның шәкірттері, әріптестері және болашақ ізбасарлары еді.

Өздерін А.Ж.Машановтың шәкірттеріміз деп есептейтін және оны мақтан тұтатындардың қатарына Б.Р. Рақышев, Т.Т.Ипалаков, Б.М.Жарқымбаев, Ж.Д.Байгурин, Ш.Әбдіраман, Б.Т.Төлеуов, Ө.Сәбденбеков, Б.С. Касенов, Б.Жұмаділда, Ж.Г. Орманова, С.К. Қажығалиева және т.б. жатады.



Әр кафедраның, әр ғылыми мектептің дамуы олардағы тұлғалардың ойлануы мен іс-әрекетіне тікелей байланысты. «Тектіден текті туады, атаның жолын қуады» емес пе? Тарихын ұмытпайтын, ұлыларын ұлықтайтын қазақ ретінде (арамызда жүрген азды-көпті басқа ұлт өкілдеріне күлкі болмай) бұдан 50 жыл бұрын қалыптасқанның «Машанов мектебінің» жұмысын әрі қарай жалғастырсақ құба-құп болмақ.

Бір кезде осы кафедрада 25.00.16- Маркшейдерия», 25.0032-«Геодезия», 25.00.36-«Геоэкология» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес жұмыс істегендігін және осы салада іргелі ғылыми зерттеулер жүргізілетіндігін ерекше атап өткім келеді. Осының барлығы «Машанов мектебі» шәкірттерінің кен геометриясы мен геомеханика, геокология және геодезия саласындағы жеткен жетістіктерінің жемісі дер едім. Бүгінгі жастарға тарихтан тағлым, аға ұрпақтан өнеге алу қажет. Өйткені, өнеге адамды өсіреді, ал өнеге өрістеген жерде жақсылықтың желі есіледі.

Италиядағы «Рим клубы» деп аталатын адам табиғатын зерделейтін ғылыми –зерттеу институтының маңдайшасына, ҒЗИ демей, «Адам сапасы» деп жазылыпты. Өйткені, адамзат дамуы мен күйреуінің, қоршаған ортаның күнен-күнге дағдарысқа ұшырауының басты себебі адамның сана-сезіміне байланысты. Қазақтың дәстүрлі ой-толғамдарында, өмірді (айналаңды) өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын ояту, шыңдау керек деп үйретеді. Содықтан да, Абай өзінің философиялық «Қара сөздерінде» «толық адам» (17-сөз), «шала адам», «жаман адам» (18-сөз) деп саралай келе толық сапалы адам болу үшін «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» болуын қалаған. Ш.Айтматов «мәңгүрт» адамдар болады десе, М.Әуезов «кемел адамдар» жайында жазған.

Ақжан Жақсыбекұлы өзінің 88 жасында жазып, біздерге қалдырып кеткен «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында толық адам жайында айта келе:

біріншіден, әр нәрсенің шындығына өз көзің жетпесе, сенімің болмаса, ол ғылым емес. Ақиқатты *жүрекпен* сезіну керек;

екіншіден, ғылымды *ақыл ой* арқылы үздіксіз дамытып отыру керек;

үшіншіден, ғылым-білімде ұстамдылы қажет, яғни ақыл, ойдың, мінездің беріктігі керек. Ол үшін *қайрат* керек деп жазған.

Ғылыми мектептің іргесін қалап кеткен ұстазымыз біздерді толық адам болудың сара жолы – «Ғылымды адал жүрек, түзу ниетпен өрістетуге», ол үшін: ойлау-зерттеу және оны іске асыруды, өмірге пайдалануды, адами қасиет, әділеттік іс-әрекеттердің басын қосуға жол ашты. Ұстазымыз:

«*Дүние де өзі, мал да өзі,*
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білімдардың сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз»,–

деп ұлы Абайды есімізге салатын және осынау бір шумақ жыр жолдарындағы ғылым да, дүние де, махаббат та араб сөздері. Абайды оқыған жандар, әуелі махаббат дегеннің, адамның адалдығы, ақылы мен білімі ұштасып, үйлесім тапқан таза да асыл сезімі екенін анық түсініп білулері керек.

Уақыт жылдам өтеді. Міне, А.Ж.Машановтың өмірден өткеніне де 15 жылдан асыпты, бірақ ол негізін қалаған ғылыми мектепті «Маркшейдерлік іс және геодезия» (МІжГ) кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы бұрынғы дәстүрлі қалыпта дамытуда және бүгінгі заман талабына сай толық адамдарды тәрбиелеуге күш салуда. Қазақ ғылымының көгінде жарық жұлдыздай жарқырап көрінген ұстаздың ақыл-ойын зердеге түсіріп зерттеу әлі де жалғаса бермек.

3.3. Мектеп түлектері

Машановтың шекпенінен шыққан шәкірттері өте көп. Олар бүгінгі ғылым докторлары мен кандидаттар ғана емес, ұстаздан дәріс, тәлім –тәрбие алғандар, жастарға білім мен ғылымның кілтін Машановтай ашудан, үйретуден, ғылымды көпшілікке насихаттаудан жалықпай жүрген, ұстаздың жолын қуып ана тілімізде оқулықтар жазып және жастарды имандылыққа, жан-жақты біліктілікке, биік адамгершілік көзқарасқа баулып жүрген жандар. Әрі қарай осы мектеп түлектерінің өмірде шыңдалған, сыннан өткен, ұстаз аруағына тағзым етіп, кафедра атына кір келтірмей жүрген Машановтың шәкірттерінінің бірнешеуіне тоқталудың орны келіп тұр.

☆☆☆☆☆

Мені кем, алды кең...



«Ұстазым менің, ұстазым» деген жүрек тебірентер ән профессор ***Бақыт Молдағалиұлы Жарқынбаевқа*** арналғандай болып тұрады. Б.М.Жарқынбаев ұлылар мен даналардың өзі бас иетін қасиетті ұғымды ұстанып, соған сай қызмет етудің, шыңына жетудің қиын да қия жолымен келе жатқан ұстаздардың бірі. Ол жоғарғы оқу орындарындағы оқу процесін басқарудың ұтқыр ұйымдастырушысы, білікті басшысы ретінде танылғандығына, инженер кадрларды даярлаудағы жауапкершілігі зор еңбектің бел ортасында жүргеніне 50 жылдан астам уақыт өтіпті.

Б.М.Жарқымбаев Қызылордада туып-өсіп, мектепті бітіргеннен кейін ҚазТКМИ-дің тау-кен факультетіне оқуға түскен. 1960 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатына жолдамамен барып, маркшейдерлік қызмет атқарған. Жұмыс істеп жүргенде оны қазылып алынған кеннің жоғалымы мен құнарсыздануы қатты ойландырған. Осы мәселе туралы Рудный қаласына іс сапармен келген профессор А.Ж.Машановпен ой бөліскенен кейін, оны аспирантураға шақырған.

Б.М.Жарқымбаевтың ғылыми көзқарасы Ақжан Жақсыбекұлының тікелей әсерімен қалыптасты. Ғылыми жетекшінің басшылығымен ол 1966 жылы кандидаттық диссертация қорғап шықты. Сол жылдан бастап, Бақыт Молдағалиұлы Ақжан Машановтың сенімді шәкірттерінің бірі болды.

А.Ж.Машанов «Маркшейдерлік іс» кафедрасын 30 жыл басқарса, оның орнын басқан шәкірті Бақыт болатын. Бақыт Молдағалиұлы осы кафедраны 20 жылдан астам басқарған жылдар аралығында үлкен ұйымдастырушылық

таланты мен іскерлігін және мәдениеттілік қасиетін көрсете білді. Бақыт бұрын тек бір ғана «Маркшейдерлік іс» мамандығын даярлайтын кафедраны «Қолданбалы геодезия», «Аэрофотогеодезия», «Астрономиялық геодезия», «Картография», «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау» мамандықтарынан инженерлерді даярлайтын үлкен ұжымға айналдырған және институттың дамуына зор үлес қосқан жан[51].

Профессор Б.М.Жарқымбаев сабаққа барар алдында міндетті түрде формасын киеді. Дәрісханаға кіргенде шәкірт алдында жатқан пән



кітабындағыны қайталамай, өз пәнінің бағыты бойынша дәріс мазмұнын оларды еліктіретін, ой-пікір оятатын тың деректерді беруді, тау-кен және маркшейдерия саласындағы жаңа зерттеулермен толықтырып отырғанды жөн көреді. Бұл әрі оқытушының «ғалым» дейтін мәртебесінің қандай екенін байқатып отыратын жағдай.

Бес жыл бірге оқып, қазір де бірге жүрген курстас досым Бақыттың әрбір сөзінің мәні терең, жан-жақты. Оның бір айрықша белгілері: адалдық, тазалық, кешірімділік, мәдениеттілік.

Ал адамдық Бақыт Молодағалиұлының тұла бойында тұр. Жарқымбаевтың бітімі осымен ерекшеленеді. Ендеше жанында жақсы адам жүрген жақсы емес пе? Алдымызда осындай ақыл-кеңес беретін ағалардың болғаны қандай жақсы. Осы белгілерді беттің арындай көрген Б.М.Жарқымбаев бүгінде кафедраның тірегі әрі қамқоршысы. Ақылшымыз Бәкеңнің 75-ке толған мерей тойына кафедраның арнауынан үзінді келтіруді жөн көрдік

Терек дерсің тамыр жайған тереңге,
Қасиетті қамқоршымыз дегенде.
Бәке!, өзіңді әр кез мақтан етеміз,
Құттықтаймыз қосып бүгін өлеңге.

Әлі талай асулардан асыңыз,
Ден сау болып жүзге келсін жасыңыз.
Қыр басында қыран құстай түлеуге,
Лайық қой Сіздің алтын басыңыз.

☆☆☆☆☆

Жақсылар мен жайсаңдардың жанындағы Жамиға. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» – деген жыр жолдары қашан көрсең де қос жанары мейрімге толы, жаны ізгілік пен жақсылыққа толы ***Жамиға Ғалиқызы Ормановаға*** арналғандай. Жамиға Ғалиқызының сабырлылығы, кез-келген ортада өзін ұстауы, кімді болса да сүйсіндіргендей. Бәзбіреулердің жасы ұлғайған сайын мінезі де өзгеріп шыға келеді ғой. Сондайларды көргенде текті әулеттің ұрпағы Жамиға Ғалиқызы сынды әйелдердің қадір-қасиетін тереңнен ұққандай боласың.

Ақыл-ой мен білім-білік, күш-қуат пен қажыр-қайрат бір адамның бойынан табылып жатса, оның бітім-бейнесіне биік тауға қарағандай көз

тігеріміз анық. Осыншалықты ізгі қасиеттерді бойына жинақтап, Қазақ ұлттық университетінде жастарды тәрбиелеу жолында тер төккен тұлғалар туралы ой толғағанда Жамиға ұстаздың ардақты әкесі Ғали Орманов - КСРО жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның халық ақыны, Жамбыл Жабаевтың хатшысы болғанын айтпай кету мүмкін емес.

Сырт қарағанда жақсы адамдардың мінезі бір-біріне ұқсас сияқты. Адамгершілік, кішіпейілділік, адалдық, қарапайымдылық – жақсылардың бәріне ортақ. Ал үңіле қарасаң, осы қасиеттердің әр адамның бойынан көрінуі, жеке бір оқиға, факт арқылы танылуы әрқилы. Адамды ірі танытатын да, оның ұсақтығын байқататын да оның қылығы, мінез-құлқы.

Кісілік деген не?

Ол, сірә, ең алдымен - кішілік! Өзіңді қандай жағдайда да қарапайым ұстап, жұртшылық арасында емін-еркін отырып, әңгіме айта білу, тыңдай білу және тыңдата білу. Мен Жамиға Ғалиқызымен жоғарғы оқу орнында 50 жыл қатарымен қызмет атқардым. Оған қарап, сол кісілік деген өмір формуласының бір белгісін аңғарғандай болдым.

Жамиға Орманова ҚазТКМИ-дың маркшейдерлік іс мамандығын 1959 жылы тамамдап, еңбек жолын Қарағандыдағы маркшейдерлік ғылыми-зерттеу институтында (КазНИМИ) бастаған. 1963 жылдан 2000 жылға дейінгі аралықта ҚазҰТУ-дың «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасында аспирант, оқытушы, аға оқытушы болып қызмет атқарған. Оның геомеханика саласында жүргізген ғылыми жұмыстарының нәтижесі А.А.Машановпен бірге «Геомеханика» атты оқу құралын жазуға негіз болды. Қазір Ж.Г.Орманова немерелерінің ортасында зейнеткерліктің дәмін татып отыр.



Біздердің (Бақыт, Маржан, Жамиға) «БМЖ» деген ортақ сөзімізді әрдайым еске аламыз. Ол деген «Бақыт Молдағалиұлы Жарқымбаев» немесе «Бақыт, Маржан, Жамиға» деген сөздер. ҚазҰТУ-да 50 жыл бірге оқып, еңбек етіп жүргенімізді атап өткенімізде:

Еңбек жолы өтуде қатар жүріп,
Әзіліміз жарасып, ойнап күліп.
Жасымыздан жұбымыз жазылмаған,
Келеміз 50 жыл бірге өмір сүріп.

Ортақ сөз «БМЖ» -деген баяғыдан,

Сөз астарын түсінбес бөтен адам.
«Мен орысша білмеймін ғой» деген кезде,
Кім өзіңдей мәнерлеп айтар маған, –деген едім.

☆☆☆☆☆

Ұстамы биік текті тұлға. ***Қалыбеков Тұрсын Қалыбекұлы*** 1942 жылдың 18 наурызында Оңтүстік Қазақстан олысы Бәйдібек ауданының Бөген ауылында дүниеге келген. Көптен бала тоқтамай жүрген шаңырақта (сегіз баладан кейін) ақ түйенің қарны жарылып бір ұл туғанда «Құдайдан тілеп алдық қой, бала тоқтамай жүр еді, осы тұрсыншы»–деп баланың атын Тұрсын қойған көптің тілеуі қабыл болған. Жастайынан тағылымды тәрбиені бойына сіңіріп өскен Тұсын өзі туып-өскен ауылдық орта мектепті медальмен бітіргеннен кейін тау-кен-металлургия институтына оқуға түсіп, оны «Маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша ойдағыдай тамамдаған. Еңбек жолын Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында учаскелік маркшейдерден бастаған Тұрсын Қалыбеков, бас маркшейдерге дейін көтеріліп, кейін Алжир Халық Демократиялық республикасында, ҚазССР-ның түсті металлургия министрлігінде, «Мұнай» ғылыми-өндірістік орталығында бас маман болды.

Жоғарғы оқу орнында және жоғарыда аталған қызметтерде жүргенде білімге ерекше құштарлығының арқасында П.Ч.Чулақов және Ө.А.Байқоңыровтардың ыстық ілтипатына бөленді. Ол ғылым докторы дәрежесіне, профессор атағына ие болды. 2002-2009 жж. ҚБТУ-да профессор, ал 2009 жылдан бастап өзінің ұшқан ұясы Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының профессоры қызметін атқарып келеді және ҚазҰТУ-дағы Диссертациялық кеңестің белсенді мүшесі бола жүре жоғары дәрежелі мамандар даярлауға ат салысты.



Машановтың жетекшілігімен диссертация қорғамаса да, Тұрсекеңді Машанов мектебінің бір саласы–жастарды ғылымға баулу және мемлекеттік тілде оқулықтар жазу парызым деп санаған, барлық өмір жолында «арым жанымның садағасы» деген қағиданы мықты ұстаған, ешкімді алаламай, еңбегіне қарай бағалайтын ұстамы биік, ұлағатты ұстаз, республикаға танымал азамат деп біліміз.

Адамның үш түрі болады. Айналасындағы елге силы, тума-жетімге қарайласатын, қолынан келгенді аямайтынды жігіт дейміз. Жүрген жері ойран-топыр, айналасын балағаттап, елге тиісетін, сөзінде тұрақ жоқ–оны мігіт дейміз. Жел қалай соқса, солай қарай қисая салатын солқылдақты–түбіт дейміз...» дегендей, силы адамдардың тегінен шыққан, ел ішінде тілге бай, ой-өрісін жүйелі жеткізуге шебер, кезінде би, болыс болған Тұрсекеңнің аталары, балаларын әр кез жақсыдан үйренуге баулыған.

Техника ғылымдарының кадидаты, доцент бола жүре ол 1996 ж. «Тау-кен жұмыстарының әсерінен бұзылған жерлерді қалпына келтіру» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады. Еңбек еткен қашанда жемісін көреді.

Тұрсын Қалыбекұлы Қазақстан республикасы білімінің құрметті қызметкері. Ол ешқашан «дайын асқа тік қасық» болған емес. Ғылымда ізі қалған Тұрсекең 200 артық ғылыми еңбектердің, оның ішінде 3 монография мен 8 оқулықтың авторы. Біздің маркшейдерия және геодезия мамандықтарын таңдағандар Тұсекеңнің том-том оқулықтарымен білім алады. Тұрсекең өзінің іскерлік, талапшылдық қасиеті мен турашыл мінезімен халықтың көңілінен шыққан азамат.

Ердің бағасын ел біледі. Кеше ғана Тұрсекең жетпістің жетесіне шыққанда, перзентін құрметтеп Алматыға Шымкент халық республикасының халқы түгел келді десек артық емес. Құрмет деген құдіретке алғырлығы мен адамгершілік абзалдығы бірдей мол жаратылған жандар ғана қол жеткізеді.

Мынау күнәһар тіршілікте адал дос табу оңай емес. Тұрсекең достары көп адамның бірі. Дос бола білудің өзі үлкен өнер, ерекше қасиет, адамның адамгершілік сапасының өлшемі. Тұрсекеңнің көптеген достары мен туматуыстарын көл-көсір дастарханын жайып қарсы алатын отбасының ұйтқысы Ботакөз Тұрсынәлиева.

Бүгінде Тұрсекең жұбайы Ботакөзбен бала-шағаларын тәрбиелеп, абыройға ие болып отыр. Тұрсеке! Шапағат мейірімімен бақыт толы күндерің бұдан да көп бола берсін. Сіздің мерейтойыңызда:



Тұрсеке! Марқасқасыз Тұрар текті,
70-ке алшаң басып жасың жетті.
Бойыңа Ордабасы құты дарып,
Өрмелеп өрге қарай тасың кетті.

Құтты болсын «қос 35» мерекең,
Бұл қуаныш қызығымен телі екен.
Өсе берсін немерлер және де.
Тұрар менен Сағынайдай берекең,–

деген едік. Тілегіміз қабыл болғай!

☆☆☆☆☆

Болмысы бөлек Бекежан. Талдықорған облысының Панфиловында орта мектептің аттестатын алған жас жігіт Бекежан 1959 ж. оқуға түсуге Астанаға келді. Сол жылы ол ҚазПТИ-дың тау-кен факультетіне оқуға түсіп, оны маркшейдерлік іс мамандығы бойынша 1965 жылы тамамдады. Институтты бітіргеннен кейін 1965-1969 жылдары ***Бекежан Сатыбалдыұлы Қасенов*** Жезқазған кен-металлургия комбинатында учаскелік, аға маркшейдер болып қызмет атқарды.

Арада үш жыл өткенде өзінің түлеп ұшқан ұясы- ҚазПТИ Б.С.Қасеновты ұстазы А.Ж.Машанов аспирантураға шақырды.

1969-1992 жылдары ҚазПТИ-дың аспиранты, аға ғылыми қызметкері, «Маркшейдерлік іс» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті болып қызмет істеді. Бұл күнде доцент Б.С.Қасенов өзіне жақсылық жасаған


кісілерді жиі еске алады. «Алдымен ұстазы Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың рақымшылығы, сонан соң бірге қызметтес болған ақ тілекті, қайырымды жандардың арқасы», - дейді ғалым аға ағынан жарылып.

Бекежан Сатыбалдыұлы ақиқатында бақытты адам. Жары Риза өмір бойы адал сүйгені ғана емес, қамқоршысы, ақылшысы. Риза Атшабарова көп жыл бойы Қазақ ҰҒА-ның химия институтында қызмет атқарды, академик Е.Ерғожиннің шәкірті, ғылым кандидаты. Бүгінде дәрігер қызы Әлиә мен кәсіпкер ұлы Дәулеттің ардақты анасы және немерінің сүйікті әжесі.

Б.С.Қасеновтің ғұмыры тек жақсылыққа толы демекпін, бұл менің өзіндік зерттеу пайымым. Бекежен лауазым атаулыдан да кенде болған жоқ. Институттың оқу бөлімінің бастығы, тау-кен факультетінің деканының орынбасары, ҚР–сы «Қазгеодезия» бастығының орынбасары, 1996 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының доценті болып беделді жұмыс атқаруда. Бекежан Сатыбалдыұлының ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу еңбегі қомақты. Ол 50-дан астам ғылыми мақала, үш оқулықтың, 30-дан астам әдістемелік нұсқаулардың авторы және олар бүгінде жоғары оқу орындарындағы құнды дүниелер.

Осының бәрі айтуға ғана жеңіл. Бүгінгі күні ҚазҰТУ-ға келіп, «Қасенов Бекежан кім?» деп сұрасаңыз, татымды жауап аласыз. Сонымен қатар, Б.С.Қасеновтің біреу түсініп, біреулер түсінбейтін, біреуге жағып, біреуге жақпайтын ерекше мінезі бар. Жасанды қылық, жалған намыс, жақсы көріну, өтірік мадақ, көлденең атақ, жылпылдаған сөз - оның табиғатына жат, яғни болмысы бөлек жан.

Бұдан 70 жыл бұрын, көктем шуағымен ілесе іңгәлап өмір атты шаһардың есігін ашып және білімі мен біліктігін егіз ұштастырып отырған, үлкен бір шаңырақтың отағасы. «Қартаю үшін көп ақыл керегі жоқ, ал ақсақал болу үшін көп нәрсе керек» дегендей, ол да Бекеңе қолдан келгенінше елге еңбек етіп, бала-шағасының аман-есен болғанынан артық қандай бақытты қартаю бар. Біздің Бекеңе шынайы тілеріміз және ыстық ықыласпен айтар сөзіміз:



Бекежанның Риза құрбы қосағы,
Жарты ғасыр маздап жанды ошағы.
Қос аққудай жаны таза Сіздерді,
Алда талай қуаныштар тосады.

Ұжым болып құттықтаймыз бүгін біз,
Құтты болсын төл мереке күніңіз.
Студенттерге дәріс оқып, қартаймай,
Кафедраның ұйтқысы боп жүріңіз! –деу ғана.

☆☆☆☆☆

Қасиетті шаңырақтың түлегі – Бейбіт Төлеуов. Қасиетті де киелі Қарақаралыда туып, ҚазПТИ-дың маркшейдер мамандығын тамамдап, Машанов ғылыми мектебінен нәр алып, А.Ж.Машановтың жолдауымен Мәскеу тау-кен институтына аспирантураға түсіп ғылым тұғырына көтерілген жан. Бейбіт

Төлеуұлы ҚазПТИ-дың «Маркшейдерлік іс» кафедрасында аға оқытушы, доценті, деканның орынбасары, ҚР энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестиция басқармасының бастығы қызметтерін атқарды, бүгінде ол «SAT & Company» компаниясының бас геолог-кеншісі. Ол ақ көңіл, пейілі кең, мені кем азаматтардың бірі.

Бейбіт Төлеуұлы туралы ой толғағанда оның ата-тегі жайында сөз қозғамау мүмкін емес. Қарқаралы топырағына қазақтың маңдайына біткен небір ғалымдар мен өнер иелерінің кіндік қандары тамған. Сол өлке өз өрендерін өмірге деген құштарлыққа, еселі еңбекке, өсерге баулыды. Солардың бірі емес емес бірегейі - халық аузында «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» –деген мақал болып таралып кеткен сөзді еске ала отыра, сол өлкеде ел басқарған Машан биден Жақсыбек және Нөгербек дүниеге келген. Жақсыбектен Ақжан ата, ал Нөгербектен Төле туған.

Кезінде Төлені Абай әулетінен шыққан Сыздықбектің қызы-Қазтайға үйлендірген. Нөгербеков Төле Алматының мал дәрігерлік институтын және жоғарғы партия мектебін бітірген. Мал дәрігері, совхоз директоры, ауылшаруашылық басқармасының бастығы, партия қызметкері болып еңбек еткен жан. Қазтай ана А.Ж.Машановтың алдында келін болып иіліп, қызмет істеп батасын алған жан. Астанада қызмет атқарып жатса да, Бейбіт Төлеуұлы өзі түлеп ұшқан кафедраны ұмытқан емес, әрқашан қолдау жасап тұрады.

«Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» – ол ең алдымен ұлттың ұлағаты, елдің мерейі болмақ. Бүгінде Машани әулеті Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп, халық қамын жеп жүрген азаматтар.

3.4. Диссертациялық кеңес

Небары жеті жыл көлеміндей ғана Д.14.15.07 диссертациялық кеңесінің төрайымы болып қызмет атқарсам да ғылыми дәрежелерге ие болған жандардың, университет ұжымының құрметіне бөленгенімді айтпай кетсем күпірлік болар. 1996 жылы техника ғылымдарының докторы дәрежем бекіп, 1997 жылы профессор лауазымын алып, 1998 жылы Халықаралық экология Академиясының академигі болып сайландым.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Мен тағы да тынымсыз күй кештім. Біздің кафедрамыз «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы болса және онда Машановтың ғылыми мектебінің түлектері қызмет атқаратып жатса, онда сол ғылыми потенциалдың негізінде Алматыда (ҚазҰТУ) неге геодезия мен маркшейдериядан диссертациялық кеңес ашпасқа деген ойға қалдым.

Сол жылдары Қазақстанда «Геодезия» мамандығы бойынша диссертациялар қорғауға дайын ізденушілер де көбейе бастаған еді, ал кеңес ешқайда жоқ. Міне осы мәселелер туралы ЖАК-қа ҚазҰТУдың атынан, бір емес, бірнеше өтініш хаттар жолданды. Осындай шешуші кезеңде сол кездегі ЖАК-тың төрағасы А.Құсайынов мені шақырып алып «Кеңесті ашуға рұқсат береміз, егер Кеңес біріктірілген (ДО) болса. Кеңес ҚазҰТУ-да болады, оның құрамына ЦеЛСИМ деген мекеме кіреді. Ал ЦеЛСИМ-нің директоры, ғылым докторы З.А.Естемесов төрағаның орынбасары болуы керек. Ол Кеңестің

төрағасы болып қызмет істеген, тәжірибесі мол. Осы жұмысты ұйымдастыра аласыз ба?» -деді.

«Мен оны жалғыз шеше алмаймын ғой, мен тек өтініш хат жазып жүрген қатардағы профессормын. Барып ректорымызбен сөйлесейін»-дедім. Бұл әңгіме 1999 жылдың 1–қазан айы болатын. Ректорымыз Е.М.Шайхутдиновке келіп мән-жайды түсіндірдім. Ол: «Кеңестің төрағасы жасырын дауыспен сайланады, ал оның орынбасары белгілі (Естемесов) болды. Ғылыми хатшылыққа ғылым кандидаты Ж.Ж.Байгуринді белгілейміз. Мәжілісті мен өзім жүргіземін» -деді. «Рахмет»-деп шығып кеттім де, ЖАК-қа қайта бардым. А.Құсайынов З.А.Естемесовты шақырып алды, біздерді таныстырды.

1999 жылдың желтоқсанында Кеңеске мүше болатын ғылым докторларының басын қосып, мәжіліс өткіздік. Мен диссертацияық кеңестің төрайымы болып сайландым. Орынбасар–З.Естемесов, ғылыми хатшы – Ж.Байгурин болды. Қажетті құжаттардың барлығын ЖАК-қа жібергеніміз сол-ақ екен, З.А.Естемесов 2000 жылдың 3-қаңтарынан бастап «Геодезия» және «Геоэкология» мамандықтары бойынша ДО.14.15.07 диссертациялық кеңесінің Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да ашылғаны туралы Жарлықты алып та келді.

Сөйтіп, Кеңес геодезия мен геоэкология саласындағы жоғары білікті оқымыстылардың дәрежесін анықтап, өмірге жолдама беретін орган болды және біздер кеңестің ұйымдастыру жұмысын бастап кеттік.

Кей сәттерде атқаратын жұмыстардың бәріне уақытыңды жеткізе алмай шарқ ұрасың. Күнделікті жұмыс, тіршіліктің қамы, бәрі бір-бірімен астасып, уақыт өтіп жатты. Десек те, бейнеттің де зейнеті, қиындықтың да қуанышы болады екен.

Жаңадан тағайындалған ректорымыз Д.К.Сүлеев Кеңестің мүшесі болды және көп қолдау жасады.

> Осындай кездерде, кереметтей бір іс тындырып тастамасаң да адамдарға бір жақсылық, ізгілік жасағың келіп, құлшына түседі екенсің. Бұрын тек дәріс оқып, тек студенттермен араласып жүрген әйел адамға, төрайымдық жұмыс ерсі көрінеді екен. Кеңес мүшелері жан-жақтан жиналған, доктор, профессорлар. Оның үстіне менің мінезім де бір беткей, тіктеу.
>
> Мұндай Кеңесте бұрын қатардағы мүше болып көрмегеніме айыпты болсам да, мүйіздері қарағайдай, тіс қаққан он екі ғылым докторларымен тіл табысып, тең сөйлесіп, мейлінше қарапайым болуға тырыстым. Оңтүстік өңір болғаннан кейін, Кеңес мүшелерінің басым көпшілігі қазақтар болды. Оларға менің биографиям жағып, географиямның (арғын, әрі әйел болғаным) жақпады. Қазаққа жауды сырттан іздемеудің қажеті жоқ, өз ішімізден аяқтан шалатындар табылды. Жеті жыл ҚазҰТУ-да шыдап бақтым.

Осы уақыт ішінде Кеңесте алпыстан аса кандидаттық, және докторлық жұмыстар қорғалып, бірталай мамандар ғылыми атаққа ие болған, оның ішінде 30% мемлекеттік тілде қорғалған еңбектер.

Осындай қиын–қыстау сәтте, Кеңестің мүшесі болмаса да, үлкен қолқабыс тигізген, ҚазҰТУ-дағы екінші Кеңестің төрағасы, т.ғ.д., профессор А.М.Бейсебаев пен хатшысы, т.ғ.к., доцент М .С.Сәндібековтер болды.

☆☆☆☆☆

Кеңес төрағасы-Ақылжан Бейсебаев менің институтта бес жыл бірге оқыған жолдасым, техника ғылымдарының докторы, профессор. Ол Ресей тау-кен ғылымдары, Жоғары мектеп академияларының академигі.

Ол Көкшетау қаласында мектеп бітірген, ҚазГМИ-дың тау-кен факультетін тамамдап, еңбек жолын «Қарағандыкөмір» комбинатында бастаған. 1968 жылдан осы уақытқа дейін ҚазҰТУ-да педагогикалық қызметте. Оның қаламынан 200 астам ғылыми еңбектер, оның ішінде 22 монография, 2 оқулық, 40 астам өнертапқыштық куәліктер және өлең жинақтары бар. А.М.Бейсебаев жоғары білім саласының үздігі, КСРО-ның және ҚР бірнеше ордендері, медальдарымен марапатталған.

Адамға мінез тектен беріледі-ғой. Міне осындай ҚазҰТУ-да жастарды тәрбиелеу жолында тер төккен Ақылжан достымның әкесі Масымхан Бейсебаевқа тоқтамай кету парыз. Мәсімхан Бейсебаев–Ұлы отан соғысының ардагері, Алматы, Ақмола, Көкшетау обылыстары партия комитетінің 1-хатшысы, ҚазКСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған мемлекет қайраткері.

Қашан көрсең де сабырлы қалпынан айнымайтын Ақылжанмен дидарласу да бір ғанибет. Қатар құрбы, дос, жолдастан қашан да құрмет көретін Ақылжан Бейсебаевтың байсалды жүріс-тұрысы мен сырбаз қасиетінің өзі тағылым алуға тұрарлық. Бұл екінің біріде бұйыра бермейтін бақыт.



☆☆☆☆☆

Ғалым хатшысы –Манарбек Сәндібеков, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, бірнеше академиялардың академигі. Оның барлық өмірі 1975 жылдан осы уақытқа дейін ҚазҰТУ-мен байланысты.

Ол университеттегі «Геотехнология», «Физикалық процестер» мамандықтар саласындағы диссертация қорғау Кеңесінің мүшесі, ғылыми хатшысы болып жүрген кезде, біздің Кеңестің барлық құжаттары Манарбек Назарбекұлының мұқият тексеруінен өтетін. Диссертацияда қорғалынатын қағиданы жазуды Манарбектен артық білетін адам жоқ болатын. Сонымен қатар, Асқар Бек деген балам Макеңнің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғаған.

ҚазҰТУ-дағы оқу процесін басқарып отырған М.Сәндібеков әлі күнге дейін жанкешті еңбек етуді өз алдыңызға мақсат етіп қоя білген. Адал еңбектің арқасында ол Қонаевтың қолынан Алтын жұлдызды алған әкесі Еңбек Ері



Назарбек Сәндібеков сияқты, халықтың қалаулысы, елдің елеулісі болып отыр. Біз оны мақтан етеміз! «Қос отызға» толған Макеңді мерейтойымен құттықтай отырып:

Сәндібек, Назарбек, міне ені Манарбек,
Айта берсең толып жатқан өңшең БЕК
Ғұмарбек сынды ұлының өзі бір төбе,
Ең алғашқы аспиранты да Асқар Бек.



Бұл БЕКТЕРДІ мақтасақ мәнерлі етіп,
Шындықты айтсаң қалмай ма әлем бекіп.

Ата тегі Манарбектің Еңбек Ері,
Кім десең, ол - Назарбек Сәндібеков

Мерейтойда ақ тілектер аңқысын,
Шат көңілдер алаудай боп шалқысын.
Ардақты әке, ата, үстаз, азамат,
Құтты болсын асқаралы алпысың!- демекпіз.

☆☆☆☆☆

Егделікке еңкеймеген Естемесов Затқали Айранбайұлы. Осыдан он бес жыл бұрын Затқали Естемесов алпысқа толып (мерейтойын атағысы келмеген), оны ҚазҰТУ-дағы диссертациялық Кеңес мәжілісінде атап өткенде, мен құттықтап жыр шумағын арнаған едім. Сол менің жадымда сақталып қалыпты. Сонда:

Құтты болсын, Заке! Мерейтойыңыз,
Сізге арналған барлық тілек- ойымыз.
Ақылшымыз асқар таудай Кеңестің,
Біздер үшін бөлек Сіздің орныңыз!

Жаны жайсаң, жүзі жарқын жақсы адам,
Біздің Закең, ерекше жан басқадан.
Өнер тапқыш, ғалым, қарапайым қайраткер,
Заке! Сізді құрметтейді қанша адам.

Бір беткей ешнәрседен тайынбаған,
От болып ЦеЛСИМ-інде жалындаған.
«Ер болсаң еңбегімді бағала» -деп,
Мансабы биіктерге жалынбаған–деген екенмін**.**

Затқали Айранбайұлы екеуіміздің танысып – білуімізге, сол кездегі ҚР ЖАК-ның төрағасы А.Құсайынов дәнекер болғанын жоғарыда айтып кеттім. Закең бұрын диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін атқарған, тәжірибесі бар екен. Ол ҚазҰТУ-дағы мүйіздері қарағайдай, тіс қаққан кеңес мүшелерімен тіл табысып, кеңес жұмысын жүргізуде менің мойныма ешқандай ауыр жүк түсірмеді, сөйтіп қоян-қолтық еңбек еттік. Міне, содан бері табаны күректей 12 жыл өтіпті.

З.А.Естемесов, техника ғылымдарының докторы, профессор, Республикамыздағы құрылыс материалдарын сынақтан өткізетін (ЦеЛСИМ) бірден-бір мекеменің білдей директоры. Оның өмір жолы даңғыл болды, еш кедергісіз, қиындықсыз өрілді десек, онымыз шындыққа жанаспас еді. Өмірінің

барлық кезедері Закең үшін қиын да, жанкешті еңбек жылдары болды және ол өмірдің екі тірегі: «үйренуден жалықпау, үйретуден аянбауды» өз алдына мақсат етіп қоя білген жан[52].

Мұқағали ақын «Құрметтеңдер жиырмасыншы ғасырды, онда біздің қолтаңбамыз басулы» деп жырлағандай үлкен өмір жолының әр ай, әр жылында зор табандылық, еселі еңбектің жетістіктері жатыр. Оның қаламынан 500 артық ғылыми еңбек жазылса, оның ішінде 15 монография, 45 авторлық куәліктер мен патенттер және «Шыңғысхан», «Монша», «Махаббат» атты кітаптар. Ол жоғары білікті ғылыми мамандар даярлаудың хас шебері, оның 13 доктор, 20 кандидат шәкірттері бар.

Закеңді 70–ке келді деп айтуға қимайсың. Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейтіні рас екен, әлі де егделікке еңкеймеген ер Естемесов дер едім.

☆☆☆☆☆



Қоршаған орта мен адам жаны экологиясының ғалымы *Нариман Жалғасұлы* техника ғылымдарының докторы, профессор Инженерлік академияның академигі, Қонаев атындағы Тау-кен ісі институтының «Экология және тау-кен жұмыстары қауіпсіздігі» бөлімінің меңгерушісі. Ең бастысы Нариман – тау-кен инженері, ҚазТКМИ-да бірге оқыдық. Еңбек жолын Жезқазған кеніштерінде бастаған Н.Жалғасұлы 1968 ж. академик И.З.Лысенконың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғаса, 2003ж. академик Т.М.Ермековтің ұстаздығымен «Геоэкология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Тау-кен өндірісіндегі қалдықтардың қоршаған ортаға зиянын болдырмаудың жолдарын іздеген ғалым Нариман Жалғасұлының бұл саладағы ашқан жаңалықтары өзінің тың және өзектілігімен жоғары бағаланды. Бір өзінің осы бір аз ғалымдық ғұмырындағы 300–ден астам ғылыми еңбектерінің Қазақстанда, сонымен бірге алыс және жақын шет елдерде жариялануы Нариман Жалғасұлының ғылымдағы шоқтығы биік ғалым екендігін дәлелдеп тұр емес пе?!

«Досыңды көрсетші, кім екеніңді айтайын» дегендей, Нариманның жолдастарына қарап, оның қандай жан екенін аңғарасыз, достарының көптігіне таң қаласыз. Ол тек қоршаған ортаның экологиялық тазалығын ғана емес, адамдарның ішкі дүниесінің және қарым-қатынасының тазалығын қалайтын жан. Ол оның әрбір істеген ісінен, сөйлеген сөзінен, жүрген жүрісінен, бет-бейнесінен көрініп тұрады[53].

Сыр өңірінде дүниеге келіп, бүгінде 70 жасқа толып, «Сырда туып, тауда өскен» деп аталатын батпандай 36 баспа беттік кітабын жарыққа шығарып отырған Накеңе алдағы күндері де оған зор қуаныш, баянды бақыт, шуақты шаттық силасын деген тілекпен мын жыр жолдарын арнаған едік.

Сал-серісі бүгінгінің ер Накең,
Тұла бойы тұнған тарих, ән екен.

Күндей көркем Шолпанымыз кешегі,
Нақ сүйері, сүйкімді ару жары екен.

Нариманның жүрген жерінен гүл өнер,
Өнер қуған , жайсаң жанды сүйеді ел.
Көкшедегі сал-серілер сияқты,
Алматыда сайран салып жүре бер.

Жетпіс бес құтты болсын Нәке-шырақ,
Болсыншы өмірің жаз, күнің шуақ.
Аман боп оттың басы, бала-шағаң,
Жүре бер қартайғанша халқың силап.

☆☆☆☆☆

Белін бекем буған *Байғорин* Жақсыбек Жақыпбекұлы Машанов ғылыми мектебінің түлегі, ҚазПТИ-ды 1971 жылы тамамдап, еңбек жолын Қостанай облысындағы Лисаков кен-байыту комбинатында учаскелік маркшейдерден бастап бас маркшейдерлікке дейін көтерілген. А.Ж.Машановтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғаған Ж.Ж.Байғорин осы уақытқа дейін ҚазҰТУ-да еңбек етуде. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы бола жүре Ж.Ж.Байғорин 2001 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Алматыға Ресми оппоненттер: В.Н.Попов Мәскеуден, В.Р.Рахимов Ташкенттен келді. Қорғауға шығар алдында қараймын, костюмінің ішінен белін ақ орамалмен байлап алыпты. –Мынауың не?- десем: «Мамам байлап берді» дейді. Жақсыбектің мамасы, Торғай апа 100 жасқа жақындап дүние салды, көпті көрген, құдайға қараған жан еді. Баласының белі бекем болып, аман-есен қорғап кетсін, аққа құдай жақ деген ананың ниеті ғой. Ана тілегі қабыл болып, табысты қорғады. 2002 жылы профессор атағын алды, 2006 жылы Ресей тау-кен ғылымдары академиясының академигі болып сайланды.



Жақсыбек Жақыпбекұлы 2004-2012 жж «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Анасы қалай еркелетсе, жасы кіші Жақсыбекті біздер де еркелеттік. Машанов Ақжан Жақсыбекұлы болғандықтан, Байгориннің атын атамай «Жаке» дейтін болғанбыз. Жакең 12 сәуірде, яғни Сәтбаевтың туған күнінде және космонавтар күнінде дүниеге келген. Бұл күн кафедра үшін күнтізбенің қызыл датасы болатын, бірақ сол күні жұмысқа келмесе де, құттықтауымыз даяр тұратын.

Жакең деген асықпайды, саспайды,
Жайлап жүріп, ақырындап аттайды.
Меңгерушінің бәрі осындай болсайшы,
«Қатты сөйлеп», әдептен бір озбайды.

Бұл өмірдің қызықтарын көп көрген,
Еңбек жолын тау-кен ісі деп өткерген.

Қаныш күні, Ғарыш күні – 12-сәуірде,

Жакең тойын тойламақпыз көктеммен.

Кеңестің мүшелері әр жылдары өзгеріске ұшырап отырды. Ғылым докторы хақында Ж.Байгорин Кеңестің толық мүшесі, кейін төрағаның орынбасары болды. Оның жетекшілімен О.А.Сарыбаев пен А.В.Земцова кандидаттық диссертацияларын қорғады. Жоғары аттестациялық комитет Алматыда тұрған кезде, ондағы мәселелерді Ж.Ж.Байгорин Т.Қ.Ахметжанов пен Н.Б.Қалабаев арқылы шешіп отырды.

Менің үлкен балам – Бекбасаров Ш.Ш. «Геоэкология», ал кіші балам Бек Асқар «Геоинформация» мамандықтары бойынша докторлық диссертацияларын дайындап жатқан болатын. Осы екі мамандық «Тау-кен істері» институтындағы Кеңесте ашылатын болғандықтан, мен балаларым үшін сол Кеңеске мүше болып ауыстым. Бүгінде екеуі де ғылым докторлары.

Жаңа Кеңесте С.Ж.Ғалиев, Н.С.Бүктіков, Ә.Д.Бектібаев, М.Ж.Бітімбаев, Д.Х.Бөкейханов, Н.Жалғасұлы, З.Естемесов, Ә.К.Зауірбек, Е.И.Рогов, А.Ф.Цеховой, Қ.Ч.Қожагұлов, Ф.К.Османов, К.Сейтжанов, Ф.Т.Серіков, Г.П.Метакса сияқты ғылым дкторларымен және де жетекші мекеме ретінде Қарағанды техникалық университетінің көптеген ғалымдарымен қоян-қолтық жұмыс атқардым.

☆☆☆☆☆

Жақсылардың жұрағаты. Ендігі сөз белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, 1938 жылы «*халық жауы»* деп атылып кеткен ***Бөкейханов Ғабдол-хакім Нұрмұхамбетұлының*** баласы, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының минералдық ресурстар Академиясының академигі, Ресей тау-кен ғылымдары Академиясының академигі, “Қазақстан Республикасы минералдық шикізатын кешенді өңдеудің ұлттық орталығының” лаборатория меңгерушісі, профессор Диас Ғабдол-Хакімұлы Бөкейханов туралы болмақ



Диас әкесін тұтқынға алғанда үш айлық екен. Шешесі Софья Дәулетқызы (Шәңгерей Бөкеевтің жиені) балаларын алып Ташкентке өтіп кеткен.Сөйтіп ол елден аулақ жерде өскен. 1961 жылы ТашПТИ-ді тау-кен инженері мамандығы бойынша тамамдап, еңбек жолын Өзбекстанда бастаған. Әкесі ақталғаннан кейін Қазақстанға оралып, ҚазПТИ-да көп жыл бойы ғылыми және ұстаздық қызмет атқарды.

Диас Ғабдол-Хакімұлы Әбілхайыр ханның туған немересі, Бөкей ордасының негізін салушы Бөкей ханның тікелей ұрпағы. Ол ұлы аталарының адами және білімдарлық қасиеттерін тарихи-генетикалық тұрғыда бойына жинақтай білген жан және өз бойындағы жақсы қасиеттерін жан-жағындағы адамдарға, тәлім-тәрбие беретін жастарға дарыта біледі.

Мен Диекеңмен 30 жылдай бір жүйеде еңбек етіп келе жатырмын, талай әңгімелерін естіп, пікірлескенмін. Ұлы Сократ «Кім екеніңді айтайын, бір-екі ауыз сөйлеп көрші» деген екен. Сол айтқандай Диекеңмен кездескен, істес болған әрбір адам оның сөзінен де, ісінен де кім екенін бірден біледі.

Бүгінде Диас Бөкейханов өте күрделі тау-кен кәсіпорындарын жобалауда, жұмыс істеуін басқаруда, оңтайластырылған ағымдарды іске қосуда осы күнгі геоақпараттық жүйе технологияларын қолданудың хас шебері болып,

Қазақстандағы тау-кен саласындағы жалғыз жобалау орталығын құрып отыр[54].

Диас Ғабдол-Хәкімұлының мерейтойын Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан жұртшылығы кеңінен атап өткен болатын. Сөз соңында, сол мерейтойда оқылған өлең жолдарынан бір үзінді бергім келеді:

Ден саулық берсін Құдай, Сізге, мықты,
Дей көрме мен қартайдым, шамам бітті.
Қайраткер Габдол-Хәкім ұлы болсаң,
Әлі де көрсете біл тектілікті.

Алда тұрған асулардан асыңыз,
Ден сау болып 100-ге келсін жасыңыз.
Карьерлерді жобалауға ГИС-пенен,
Лайық қой, Сіздің алтын басыңыз.



☆☆☆☆☆

Жақсыдан –шарапат. А.Ф.Цеховойды мен студент кезінен білемін. Ол ҚазПТИ-дың тау-кен факультетін тамадап, күндізгі аспирантурада оқып, 1969 ж, ғылым кандидаты дәрежесін алды. Студент кезінде оны барлығы «сары бала» дейтін. Сол сары бала бүгінде техника ғылымдарының докторы, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ҚазҰТУ ғылыми Кеңесінің, «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі және Белорус мәдени орталығының төрағасы.

Осыншама қыруар жұмыс атқару үшін адамға ең бастысы қандай қасиет керек десек, қандай да шаруаң болмасын, мейлі ғылыммен шұғылдан, кітап жазу да болсын, адам өзін сол жұмысқа тұтастай арнау керек. Сонда ғана әлдеқандай нәтиже шықпақ. Ара-арасында тиіп-қашып жұмыс істеу–үстірттік. Мен білетін Алексей Филиппович осы қағиданы ұстаған азамат.

Ол 1986-1990 жж. Тау-кен факультетінің деканы әрі ғылыми Кеңестің төрағасы, ал мен сол Кеңестің хатшысымын. Хатшылық жұмысты тиянақты және тез орындау керектігін мен жас та болса, сол А.Цеховойдан үйрендім. Оның күнделікті жұмыс істеу тәртібі болады, кабинеті қашан барсаң да тап-тұйнақтай. Шашау жатқан бір зат, не артық қағаз жоқ, бәрі орын-орнында. Заты иесінің мінез-құлқынан хабар береді деген осы-ау. Жып-жинақы.

Осылай бірге жұмыс атқарып жүргенде, мен бір мәселе жайында оған қарсы келген кезім де болды. Ол менен кек алған жоқ, керісінше қолынан келгенше жақсылық жасады. Желтоқсан оқиғасы кезінде бірге жүрдік. Асқар деген баламды Мәскеу аспирантураға алмай, елге қайтарып жіберді. Оны Алматыда не жұмысқа, не аспирантураға алмай қойғанда, көмектескен Алексей Филиппович болды. «Геоинформатика» саласынан докторлық қорғап жатқан сол баламның резенценті, ресми оппоненті болды. Осыдан мен «жақсылыққа

жамандық–әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық нар адамның ісі» деген сөзді көңіліме түйдім.

Ол саясатпен неге араласады, ғалым адамға ел басқару ісіне араласудың не керегі бар деген көзқарас та бар. Бұл жерде А.Ф.Цеховой ұлттың қарым-қатынас мәселесіне тірелгенде, бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда өз даусыңды білдірмеу, өз пікіріңді айтпау – негізсіз. Мәслен қазақ тілінің мемлекеттік тіл болу керектіне шек келтірер сөз қозғала қалса, ол өз пікірін білдірмей тұра алмайды.

Кеңесте қорғалатын диссертацияларға ресми оппоненттер тағайындау өте жауапты жұмыс. Ондай оппонентт ерге іргелі зерттеулер мен айналысып жүрген ғалымдар тартылаты н. Сондай сарапшыла р қатарында М.Ж.Бітім баев, Т.Т.Ипалақов, А.Қ.Адырышев, Н.С.Бүктіков, В.А.Антонов, Ф.К.Низаметдинов, Т.П.Пентаев, М.Нуржумин, М.Дүйсебаев, М.Сатовтар және т.б. тұрды.





Солардың ішінде Кенді Алтайдың азаматтыры ауыз толтырып айтарлықтай болатын.

Алтайдың айтулы азаматтары

Бітімбаевтың биігі. Марат Жақыпұлы Бітімбаевты мен ҚазТКМИ-дің тау-кен факультетінде студент болып жүргеннен білем десем, артық болмайды.

М.Ж.Бітімбаев оқуға түскенде біздер жоғарғы курс студенті едік. Олардың курсынан жиі арасқанымыз Иран Иьяшев, Марат Жаркенов, Лариса Лындина және т.б. болатын. Марат Бітімбаев солармен бірге біздің концерттерімізге келіп жүретін, бір қарағанда сұсты көрінетін. Көп сөйлемейтін болғандықтан, біз оны орыс мектебін бітірген екен деп ойлайтынбыз.

Бүгінде техника ғылымының докторы, профессор, «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің, «Ерен еңбегі үшін» т.б. медальдарының иегері, академик сол М.Бітімбаевпен Диссертациялық кеңесте мүшемін.

Еңбек жолын 1963 жылы Ащысай полиметалл комбинатында кен шеберінен бастаған оң кеніш бастығы, директордың орынбасары, директорына дейін көтерілді. 1984-1986 жж. Ертіс полиметалл комбинатының бас инженер, директоры болды.

1986-1990 жж. М.Ж.Бітімбаев ҚазКСР Мемтехқадағалау Оңтүстік-Қазақстан басқармасын басқарды. Мен 1987 жылы Қаратау ӨБ-де «Кен қазу жұмыстарының зиянды әсерлерінен жер беті мен құрлыстарды қорғаудың Нұсқауларын» (нормалық құжат) даярлап, оны Мемтехқадағалауда бекітуім керек болған-ды. Қызмет орнына бардым, жұмысымды баяндадам, орысша сөйлестік, қажетті құжатыма қол қойып берді.

1991-94 жж. ҚР Өнеркәсіп министрінің орынбасары, 1994–1997 жж. ҚР Геологиялық және жер қойнауын қорғау министрінің орынбасары болып тұрған кезде, тағы да кездесудің сәті түсті. Мен 1995 жылы докторлық диссертациямды қорғайын деп жатырмын, баршаға белгілі лауазымды адамдардан пікір алу керек. Марат Жақыпұлы министрдің орынбасары, менен бір-ақ жыл бұрын өзі ғылым докторы болған, оның да басынан өткен бұл жағдай, бардым. Күнде бір жиналыс, хатшысы кіргізбейді. Авторефератты тастап кеттім. Бірнеше күннен кейін министрлікке барсам хатшысы: «пікірді орысша жазды, қазақшаға аударыңыз, ол кісінің қолы тимейді, содан кейін қол қояды»-деді. Мен сол күні қазақшаға аударып, пікірді қолыма ұстап, жұмыс аяғында қабылдауға кірдім. Таныды, оқып шықты, сәттілік тілеймін деп, қол қойып берді. Тағы да орысша сөйлесті.

200 дей ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде 83 авторлық куәлік, 5 патент, 8 монографиясы бар, ғылым докторы, академик М.Ж.Бітімбаев 1999-2002 жж. Д.А. Қонаев атындағы Тау-кен институтының директоры болып тағайындалды. Диссертациялық кеңесте жиі кездесіп жүрдік.

2012 жылы ҚазҰТУ-дың 10 ғылым докторларынан тұратын ұжым «Тау-кен ісі және металлургия» саласынан орысша-қазақша, қазақша-орысша терминалогиялық сөздік даярладық, авторлық ұжымды М.Ж.Бітімбаев басқарды. Байқаймын, Мәкең қазақ мектебін бітірген, тілге бай екен. Неге бұл адам бәлен жыл бойы орысша сөйлеп жүрген деп ойлап қоямын. Заман солай болды ғой. Сондай заманда қызметтің өріне, ғылымның көгіне көтерілуі Макеңнің адал еңбегінің, қажымас қайраттың арқасында деп білемін, сондықтан да:

Түлеп ұшып Кенді Алтай жерінен,
Орын алдың Алматының төрінен.
Бөлендің ғой абырой мен атаққа,

Қажырлы еңбек, маңдайыңның терімен.

Биіктесін әлде болса тұғырың,
Жанұяңмен кешкін өмір тұнығын.
Ғалым болдың, кітап жазып, бақ егіп,
Жақсылыққа арналсыншы ғұмырың,- дегім келеді.

☆☆☆☆☆

Ипалақов Төлеген Тұрсынұлы, ҚазПТИ-дың түлегі, тау-кен инженері, маркшейдер. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті (ШҚМТУ) «Инженерлік геодезия» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы, Қазақстанның жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан жоғарғы оқу орындары қауымдастығының А.Байтұрсынов атындағы «Ең саңлақ автор» медалінің, ҚР ЖОО-ның «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Университеттегі Ғылыми-зертеу жұмыстарының ерекше көтерілуі Т.Т.Ипалақовтың ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор болған кездерінде болды. Оқытушы-профессорлар, жастар ғылыммен шұғылдануға үлкен мүмкіндік алды. Сонымен қатар, ол Қазақстанда қалалық қадастр жүйесін геологиялық және экономикалық тұрғыдан бағалаудың ірге тасын қалады. Алпыстың бесеуіне келген Төкеңе айтарымыз:



«Алпыс бесің» ердің жасы емес пе?
Шығып тұрсыз асқар асу белеске.
ШҚТУ-да қыран құс боп түлеңіз,
Өміріңіз толып кетсін көп «беске».

☆☆☆☆☆

Бүктіков Николай Садуақасұлы, Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында дүние келіп, әке-шешеден ерте айрылып, жетім балалар үйінде Құдайберген-Коля болып тәрбиеленіп жүрген бала, төлқұжат алар шақта Николай болып шыға келген. ҚазПТИ-да оқып жүрген кезде «Дос-Мұқасан» ансамбліне қатысып, дүниежүзінің біраз елдеріне қазақ әндерін эстрада қалпына келтіріп паш ете жүре, институтты үздік дипломмен бітірген жан. Еңбек жолын Тау-кен істері институтында аға инженерден бастаған ол, бүгінде сол институттың білдей директоры, ҚР ҒА-ның корр-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор.

Н.С.Бүктіков бірнеше жыл сол институттағы Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары болып, көп жастарға докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғауға көмегін тигізді. Ол 200 ден астам ғылыми жұмыс-тардың авторы, оның ішінде 5 монография және 20 астам патенттері бар.

☆☆☆☆☆



Адрышев Айтқазы Қалиолданұлы Кенді алтайдың тумасы, 1969 жылы Өскемен жол-құрылысы институтын

тамамдаған. Еңбек жолын осы жоғарғы оқу орнында ассистенттен бастап «Еңбек пен қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының меңгерушісі және оқу жөніндегі проректоры дәрежесіне дейін көтерілген.

Техника ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Адрышев бүгінде Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалывқ университеті тау-кен-металлургия факультетінің деканы. 200-ден аса ғылыми еңбектердің авторы, ҚР минералдық ресурстар академиясының академигі, «Құрмет» орденінің игері.

☆☆☆☆☆

Қарағандының қырандары

Қарағандының қыраны, карьерлерді зерттеу–ұраны. ***Низаметдинов Фарит Камалович,*** тау-кен инженері, маркшейдер. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, Қазақстанның жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, ҚР ЖОО-ның екі дүркін (2007,2011 жж) «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің ғылым мен техника саласындағы сыйлығының лауреаты.

2011 жылы қазанның 8 жұлдызында Қазақстан маркшейдерлер Одағының құрылуы республика өміріндегі елеулі оқиға ғана болып қана қойған жоқ, сонымен бірге Қазақстандағы ғылыми-зерттеулерді ұйымдастырудағы маңызды кезеңге айналды, Ф.К.Низаметдинов бір ауыздан Одақтың төрағасы болып сайланды. Дәл сол күні Фарит Камалович 60 жасқа толған болатын.

Алпысқа әркім-ақ келеді. Ф.К.Низаметдинов кешегі И.И.Попов іргесін қалап кеткен шаңырақты шайқалтпай, одан әрі өркендетіп, еңсесін биіктетіп отыр. Сол тойда:

Алпысқа достар, Фариттей болып келіңдер,
Алпыста бәрің Фаридтей есеп беріңдер...



деген едік.

☆☆☆☆☆

Инабатты ***Ибадолла Дайырұлы Арыстан***

Еңбекшілдердің Сәуле ауылында туып, Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетін тамамдаған, еңбек жолын Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтында кіші ғылыми қызметкер болып бастап топ жетекшісіне дейін көтерілген. Ибадолла Дайырұлына осы жылдары ғылымға деген құштарлық пайда болды. Осы құштарлық оны ғалымдар, үлкен азаматтар қатарына қосты. Еңбек ете жүре 1965-1967-жылдары Қазақ политехникалық институтында мақсатты аспирантурада оқып, кандидаттық диссертациясын қорғады. 1967 жылдан бастап ҚарМТУ-да педагогтық лауазымдардың барлық сатыларынан (ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор) өтті. 2003 жылдан бері ҚарГТУ кәсіподағы комитетінің төрағасы болып еңбек етуде.

Профессор И.Д.Арыстан 100-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың, оның ішінде 5 оқулық пен оқу құраларының авторы. Ибадолла Дайырұлының бір қасиеті – оның ана тілге деген ерекше құрметі, ғылыми-педагогикалық еңбектерінің көпшілігін қазақ тілінде жазатындығы. Тау-кен мамандығы бойынша қазақ тілінде оқулығы жарық көрген. Ұстаздық лектор ретінде, оның дәрісін тыңдаған студенттер өзіндік еркін ойлау мүмкіндігіне ие болатындығын ерекше атап айтады.

☆☆☆☆☆

Өмірі өнегемен өрнектелген. Қарағандыға бір келіп қалғанда, ҚарГТУ-дың ұлағатты ұстазы, ғылым докторы, профессор ***Жұмасұлтанов Әзірхан Жұмасұлтанұлының*** 80 жасқа толған тойы өткелі жатыр екен. Сол мерейтойға мен ҚарГТУ кәсіподағы комитетінің төрағасы, профессор Ибадолла Дайырұлымен бірге бардым. Барсақ өзімнің көкшетаулық ақыным Иран Тасқара ән шырқап, тойды қыздырып жатыр екен.



Әзірхан Жұмасұлтанұлы 1953 жылы Әл-Фараби атындағы ұлттық университетті бітірген және оның аспирантурасын тамамдап, ҚарПТИ-ға аға оқытушы болып келген екен. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жұмасұлтанов 100-ден астам ғылыми еңбектердің, 5 монографияның, Қазақстан тарихы бойынша 2 оқулықтың авторы.

Әзекеңе зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке-бірлік, сарқылмас шабыт, творчестваық табыс тіледім.

«Көтеріп пәлсапалық ойдың мәнін,
Тарихтың зерттеп небір ой-қырларын.
Сексеннің сеңгіріне сергек шығып,
Кіргізіп отырсыз ғой тойдың сәнін.



Кең пейіл, жайлы, жомарт жаныңызға,
ҚарМТУ тап келіпті бағыңызға.
Сізге жар, балаларға ана әрі әже,
Гауһарыңыз жүрсінші қасыңызда.

Құтты болсын мәртебелі мерекең,
Бұл қуаныш балалармен толы екен.
Өсе берсін ата еткен , Әзеке!

Адилжан, Асель, Бауыржан мен Айгерімдей берекең!» -деп Әзекеңдей құдамен танысудың сәті түсті. Әзірхан құда мейлінше кішпейіл,

аққөңіл, мінезі жібектей жұмсақ, ешкімге жамандық ойламайтын ақпейіл адам екен. Оған бір мысал. Сонау 90 жылдары Әзірхан құданың үйіне ұры түскен екен. Бірқатар бағалы заттарын алып кетсе керек. Милиция келіп, мән-жайды сұрап, не жоғалғанын жұбайының айтуы бойынша жазып жатқанда, Әзекең. «Әй, көп жаздыра берме, ұрыдан ұят болады» депті. Міне біздің құда осындай адам.

Тарих ғылымын дамытуға көп еңбек сіңірген Әзірхан Жұмасұлтанұлы бүгінде 85-ке толып отыр. Көпті көрген көкірегі сыр сандықтай, адал еңбегінің арқасында абыройға бөленген, Әзекеңнің өнегелі өмірі мен атқарған істерінің тек бір парағы осындай. Ендеше жүрегінің жылуымен, жарасымды мінезімен маңайын шуаққа бөлеп отырған Әзекеңе бақытты өмір тілейік.

3.5. Шәкіртсіз ұстаз тұл

Осыдан 50 жылдай бұрын ғылым кандидаты дәрежесіне қашан жетем деп армандап жүрген едім. Шүкіршілік, қазір геодезия, маркшейдерия, геомеханика, геоэкология салалары бойынша 20 дан астам ғылыми шәкірттер дайындаған және Машанов ізін салып кеткен «геомеханика» ғылыми мектептің жұмысын жалғастырып келе жатқан жайым бар. Мұны мен көпке бұйыра бермейтін– бір бақыт, менің өмірімнің мақтаныш етер бір саласы деп білемін!

Әрине ол шәкірттерімнің көбі ғылым іздеп, талпыныс жасап, өздері мені қалап келгендер. Бірқатарын өзім шақыртып алып қорғаттым. Кейбіреулері мені білместен, аспирантураға түсіп, кезейсоқ кездескендер. Бірен-сарандары таныстарым ертіп келіп, қолыма ұстатып кеткендер.

Қыран балапанына қайырылмас қанат тілегендей, біздер шәкірттерімізге таудай талант, таусылмас талап, тынбас талпыныс тілеп, оларды тәрбиелеп түлеттім. Әрі қарай шәкірттер шырайын шамалаңыздар.



Жақсылардың жұрағаты. Кеңестің алғашқы мәжілісіне, кезінде қорғауға үлгере алмай қалған Машановтың соңғы аспиранты –***Серік Вахитұлы Тұрысбековті*** шығардым.

Біріншіден, жаңадан ашылған Кеңесті Ақжан әл-Машанидың рухы қолдасын дедім.

Екіншіден, XIX-ғасырдың 80-жылдарында өткен Біржан мен Сара айтысында Біржан атамыздың:

Бұл үйде Сара барма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектік өлер жері! –

деген айтыс жыры есімзде болатын.

Ал, Серік–жалғыз Жетісуға ғана емес, алты алашқа әйгілі Маманұлы Тұрысбек қажының немересі. Бұл да бір киелі әулет-қой дедім[55].

Кеңес мәжілісі 29.09.2000 ж. А.Ж.Машанов атындағы дәрісханада өткізілді. Мәжіліс үстінде мен: «Қазақ ұлттық техникалық университетінде макшейдерия мамандығы бойынша ашылған Диссертациялық кеңестің алғашқы мәжілісін ашуға рұқсат етіңіздер. Диссертация Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да орындалған. Жетекші ұйым –Д.А.Қонаев атындағы Тау-кен істері институты, ал мынау – Ақжан Машанов атындағы аудитория. Осы ғұламалардың рухтары қолдасын, баяндамаңызды бастай беріңіз!» - деп сөзді Серік Тұрысбековке бердім.

Серікті аруақ қолдады және қолдай да береді. Бүгінде Серік Тұрысбековтер әулетінің үлкені, балалы-шағалы болып, шаңырақты ұстап отырған азамат. Кезінде Біржан сал Сараны іздеп Жетісуға келсе, Серік Көкшетауға іздеп барып, Біржанның немере қарындасы Ғалияға үйленеді. Мұның өзі де өмір үндестігінің бір белгісі деп білемін[38].

Маркшейдерлік іс кафедрасында қызмет атқара жүре С.В.Тұрысбеков «Геомеханическое обеспечение устойчивости карьерных откосов» деген монографиясын жарыққа шығарып, Қырғыз-Ресей-славян университетінде докторлық диссертациясын қорғаудың дайындығында. Талабына нұр жаусын, тілектеспіз!- демекпіз.

Міне осындай азаматты «қос 25-ке» толған мерейтойымен құттықтап:

«Туған күнің құтты болсын мерейлі,
Еңбегіңді елің әр кез елейді.
Тұрысбековтер әулетінің бәріне,
Әріптестер зор денсаулық тілейді.

Ғалияң жүзі жылы, күлім қаққан,
Бойына сұлу Көкше гүлін таққан.
Кенжехандай анаға келін болып,
Серіктейін асаудың тілін тапқан» - деген едік.


Менің шәкірттерімнің, маркшейдерия саласын жетілдіру (С.Тұрысбеков, Г.Қырғызбаева, Х.Қасымқанова, И.Кузнецова, Қ.Менаяқов), геодезия мамандығы бойынша (Г.Мадимарова, М.Жардаев), геоинформатика (М.М.Тұрдахұнов, Т.Б.Нұрпейісова), геоэкология (А.М.Мырзабекова, Е.Кәрібаев, К.С.Нұрбекова, Б.Алматова, Д.Байниязов) сияқты проблемалар жайлы ғылымда салған өздерінің іздері бар.

Тау-кен саласындағы журналдардан мақалаларын оқып, іздеп тауып алып, жұмыс орындарына хат жазып Е.Г.Кәрібаевы–Астанадан, М.К.Жардаев – Ақтөбеден, С.Н.Москаленко – Өскеменнен, М.М.Тұрдахұнов – Соколов-Сарыбайдан, Д.Т.Байниязов–Қызылордадан шақырылып кандидаттық диссертацияларын қорғағандар. Әрі қарай осы шәкірттеріме қысқаша тоқтауды жөн көрдім. Олардың барлығы да атамыз Абай айтқандай еліміздің өндіріс орындарында «кетігін тауып, кірпіш болып қаланып» ғалым-басшы болып қызмет атқарып жатқан жайлары бар.

☆☆☆☆☆

Кенді Алтайдың ару қызы. Кенді Алтайда дүниеге келіп, Алматыда (ҚазПТИ) білім алып, мысты өңірдің қайнар бұлағы Балхаш тау-кен металлургия комбинатының Қоңырат кенішінде 15 жылдай маркшейдер мамандығы бойынша еңбек етіп, талай лауазымды сатылардан секіріп өткен, қызымыздың бірі **Хайни-Камаль Михайловна Қасымханова.** Ол өзімен бірге оқыған, тау-кен инженері– Ерлан Асетұлы Абжаппаровқа тұрмысқа шығып, үлкен әулетке келін бола білді.





Он бес жылдай өндірістік тәжірибесі бар, маманнан жақсы ғалым шығар-ау деген оймен, мен Х.М.Қасымқановаңы шақырып алып, аспирантураға түсірдім, кейін оған докторлық диссертация даярлаттым. Кешегі аспирантым, докторантым Қасымханова Х.М., бүгінде әль-Фараби атындағы ҚазМУ-дің «Геодезия және геоақпараттық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі, профессор. ҚазМУ-де ол магистранттар, докоранттар даярлауда. Геоақпараттық жүйені пайдалану, геодезия ғылымдары саласында салған өзіндік ізі бар. Бүгінде Х.М.Қасымханова сырласатын жақсы жолдасқа айналғанды[56].

Елгезектік пен еңбекқорлықты өмірінің қос тізгіні етіп ұстаған, соның нәтижесінде зор бедел, абырой-сенім тапқан, істеріне жауапкершілікпен қарап, қолынан іс келетіндігін еңбегімен танытқан Хайни-Камаль қызыма:



Гүлдана, Төлеужан, Хайни-Камалмен бірге

«Аянбай әр салада еңбек еттің,
Инженерден меңгерушіге өсіп жеттің.
Докторлық, профессорлық, академик,
Табылар бір басыңнан қалқам сенің.

Бүгінде Алматыны еткен мекен,
Халқына еңбек еткен ұстаздықпен.
Жүргенің алшаң басып, бастық болып,
Ерекеңнің арқасы десем бе екен,» –деген едім.

☆☆☆☆☆

Қазақы биязылық. Менің жолымды қуып диссертациясын қазақша қорғаған аспирантым ***Гүлмира Сұрабалдықызы Мадимарова***. Ол Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза аталарымыз дүние келген Жамбыл облысының

Жуалысында туып, Кентауда техникум бітіріп, Алматыда ҚазПТИ-ды «маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша үздік тамамдаған қызым. Ол тәуелсіздіктің туы желбіреп тұрған кезде ашылған алғашқы қазақ тобының түлегі. Гүлмира бес жыл бойы институттың үздік студенті, топтың старостасы бола білді және аспирантураның күндізгі бөліміне қабылданған-ды.

Сөйтіп ол 2002 жылы «Ақбақай кен орны тау жыныстарының жылжу бұрыштарын алдын-ала болжау әдістемесін жетілдіру» тақырыбына «Геодезия» және «Маркшейдерия» мамандықтары бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Ол балалы-шағалы, жұбайы Бақытжан Медетхан (ҚазПТИ-ды тамамдаған, тау-кен инженері) екеуі бір-біріне сүйеу болып, туыстарының ризашылығына бөленіп жүріп жатқан жайы бар.

Бүгінде Гүлмира Сұрабалдықызы кафедрамыздың білдей доценті, ғылым кандидаты. Машанов мектебінің бір саласы–мемлекеттік тілде оқулықтар жазу болса, Г.Мадимарова бұл салада да қалам тартып, 2 оқу құралын жарыққа шығарды. Оның қазақы биазылығын, адамдармен қарым-қатынасын мына арнаудан аңғарарсыздар.

Ісі жоқ артық сөзбенен,
Орынсыз сөйлеп көрмеген.
Ашулануды білмеген,
Мінезімен сабырлы,бәрімізге қадірлі.

Аман болсын бала–шағаң, от басың,
Үйіңізде тек қуаныш тойлансын.
Балаларың балғын бақ боп көбейсін,
Көңілде мұң, бұлтты күндер болмасын.

☆☆☆☆☆

Жанымда жүр жақсы жан. Университетті үздік бітіріп аспирантураға түскен ***Қырғызбаева Гүлдана Мейрамбекқызының*** жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысы жеті қат жер астының тылсым сырын болжауға, яғни «Карьер беткейлерінің орнықтылығын маркшейдерлік бақылау және болжау» тақырыбына арналған болатын. Г.М.Қырғызбаеваның бұл ғылыми еңбегінің маңыздылығы қазіргі таңда да күн тәртібінен түскен жоқ, мұндай жұмыстар басқа кеніштерде жалғасын тауып жүргізіліп жатыр. Тұтастай алғанда Гүлдана Мейрамбекқызының кандидаттық еңбегі бірқатар жаңа ғылыми-зерттеулерге (Қасымқанова Х.М., Нұрпейісова Т.Б., Кузнецова И.А.) өзек болды және оны әрі қарай жалғастыруда.



Бүгінде Г.М.Қырғызбаева ғылым кандидаты, маркшейдерия мен геодезия мамандықтарына арнайы пәндерді оқитын және оларды оқулықтар-мен қамтамасыз еткен, тәжірибелі ұстаз. Ұстаз өмір бойы ізденеді, ал ізденіс нәтижеге жетелейтіні сөзсіз.

Мен осы шәкіртіммен достасып кеттім. «Достық» деген ұғымды адамдардың ортақ мақсат-мүдделері мен жарасымды көзқарастарын білдіретін адал адамгершілік қасиеті, жақсы

жақындық пен қалтқысыз қамқорлықтың белгісі, шынайы силастық сезімі, өзара түсіністік қарым-қатынасы деп білемін. «Жақсымен дос болсаң, ісің бітер» деген қазақ даналығының өнегесі мол. Менің бітпей жатқан істерімді тындыратын жанымда жүрген жақсы шәкіртім - Гүлдана Мейрамбекқызына:

Сыйласқан үлкен-кішімен, сүйкімді мінез, ісімен.
Жақсы көрем өзіңді, көп қызымның ішінен.
Дәріс оқып та үйренген, компьютерді меңгерген.
Өткірлігі жағынан, жан өтпеген алдынан.
Күбірлесең, ерніңнен гүл төгілген,
Күлімдесең көзіңнен Күн көрінген.
Сұлтанына жігіттің сыңары – өзің
Сыдырмасын сағыңды кім көрінген- деген едім.

Өзі жақсының жанында да жақсы жандар жүреді. Олар: ҚазҰУ-нің физика факультетіне менің Асқар деген баламмен бірге түскен, мен жастайынан білетін, бүгінде Гүлдананың апайы болып жүрген, т.ғ.к., доцент Нұрбике Заурбекова және қолымызда оқып, біздің диссертациялық кеңесте «Геоэкология» мамандығынан қазақша диссертация қорғаған, Гүлдананың гүлдей жайнаған жан досы, т.ғ.к., доцент Ақмарал Дауренбековалар.

☆☆☆☆☆



Аттарына заттары сай. Сырдариялы, жыр дариялы жер – Қызылордадан келіп, аспирантураға түскен атына заты сай–***Айнұр Мырзабекова.*** Оның ізденіс саласы–экология, яғни ақаба судың айдай тазалануына, ауаның азонмен нұрлануына бағытталған-ды. Аспирантураны үш жылдық мерзім ішінде тамамдап, нәтижелі қорғап шығып, бүгінде Астанада білім министрлігінде еңбек етуде. Айнұр қызыма айтарым:

Аса берсін, арта берсін мерейің,
Біз өзіңді тек биіктен көрейік.
Айнұр біздің қызымыз деп ардақты,
Мадақтайық, мақтан етіп жүрейік!,
–деу ғана.



Айнұрмен қатар кандидаттық диссертациясын геоэкология саласында қорғаған қызымның бірі - ***Нұрбекова Күнсая Сарсетайқызы***. Ол бүгінде ҚазҰТУ-дың «Мұнай және газ кенорындарын игеру» кафедрасының доценті, ұлағатты ұстаз, адал жар, ардақты ана.

Ақтөбе мемлекеттік университетінің «Мұнай газ және тау-кен ісі» кафедрасының меңгерушісі ***Алматова Баян Ғазизқызы,*** ҚазҰТУ–ды үздік тамамдап, аспирантураның күндізгі бөлімінде оқып, үш жылдың ішінде диссертациясын қорғап шыққан шәкіртім. Баянға аспирантурада оқу оңайға түскен жоқ. Өйткені жанұясында енесі, бала-шағасы болды. Диссертациясын қорғап, Ақтөбеге жүрер алдында мен оған:

«Жаны сұлу жансың сен, Баян-айым!,
Амандықта болғайсың ылғи-лайым.
Мақтан етер қазақтың бір қызысың,
Еркек болып тумапсың, не қылайын»,–деген едім.

Ал, ***Байниязов Дархан Тасқараұлы*** кезінде Қызылордадан келіп, сырттай аспирантураға түсіп, «Нұралы кенорны ақаба суларының ластануын төмендетудің тәсілін жасау» тақырыбына ғылыми жұмысын қорғаған болатын. Бүгінде ғылым кандидаты, профессор Д.Т.Байниязов «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының ректоры. Ол институтта 26 мамандық бойынша техникалық, экономикалық және гуманитарлық бағыт негізінде білім берілуде.

☆☆☆☆☆

Жетісу жерінің қасиетті адамдарының бірі, ғалым-программист, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, кафедра меңгерушісі ***Нұрпейісова Төлеужан Байболқызы***.

Т.Б.Нұрпейісова 1955 жылы Талдықорған облысының молалы стансасында ауданында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Алматыда ҚазПТИ-ды тамамдаған.

Қазақ ұлттық техникалық университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент, тау-кен факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды. Ғылыми ортада еңбек ете жүре, Төлеужан Байболқызында ғылымға деген құштарлық пайда болды. Осы құштарлық оны ғалымдардың, ұлағатты ұстаздардың қатарына қосты. Ол 2005 жылы «Ашық кеніш кемерлерінің орнықтылығын қамтамасыз етуге қажет геологиялық-маркшейдерлік ақпараттарды құрудың және қолданудың әдістерін жасау» тақырыбына кандидаттық диссертациясын нәтижелі қорғап шықты. Доцент Т.Б.Нұрпейісова 50 -ден астам жарияланған ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде оқулық және оқу құралдары да бар.



Т.Б.Нұрпейісова диссертациясын қорғауға даярлап жатқанда сыртымнан М.Б.Нұрпейісова өзінің сіңлісін қорғатып жатыр деген сөздер шықты. Ол «Т.Б.» мен «М.Б.». Айтса айтқандай, ата-тегіміз бәрі келіп тұр. Айырмашылық: мен - көкшетаулық, ол – талдықорғаннан екен. Сөйтсе де жақынырақ білу үшін Төлеужан Нұрпейісова және оның жұбайы Жұмағали Орманбековпен танысуға тура келді, әрі қарай араласып кеттім.

Көпке әйгілі «ШП»-лрдың ауылы,
Ауыз толып айтатұғын көп ұлы.
Сол ұлдардың бірі – біздің Жұмаеке,
Оның орны басқалардан өзгеше.



Әр адамға жүрегінде орын бар,
Жаны нәзік, бойында бір дарын бар.
АПК-ның қыз-келіншегі дән риза,
«Женя» десе төрден орын дайындар.

Міне осындай қосағы бар тамаша,
Кез келгеннің бәрі бастық бола ма?
Дос-құрбылар мадақтаған, мақтаған,
Жоғау тегі, Төлеужанға тең балама.

☆☆☆☆☆

Өскеменде туып, Семей мен Новосибирскіде білім алып, өндірісте еңбек етіп, 1997 жылдан бастап ҚазҰТУ-да ұстаздық қызмет атқарып келе жатқан шәкіртім ***Кузнецова Ирина Анатольевна.*** Ол Семейдің байырғы топографиялық техникумын «Геодезия» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Алматыдағы № 6 мекемеде бастаған. Новосибирскінің геодезия, картография инженерлер институтын бітіргеннен кейін ҚазҰТУ–де оқытушылық қызмет атқара жүре ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. «Ақжал және Жерек карьерлер беткейлері кемерлерінің деформациялануын бақылаудың әдістемесін жетілдіру» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап ғылыми дәреже алды. Бүгінде ол «Қолданбалы геодезия», «Фотограмметрия», «Цифрлы фотограмметрия» сияқты арнайы пәндерді жүргізеді және магистранттарға жетекшілік жасап өзі ұстаз болып жүр.



Кенді Алтай өлкесінің орыстары түгіл, қазақтарының өзі қазақи қалыптан алашақтағандар. Бір кезде «ұлы ұлт» болып атанған халықтың бір қасиеті – өзін жоғары ұстау, бұйыра сөйлеу екендігі белгілі және сол қасиет менің Ирина Анатольевна шәкіртімнің де қанына сіңіп қалған. Сондықтан оған:

«Сіз-бізіңді білмедім,
«Көп» деп менің білгенім.
Үлкенге де, кішіге
Бұйыра сөйлеп жүргені» -деп қоямын.

☆☆☆☆☆

Полковник Қанат Менаяқов. Бірқатар шәкірттеріміз өздері ғылыми жетекші болып, студенттерді оқытып, жастарды ғылым жолына баулып жүргендеріне қуанам. Олардың ішінен талантты, менен де асқан тарландар

табылса екен деп тілеймін. Ондай шәкіртті, шәкірттікті ақтап жүргендердің бірегейі су жаңа полковник Менаяқов Қанат Түгелұлы. Ол жас тапкерлерге Отан қорғау, патриотизм, әскери тәртіпті үйретіп, дәрісін оқып жүрген, ҚазҰТУ-дың әскери іс институтын ұстап тұрған шәкіртім.

Қанат Түгелұлы Қаратауда туып, ҚазҰТУ-да білім алып, осындай дәрежеге жетіп отыр. Бірнеше жыл «Қаратау» ӨБ-нің бас маркшейдері қызметін атқарған Менаяқов Түгел, өзі инженер-маркшейдер болғандықтан, баласы Қанатты осы маркшейдер мамандығына баулып 1990 жылы оқуға алып келген. Түгел Менаяқов жұбайы Тамарамен қамшының өріміндей үш ұлды мәпелеп өсірді. Солардың ішіндегі Қанаты біздің кафедрамызбен институтымыздың мақтанышы.

Қанат тау-кен факультетінің маркшейдер мамандығын үздік дипломмен тамамдап, кафедрада аспирантураға қалтырылды. 1995-96 жылдары «Әскери топографиядан» сабақ беруге Қанат Менаяқов ұсынылып, конкурстан өтті. Міне содан бері әскери кафедрада ерінбей еңбек етіп, поковник дәрежесіне жеткен Қанат Менаяқовтың көзінің алдында әрқашан Б.Момышұлы атасының бейнесі тұрады, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, Әлия, Мәншүк апаларының кім екендерін жастардың санасына сіңіріп отырады.

Әскери кафедрада дәріс оқи жүре Қанат ғылыми жұмыспен айналысып, диссертациясын нәтижелі қорғап, кандидаттық дәрежеге жетті.

Бүгінде полковник Қанат Түгелұлы: «Әскери адам–офицердің ар-намысы таза болуы керек. Өйткені біздерге үкімет барлығын-киімін, тамағын, баспанасын, жұмысын, айлығын беріп отыр. Тек жұмысты дұрыс істеп, Президенттің иығымызға таққан пагонын ақтау керек» деген қағиданы берік ұстауда. Осындай Қанат шәкіртіме:

«Саған қорған болды ғой Алатаудың жартасы,
Ұшқан ұяң ҚазҰТУ-ң болып тұрсың «маркасы».
Өміріңді сен арнаған Отанды қорғау ісінде.
Өсе берген дәрежең – еңбегіңнің арқасы» - дедім.

☆☆☆☆☆

Арқалағаны алғыс Алия. Диссертациялық кеңесті ашқан кезде алғашқылардың бірі болып «Геоэкология» мамандығынан ғылыми жұмысын қорғаған сіңлілерімнің бірі ***Алия Абылгазиевна Боқанова.*** Ол Алматыда туып, Қазақ ауылшаруашылық институтын инженер-электр мамандығы бойынша тамамдаған. 1980 жылдан бастап Қазақ ұлттық техникалық университетінде доценттік қызмет атқарды. Анасының денсаулығына байланысты Арқаға қоныс аударуға тура келді. Алияның әкесі көкшетаулық, анасы ақмолалық, оқыған, қазақтың зиялы азаматтары болатын. Қартайған шағында анасы туған жердің топырағы бұйырғанын тіледі ме алладан, қызының Астанадағы Еуразия ұлттық университетіне жұмыс орнын ауыстырғанын қалады. Алия анасының тілегін орындады, анасын туған жерінде жерледі. Туған-туыстарының алғысын алды.



ЕҰУ-да педагогикалық жұмыстар атқарып жүріп докторлық диссертациясын қорғап шықты. Бүгінде қайтадан ҚазҰТУ-ға оралып, «Электротехника» кафедрасының профессоры қызметін атқаруда. Алия Абылғазиевнаның Астанадан Алматыға қайта оралғанына өте қатты қуандық та былай дедік:

Алматыға дәл бүгін көктем келді,
Құптаймыз Сарыарқадан ескен желді.
Алия сіңлім докторлық атақ алып,
Астанадан ҚазҰТУ-ға қайта келді.

Азаматсыз біз сенетін, ел сенетін,
Апаң көп керек болса белсенетін.
Жай ғана жайбасардың бірі емессің,
Жампозсың Құлагердей жол шегетін.

А.А.Боқанованың жетекшілігімен 3 кандидаттық және 1 магистрлық диссертациялар қорғалды. Міне осы Алиядай шәкірттерімнің өздері ғылыми жетекші болып, басқаларды қорғатып жатқанына қуанамын.

☆☆☆☆☆

Өзі де, жаны да сұлу жан. Өмірде аналардың бәрі бірдей деп жатамыз, аналарды әнге де қосып шырқаймыз. Өз перзентіне деген мейірімділік, сүйіспеншілік, аялы алақан жылуын дарыту тұрғысынан алғанда аналардың бәрі бірдей көрінетіні анық. Десек те, өмірде аналық парыз делінетін қасиетті ұғымның ең биік шыңына көтерілуде, осы парызды өтеу жолында өзі көретін қызықтардан бас тартқан аналар көп емес шығар деймін. Аналардың осындай рухы асқақ, сирек кездесетін тобына әріптесіміз Сұлушаш Сейілбекқызы Әбдіғалиева жатады.



Сұлушаш десе – дегендей сұлу. Оның біліміне көркі, көркіне мінезі сай. Білгенін шәкірттерді үйретуден жалықпайтын ортамыздағы силы ұстаз. Көп жылдан бергі атқарып жүрген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жинақтап, қорғайын деп жүргенде диссертациялық кеңестер жабылып қалды. Дегенмен ол ізденістерінің нәтижелерін республикалық, халықаралық конференцияларда баяндап, ғылыми мақалаларын ЖАК-тың журналдарында жариялап үлгерген және бірнеше оқу құралдарының авторы. Әріптесіміздің келешегі алда.

Сұлушан Сейілбекқызы жұбайы Қайрат Әбдіғалиев екеуі Дәулет және Ботагөз сынды балаларын тәрбиелеп, жоғары білім әперіп, үйлендіріп, немере сүйіп, уыздай ұйып отырған кезде отағасы қайрат дүние салды.

Жас та болса, бас болып жүрген Қайрат іниміздің жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын дейміз.

Ал, өмірдің өктем мектептерінен (жастайынан ата-анасынан айырылған, қаршадайынан қара жұмысқа, адал еңбекке бейімделген, саналы өмірінде ағайын-туыстың, бауырдың жанашыры, қамқоршы) өтіп келе жатқан ұлағатты

ұстаз, ана және әже– Сұлушаш Сейілбекқызына өмірің ұзақ, бақытың мол болып, ел құрметіне бөлене жүре:

Биіктесін әлі де сенің тұғырың,
Балаларыңмен кешкін өмір тұнығын.
Білім беріп, кітап жазып, бақ егіп,
Жақсылыққа арналсыншы ғұмырың –дегім келеді.

☆☆☆☆☆

Қаршадайынан ҚазПТИ-да. Мен аспирантураны бітіріп, «Геодезия» кафедрасында жұмыс істеп жүрген кезде тау-кен факультетіне хатшылық қызметке бір жап-жас, сұлу қыз орналасты. Ол сол кезде Алматының іргесіндегі, бүгінде қалаға кіріп кеткен Қарасу ауылының 10-класты бітіріп келген Рәвия деген қызы екен.

Сол күннен бастап біздер туыстай болып кеттік. Мен Рәвияның қажымас қайратына, еңбекқорлығына әлі күнге дейін тәнтімін. Ол ҚазПТИ-дың инженер-маркшейдер мамандығын тамамдап, 1981-1998 жылдар аралығында «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының инженері, ассистенті, оқытушысы қызметтерін атқарды. Осы аралықта ол А.Ж.Машановтың орысша және қазақша жазған қолжазбаларын машинкаға, компьютерге басатын жеке хатшысы болды.



Қаратау фосфорит басейнінде жүргізілген ғылыми жұмыстарға белсене қатысып, конференцияларда баяндамалар да жасап жүрді. 1998 жылы аяқ астынан кафедра екіге бөлінгенде, оқытушы болып жүрген Р.Е.Тойбаева «Жерге орналастыру және кадастр» кафедрасына ауысып, онда 2012 жылға дейін абыройлы қызмет атқарып зейнеткерлікке шықты.

Бүгінде бала-шағасының, немерелерінің қызығына тоймай жүрген жан.

ҚазҰТУ-дың 75 жылдық мерейтойында Рәвия Ендібайқызы 60 жасқа толған-ды. Сол қос мерекеге арналған құттықтау жырдан үзінді кетіргенді жөн көрдім.

Айжаның үй боп, олар бір ауыл болғандай,
Күзіңде туған балалар алтын ормандай.
Аман болсын тірек боп жүрген баршаға,
Іниіз Асқар әулетке бақ боп қонғандай.

Әмірхан өсіп, шөбере көріп, шөпшек сүй,
Денсаулық мықты, ашық болсын көңіл күй.
Сіздің тойыңыз ҚазҰТУ тойына ұласып,
Ұжымның аппақ көңілінен қамқа шапан ки!

Өндірісті өркендетіп тұрған шәкірттеріміз

Қәрібаев Ержан Ғаббасұлы 1958 жылы қаңтардың 6-жұлдызында кенді



Алтайда туып, Алматыда КазПТИ-ды 1980 жылы тау-кен инженері-маркшейдер мамандығын игерген. Еңбек жолын Белогор кенбайыту комбинатында учаскелік маркшейдерден бастаған ол, «Шығыс жерқойнауы» ӨД–да (Өскемен), ҚР-ның «Геология және жер қойнауын қорғау» Комитеті төрағасының орынбасары(Көкшетау) қызметтерін жемісті атқарып, бүгінде ҚР индустрия және жаңа технология министрлігінің өндіріс Комитеті төрағасының орынбасары(Астана) болып еңбек етуде. Ол техника



ғылымда-рының кандидаты, ҚР минералдық ресурстар Академиясының академигі. Көкшетауда қызмет атқарып жүрген кезде Е.Г.Қәрібаевпен жиі араластым және оған бірнеше жыр жолдары арналған болатын. Содан үзінді[7]:

«Көкшеге бір жағдаймен жеке бардым,
Шаршаған соң Шалқарда бір дем алдым.
«Күн жақсы көріскенше Шалқар көл» деп,
Ержанға рахмет айтып кете бардым».

☆☆☆☆☆

Өндірісте қызмет атқара жүре ғылымға ден қойған жас ізденушілердің бірі *Сергей Николаевич Москаленко* болды. Жарияланып жүрген еңбектеріне және жинаған материалдарына қарап С.Н.Москаленко «Геоэкология» мамандығынан қорғай алатындығына көзіміз жетті. Сөйтіп ол «Кендерді өндіру және қайта өңдеудегі ресурс сақтау технологияларын жетілдіру» тақырыбында 2007 жылы кандидаттық диссертациясын нәтижелі қорғап шықты. Бүгінде т.ғ.к., доцент С.Н.Москаленко Өскемендегі «Қазцинкте»-тің директоры және «Жаңа металлургия» жобасының бас менеджері.



☆☆☆☆☆

Қыдырманов Сайын Зәңгерұлы 1955 жылы жер жанаты - Жетісуда дүниеге келіп, Алматыда жоғары білім алып, 1980 жылы ҚазПТИ-ды тамамдаған, мамандығы–инженер-маркшейдер. Еңбек жолын Орталық Қазақстандағы Атасу кен-байыту комбинатында учаскелік маркшейдерден бастаған ол, сол жерде 20 жыл еңбек еткен, бүгінде «Оңтүстік жер қойнауы» ӨД-нің жетекшісі қызметін атқаруда. Академик З.Ғабдолов «Ебіней Бөкетовтің алдында қос рельстей қатар тартылған екі тарам жол жатты: ғылым және әдебиет жолы. Ол екеуін де алалаған жоқ, қатар басты» - дегендей, біздің кеншілердің ішінде де, қос рельсті қатар басып келе жатқандар бар. Солардың бірі түлегіміз–Сайын Қыдырманов[57]. Ол бірнеше әндер жинағының авторы және әндеріне М.Мақатаев, Т.Айбергенов сынды ақындардың өлеңдерін таңдауы, оның сол ақындардың жан дүниесін түсіне білгендігінде жатыр. С.З.Қыдырманов туралы айтарымды оның сүйікті ақыны Т.Айбергеновтің

« *Азамат болып есігіме енсең арқалап арман-мұратты,*

Белдеуден шеш те мініп кет мына пырақты»,-деген жырындай, халқының қадірлі қасиеттеріне, ұлтының ұлылығына бас иетін, өзім дегенге өзегін жұлып беретін азамат деп аяқтағым келеді.

☆☆☆☆☆

Ақтөбеде дүниеге келіп, ҚазПТИ-дың инженер-маркшейдер мамандығына ие болған **Жардаев Мұратбай Қиназұлы** еңбек жолын «Теңізмұнай» басқармасында қарапайым маркшейдерлік жұмыстан бастап, «Теңішевройл» БК бас маркшейдеріне дейін көтерілген. 2002 жыдан бастап республикамыздың мұнай-газ өндіретін батыс аймақтарын геодезиялық жұмыстармен толық қамтамасыз ететін «Геосервис-С» ЖШБ басқарып отыр. Кандидаттық диссертациясын нәтижелі қорғап, ерінбей еңбек етіп, кафедрадан қол үзбей жүрген шәкірттерімнің бірі.

☆☆☆☆☆



Салқынов Арнат Тұрсынбекұлы- Кенен атамыз дүниеге келген Жамбыл облысы Қордай ауданының топырағынан нәр алып, Алматыда оқып, ҚазПТИ-да инженер-маркшейдер мамандығына ие болып, Сарыарқада өмір мектебінен өтіп жатқан, жаңалықтың жаршысы болып жүрген түлектеріміздің бірі емес, бірегейі.

Қазақстандағы ең ірі кен-металлургия өндіріс орындарының қатарынан орын алатын алыптарымыздың бірі «Қазақмыс» корпорациясы. Оның бүгінгі бас маркшейдері Арнат Тұрсынбекұлы Салқынов.

А.Т.Салқынов маркшейдерия, геодезия және геоинформатика саласындағы заманауи үрдісті, ғарыштық технологияларды, геоақпараттық жүйелерді тау-кен-құрылыс жұмыстарында қолдану мәселелері төңірегінде тәжрибе алмасуды көздейтін «Маркшейдерия және геодезия» атты, Қарағандыда басылып шығатын журналдың бас редакторы. Сонымен қатар, ол «Қазақстан маркшейдерлер одағын» құруға мұрындық болды. Осындай шәкіртіме:



«Зердеме ой маржанын тоқып келем,
Жақсы болса інілер аттай желем.
Жаны таза, пейілі көл-дария,
Арнат сынды шәкіртімді жақсы көрем» -деп қоямын.

☆☆☆☆☆

Абайдилдинов Жанат Сейітнұрұлы, Жетісуда туып, Қазақ политехникалық институтын маркшейдер мамандығы бойынша тамамдаған.Еңбек жолын Текелі қорғасын-мырыш комбинатында учаскелік маркшейдерден бастаған ол, сол комбинаттың директорына дейін көтерілді. Міне біздің мақтан тұтар жасындарымыз осындай. Бүгінде Ж.С.Абайдилдинов «Жетісу өндірісқауіпсіздік» ЖШС директоры.



Шәкірттерімнің ішінен осындай талантты жастар табыла берсе екен деп тілеймін. Ондай шәкіртті, шәкірттікті ақтағаны деп білемін. Олардың озық ойлары, өндірісімізді өркендетуге қосқан үлестері ғасырлар еншісінде қалғанын қалаймын.

☆☆☆☆☆



Арысов Қабыл Сейітжанұлы Қарқалпақта туып-өсіп, жоғары білім алу үшін Алматыға келіп, ҚазПТИ-ды маркшейдер мамандығы бойынша тамамдаған. Қ.С.Арысов жиырма жылдан астам Қазақстанның батыс өңіріндегі «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнында геодезист-маркшейдер болып қызмет атқарды. Бүгінде ол Алматыда «Тау кен» ЖШС директоры.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші шәкірттеріміздің шырайы жарқырап, шар тараптан көріне берсін. Шәкірттерімнің шырайы жарқырап, шар тараптан шырайлана беретініне сенемін. Олардың жақсылығына сүйіну, кемшілігіне күйіну, қашанда ұстаздың парызы-ғой!

4. СӘУЛЕ ШАШҚАН ШАҚ

4.1. Ұстаз болу....

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.
Ғ.Қайырбеков

Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!

Өзіңнің мамандығы бойынша алғаш дәріс оқыған, жеті қат жердің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеңе нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған ұстаздың бейнесі көңіл төрінен орын алары хақ.

Ұстаз да диқан сияқты. Ол әр шәкірттің жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, шәкіртін мамандығына баулып, өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Ұстаз – құрметті сөз. Ол – адамдардың өмірге көзқарасын, бір-біріне деген сый, құрмет сезімін қалыптастыратын, білім мен тәрбиенің дәнін (ұрығын) шашатын, адамгершіліктің нұрын төгетін адам. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғамдық қайраткер, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейтеді.

Халқымыздың қайсар қаһармандығын мінезімен танытып, бүкіл елдің құрметіне бөленген өмір жолы барлық азаматтарға үлгі-өнеге болатын батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық –ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз», – деген.

Егеменді, тәуелсіз Қазақстанда білім мен ғылымның қайнар көзі, мамандыққа баулудың ордасы –университет десек, онда сол оқу орнының басты тұлғасы, жүрегі – ҰСТАЗ (оқытушы қауым). Ешқандай басқарушы орындардағы лауазымды адамдар (ректор, проректор, директор және т.б.) ұстаздың орнын баса алмайды. Олар ұстаздарсыз (оқытушысыз) - тұл.

Ұстаздың оқу процесінде алатын орнының зор екендігінің себебі- оның еңбегі өте жауапты, әрі күрделі. Өйткені ол студенттің, магистранттың, докторанттың болашақ тағдыры үшін өзін жауапты сезінеді, оның тәртібі, білімі, қоғамнан алатын орны, адамгершілігі, белсенділігі, іскерлігі үшін күресетін, оның жүрегіне жол тауып, оның жан дүниесінің таза қоғам үшін жантәнімен еңбек етуге құштарлығын оятатын, білімге, ғылымға деген ішкі қажеттігін арттыра отырып, жастарды білімге ұмтылдырып, талантын түлететін бірден бір

адам – ұстаз. Ұстаздың осындай қасиеттері үшін адам жанының инженері деп атайды.

Қоғам, жастарды ұстаздарға ықпал жасап тәрбиелеуді, дүниеге көзқарасын дамытып, қалыптастыруды сеніп тапсырады. Мұндай орасан зор сенім профессорлар, оқытушылар құрамына қоғам алдында ұлы жауапкершілікті жүктейді.

Қазақтың тұңғыш ағартушысы ғылыми педагогиканың негізін салушы Ы.Алтынсарин кезінде: «Салып жатқан үйдің жақсы болуы, оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты» дегені сияқты, біздің атқарып жатқан ісімізде мамандығымыздың келешегі, көбінесе, біздің білім беруіміздің сапасына байланысты. Сондықтан мен жақсы оқытушыны, білімді де білікті ұстазды бәрінен де қымбат дер едім. Бұл Қазақ мемлекетінің іргетасын өзі қалап жатқан қазақ халқының ұстаздарға қоятын талабы ретінде сезіледі.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін ұстаздар қазіргі таңда қандай болуы керек және олардың еңбегі қалай өлшенуі керек деген сұрақтарға:

біріншіден, оқытушының ары таза, адал, әдепті, салмақты, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуға және шәкірттермен сөйлескенде қалыптан шығып кетуіне жол бермеуге тиісті;

екіншіден, оқытушының ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі керек;

үшіншіден, оқытушы өз ортасында беделді, ұжым арасында сыйлы болуы тиіс. Әрдайым шәкірттерімен әдептілік қарым-қатынаста болып, оларды «сіз» деп сөйлесе білуге үйреткені жөн;

төртіншіден, оқытушы үнемі ғылыми-педагогика жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыруы керек және оқыған дәрісін (теорияны) өмірмен (өндіріспен) байланыстырып, ғылым мен техника жетістіктерін әрдайым өзі беретін күнделікті сабағына кеңінен пайдалануы қажет;

бесіншіден, оқытушы-ұстаз студенттердің көздерінен, назарынан, үнсіздігінен білуі, ұғынуы, көңіл-күйді сезініп түсінуі оқушылар жүрегіне жол ашар кілтін таба білуі қажет.

Осы қағидаларды әрбір ұстаз тұрақты ұстанып отырса, оның күш-қуаты жылдан-жылға арта түсіп педагогикалық шеберліктің шыңына жетуге болады деп толық айтуымызға негіз бар.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, жеті қат жер астынан кенді игеріп жатқан кенші де, темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дикан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек дер едім.

Әрбір адамға баға беретін – өз ортасы, айналасы. Кім де болса өзінің қалыптасқан мінезімен ғана емес, атқарған кәсібімен, басқалар арасында қарым-

қатынасымен танылатындығы белгілі. Әсіресе ұстаздық қызмет атқаратын адамдарға көпшіліктің көзқарасы мен назары бөлек. Өйткені ұстаздардың күнделікті еңбегі талай шәкірттердің көз алдында өтеді.

Мен өзім осы ортада – ҚазҰТУ-да 50 жылдан астам шәкірт және ұстаздық қызмет атқарып келе жатыр екенмін. Мені маман ретінде де, ұстаз ретінде де тәрбиелеп өсірген осы орта. Жақсы адамдардың басшылығымен, қолдауымен жұмыста тәрбие алып шыныктым. «Бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем» демекші жақсылықпен кездескен әрбір сәт кімнің болмасын жадында мәңгілік сақталады. Осы ретте өзіммен қатар жүрген танымал ұстаздар, жайсаң жандар туралы сөз қозғауды да жөн көрдім.

4.2. Ұлағатты ұстаздар ортасында

Алдында ағаң болған қандай жақсы... Ақжан Жақсыбекұлын ұстазым деп ұлықтап жүргендердің бірі – Қазақстанның тау-кен ғылымы саласының ең ірі ғалымы, білім мен ғылым саласының шебер ұйымдастырушысы, ҚР ҰҒА-ның академигі ***Баян Рақышев***. Ол еңбек жолын 1952 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірісімен Қоңырат карьерінде қатардағы инженерлік жұмыстан бастап, тау-кен инженері мамандығының барлық сатыларынан өтті. Жаңалыққа құштарлығының арқасында өндірісте жүріп, 10-нан астам өнертапқыштық ұстыныстарды өндіріске енгізе білді.



Жас инженер өндірістен қол үзбей жүріп 1964 жылы ғылым кандидаты, 1978 жылы техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 1980 жылы Баян Рақышев ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласындағы аса ірі маман ретінде ҚазПТИ-дың проректоры, 1985-1992 жылдары институттың ректоры болып тағайындалды. Бойындағы жігер мен өз ісіне деген үлкен жауапкершілік оны осынау қызметте үлкен абыройға бөледі. Бүгінде Баян Рақышұлы өзінің сүйікті ісі оқытушылық пен ғылыммен айналысады және кафедра меңгерушісі.

Бакеңнің ел алдындағы еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол КСРО мен Қазақстанның бірнеше ордендерімен марапатталған, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», Қ.Сәтбаев атындағы, Ә.Бүркітбаев атындағы сыйлықтардың, ҚР ЖОО-ның екі дүркін «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, «Алтын Гефест-2013» сыйлығының лауреаты.

Қазір Б.Р.Рақышевтың қалыптасқан өзіндік ғылыми мектебі бар ұстаз. «Бойдың өскені емес, ойдың өскені, алғашқы іргетасың берік болса, адам өз мүмкіншіліктерің толық пайдаланса, аспайтын асу, көтерілмейтін шың жоқ. Менің байлығым алдымды қиып өтпейтін, өзім тәрбиелеген шәкірттерім. Шәкіртсіз – ұстаз тұл» –дейді ұлағатты ұстаз. Шынында да Бакең жастарға сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, заман талабына сай ғылымды дамытуға зор үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен 6 ғылым докторы, 30 ғылым кандидаттары, магистранттар және PhD докторлар даярланды. Баян Рақышұлының шәкірттерің арасында Қазақстанға танымал ғалымдар, оқытушылар, білім саласының қызметкерлері бар.

Бакеңнің жоғарыда қысқаша айтып кеткен өмір белестерінен – оның халқына қалтқысыз қызмет етуін өзінің парызы деп есептегенін байқаймыз. Бакеңнің шешімді қимылдары өз табиғатына сай жаратылыс берген қасиеттерімен өріліп, өзі қалаған жолмен жүреді. Бакең өзінің де бір кезде ұлы ұстаз Машановтың шәкірті болғанын ұмытқан емес. Ақжан атамыз институт ішіндегі, Ғылымдар академиясында болатын кейбір келіспеушілік мәселелерді шешуге белсене кірісетін-ді. Талай басшылардың, оның ішінде ректор болып отырған Бакеңнің өзі келіп Акжан Машановтан ақыл-кеңес сұрағандарына куәгер болғанбыз. «Елдестірмек–елшіден» дегендей Ақаң келгендерге дұрыс шешімін айтып, келелі кеңес беретін мәмлегер болатын.

Кешегі ұлы ұстаз Ақжан әл-Машанидың баласы Әлішер Машановты ғылым докторларының қатарына қосуға жол ашып, қол ұшын бергені – ҰСТАЗЫ алдындағы Парызым деп түсінгені. Ұстаздық қарызды өтеу осылай басталғаны барша көңілге бір үміт пен сенім ұялатады және ол қазақ зиялылары үшін үлкен сабақ.



Ең бастысы, Бакең–білім мен ғылымның егделікке еңкеймей келе жатқан сардары. Алдымызда осынд☆☆☆☆ ағамыздың болғанына қуанамыз және арқа сүйейміз.

Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым. Қазақстанның бүкіл жері қастерлі болса-дағы әр жер, әр өңір өзінің қайталанбас ерекше қасиеттерімен есте қалады. Солардың ішінде, аттары аңызға айналған аталар мен әкелер, әжелер мен апалар жатқан қасиетті де киелі, қойнауы тұнған қазына Қостанай топырағы.

Қостанай топырағының қасиетті ұлдарының бірі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі ***Әбдірахман Бегалинов***. Ол Жетіқарада туып, ҚазПТИ-де білім алып, еңбек жолын Арқалықта кен мастерінен бастап, Торғай боксит кен басқармасының бас



инженері, Қарағайлы тау-кен комбинатының директоры, Қазақстан Президентінің Аппараты мен Министрлер кабинетінің өнеркәсіп тауарлары бөлімінің меңгерушісіне дейін көтеріліп, өмір мектебінен өткен.

Мұқағали ақын «Құрметтеңдер XX ғасырды, онда біздің қолтаңбамыз басулы» деп жырлағандай, жеті қат жер астында атқарған жақсы істердің барлығын басшының аты-жөнімен байланыстырудың да өз шындығы бар.

1993-1995 жылдары Әбекең Ұлттық «Алтыналмас» компаниясының президенті қызметін атқарып жүрген кезде, біздер «Ақбақай» кен орнын игерудегі тау жыныстары мен жер бетінің жылжуын зерттеп жүрген едік.

Жақсының жақсылығын айтудан, шын жақсыға қошемет көрсетуден



тартынбайтын халықпыз ғой. Академик Ә.Бегалинов туралы естелік жазу парыз деп қолыма қалам алып, ақ қағаздың бетіне үңілудің сәті түсті.

Бұрынғы кеніштерде атқарған қыруар еңбегімен ғана емес, жаңа «Алтыналмас» компаниясының қаз-қаз басқан алғашқы қадамынан бастап, оны жедел көтеруге бар күш-қуатын жұмсап атсалысқанын, көптеген күрделі мәселелердің тетігін қозғалысқа келтіріп, түйінін шеше білгеніндігін, Қазақстан компартиясының Орталық комитетінің мүшесі болып сайланғандығын ерекше ілтипатпен атағым келеді. Компания президентінің жұмысы қай кезде болсын жетіп артылады, жауапкершілік те орасан зор.

Ә.Бегалинов 2000 жылдан бастап ҚазҰТУ-де «Тау жыныстарын бұзу және шахта құрылысы» кафедра меңгерушісі болып тағайындалды. Содан бері ол ғылыми, ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметінің жаңа кезеңіне қадам басты. Әбекеңнің басшылығымен кафедрада оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған іргелі жұмыстар атқарыла бастады. Ол 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде монографиялар, оқулықтар, авторлық куәліктер де бар.

Әбрахман Бегалинов қазақ тілін техника саласына енгізуге ат салысып жүрген азамат, мемлекеттік тілдегі бірнеше оқулықтардың авторы. Ол өзі жазып қана қоймай, кафедрасындағы жастардың барлығынан еркін ойлауды, шығармашылықпен айналысуды талап етеді және оған жағдай жасап отыратын ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым.

Қазақта кіммен жүрсің? Кімге қарап бой түзейсің? деген сұрақтар бар. Мен қалайша осындай азаматтардың ортасында жүріп, қалайша жақсы ұстаз бола алмаймын–олар сынайды ғой. Қалайша ғалымның хатын жазып қалтырмаймын–олар оқулықтар мен монографияларды том-том қылып жазып жатыр ғой деп ойға қаламын. Міне осындай жақсы ұстаздардың, жайсаң жандардың ортасында жүргенім «Жақсымен сөйлескенің жарты сағат, Жаманның өтіп кеткен өміріндей» дегенді есіме түсіреді.

☆☆☆☆☆

Қашықтан оқытатын Отарбаев. Бүгінде қай мекемеге, бөлмеге барсаңыз да төрде Елбасының портреті, кейбір адамдарда Лениннің де суреті ілулі тұрады. Тұсында түскиізі, ал бас иетін жайнамазы сияқты дәл алдында Ақжан Машановтың портреті ілулі тұрған азаматтарымыздың бірі емес, бірегейі – студенттерді қашықтан оқыту институтының директоры Жангелді Отарбаев. Ол: «Ақжан әл-Машани менің ұстазым, бет бұрар құбылам, күнде жұмысқа келгенде рухына бас иіп, бір сиынып қоямын» –дейді.

Жангелді Отарбаев техника ғылымының докторы, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, ҚР ЖОО-ның «2007 жылғы ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Ж.Отарбаев Машановты ұстазым деп, кеше ғана

өмірден озған академиктер Ж.С.Ержанов пен Ш.М.Айталиевтардың шәкірті. Осындай ұлылармен бірге жүріп, Жангелді Ақжан атаның батасын алған.

Торғайда туып, Қостанайда мектеп бітіріп, Алматыда жоғары білім алып, еңбек жолын Ж.С.Ержановпен Сейсмология институында, П.А.Атрушкеевичпен ҚазГАСА-да өмір мектебінен өткен Жангелді Отарбаев, 2000 жылдан бастап академик Д.Қ. Сүлеевтің шақыруымен ҚазҰТУ-ға келіп, жаңалықтың жаршысы болып, Ақжан әл-Машани атындағы «Жаратылыстану нинституын» ұйымдастырды және оның директоры қызметін атқарды. 2006 жылы А.Ж.Машановтың 100 жылдық мерейтойына дайындық барысында Ж.Отарбаев «Маркшейдер ісі мен геодезия» кафедрасының ұжымымен, сол кездегі тау-кен институтының директоры – Х.А.Юсуповпен бірлесіп орасан зор жұмыс жүргізгенін ерекше атап өткен жөн. Жангелді Отарбаев ұстазы Ақжан әл-Машаниды ЮНЕСКО атап өткен Париждегі ұлықтауына да қатысқан азамат.

Сонау Ержанов, Айталиевтермен бірге жүрген кезінен білетін Жангелдімен біздер достық кеуілдеміз, әрқашан оның пейілі кең, ақжарқын, әзілқой. Ол қазақ тілінің, әдет-ғұрпының нағыз жанашыры. Мен өзім ауылдың қызы болғаннан ба, келесі сөз қозғайын деп отырған адамым да ауылдан шыққан академик. Осыдан біздің ғылымдағы академиктердің барлығы ауылдан шыққан ба? деп ойға қалады екенсің. Қалада оқып, асфальтта өсіп, орысша оқып, ғылым шыңына шыққан бір академикті көрмеппін-ау.

Ақжан әл-Машанидан бата алған, тәжірибелі тәлімгер, ұлағатты ұстаз – Жангелді Отарбаев бар жігерін жастарды білімділік пен белсенділікке баулуға бағыштап, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, олардың бойына ауадай қажет білім мен ғылым негіздерін құя білуде.

☆☆☆☆☆

Төл журналымыздың жаршысы. Әр адам өзінің өмір жолындағы белеске көтерілгенде белгілі бір корытындылар жасай бастайды: «Қандай істер атқардым? Қандай жетістіктерге жеттім? Болашақтағы мақсаттарым мен міндеттерім қандай болмақ?»–деген сияқты. Күнделікті күйбең тірлікте біз өткенді сараптай бермейміз, бірақ мерейтой қарсаңында артта қалған жылдарға көз тастаймыз. Міне, осындай өмірлік кезеңге (жетпіс жасқа) ***Леонид Андреевич Крупник*** те келді. Бұл есім бүгінде тау-кен ісі ғылыми ортасында жақсы танымал.



Ғалымның елу жылдай өмірі ҚазПТИ-мен (ҚазҰТУ) тығыз байланысты. Университетте ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызмет сатыларынан өткен Л.А.Крупник 1994 жылдан бастап университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, оқу-әдістемелік бірлестіктің жетекшісіне дейін көтерілді.

Л.А.Крупник техника ғылымдарының докторы, профессор. Тағдыр оған мемлекеттік қызметте жоғары мансапты лауазымды да алға тартқан болатын. Бірақ, ол өзінің басты мақсатын өзгерткен жоқ. Оның студенттері мен аспиранттары, докоранттары әрқашанда

Леонид Андреевичке педагог немесе ғалым ретінде ғана емес, сонымен қатар қайырымды адам, іскер ұйымдастырушы және басшы ретінде де сенеді.

Сонымен қатар, бұл ұстазымыздың тек шәкірт тәрбиелеумен, білім берумен ғана шектелмей, шығармашылық саласын рухани қолдаумен жан-жақты толықтыруға, ондағы қарбалас жұмыстан бас алмайтын жандарға дем беруге ұмтылған зор ізденісінің жемісі болса керек.

Тау-кен саласындағы тұңғыш басылымымыз «Горный журнал Казахстана» Л.А.Крупниктің арқасында 2003 жылдан бастап үздіксіз жарық көріп келеді. Журналды алдыңғы қатар басылымдардың қатарына қосу үшін, жар құлағы жастыққа тимей еңбектенуде. Төл журналымыз, тек Қазақстан ғана емес, басқа да республика азаматтарының ғылыми мақалаларын басып, өрісімізді кеңейтіп отыр. Бұл әрине, профессор Леонид Андреевичтің қоғамдық белсенділігінің, азаматтық тұғырлы тұлға екендігінің бірер ғана айғағы іспетті.

☆☆☆☆☆

Жастардың жақтаушысы–Жұрқашев. Студеттердің анасы атанған Софья Алексеевна Шрубкодан кейін, 1978-1986 жылдары тау-кен факультетінің деканы, жастардың жанашыры, жақтаушысы –Жұрқашев Марат Нұртайұлы болды.

Марат Жұрқашев ҚазКМИ-дың 1960 жылғы түлегі, бес жыл институтта бірге оқыған жолдас. Тау-кен факультетін тамамдаған Марат досымыз еңбек жолын Текелі қорғасын-мырыш комбинатында бастаған. Инженерлік жұмысты ғылыммен ұштастыра білген М.Н.Жұрқашевті ҚазПТИ аспирантураға шақырды. М.Н.Жұрқашевтің ғылыми көзқарасы мен өсу жолы академик Ө.А.Байқоңыровтың тікелей әсерімен қалыптасты. Ғылым кандидаты дәрежесіне ие болды. Содан бері университетте ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерінен факультеттің деканына дейін көтерілді.

Өмірхан Аймағанбетұлына Мараттың айрықша ұнаған қасиеті алғырлығы мен еңбекқорлығы болды. Ол Маратты көзден таса қылған жоқ. Бар қадамы көз алдында. Аңқылдаған ақ көңіл. Болдым, толдым деген өр мінезден аулақ. Содан болар, Өмекең Маратты іш тартты. Бір күні ол шәкіртін шақырып алды да: «Студенттерді қалай жақсы көруді, тәрбиелеуді Софья Алексеевнадан үйрен. Ең алдымен деканның орынбасары, содан кейін өзі боласың. Қалғанын үйретеміз»-деді.



Осы жылдары М.Н.Жұрқашев үлкен ұйымдастырушылық таланты мен іскерлігін, адамгершілігін көрсете білді. Тәжірибелі тәлімгер, Марат Жұрқашев бар жігерін жастарды білімділік пен белсенділікке баулуға бағыштап, мыңдаған шәкір тәрбиелеп, олардың бойына ауадай қажет білім мен ғылым негіздерін құйып, жастардың жанашырына айналды.

Тау-кен кәсіпорындары басшыларымен байланысып, М.Н.Жұрқашев факультетінің жатақханасына жөндеу жасатып, ешкім танымайтындай етіп өзгертті. Жатақханада «Старый замок» деген ойын-сауық сарайы ашылып, ол бүкіл қалаға әйгілі болды. Оған тек арнайы шақыру билеті арқылы кіруге

болатын-ды. Марат Нұртайұлының ұйымдастыруымен «Ложкари» деген би ансамблі құрылып, ол 1980 жылы Мәскеудегі жастардың дүниежүзілік фестивалінің лауреаты атағын жеңіп алды және шет елдерге концертпен барды. 1983 жылы тау-кен факультетінің көркемөнерпаздар ұжымы Мәскеуде өткен студенттердің бүкілодақтық байқауының жеңімпазы болды. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында М.Н.Жұрқашев «ҚазССР жоғарғы мектебінің құрметті қызметкері» атағына ие болды.

Бір кездері С.А.Шрубко «студенттердің анасы» болса, біз білетін М.Н.Жұрқашев жастардың жанашыр әкесіндей болған, жетпіс асудан асып кетсе де, өскелең ұрпаққа үлгі бола алатын, кейінгілер қарап бой түзейтін тұлға деп білеміз.

☆☆☆☆☆

Түркістанның түлегі. Киелі топырақтың қасиетті ұлдары көп болары даусыз. Түркістан өңірі дарын мен таланттардың шымырлап қайнап шығар көзі, шыңдалып, суғарылып шығар көрігі дер едім. Соның айғағы Түркістанның тумасы, техника ғылымдарының докторы, ҚР жоғарғы мектебі ғылымдары Академиясының академигі, тау-кен саласы ғалымдары арасынан биік межеден көрініп жүрген азаматтардың бірі, ҚазҰТУ-дың профессоры **Халидилла Әбенұлы Юсупов.**

Х.Ә.Юсупов көп балалы қарапайым отбасынан шыққан қазақ зиялыларының бірі. Әкесі Әбен ақсақал ұзақ жыл ауыл мектебінде ұстаздық еткен, мектеп директоры болған жан. Ұлы-қызының барлығына жоғары білім беріп, зейнетке шығып, бертінде өмірден өтті.

Хали Әбенұлы Түркістан топырағында дүниеге келіп, Алматыда (ҚазПТИ-да) жоғары білім алып, Ленинград (Тау-кен институтында) аспирантура оқып, орда бұзар 30 жасында ғылым кандидаты болды. «Дарақ бір жерден көгереді» дегендей, ол өзінің ұшқан ұясы КазПТИ-ға қайтып келіп, доцент, кафедра меңгерушісі, «Тау-кен-металлургия институтының» директоры



қызметтерін атқара жүре, 50 жасында ғылым докторы дәрежесіне, профессор атағына қол жеткізді. Шын мәнінде, бұлардың барлығы кеңінен толғап, молынан қамтып сөз етуге тұратын жайлар. Мен бұларға қысқаша тоқтап, 1975 жылы Е.А.Букетов ағамыз 50 жасқа толғанда:

«Елуге жастар, Евінейдей болып келіңдер,

Елуде бәрің Евінейше есеп беріңдер...» деген ақын Ә.Тәжібаевтың өлең жолдарымен аяқтасам, баршаға түсінікті деп ойлаймын.

Х.Ә.Юсупов директор болып тағайындалғанда, ғылым докторы дәрежесін алғанда, 50 жасқа келген әр кездерінде кафедра болып құттықтап, жырымызды арнаған едік, бүгін сол інімізге:

Жасыңды айтса, ең жақын інідейсің,
Ісіңді айтса, биіктеп ірілейсің.

Көп ішінде кезіккен жат адамға,
Қарапайым қазақтың біріндейсің!- дейміз.

Бүгінде ҚазҰТУ-дың «Кендерді жерасты әдісімен қазу» кафедрасы қазіргі көптеген өзекті мәселелерді талқылайтын ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу алаңына айналды. Мұндай ғылыми жиындарға шетелдік тәжірибелі ғалымдар мен қазақстандық көрнекті ғалымдар қатысып отырады. Бүгінде Х.Ә.Юсуповтың ұйымдастырушылығымен кафедра АҚШ, Канада, Франция, Түркия, Германия, Ресей елдері ғалымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, олармен бірге PhD докторантураны дамытуға байланысты жұмыс жүргізілуі және техникалық ғылымдар саласындағы PhD диссертациялық кеңестің төрағасы болып отырғаны көп жайды аңғарта алады.

Кеше ғана 50 жасқа толғанын тойлаған, бүгінде алпыстың ауылы да көрініп қалса да, бала-шаға, тума-туыс, қатар құрбы, дос жарандарының ортасында тұлпардай шапқылап, күнделікті қызмет, ұшы-қиыры жоқ басқа қым-қуат міндеттерді қамшы салдырмай атқарып жүрген Халидилла Әбенұлының үлгілі-өнелі жолы кімді болсын қызықтырмай, ойландырмай қоймайды .

☆☆☆☆☆

Жайсаң жандар ортасында. Еліміздің елеулісі, халқымыздың қалаулысы атанған, сөйлеген сөздерінен адамгершіліктің нышаны аңғарылып тұратын, жүректері үлкен, көңілдері кең, ақыл кеңестерін аямаған Шахмардан Есенов, Досмұханбет Кішібеков, Герой Жолтаев, Владимир Алексеевич Луганов, Ерғали Нүсіпов, Досым Сүлеев, Ұлықпан Сыдықов, Шыныбай Байысбеков, Ермек Хайруллин, Тұрарбек Бегимов, Серік Көмеков.

Қайсы біріңді айтайын, бәріңіз де айтуға тұрарсыздар. Тоқтаусыз зымырап өтіп жатқан уақыт талай оқиғаларды тарих қойнауына сүңгітуде. Белгілі ғалым, танымал қаламгер Мәлік Ғабдуллин «Ұстаз әділ де турашыл, жоғары мәдениетті де, салмақты, сыпайы да әдепті, кішіпейіл болуға, таза киініп, таза жүруге тиісті» деп жазған. Дәл осындай ұстаздың бірегейі, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз Шахмардан Есеновтің де өмірден өткеніне біраз жыл болып қалыпты. **Ш.Е.Есенов**–ҚазКМИ-дің түлегі, ҰҒА-академигі, Лениндік, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, мемлекет қайраткері, Ақтау мемлекеттік университетіне есімі берілген «Шах» ағамыз біздің мақтанышымыз. Ол кісі суырылып көп сөйлей қоймайтын паңдығымен, парасат-пайымының молдығымен, өз мамандығына шынайы берілгендігімен көз алдымызға елестейді.

Мен 2007 жылы ҚР минералдар ресурстары Академиясының Есенов атындағы сыйлығына ие болдым. Сонда мінбеде тұрып Ш.Есеновке арнап өлең оқыған едім, содан бір үзінді келтіргенді жөн көріп тұрмын:

Қызметінде самғаған қыран құс еді,
Тұла бойы батыр сынды күш еді.
Өшпейтұғын із қалдырған артында,
Шахмардан аға есімі қалай өшеді?

Өшпейді, жарқырайды естен қалмай,.

Еңбектері көңілдерге жаққан шамдай.
Есімі Шах ағаның сақталады.
Іс сапармен бір жаққа кеткен жандай.

☆☆☆☆☆

Инженер кадрларды даярлайтын «қара шаңырақ» деген ардақты атаққа ие болған ҚазҰТУ-да қажетті материалдық база да, озат іс-тәжірибе де, атақты ғалым-педагогтар да жеткілікті. Сондай ғалымдардың бірегейі–геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мұнай өндіру ісінің үздігі, ҚР Инженерлік Академиясының академигі, халықаралық минералды ресурстар академиясының академигі, американдық және еуропалық мұнайшы-геолог қауымдастығының мүшесі ***Герой Жолтайұлы Жолтаев***. Ол ҚазҰТУ-да ассистенттік жұмыстан бастап, кафедра меңгерушісі, директор, проректорлық қызметке дейін көтерілген жан. Г.Жолтаев тек студенттерге, магистранттарға ғана емес, өндіріс басшыларына да мастер-кластық дәрістер оқиды. Оның дәрістері терең мазмұнды, тыңдаушыларға тартымды, сөйлеу стилі мен шешендік шеберлігі басым. Герой 70-ке толғанда:



Жарқ-жұрқ етіп қылыштай,
Басқарып жүрсің ұжымды.
Атыңды Герой деп қойғанда,
Байқаған-ау түріңді.
Ашуланса аянбай,
«Аулақ жүр» деп те кетеді
Шүкіршілік, Гереке!
Абырой-атақ жетеді,
Маржан деген апайың,
Амандықты тілек етеді» -деген едік.

☆☆☆☆☆

Философиядан дәріс оқитын ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақ КСР Жоғарғы мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, соғыс ардагері **Досмұхамбет Кішібековтің** оқыту тәсілін тапқырлықпен пайдалану шеберлігі өзінше ерекшеленеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, сол шебер ұстаздың өзіне тартқан шәкірті, «автоматика» мамандығын тәмамдаса да, философ болып кеткен–***Ұлықпан Сыдықов.*** Оның керемет шешендік сөйлеу қабілеті тыңдаушыларды таң қалдырады. Философияның кейбір ұғымдарын қарапайым қазақ тілінде, халықтың ұлттық тұрмысына байланысты баяндай біледі. Бүгінде ғылым докторы, «Қазақстан білім беру саласының үздігі», «ҚР мәдениет қайраткері» және т.б бірқатар марапаттардың

иегері болып отырған Ұ.Сыдықов әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблін ұйымдастырушыларының бірі екені баршаға мәлім.

Халқымыздың мақтанышына айналған, өзінің атын төркүл дүниеге паш еткен ҚазҰТУ-дың мақтанышы «Дос-Мұқасан» ансамблінің өміріне, жүріп өткен жолдарына, небір асқан асуларына, бүгінгі студенттер еліктейді. Оның ұйымдастырушысы, бірнеше жыл университетімізді басқарған Досым Сүлеевтің есімі мәңгібақи ансамбль атауының алғашқы буынында «Дос» болып қалып қойды. Ансамбль мүшелері (Д.Қ.Сүлеев, Ұ.Е. Сыдықов, Қ.С.Бұқтықов, Ұ.Мақанов) студенттерге дәріс оқиды. Ал осы ансамблдің қырық екі жыл бойы көркемдік жетекшісі болып келе жатқан Мұрат Құсайынов әр мейрам сайын ансамблдің толық құрамымен (Н.Құсайынов, А.Литвинов, М.Молдабеков) келіп студенттер алдында концерт береді. Тәрбие деген осы да!

Жас жұбайларға арналған «Той жыры» әнін жазған Ұлықпан Сыдықов болса, музыкасын Досым Сүлеев жазған. ***Досым Қасымұлы*** 2003 жылы докторлық диссертациясын үлкен табыспен қорғап шыққанда:

Досеке! Мінезің– өр, жаның сері,
Жаратқан сан қырлы ғып тәңір сені.
Ғылым шыңы – биікке көтерілдің,
Еңбегің намысыңның жауынгері- деген едік.

Бүгінде жаны өнерге жақын Д.Қ.Сүлеев, Қазақстан ҰҒА академигі, өзі түлеп ұшқан ҚазҰТУ-дың профессоры.

Қашан көрсең де қазақи қалпынан қалмаған, иіліп сәлем беруден талмаған тәрбие жөніндегі проректорымыз Ұ.Е.Сыдықов алпыстың асқарына шыққанда:

«Ұлықпан! Асулардан асып жүрсің,
Пернесін ән мен жырдың басып жүрсің.
Таңдаулы сай тасындай «Дос»-тарыңмен,
«Той жырымен» шарықтатып тасып жүрсің.

Сөздері қабыл болсын көп батаның,
Самғасын ҚазҰТУ-да әлі атағың.
Мінгізген атым болсын бұл өлеңім,
Иыққа жапқан менің ақ шапаным» - деген едім.

☆☆☆☆☆

Осынау азды-көпті өмір сүрген кезеңде көптеген ұстаздармен араластық, алдынан өттік, айтқан ақылын тыңдадық, сөзін көңілге тоқыдық, білмегенімізді біліп, кемшілігімізді түзедік. Олардың қай-қайсысы да көкірек сарайымызда осы күнге дейін жарқырай жанып, жол сілтеп, бағыт-бағдар ұсынып, болашағымыздың бағдаршамы болып келе жатқаны да айдай ақиқат.

Ал дәл сондай адамдар бүгінде өз арамызда да аз емес. Сондай аяулы жанның бірі, институтта бірге оқыған курстас, жолдасым техника ғылымдарының докторы, профессор, бірнеше жыл ҚазҰТУ-дың ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі проректоры болған, бүгінде ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым,

ҚР ЖОО-ның екі дүркін (2006, 2011жж) «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, академик- ***Луганов Владимир Алексеевич.***



Владимир Алексеевич адамға жақсылық ойлап, жүргінен нұр шашып жүретін, ниеттес болуға дайын тұратын, ҚазҰТУ-дың қуанышына қуанып, отына күйіп, суығына тоңатын, ғылымда кәсіптік білімнің кәсіпқойына айналған алам.

☆☆☆☆☆

Жаңа технологияларды өмірге енгізіп, университеттің сапалы түрде тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мұрындық болып отырған ҚазҰТУ-дың «Жоғарғы технологиялар мен тұрақты даму институтының» директоры ***Серік Ешмұхамбетұлы Көмеков.*** «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» деген тамаша сөз осы Секеңе арналғандай. Өйткені ол Таразда туып, Ташкентте жоғары білім алса да, оны ғылым жолына баулыған КСРО ҒА-ның А.Ф. Иоффе атындағы Ленинград физика-техникалық институты.

Бір ғылыми ортадан ғылым кандидаты және ғылым докторы дәрежелеріне ие болған, профессор С.Е.Көмеков университетте кафедра меңгерушісі, ғылым мен халықаралық байланыстар Департаментінің директоры, проректор, ҚР Білім және ғылым министрлігінде бөлім меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған ұлағатты ұстаз. Оның ұйымдастыруымен ҚазҰТУ-да «Техникалық физика» мамандығының нанотехнология, ғырыштық технология, ядролық технология мамандандыру салалары бойынша АҚШ, Франция, Германия университеттерімен магистрлар және PhD докторлар даярлау жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз тәуелсіздігімізді қорғай білетін, елін сүйетін, білімді де білікті мамандарды, талантты тұлғаларды даярлауды парызым деп жүрген С.Е.Көмековтың еңбегі.



Ол «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», ҚР жоғарғы мектеп ғылымдары Академиясының академигі, ҚР ЖОО-ның екі дүркін (2006 және 2007 жж) «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

☆☆☆☆☆

Менің аса құрметтейтін, 40 жылдан астам бірге қызметтес болып келе жатқан, өздерінен көп нәрсе үйренген жайсаң жандардың бірегейлері, профессорлар:***Бегімов Тұрарбек және Хайруллин Ермек.***
Олардың екеуі де қазағымыздың қаймағы қайнаған Оңтүстігінде туып, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ды тамамдағандар. Тұрекең болса Қазақ ҒА-ның ядролық физика институтында, Ерекең ҒА-ның математика және механика институтында ғылыми дәрежеге ие болғандар. Екеуі де 1971 жылдан бастап ҚазҰТУ-да еңбек етуде. Осы екі профессордың адамгершілігі, кісіге жақындығы, аса қарапайымдылығы, іскерлігі көзге ерекше түседі. Көркі де, тұлғасы да кісіні сүйсіндіреді.

Тұрарбек Бегімұлы он бес жылдай «Жалпы және теориялық физика» кафедрасын басқарып келеді.



Ермек Меретайұлы жиырма жылдан астам университеттің «Жоғарғы математика» кафедрасының меңгерушісі болды, бүгінде сол кафедраның профессоры. ҚР ЖОО 2009 жылғы «Ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Жақсы жанға бәрі құмар және жақсы кісі жәрдемшіл деген рас қой. Ағадан әділет, іниден ізет болып әлі күнге дейін қажырлы да нәтижелі еңбек етуде.

ҚазҰТУ ұжымы профессор Т.Бегімов пен Е.М.Хайруллинды шын сыйлайды. Өйткені олар өз істері арқылы әріптестерін тонның ішкі бауындай көріп, іштартып, онсыз да асау аттың жалына жармасқан мына жанталас өмірде оларды қамқорлығына, қанатының астына алуға әзір тұратын мәрттіктері де бар.

4.3. Сәуле шашқан шақ

Осындай ұлағатты ұстаздардың ортасында жүріп, білмегенімді үйреніп, білімді жетілдіріп бүгінде «ұстаз» деген құрметті атаққа ие болдым-ау деген ойдамын. Мен оған қалай жеттім...

Біріншіден, Ақжан Машановтың ғылымның есігін ашып, алыста жатқан жолдарын көрсетіп, жөн сілтеуі, жалғыз маған ғана емес, бүкіл маңайындағы адамдарға сәуле шашқан игілікті істерінің бірі екен.

Екіншіден, республикамыздың бас Заңы – Конституция бойынша қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеннен-ақ, ана тіліміздің өсіп-өркендеуіне білек сыбана кірістім. Маған сабақты қазақ тілінде жүргізу, дәрістерді мемлекеттік тілде оқу ұсынылды. Техника тілін, ғылым тілін бүге-шігесіне дейін қазақшалау өте ауыр болды. Бұрын сабақты орысша беріп үйреніп қалғандықтан, кей жағдайда, шынын айту керек, қолдан келмейтіндей жағдай болды. Бұл саладағы оқулық атаулының барлығы орыс тілінде.

Қазақша оқулықтар жазу үшін терминдік сөздік жасау қажеттігі туындады. Мұндай терминологиялық сөздіктерді 1959 жылы А.Ж.Машанов, 1962 жылы Ш.Ыбыраевтар жазған болатын-ды.

Қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтіреді» дегендей, тіліміз мәртебеге ие болды деп, атүсті аударып және оны оқулық етіп шығара беруге болмайтындығына көзіміз жетті. Сөйтіп, мен 1993 жылы тау-кен атауларының терминологиялық сөздігін М.Жаркенов, Ш.Әбдраманмен бірігіп жарыққа шығардық. Сөздікте өндірісте жиі қолданылатын бес мыңнан артық атаулар болды. Бұл сөздік тау-кен институттары факультеттері мен орта арнаулы кен мамандарын даярлайтын оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, өндірістегі кен мамандарына қажет оқу құралы болды.

Үшіншіден, дәріс оқи жүре мен мамандығымыз бойынша бірнеше оқу құралдарын дайындап шығара бастадым. 1993 жылы Республикалық баспа кабинеті арқылы «Геодезия», 1994 жылы сол баспадан «Геодезия және маркшейдерлік іс» атты оқу құралдарым жарық көрді. Ақжан Жақсыбекұлы менің қазақша оқулықтар жазғанымды ұнатып, ғылыми монография жазуыма себепкер болды. «Қаратау бассейні тау жыныстарының жылжуы» атты

монографияма, «Маркшейдерлік іс» және «Геомеханика» атты оқу құралдарыма пікір жазды.

Ғалымның осы бір қамқорлығын ақтай алдым да, жоқ па деген ой мені көп ойландырды.

Сөйтіп, 1968-1993 жылдар аралығында Қаратау бассейіндегі тау-кен жұмыстарының әсерінен тау жыныстары мен жер бетінің жылжу процесін зерттеуді тұжырымдап, ұстазым А.Ж. Машановтың алдында «Жартасты-жарықшақты Қаратау бассейні тау жыныстарының жылжу процесін геомеханикалық тұрғыдан негіздеу және болжау» атты мемлекеттік тілде жазылған докторлық диссертациямды ұсындым. Атаның берген батасы қабыл болсын, қорғап та шықтым.

Атқарып жатқан осы еңбектерімді бағалағандықтың айғағы болса керек, 1996 жылдың басында ҚР Жоғарғы аттестациялық комиссиядан (ЖАК) профессор атағын алдым. ЖАК-тан бұл атақты алу оңай шаруа емес, ол үшін ғылым докторы дәрежесін алғаннан соң да шыққан бірнеше ғылыми еңбектердің болуы шарт. Жоғарғы оқу орындары үшін казақ тілінде жазылған әртүрлі әдістемелер, оқулықтар да болуы керек. Осы жұмыспен шұғылданғаннан кейін соның бәрін дайындауға тура келді.

Докторлық диссертациядан кейін де ғылыми мақалаларым үзбей жарияланып тұрды. Онда кен орындарының өзекті мәселелері, заманауи маркшейдерлік-геодезиялық аспаптарды, озық техника мен технологияны өндіріске енгізу жайлары жан-жақты ой таразысына екшеліп, көпшілік талқысына түсіп жататын. Мен ғылыми жұмысымды бір сәт те тастаған емеспін.

Қаратау фосфорит бассейнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген жылдары менің қасымда С.В.Тұрысбеков, Б.С.Қасенов, Ш.С.Бекбасаров, Р.Е.Тойбаева, Ақбақай, Құмкөл, Теңіз, Ақжал, Зырян кен орындарында– Г.С.Мадимарова, А.А.Боканова, А.Мырзабекова, М.К.Жардаев, Г.М.Қырғызбаева, Х.М.Қасымқанова және т.б. болды. Санымыз аз болғанымен сапамыз үлкен еді. Ауқымды жұмыстарды тындырып жүрдік. Осылардың әрқайсысы менімен бірге әр кен орнында тәжірибе жинақтап үлкен жолдан өткен жандар. Сол күндерді әдемі бір әсермен еске аламын. Ғылымға да, өмірге де, еңбекке деген құлшынысыңның артып, талабыңның тас жарар кезі болатын. Үлкен жаңалықтарға ұмтылған, көрсем, білсем деген ниеттің көкейде көктеген кезі еді ол. Ғылыми-техниканың жетістігінен туындайтын өнертапқыштық жаңалықтардың небірін аштық-ау, сол жылдары.

Сөзіміз жалаң болмас үшін мысал келтіре кеткен жөн болар. Көп жылдық бақылаулар нәтижесінде Қаратау бассейні тау жыныстарының жаңа жылжу бұрыштарын алып, оны өндіріске енгізу сол кездегі Кеңестер Одағы бойынша үлкен жаңалық болды. Өнертапқыш екеніңді бекітетін куәлікті ол кезде Мәскеу беретін. Осы жұмысқа арнайы өнертапқыштық куәлік алуымыз дәрежемізді өсірді, беделіміз молайды және менің ғылым докторы болуыма да септігін тигізді.

А.М.Мырзабекова мен А.А.Бокановалармен бірігіп азонды ақаба суларды тазалауға, Х.М.Қасымқанова мен Г.М.Қырғызбаевамен карьер беткейлері тау жыныстарының бұзылуын алдын-ала болжау және оны бекіту тәсілдеріне,

маркшейдерлік бақылауларға арналған репердің жаңа түріне ҚР инновациялық патенттер алдық. Осы жұмыстарыдың нәтижесінде осы жастар ғылыми дәрежеге жетіп отыр. Менде осы шәкірттеріммммен бірге марқаюдамын.

Зерттеу нәтижелерімді, жаңалыққа талпынған ойларымды қағазға түсіріп жүруден жалыққан емеспін. Ғылыми еңбектерімнің бірсыпырасы сол кездегі Одақтық, өзіміздің республикалық басылымдарда жарық көріп жатты. Олар жөнінде әріптестерім, білікті мамандар пікір білдіріп жататын. Осы енбектерімнің жемісіндей ЖАК-тың шешімімен профессорлық атақ берілді.

Шынында да бұл жоғарғы атақты алу кім-кімге де оңайлыққа соқпайтын, қиыны да, түйіні де көп жолдан тұратын іс.

Бүгінде шет елдерде ғылым докторы атағының өзі біздердегі ғылым кандидатының деңгейіне тең. Мысалы, философия ғылымдарының докторы, қоғамдық ғылымдар докторы деген секілді атаулар бар.

Ал профессор деген атақты шетелдіктер өте жоғары санайды. Оның деңгейі де, дәрежесі де, абыройы да жоғары. Мәселен, Германияда профессор деген атақ сол мемлекеттің Президентінің арнайы жарлығымен ғана беріледі. Бұл деген ғылымға сіңірген еңбегі өте қомақты деген ұғым.

Сөйтіп мен ҚазҰТУ-де профессор қызметін атқарым жүріп жатырмын. Бұл менің төккен терімнің, өмір бойы атқарған еңбегімнің, тәрбиелеген шәкірттерімнің жемісін көріп, айналама сәуле шашып жүрген шағым деп санаймын. Кезінде геодезиядан кітап жазудан бұрын, мен сол пәннен сабақ беруді С.А. Шрубко мен П.А.Арушкевичтен үйрендім. Сөйтіп, «Геодезия» оқу құралы (1993 ж), әрі қарай ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен оқулық болып 2005 және 2010 жылдары жарық көрді.

Ассистенттік қызмет атқара жүре (ол кезде сабақтар орыс тілінде жүреді) «Аспаптану» деген пәннен сабақ беруді Е.П.Мастицкийден үйрендім, ол кісінің барлық лекцияларын тыңдадым, басқа топтардағы зертханалық сабақтарына бардым. Сөйтіп осы пәнді қазақ тілінде жүргізуге дағдыландым да, «Маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар» атты оқулықты дүниеге алып келдім. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамуы біздің маркшейдерия және геодезия саласына заманауи аспаптарды алып келгені мәлім. Сондықтан жарық көретін оқулықты осы заман талабына сай жазуға тура келетіні сөзсіз.

Еңбегімнің далаға кетпегенінің дәлелі, шәкірттерім: Г.Мадимарова, К.Нұрбекова, Б.Алматова, Д.Байниязовтардың ғылыми жұмыстарын мемлекеттік тілде қорғауы және монографияларымыздың жарық көруі. Шәкірттерім Г.Қырғызбаеваның «Жоғарғы геодезия», Х.Қасымханова мен Г.Мадимарованың «Инженерлік геодезия» атты оқулықтарды жазуы көп нәрсені аңғартады.

Ұстазымыз А.Машанов ірге тасын қалап кеткен «Геомеханика» пәнінен студенттерге оқыған дәрістерімді өмірмен, өндіріспен тығыз байланыстыруды алдыма мақсат етіп қойдым. Геомеханикалық процестерді зерттеуде Қаратау кен орындарындағы 20 жылдық, Ақбақай кенінінде 10 жылға жуық және Акжал карьеріндегі жиналған тәжірибе де, теориялық білім де жеткілікті. Оның бір жағы кеміп тұрса, көзге көрініп тұрады. Ал екі жағын тең ұстасаң, әсіресе, шәкірттер алдында өзіңнің жиған-тергенің нәтижесі көрініп, дәріс оқып тұрған

кезде жорғадай жортасың. Осындай кезде ұстаз ретінде өзің де шабыттанып қаласың және шәкірттердің де санасына сәуле ұялап, сергіп, серпіле түседі. Өздерінің таңдаған мамандықтарына деген қызығушылығы артады.

Менің түйгенім, қандай да болмасын теориялық білімді тәжірибеде сынап, іс жүзіне асырмаса ол есте де қалмайды, келешекте жалғасын да таппайды. Сондықтан да мен жастарға білім нәрін өндіріспен ұштастырып, сабақтастырып, байланыстырып сіңіру үшін, геомеханикалық зерттеулер саласындағы жұмыстарды жинақтап ең алдымен «Геомеханика рудных месторождений Казахстана» атты монографияны, одан кейін орыс және қазақ тілдерінде «Геомеханика» оқулығын жаздым. Оқулық Тау-кен ісі мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарында оқитын бакалаврларға, магистранттар мен PhD докоранттарға арналған және де оқулықты ғылыми-зеттеу, жобалау институттары, өндіріс мекемелері қызметкерлері де пайдалануға болады.

Ал геомеханика пәнінен зертханалық жұмыстарды орындау үшін менімен бірге сабақ жүргізетін Ш.Айтқазинова және Ы.Жақыпбектермен бірігіп «Практикум по геомеханике» атты (орысша, қазақша) оқу құралын баспаға даярладық.

А.Ж.Машанов 1994 жылы пікір жазып, жарық көрген «Маркшейдерлік іс» атты оқу құралын Ф.К.Низаметдиновпен (ҚарМТУ), Т.Т.Ипалақовпен (ШҚМГТУ) бірігіп, толықтырып оқулық етіп ЖОО қауымдастығы баспасынан жазып шығардық.

Бүгінде оқу жүйесін және білім беруді инновациялық жолға қою қолға алынды. Соның ішінде жоғарғы оқу орындарында «Геодезия және картография» мамандықтарына «Ғарыштық геодезия» пәнін оқытуды жақсарту, оның оқулықтарын жазу міндеті алға қойылды. Қолданыстағы ғарыштық геодезия оқулықтары негізінен – шетелдік кітаптардың орыс тіліндегі аудармалары немесе орыс тілінде жазылғандар. Сондықтан оқу жүйесін оқулықтармен қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты талабы болды.


Оның үстіне қазіргі пайдаланып жүрген орыс тіліндегі оқулықтардың тілі ауыр әрі пәннің ғылыми негіздері, фактілері мен мысалдары шетелдік материалдар арқылы берілген.

Мұның өзі дүниежүзіндегі аса ірі ғарыш айлағы – Байқоңыры бар. Байқоңырдан 4.10.1957 жылы алғашқы Жердің жасанды серігі және 12.04.1961 жылы дүние жүзіндегі тұңғыш ғарышкер Ю.А.Гагарин ғарышқа ұшырылған, содан бері ғарышқа 300-ден астам адам ұшса, оның ішінде қазақстандық Т.О.Әубәкіров пен Т.А.Мұсабаев сынды ғарышкерлері де бар және республикамыздағы жүргізіліп жатқан ғарыштық зерттеулердің негіздерін өз мағынасында оқыту деңгейіне сай келмейді. Осыған орай мемлекеттік тілде «Ғарыштық геодезия» оқулығын жаздым. Ол оқулықта ғарыштық геодезия ғылымының қалыптасуы, даму кезеңдері, ғарыштық аппараттар, ғарыштық байланыстар, ғарыштық барлау, ғарыштық зерттеулер, ғарыштық түсірім, ғарыштық геодезиядағы координаталар жүйелері, Жер серіктерін бақылау әдістері, ғарыштық мониторинг, қашықтан зондылау мен олардың деректерін математикалық өңдеу және геоақпараттық жүйелер технологиясының әдістері

негізінде Қазақстан аумағындағы экологиялық табиғи-ресурстық мониторинг жүйелерін құру туралы мәселелері қамтылған.

Бүгінде Қазақстан үшін ғарыш саласының алар орны ерекше. Әлем біздің ғарыш айлағымызды «Жердің бірінші ғарыштық айлағы» деп мойындап отыр. Ғарышты игеруге басталған қадамға көп уақыт өтпесе де адамзат баласы бұл бағытта айтулы жетістіктерге қол жеткізіп үлгерді. Ғарыштық зерттеулердің бүгіні мен болашағы туралы оның жалпы адамзатқа беретін құндылықтары экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсартуға тигізетін әсері жөнінде оқушыларға тереңірек, толыққанды мағлұмат беру мақсатында «Ғарыштық геодезия» оқулығы 2012 жылы жарық көрді. Осындай оқулықтар студенттердің мамандыққа деген, сол пәнге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыратыны сөзсіз.

Техникалық жоғарғы оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқу дегеннің қиындығын бейнелеп айтқанда, тыңға жол тартқанмен бірдей. Мұнда да дайын соқпақ жол. Сондықтан орыс тіліндегі атауларды студентке түсіндіріп айтып, оның мән-мағынасын қазақ тіліне аудару екі есе жұмыс істегенмен пара-пар келеді. Қазақ тілін өндіріс, техника тілінде сөйлетуге ұмтылған алғашқы ғалым-мамандардын қатарында менің де болуым абыройлы іс деп ойлаймын өзім. Біз жетпіс жыл орыс тілінде оқып, білім алып келдік. Өнер, ғылым атаулының бәрі қанымызға орыс тілі арқылы сіңді. Енді оны жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе мынау тау-кен өндірісі сияқты салаларда техникалық құжаттардың, жұмыс істейтін жобалардың бәрі орыс тілінде.



Екінші бір жағдай, ғылым мен техника жаңалықтарының бәрі орыс тілінде шығып жатыр. Дүние жүзілік деңгейде ойлағанда орыс ғылымының, орыс тілінде шыққан еңбектердің дәрежесі өте жоғары. Сондықтан тап бүгінгі жағдайда одан өзілді-кесілді бас тартуға болмайтынына көзіміз жетіп отыр. Өз тілімізбен қатар өзге тілдерді құрметтеу, оларды үйрену мәдениеттіліктің нышаны.

2000 жылы тек тау-кен-металлургия саласында ғана емес, геодезия және география ғылымдары бойынша жарық көрген қазақша-орысша және орысша – қазақша терминологиялық сөздіктер (19,20 томдар) авторларының бірі болдым.

Сол 2000 жылдан бері болған көптеген өзгерістерге байланысты 2012-2013 жылдары сол сөздіктер қайтадан қарастырылды.

Оған М.Ж.Бітімбаевтың жетекшілігімен А.Бегалинов, Т.Қалыбеков, Д.Смагұлов, Н.Нысанбай, М.Шаутенов, Қ.Рысбековтер қатысып, еңбегімізді Мемлекеттік терминологиялық Комиссия бекітіп, баспаға өткіздік. Осы кезде қазіргі ғылым мен техникада ұзақ жыл пайдаланылып келе жатқан халықаралық терминдерді казақшалау керек дейтіндер де табылып жатты. Мұндай солақай пікір, жансақ көзқарасқа қарсы тұрып, халықаралық терминдер (штрек, орт, квершлаг т.б.) сол күйінде қалдырдық. Бұл терминдер орыстың сөзі де емес, сан уақыттан бері тау-кен саласында қалыптасқан ұғымды білдіретін сөздер.

Магистратурада және PhD докторантурада шәкірт дайындау деген ұстаздың ертеңге көрсетер, елге елеулі жемісті жұмысы. Осы мақсатпен қазақ тобын үздік бітірген студенттерді масистратураға қалдырып, оларға жетекшілік жасап, ғылымның биік шыңдарына шырқауына қамқорлық жасауды өмірдегі басты парызымның бірі деп білемін. Біз де ұстаз алдын көргенбіз. Ғылыми жұмыста дұрыс бағыт беріп ұстаз бола білу деген күні ертен-ақ жалпақ жұртқа жария болар қасиетті кәсіп.

Сондықтан болашағынан үміт күттіреді-ау деген студенттерді магистратураға алып қалып ғылыммен шұғылдануы үшін үгіт, насихат жұмыстарын жүргізіп жүреміз. Бір жылдары мен оқу орнын үздік бітірген, дипломдық жұмысына өзім жетекшілік еткен Қырғызбаева Динара, Шынар Айтқазинова, Қосқанат Көпжасарұлы, Жібек Шунбаева деген шәкірттерім болды. Талабы да, таланты да бар осы жастар магистратураға түсті. Ш.Айтқазинова мен Д.Қырғызбаева магистрлық диссертацияларын нәтижелі қорғап, бүгінде PhD докторантурада оқып жүр. Ал Қ.Көпжасарұлы мен Ж.Шунбаевалардың келешегі алда.

4.4. Жұлдыз жанған шақ

Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Күн сайын қуанышқа бөлейтін сүйікті ісің болудың өзі бір бақыт. Еңбегің жанып, жұрт бағаласа жеткілікті емес пе? Бұдан асқан мәртебе бар ма?

Кейбіреулер менен наградаларың көп пе деп сұрайды. Құдайға шүкір баршылық.

Мектепте жүріп-ақ, «Қазақстан пионері» мен «Лениншіл жас» газеттерінің Көкшетеудағы тілшісі ретінде ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған едім. Университетте сабақ беріп жүріп мемлекеттік тілде оқулықтар жазғанымды бағалап ҚР жоғарғы оқу орындары Ассоциациясы «А.Байтұрсынов атындағы медалмен», ҚазҰТУ «Сәтбаев атындағы сыйлық және медалімен марапаттады.



Р.Алшановтың Ахмет Байтұрсынов медалімен марапаттауы



Д.Сүлеевтің Қаныш Сәтбаев атындағы сыйлығымен марапаттауы

«Еңбек ардагері», Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін», ҚазҰТУ-дың «Айрықша еңбегі үшін», Ресей тау-кен ғылымдары Академиясы медалдарымен марапатталдым. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Жер қойнауының үздік зерттеушісі» деген атақтарым да бар.

«Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі дүркін (2006, 2011 жж), Сәтбаев атындағы, Есенов атындағы сыйлықтарының иегерімін.



Министр Б.Айтімованың 2006 жылдың «Үздік оқытушысы» грантын тапсырып жатқаны



ҚазҰТУ-дың 2011 жылғы грантқа ие болған «Үздік оқытушылары»



«Алтын Гефест» сыйлығы





Әкімшілікте үкмет наградасын алып жатқан және біздерді құттықтап жатқан кез

Қазақстан республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалін Алматы қалалық әкімшілігінде В.Храпунов төсіме қадаған еді. Шет елге кетіп қойды деп ол награданы тақпай қомаймыз ғой, ол - Елбасының жарлығымен тағайындалған награда.

Ресей ғалымдарымен бірлесіп атқарған ғылыми жұмыстарымыз жоғары бағаланып, А.Ж.Машановтың ЮНЕСКО көлемінде аталып өткізіліп жатқан 100 жылдық мерейтойына келген Ресей ғалымдары ҚазҰТУ-дың профессорлары А.М.Бейсебаевқа, М.Б.Нұрпейісоваға, Ж.Ж.Байғоринге Ресей тау-кен ғылымдары академиясының академиктері атағын және РФ Академиясының күміс медалдарымен марапаттады.

Сөйтіп, еңбегім бағаланып үкіметтің бергенін төсіме тағып жатқан жайым бар. 2012 жылы ҚР Тау-кен металлургия кешенінің «2012 жылдың Ғалым- ұстазы»





Академик М.Е.Певзнердің РФ академиясының наргадасын ұсынып жатқаны және ұстазымыз А.Ж.Машановтың туыстары

номинациясы бойынша «Алтын Гефест» конкурсының жеңімпазы болғанымды мақтан тұтамын. Ол награданы алатын кезде шет елде іссапармен жүріп Астанаға бара алмағандықтан, ректорымыз Ж.М.Аділов ҚазҰТУ-дың Ғылыми кеңесінде тапсырды.

Ең бастысы атағыммен адаммын! 70-ке, 75-ке келдім екем деп, «мен туралы жазыңызшы» немесе «маған орден беріңізші» деп тіленбеуім. Бұдан былайғы жерде де еңбегімді сатпай, өмірден адамдық қалпымда өтсем, бұл жалғандағы бақытым сол демекпін. Мен 50, 60-жастарға келгенімді атап өте алмадым. Оның өз себептері болды. Сөйтіп жүргенде мен 70 жасқа келіп қалыппын, сонда былай деген едім

«Естуші едім басында,
Ауылы бар деп 70-тің,
Ана қырдың астында.
«Бармасам да білемін,
Ол ауылда не барын»-
Деп мен оршып жүргенде,
Жылдар жылжып кетіпті.

Айнаға аңдап қарасам,
Қызыл күрең шашымды,
Ақ қар көміп кетіпті.
Балбыраған бетімді,
Әжім басып кетіпті.
Көзімдегі ұшқыр от,
Бірте-бірте сөніпті.
Бұл не екен деп қарасам,
70 жас маған келіпті.

«Ассалаумағалейкум! Біз келдік»,-
Деп есіктен еніп тұр.
«Қорықпа»-деп қолымнан,
Ұстағысы келіп тұр.
«Ол ауылда сый-құрмет,
Көрерсің оны кезінде,
70–те емес мәселе,
Бар мәселе өзіңде»-
Деп ол мені үгіттеп,
Алып жатыр ерікті,
70 жас маған келіпті.

Мен «мен» деген сөзді көп айтып кеттім. Адамға «мен» деген сананы мақтан үшін емес, өз кінәңді өзің «мен істедім» деп мойындау үшін берген деседі. «Менді» дұрыс қолданғанда–ізгілік, теріс қолданғанда менмендік туары аян. Мен осы «мен» деген сананы қалай қолданым жүрмін деп те ойланамын кей кезде.

Жоғарыда айтылып кеткен марапаттарыма қарап, біреулерге менің жолым раушан гүлі төселген тегіс жол секілді болып көрінеді. Бірақ раушан гүлі тікенсіз болмайды ғой. Мен өмір

бойы осы тікенектермен алысып, жолыма бөгет болмасын деп ерінбей еңбек етуге тырысып бақтым. Кейбіреулердің тер төкпей-ақ жолдары бола қалады. Ондай тағдыр біздің маңдайға жазылмапты.

Тікенектердің пайда болуына менің құдай берген мінезім де себепкер болды. «Мінезі бір қалыпты адамдардың өмірі де жайма шуақ болады» деген даналық ой бар. Орыстың «Характер» деген сөзі «қара тер» мағынаны білдіретін сияқты. Қара тер–Төзімділік. Теріңді төгіп еңбек ету. Сол «Характердің» (мінездің) қандай екендігін мына бір жыр жолдарынан тани аласыздар:

Кей мінезім –сұлу қыздың назды үні,
Кей мінезім –жадыраған жаз күні.
Кей мінезім – қара дауыл борандай,
Кей мінезім - атылады долы аңдай.

Кей мінезім – ашу, ыза өскені,
Кей мінезім – бұлттың оңға көшкені
Кей мінезім – самал желдің ескені,
О, достарым! Ренжітсем кеш мені!

Иә, мінезім осындай.... Кей кезде «Бір елі ауызға екі елі қақпақ қой» дегенді ескермей, ойымызға келіп тұрғанды тежемей айтып салатын, содан «тікенек» табатын болдым.

Адамның жауы –өзінің тілі. Оны екінің бірі тұсаулай алмайды. Тіл үнемі тордан шығуды аңсайды. Егер босатып жіберсең, ол өзіңе «тікенек» болып қадалатынына көзім жеткіздім. Әрбір өткен жол мен тіршіліктің мінсіз болмайтынын ескерсек, әркім өз өрісінде ой түйеді. «Періштенің де бес міні бар» демей ме кемеңгер бабаларымыз. Еңбек еттік, талаптандық. Олқылық та болған сияқты. Ештеңе жасамайтын жан ғана қателеспейтінін ескерсек, біздің білместіктен жіберген кемшіліктеріміз болуға тиісті, ал біле тұра бұра тартқан кезіміз болған жоқ.

Кемшіліктерді мойындаудың өзі ерлік деп есептеймін. Осы мінезден сүріндім де, жығылдым да, бірақ қайта тұрып, осындай дәрежеге «тікенектер-мен» күресе жүріп, адал еңбегіммен жеттім. Әділдіктің жолы ауыр деген Мұзекеңнің сөзіне қосыламын. Өйткені әділдіктің жолын бөгейтін, Омар Хаям:

Білімді сыйлы болған әлімсақтан,
Білімсіз бұл тірлікте арын сатқан.
Заманда алаяқтар асқақтайды,
Ақылың арзан болса сарымсақтан, – айтқандай жандар жанымызда жүр. Қазір «Мылтықсыз майдан жүріп жатқанын» ұмытпаған жөн.

Биыл мен 75 жасқа толдым. Менің жемісім де, жетістігім де айналамдағы адал адамдардың еңбегіне байланысты, мені осындай дәрежеге жеткізген осы өскен ортам. Менің ойымда тек қана маған адалдық жасап, көмектескен адамдардың ісі ғана қалыпты, ал жамандық жасаған адамдарды ұмытып кеткім келеді. Өмірде неше түрлі жағдайлар бастан өтті ғой. Атқарып жатқан жұмыстарыма қарап айналамдағы кейбіреулер қызғаныштық жасағандар да болды. Екіжүзділікті қойсаңшы, көргенде құшақтап «Маржан Байсановна, Сіз біздің мақтанышымызсыз» дегенді айтып, мақтамен бауыздап кетеді ғой!

Десек те, әлемде өте үлкен өзгерістер болып жатыр, біздер соның куәгері болып отырмыз. Оның ішінде мен де бармын. «Бақыт–әрбір адам ұмтылатын мақсат»–деген әл-Фараби. Мен сол мақсатқа жеткендеймін, демек бақыттымын.

Біріншіден, мен академик Ө.А.Байқоңыров директор болып тұрған кезде КазТКМИ оқуға түсіп, оны тамамдадым. Ұлы ұстаз А.Машановтың ғылыми жетекшілігімен ғылым кандидаты, ғылым докторы болдым. Бұл бақыт емес пе?

Алтын ұям–ҚазҰТУ-да аянбай еңбек етіп келе жатырмын. 50 жылдан бір орында жүріп елеулі оқиғалардың куәгері болдым. Ол жылдар менің өміріме өшпейтін із қалдырды. Желтоқсан айында Алматыдан басталған ел тәуелсіздігі бүгінде арқадағы Астанада салтанат құруда. Мен сол желтоқсан уақиғасының да, менің туған өлкем–Сарыарқадағы Астананың асқақтағанының куәгері болдым. Мен үшін бұл да бақыт.

Қазақтың бір қызының басына лайықты атақ-дәреженің бәріне ие болдым. Еңбегімнің жанғаны бақыт емей немене? Жыл сайын Мемлекет таратпынан алатын гранттың арқасында шет елдерге барып, халықаралық конференцияларға қатысуға мүмкіндік алып жүрмін.

Біздерді алғаш халықаралық конференцияға (Мәскеуге) алып барған ұстазымыз А.Ж.Машанов болды және оған шәкірттерін: Б.Жарқымбаев, Ш.Бекбасаров, Ж.Орманова және мені алып барған-ды. Сол конференцияда П.А.Рыжов, В.А.Буркринский, В.И.Борщ-Компониец, М.Е.Певзнер, В.Гудков сынды ғалымдармен таныстық. Бұл конференциядан біздер көп нәрсе түйдік, үлкен әсер алдық.

Бұрынғы одақтас республикалар Өзбекстан, Қырғызстан және Ресейде болатын конференцияларға қатысып жүреміз. Біз білетін және бізге беймәлім көрші елдермен араласқан өте қызық екен. Конференциядан кейін жалғыз Ташкент қана емес, Самарқанд, Бухараны қыдыртып, Новаи кен өнеркәсібімен таныстық. Бұл сапарда С.Галиев,А.Кенжебаев, Ф.Низаметдиновтер да болды.



П.А.Рыжов пен В.А.Букринский А.Машановтың аспиранттарымен Мәскеу конференциясында




Ташкенттегі халықаралық конференция. Академик В.Рахимовпен бірге



Академиктер.И.Айтманов және В.Рахимовтармен бірге

Ташкенттегі, Бишкектегі конференцияларда академиктер И.Т.Айтматов, В.Р.Рахимов, К.Ч.Кожагулов, С.Усманов, В.И.Нифадьевтармен араласып, пікір алысқанымыз естен кетпейді. Осындай араласулардың өзі бір бақыт емес пе?

Таврия техникалық университетіндегі (Украина, Алушта) халықаралық конференцияға жылда барамыз. Бұл конференцияға бұрынғы ТМД елдерінің тау-кен, механика, математика саласындағы ғалымдары (С.В. Кузнецов, И.В.Милетенко, В.П.Шевченко, А.Ф.Булат, И.М.Батугина, М.А.Иофис және т.б.) түгел қатысады.




Украинаның Алушта қаласында өтетін халықаралық конференциядан көрініс

Ресей ғылымдар Академиясы «Жер қойнауын кешенді игеру институтының» дәстүрлі «XXI-ғасырда жастардың көзімен жер қойнауын игеру мәселелері» атты конференциясына жастарды алғаш өзіміз ертіп апаратын едік, соңғы жылдары магистранттар мен PhD докоранттарды біліктілігін көтеруге жіберіп отыратын болдық. Бұл жастарға деген қамқорлықтың бір нышаны.




Академик К.Н.Трубецкой, В.А.Чантурия, И.В.Милетенколардың жас ғалымдармен кездесуі

Мұндай халықаралық форумдар мен конференциялар өзіміздің Қазақстанда да жиі өткізіліп тұрады. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ геодезистердің халықаралық федерациясының мүшелігіне енген бірден-бір жоғарғы оқу орны. Сондықтан ол федерацияның кезекті форумын 2012 жылы Алматыда өткіздік. Оған дүниежүзінің 10-нан астам елдерінен (Швейцария, АҚШ, Қытай, Германия, Израиль, Чехия, Ресей, Монголия, Азербайжан және т.б.) өкілдері келді. Осы форум барысында кафедрамызда заманауи аспаптармен жабдықталған «Жер қойнауы ресурстарын игерудегі кеңістік геоақпараттарын жинау және өңдеу зертханасы» ашылды.





Геодезистердің халықаралық федерациясы формумы 2012 ж. Алматыда өткізілді

Зертханада жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарымыздың нәтижелері жыл сайын қаңтар айында Мәскеуде өтетін «Кеншілер апталығы» және көктемде өтетін Қазақстанның «Маркшейдерлер одағынының» форумдарында қаралып талқыланып отырылады.



Қазақстанның «Маркшейдерлер одағы» бірлестігінің халықаралық форумы

Сөйтіп, біздер алыс шет елдерге (Болгария, Германия, Франция, Араб эмираттарына, Чехия, Польша және т.б.) конференцияларға барып, пікір алысып, ол елдерді көріп, өзіміздің Қазақстанның жетістіктерін айтып жүрміз. Мәселен Чех Республикасында болған конференция барысында әсем қала Праганың талайға таңдай қақтырған тар көшелерімен, тарихи ескерткіштерімен таныстық. Орта ғасырда салынған Карл көпірі қаланың жаңа және көне тарихи аудандарының арасын жалғастырып тұрады екен. Алғашқыда «Прага көпірі» көпірге 1870 жылы өзінің негізін қалаған Карл IV патшаның аты беріліпті. Көпірдің ұзындығы –516 метр, ені–10 метр. Күн сайын осы көпірдің үстімен мыңдаған турист жаяу жүріп өтеді екен.

Ал «Орлой» деп аталатын ортағасырлық сағат Прагада алаңдағы ратушаның қабырғасына орнатылған. Өте ерекше сағат жылды, айды, күн мен уақытты, Күннің шығуы мен батуын көрсетіп тұр. Әр сағат соғылған сайын мұнара бетінде ортағасырлық қуыршақ шағын қойылымдары көрсетіледі. Кішкентай терезелерде орналасқан «періштелер» орын алмастырып болған соң, қойылым соңында әтеш шақырады. Бұл–ғасырлар бойы адамзатты таңдандырып келе жатқан ғажайып сағат екен.





Прага сапарынан түйген ойлар, қалған белгілер



Карловы Варының суы-ай!

Біздің Прагадағы экскурсиямыз IX ғасырдың соңында қаланған «Пражский град» қорғанын аралаумен және атақты чех шынылары музейімен танысумен

аяқталды. Праганы бір күн жаяу аралап, бел ауырып, аяқ бастырмай қалғаннан кейін, «Карловы Вары, қайдасың?» деп жолға аттандық.

Карловы Варыда ат шалдырып алып, Мемлекеттік гранттың арқасында Францияда өткен «Ғарыштық аспаптар мен технологиялар» көрмесіне қатысып, үлкен әсер алдым. «Бастан асып барады қарыз деген, Арман болып барады Париж деген» деп Аманжол ақын жырлағандай таңғажайып тарихқа толы, әлемге әйгілі көркем қала Парижды армансыз бір күн араладым. Париж дегенде айтарым: Мұстафа Шоқайдың ізі қалған, күш атасы Қажымұқанның бағы жанған, Әміренің әні шарықтаған Париж! Сұлулық пен сымбаттың, үйлесім мен үндестіктің үлгісіндей Париж! Орыстың бір ақыны «Парижді көру керек те, өлу керек» деген Париж! Көрдік. Құдайға шүкір, онда бардың барлығы өзіміздің Астанада тұр ғой. Өлгеміз жоқ, қайтып Отанымызға келдік.

Экскурсия Монмартр төбешігіне 1870 жылы Пруссия басқыншыларынан Парижды босатқан жеңістің құрметіне салынған «Сакре-Кер» базиликасынан басталды. Бұл француз классиктерінің іздері қалған жер екен. Франция елі мен Қазақстан бір-біріне ұқсас па деп қалдым. Француздардың «Ақындар провинцияда туады, Парижде өледі» дейтін белгілі мәтеліне сәйкес, қазақ елінің «Ақындар ауылда туады, Алматыда өледі» деп түрлендіргені құлаққа жағымды тиеді екен.

Алған әсер көп. Елисей арқабын, Эйфел мұнарасын, Нотр Дамды,Жеңіс Аркасын, ең соңында Луврды араладық.



Монмартрдағы базилика



21 қабаттан түсірілген Эйфель мұнарасы



Нотр-Дам де-Пари

Айтарым, біздің Астана тақиямызға тар келмейді, Париждан кем емес. Астанадағы «Бәйтерек» Эйфель мұнарасынан кем бе?! Астанадағы биіктігі 20 метрлік «Мәңгілік ел» қақпасы Шарль де Голль алаңындағы «Жеңіс Аркасынан» қай жері кем?! Ол да біздің тәуелсіздігімізді, елдігімізді асқақтатып тұрған жоқ па?»

Пирамидалардың көкесі Мысыр елінде салынғаны баршаға белгілі. Биіктігі 238 м. атақты Хеопс пирамидасымен салыстырғанда Үлкен Луврдағы биіктігі 21 метрлік Пея Пирамидасы түкте емес.

Астанадағы Пирамиданың сырт тұлғасы Египеттегі алып құрлыстарға ұқсағанымен, оның ішкі мазмұны мен салыну мақсаты тек тіршіліктегі адамдарға арналған. Астанадағы Пирамида (биіктігі 75 метр) Қазақстандағы

ғұмыр кешіп жатқан 130 ұлттың және 40-тан астам конфессиялардың келісімдері мен татулықтарының да символы. Сондығынан ол Бейбітшілік пен келісім Сарайы деп те орынды аталды.



Берлиндегі конференция. Т.В.Новиковамен


Қырымдағы Ливадия сарайы

Германияның конференция өтетін Висбаден деген қаласы ықшам екен. Жалпы Еуропа қалаларының арасы біздің бір ауылдың арасындай, жолдары тегіс. Осы жерден Венаға бармай кету күнә. Сөйтіп мен автобуспен Венаға келдім. Вена–Моцарт, Бетховен, Шуберт, Штраус сынды атақты композиторлар тұрып, еңбек еткен Австрияның астанасы. Австриялықтардың ұлттық әуендері – Вена вальстері. Вена музыка бесігі деген атпен белгілі. Зальцбург театрына арнап В.А.Моцарт 11 жасында музыка жазған екен. XVII ғасырда Италияның опера оратория және шіркеу музыкасының шеберлері Венада жұмыс істеді. Бұл Венаның ірі опера өнері орталығына айналуына әсер етті. XVIII ғасырдың ортасынан бастап аспаптық музыка дамып Й.Гайдн, В.Моцарт, Л.Бетховен бастаған Венаның классикалық музыка мектебі пайда болды. XIX–ғасырда Австрия вальстың отаны атанды. Оның негізін салушылар Штраустар әулеті болды.




И.Штраустың және В.А.Моцарт ескерткіштері


Абу-Дабидағы Эмират Палас отелі

Венада бір тәулікке жетпейтін аз уақыттың ішінде Әулие Стефан шіркеуін аралап, Моцарттың, Иоганн Штраустың ескерткіштеріне бас иіп, кешкісін Мемлекеттік операға барып Моцарт пен И.Штраустың концертін тыңдадық.

Біріккен Араб Эмираттарының Дубай қаласында бір байқағаным, келушілердің басым көпшілігі отбасымен, тіпті ата-әжелеріне дейін ертіп алған орыс ұлтының өкілдері. Іштей неге біз де осылай бала-шағаларымызбен жүрмейміз деген ой келеді. Ұрлық-қарлық деген түсінік мүлдем жоқ деуге болады. Түнгі сағат неше болса да, қаланың ішінде еркін қыдырып жүре беруге болады. Осылайша, өзімізді қиял әлемінде жүргендей сезіндім. БАЭ орталық қаласы Абу-Дабиға саяхатпен бардық.

Абу-Дабиға Гиннестің рекорттар Кітабына кірген, дүниежүзіндегі ең қымбат мейманхана бар екен. Отельдің бір жетілік құны 1 миллион АҚШ доллар тұрады дегенді жадыма сақтап қалыппын. Біздің жетекшіміз отель бастықтарымен келісіп, 12 адамды бір сағатқа ішіне кіргізіп аралатты.

Жоғарыда Астананы Парижбен салыстырған едім, соған орай әсем қаламыз–Астана, табиғаты сұлу –Бурабай, Баянауыл, Шарын шатқалы, Көлсай айта берсек көп қой, соларды неге көрсете білмейміз. Астанаға барып, саяхат жасамаған адам жоқ шығар, алайда алғаш Астанаға барғандар керемет бір әсерде болады. Зәулім ғимараттарына қарасаң, өзіңді Дубайда жүргендей сезінесің. Саяхатты Хазірет Сұлтан мешітінен бастап, Бәйтерекке көтерілсеңіз бүкіл қаланы шыңынан көре аласыз, Ханшатырына барсаңыз қалаған нәрсеңізге қол жеткізе аласыз. Думан ойын-сауық орталығына барсаңыз «Океанариум» мен «Джунглиді» де көре аласыздар. Мұның өте ғажабы, өзіңді джунглиде жүргендей, теңізде жүзгендей әсерде боласыз.

Көптеген елдерді іс сапарларымен аралап жүріп, әр ел өздерінің әр дәуірде қол жеткізген мәдени жетістіктерін , ескерткіштерін қыруар қаражат табудың көзіне айналдырып отырғанына көзім жетті. Әлемнің қай мемлеті болмасын, елінің тарихы туралы сыр шертетін рухани және материалдық құндылықтарға келгенде, өзге шаруаны жинап қоятын сияқты. Мәселен, біздің әр аймақтарымыздағы архитектуралық құндылықтарымыз: Қошқар Ата құлыптасы, Арстан баб кесенесі, Айша биби, Қарахан, Қожа Ахмет Иасауи және т.б. күмбездерімізді, Бурабай, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жер сұлулығымен көз тартатын жерлерімізді шетелдіктерге неге көрсетпеске.

Бүгінде Қазақстан Республикасы экономикасының басты бағыты -қазба байлықтарымыз игеру екені белгілі. Жалпы,әйтеуір бір кезде пайдалы қазбалардың таусылары дәлелдеуді қажет етпесе керек?! Сондықтан бүгінгі күні «Асың бар да ел таны беріп жүріп, атың бар да ел таны желіп жүріп» дегендей, ішкі және сыртқы туризмді дамытсақ, аймақтық экономикаға қуатты серпін берері сөзсіз.

Мен шетелдерге іс сапармен барыстарымды осымен аяқтағым келді. Жаза берсем әр елге барғаным, көргенім, түйгенім бір-бір кітап. Бүгінгі Қазақстандағы адам мен адам арасындағы жарасым, ұлт пен ұлт арасындағы үйлесім таптырмайтын қасиет. Омар Хаям айтқандай, «жақсылармен әрбір жүздесу –жылға бергісіз өмір» деп, ондай ұлы адамның әр сөзі, жанға азық, болашаққа ғибрат.

Ендеше, Үкімет тарпынан мынандай қамқорлыққа ие болып, 75 жасқа келсем де, барайын деген жеріме барып, жер танып, ел танып жүргенім менің жұлдызымның жанғаны деп есептеймін. «Қартаю үшін көп ақыл керегі жоқ

екен, ал ақшашты қария болу үшін көп нәрсе керек екен» дегендей, алда да осы сергектігімен елге еңбек етіп, бала-шағаның аман-есен болғанынан артық қандай бақытты қартаю бар деп ойға шомамын.

Сондықтан да, «*ақ шашты мынау елемей, көңілді бөлмей мұңға да еш, 75 жас деген немене - үш рет келген жиырма бес*» деп жүрген жайым бар.

Биыл алтын ұямыз ҚазҰТУ-дың 80 жылдық мерейтойын атап өтпекпіз, осы тойға мына өлеңімді арнадым:

Білім іздеп алғаш ашқан есігім,
Талайларды әлдилеген бесігім.
Ұшып шыққан осы ұядан шәкірттер,
Ақтап жүр ғой Қаныш ата есімін.

ҚазҰТУ-ым төрім менен төсегім,
Шешілмеген теңдерді мен шешемін,.
Толқыныңа арманымды орап ап,
Сенің терең теңізіңді кешемін.

Сен марқайып 80 жасқа жеткенде,
Асқар биік белес асып кеткенде.
Барды айтып, бағыт сілтеп жастарға,
Қарап қоям мақтанышпен өткенге.

Сенде жүрсем көтерілер көңілім,
Түпсіз жатқан білім екен өңірің.
Инеменен құдық қазып тынымсыз,
Оқып жүрмін Мектебінде өмірдің.

4.5. Ұстаздық еткен жалықпас

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігі баршаға белгілі. Ендеше, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттеріміздің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек дер едім.



Десек те, XXI ғасыр білім мен технологияның ғарыштап даму ғасыры. Бұл құбылыс талантты тұлғаларды, өз ісінің саңлақтарын тәрбиелеуді өте-мөте қажет етеді. Демек, қару-жарағы қуатты, қазба байлықтары мол, аумағы кең ел мықты емес, таптырмас талантты тарлан тұлғалары кез келген саладан табылып жататын мемлекет күшті болмақ. Себебі, бар байлық, мол капитал, асқан мықтылық XXI ғасырда білімде және

ғылымда болмақ.

Халық даналығы «Ғылым баршаны асырайды»–деп үйретеді. Өйткені «Ғылым жолы –даңғыл жол» деп саналады. Мәселен, Оңтүстік Кореяны электроника ғылымы; АҚШ пен Жапонияны автомобиль өнеркәсібіне байланысты техника ғылымы, ал Қазақстанды оның қазба байлықтарын ашып отырған геология және оны қазып алып халық игілігіне жұмсап отырған тау-кен ғылымдары «асырап» отыр деп айтуға болады. Біздің ғалымдарымыз басқа ел ғалымдарынан артық болмаса кем емес.

Тау-кен ілімі–өзгеше ілім. Ұстаздар үшін тау-кен ісі мамандарын даярлау, жер қойнауының тылсым сырын саралай білетін саңлағын баулу –қиын процесс. Міне осындай кезде, жарты ғасырдан астам ұстаз болған, алдыңғы буын аға өкілдер–біздер мен жастар арасында үндестік жойылып бара жатқанына күдіктенеміз. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да тәжірибелі ұстаздар жеткілікті. Ұстазы жақсының–ұстамы жақсы дейді халқымыз. Жақсы ұстаздардан неге үйренбеске? Кейде мына біздер дәріс оқып жатқанда жанымызда неге жас шәкірттер жүрмеске? – деген ой келеді. Себебі олар біздің болашағымыз, аға ұрпақ ісін жалғастырушылар. Ал оларға тәжірибеміз бен біліміміздің беру, үйрету – біздің ағалық-апалық парызымыз емес пе?

Осындай тәжірибелі, ұлағатты ұстаздан эстафета алғандай, «Машановтың кафедрасы» деп аталатын осы ұжымды Бақыт Молдағалиұлы 20 жылдан астам басқарды. Сол жылдары кафедра 5 мамандықты даярлайтын дәрежеге жетті. Кейінгі 5 жылда айрандай ұйып тұрған кафедрамыз басшылықтың қолымен талан-таржыға түсті, екі кафедраға бөлінді. Соның салдарынан үш мамандықтан айрылдық. Бүгінде билік те, басқару тетіктері де өз қолымызда болса да «Балапан басына, тұрымтай тұсына» тартқан заман болды. Кеше ғана «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» дейтін едік, енді бүгін бәрінің мағынасы өзгерді. Талай құндылықтар көз алдамызда тып-типыл болды. «Басы ауырмастың қасында жаны ашымас жүреді» деген рас екен.

Осы жағыдай аға ұстаздардың жанына батты. Бармаған, жазбаған жеріміз, баспаған тауымыз жоқ. Д.А.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген естелік кітабында «Заман» азса, Тіл сөйлемес, Пұл сөйлер...» - деп жазғандай заман да, адам да азып тұр. Үйретерінен күйретері көп сырты жылтыр, іші сылдыр ұстаздардың бар екені де жасырын емес.

Осындайда істің көзін таба білетін ойшыл іскер басшы керек, оның болмағанына «Адамның келеді екен жылағысы» деп Ғафу Қайырбеков жырлағандай көңілің босап, қынжылады екенсің. Тура айтып туысыңа жақпайсың, шындықты айтамыз деп, жаманатты болдық.

Тағы бір айта кететін жәйіт, ол министрліктің жоғарыдан ұсынып отырған мамандықтар классификаторы. Мәселенки, министрлік «Тау-кен ісі» деген бір-ақ мамандық бекіткен. Ол кім болып шығады? Оның ішінде «Маркшейдер» деген сөз жоқ. Олардан барған жұмыс орны жас мамандардан «Маркшейдер» мамандығын бітіргені туралы қосыша анықтама сұрайды. Осы мәселе туралы, яғни «Маркшейдерлік іс» мамандығын «Тау-кен ісі» мамандығынан бөлу туралы министрлікке бірнеше рет өтініш-хаттар жолданды, міне 5 жыл болды осы мәселе әлі шешілген жоқ. Себебі, министрлікте тау-кен ісі

мен маркшейдерлік іс мамандықтарының біріктірілмейтінінен хабары жоқ адамдардың отырғандығы. Меніңше осындай жағдайларға (университет ішіндегі және министрліктегі) төтеп беретін күш–өндіріс орындары мен жоғарғы оқу орындарының бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруы. Бүгінде кафедраны қайтадан қалпына келтіру үшін ұжым аянбай еңбек етуде.

☆☆☆☆☆

«Ат тұяғын тай басар» деген қағида бар. Бүгінде Тау-кен-металлургия институтының директоры **Қанай Бақытұлы Рысбеков**. Ол Ұлытаудың ұланы.



Қ.И.Сәтбаев бір сөзінде: «Орыстарға Кремль қаншалықты қасиетті көрінсе, қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қадірменді» -деп айтқанындай, Ұлытаудың өрендерінің барлығы көзіміздің алдында. Ұямыздан ұшып шыққан, ұланымыз-Қанай сол ұлытаулық өрен ағаларының біріндей болады деген үміттеміз.

Қ.Б.Рысбеков ҚазҰТУ-дың тау-кен факультетін Маркшейдерлік іс мамандығы бойынша тамамдап, еңбек жолын оқытушылық қызметтен бастаған.

Аспирантураның күндізгі бөліміне түсіп, ғалым Т.Қалыбековтің жетекшілігімен ғылым кандидаты дәрежесіне ие болды. Міне содан бері «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушы, доценті болып жұмыс істеп, 2008-2010 жж.–Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен институты директорының орынбасары. 2010–2011 жж. осы институттың директоры. 2011 жылдан Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институтының директоры болып жұмыс істейді.

ҚазҰТУ-дың «Құрмет грамотасымен», ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталған. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Халықаралық Ақпараттандыру академиясы, РФ Тау-кен ғылымдары академиясының академигі.

Қанай Бақытұлы өзі жаңаша ойлай білетін ұстаз. Бүгінде оқыту-тәрбие үрдісі көп өзгеріске ұшырап отыр. Міне осы жағдайда ұстаз Қ.Б.Рысбеков қазіргі ғылыми-техникалық прогресс дәуіріне сай теледидар, дистанциялық оқу, компьютер, интернет сияқты арналарды пайдаланады. Ол бұрын жұлдыздарға қарап бағытты анықтай білетін, жеті қарақшыға қарап жолды, үркерге қарап ауа райын болжай білетін ауыл жастарына ғаламдық қазіргі GPS жүйесін жеткізе білдіріп және оларға арнап «Жерсеріктік навигациялық жүйелер», «Геодезиялық аспаптар», «Маркшейдерлік аспаптар» оқулықтарын жазып тәнті қылып жүрген ұстаз. Бүгінде өзі ұстаз болып жүрсе де ол ұстазы Т.Қалыбековтың алдында шәкірт.

«Ұстаздық еткен жалықпас» дегендей Т.Қалыбеков шәкірті Қанаймен бірігіп «Экологиялық энциклопедия», «География және геодезия» «Маркшейдерия при разработке нефти и газа» атты кітаптар жазып, оның ғалымдық жолда жетілуіне жебеу болып жүрген ұстаз. Баламыздай болып жүрген Қанай Бақытұлына:

Қатты сөйлеп көрмеген,

Ашулануды білмеген.
Мінезімен сабырлы,
Бәрімізге әр кез қадірлі.
Қашан көрсең жүзінен,
Ізеттілік сезілген,
Кейінгі сіңлі, інілер,
Үлгі алсыншы өзіңнен, – дейміз де.

☆☆☆☆☆

Бүгінде «Машанов» кафедрасының тізгінін өзімізден ұшып шыққан, кандидаттық диссертациясын Ж.Ж.Байғориннің жетекшілігімен қорғаған, диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы болып, жоғары дәрежелі ғылыми мамандарды даярлауға үлес қосқан доцент **Омар Абдуллаұлы Сарыбаев** алып отыр. Омар Абдуллаұлы ұжым ішінде азаматтық ажарымен, орнықты кішпейіл, ақпейіл мінезімен, адалдығымен еңбеккерлігімен танымал, еңбегі барлығымыздың көз алдымызда өтіп жатқан және кафедраны өркендетуді өзінің парызым деп білетін жан.



Қасиетті Түркістанның 1500 жылдық тойына дайындық кезінде ер түріктің қаны бар қазақ атаулы жұмыла кіріскен жоқ па? Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Машановтардың ЮНЕСКО аясында 100 жылдық мерейтойлары аталып өткенде бүкіл Қазақ елі үлес қосқан жоқ па? Кеше ғана Ө.Байқоңыровтың 100 жылдығын университетіміздің қалай өткізгені де белгілі.

Тойдың болғанынан боладысы қызық дегендей, биыл университеттің 80 жылдығына кафедрамыздың 80 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келуі, жаңадан ғана кафедра меңгерушілігіне тағайындалған О.А.Сарыбаевқа ғана емес, мына суретте отырған біздерге үлкен сын. Бұл барлығымыздың басымызды қосатын, бірлігімізді көрсететін іс-шара деп білемін.



Біріншіден, Омар Абдуллаұлы ұжымға сенім артып отырса, екіншіден осы ұядан ұшып шығып өндірісте қызмет атқарып жүрген, кафедраның жанашырлары әрі достарына арқа сүйеп отыр. «Сен маған досыңды көрсетші, өзіңнің кім екеніңді айтып берейін» дейді ғой

даналық. Айналасын таспен емес, доспен қоршай білген, көпшіл Омардың Б.Төлеуов, Е.Кәрібаев, С.Қыдырманов сияқты достары өздерінің Альма-Матерлерінің шараларынан тыс қалған емес.

Арнасы кең өзен сабырмен ғана ағады,

Еңбек еткен адамға халық берер бағаны, –

дегендей Омар Абдуллаұлы аз уақыттың ішінде, Машанов атындағы аудитория алдына ескерткіш тақта қоюға рұқсат алып, оны тапсырыспен жасатып та қойды. Ескерткіш тақта ашылатын күні «Машанов оқылымдары» атты конференция өткізуді жоспарлап отыр.

ҚазҰТУ-дың «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының 80 жылдығына Мәскеуден шығатын «Маркшейдерия и недропользование» журналының қыркүйектегі нөмірі, «Қазақстанның тау-кен журналының» бір нөмері арналатындығына келісіп қойды. Сөйтіп, бұл істерді де біршама дөңгелетіп тастағаны бар.

Мақсат пен атқарылатын іс бір арнаға тоғысса алынбайтын қамал жоқ. Алған ісін жүзеге асырмайынша тыным таппайтынына қарап, біздер «Арық айтып, семіз шықса екен» деген ойдамыз және де Омар Абдуллаұлына:

Ортамызда қадірлісің, сыйлысың,
Ел таныған азаматтың бірісің.
Білеміз біз, еш кетпеген еңбегің,
Атақ, абырой сол еңбекпен келгенін.

Аса берсін, арта берсін мерейің,
Біз өзіңді тек биіктен көрейік.
Біздің Омар – азамат деп ардақты,
Мадақтайық, мақтан етіп жүрейік! – демекпіз.

☆☆☆☆☆

Қаншама игі жақсылармен танысып жүріп олардың арасынан тілектестер, ниеттестер табасың. Оны сен, сені ол түсінетін ізгі жандармен қатарың толып, көркейіп, гүлденіп жүресің, шалқып-тасып жадырайсың. Кей кезде жалт бергіш жабылар мен табансыз ібілістердің пүшаймандық қылықтарынан, маса шаққандай болмаса да, шайыласың. Осындайда «Адам күні –адаммен» дейтін қағиданы елеп-екшелеп, түбіріне терең бойлайсың.

Адами қасиеттерді тәрбиелеуде жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыру басты орын алады. Соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі бір-біріне сай, жан-жақты дамыған тұлға қалыптасады. Осындай тұлғалардың бірі емес, бірегейі кафедрамыздағы ұстаздардың ұстазы– профессор Бақыт Молдағалиұлы Жарқымбаев. Ұстаздың жолы өте ауыр, бейнетті жол. Оны тек ұстаздар ғана түсініп бастан кешіреді. Ақиқат бір нәрсе бар, ол ұстаздың мақсаты–адам тәрбиелеу. Ол педагогикалық шеберлігі шыңдалған, психологиялық біліктілігі биік, ой-өрісі, сөйлеу мәдениеті, танымдылық қабілеті жоғары деңгейдегі тұлға.

☆☆☆☆☆

Кафедрада кезінде Мәскеу геодезия және картография инженерлер институтын тамамдаған, ғалым Т.Қалыбековтың жетекшілігімен «Геодезия» мамандығынан кандидаттық диссертациясын қорғаған, профессор **Валерий Алекссевич Хан** жұмыс атқарады.

Валерий Алекссевич геодезия және картография саласының қас шебері. Ол оқу-әдістемелік процестердің жұмыс бағдарламаларын жасау, оның ішінде студенттерге ұсынылатын таңдау пәндері (элективтік) бүгінгі ғылымның ұстанымдарына сай және ертеңгі маманның сұранысын өтейтіндей білім қорын қалыптастыратын жаңа бағыттағы пәндер болу керектігін қатаң талап ететін бірден-бір ұстаз. Бірнеше жыл өндірісте қызмет атқарған. Дәріс оқығанда теория мен тәжірибені бір-бірімен ұштастыра біледі.

Денис Тен бронзаға жетіп, қуанышымыз қойнымызға сыймай жатсақ, профессор В.Хан: «Дарын Тенбаевқа қуанып жатырсыңдар ма?»-дегені. Мен: «Ол Тенбаев болса, сені Ханбаев деп атайық» дедім. Сонда ол: «Ханға» «бай» деген жұрнақты жалғауға болмайды. Мен Ханмын» деп шегелеп қойғаны. Шын мәнінде де, оның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы–бір хан сияқты. Содан өз арамызда оны «профессор Хан»деп атап кеттік.

☆☆☆☆☆

Украинаның нағыз батысында туып-өсіп, жоғары білім алып, долдамамен Қазақстанға келіп, көпжылдар өндірісте еңбек атқарған ***Ева Васильевна Плотникова***, бүгінде мол тәжрибесін студенттерге беруде. Білім беру саласындағы мәселелерді шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Өркениетті елдердің заманауи техникаларын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу- бүгінгі күннің мақсаты. Бүгінде біздің қара шаңырақ заман талабымен үндесіп жұмыс жасап жатқан жайы бар.Міне осы үрдісте, жасы келіп қалса да, жастарға өнеге көрсетіп, алдыңғы қатарда келе жатқан ұлағатты ұстаздардың бірі. Біраз жылдардан бері қызмет етіп келе жатқан Е.В.Плотникова «Геодезия» пәні бойынша республикалық олимпиадаларға студенттерді дайындап, жүлделі орындарға ие болып жүр.



Қазақстандық болып кеткен(бала-шағалары өз орындарын Алматыдан тауып, немересін қазаққа тұрмысқа беріп отырған) Ева Васильевна-құдағиға:

«Ұлты басқа демесең,
Ешкімнен де кем емес.
Қыз бергенін қазаққа,
Көріп отыр көзіміз.
Құдағимен бір партия,
Жарасып әзіл-сөзіміз,
Шай-пай ішеміз өзіміз» -деп те қоямыз.

☆☆☆☆☆



Кафедрамызда шыңға біткен Шынарымыз бар. Шынаркүл Абекқызы қолданбалы геодезия мамандығының инженері. Бірнеше жылдан бері аға оқытушы қызметін атқарады. Геодезия және картография мамандықтарына «Жерді қашықтан зондылау», «Аэроғарыштық суреттерді дешифрлеу», «Фотограмметриялық түсірістер» сияқты арнайы пәндерді жүргізіп, білімді де білікті мамандарды даярлауға үлес қосуда. **Шынаркүл Абекқызы Жантуева** сабақ жүргізгенде аудиторияға жан кіргізетін, білім нәрін себетін, эдвайзерлік тобы студенттерімен үнемі бірге жүретін, араласудан жалықпайтын және одан өзіне ләззат алатын ұстаз. Ол жастардың жанын түсіне біледі, оның мейірімділігі мен ізгілігі, әдептілігі шәкірттеріне шынайы сезіммен құрметпен қарауы оның рухани көрсеткіші.

Әке отбасының тірегі болса, Шынар Абекқызы «бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп» отырған ана – шаңырақтың ұйытқысы. Ол баласы - Диасты қазақы тәрбиемен өсіріп, оның бойына адамгершілік, инбаттылық, кішіпейілділік сезімдерін дарытып отыр. 10-сыныпта оқып жүріп, баласының Республикалық ғылыми жобаның жеңімпазы болып, жүлделі орынды қанжығасына байлағанымен әріптесімізді құттықтаймыз! Өз мамандығының білгірі, қызметіне тиянақты, дандайсуды білмейтін, әрқашан қарпайым қазақи қалымпта жүретін Шынарға:

Жүзі жылы, арайлы,
Жұрт сүйсініп қарайды.
Тиянақты ісіне,
Сыйлы үлкен кішіге.
Көп жылдан бері қызметтес,
Әзілі-сөзі жарасқан,
Сендей сіңлі көп те емес, – дегім келеді.

☆☆☆☆☆

2012 жылы геодезистердің Халықаралық федерациясының өкілдері Алматыда бас қосып «Табиғи ресурстарды басқарудың геокеңістіктік мәліметтерін жинау және өңдеудің инновациялық технологиялары» атты Халықаралық конференция өткізгені баршаға мәлім**.** Мұның ұйымдастырушысы ҚазҰТУ, оның ішінде «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы болған-ды. Осы конференцияға әлемнің 10-нан астам елдерінен (Швейцария, АҚШ, Кытай, Германия, Израиль, Чехия, Ресей, Монголия, Азербайжан және т.б.) геодезистер,



Ресей және Қазақстан маркшейдерлер Одақтарының өкілдері қатысты. Міне осындай жауапты жиынды, әр елдің өкілдерімен хабарласып, конференция материалдарын жария ете білген доцент А.В.Земцованың еңбегі ерекше.


Ангелина Валентиновна Земцова Мәскеудің геодезия және картография инженерлер институтында білім алып, еңбек жолын Қазақстанда бастаған, ғылым кандидаты. Ол жалғыз бұл конференция емес, кафедрадағы оқу-методикалық

жұмыстардың дер кезінде орындалуын, оларды белгілі бір тәртіппен жиналып тұруын және жоғарғы жақтан тексеру комиссиясы келген жағдайда оларды жайып салып көрсете білуді қадағалап отырады. Осындай ұстазға:

«Бар шаруасын тындырып,
Жүреді ылғи жүгіріп.
Білімің мен ісіңмен,
Ерекшесің өзгеден, «– деп қоямын.

☆☆☆☆☆

Шалов Джалғасбай Жанайұлы. Қарақалпақстан өңірінің топырағынан нәр алып, Алматыда ҚазПТИ-дың маркшейдер мамандығын тамамдап, еңбек жолын «Қарақалпаққұрылыс материалдары» ӨБ-де қарапайым учаскелік маркшейдерден бастаған Д.Ж.Шалов, аға маркшейдер, бас маркшейдер, Қарақалпақ автономиялық Кеңес республикасы Министрлер Кабинетінің «Жер қойнауын тиімді пайдалану жөніндегі Басқарманың» бас инженері қызметтері сатыларынан өткен. Қазақстанда да «Гранит» ӨБ-де бас маркшейдері, бас директордың орынбасары қызметтерін атқарған Д.Ж.Шалов бүгінде сол өндірістегі көп жылғы тәжрибесін студенттерге үйретуде.



Күле білетініміз, өмір сүре білетініміз

Күліп жүру – адамның тамаша қасиеті. Әзіл-күлкі шаттық көңілдің, бақытты өмірдің, сипатындай. Күлкі – жан рахаты, кісінің көтеріңкі көңіл-күйі, ойлаудың өткір құралы, тапқырлықтың қайнары, денсауықтың кепілі, жасарудың жолы...

Сондықтан, әрбір адамның жүру мен сөйлесуге қалай дағдыланғаны сияқты, күлуді де үйрене білуі ләзім.

Сол себепті ғалымдар өткен ғасырдың 60-шы жылдарында күлкі тұралы жаңа ғылым саласын (гелотология, «гелотос»-күлу) қалыптастырды. Гелотолог ғалымдардың арнайы зерттеулері негізінде, бөбектің 2-3 айда күлімсірейтіні, 5-6 жасар баланың күніне 300 рет күлетіндігі анықталған. Адам ағзасының қорғаныш қасиетін сақтап отыру үшін ересектерге күн сайын 10 минуттай күліп отыру қажет, яғни тәулігіне, кем дегенде әйел адамның 13-15 рет, ал еркек 17-19 мәрте күліп түруы тиіс. Ғалымдар күлдірудің 400-ге жуық оқиғаларын (вариациясын) анықтаған. Осы жағдайды ескеріп, медицинада күлкітерапиямен емдеу, ал косметикада күлкінің жәрдемімен жасарту тәсілдері қолданылуда. Әзіл - күлкі ойыны интернет желісіне де енгізілген. Бүгінде мінез - құлықты күлкімен түзетудің жолдары зерттелуде.. Соңғы жылдары анықталған «қуанышты эмоция» мен «бақыт» формулаларының негізгі компонентіне күлкі кіретіні белглі болды. Сондықтан да, Ғабиден Мустафин «күлімдеген көзіңнен, бақытыңды сезінем» деп жырлаған-ғой.

Әрқашанда да, адамның жақсы көңіл- күйі, татымды тірлік - тіршілігі, күнделікті қарым - қарекетінің нәтижесі, оның жасына емес, кісінің дүниеге

деген көзқарасына, белсенді іс - әрекетіне, перспективалы өмірлік берік үстаныма тікелей байланысты. Дұрыс дүниетанымдық көзқарас пен өмірлік үстаным адамдармен жақсы қарым - қатынас және дұрыс мінез - құлық арқылы айқындалады. Ендеше, бұл мәселелерді оңды шешудің бір жолы - ашық жарқын жайдары сөйлесіп, күліп қарым - қатынас жасау.

Ашу - аразбен, ұрыс - керіспен, тұйық мінезбен ешнәрсе бітіре алмаймыз. Күліп сөйлессең - жақындайсың, аласың, тымырайып тұрсаң - алыстайсың, қаласың. Мәселен, Ұлы ұстазымыз Ақжан Машанов 90 жастан асып дүние салды. Ақаңның 50 жылдай шәкірті және қызметтес болып жүре, ол кісінің бір адаммен ұрысқанын көрген емеспіз. Ұрыс - керістің ұшқынын орынды әзіл - қалжыңға айналдырып жойып жіберетін-ді. Демек, адамның қарым-қатынасын, істің шешілуін күлкі мен күлімсіреудің белгілері білдіретін сияқты.

Заман өзгерген сайын адам, адамқұбылған сайын оның мінез-күлкісі де өзгереді. Әрине, адал, шынайы күлкіге не жетсін. Бірақ, ондай адамдар өте сирек кездеседі. Біздер осы уақытқа дейін «күлкі – витамин», «күлкі -денсаулықтың мүлкі» деп келсек, бүгінде «күлкі – іс шешудің кілтіне» айналған заман десек қателеспейміз. Осыған байланысты бірнеше мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Ю.Никулин КСРО-ның мәдениет министріне бір ғана анекдот айтып, Цветной бульвардағы циркті салуға қаржы алған.

Әлемге әйгілі бизнесмен Д.Карнеги күлкі-әзіл мен сөйлесу арқылы өзінің фирмаларындағы қызметкер-лердің еңбек өнімділігін анағұрлым арттырып отырған. Өмірде қиыншылықтар кездеспей тұрмайды, ондай жағдайда Бауыржан Момышұлының «Күлкі жеңбейтін жау жоқ» деген нақыл сөзін үнемі ескерген жөн. Сонымен қатар, мемлекет басшыларының «галстуксіз» кездесулерде әзіл-күлкінің тиегін ағытып, қиын түйінді мәселелерді дұрыс шешіп жүргендері де белгілі.

Адам күлгенде өзін бақытты сезінеді, творчестволық ойлауы күшейеді, қуанышты көңілі мен еңсесі көтеріліп, батыл іс-әрекеті арта түседі. Мәселен, Абылай хан күлгенде оның көзі нұр шашқандай, беті нұрланып, айналасы жарқырап қуанышқа бөленетіне аңызға айналған. Оның немересі Наурызбай батырдың күшті күлетіне жайлы тарихи деректер бар. Шоқан Уәлиханов Кадет корпусында оқыған кезінде байқаған әділетсіздікті сынап-мінеп отырған, қолайсыз жағдайларды табан астында күлкіге айналдыра білген.

Ұлы Абайдың: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» дейтіні осындай нағыз күлкіге байланысты айтылса керек. Сол себептен де, бәріміз күліп жүрейікші, көңіл жүйелерімізді тыныштықта ұстайықшы. Сонда ғана еңбегіміз жемісті болмақ.

Осындай қызмет атқарып жүрген ортамызда әзіл-әжуәсімен көңілімізді көтеріп жүретін және отбасында, той-жиында, қонақта өзін көңілді ұстатайтын ұстазщдар да баршылық. Мен сол ұстаздарды осы «Күле білгеніміз, өмір сүре біленіміз» тарауына кіргізіп отырмын. Солардың бірі өзімнің інім Тілен Ибрагимұлы Тұяқбаев. Тілен туралы сөз басын Д.Әбіловтың

«Ауызында әзілі жоқ – жарым адам,
Өмір емес – күлкіге жарымаған»,- деп дөп басып айтқан нақылымен бастағанды жөн көрдім.

☆☆☆☆☆

Тілен Ибрагимұлы Тұяқбаев Сарыарқаның Ақтоғай ауданында дүниеге келіп, Алматыда ҚазПТИды тамамдап, еңбек жолын жолдамамен еліміздің Батысындағы өндіріс орнында маркшейдерлік қызметтен бастаған. Батыс өлкемізден Тілен жалғыз келмей Ақжайықтан жағалбайлылардың Қыз Жібегін ала келген. Өндістегі тәжрибесін ұстаздық қызметпен жалғастыра жүре іниміз кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми дәрежеге ие болды. Қазақ тілін жетік білгендігінің арқасында бірнеше оқу құралдры мен оқулықтарды жазып, доцент атағын алған ұстаз.

Ал, оның туған жері Ақтоғай ауданының халқы ежелден сауыққа бейім, ән күйге еліктеген, еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін өнерге көкірегі ашық. Бұл өңірден суырып салма ақындар, небір жезтаңдай жыршылар көп шыққан. Осындай ортада туып-өскен жандардың өнер сүйгіш болмауы мүмкін емес. Солардың бірі кафедрамыздың доценті, ұстаз Т.И.Тұяқбаев–ҚазҰТУ-дың құрама хорының жеке әншісі, әртүрлі отырыстардың ұйытқысы. Тіленнің «Мутатор», «Турксиб», «Абылай ханның телефоны», «Орыс өзіміз ғой», «Бір ай менімен тұрып көрсей..» сияқты әзіл-сықақтары мен тікенек сөздерін жаза берсем, онда мен ағам Ақселеу Сейдімбектей болып кет емін ғой...



Дәріс арасында әзіл-күлкімен студенттердің көңілін көтеріп, жадыратып отыатын Тілен Ибрагимұлының мына суреттегі көзіне қарап, оны күлкі-әжуә мен қалжыңның адамы деп айту қиын, ол оның адамды сынай қарап отырғаны болса керек. Сондай кезде біз оған:

«Бір беткей, ешнәрседен тайынбаған,
От болып жас шағында жалындаған.
«Ер болсаң еңбегімді бағала» деп,
Мансабы биіктерге жалынбаған.

Достарын, қастарынан тани білген,
Өмірге өзін салып жани білген.
Сүйсіне, жас қыздарға сүзе қанап,
Қалжыңмен құрбыларын қари білген» деп қоямыз.

Бүгінде қыздарын қияға, ұлын ұяға орналастырып, немелерінің қызығына бөленіп отырған Тілен мен келініміз Ақсұлудың ғұмырларының бедерлі белестерінің бірінде ізгі ниеттерімізді өлеңмен жеткізген едік. Сол тілекте мынандай шумақ бар болатын.

«Асса дағы алпыстан Тіленіміз,
Келгендей көрінеді қырыққа енді.
Келінменен екеуі сұлу қалпы,
Көргендейміз Қыз Жібек, Төлегенді…»


☆☆☆☆☆

«Ұзақ өмір сүргің келсе, күліп жүр» деген кавказ халықтарының аталы сөзін есіне сақтап және ұялы телефорының шақыру белгісіне лезгинканы жазып қойып жүрген ұстазымыздың бірі ***Жеңіс Тұсынәлиұлы Қожаев***. Ол Алматы облысында дүниеге келіп, ҚазҰТУ-ды тамамдап, ғылым магистры дәрежесін алған. Жеңіс «Бақанас – жердің байтағы» әнін орындап, Бақанаста, Қонаев атамыздың ауылында туғанын мақтан тұтады. Ол мектепте оқып жүрген кезінде тақпақ-өлеңдерді жаттап, домбыра тартып, өлең айтып, би билеп, ауыз әдебиеті кітаптарын сүйіп оқығандықтан өнерге жақын болған. Институтта оқып жүріп көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болған



Жеңіс Тұрсынәлиұлы, бүгінде жастардың құрдасы, қариялардың сырласы, мерекелік отырыстарымыздың, мерейтойларымыздың ұйымдастырушысы әрі асабасы болып жүр.

Тілен мен Жеңіс көрші бөлмеде отырады. Егерде сол бөлмедегілер қарқылдап күліп, мәз болып жатса, онда Тлен немесе Жеңіс бір қызық әзіл-сықақ айтып жатқанын сезе қоямыз. Жеңіс Қожаев сабақ үстінде студенттерге «Бас неге домалақ? Неге ол үшбұрышты немесе төртбұрышты боп жаратылмаған?» деген сауал қойып, егер оған шәкірті жауап бере алмаса, өзі-ақ тез түсіндіріп береді. Ол бастың дөңгелек болып жаратылуын механикадағы беріктік теориясымен ұштасатырады, табиғаттағы ең берік форма –ол дөңгелек. Ауданы мен көлемі ең аз фигура – ол дөңгелек. Егер бас үшбұрышты болса, оның бұрышы соғылып, жарылып, ішіндегі ми шашылып кетер еді. Ондай бастың формасы берік болмайды, тостаған мен пиялайды да дөңгелек етіп жасалады деп түсіндіреді-ғой ол.





Ұстаз Ж.Т.Қожаев студенттерді және астаналық қонақтарды заманауи таспатармен таныстыруда

Мына суретте Жеңіс Тұсынәлиұлы студенттерге және астанадан келген қонақтарға «Сканерді» немесе «Ұшқышсыз ұшақты» түсіндіріп тұр ма? әлде бір күлдіргі әңгіме айтып тұр ма?! Әйтеуір тыңдаған жұрт риза!

Қалай айтсақта кафедрамыздағы жас ұстаз Ж.Т.Қожаевтың мүмкіншілігі зор, келешегі алда.

«Қанекеңнің бойындай бой болса екен,
Басымыз толған ғылми ой болса екен,
Тойындай ҚазҰТУ-дың 80 жылық,

Постоянно ұлан-ғасыр той болса екен» -

деп жүрген кафедрамыздың асабасы Жеңіс Тұсынәлиұлы, осы жолдан таймай жұмыс істей берсе, заманауи аспатар жайындағы PhD докторлық диссертациясын Назарбаев университетіне барып қорғауы да мүмкін. Соған тілектеспіз! Әрине, күлкі – өмір, күлдіре білу – өнер.

Өмірге «іңгәләп» жылап келеміз де жылатып кетеміз. Сол екі аралықта ұмырымыз көңілді өтсе дейміз. Сондықтан жарқылдап күліп-ойнап көрісейік, өзара қызықты ойлар бөлісейік, әріптестер!

☆☆☆☆☆

Әріптестердің ішінде біздің ізімізді басып келе жатқан жас толқын: магистранттарымыз, PhD докторанттарымыз бар. Оларға (Ы.Жақыпбек, Б.Имансақыпова, Ш.Айтқазинова, Д.Қырғызбаева, Қ.Көпжасарұлы және т.б.) шәкірттеріміз тұрғысынан қарай отыра, келешектерінен зор үміт күтеміз.

«Бір кісілік орын бар жақсы адамға,
Сиясыздар қашанда мақтағанға.
Кеше ғана желбіреген жас едіңдер,
Босағасын ҚазПТИ-дың аттағанда»,-

дей отыра жастарға «Қазірде басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деген А.Байтұрсыновтың даналы сөзін басшылыққа алыңдар деген тілек білдіремін. Кафедрамыздың ертеңгі тарихына айналар кейінгі толқынның бүгінгі жаңалығы, игі істері, ерекше әрекетін жастардан күтудеміз. Сондай жастардың бірі **Сәуле Темірболатқызы Солтабаева** еді. Мен оған кезінде:

«Өзіңде бар сән-көрік,
Қарай берем таң көріп.
Бәрімізге жарайтын,
Қалшы өзің ән болып» деген едім..

Бірақ, «жайындар» жайбарақат, «шортандар» шалқып жүргенде, Сәуле қызым бізге ән болып қала бермей, басқа жұмысқа кетіп қалғаны өкініште-ақ!

☆☆☆☆☆

Біздің діни кітаптарымыздың өзінде «*Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйрету – мол дүние жинап, оны керегіне жаратпай көміп қойғанмен бірдей*» -деп жазылған. Ол деген - жастарымыз алдыңғы толқын аға-апаларды ұстаздарым деп үйреніп, өз қатарларынан да, тіпті соңғы толқын әріптестерінен үйреніп, білгенін жастарға үйрету деген сөз.

Осындай үйретуден жалықпай жүрген, кафедрадағы ең еңбекқұмар жандардың бірі -Ырысжан. Ол–шындық. Оның еңбекқорлығына тәнтіміз. Өмірдегі қиындықтарға төтеп беріп, ортамызға тастай батып, судай сіңіп жүрген Ырысжан Жақыпбек, Шынар Айтқазинова, Жұпар Нүкербекова сынды қыздарымызға ризамыз десем артық айтқаным емес.

Ырысжан қызыма: «Ғылымның шықтың Ырыс, асқарына,
Ауыр жылдар өтті-ғой қас-қағымда.
Тілеймін бар жақсылық бір өзіңе,

Сәттілік жүрсін дәйім қастарыңда» деп,

Шынар қызыма: «Кешегі студент қыз едің
Алғаш бізге келгенде.
Магистрант, докторант, ұстаз,
Әрі анасың бүгінде» деп,

Жұпар қызыма: «Құрбысың қатар біреуге,
Қызымсың, біреуге сіңлісің.
Артық сөзге келмейтін,
Сыйлас жанның бірісің» деп,

Динара қызыма: Ұстаз болған шәкірттерге, Дина қыз!
Ондай қызға қайтып жырды бұлдаймыз.
Алшақтатты құрбыларың бір жүрген
Бағың жансын ҚазНУ-да, Динамыз!» -

деп түйіндедім сөзімді.

Халықтың нұрлы ертеңі үшін, ел игілігі жолында атқарып отырған еңбектеріңіз жемісті болсын! Шәкірттеріңіз еліміздің мәртебесін өсіріп, көсегесін көгертер асыл азаматтар болып өссін!

«Біз базардан қайтып бара жатырмыз, сеңдер базарға енді келдіндер! Іске кіріс, жақсылардан үйрен, тау-кен, маркшейдер, геодезия мамандарын даярлауға күш салыңдар!» — дейтін жасқа келдік.

Бір-біріңнен сендерді,
Артық- кем деп бөлмедім.
Өмірдің бар қызығын,
Бәріңе де тіледім.
«Ұстаз» деп сыйлап, қадірлі,
Қатты сөз маған айтпады.
Сол үшін шәкірттерімді,
Сөз жеткенше мақтадым.

Әр ұжымның дамуы олардағы қызмет атқаратын тұлғалардың ойлануы мен қаракетіне байланысты. Әліде болсын, кафедрамыз туралы біздердің айталмаған, жаза алмаған жайларды, жас ұстаздар компьютердің құдыретімен стенттерде, фильмдерде көрсетіп, студенттерді сүйсіндіргенге, қуанышқа бөлегенге, тарихымызға таңдандырғанға не жетсін!

Кафедраның осындай жұмыстарын, әр қимылын жолға салып, ұйымдастырып отыратын, тепсе темір үзетін басшы керек, онсыз ұжым бытырап, әркім өзінше шашырап, әр қайсысы уақ жұмыспен айналысып кетеді. Кейінгі толқын, бас көтерер ұстаз-інілеріме айтарым: Машановтың атына кір келтірмей, кафедраны көркейту сияқты үлкен мақсат-мұрат орындалмай қалуы мүмкін. «Бірлігі жоқ ел тозады, тірлігі күшті ел озады», -деген мақалдың мәнін түсінетін уақыт жетті ғой.

5. ҚАЙТА ОРАЛҒАН ШАҚ

5.1. Қайдасың қаламым!

Академик Зейнолла Қабдолов айтқан ғой: «Ебіней Бөкетовтің алдында қос рельстей қатар тартылған екі тарам жол жатты: ғылым жолы, әдебиет жолы. Ол екеуін де алалаған жоқ, қатар...» деп. Біздерге ондай болу қайда?!

Өмір болған соң әртүрлі жәйттер де болады екен, көп нәрсені көрдім, білдім деп айта алмаймын. Орыстың «шоры» деген сөзі бар. Ол аттың көзі жүретін жолын ғана көрсін деп, екі жағынан тасалап қоятын былғары қалқан. Сол сияқты мен көзіме қалқан киіп алып, мамандығым бойынша тіршілік жасап кеттім. Аз да болса өмірде көргендерімді, түйгендерімді сыртқа шығарып жаза алмадым...

Оңтүстікке келін болдым. «Быть как в шорах» дегендей қысылып-қымтырылып жүрдім...

Ғылымға көңіл бөлемін деп, мектепте жүріп қолыма алған қаламым мен ақша қардай ақ парағымның қайда қалғанын білмей қалыппын.

1996 жылдың 2 - қарашасында ұстазымыз А.Ж.Машанов 90 жасқа толатын болды. Ол кезде күн суып кететін болған соң, мерейтой қазанның 16-жұлдызына көшірілді. Әрқашанда үлкен тұлғаларға ескерткіш тақта қою, көше атын беру, аудитория арнау–ол кісі о дүниелік болғанда жасалынатыны белгілі. А.Ж.Машанов мерейтойында өзі келіп, арнайы жабдықталған аудиторияның лентасын қиып ашты. Мен осындай есте қалар мерекеге қатыса алмадым. Себебі, сол күні (16.10.96 ж) жұбайымды жерлеп жаттым.

1997 жылдың көктемінде өзімнің 60 жасқа толғанымды атап өте алмадым, тірі болса жұбайым да 60 жасқа толар еді және әлі жылын да бергеміз жоқ. Соған қарамастан бірге оқыған және қызметтес жолдастарым Бақыт Жарқымбаев пен Жамиға Орманова екеуі тым болмаса кафедрада (3-4 адам болса да) атап өткелі столға отыра бергенде А.Ж.Машанов қысылып жатыр деп Жамал Машанова үйінен телефон шалды. Мен, Бақыт және Жамиға үшеуіміз құстай ұшып ұстазымыздың үйіне бардық. Үшеуіміз де ол кісінің шәкірттеріміз, өз аузынан соңғы сөздерін естіп, тілдесіп қайттық. Үш күннен кейін ұстазымыз дүние салды.

Қазір кейбіреулер 60 жылдығы түгел, 30, 40,50 әрі-беріден соң 55 жасқа толғандарын да атап өтіп жатады. Ал мен болсам, осындай жайттарға байланысты мерейтойымды жасамайтын болдым. Менің осы жағдайымның барлығын Жамиға Ғалиқызы Орманова көп жылдан бері бір үйде тұратын көршісі Зайдахан Бекхожинаға жырдай қылып айтып беріпті. Зайдахан мені танымайды, көрген де емес. Сонда да ол Жамиға Ормановаға: «Күйеуі өліп, 60 жасқа толғанын тойлай алмай отырған ол әйелді құттықтап барайық, көңілін көтерейік. Сен мені институтқа ертіп алып бар»,-депті.

Бір күні Жамиға: «Маржан сен ертең таңертең радионы қос, бір қызық хабар болады»,– деді. Ұмытып кетпесін деп, таң атпай тағы телефон шалды. Тыңдап отырмын, дауысы қазақ Левитаны атанған Ә.Байжанбаевтан кем емес бір диктор: Қазақ ұлттық техникалық университетінің профессоры Маржан Нұрпейісова ханымды 60 жасқа толған мерейтойымен Зайдахан Бекхожинаның сұрауы бойынша құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, баларыңыз бен

немерелеріңіздің қуанышына бөлене беруіңізді тілей отыра Сізге ақын Қалижан Бехожиннің «Әйелге мадақ» жырын арнаймыз! –деп оқи бастады.

Табиғаттың мизамы сол әуелгі,
Күн болмаса-түнек басар әлемді.
Меңіреу болып жүрмесін деп еркектер,
Шұғыладан жаратыпты әйелді.

Тұтаса ма кіндігі жоқ әлем –жер?
Елтілдей ме тамыры жоқ желеңдер.
Өңшең еркек бордай тозып бітпеуге,
Ұйтқы болып жаралыпты әйелдер.

Ақынның жыры да диктордың дауысы да маған үлкен әсер етті. Бары осы екі шумақ па екен деп ойладым да, жұмыста Жамиғадан жалғасы бар ма деп сұрадым. Ол кешке, бәлен уақытта жалғасын «Хабар» каналынан береді деп қойды. Сол күні теледидар менің суретімді көрсетіп 60 жасқа толғанымды құттықтап Халекеңнің:

Ақ қайыңсыз сәнді ме бақ қарайған?
Не пайда бар аруы жоқ сарайдан.
Жиындарда жайнап әйел жүрмесе,
Қасірет қой өңшең еркек сорайған... –деген

жырымен аяқтады. Мені радиодан, теледидардан құттықтап жатқан Зайдахан деген кім екен, үндемей қалғаным ұят болар, танысайын дедім. Танысу үшін туған күнімді атап өтуге дайындалдым. Ол кезде Зайдаханның баласы (қазіргі «ҚР Президентінің телерадио корпорациясының» президенті) Ерлан Бекхожин «Мир» телехабарының директоры. Қай жерден хабар беремін десе де Зайдаханның қолынан келіп тұрған кезі екен.



Туған күнді өткізуді Жамиға мен Бақыт қолдарына алып, кафедраның жиынын өткізді. Сол кешке Зайдахан Бекхожина А.Ж.Машановтың жұбайы Жамалды ертіп алып келді.

Ұстазымыз Ақаңның дүние салғаны кеше ғана, әлі қырқын бергеміз жоқ. Машанова Жамал- дың келгеніне таң қалдық. Сөйтсек, Ақаң мен Халекеңнің кенже балалары (Ғабдол мен Мирас) 12-ші мектепте бірге оқиды және аналары да бірін-бірі жақсы біледі екен.

Кезінде екі ақсақалдың кенжелерін қолдарынан жетектеп №12 мектептің 1-класына алып барған суретін, мен алғаш рет өзімнің «Машановтың ғылыми мектебі» атты кітабымда келтірген едім, қазір де сіздерге көзайым болсын деп қайталап отырмын.


Мираскүл Бекхожина, Қалижан Бекожин, Кәблол және Акжан Машанов №12- мектепте

Міне осы күннен бастап мен Зайдахан Бекхожинамен таныстығым жарасып, туыс-құрбыдай болып кеттім. Ол мені үйіне шақырып, барған жерлеріне ерте жүріп қазақтың не бір жайсаңдарымен, олардың жұбайларымен таныстырды. Менің көзімнің екі жағындағы қалқаным ашылып, айналамды көре–біле бастадым. 1955 ж. Алматыға келгенде алғаш танысқан Мариям Мұқановамен Зайда ханның үйінде қайта қауыштым. Осындай кездесулерден бір көрініс мына алдарыңыздағы сурет. Қызылжар мен Көкшеге барып Сәбит атаның 100 жылдығын тойлап келген Мариям апамыз үйіне: Шота Уәлихановты, Серік Қирабаевты, Нұрлан Оразалинды жұбайларымен, Тұрсынбек Кәкішев, Зайдахан Бекхожина, Жамиға Орманова және мені үйіне шақырды. Осыдан кейін мен де ол кісілермен де араласып кеттім.


Бану Жұбаниязова, Гүлжамал Мәуленова, Мариям Мұқанова Зайдахан, Жамиға, Бәтіш Ыдрысова, Бәдеш Қайырбекова, Жанар Мүсірепова, Жанна Мұқанова, Софья Молдағалиева


Мен, Алия Сарсенова, Зинаида Уәлиханова


Н.Оразалин, Мариям апа, Зайдахан, Фаузия Оразалина

Атақты композитор Базарбай Жұманиязовпен, Алима Күлшаровамен, Сағира Қанахина, Райхан Мертенова, Қабдыкәрім Ыдрысовтың, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбековтың үй-іштерімен, Рамазан мен Күлмешкен Тоқтаровтар, Данель Әлкейқызы Марғұлан, Ибрагим мен Әния Исаевтар, Арыстан Мұхаметқалиев пен Майра Айсағалиевалармен танысып, өрісім кеңейіп, өміріме мәндене түсті.

1903 жылы ақын Қалижан Бекхожинның 90 жылдық мерейтойында З.Қабдолов, Т.Молдағалиевтармен бірге отыру менің маңдайыма жазылыпты.



З.Қабдолов, Сәуле, мен, Қалел құдамен

«Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деп бұрынғылар бекер айтпаған екен.

Бірде қөкшетаулық ағамыз Сағидолла Серғазин дүние салып, оның жұбайы Бота үйінде ас берді. Сол аста Зайдахан Бекхожина, Жамиға Орманова, Соня Байтасова, Роза Жүнісова, Айтжамал және т.б. адамдар, ал төрде көріпкелдігі бар шипагер-молда кісі отырды.

Сағидолла Серғазин, Мереке Байтасов (бір кезде телеканалды ұстап тұрған Арманжан Байтасовтың әкесі), Аман Ахметов (Жамиғаның жұбайы), Сәкен Жүнісовтар Көкшенің Қызылту ауданында бір мектепте оқығандар. Бірге оқыған ер азаматтардың барлығы о дүниелік болып кетті, дастархан басында олардың тек жұбайлары, туыстары ғана отыр. Өмір деген осы екен!

Мен сол жылдары «бет бұлшық еттерінің тартылып қалуы» деген бір науқасқа шалдығып ауырып жүрген едім. Оразаның кезі болатын. Зайдахан, Жамиға және басқа отырғандар әлгі молдамен ораза ұстау туралы сөйлесіп отырды. Мен ешкіммен сөйлескем жоқ, басымда орамал және қырын қарап отырсам да шипагер маған көңіл аударып: «Сіз түсіңізде құс сияқты ұшып жүрдіңіз бе?» –деп сұрады. Шынында да жас кезімде (түсімде) екі қолымды қанат қылып талай ұшқаным бар еді. Сол есіме түсті де: –Ия, ұшқан едім. –дедім. Ол кісі: «Сіздің бойыңызда бір қасиет болған екен. Сіз оны бағаламапсыз. Соның салдарынан Сіздің оң жақ бетіңіз қисайып кетіпті, содан қаймығып, сіз бетіңізді жауып, сөйлемей отырсыз»,-деді. Көп адамның ортасында ыңғайсыз жағдайға қалдым. Жұрттың бәрі маған қарады. Оны емдеп жазуға бола ма деп сұрамадым. Сол жерде үнсіз қаттым да қалдым.

Бірақ мен нені жоғалтқанымды білетінмін...

«Айтып өткен, жазып жүрген адамда арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай» - дегендей, ол менің қауырсын қаламым, аппақ парағым.

Ол менің қол үзіп кеткен достарым. Сөйттім де мен:

«Көз көрген көріністі ақтаратын,
Қайда менің қаламым қаңтарылған,
Сырын қалай көңілдің ақтарамын,
Айырар екі арасын ақ-қараның,

Кіршіксіз алдымдасың ақ парағым» – деп қолыма қаламымды алдым.

Жақсы ма, жаман ба – ешқашанда да тыным тауып, тыныш алмайтын мінезім бар, үнемі ойлаумен не бірнәрсені істеумен жүремін. Қонаққа кетіп бара жатып «жедел жәрдем дәрігерлері» сияқты, әркімге арнау өлеңдер шығарамын, қонақта немесе санаторийларда жаныңа жағымды бір сөздер, тілектер айтылса, дереу «бір парақ қағазға» жазып отырамын, газет және журналдардан ұнатқан мақалаларымды қиып алып сақтап қоямын, жұмысқа бара жатып (көбіне жаяу жүремін) ұнатқан әндерімді ішімнен айтып сүйсінемін. Міне осындай жиналған бірнеше папка материалдарды бір жүйеге келтіріп жазып отырған жайым бар.

Бұл кітапта мен өзімнің өмірбаяндық өрнектерімнің кейбір ғана бедерлерін бейнеледім. Яғни, туып-өскен, еркелетіп-есейткен, балалық шағымның ауылы «Казгородоктың» там-тұм тарихын, тамылжыған тамаша табиғатын сіздерге таныттым, оның картасын жасап көрсеткендей, тарих бетіне таңбасын түсіргендей болдым. Сол Көкшенің «Казгородок» аулынан басталған өмірімнің тайғақ кешулерінен өткенімді өруге тырыстым. «Тікенекті» тағдырымды таразыладым...

Ауылдан алған құштарлығымды, жастық талпынысымды, биікке ұмтылысымды кейінгілерге ғибрат етіп қалдыруды мақсат еттім. Ғылыми ізденістерім мен тынымсыз толғаныстарымның ерекше қырларын екшеледім. Мұның бәрінде де мен тағдыр толқынының ығына кеткеннен гөрі, көбінесе оған қарсы бағытта құлаш ұрып шыққан кездерімді кескіндедім. Бұйырса әлі де көп нәрсе айтпақпын, жазбақпын....

Қ.Аманжолов өзінің «Жығылсам да жүгірумен өтермін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетермін»,-
деген өлең шумақтарын мен сияқты адамдарға арналып жазылса керек деп ойлаймын.

5.2. Жазу да жазу – жазу-ай!

Сегіз қырлы, бір сырлы - Шота Уәлиханов. Көрнекті қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Халықаралық Шығыс елдері сәулет академиясының академигі, Қазақстан Республикасы көркемөнер академиясының академигі, Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті президенті, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, есімі біздің республикаға ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне белгілі, мақтан тұтар ағаларымыздың бірегейі Шота-Аман Уәлиханов туралы жазу оңай шаруа емес.



Шота Едіресұлы 1932 жылғы 26 сәуірінде қазақтың ұлы ханы Абылай ұрпағының отбасында, Айыртау ауданындағы Сырымбет тауының іргесіндегі әйгілі Айғанымның қонысында дүниеге келген. Текті

атаның баласы десек, артық айтпаймыз: Абылайдан – Уәлихан, одан Шыңғыс сұлтан, Шыңғыстан – Мақы (Шоқанның інісі), Мақыдан – Едірес мұғалім, ал одан Шота тарайды.

Шоқан әйгілі ғалым болса, оның кіші інісі, Шотаның атасы Мақы Петербургтегі патша сарайының жанындағы мектепте оқып, сурет өнерінен жақсы білім алып шығады. Шотаның анасы он құрсақ көтерген, балалары туа сала шетіней беріпті. Халық арасында «Балалары тұрмаған әйелдің етегін ажал күтіп отырады» деген наным бар. Оған халық түрлі айла-амал ойластырған. Шота дүниеге келерде, анасының айналасына отыз әйелді отырғызып, нәрестені сол әйелдердің етегінің астынан өткізіп алған. Бұл – ажалды адастырудың амалы болса керек. Кіндігін жетім балаға шотпен кескізіп, Құдайдан амандығын тілеп, есімін «Шот-Аман» қойған екен.

Шота Айыртау ауданындағы Казгородок орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Мәскеудің сәулет институтын тамамдаған. Оның мектептегі сыныптасы, Мәскеудегі студенттік жан жолдасы, сырласы ақын Кәкімбек Салықов екенін біреу білсе, біреу білмейді. Шота ағаның үйінде бір отырыста Кәкең менің де «Казгородок» мектебін бітіргенімді есіне алып, қал-жағдайымды сұрап қойды.

Еңбек жолын Алматыдағы мемлекеттік жобалау институтында сәулетші болып бастады. Шота Едіресұлы – көптеген ғимараттардың және жиырмадан астам ескерткіштердің авторы. Алматыдағы Шоқан Уәлиханов ескерткішін жасағаны үшін ол мүсінші Хакімжан Наурызбаевпен бірге Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.

Шота Едіресұлының басқаруымен бір топ сәулетшілер мен мүсіншілер, құрылысшылар мен инженерлер жасап шығарған Алматыдағы Тәуелсіздік монументі –қазір Париждегі Эйфель мұнарасы сияқты бүкіл әлемге белгілі ескерткішке айналды. 1996 ж. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік елтаңбасы бойынша өткен байқауында ҚР сәулетшілер одағының алтын медалі мен дипломын алды, елтаңбаның авторы.

Ол – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға: Сәулетшілер, Дизайнерлер, Жазушылар одақтарының мүшесі, тарихты зерттеуші ғалым, белгілі жазушы, ақын, драматург. Шота ағаның кербез сұлу Көкшеге, атасы Шоқанға, арғы аталарына арнаған өлеңдері бір төбе. Өзінің бір өлеңінде:

«Келмейді бостан босқа өмір сүргім,
Арқама тарих жүгін артып жүрмін.
Қатардағы жауынгер бола алмаймын,
Болғаннан соң ұрпағы-не бір дүрдің...» -

деп сілкіну нағыз тарихи шындық қой.

Шота Едіресұлы – бақытты адам. Сүйген жары Зинаида Кәрімқызы екеуі Гүлнат, Баян есімді қыздарын тәрбиелеп, олардан немерелер сүйіп отыр.

Сексеннің сеңгірінен асқан ағамыздың әлі де жұмыс үстінде екенін жастарға үлгі ете атап өткіміз келеді. Ол жыл сайын, яғни 25 сәуірде Талдықорғандағы Шоқан Уәлихановтың басына барып, тағзым етіп, құран оқытып, ертеңінде өзінің туған күні 26-сәуірде Алматыға оралады.



Орал Жүнісов, Зайдахан, немерем Айдар, Шота мен Зинаида Уәлихановтар, құдағиым Қайыржан біздің үйде

Менің туған күнім 25 сәуір. Адам болып 70, 75 жасқа толғанымды атап өткен едім, екеуінде де Шота аға бола алмады. Бірақ бұл даталарды үйде атап өтіп жүрміз. Менің немерелеріме өзінің кітаптарын сыйлап қояды және оған: «Маржанға және оның өңшең «айларына» ескерткіш. Шыңнан шыңға шыға бер! Шота» деп жазғаны бар.. Өйткені менің немерелерімнің есімдері Айман, Айбек, Айдос, Айдар, Айбар. Шота аға бір кітабына «Аспанның туын күтеміз» деп жазыпты. Үлкен атаның батасы қабыл болып, «Аспан» есімді бала дүниеге келіп қалуы да мүмкін ғой деген үміттемін.

Шота ағамызға еліктеп, 75-ке толғанымда шақыру билетіне :

«Нұрын төгіп алтын Күн мен Күміс таң,
Мен де туғам Сіздер туған ұлыстан.
Кіндік қаным тамған жерім киелі,
Көкшетауым –Арқадағы гүлстан.

Бесікте естіп Біржан салдың назды үнін,
Босап кеткен белімдегі белдігім.
Топырақтың иесі ғой Шоқанға,
Ұқсап кетсе ерлігім мен серілігім»- деп жазып та қойдым.

☆☆☆☆☆

Жезкиік жырдың жампозы. Қазақтың кең даласын шарлап кеткен «Жезкиік» әнін естімеген, тыңдамаған, айтпаған жан бар ма екен. Жоқ деп бұған анық та нақты жауап қайтаруға болады. Неге десеңіз «Жезкиік» әні қазақтың халық әніне ұқсап әркімнің көңіл сарайында күмбірлеп кеткелі қашан. «Жезкиік» десең көз алдыңа Арқаның желден жүйрік жезкиігі кең даланың кербездігін де, кеңдігін де бар әлемге паш етіп, ғасыр жүгін арқалап жүйткіп бара жатқандай күй кешесіз. Оның сөзін жазған Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Қ.Сәтбаев қорының президенті, Еңбек Қызыл Ту, «Парасат», Халықтар Достығы ордендерінің иегері, академик ***Кәкімбек Салықов.***



Кәкімбек аға Көкшеде туып Жезқазған жерінде 10 жыл кеншілік еңбектің бал шырынын татқан, Қаныш Имантайұлының ізін басқан. Ол 1950 жылы Сырымбет тауы бөктерінде Казгородок қазақ орта мектебін бітірген. 1955 жылы Мәскеудің түсті металлургия және алтын институтын тамамдағаннан кейін Жезқазған кенішінде кен мастері, участке бастығы, К.И.Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Қазақстан КП Жезқазған қалалық комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. 1975 жылдан КОКП Орталық Комитетінің аппаратында инспектор болып қызмет істейді. 1984 жылы Өзбекстан КПОК-нің бюро мүшесі, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесінің экология комитетінің төрағасы, Жоғарғы кеңестің Президиум мүшесі қызметтерін атқарды.

Кәкімбек ағаның алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» 1977 жылы жарық көрді. Сол жылы «Жезкиік» атты жыр жинағы орыс тіліне аударылып жарияланды. 1981 жылы «Қырғызстан» баспасы оның «Нұрлы күндер» кітабын қырғыз тілінде, 1983 жылы Ғафур Ғұлам баспасы «Жезкиік» жинағын өзбек тілінде шығарды. «Букетовке реквием», «Эдельвейс», «Ғасырға тең бір мезет», «Че Гевара» атты поэмалары орыс тіліне аударылды.

2012 жылы кенші, ақын, сазгер, қоғам қайраткері Кәкімбек ағаның 80 жасқа толуына орай Көкшетау, Алматы, Астана , Жезқазған қалаларында өткен мерекелік кештердің ұйтқысы болған, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары, қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық Алаш сыйлығының иегері Ғалым Жайлыбайдың ағасына арнаған «Сексен көл жақтың сексенге толған серісі» атты жырын сіздердің назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдім.

Жырыңмен жұртқа жақынсың аға, сырыңмен,
Жеті қат жердің қатпарларына үңілген.
Айнакөлдегі аққу біткенді аялап,
Желмая жылдар желқанат – бітіп жүгірген.

Аймалап сүйсе Арқаның әппақ самалы,
Балапан-арман қияға қанат қағады.
Қызылжардағы қызарып атқан қызыл таң
Көкшетаудағы ақ қайыңдардың аралы.

Қайыңды арал, Сері мен салдың мекені,
Ақ жаңбырлары алаңсыз құйып өтеді.
Сүрлеу соқпақты қасқа жолдарға бастайтын,
Сырымбет таудың сырларға тұнған етегі.

Мақамдарыңның көңілі–көктем жаны–нұр,
Ақандарымның айтылмай қалған әні бұл.

Жезқазғандағы жезкиік жортқан жез дала,
Сарыарқадағы сағым ойнаған сары қыр.

Тірліктің тойын шартараптарда тойладың,
Қаныш боп сүйдің қастерлі жердің қойнауын.
Салықтың ұлы халықтың ұлы болдың да,
Аралдың арын, Балқаштың бағын ойладың.

Жезкиік ғұмыр желерсің–дағы өтерсің,
Өтерсің анық парызың елге өтелсін.
Бір қазақ сендей ұлтының ұлы болсын да,
Бір ақын сендей өлеңнің жүгін көтерсін.

Өркен жайғанда өміріңнің Аға өрісі,
Жезкиікте аян жезкиігіңнің желісі.
Қыран баптаған қияға қондың сен бүгін,
Сексен көл жақтың сексенге толған серісі.

«Жезкиік ақын» атанған қазақтық көрнекті ақыны, сазгер, қоғам қайраткері **Кәкімбек Салықов** 82 жасында бақилық болды. Мәңгілікке айналған жырлар ескірмейді, тозбайды дейді халық. Ендеше Кәкімбек Салықовтың жырлары да халықпен бірге жасап, қалықтай берері сөзсіз.

☆☆☆☆☆

Тұғырлы тұлға Тұрсекең! Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, **Сәкентанушы ғалым** Тұрсынбек Кәкішев аға туралы жазу үшін мен қолыма қаламды 2008 жылы алған едім. Соны аяқтаудың, жариялаудың бір сәті түспей қойды. Тұсынбек Кәкішевты алғаш 1962 жылы ағамыз Есмағамбет Ысмайыловтың үйінде көрдім. Тұрсекең Есағаңмен, менің нағашым Қарта Қаңтарбаевпен бірге ҒА-ның әдебиет және өнер институтында қызмет атқарады екен. Одан кейін Академияның кітапханасында ғана көріп қалып жүрдім. Жүзтаныс болғандықтан, ол кісіге деген үлкен құрметтің белгісі ретінде ізетпен берген сәлемімізді Тұрсекең жылы қабылдап, күлімсірей бас изеп қойғанына мәз болып жүрдім. Есағаң қайтыс болғанда тағы кездестім де, содан көпке дейін күдер үзіп кеттім... Бірақ ағамыздың қаламынан жарық көрген (Абай, Сәкен, Сәбит, Есмағамбет туралы) кітаптарын қызыға оқып жүрдім.



1991 жылы Е.Ысмайыловтың 80 жасқа толған торқалы тойында арнауында ақын Ш.Көкеевтің:

«Ғалым өлмес» дейді ғой «сөзі қалса»,
Елім деп елжіреген сезім қалса,
Асқар таудай ағасын ардақтаған
Ізбасар Тұрсекеңдей көзі қалса.

Жақсы іні ағасының тынысы екен,
Жинақтау жанашырдың жұмысы екен
Сәкен мен Есмағамбет еңбектерін,
Паш еткен, жасай берші, Тұрсекем!-

дегенінде қаншама өмір шындығы жатыр.

2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік тойға айналған Сәбит Мұқановтың 100 жылдығын өткізгеннен кейін, Мариям апайдың үйіндегі тойтарқарда ағамен қайтадан қауышып, таныстығымыз жалғасып кетті.

Мына бір суретті көріп отырсыздар. «Олар кім, өмір жолдары қандай екен?» деген сауал бірден туындары сөзсіз. Сіздердің ынтықтарыңызды әуреге салмай аттарын атасам, біраз сыр өзінен-өзі аңғарылып қалар.



Сіздерге осы суреттегілерді солдан оңға қарай таныстырайын: *қолында домбырасы бар түрегеліп тұрған көкшетаулық ақын іниміз, сазгер әнші Иран Тасқара, Мұрат қажы, Т.Кәкішев, мен және* Біржан сал атамыздың немересі Мағауия Теміртасұлы.

Бұл сурет 2008 жылы Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының, оның ішінде «Сәуле» кеңшары құрылғанының 80 жылдық мерейтойында түсірілген. Ауыл мен ауданды көтеруге, соның бойында, құшағында тұнып жатқан бар жақсылығын жарқырата көсетуге, елді бір рухани, ізгілік жағынан серпілтуге негізделген кездесу «Сәуледе» және аудан орталығы Степняк қаласында өткен-ді.

Осы «Сәуле» кеншарындағы саған 10-да басталған іс-шараға Қазақстанның халық жазушысы Тұрсынбек Кәкішев Алматыдан кешігіңкіреп келді. Тұрсекең келгенше, кеншардағы мешіт жанында «Гете-Абай» атты бақтың ашылу рәсімі болды. Бұдан кейін ауылдың мәдениет үйіне проза мен поэзияның ұстасы белгілі қаламгер Төлеген Қажыбайдың авторлығымен және шартараптан деректер жинаған Мұрат қажының құрастырумен жарық көрген «Сәуле – менің ауылым» атты 20 баспа табақтық кітаптың тұсау кесері өткізілді.

Тұсау кесер рәсімі сөзін Т.Қажыбай, әнін Иран Тасқара жазған «Ән Сәуле» деген әнмен басталды. Сазгер И.Тасқара Еңбекшілдердің тумаларына деген арнауын домбырамен орындап берді.

Ауылдың мәдениет үйі лық толы жан, ине шаншар жер жоқ. Содан кейін, мінбеге шыққан Тұрсекең тіл тиегін ағытты. Сөз басын 1901 жылы Көкшетау

обылысы Еңбекшілдер ауданының тумасы, халқымыздың тұңғыш педагогтарының бірі, небары 36 жасында «отыз жетінің» құрбаны болған Шарапи Әлжановтан бастады. Тарихтан белгілі Бертіс бабадан қолдың бес саусағындай бес ұл дүниеге келген, олар: Қожағұл, Қожамқұл, Ақшуақ, Айшуақ, Жаншуақтар. Біржан Қожағұлдың немересі болса, Әлжан Ақшуақтың немересі.

Т.Кәкішев «Шарапи Әлжанов елді жаудан тазарту жолында жан-тәнімен күресе білген, азамат соғысының қаһарман комиссары, көрнекті ғалым, бар саналы ғұмырын елінің ғылымын өркендетуге жұмсаған азамат екенін, оның есімі қазақ зиялыларының қатарында құрметпен атауға лайық жан екенін естен шығармайық» деген ойын ортаға салып, халықты бір риза етіп тастады. Шын мәнінде де, Тұрсекең сияқты дарын иесін, қара сөздің ұстасын тыңдаудың өзі бір ғанибет болды. Әрі қарай Еңбекшілдердің басқа да азаматтарына көшті.

Кеш соңында Мағауия Тасқараұлы Біржанов атасының бірнеше өлеңдерін орындап берді. Бір айта кетейін дегенім, ол Тұрсекеңнің сапарға көп шығатындығы, ел-жұрт көруге құмарлығы. Бірақ ол қазақтың «атың барда ел танының» адамы емес, әр сапардан елге пайда келтірер, ұлт мүддесіне тиесілі нәрсені жүзеге асыруды көздеп отырады. Міне осы сапарында Тұрсекең Біржан атамыздың немересі Мағауияны ертіп келгеніне ел дән риза болды.

Еңбекшілдерде аудан төрінде өткен осы кездесу атамыз Біржан салдың туғанының 175 жылдығына түспа-түс келуі – қуанарлық жай болды. Менің ойымша бұл жай ғана кездесу емес, елдің ойында қалар, әңгіменің өзегіне айналар, жас ұрпаққа өнеге, тағылым болары сөзсіз.

Рас, қалай десең де, қалай дәріптесең де ел іші–береке, ырыс пен мереке. Ел іші - тұнба бұлақтардың қайнар көзі, арнасын Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай аталарымыз салып кеткен өзендердің арқасы. Ел іші – ғасырдан ғасырға, атадан балаға, жалғасып келе жатқан асыл мұралардың, інжу-маржандардың, қаймағы бұзылмаған салт-дәстүріміздің ортасы. Міне, сондықтан Еңбекшілдердің қасиетті топырағында кездесуші кешегі жас түлектер, бүгінгі елудің мол ішіндегі ел ағалары, ақылшы аналары, бір-бір шаңырақтың, кәсіптің иелері ел ішінің бар жақсылығын көрсетуге, Біржан атамыз мұра қылып тастап кеткен ән мен жырды бойына тұндырған жандарды бір көрсетуді жөн санаған сыпатты.

Айта берсек, Тұрсекеңнің еңбегі ұшан-теңіз. Бәрін айтып тауысу мүмкін емес. Осынау ел құрметіне адал еңбегімен ие болған тұғырлы тұлға, ғалым, ұстазға біз ұстаздығыңыз ұлағкатқа, ғалымдығыңыз өнегеге, азаматтығыңыз үлгіге айналып жасай беріңіз Тұсынбек аға, демекпіз!

☆☆☆☆☆

Көкшенің көбегені, Қажыбайдың Төлегені

2005 жылдың шілдесінде мені өзіміздің көкшетаулық Болат Көшімбаев «Ақиқат жолы – алыс жол» атты кітабының тұсау кесеріне шақырды. Кітаптың авторы іниміз Төлеген Қажыбаев екен. Кітаптың тұсау кесері Алматыда, Абай атындағы опера және балет театрының кафесінде өтті. Мен академик Я.Әубәкіров, э.ғ.д, профессор Ж.Сейфуллин, Күлше Әуелбекова, Бәну

Қуанышева және т.б бір дастарханда отырдық. Кітаптың авторын іздеп отырмын, Болаттан сұрап едім, Төлеген жұмысынан босай алмай, елден келе алмапты.

Әзірше оның «Сексен көл сылдыры» атты жыр жинағын оқып Алматыда жүре бердім. 2008 жылы ауданымыздың құрылғанының 80 жылдық тойына елге барғанда Төлеген Қажыбайдың «Сәуле – менің ауылым» атты 20 баспа табақтық кітаптың тұсау кесерінде болдым.

Төлеген Сыздықұлы Қажыбай Көкшетау қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, Жақан Сыздықовтай айтулы тұлғаның ізбасар інісі. Бүгінде «Ат тұяғын тай басар» демекші, асылдың сынығындай әдебиет әлемінде жарқырап жүрген Көкшелік інімізТөлеген Қажыбай белгілі жазушы, ақын, драматург, журналист, қоғам қайраткері ретінде ел елеулісіне, халқының қалаулы абзал азаматына айналған. Қаламы қарымды журналист, Ақмола облысы бойынша Қазақстан жазушылар Одағы қосынының төрағасы болып отырған Төлеген інімізділ өскелең ұрпаққа айтары ақиқат, жазары жан толқытар жәйіттер екені аян.



Төлегеннің алғашқы өлеңдер жинағы 1977 жылы жарық көрген. Сол жинаққа Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев:

«Бәйгенің алып жүрген бұйрықтысын,
Жұлдызы жанып тұрған жүйрікпісің.
Жабы болу жараспас, тегі таза,
Құйма тұяқ, қыл сабау, құйрықты үшін...» -

деп Төлегеннің жыр жинағына пікір жазған екен.

Содан бері қырыққа шуық поэзия және прозалық кітаптары шықты. Оның драмалық шығармалары Астана, Көкшетау, Петропавл, Қарағанды театрларында қойылды. Композиторлар Алтынбек Қоразбаев, Иран Тасқара және т.б. Төлегеннің өлең мәтіндеріне қырықтан астам ән жазды.

Төлеген інімізділ «Әгугай домбыра» атты мына жырын жатқа білмейтін, орындамайтын жан жоқ шығар:

Әсем әуен дала кезіп барады,
Ару балқып, жігіт жерге қарады.
Селт етерлік сезім кетті сел болып,
Домбыраның күй төккенде шанағы.
Перне қуған сүйрік саусақ салалы,
Кейде желіп, кейде орғи шабады..
Сала құлаш сағағынан сыңсыған,
Аққу ұшып, қаздар қайтып барады.

Осындай өмірі өнегеге толы, сөз өнерімен өрнектелген сырбаз талай белестерден асты. Төлегеннің кейінгі ұрпаққа мұра болар көркем жырлары, туындылары – сөз қазынасы таптырмас құндылықтар. Жуырда Көкшетауда сіңлім Қазима Құрманғалиқызының мерейтойына барып, Төлеген іниммен жүздесіп, оны да 70-тің жетесіне шыққан белесімен құттықтап қайттым. Тамыры терең тұңғиық жырларымен Көкшенің саңлағы саналып жүрген

ақындар Төлеген Қажыбаев пен Қорғанбек Аманжоловтар туралы Көкен Шәкеевтің «Төлеген мен Қорғанбектей болсайшы, жыр гүліне ара болып қонсайшы» -деуі осы екі інісін кезінде жоғары бағалағаны және олармен мақтанғаны еді.

Сөз соңында Қорғанбек Аманжоловтың «Көкшенің көбегені, Қажыбайдың Төлегені» деген ағасына арнаған жырынан үзінді бергенді жөн көрдім.

Уығы берік, шаңырағы биік кеңқолтық керегем бар деп,
Еркелігімді көтере білер ерен ер бар деп,
Алматыдан аттана кетіп жатады талай жайсаңдар,
Қарсы алатын, жан салатын Көкшетауда Төлеген бар деп.

Ырзамын – өмірде өзің барыңа, Төлеген аға.
Әкең –соғыста, сен шаранада қалған көбеген аға.
Ғажайып жаның-ғайып ерен, қырық шілтерлі боп жебеген аға.
Жалпақ жұртыңа жайылған жақсы өнегең, аға.

Ізіңнен ерген інілердің жыр-жаны да болдың, аға,
Көкшенің бүгінгі Ақан, Ыбырай, Біржаны да болдың, аға
Айтысты тірілтіп, Көкшені серпілтіп тастаған аға,
Осында Абылай, Кенесары тойын бастаған, аға.

☆☆☆☆☆

Көкшенің кербез Қорғанбегі. Қорғанбек Аманжолмен 2009 жылы Алматыда сіңлім Мағира Қожахметованың үйінде таныстым. Мына жігіт сізге іні болып келеді, бүгінде ол республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы бөлімшесінің жетекшісі деп таныстырды. Қарғанбек інімнің аз сөйлеп, көп тыңдайтын мінезіне қарап, оның бойынан Көкшенің кермарал маңғаздығын, өзін өмірге әкелген Зерендінің зерлі табиғатын сезінгендей болдым.

Содан бері ақынның жырларын үзбей оқып, оның өмірдегі сәтті қадамдарына сүйсінуден жазған емеспін. Бүгінде сол Қорғанбек інім асқаралы алпыстың биігіне шығып, есімі елімізге танылып, жырқұмар қауымның сүйіктісіне айналды. Біздер оған қуанамыз.

Ал сол биікке барар баспалдақ неден басталды екен десем, ол 9-класта оқып жүргенде «Құлагер» поэмасы бойынша шығарманы өлеңмен жазған екен. ҚазМУ-дың филология факультектін тамамдаған. Оның мектеп қабырғасында шығарманы өлеңмен жазуы тегін емес қой, ол – құдай берген ақындық дарын.

Бүгінде ол оннан астам «Зеренді қарағайлары», «Зұлмат пен ғибрат», «Біржан бұрмалары», «Сабат», «Мешітті ғалам», «Ақиреттік аманат» , жақында жарық көрген «Жырлаймын Көкшетауымды» және мерейтойлық «Алапа» сынды кітаптардың авторы.



«Қорғанбек бауырыңыздан» – деп маған сыйлаған «Ақіреттік аманат» кітабының ішіне үңілсем, онда өзіне соңғы жылдары кездескен қызық та қиын тағдырлы адамдар мен елді

елең еркізген оқиғалар туралы деректер топтастырылған екен. Ал оның Абылай хан бейнесін сәтті сомдаған «Қанай-Абылай» поэмасы оның шығармаларының ішінде ерекше орын алады. Бұл оның санасын сілкінтіп, жастайынан жадынан шықпаған тақырып екен.

Көкше өңірі талантқа бай, өнерге өріс ашқан алтын аймақ қой. Туған өлкесінің таланттарын мақтан тұтатын Қорғанбек жырларын оқыған сайын көңілің ашылады. Қанай –Абылай поэмасы осыған дәлел. Поэманың бір жерінде:

«Хақына туғызбасқа күн мен айын,
Көтеріп ақ киізге Абылайын.
Алашқа алтын заман орнатысқан,
Дарияға, ұмытсын кім би Қанайын?»–десе,

екінші бір жерінде:

Би Қанай, батыр Қанай, шешен Қанай,
Атығай, Қарауылға көсем Қанай.
Қорықпан қылдан тайып кетемін деп,
Қамқоры бар қазақтың, десем, Қанай»–деп елінің еріне деген ілтипатын дөп басады. Жуырда ақын іниміздің туған жеріне, өскен еліне махаббатын ыстық сезіммен айшықталған «Жырлаймын Көкшетауымды» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Оның алғы сөзін жазған жазушы Мағира Қожахметова. Әрі қарай, Қорғанбекке «ісің оңға бассын, кәдеге ассын» деп тілек білдіре отыра, әрі қарай Мағираның шығармашылығы жайында сөз қозғағанды жөн көрдім.

☆☆☆☆☆

Қарымды қаламгер Мағира Қожахметқызы. Ұзақ уақыт көрмей қалсақ құшақтасып көрісетін, шүйіркелесіп сөйлесетін сіңлілерімнің бірі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова. Ол 1946 жылы 5 ақпанда Көкшеде дүниеге келіп, Алматыда Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Қазақстан әйелдері», «Денсаулық» журналында, «Ай», «Ақ желкен» журналдарында қызмет атқарған.

Мағира Қожахметова, сенбі, жексембі деген түсініктің не екенін аңғармай, «күннен күннің айырмашылығы жоқ» деп бір сарыннан қайтпай, тысқары әңгімеге мойын бұрмай, күндіз күлкінің, түнде ұйқының есебінен тыным таппай келе жатқан қаламгер десем артық емес. Оның көркем әдебиетке қосқан үлесіне қоса екі бірдей басылымның бас редакторы, шығармашылық жетекшісі, яғни 2002 жылдан бастап балаларға арналған «Балбұлақ» журналын, 2005 жылдан бері көпшілікке арналған медициналық, танымдық «Дертке дауа» газетін шығарып келеді.



«Жер басқанға мәз болма, жерде ізің қалмаса» деген қағидалы сөз бар. Журнал, газет шығару − қызығынан қиындығы көп, жауапкершілігі мол тірлік. Оның қат-қабат

шаруасы мойын бұрғызбайды. Әсіресе бүгінгідей қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан шақта журнал мен қатар кітап жазу - бар күш-жігерді жұмсауды қажет етеді. Жуырда «Кітап жазып миллионер болған адамды көрген жоқпын» деген мақала оқыдым да, Мағира көз алдыма елестеп кетті. Өйткені ол «Күннің алтын сынығы», «Әлем-әуен», «Жылы шырай», «Адам құпия», «Жантәсілім », «Жападан жалғыз» сияқты кітаптарының, көптеген танымдық материалдардың, шығармашылық портреттердің авторы. Сонымен қатар, Қазақстанның Халық жазушысы, ақын Мәриям Хакімжанованың 3 томдық шығармалар жинағын құрастырып, оқырмандардың қолына тигізгені – «інісі бардың тынысы бар» деген қағиданы берік ұстап Мағираның шәкірттік парызын орындағаны. Марқұм Мариям апайдың рухы желеп-жебеп жүрсін! Мағира Қожахметова ақын апамыздың балалары, немерелерімен кездесіп, оның 110 жылдығын жоғары дәрежеде өткізудің ұйымдастру жұмысына кірісіп кеткендігі «Қазақстан» телеарнасынан екі күн қатарымен көрсетілді.

Үнемі сырласып, алысты жақындатып, жақынды туыс етіп жүретін, тамырын тереңге жіберген достығы, аптасына телефон шалмаса бірдеңесі жепегендей, алаңдап отыратыны тағы бар. Міне осындай асыл қасиеттерді бойына жинаған Мағира сіңлім жайлы айтарымды:

«Кітабыңда жатыр терең сырларың,
Жүрегіңнің түбінен мұң тыңдадым.
Әппақ адал көңіліңмен кіршіксіз,
Ой маржанын тізіпсің-ау іңкәрім.

Ішкі дүниең кәусар бұлақ, мөп-мөлдір,
Тілің шешен, ойың өткір қанжар бір.
«Жантәсілім», «Жападан–жалғыздар»,
Ойландырар адамзатты еңбек бір

Мағира сіңлімсің ғой қымбат маған,
Қарағым өлең жаздым арнап саған.
Алматының баспасы өз қолыңда,
Ұстап тұр Көкшетаудағыны Капез ағаң.

Лағындайсың еліктің сергек сіңлім,
Жазғаныңнан көңіл-күйіңді оқып білдім.
Жазушылар көшінде асыр салып,
Журнал, газет шығарып, аман жүргін!» –

деген толғаныспен аяқтағанды жөн көрдім.

5.3. Осы заманның Біржандары

«Тұлпар аунаған жерде түк қалады» дегендей сұлу Көкшенің қайыңы мен қарағайларына қонған бұлбұл құстар әлі де сызылтып әндерін салуда, сол әсем әуендерімен даламызды тербетіп, Арқа өңірін асқақтатуда. Қазақтың қабырғалы өнерінің бірі – айтыс болса, сол айтыстың қадір-қасиетін білген

жұртымыз оның алтын арқауын тартқан ақындарын да ардақ тұтады және оларды **бүгінгі күннің Біржандары** деп атайды.



Солардың бірі – айтыстарда жарқырап шыққан **Баянғали Әлімжанов**ініміз. Ол ұлы бабасы Біржан салдың айтыскерлік, ақындық өнерін жалғастырып келе жатқан ақын, жыршы–жырау**.** Ол 1954 жылы Еңбекшілдер ауданының Степняк қаласында, тың игеру тұсында, дүниеге келген. ҚазҰУ-нің филология факультетін тамамдағаннан.

Баянғали–ақын, жазушы-драматург, жыршы, жырау, актер, әдебиет пен өнер зерттеушісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол айтыс ақыны ретінде 1984 жылдан бастап республикалық, облыстық деңгейлерде өтілген айтулы тойларда өнер көрсетіп, бас жүлделерге ие болып жүрген Баянғали інімізді:

Сайыста Көкше атынан жүлде алған.
Өнерде өрісі кең бұл бір тарлан.
Атағын Баянғали мақтан етіп,
Қазіргі дейді оны тірі Біржан,–дейді.

Баянғали Әлімжанов Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында:

« Жер шоқтығы Көкшетау,
Жерден сәлем береміз.
Хан ордасы Көққшетау,
Ән ордасы Көкшетау,
Кемел ойлы хан Кене,
Найзағайдай Наурызбай,
Қанжығалы Бөгенбай
Батырлардың барлығын,
Жырға қосып келеміз» –

десе , екінші бір айтысында:

«Құтыларға болса да мүмкіндігі
Ел үшін Кенесары басын берген.
Қай бастық басын бередхалық үшін,
Осы күні көп сөйлеп, қасын керген?» –

деп Көкшенің иесі мен киесін ұмытпай қастерлеуге шақырады.

Баянғалидың «Аңыз бен аспан» деген кітабы, батырлар туралы жыр-дастандарым жарық көрген, пьесалары Көкшетау, Семей, Павлодар, Алматы театрында сахналанған. Жыршы ретінде Қазақ радиосының «Алтын қорына» «Батыр Баян», «Манас», «Бақтыбайдың Тезек төреге айтқаны», «Жанақтың Рүстем төреге айтқаны» сияқты тарихи жырларды және өз шығармаларын жаздырған жан. Бұл Баянғали бауырымыздың халықтың мәдениетіне қосқан үлкен үлесі деп білеміз.



«Әке көрген оқ жонар» дегендей, бүгінде Баянғалидың баласы Нұрлан Әлімжанов барша көрерменнің көзайымына айналып жүр.

Нұрлан Әлімжан **- актер, әнші әрі сазгер, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты. Оның туып-өскен жері** – Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Кеңащы ауылы. 9-сыныптан кейін Көкшетау қаласындағы М.Ғабдуллин атындағы гуманитарлық мектепте оқыған, 2001 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының актерлік факультетін тамамдаған. Ол «Ағайындылар», «Жау жүрек мың бала» және т.б. фильмдеріне түсіп актер ретінде көпшілікке танылды. Биыл Елбасының рөлін сомдауы да халықтың көңілінен шықты. Нұрланның поэзияға деген сүйіспеншілігі зор. Оған әкесінің суырып салма ақындығы емес, композиторлық қасиеті дарыған.

☆☆☆☆☆

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей Қазақстанның Халық ақыны Көкен Шәкеевтің, Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен серінің соңынан еріп, ұстаз тұтқан айтыскер ақын іниміз ***Құдайберлі Мырзабек.***

Құдайберлі Мырзабеков - Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, бүгінде Мәлік Ғабдуллин мұражайының директоры. Алғашқы айтыстарда жүлдегерлер қағазға жазып, жаттап алып айтысатын ақындардың өзіне мәз болып жүрдік. Республика бойынша ақындарды іріктеу сайыстары өткізіліп, оның жеңімпаздары облыстың намысын қорғауға суырылып шыға бастады. Әсіресе, айтыс өнеріне басшылары оң көзбен қараған Жезқазған, Қызылорда, Орал, Торғай, Шымкент секілді облыстардың әр ауылынан бой көрсетті. Осылардың ортасында ежелден сал-серілер мен ақын-жыраулардың ордасы болған Көкшеден ешкім бой көрсетпегенде, ата-бабамыздың қасиетті өнерінен қол үздік пе дегендей күй кешкен едік. Шоқан Уәлихановтың 150 жылдық торқалы тойына арналған қалалық, облыстық айтыстарда жұртшылық ұшін Құдайберлі Мырзабековтің суырыпсалмалық ақындық өнері бір үлкен жаңалық болды. Алматыда отырып-ақ, өзіміз бәйгеге Құларгерін қосқан Ақанның күйін кешкендей болдық. Өшкен жанғандай, өлген тірілгендей болды.

Құдайберлі Мырзабек 1964 жылы Көкшетаудағы Ақан ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген жас



жігіт екен. Сол жылы Алматыда Торғай мен Көкшетау облыстарының ақындары тегіс қатынасқан облысаралық теледидарлық айтыста Игілік ақынмен қайым айтысқа түскен Құдайберлі жерлестеріне жоғары ұпай әперді. Кешегі Жамбыл, Кенен, Исаны көздерімен көрген ақын жазушыларымыз Құдайберлінің өнеріне тәнті болып, зор баға берген-ді.1986 жылы Қызылорда қаласында өткен республикалық жастар айтысының, 1987 жылы Павлодарда өткізілген аймақтық айтыстың бас жүлделерін жеңіп алды. Жезқазған облысында Ақсу-Аюлыда өткен Майасар ақын тойының бас бәйгесін де елге әкелді. 1990 жылы Талдықорған облысында өткен Республикалық айтыстың бас жүлдесі – ақбоз ат, 1991 және 2000 жылдардағы республикалық

айтыстардың бас жүлделері – автокөліктер Құдайберліге бұйырып Көкшетауға келді.

Құдайберлі айтыс өнеріне баулып жүрген ұстазы Көкен Шәкеевке:

Өзіңсіз өнердегі бәйтерегім,
Мен сізсіз кім болар ем, қайтер едім?
Осы бір санамдағы ойларымды,
Қопарып сыр сандықтан қайта еледім.

Мақсатым елім артқан сенімді ақтау,
Дәстүрлі ақындықтың салтын сақтау.
Бұл менің сізге деген разылығым,
Ұғыңыз құр өтірік емес мақтау, –

дегенде, ұстазы оған былай деп жауап қайырған еді:

Мақтаудан ауызым мықтап күйген жаным,
Жақсыны жанымменен сүйген жанмын.
Түлкідей қылмыңдаған біреулердің,
Зердеме мінездерін түйген жанмын.

Сен менің мақтанышым алпысымда,
Өмірің өлең болып шалқысын да.
Көтерсе өсіп, кемітсе өше көрме,
Түскенде талай қазы талқысына.

Көкшелік сал-серілер дәстүрін, ақындық, әншілік өнерді жалғастыратын К.Шәкеев атындағы ақындар мектебінің ашылу салтанатындағы «Базарлық» өлеңінде Құдайберлі Мырзабектің:

«Жүйріктер бізде аз ба еді,
Қыранның біткен қанаты.
Шапқанда шаңды боратып,
Дүбіріне теңселген,
Жердің жеті қабаты.
Кермеден үзген шылбырын,
Соққанда бәйге сағаты.
Мәреден күткен елің бар,
Таусылып әбден тағаты....» -

деген жыр жолдары, сексенінші жылдардан бастап айтыс байрағының астына жиналған айтыскерлерге – «қаңтарулы тұлпарлар, қайдасыңдар?» дегендей және айтыстың жаңа сарбаздарын сахна төрінде көсіліп Құлагерше шабуға шақырғандай. Бүгінде Құдайберді Мырзабек өзінің жазба өлеңге бет бұрғанының дәлеліндей «Айрауық» атты жыр жинағын жария етті.

☆☆☆☆☆

Бүгінгі Біржандардың бірі - айтыс өнерінің мақтанышына айналған ақын ***Аманжол Әлтаев.*** Оның кең тыныстылығы, тапберме тапқырлығы, киген

киімінің тұлғасына сайлығы, ата-баба салтымен айтысатын қасиеті халықтың көңілінен шығып жүр. Аманжол қыз бен жігіт айтыстарында қарсыласын сипаттауда Біржан, Ақан, Ыбырайларға еліктеуі айтыстың мазмұнын байытып, көрік беретінін:

Дидарың Сарыарқаның ақ таңындай,
Көңілің Алатаудың ақ қарындай.
Аршын төс, бота көзді, алма мойын,
Сырлысың Сегіз сері Мақпалындай.
Ақанның Қадишасы емес пе деп,
Қараймын кірпігінді қаққанында-ай.
Қимылың Әйгерімге ұқсайды екен,
Керіліп жүріп келе жатқанында-ай.
Еңілікті көргендейін елеңдеймін,
Үкінді үлпілдетіп таққанында-ай.
Тастанбектің қызынан кемдігің жоқ,
Төгілтіп тереңнен сөз тапқанында-ай.
Қызғалдақтай құлпырған осы қызды,
Менен басқа жігіттен сақта құдай! –

деп жеткізіп айтады.

Кезінде Біржан атамыз ақын Сарамен айтысқанда:

Осы үйде Сара бар ма, «шықсын бері»,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері» – десе, Аманжол Сара Тоқтамысовамен айтысында Біржан бабасының бұйыра айтқан сөздерін, бүгінгі заманға сай сипайылықпен қайталағанда көкейіміздегіні дөп басқандай болды емес пе?!

Бұл үйде Сара болса «кірсем» деймін,
«Шықсын!» деп сөзін айтпай бабамыздың.
Біржанға айтқан сыны сол емес пе,
Айтыста сенің апаң Сара қыздың.
Ендеше, шапанды іл керегеге,
Байқайын биіктігін санаңыздың.
Сонан соң өз қолыңмен қымыз ұсын,
Жолымен әжелер мен анамыздың,
Қабағың ашық болса қона кетем,
Екі-үш күн уақыты бар ағаңыздың.
Ақ отауда айтысып емін-еркін,
Өнерін бір байқайын қара қыздың.

☆☆☆☆☆

Домбыраларын шерте тартып Біржан, Ақан, Ыбрай, Балуан Шолақ, Мәди, Естай әндерін шырқағанда солардың өздерімен сұхбаттасқандай әсер қалдыратын әншілер бүгінде аз емес. Солардың бірі ақын және сазгер ***Иран Тасқараның*:**

«Біржан тобы кешегі бар дескендей,
Біз жас желек Сіздің шың жарға өскендей» – деуі бүгінгі өнер жалғастығын, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай мектептерінің жалғаса түсуін, ұрпақ байланысын айқындайды, Шәкен мектебін көрсетеді.

Иран Тасқараұлы Тасқара 1939 жылы туған, студент кезінен білетін Көкшетаулық інім. Ол кезде фамилиясы Иран Ильяшев еді. 1962 жылы ҚазПТИ-ды тамамдаған, тау-кен инженері. 1962 -1980 жылдары - Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында қызмет атқарды. 1982-1994 жылдары - «Васильков КБК» ААҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы, директордың сапа жөніндегі орынбасары. Қазіргі уақытта ән шығармашылығымен айналысады. «Сағыныш», «Көкше жолы», «Тербеткен ән-жыр өмірім» өлеңдері мен әндер жинағының авторы. Ол өзінің және қазақ ақындарының өлеңдеріне 100-ден астам ән шығарған. Көкшетау сал-серілерінің әндерін насихаттап және өз әндерін орындап концерттерімен өнер көрсетеді. Айтыста қарсыласына өзін-өзі таныстыруы



Орта жүз –Арғыннанмын аңқылдаған,
Дауысым аққу қаздай саңқылдаған.
Атығай – Қарауылы сұлу Көкше,
Өнері жалғас тауып сарқылмаған.
Қожаның жиенімін Мөнтік затым,
Баласы Тасқараның Иран атым.
Кенші боп Сарыарқада сайран салып,
Құлпыртқан ән мен жырдың салтанатын.
Сәлем Арқа еліне,
Кербез Көкше жерінен.
Абылай, Шоқан төрінен,
Оқжетпестей өрінен,
Сексен сұлу көлінен,
Біржан, Ақан нәр алған,
Сауық-сайран белінен,
Солардың ізін жалғаған,
Иран сал деген серіден!

Республикалық жас дарындар телевизиялық байқауының (1984), Бүкілодақтық жас дарындар байқауының (1979), ақын Кәкімбек Салықовтың сөздеріне жазылған әндерді орындаудың республикалық конкурсының (2004) лауреаты. 2008 жылы Біржан ауданының, оның ішінде Сәуле ауылының 80 жылдық мерей тойы атап өтілді. Сол тойға арнап ақын Төлеген Қажыбайдың «Ән сәуле» жырына ән жазып, Иран Тасқара өзі орындады(суреті Т.Кәкішев туралы мақалада берілген). Сол арнау жырдан үзінді келтіргенді жөн көрдім:

«...Маржан ғалым академик атанған,
Машанидің бір өзінен бата алған.
Смағұлдың Балғабегі балбармақ,
Туған жұртта ұлы күйші атанған.

Елдің жыры таусылмайды мәңгілік,



Мариям апайдың үйінде Зинаида және Шота Уәлихановтар, Фаузия Оразалина, мен

Біржан салым толғап кеткен ән қылып.

Ата мекен, құт орнаған ақ мекен,

Ұрпақтармен жалғас табар жаңғырып»,–деп жалғаса береді.

5.4. Көзден кетіп, көңілде қалғандар

Абыз Ана. Қазақтың көрнекті жазушысы Сәбит Мұқановтың өмірлік серігі, адал жары ***Мәриям Қожахметқызы Мұқанова*** 101-ге келіп дүние салды. Әдебиет алыбымен жарты ғасыр отасқан қазыналы қарттың өзі де ғасыр жасады. Кеше ғана, абыз ананың 100-жасқа келген тойында болған едік, міне бүгін Алматы жұртшылығымен соңғы сапарға шығарып салдық.

Жазушының жары болу оңай емес. Мәриям апай бірақ соның озық үлгісін көрсетті. Шаңырақ көтергенде Сәбит Мұқанов 26, Мәриям Қожахметқызы небәрі 16 жаста екен. Екеуі 47 жыл отасты. Бірге жүрді, бірге тұрды. Мәриям апай шынайы махаббатымен марқасқа талантқа шалқар шабыт сыйлады. Тек Сәбеңнің жаны тыныш болғанын қалады. Тіпті шығармашылығының прототипіне айналды. Әйгілі «Ботагөз» романы, «Сұлушаш» поэмасының бас кейіпкерін Сәбит Мұқанов әйеліне қарап сомдағаны әдеби ортаға белгілі.

Мариям апай Сәбеңе тек жар болып қана қойған жоқ, Сәбеңнің өмірлік серігі болды, ақылшысы болды. Ұлттың ұлы жеңістерінің талай куәсі болған ұлттың анасы болды. Мариям апаны Сәкен Сейфуллин бастаған замандас ағалары «Сұлушаш келін» деп атап кеткен екен. Қазақ әйеліне тән асыл қасиеттерді бойына жинақтаған тұлға бар өмірін жұбайына бағыштап өтті. Тірлігіндегі істері өз алдына, Сәбит Мұқанов дүние салған соң да біраз шаруаны тындырды. Ғұмырының соңғы 36 жылын Сәбиттану ісіне арнады десе болады. «Менің Сәбитім» деп кітап жазды. Қаламгердің 90 жылдығын, 100 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуге бас көз болды. Артында қалған мұраларын ықтияттап сақтап, өзі тұрған үйді Сәбит Мұқанов атындағы мемориалды мұражайға айналдырды.



Сәбит атаның 100 жылдығын Қызылжар мен Көкшеге барып тойлап келгеннен кейін Мариям апамыз Т.Кәкішев бастаған бырсыпыра адамдарды үйіне шақырып, ризашылығын білдірді. Бұрынырақта Ғ.Мүсірепов «Мәриям әдебиет анасы» десе, Бауыржан Момышұлы «Музей ана» деп аталатын этнографиялық әңгіме жазды Мариям апай жайында. Мұның бәрі жазушыға жар болғаны үшін ғана көтермелеп жатпағаны рас.



Абыз ананың 100 жылдық тойында
Сәбитова.Түрегеп тұрғандар: Майра.Салтанат



і баламның үйінде:
ориям апай немерем
...манға батасын беруде

Қалай десек те өмірі өнегеге толы еді ол кісінің. Зайдахан екеуіміз 8-наурызда Мариям апайдың үйіне барып құттықтап, көңілін көтеруден және «командасымен» өз үйімізге қонаққа шақырудан ешқашан жалыққан емеспіз.



Мариям апайдың үйінде Зайдахан Бекхожинамен бірге

Жүрекке жылу берер осындай кездесулер ешқашан ұмытылмайды екен.

Қазақстан Жазушылар Одағының Әдебиетшілер үйінде Абыз Ананың 100 жүз жасқа толу мерей тойы салтанатты жағдайда атап өтілген-ді. ҚЖО төрағасы Нұрлан Оразалин, Тұрсынбек Кәкішовтер Мариям Мұқановаңың классик жазушының соңында қалған мұраларының шашауын шығармай сақтап, Алматыдағы музей-үйінің халыққа қызмет етуіне ерекше үлесін қосқандығын, жазушының мерей тойларын өткізуге үнемі атсалысып келгенін ерекше ілтипатпен атаса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ел анасы» деп құрметтеп, құттық-тағаны да есте. Кеш соңында ақылынан адаспаған, ақ жаулықты анамыз жиналған қауымды, қошеметтеп келген жұртын әсерлі әңгімелерімен де бір сергітіп тастады, әрі қарай той «Айсер» мейрамханасында жалғасты.

Бір жылдан кейін абыз ана дүние салды. Қаралы жиынға келген қаймана қазақтың көбі Мариям апайдың 100−ге келіп сөйлеген сөздерін естеріне алып, қабіріне топырақ салып, Құран оқылды.

Абыз ана, кейуана туралы айтарымды Сәбит ағаның 100 жылдығында Мариям апайға арнап жазған жырыммен аяқтағанды жөн көрдім[7].

Есімде балаларыма берген батаң,
«Одақтың» ақ анасы Мариям апам.
Сұлулық Сізде ғана бар секілді,
Табиғат көріктісі қайыңға тән.

Домалақ, Ұлпан атты аналардай,
Ғасырда турар сирек даналардай,
Сәбеңе жарық жұлдыз, күн сипатты,



Тәңірі Мариям апайдай нұр сипатты.

Қызыңыз жаныңызда Баян сынды,
Жаннаңыз жібектейін әсем үнді,
Бүгінде ұлы көштің басында жүр,
Нәйлә мен Гауһарыңыз алуан қырлы.

Зерделі, сұлу ана, пейілі аппақ,
Ел сыйлап көтеруде Сізді ардақтап.
100 жылдығы Сәбит ата құтты болсын!
Жүріңіз ортамызда күліп-ойнап.

☆☆☆☆☆

Сахнамен сахнада қоштасқан саңлақ. Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық драма театрының негізін қалаушы, көрнекті режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, А.Попов атындағы сыйлықтың лауреаты, марқұм Жақып Омаровтың 70 жылдық мерейтойы өзі тер төккен қарашаңырақта еске алу кеші ретінде аталып өтті.

Театр тарланының жарқын бейнесіне бас иіп, тізе бүгуге Жақаңның жары Түймехан Атымтаевамен бірге артында қалған төрт ұлы, сонымен қатар халық қалаулылары Алдан Смайыл, Светлана Жалмағамбетова, қала әкімінің орынбасары Ә.Рахымжанов, өнер өкілдері, театр делегациялары және режиссердің үзеңгілес достары арнайы келді. Осы театрдың актер інім Асылбек Серікбайұлы Қапаевтың шақыруымен мен де осы еске алу кешіне қатыстым.

Айтулы тұлғаның шығармашылығы мен өміріне арналған фотокөрмені тамашалағаннан кейін, жиналған жұрт режиссердың досы, белгілі сыншы Әшірбек Сығайдың сөзіне құлақ түрдік. Ол «Жақып романтикалық пафосты шынайы нақышпен көрсетіп, жоқтан бар жасайтын. Ол бар ғұмырын тек қана театрға арнады. Телеарнаға да, радиоға да бармады. Қызба мінез, асқақ эмоция, шалқар шабыт Жақыптың жұдырықтай жүрегін жарып жіберді. Қазақта Жақыппен иық тіресе алатын режиссер әлі туған жоқ. Ол қандай спектакль қоймасын, өзіне тән қолтаңбасымен ерекшеленіп тұратын. Кейіпкерлерге жан бітіру Жақыптың негізгі кредосы болатын» − деді.

Жақып Омаров Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданының түлегі. 1969 жылы Ә.Мәмбетовтің режиссерлік курсын бітіріп, ірілі-уақты елу шақты спектакль қойған болатын.

Режиссерлік талантының арқасында М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды заңғар драматургтер мен қатар шетел классиктері Шекспир, Мольер, Островский, Афиногенов шығармаларынан жаңа рең тауып, жұрттың жүрегіне жылылық ұялатты. Жақып Омарұлы көзі тірісінде Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Нұрмұхан Жантөрин, Хадиша Бөкеева, Сәбира Майқанова сияқты сахна саңлақтарымен қатар Әнуар Молдабеков, Асанәлі Әшімов, Матан Мұратәлиев сынды таныл тұлғалармен үзеңгілес болды.

Режиссер қойған Қ.Бекқожиннің «Ұлан асуы» спектаклі театр әлеміне сілкініс әкелді. Осы қойылым арқылы халқымыздың қамын жеген Абылай хан, Бұқар жырау сындыбір-туарларымыздың бейнелері сахнаға келген болатын-ды. Жақып Омарұлы 1990ж. Қуанышбаев атындағы Ақмола қазақ-музыкалық драма театрының негізін қалады. Ақмола топырағы оның өз елі, өз жері болған соң Жақып «осында барасың» деген ұсынысты жүрек қалауымен қабылдады. Сол кезде Целиноградтың әлі тоңы жібімей тұрған болатын. Қазақ драма театры ашылмақ түгілі, исі қазақ рухын танытатын белгіден ештеңе жоқ еді. Жақып Омарұлы кадр іріктеумен, актерлер жинаумен жүрді. Алғашқы қойылымға«Ақан сері-Ақтоқтыны» әзірлей бастады. Жақып өзі Ақан ұрпағынан болған соң ба, ол барған жерінде театр шымылдығын «Ақан сері-Ақтоқтымен» ашатын әдеті. Осы жолы да солай болды. 1991 жылы 15 қарашада Арқа төсінде жаңа театр Ақтотысын жетелеп Ақан сері сахнаға шықты. Қалибек Қуанышбаев атындағы жас театр өзінің өмірбаянын осы күннен бастады. Жақып Омарұлы қатарынан С.Жүнісовтің «Қысылғаннан қыз болдық», Ш.Айтматовтың «Ана-Жер ана», Ш.Құсайыновтың «Алдар көсе» және т.б.бірнеше қойылымдар әзірледі. Сөйтіп, Жақып Омарұлы Астанда көп жанрлы театр ұйымдастырып, шеберлігі шындалған театр ұжымын қалыптастыруға құлшына кірісіп, табандылық танытты.

Жақып Омаров 1996 жылы Уфа қаласында өтетін түркітілдес театрлардың «Туғанлық» атты екінші халықаралық фестивалінде Ш.Құсайыновтың «Алдар көсе» қойылымын дайындап апарды. Байқау тамаша өтті. Қортындысы шығарылып, Башқұрт театры бас жүлдені иемденді. Құрылғанына бес жыл ғана болған Астана театры бір марқасқа өнер ордаларының ішінен суырылып шығып, бірінші орынды иемденді. Театр ұжымына тегіс «Үміт» сыйлығы берілді. Режисерлық шеберлігі үшін Жақып Омаров арнайы сыйлық алды.

Жақып Омаров қолына гүл алып, балаша қуанып сахнаға шықты.... Зор сүйіспеншілік пен беделге ие болған аяулы азамат Уфа қаласының сахна төрінде дүниеден озды. Ол 1996 жылы 31 мамыры болатын-ды.



Ақын Х.Бекхожин мен режисер Ж.Омаров «Ұлан асуы» спектаклінен кейін актерлер арасында

Еске алу кешінде Жакаңның Уфада жүрген соңғы сәттері көрсетілді. Бейнекордағы көрініс те сағатына қайта-қайта қарай берген режиссер әлденеге асыққан сыңай танытады. Ол неге асықты екен?! Еске алу кешінен тараған жұрттың көкейінде осындай сұрақ тұрғандай болды.

☆☆☆☆☆


Биіктік, кеңдік, тереңдік бір басында еді... Кеше ғана арамызда әзіл-калжыңымыз, тату сыйластығымыз,достық көңіліміз жарасып бірге жүрген қадірменді азамат, үлгілі ана, аяулы әже ***Нұрымова Раушан Есқазықызы*** өмірден ерте озбаса осы биыл 75 жасқа толар еді-ау. Жалпы алғанда, мен білетін Нұрымовтар (Ғани, Баян, Марат, Раушан және Құралай) ата-анасының адами және білімдарлық қасиеттерін тарихи-генетикалық тұрғыда бойына жинақтай білген адамдар. Олар өз бойындағы жақсы қасиеттерін жан-жағындағы адамдарға, тәлім-тәрбие беретін жастарға дарыта білді, кейінгілері әлі де жалғастырып келеді. Мен Марат Есқазыұлымен 55 жылдай бір салада, яғни тау-кен өндірісінде еңбек етіп келе жатырмын, талай әңгімелерін естіп, пікірлесемін.

Мен ҚазТКМИ-на оқуға түскенде, Марат Есқазыұлы жоғарғы курс студенті екен. Оның қарындасы Раушан Нұрымовамен 1-курстан бастап бірге оқып, жатақханада бір бөлмеде тұрып, бір үзім нанды бөліп жедік. Сол 1955 жылдан бастап Нұрымовтар әулетін біліп араласа бастадым. Есқазы ата мен Фатима апай, көп балалы отбасы бола тұра, мені өздерінің бауырларына тарта білді.

Раушан Есқазықызы Нұрымова – жарық дүниеге нәзік жан иесі болып келсе де ер азаматтардың өзі арқалап кете алмайтын заман жүгін ауырсынбай алып жүре беретін қыздардың бірі болды. Раушан Қазақ кен-металлургия институтының 3-курсынан кейін Мәскеудегі кеңестік сауда институтына ауысып, оны тамамдап шықты. Еңбек жолын Тараз қаласындағы «Балалар әлемі» дүкенінің сатушысы қызметінен бастап, адал да қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстанның Сауда министрінің орынбасарына дәрежесіне дейін көтерілді.

Егер ол ҚазТКМИ-ды тамамдап, металлург мамандығын алғанда, онда тау-кен металлургия өндірісі саласында да саңлақтығын танытып, үлкен дәрежеге жетері сөзсіз еді.

Раушан құрбым салмақты мінезін, салиқалы болмысын, сарабдал ойын жоғалтпай, әйел әсемдігінің әдемі үлгісі бола білді. Атаға тартып туған ұл, анаға тартып туған қыз – ол ең алдымен ұлттың ұлағаты, елдің мерейі болмақ.



Раушан Есқазыкызы білімі биік, білігі мол, майталман маман болатын. Оның бір басында биіктік те, кеңдік те, тереңдік те бар еді. Бір өкініштісі, қырқынан жаңа ғана шыққан Раушанның 1938-жылдың қақыраған қысында, ешқандай жағдайы жоқ поезда бір ай бойы анасымен Волга бойына (айдаудағы әкесін іздеп) жол жүруі, оның денсаулығына зор әсер етті, дүниеден ерте кетті. Осы тұста Жан-Жак Руссоның: «Өмір қысқа. Ол – қас қағым сәт... Өмірде тек адам тындырған жақсылық қана қалады, өмір сонымен де құнды» – деген нақыл сөзі тілге оралады.

Халық арасында жарық жұлдыздардың ғұмыры қысқа болады деген болжам бар. Бәлкім ол рас та болар. Өйткені олар өз жылуын, оз қызуын ертерек сарқып алады. Раушан Есқазықызы аз ғұмырында ізгілікті істі жасап кетті. Раушан туралы көңіл сезімін мын бір шумақ өлең жолына сыйғыздым.

Ақын едің өлеңіңді жазбаған,
Жалындаған от едің десем аз маған.
Ақылды едің жақындатқан алысты,
Сұлулығың еш уақытты тозбаған.

Құдайға шүкір! Бүгінде Нұрымовтар әулеті өсті, өрбіді, өрісі кеңейді. Балалары да тегіне тартты. Тұлпардан тұлпар, жабыдан жабы, мәстектен мәстек туатыны сияқты, жақсыдан жақсы тууы өмірдің өз шындығы. Оның балалары: Зәуре Қарабаева бизнестін хас шебері болса, Арман Қарабаев – белгілі кино-продюссер. Раушан Нұрымова адал енбегімен, тәрбиелі баталары, немерелерімен өшпес із калдырды.
Балалары бүгінде үлкен жүректі ана ісін жалғастыруда.

Раушан құрбым жаңа жылдың алдында, яғни 1937-жылдың 27–желтоқсанында дүниеге келген болатын. Оның 50 жасқа толған мерейтойында (27.12.1987 ж.) мен:

«Желтоқсан қыстың нағыз суық күні,
Сол суықта естілед Раушан үні.
Туса да қақыраған қыс айында,
Раушанның жүрегінде көктем гүлі.

30 жыл «саудада» сен еңбек еттің,
Студенттен министрге өсіп жеттің.
Биіктік пен тереңдік және кеңдік,
Табылды бір бойыңнан, Раушан, сенің.

50 жас құтты болсын Раушан шырақ,



Болсыншы өмірің жаз, күнің шуақ.
Аман боп оттың басы, бала-шағаң,
Жүре бер қартайғанша халқың сыйлап!»- деген едім.

Мұсылман әлемінің жаңа жылының алдында, яғни 2004 жылдың 19 – наурызда Раушан Есқазықызы дүниеден өткенде мен:

«Өткен күндер сағымдай.
Көрген түстей болар да.
Ракеңдей сырлас құрбының,

Орны сірә толар ма.

Көркіңе сай керім ең,
Жаралған таза сезімнен.
Барлық жанның көңілін,
Жүрегімен сезінген.

Не істерсің мына тағдырға,
Көнбесіне көндірген.
Қинала қимас көңілмен,
Қоштастық, Раке, өзіңмен» −деп жоқтау айттым.

☆☆☆☆☆

Қайыр Хакімұлы Хакімов. Әңгімеміздің арқауына айналғалы отырған, кафедрамыздың ұлағатты ұстазы Қайрекең-Қайыр Хакімұлымен сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бас кезінен бастап бірге қызмет атқардық.


Қ.Хакімов мерейтойда өзінің өлеңін оқып тұр

Ол қасиетті Қостанай топырағында дүниеге келген, Мәскеудің жерге орналастыру институтын үздік тамамдаған, өте сауатты адам еді.

Еңбек жолын Жамбыл гидро-мелиоративтік институтында ұстаздық жұмыстан бастаған ол, адал еңбегімен, жоғары әдістемелік деңгейде сабақ беруімен көзге түсіп, ҚазПТИ-ның геодезия кафедрасына жұмысқа ауысып келді. Қ.Хакімов оқытушылық жұмысын көркемөнерпаздар үйірмесін басқарумен ұштастыра білді. Өйткені ол нағыз өнер адамы болатын. Мәскеуде институтта оқып жүріп, Таганканың театралдық студиясын тамамдаған. Институтқа келгенде бір театрға келгендей қара костюм кисе ақша қардай жейде немесе ақ костюммен келетін. Дәріс оқығанда монологін оқып тұрған артист сияқты еді. Кафедрадағы жандардың барлығына арнап өлең жазатын «сегіз қырлы, бір сырлы жан» болатын.

8 наурыз, 9 мамыр, Жаңа жыл, әріптестерінің туған күн мерекелеріне орай ұйымдастырылатын отырыстарда көпшілікті әзіл әңгімелерімен күлдіріп, өлеңдерін оқып, отырыстың шырайын шырайын кіргізіп жіберетін. Жалпы «күй болып, күмбірлеп кетсем бе екен...» деп отыратын кездері болатын.

Қайракеңді қалай білсек, оның жұбайы Лиманы да жақсы көріп кеттік. Ол балалары Саид және Ғалымжанмен мақтанатын еді. Ал Лима болса, немерелері Аланды үлкен би мектебіне беріп, конкурстарға онымен бірге барып «тағы да бірінші орын алып келдік» деп отыратын-ды. Қайыр мен Лиманың балалары мен немерелерінің қуанышына бөленгені, ағайын-туыс, құда-жекжаттарын сүйсіндіретін. Сөйткен Лиманы 2012 жылы бақилыққа аттандырған едік, енді міне 1,5 жыл өткеннен кейін Қайрекеңнің кенеттен өмірі үзіліп, фәни

жалғаннан, жер ананың қойнауына тапсырдық. Армандары тұңғыш немерелері Аланның қызығын көре алмай кеткендігі...

Өмірдің мәні де, сәні де адамзатқа лайық іс тындырған, артына өшпес із қалтырған, жүрекке-жүрек, тілекке-тілек қосқан, елдің бетінде, желдің өтінде алшаңдап басып, жанұяның тірегі, балалары мен бауырларының ақылшысы Қайрекең мен Лима Хакімовтар шаңырағының құт-берекесі еді. «Өкінішсіз өмір болмайды, өткеннің орны толмайды» дегендей адам жаратылысына араша бермейтін мұндай қайғы кімнің де болсын қабырғасын қайыстырады.

Балалары мен ағайындарына «Алла тағала иман байлығын берсін, жаны жәннатта болсын»- деген жалынышты өкінішімізді жеткізгендей болдық.

5.5. Менің замандастарым

Достар туралы үзік сыр. Мен әріптестерім және шәкірттерім жайында барынша айтқандай болдым. Ал солардың ішінде достарың бар ма? деген сұрақ толғандыруы да мүмкін. Достық сыйластық пен қамқорлықты қастерлей білу−нағыз адамгершілік қасиет. Сондықтан, дос болу, арамдар арасында ертеден қалыптасып келе жатқан үлгілі үрдіс, қолдарлық құбылысқа айналған. Достық қарым-қатынас, өзара жақсы түсінісуді, бірін-бірі құрметтеуді бірін-бірі құрметтеуді білдіретіндей адамзат қоғамының ерекше әлеуметтік құндылығын көрсетті.

Дос таңдау, дос іздеу, дос болу қазақ халқының ұлттық дүниетанымын-да адамгершіліктің негізгі ұстанымдарының біріне айналғаны ежелден-ақ белгілі. Мұны халқымыздың «Досы жақсының өзі де жақсы», «Жақсыны досынан таниды», «Ақшадан да достық қымбат» деген сияқты мақал-мәтелдерінен аңғару қиын емес. Әсіресе, қазіргі нарықтық заманда кеңесуге, іскер өз «командаңды» құруға, адал да қабілетті достар керек-ақ. Мәселен, Болат Әбілов, Мұхтар Жәкішев, Мұхтар Әбілязов сияқты кәсіпкерлердің достығы осындай мақсаттардан туындаған.

Халық даналығына зер салсақ «Досы жоққа дүние тар», «Досың болса, көңіл қошың да болады», «Жақсы дос жақыныңнан да артық» деген сияқты достық туралы көптеген тағылымдық мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Сондықтан да болса керек, «Дүниеде доссыз жалғыз қалғаның − өлгенің» деп ойын түйіндейді Абай өзінің 37-інші қара сөзінде. Ендеше, дос таба білу, достыққа адал болу әр адам үшін өмір мұратына айналуы тиіс. «Жақсы дос тапсаң−мақтан» деген халық мақалы да соған меңзейді. Қалтай Мұхамеджановтың қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовпен көп жылдық достығы тамаша әдеби шығармалар тудырғаны баршаға мәлім.

Достықтың ерекше белгілерін қазақтың ежелгі аңыз-әңгімелерінен, ертегі-жырларынан көп кездестіруге болады. Қай халықта да адамдар арасындағы достық қарым-қатынас әрқашанда жоғары бағаланып келген. Ұлы ойшылдар да достық идеясына әрдайым назар аударып, үнемі насихаттап отырған. Сондай-ақ, Ш. Уәлиханов пен Ф. М. Достоевский арасындағы өзара түсіністік достық, екеуіне арнап Семейде қойылған ескерткіш - мүсін болып сомдалды. Әйгілі қазақ жазушысы С. Мұқановтың белгілі өзбек ақыны Ғ. Ғұламмен достығы кімге

болса да үлгі. Қазақтың «Досы жақсының, өзі де жақсы» деген мақалы достықтың осындай қадір- қасиеттерін білдірсе керек.

«Достық» деген ұғымды адамдардың ортақ мақсат-мүдделері мен жарасымды көзқарастарын білдіретін адал адамгершілік қасиеті, жақсы жақындық пен қалтқысыз қамқорлықтың белгісі, сыйластық шынайы сезімі, өзара түсіністік жағдайдағы қарым- қатынасы деп түсінеміз. «Достық негізі еріктің, талғамның, пікірдің толық үндесуінен туады» деген екен Цицерон.

Шығыс халықтарының даналығы «Досы көпті жау алмайды», «Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас» деп үйретеді, «Бақытыңнан айырылсаң, досың қалар қасында, ал досыңнан айырылсаң - сен бейбақсың расында» деп Хафиз достық қасиетті қастерлеген. «Жақсы дос ерттім дегенше, жарты жолдан өттім де», «Досың аз болса, жер боларсың, ақылың аз болса, қор боларсың» деп өнегеге үйретеді ағылшын, орыс, қазақ мақалдары.

«Адал достан жаныңды аяма», «Жақсымен дос болсаң, ісің бітер», «Достықты қаласаң, достаса біл» деген қазақ даналығының ұлағатты өнегесін еріксіз есіңе аласың.

Менің де ортақ ғылыми және педагогикалық қызмет барысында профессор Б.М. Жарықбаевпен, А.М.Бейсебаевпен, Ж.Г.Ормановамен, Р.С.Канафинамен, Н.Жалғасұлымен достасып келе жатқанымызға 50 жылдан астам уақыт болды. Мамандықтарымыз әртүрлі болса да мен Затқали Естемесов және Ұлтуар Махамбетовамен (құрылыс мамандары), профессор Шабден Абуов(физик), Алия Боканова, Макар Өтегенов(экология мамандары) Ұлбосын Айтөлен, Мағира Қожахметовалармен (журналистер) достасып кеттім. Бұған біздердің мінездеріміздің үйлесімділігі, достыққа адалдығымыз, өзара сыйластығымыз, азаматтық өмір сүру пиғыл-пайымымыз себеп болса керек деп ойлаймын. Әлі де жарасымды сондай достар іздеудемін.

Ғылым жолында жүріп, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғаттырған 20 дан астам шәкірттерімнің ішінен профессор Хайни-Камаль Қасымқанова мен доценттер Г.М.Қыргизбаева, Г.С.Мадимарова, Қ.Т.Менаяқов және өндіріс орындарында қызмет атқаратын Е.Г.Қарибаев, Б.Т.Төлеуов, С.Қыдырманов сияқты жаңа достар тапқанымма ризамын.

Бөгде ұлттар ішінен де М.Е.Певзнер, В.И.Борщ-Компониец, М.А.Иофис, И.В.Милетенко (Мәскеуде), М.Кузнецов,(Санкт-Петербурге), В.Р.Рахимов (Ташкентте), К.Ч.Қожагұлов, В.И.Нифадьев, С.Усманов (Бишкекте), Ф.К.Низаметдинов, В.Н.Долгоносовпен (Қарағанды) сырласып, өзара түсіністік қарым-қатынаста болып жүрмін.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да профессор-педагогтер Т.Қалыбеков, Б.Жарқынбаев, В.А.Хан, Б.С.Касеновтермен түрлі мәселелерді ашық таласып, ой-пікір жарыстырып, жарасымды жолдастықпен жұмыс атқарып келеміз. Біздер бір-бірімізге көп көмектестік. Ол достарымнан мол тағылым алдым.

Жасыратыны жоқ, қызмет бабында күнде араласып жүрсем де Қадыр Мырза Әли:

«*Дос боп кіріп біреулер құшағыңа*,
Жылан болып шығады қойыныңнан»-дегендей, кейбір профессор-оқытушылармен өзара түсіністігіміз достық дәрежесіне дейін

көтерілмей қалды. Мүмкін достасатын кісілеріме өзім қатал талап (адалдық, творчестволық ойлау, іскерлік қабілет, пайда табушылықтан аулақ болу т.б.) қойған шығармын. Кез келген адамда мұндай сапалық ерекшеліктер бола бермейді-ғой. Жалпы өре-шабатын жүйріктердің достары аз болатын заңдылық бар сияқты.

Өмірде шын дос таба алмай зарығып өткендер де бар сияқты. Мәселен, А.С.Пушкин, Қ.И.Сәтбаев, Д.А.Қонаев сияқты талантты тұлғалардың шын достары бар екенін оқығандар не естігендер де бар ма екен? Абай дос таба алмай, өлең мен өнерді жолдас етіп өткен. М.Мақатаев, «қазақтың жігітінен дос таба алмай, қыз да болса өзіңмен(Фаризамен) сырласамын» деп жырлағаны есімізде. Тұңғышбай Жаманқұловтың «Менің жолым» деген әнінде айтылғандай «жүйріктердің достары аз, қашанда» болса керек. Халық даналығы «30-ға дейін көп дос, 30-дан соң аз дос» деп ескертеді. Ақын Шөмішбай Сариев: *«Жалғаннан жалыққанда, сағыныштан тарыққанда, жалғыздықтан қамыққанда, ақылдасып-кеңесуге, сағынысып көрісуге, қуанышты бөлісуге... дос керек»* деп жырлаған ғой. Мен осындай жарасымды достық өмірді өнеге тұтамын.

Иә, өмірде кісіге дос қымбат! Шынайы достар азаймасын! Дей тұрғанмен кей кезде ойға қаласың, неліктен екен, «достық» деген киелі ұғымның бұл күндері қадірі кетіп жүргендей, дағдарыс бұл салаға да келіп қалды ма деуге негіз бар. Қазіргі достық бүгіндері кейде тату, кейде қату боп кетті. Әлде бұл жерде араға «нарық» кірді ме? Әйтеуір сатулы сияқты. Бұрынғыдай алаңсыз достық сирегендей. Ондайды біраз уақыт араласқан замандастарымның арасынан байқау қиын емес, қатынастары бүгін бар да еретең жоқ бір тірлік. Неліктен? Әлде бұл «арендалық достық» па еді –күн үшін жүрген. Жоқ немесе «кредиттік достық» па – сыйластықты сатқан. Білмейсің, әйтеуір бір түсінбестік хал, осындайдан жалғыздық кіре береді екен басқа. Осындайда түпкі әу бастағы Тағдыр қосқан ежелгі достар еске түседі ғой баяғы... Күрсініп алып және іздейсің әлде кімдерді, жанашыр қайда? Шынайы достар қайда?

Тік мінез бар, ұнат, мейлі ұнатпа,
Армандарым тым биікте, шырақта.
Көлгірсіген көп достардың ішінде,
Шын досым көп, дүшпаным жоқ бірақ та,–дей келе сол замандас-достарым жайында сөз қозғағым келді.


Жас дәрігер Гүлжан Тілегенова

☆☆☆☆☆

Жол тапқан жанарына жұртшылықтың. Әлі есімде бір отырыста төрде отырған әйел көз аурулары жайлы шешіліп, көсіле сөйлеп кетті. «Теледидар, компьютер, ұялы телефонда телміріп отыратын адамдар қаншама. Ал олар сол арқылы өздерінің көз жанарларына зияны тиіп жатқанын білмейді. Қазақта «Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» деген жақсы сөз бар. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу керек. Көздің көруін бір

қалыпта ұстау үшін, ең бастысы, көзге шамадан тыс салмақ түсірмеу керек. Қазіргі заманғы ақпарат құралдарын қолданғанда жиі үзіліс жасап, күніне 1-2 сағаттан артық отырмаған жөн. Сонымен бірге дәрумені мол тағамдарды көбірек жеу керек. Сондай-ақ, қыздарымыз көздеріне шамадан тыс бояулар жақпауы керек және жасанды кірпік, қас жасату да көзге зиян. Қазір көзге ота лазер сәулесімен жасалынады, бізге келіңіздер» −деп түйіндеді сөзін ол.

«Ол» деп отырғаным кезінде Қазақ Көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының (ҚазКАҒЗИ) бас дәрігері қызметін атқарған, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері», бүгінде сол институттың кеңесші бөлімінің ординаторы – Гүлжан Мұхамеджанқызы Тілегенова екен.

Данышпан Абайдың «Ұлылық қайдан шығады, Телегей білім болмаса, Кемел ой қайдан шығады, Көкіректе нұр болмаса»- деген қағидасын серік етіп, өнегелі ұстаздар алдынан тәлім-тәрбие алып, дарынды тұлғалар тобының қатарынан лайықты орын алған, хирург, ұстаз Гүлжан Мұхамеджан қызы Тілегенованы, ақыл-парасат иесі, талабына нұр жауған әйел азаматтардың бірі деп білеміз. Ол Ресейде (Кемерово) дүниеге келген. Орта мектепті Павлодарда бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін тамамдаған.

Еңбек жолын 1952 жылдан бастап үзбей бір орында, Республикалық көз ауруларын зерттеу институтында 50 жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан жан. Шәкірттер де тәрбиелейді. Ұстазымыз Гүлжан апай деп жүрген шәкірттер қаншама, олардың қатарында Қуаныш Керімқұлов, Сәуле Сарманова, Лаура Есенгелдиева, Ғайни Абылғазина және т.б. бар.

Қазақстанда көз ауруларын емдеудің қалыптасуы кезінде Г.Тілегенова топ жарған тұңғыш көз зергері бола білді. Бұл саладағы оның жұмысы Орталық комитеттің хатшысы Д.А.Қонаевтың ерекше назарында болды. 1946 жылы құрылған Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымы (ДДСҰ) мен БҰҰ-ның балалар қоры ұйымдастырған кезекті халықаралық конференциясы 1979 жылы Алматыда ҚазКАҒЗИ-ы негізінде өткізілді. Сол кезде институттың бас дәрігері қызыметін атқарып отырған Г.М.Тілегенова осы жұмысты жоғары дәрежеде ұйымдастыра білгені үшін КСРО денсаулық сақтау министрлігінің І дәрежелі дипломына және «Еңбек сіңірген дәрігер» дәрежесіне ие болды.

Гүлжан апайдың біреу түсініп, біреу түсінбейтін, біреуге жағып, біреуге жақпайтын ерекше мінезі бар. Жасанды қылық, жалған намыс, жақсы көріну, өтірік мадақ, көлденең атақ, жылпылдаған сөз – оның табиғатына жат. Гүлжан апай бір отырыста көп сөйлеп, ақылсымақ болған адамға, басқа адамға айту арқылы: «Сөйлей бергеннен, сөйлей білген жөн»-деп әдемі аңғартқаны бар. Ол әр сөзге мән беріп, сөз төркінін түсініп айту қажеттігін әрқашан аңғартып отырады.

Гүлжан Мұхамеджанқызы егде тартса да еңкеймей, әлі күнге дейін «Сұңқар» атты емдеу-диагностикалық орталықта көз дәрігері болып қызмет атқаруда.Гүлжан апайдың жолдасы Бағдан Мұқашевпен бірнеше жыл дәмдес болдым. Марқұм Бакең Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің жоғарғы шендегі жауапты қызметкер еді, сондықтанда отырыстарда көп тыңдап, аз сөйлейтін.

адам еді. Гүлжан апайды қажымас қара нарға теңеп, мерейтойы тұсында барлық сәттілік пен тәттілікті тілеп, оған жыр долдарын арнадым:

Гүлеке еңбегіңізде жатыр төзім,
Дарабоз дәрігерісіз жанар-көздің.
Денсаулық саласында сапта тұрсыз,
Еңбектің үздігі де болдың өзің.

Қиындыққа қасқайып қарсы тұрған,
ҚазКАҒЗИ –да белгілі тұлғаң.
Талай істің түйінін шешіп жүрсіз,
Болсадағы оқиға сан шытырман.

Дәрігерісіз көз жанарының өнегелі,
Бала сүйіп, искедіңіз немерені.
80-нің сеңгірімен құттықтаймыз,
Бұл әрине, құдайдың елегені!

Жер бауырлап көрген емес қыран құс,
Көзіңізден көрініп ылғи тұрар күш.
Сексенінде сергек жүрген ана үшін,
Балалар мен немерлерге мың алғыс!

Гүлжан апай туралы жазғанымның басы осы күнгі ақпарат құралдарының көзге тимгізетін зиянынан басталған еді. Енді сөздің соңын қалам дегенді ұмытып, компьютерге таңылып қалған мына заманда «катаракдадан» көрмей қалған екі көзім Гүлжан апайдың арқасында шайдай ашылып, көзілдіріксіз осы жолдарды жазып отырғанымды айтып аяқтағым келеді.

☆☆☆☆☆

Екі ғашық, қол ұстасып келе жатыр 50 жыл... Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Базарбай Жұманиязов:

«Көктем келер гүлін алып,
Жазда келер жырын алып.
Жан көктемің қашан келер,
Махаббаттың нұрын алып.
Күндер өтті талай-талай,
Аялдамай, қарайламай.
Өзің берген суретіңе,
Көзім талды қарай –
қарай»? -



деген О.Әубәкіровтың сөзіне жазған әні сүйген жары Бануға (Гүлбануге) арналған.

Мен Батыс аймағымыздың көптеген адамдарымен (Ш.М.Айталиев, П.Ч.Чулаков, Е.Хасанғалиев, Б.Берікқалиев

және т.б) сұхбаттасып жүріп көп материалдар жинадым. Соның бірі Базарбай Жұманиязовпен (Базекеңмен) өткізген сыр-сұхбатым. Мен Базекеңе: Сізді өнер ортасына жетелеп алып келген қасиетті құштарлықтың, өміршілдіктің, арманның – Ариадна арқауының сыры неде? Сізді үлкен музыка ауылы Алматыға жетелеген қандай күш-құдірет болды? Тұңғыш шығармаңыз қай кезде туындады? Сонда көңіліңізде қалған өкініш, орындалмаған арман, қол жетпеген биіктер бар ма? Қазіргі уақыттағы музыкаға көзқарасыңыз қандай? – деген сұрақтарды қойып, оған толық жауап алғаннан кейін:

«Базеке! Сіз сырқатқа ұшырап зейнеткерлікке ерте шықтыңыз. Содан бергі жаныңыздың жауынгері, өмірдегі және жанұядағы серігіңіз, құдай қосқан қосағыңыз Бану және ұрпақтарыңыз жайлы айтсаңыз» -деп соңғы сауалымды қойдым. Б.Жұманиязовтың 70-жасқа толған мерейтойына Батыс өлкеміздің төрт облысы түгел келгеніне куәгер болған едім. Сондағы ақын Ақұштап Бақтыгереевaның Базекеңе арнаған жыр жолдарының бір шумағын келтіргім келеді.

«Сағынып жүрсең Жайықтың жұпар гүлін ал,
Ән толы күмбір кеудеңді солар ұғынар.
Жеті жасыңда жүгірген құмға жібермей,
Аяққа жетпіс тұсаудай түскен түрі бар.

Жылдарды қуып жүрегі бәлкім алқынған,
Сол жалын шақтан қалды ма енді салқын қан.
Суретін көріп арманың болған Бану қыз,
Айныған жоқ па баяғы іңкәр қалпынан.»

А.Бақтыгереевaның бұл өлең жолдарында Базекеңнің біраз жылдар бойы сырқаттанған мұңды қал-ахуалы менен Гүлбану Мәкейқызының осындай жағдайда адал жар бола білгені тұспалданып айтылғандай.

Қарағандының Жаңаарқасында туып, Алматыда Қазақ Мемлекеттік Университетін тамамдаған. Ол қоғамға бір кісідей еңбек етті, өмірін жасөспірімдерге білім беруге арнады, зейнеткерлікке шыққанша көп жылдар бойы гимназияда ұстаздық қызмет атқарды. Гүлбану Жұманиязова Базекеңмен ҚазМУ-да оқып жүрген кезінде танысқан. Өткен ғасырдың 60 жылдарында ҚазМУ-мен консерватория көршілес ғимараттарда орналасқаны белгілі. Сол кезде Базекең консерваторияда сабақ беріп жүрген жас сазгер болатын.


Базарбай, Бану Жұманиязовтармен

Бану Жұманиязова туралы көп айтуға болады. Базекеңдей сазгердің өмірінде жұбайы Банудың алатын орны ерекше. Ол Базекеңнің тек жары ғана емес, шығармаларының бірінші тыңдаушысы, «сыншысы», кеңесшісі. Мұның барлығы оның өнерге жақындығы, өнер адамының жан-дүниесін түсіне білгендігінен ғой. Сонымен қатар, Банудың Базекеңнің денсаулығына байланысты, жасап жүрген еңбегі шексіз...

Ұрпақтары туралы айтарым: бәрі де жоғары музыкалық білім алған. Ұлы Бейбарыс музыкалық және техникалық білім алған. Қазір жеке кәсіпкер, киноиндустрия саласында шығармашылықпен айналысады. Келіні Раушан өнер ғылымдарының кандидаты, консерваторияда сабақ береді. Базекең мен Бану немерелерінен үлкен үміт күтуде.

Бану құрбымызға, Құдай жазып 75 –ке толыңыз және Базекең екеуінің «алтын тойға» жетіңіз демекпіз. Өнерлі ұрпақтарыңызбен мың жасаңыздар. Алла тағала ақ тілегімізді қабыл етіп, әулие-әмбиелер, ата-баба рухтары сіздерді желеп-жебеп жүрсін!−дей отыра, Бануға мына жыр жолдарын арнаймыз:

Мына отырған кешегі Бану қыз-ды,
Талай-талай жігітті күрсіндірді.
Әлемінде музаның жүрген жанның,
Жас жүрегін сезіммен бұлқындырды.

Ақжайық пен Арқадан таңдаған қыз,
Жиырма сегіз жаста екен Базекеміз.
Қырық тоғыз жыл өтіпті содан бері,
Зырлауына уақыттың таң қаламыз.

Базекеңнің абыройына үлес қосып,
Гастрольда жүргенде жолын тосып.
Реніш пен қуанышты бірге көріп,
Келеді Базекеңмен өніп – өсіп.

Содан бері қатар соғып қос жүрек,
Келесіздер дос-туысқа боп тірек.
«Алтын тойға» жетелесін Сіздерді,
Бізден осы айтылатын ақ тілек!

☆☆☆☆☆

Арманды дара қумаған... Орта жастан асқан, қосағымен бірге жасасып өмір кешіп келе жатқан замандастарымның өнегелі өмірі, жастық шағы, отбасы туралы айтқанды жөн көрдім. Ол - былтыр 70 жасқа толған Қайыр мен 65-ке толған Бақыт Тоқпаевтар әулеті. Қайыр Тоқпаев Павлодарда дүниеге келіп, Қазақ ауыл шаруашылық институтын



тамамдап, агроном мамандығына ие болған. Еңбек жолы Ертіс жағалауынан бастаса да партияның жолдамасымен Торғай даласын Е.Әуелбековпен бірге гүлдендірген. Бүгінде ол бизнестің диірменін шыр айналдырып Алматыда жүрген азамат. Ал отбасы қандай дегенде мен: «Егер дәл бүгінгі заманда ақ сөйлеп, адал күлетін жанның тазалығын да байлық санап, жұрттың алдына да түспейтін, көштің соңында да қалмайтын тату-тәтті өмір кешіп жатқан отбасы бар ма десе, мен Тоқпаевтар отбасын атаған болар едім. Егер

дәл бүгінгі уақыт тынысында бұрынғы қызыл танау екпінділерше күндіз-түні аттан түспей, маңдай терін де міндет етпей, адал еңбегін байлыққа санап, бейнетінен бақыт тапқан отбасын іздер болсақ, мен Тоқпаевтар отбасын көрсеткен болар едім»дер едім.

Қазақта әйел-анаға қатысты бір әдемі мақал бар. «Әйел ай секілді, есікті жапсаң, түнліктен түседі» деген. Сол айтпақшы, Қайрекеңмен қырық жылдан астам отасқан, үйдегі бар ахуалды– барды-жоқты, жақсы-жаманды білдірмей, жымдастырып, отағасының мерейін өсіріп, азын көптей, көбін көлдей етіп отырған Бақыт Әуешқызы дәл осындай ана.

Бақыт Қостанайда туып, Қарағанды кооперативтік институтын тамамдаған. Бір сөзінде Бақыт: «Бізді қосқан комсомол» дегені бар. Өйткені екеуі де комсомол , әрі қарай партия белсендісі болғандар. Қайрекең Торғай даласының бітік егінін жайнатып жүргенде, облыстың сауда басқармасы Бақыт Әуешқызының уысында болды. Бір кезде қазақ бизнесінің қарлығаштары атанған Бақыт пен Қайрекең, бүгінде бизнестің хас шеберлері.

Бақыт Әуешқызына кәсіпкерлік анасынан дарыған, осыған орай:

«Болдыңыз анаңыздың мұрагері,
Бизнестің озып шыққан Құлагері.
Адалдықпен маңдайдан тер төккенге,
Қошаметтеп қол соғып тұрады елі», деген едім бір кезде.

Бақыт - сұңғақ бойлы, қимылы ширақ, ойы ұшқыр, кез келген ортаның ұйтқысына айналатын, әзіл-қалжыңы жарасқан жан. Тоқпаевтар ұлдарын ұяға, қыздарын қияға орналастырып, немерелерінің қызығын көруде.

Баласы Тілек отбасының бизнесін жалғастырушысы. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда осылай күндерді қуанышпен өткізуге не жетсін?! Осының өзі де бақыт екенін сезіне бермейміз. Қайрекең мен Бақыт осынау өмір жолында сонау алыста қалған жастық шақтарын, «Махаббат, қызық мол жылдарын» сағынады. Сондай жастық кезеңдегі қиындықтардың өзі қазір оларға қызықты болып ойларына оралады. Соның бәрін түйіндеп келгенде «Арманды дара қумаймыз, құстың қос қанатындаймыз» -деп М.Шаханов жырлағандай Қайрекең мен Бақыт құда-жекжаттарының, жолдастарының ортасында жастық шақтан бергі өмір өткелдерін естеріне алып, толғана сөйлеп отырады.



Халқымызда «Би болмаса да, би түсетін үй болсын»- деген мақал бар. Оның басты мәнісі барды ұқсата білуде, ниет пен көңілдің кеңдігінде дер едім. Бала бағу, немере өсіру, ағайын-туғанға, жолдас-жораға деген мейірбандылықты кейінгілер Бақыт пен Қайрекеңнен үйренуде.

Жер астынан тапқандайын жақұтты,
Махаббат дәмін Қайырменнен татыпты.
Дәл осылай ұйыған бір от басын,

Ұстап тұрған қадірлейік Бахытты.

Толып піскен бұл сіңілімнің сыры бар,
Мінезі бар шапқан сайын шынығар.
Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған,
Жалғыз сырлы бойында сан қыры бар.

☆☆☆☆☆

Қазақтың мақтан етер бір қызы – жеңешем Гүлжаһан. Бүгінгі күні әйелдер қоғамның барлық саласында да белсенділік танытуда. Ол−қоғамның ең тиянақты қызметкері, жаны, жүрегі! Әйелсіз ешбір қоғам алға баспайды. Әйел қандай қызмет атқарс а да анылық мейрімінен айрылмайды. Бұл дүниеде ананың мейірім мен махаббаттан жаралған кең жүрегінен, ыстық алақанынан, мейрімді үнінен артық ешнәрсе жоқ шығар сірә!

Бүгінде келін, жеңгенің ертеңгі күні аяулы анаға айналуы хақ. Қазіргі таңд жеңге мен қайын сіңлінің қарым-қатынасы, бір-біріне сый-құрметінің деңгейі төмендеп кеткендей сезіледі маған. Олай дейтінім, жаңадан отау құрып, келін болған, жеңге атанған кейбір қыздарымыз өз жарының қарындастарымен сыйласпай, қайын сіңлісінің бабын таппай, ажырасып кетіп жатады.



Ал менің жеңешем ше?! Менің жеңешем ата-ананың алғысына, қайын сіңлі-қайындарының құрметіне бөленіп, бүгінде немере сүйіп отырған сүйкімді әже, ұлағатты ұстаз – Гүлжаһан Сейсенбайқызы Қарибаева. Ұстаз дегенде сара боп туған ғалымдар, дара боп туған дарындар, асыл боп туған ақындар да ұстаздың ұлықтығының арқасында жетістіктерге қол жеткізгендігін айта кеткен жөн. Сол себептен болса керек әлемнің төрт бұрышында да ұстаздарды қошеметпен құрметтеп, ардақтап жатады.

Ұстаз...жаратылысынан адам жанын түсінер, қасиетті қара жердей жомарт, шегі мен шеті жоқ көгілдір аспандай кеңпейіл, ақылы аққан дариядай жаксылық пен ізгілік иесі. Қашанда аброй биігіндегі Алматының №12 қазақ мектебінде қаншама ұрпақ тәрбиелеген, ұстаз деген ардақты атқа лайықты Г.С.Қарибаева туралы айтқанды жөн көрдім.

Гүлжаһан Сейсенбайқызы Алматы облысында дүниеге келіп, Қазақ Мемлекеттік университетін орыс тілі мамандығы бойынша 1959 жылы тамамдап, еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған. Ол Семей, Целиноград, Алматы облыстары мектептерінде еңбек етіп, 1974 жылы Алматыдағы №12 қазақ мектебінде 20 жылдай оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған, Социалистік Еңбек Ері Р.Б.Нұртазинаның үзенгілесі, әріптесі болған жан. Ол Кеңестер Одағы білім беру және Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі.

Гүлжаһанмен танысуыма себепкер болған «Иран тобы» клубы. Сол клуб мүшелерінің ішінде сұлуы, соңғы модамен киінетін аруы Гүлжаһан болды. Мен «Иран тобы» қыздары гимніні сөзі мен әнін жаздым. Сондағы Гүлжанды:

Білім, еңбек – зерделінің қаруы,

Ізгілік қой дүниенің дәруі.
«Үздік ұстаз» атағына Гүлжаһан,
Қосып алды «Иран топтың аруын» -

деп сипаттаған едім. Араласып жүріп, сұрай-сұрай жұбайы көкшелік болып шықты. Гүлжаһан Көкшенің Еңбекшілдер ауданы Мәдениет ауылының тумасы, Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын тамамдаған, «Гидромелиорация техникумының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Қорқытбай Жүкенұлы Бекбергенов деген ағамызбен тұрмыс құрған екен. Ағамыз Қорекең ерте дүниеден озған, көре алмадық. Бірақ Гүлжаһанмен жеңге-қайын сіңлі болып кеттік.

Ата-бабамыз адамның шыққан тегін күні кеше партияға өткенде, ал бүгінде біреулер билікті орындыққа отырарда берілетін рекомендация - ұсыныс ретінде қабылдаған болса керек. Тектілік деген ұғым да тегін емес екенін енді біліп жатырмыз. 70 жыл бойы сүттің қаймағындай текті тұқымдарды түптамырымен жұлып, құртқан идеологияға қол соғып келдік.

Енді міне қарап отырсақ, Гүлжаһан мен Қорекең ағамыз екеуі де текті жерден шыққан жандар екен. Бүгінде Гүлжаһан Қорекеңнің жаниұясының ұйтқысы болып, Асқар және Ардақ деген балаларнан немере сүйіп отыр, зейнеткенерлікке шыққан. Асқар Бекбергенов Астанада, қызы Ардақ Дубайда тұрады. Гүлекең жеңешем 70-ке толғанда:

«Гүлекең жүр бұл өмірге еркелеп,
Таныспаппын Сізбенен мен ертерек.
Сұрай келе Қорекең маған аға боп,
Жеңешеге қарық болдым не керек.

Ұлағатты ұстаз болған талайға**,**
Бұл заманда бала оқыту оңай ма?
Білімдегі «топ-менеджер» десек біз,
Жоқ-ау басқа Гүлекеңе тең балама....» -деген едім.

Мен өзім де бір шаңырақтың әжесі болдым. Бірге қартайып келе жатсам да Гүлжаһанға деген сыйластығым, оған деген ілтипатым ешқашан еш кеміңген емес. Былтыр балалары Гүлжан ананың «қос жетіге» толғанын, немересінің студент болғанын, әдейі Дубайдан алып келіп, Астанада емес Алматыда Ұстаздар күні қыркүйек айында атап өтті. Мұның өзі баланың анаға деген зор құрметі деп білдім.

☆☆☆☆☆

Сұңғақ бой, сұлу мінез, сырбаз қалыпты Сара құрбым. Ізгі ниетті қауымның ішінде азаматтық ажарымен, орнықты кішпейіл, ақпейіл мінезімен, адалдығымен, еңбеккерлігімен танымал Сара ана еңбек жолын қарапайым қара жұмыстан бастаған, бүгінде құрметті зейнеткер, үлкен шаңырақтың алтын қазығы болып, алладан рахым, пайғамбардан шапағат, бала-шағасының аман-саулығын сұрап, әулеттің өркендей беруін тілеп отырған жан. Ұрпағың жақсы болып өссе, солармен бірге қайта гүлденесің, шалқисың, толқисың. Осындай



аналардың бірі емес, бірегейіне Ибраимовтар әулетінің келіні Сара Әлімбайқызы.

Сара екеуіміздің танысып – білуімізге «Иран тобы» клубының қыздары дәнекер болды. Жастық шақта әркімде, өзінің «Мен» деген намысы болады. Сондықтан да біздер жастық шақтағы қиындықтарымызды айтып сыр шерте бермейміз. Бертін келе, әбден етене танысып, араласып кеткен соң ғана Саранының да жас кезінде не бір қиындықтарды қатты сезінген жан екенін білдім. Бірде ол былай деді: «Маржан, неге екенін білмеймін, өмірдегі барлық жетістігіме Кеңестер кезінде жетсем де, партия мүшесі болып не бір лауазымды қызмет атқарсам да, сол дәуір енді қайта келмесе екен деп тілеймін. Әкем майданнан оралған жоқ, «хабарсыз жоқ болды» деген бір жапырақ қара қағаз ғана келді.

Ал анам-Айшаның болса біздерді өсірем деп қатты қиналған кездері көз алдымнан кетпейді. Осындай жағдайды бастан кешкен мен орта мектепті де бітіре алмадым. Соғыстың өзі бақандай 4 жылға созылды емес пе? Жеті жасқа дейін қандай қиындықты көргенімді енді өзің түсіне бер. Сол кездердегі жоқшылықтың жарасы тәнімде болмағанымен, жанымда сақталған секілді. Әлі күнге дейін балалық шағымды қамығып еске аламын Ал, соғыстан кейінгі жылдардың қалай болғанын өзің де білесің ғой»-деген.

Осыны айтқан Сара құрбым ауыр күрсінді. Бұл соғыстың зардабы бәрімізге ерекше танымал көрініс. Сондықтан да арқамнан сол заманның қамшысы осып өткендей әсерде қалдым.

Сара 1939 жылдың 28 қарашасында Алматы облысы Іле ауданының Қоянқұс ауылында дүниеге келген. Ол 7-класты бітіргеннен кейін-ақ шаруашылықпен араласып, он жылдық оқуды сырттан оқып тамамдаған. 1958 жылы Алматы I вокзалында диктор болып жүріп, теміржолда жұмыс істейтін Темірхан Ибраимовпен тұрмыс құрған, балалы-шағалы болған.

Алғаш еңбек жолын теміржол стансасының хабарландырушысы қызметінен бастаған Сара, кейінен жүк бөлімінің меңгерушісі бола жүре, Теміржол техникумын «Пойыздардың жүрістерін ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітіріп, партия мүшелігіне алынып, 1-Алматы теміржол вокзалы бастығына дейін көтерілген. ҚСРО-ның теміржолды пайдаланудағы ең үзік маманы, Қазақстанның құрметті теміржолшысы Сара Әлімбайқызының 40 жыл бойы темір жолда атқарған кешегі еңбектері мен бүгінгі кіші бизнесті дамытудағы игі істеріне баршамыз дән ризамыз.

Бүгінде Сара Әлімбайқызы Ибраимовтар ұрпақтарын өсірді, өрбітті, өрістері кеңейді немерелері ержеткізіп жатыр. «Атаға тартып ұл, анаға тартып қыз туатыны» өмірдің өз шындығы. Еңбекқор анаға тартқан, ананың ақ сүтін ақтап жүрген, аға-інілерінің қамқоршысы Гүлнар есімді қызы. Гүлнар– Саранының тіршілігінің гүлі, өмірінің нұры. Ол адал да қажымас еңбегінің арқасында О.Сүлейменовтің “Невада-Семей” қорында өз орнын тауып отыр. Гүлнардың өзі Димаштан немерелі болып, бүгінде Сара Әлімбайқызына шөбере сүйгізіп отыр.

Сара әже асып-тасудан әрдайым бойын аулақ ұстайтын, барды бағалай білетін, жоқты саралай алатын адам. Содан да Сәкеңнің төңірегінде жүрген біздер оның ұстамдылығы мен төзімділігіне әрдайым тәнтіміз. Әрбір істі толық аяғына дейін нәтижелі етіп жеткізетіндігіне, өзіне де, өзгеге де талап қойғыш екеніне, отбасының ұлы да, құлы да болуға дайын екеніне көзіміз жетіп ризашылық білдіріп жүрміз. Киетін киім мен ішетін тамағым бар деп, қолын қусырып, балаларына қарап отырған жоқ. Әлі де болса тіршілік жасап, балалары мен немерелеріне өнеге көрсетіп, өмірден азып-тозбаудың қамын ойлап жүр. Сара құрбымызға келе жатқан 75 жасы қарсаңында зор денсаулық, қажамас қайрат тілейміз, бала-шағасымен бірге бақыт пен абройға, мерейге бөлене беріңіз деп мына жыр жолдарын арнаймыз:

«Тірі жанмен көрмеген өкпелесіп,
Жүретұғын маңайын көктем етіп,
40 жыл еңбек етіп теміржолда
Алматы вокзалында көктеп өсіп.

Талай өмір баспалдағын өрлеген,
Жақсылықтың жолын кесіп көрмеген.
Қай ортада, қай қызметте жүрсе де,
Қошаметпен сыйлы жерге төрлеген».

☆☆☆☆☆

Арманы қанат, жігері күш берген. Сарыарқаның шығыс бетінде, Жезқазғаннан тоғыз жүз шақырым қашықтықта, Шұбартау өңірімен шектесіп Ақтоғай ауданы орналасқан. Құс ұшса қанаты, аң жүгірсе аяғы талған осы өңірді байтақ елге танытқан, ұлтымыздың ұйтқысы болған, еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күрестің көсемдері Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, ғұлама ғалымдар О.Жәутіков, Ә.Мусин, Г.Тарабаева, Х.Арыстанбеков, қыл қалам шебері С.Романовтар тағы-тағылар осы қасиетті топырақтың түлектері.



Ақтоғай асқақ ән мен жырдың, күмбірлеген күйдің таусылмас қазынасы. Ақтоғайдың қай ауылына барсаңыз көз алдыңызда әрбір талы билеп, ән айтып тұрғандай. Осы өлке тумалары қазақтың гәккуі атанған Күләш Байсейітова мен табиғи өнер иесі Манарбек Ержановтың есімдері баршаға аян.

Осындай асылдар ұшқан, жасындар қонған тұғырдың түлегі, жақсылармен табақтас болған, біреуге ықыласы түссе табиғатынан дарыған мейірімділігімен қолынан келгенше алдымен ұмтылатын, ағайынға адал, достыққа берік сіңлім Бәдишә Кәрібжанова жүрген жерінде жақсылықтың нұрын шашып жүретін жан.

Бәдишә алғаш мектеп табалдырығынан аттағаннан бастап, мұғалімдердің өзіне берген ілім-білімін қағып алып жадына сақтап өсті. Қызығы мол мектеп қабырғасындағы 10 жыл зымырап өте шықты.

Бәдишәнің зеректігіне тәнті болған ағасы Қалымхан «Химия» деген мамандыққа ие болсаң жерде қалмайсың, әрі-беріден соң сол саланың ғалымы болып шығасың деп оны Алматыға жетеледі. Сөйтіп, Бәдишә ҚазПИ-дің химия факультетінің студенті атанды. Оны місе тұтпай, Қарағанды кооперативтік институтында оқып екінші мамандыққа ие болған.

Ержан Бұхарбаев есімді азаматпен тұрмыс құрып, балалы-шағалы болды. Білікті білімділігінің, зор ұйымдастырушылық қабілеттілігінің арқасында еңбегі бағаланып зор абройға ие болып отыр. Бүгінде Бәдишә Алатау етегінің көрнекті жерінен әсем де ордалы қоныс орнатып, төккен тері мен адал еңбегінің ақталғанына тәубә деп, Қазақстан мен Қытай арасын жол қылып келе жатқан жәйі бар.

Осы әулетті еске алғанда бала өсіріп, немере тәрбиелеп отырған көрегендігі мол, отбасының әрі ұйтқысы, әрі көркі Бәдишә Кәрібжановаңың бейнесі үлкен бәйтеректей елестейді.

«*Әзіл сөз, жарасымды көңіл гүлі,*
Тазартар болса егер көңіл кірі.
Біреуге күлкі сыйлап шаттандырсаң,
Ұмытпас ұзақ уақыт ол да сені»-

дегендей қашанда табиғатынан жайдары, ыстық жүрегімен, әзілді әңгімесімен ақ дастархан жайып ағайын-туыс, құда жекжаттар, жолдас-жораларының көңілінен шығып, шаңырағының мерейін тасытып, балаларының шаттығын молайтып, үйдінің сәні мен салтанатын кіргізіп берекесін арттырып жүргені бәрімізге үлгі-өнеге болғандай.

Анасының алақанында өсіп, түлеп ұшқан Руслан және Жасұлан есімді балалары қатарларынан қалмай қызметтерін атқарып жүргеніне тәубә деп, немересі Кәмиләнің сүйкімді даусын естіген сәттердегі қуанышын жасырмайды. Бірде Бәдишәға:

«Бәдишә сіңлімсің ғой қымбат маған,
Қарағым өлең жаздым арнап саған.
Саудасы Алматының өз қолыңда,
Өсіп тұр Қытайдағы бедел-бағаң.

Бизнес десе жалықпаған тынымсыз,
Өжеттігің кей жігітке бергісіз,
Қажыр, қайрат туа біткен бойыңа,
Мақтан етер қазақстың бір қызысыз»-деген едім.

Менің есімде қалған белгілер – қосағынан ерте айырылған Бәдишәнің балаларын ер жеткізіп, Русланың үйлендіргендегі тойы. Немерелі болғандағы тойы. Кең сарайдай боз үйі есігінің айқара ашылу тойы. Міне осы тойларды есіме ала отыра бизнестің бабын тапқан Бәдишә жайлы айтарымды

«Ер азамат қызысың қазағымның,
Бір аққуы өзіңсің таза күннің.
Көп екенін білемін досыңның да,

Көп екенін білемін азабыңның.

Көз алдымнан біртіндеп өтеді елес,
Өр қызысың Арқаның бөтен емес.
Русланның үйленген ұлан тойы,
Көз алдымнан әлі де кетер емес.

Ағайынға, жатқа да қадірлісің,
Жақсылыққа берілген жаның, күшің.
Алматыдан кеп қалдық жайлауыңа,
Таза ауа жұтып, әрі дем алу үшін» -

деп жалғаса беретін жыр жолдарымен аяқтағанды жөн көрдім.

☆☆☆☆☆

«Настоящий полковник» -Нескен. Бірде менің бір аспирантым диссертациясын сәтті қорғап шықты. Сол кеште диссертанттың апайы мен жездесі ұйымдастырған банкетке бардық. Банкетке Кеңес мүшелерімен бірге болсын деп Тау-кен факультетінің басқа да профессорлары (А.Ф.Цеховой, Х.А.Юсупов және т.б) шақырылған екен. Банкет ұйымдастырып, біздің асты-үстімізге түсіп жүрген әйел адамды бір жерде көрген сыңайлы болып отырдым. Диссертантымызды, оның жетекшісін және ресми оппоненттерді бірсыпыра мақтап болғаннан кейін, сөзді техника ғылымдарының докторы, профессор А.Ф.Цеховой алды да былай деді: «Жолдастар! (ол кезде солай сөйлейтін едік қой). Сіздерді бағанадан бері даяшылармен бірге, аяғынан тік тұрып сыйлап, қызмет атқарып жүрген диссертанттың апасымен таныстырғым келеді. Мына нәзік жанды әйел–Алматы қалалық ішкі істер бөлімінің подполковнигі Несибелди Байкеновна Смаилова. Бәріңіз білесіздер, біздерде көбіне ер балалар оқиды, олар әр түрлі жағдайлармен милиция бөліміне түсіп қалатын кездері болып тұрады. Бұрын мен декан болғанда, қазір Хали Абенович екеуіміз де осы Н.Б.Смаилованың алдына талай бардық және қаншама жақсылық жасады факультетімізге. Біздің жатақханамызға да бұл кісі талай келген» -деп сөзін жалғастырды.



Енді есіме түсті. Үстінде шеніне лайықты формасы бар, осы әйел деканатқа келіп, жатақханаға барып, студенттермен жиналыс өткізіп, аяқтарымызды бір етікке тығып кететін қатал адам болатын. «Бақсам, бақа екен»-дегендей, жалғыз студенттер емес, талай оқытушыларды да небір қиын жағдайлардан құтқарып жүрген подполковник емес, мүлдем басқа, жайдары адам болып шықты.

Несібелі Байкенқызы Смаилова 1955 жылдың 1-желтоқсанында Қарағанды облысында дүниеге келген. ҚазПИ-дың физика-математика факультетін тамамдаған. Еңбек жолын Қарағанды мектебінде қарпайым мұғалім болып бастаған ол, кейін Жезқазғанның облыстық милициясында инспектор болып қызмет атқарған. 1991 жылы Алматыға ҚР



Ішкі істер министрлігіне жұмысқа ауысып, подполковник дәрежесіне дейін көтерілген жан. Жезқазғанда қызмет атқарып жүріп Бахытжан Смаилов деген жігітпен танысып, отбасын құрған.

«Сұрай, сұрай қарын құда болады» – деген осы екен. Бахытжан Смаилов Көкшетау облысының Қызылту ауданында дүниеге келген менің інім болып шықты. Ол Жезқазғанда құрылыс техникумын тамамдап, көп жылдар бойы құрылыс саласында қызмет еткен. 1986 жылғы Чернобыль атом электр станциясындағы апатқа ұшыраған блокты залалсыздандыруға, тұрғындарды құтқаруға қатысқан Бахытжан ініміз, денсаулығына байланысты зейнеткерлікке ерте шыққан.

Атаға тартып туған ұл, анаға тартып туған қыз – ол ең алдымен ұлттың ұлағаты, елдің мерейі болмақ. Смаилов әулетінің Қанат, салтанат есімді балалары өскен, өркендеген өмірден өз орындарын тапқан саналы азаматтар, бүгінде, бүгінде олардан немерелер сүйіп отыр.



Айша деген немересін 19.06.2007 жылы 40-нан шығарған тойында:

«Несібелі әже, жақсы жар,туыстарға бауырмал.
Айшаның қырқы тойында, тілегімізді біздің қабыл ал.
Қыз бала келіп өмірге, аналардан із қалды.
Гүлі гой олар өмірдің, құрметтейік қыздарды.
Айшаға талдай бой берсін, сұңғыладай ой берсін.
Жаздай жамал берсін, қардай ажар берсін.
Салтанатқа шуақ болсын,Сәкенімізге қуат болсын.
Нәзік жаны болсын, елінің ары болсын,
Басына білімнің бағы қонсын, ақ орданың шамы болсын!» -

деп бата берген едім. Бүгінде сол Айшамыз мектепке барды.

XXI-ғасырдың басында кездескен күніміз, жүздескен жүзіміз осы уақытқа дейін ағалы-інілі, апалы-сіңлілі болып көңілдің көк жиегіндей жалғасуда. Оның себепшісі ұлағатты ұл, өнегелі қыз өсірген Несібелі мен Бахытжанның жанұяларының береке-бірлігінің ұйтқысы,әрі тілеуқоры болып отырғандары. Олардың қашан да аққөңілдері, жадары жүректерінен шыққан жылылық ұшқыны маңына нұр шашып тұрады.

Мен осы Несібеліні (Нескенді) жақсы көріп кеттім. Кейде оны қалай атасам екен деп ойлаймын да, «Нескен Байкеновна» десем, менен жас, әдемі жан қартайып кететіндей көрінеді, «Нескен сіңлім» немесе «Нескен келін» десем, тайға таңба басқандай шені бар адамды тым кішірейтіп жібермеймін бе деп ойлаймын. Ақыры, оны «Настоящий полковник» деп атауды жөн көрдім де мынандай жыр арнадым:

«Барша жанға танымал, жанашыр туыс бауырға,
Құрметтеген, силаған үлкен-кіші-қауымда.
Бар өмірін арнаған тәртіп сақтау ісіне,
Бұл өленді арнадым Нескен деген кісіге.

Бас қосып қалсақ әркезде, әңгіме-дүкен құрасың,
Бәрі бұйрық сөзіңнің, тыным таппай жүресің.
Полковниктің «настоящий» өзісің,
Жанұяңнан басқаны қашан осы көресің.

Кең пейіл, жомарт екен жаныңыз да,
Бахытжан тап келіпті бағыңызға.
Әр ісіңізден таныймыз іскерлікті,
Жай адам жоқ жиналған маңыңызда.»

☆☆☆☆☆

Аса аяулы жан... Кей кезде біреуді жақсы көрсек, неге жақсы көргенімізді түсіндіре алмай қалатын жағдайымыз да болады. Сенімді дәлелдеу қиын. Адал жар, аяулы ана Зүлпия Каленқызының бүкіл өмір жолына шолу жасап, баға беру мына мен сияқты «технарь» болып кеткен адамға қиындау соғады. Бірақ, адамгершілік, адамшылдық тұрғысында өзім тәнті болған қасиеттеріне тоқталсам деймін. Мен Зүлпиямен Қаратау қаласында танысқанымда оның қолында Сара апа және мектепте оқитын қыздары болды. Осы шаңырақта болған талай сәтті күндерімде оның өсіп келе жатқан ұрпақтары алдымнан жүгіріп шығып, еркелікпен қарсы алатын сәбилік ниеттері әлі күнге дейін жадымда сақталып қалыпты.



Зүлпия алғашқы махаббатын, балаларының әкесі, марқұм Жақсылық Мұрабекұлын Қаратау тау-кен құрылыс техникумында оқып жүргенде кездестіріп, 1968 жылы тұрмыс құрып, Мойынқұмға келін болып түскен екен. Ол кезде Ж.Мұратбеков Алматы малдәрігерлік-зоттехникалық институтын тамамдап Мойынқұмда еңбек етіп жүрген болатын. 1969 жылы тұңғышы Алма дүниеге келді, кейін оның соңынан Алияш ерді.

Бақыты баянды болып еді, алайда сұм ажал кімді кімнен айырмайды?!

Мойынқұмда еңбек етіп жүрген Жақсылық қастандықтың құрбаны болды. Сөйтіп Зүлпия 2 жасар Алма және емшектегі Алияшпен қала берді. Бауырларына, туған-туыстарына арқа сүйеп, қайын енесі Сара апамен, екі баласын қолтығына қысып Қаратауға көшіп келді. Қаратау өндірістік бірлестігінің Ғылыми-зерттеу зертханасында қызмет атқаратын болды.

Қиындыққа берілмей, заманның ағымына көнбей, 24 жасар жас ана екі баласынан, еңбектен қуат алып, өміріне содан жұбаныш тапты.

Алма мен Алияш аналарының арқасында жоғары білім алды. Алма Мұратбаева ҚазПТИ-дың тау-кен факультетін, ал Алияшы құрылыс факультетін тамамдады. Отағасысы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жалғыз ұлы Жақсылықтан ерте айрылған Сара апа келіні Зүлпияның қолында тұрып бақилық болды.

Бір кездері қарқындап тұрған «Үлкен химияның» дәуірі кетіп, өндірістеріміз құлдыраған 1997-98 жылдар «Қаратау» ӨБ де айналып өткен жоқ. Жұмыс орындары қысқарып, Зүлпия Каленқызы жұмыссыз қалды. Сөйтіп, ол 1999 жылы Алматыға қоныс аударды.

Қиын қыстау кезде екі қызы мен немерелерін қолтығына қысып Алматыға көшіп келген Зұлпияны Алматы жатсынбай құшақ жая қарсы алды деп айтудан аулақпын. «Еңбек етсең емерсің» дегендей, көп қиындық көрген Зүлпия, адал еңбегінің арқасында бүгінде Алматының төрінген орын алып отыр. Қазір ол отау тіккен балаларының бақытына бөленіп, немерелерінің алдын институтта, кейінгілерін мектепте оқытып, тәрбиелеп отырған әже.

Кезінде аталары би, болыс болған текті жерден шыққан Зүлпия Каленқызы балаларын әр кез жақсылыққа баулыды. Осындай тәрбиесінің арқасында, Зүлпияның балалары мен немерелері естігені болмаса, көздері көрмеген Ұлы Отан соғысында Ленинградтық шайқаста қаза тапқан Мұратбек атаның топырағын алып келіп, баласы Жақсылықтың жанына сепкені, басын көтеріп, ас бергені кез келген жүректі бір шым еткізіп өткендей. Адал жар таба білген жігітте арман бар ма?!

Бүгінде Зүлпия Каленқызы жеке басымен үлгі-өнегесімен көпшілікке танымал, достары көп жан. «Ағайынмен жүздесіп жүрген жақсы, шын жүректен қуанып күлген жақсы. Аңсап жүріп алдыңнан шығатұғын, қадірін ағайынның білген жақсы» дегендей ол туған-туыстарының қатарында. Ылайым солай бола берсін демекпін! Сөз соңында айтарым:

Зүльпия жемісі мол күз секілді,
Бұл біздің артта қалған із секілді.
Баларынан немере сүйіп отырса да,
Он сегіз жастағы әлі де қыз секілді.

☆☆☆☆☆

Жақсылардың жұрағаты... Бірде Зайдахан Бекхожина үйінде отырған бір топ келіншектерді таныстырып: «Мынау Марғұлан ағамыздың қызы Дәнел. Менің көршім» дегенде құлағым елең ете қалды. Өйткені біздер қашанда ұлыларымызды қадірлеп-қастерлеген халықпыз.

Қазақта әкені, әке арқылы жасы үлкенддерді сыйлауды уағыздайтын, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан дәстүр бар. Осы дәстүрді халқымыз қастер тұтып, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп тапсыруда. Біздің ұлттық әдет-ғұрпымыздың бірден бір артықшылығы мен ерекшелігі де осында. Осындай

ұлыларымыздың бірегейі, қазақ мәдениеті туралы орасан зор мұра қалдырған академик Әлкей Марғұлан екені белгілі.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Баянауылдың тумасы. Ол әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі, екі ғылым саласының (тарих және филология ғылымының) докторы, ҚҒА академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Міне осындай ұлы адамның ұрпағы Данел Әлкейқызы Марғұланмен танысқаныма қатты қуандым, содан бастап араласып кеттім.


Әлкей Марғұлан қызы Данелмен бірге

Данелді нағыз саф алтынның сынығы, асылдардың тұяғы дер едім. Оның анасы медицина ғылымдарының докторы, профессор Раушан Абікейқызы Сәтбаева.

Қазіргі және болашақ ұрпақ біліп жүрсін, үлгі тұтсын деп осы Данелдің өзі жайында да айтқым келіп отыр. «Ат тұяғын тай басар» деген қағида бар емес пе? Дана Әбдірахман Жәми айтыпты:

«Жемісті ағаш жерге иіліп тұрады,
Ал жеміссіз көкке бойды ұрады.
Дандайсиды тек білімсіз надандар,
Қарапайым жүреді асыл адамдар» -деп.

Дәнел Әлкейқызы дәл осы төрт жол жыр жолдарында айтылғандай өте қарапайым, бір ерекше жан екен. Ол тарих ғылымдарының кандидаты, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының «Марғұлантану» бөлімінің меңгерушісі және де Марғұлан атындағы Халықаралық қордың вице-президенті. Өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын Данел Әлкейқызы бүгінде аяулы ана. Атасының тегіне жазылған Шыңғыс Марғұлан деген немересін тәрбилеп отырған әже.

Дәнел Әлкейқызының үйі бір мұражай десек те болады. Данелдің айтуынша бұл – Әлекеңнің бір кабинеті, екінші кабинеті - дала. Ол үйде мен Марғұлан атамыздың «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуіндегі әдеби-тарихи және мәдени деректермен, қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеулерімен, «Шоқан және Манас» атты монографиясымен, Уәлихановтың ғылыми мұраларымен таныстым.

Д.Ә.Марғұланның үйінде әкесінің ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына ұйымдастырылған бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялардың, өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдейтін суреттердің өзі бірнеше альбом.

Дәнел Марғұлан мен хан Кенеміздің шөбересі, философия ғылымдарының кандидаты, Д.Қонаев атындағы университеттің профессоры Раушан Кенесарина екеуі Арқа жерлерін аралап жастарға ұлыларымыздың ұлықты істерін айтудан жалықпай жүрррген жайлары бар. Данел мен Раушанға қарап, кез келген жас өрен мойымайтын, қайта кездескен қиындықтарға өз жігерін желкен етіп тосатын осындай жандардан үлгі-өнеге алса, ешкімнен кем болмайтыны айдан анық.

☆☆☆☆☆

Алтынның сынығы, асылдың тұяғы... Арғы атамыз Абылай хан болса, қазақтың соңғы ханы болған Кенесарыдан тараған ұрпақтар ма? Олардың осы күнгі тыныс–тіршіліктері қалай деген сауал туындайды.

Қазағымның «Текті туған» деген бір әдемі сөзі бар. Ал, осы тектілік қайдан шығады? Әрине, қаннан. Бүгінгіше айтқанда, гендік жолмен атадан балаға беріледі. Қан қайда болады? Қан - әулетте. Жақсы азамат болғаныңыз да, ұры-қары, баукеспелігіңіз де сол қанмен, яғни әулетпен келетін қасиет.

Десек те, қазіргі жаңа ғасыр, уақыт ағымы бұл ұғымның аясын тарылтып, өңін өзгертіп жіберді. Өйткені, әулет дегеніміз ұлттың іргетасы іспетті. Бұл жерде әулеттің жағымды да жақсы сипаттамасында айтып отырмыз. Яғни, белгілі бір деңгейде елге аға, сол арқылы қалың қазақ еліне қамқор, ұйтқы болған ұлы әулеттерді және олардан тараған ұрпақтардың осы күнгі тыныс-тіршіліктерін айтсақ деген ой бар.

Ақын-жыраулардың өлеңдерінде «Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалды» дейтін жолдар кездеседі. Ол заманда солай болса, кәзіргі жүрген, біздер - кімбіз сонда? деген сауал туады. Қандарында ойнаған батырлық біздің ата-бабаларымызды әр дәуірде әр түрлі елдің жауымен шайқастырды. Батырлар алдыңғы лепте, қалғандары кейінгі сапта. Алдымен мерт болатындар батырлар болған. Дәуір асыл қанға әсер ете ме, жоқ па?- деген де сауал ойға келеді.

Осындай көптеген сауалдарға жауап іздеу үшін тек бұрынғымыз бен кейінгі ұрпақты салыстыра саралау қажеттігі туындайды. Себебі, қазіргі мына «тұлпар бойын жасырып, жабылардан жорға шыққан кезде», айналып келіп, баяғы өткен ғасырлардағы әулетке көтеріңкі көңілмен көз тастауға мәжбұр боласыз.

Хан Кененің немересі Натай Кенесарин Қазақстан және Өзбекстан геология ғылымының көрнекті өкілі, геология–минералогия ғылымының докторы, Өзбекстан ғылым Академиясының академигі болған. Хан тұқымы болғандықтан қудаланып, Мәскеу мен Ташкентте білім алып, сол жақта жұмыс істеген. Соғыс аяқталғаннан кейін, атағы Одаққа мәлім Қ.И. Сәтбаевтың шақыруымен Қазақстан ғылым академиясына жұмысқа орналасқан. Қ.Сәтбаевтың тапсырмасымен Натай Әзімханұлы Жезқазған төңірегіндегі Жанай, Айдос, Үйтас су көздерін жан–жақты зерттеумен айналысқан.


Раушан Кенесарина

Хан Кенеміздің шөбересі, бірнеше жыл жер ауып Өзбекстанда өмір кешкен, бүгінде тектілігін көрсетіп жүрген, Кеңес үкіетінің кезінде Мәскеудің философия институтында диссертация қорғаған, бүгінде Д.Қонаев атындағы университеттің профессоры Раушан Кенесарина. Раушанның тұлғасына сұңғақ бойы, терең ойы, сымбатты түрі, алақандай ақылды көздері атасынан аумайтындығын ағартады.

Бүгінде бұл әулет азаматтарының қолға алған істеріне жан бітіп, заманның күйін күйлетіп, биін билетіп, өнерлі де өнегелі ғұмыр кешіп, ел үшін қандай да бір жақсылықты өрістетіп, қиындықтың қыбын келтіріп, жақсылықтың басында болса екен деймін. Әулеттеріңізді ата-бабларыңыздың аруағы қолдасын!

Махаббаттың түп атасы – сыйластық.

ИБАДА ҚОНАҚБАЙҚЫЗЫ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

Ибада Қонақбайқызымен Зайдахан Бекхожинаның үйінде таныстым. Бұрын дүниеден озған қазақ проза мен поэзиясы алыптарының Мариям Мұқанова бастаған жұбайлары мен қыздарын үйіне шақырып шай беріп отыруды Зайдахан өзіне әдет қылған. Осындай отырыстарда Ибада деген замандасыммен кездесіп жүрдім.

Ибада деген есімді бұрын-соңды естімеген едім. Ибада – кішпейіл, әдепті, қарапайым, адам сыйлағыш деген мағананы білдіреді. Жолыққан сайын, араласқан сайын Ибаданың болмысы атына сай екендігін байқадым. Ол Жазушылар Одағында қызмет атқарады екен. Одақта не бір жиындар, мерекелер бола қалса әрдайым шақырып жүрді. Закең: «Біздің Ибада - Одақтың қаржы министрі» деп қоятын-ды. Өйткені ол Жазушылар одағындағы әрқайсысы өздерін «ерекше жаралғанбыз» деп есептейтін ақындар мен жазушылар, журналистердің нәзік пернелерін аялай баса білетін, дер кезінде қаламақыларын беріп, мерейтойларын өткізіп, көңілдерін көтеріп отыратын бас есепші.

Ибада Ақтөбеде өңірінде туып, Алматыда Есеп-несие техникумын, Жамбылдағы технологиялық институттың экономика факультетінде оқып, ұзақ жылдар бойы Алматыда (Жаушылар ордағында) өмір мектебінен өтіп келе жатқан жан. Ол 1968 жылы Алматыда техникумда оқып жүріп, болашақ дәрігер Абзал Молдарахимовпен танысып тұрмыс құрған.



Ибада Қонақбайқызымен талай кафелерде, мейрамханаларда бірге болып жүрдік. Бірақ та ол болмастан біздерді үйіне

шақырды, сөйтіп Абзалмен кездесудің сәті түсті. Мен отағасы Абзалды әңгімеге тарттым. Сұрай-сұрай қарын құда болдық дегендей, ол маған қайын болып шықты.

Абзал мектеп бітіргеннен кейін медициналық институтқа түсуді армандап Меркіден Алматыға келген, сөйтіп дәрігерлік мамандыққа ие болған екен. Институтта оқып жүріп, Алматыны қоймай Қырғыздарға барып қосымша жұмыс жасап, еңбек еткен. Алматыда Жазушылар одағында электр жөндеуші-қосалқы жұмыста жүргенде, сол кездегі Одақтың хатшысы Қабықәрім Ыдырысов: «Одаққа бухгалтер болып бір жас қыз орналасты, мен сені сонымен таныстырайын, соған үйлен» деп ақыл берген.

Абзалмен әңгімеден мен аялы алақанын сәбилерге деп жайған, денсаулықтың дамылсыз күзетінде тұрған тек дәрігер емес,

«Таңқалдырып Жамбыл, Қырғыз, Алтайды,
Ибадаға үйленіп, Ақтөбеге күйеу болып жантайды.
Ілесе алмай ақ халатты Абзалға,
Алты Алаштың алпыс қызы қартайды» - дей келе

Абзал қайным «Сегіз қырлы, бір сырлы» сері жігіт екеніне куәгер болдым.

Жоғары деңгейдегі дәрігер, атқарған қызметіне адал Абзал Біләлұлы бүкіл республикамыздағы ізгі ниетті қауымның ішінде еңбеккерлігімен, адалдығымен, азаматтық ажарымен, орнықты кішпейіл, ақпейіл мінезімен медицина саласында жемісті еңбек етіп, бүгінде зейнеткерліктің дәмін татып отырған жан екен.

«Ибада Сізге несімен ұнады?»,- дегенімде Абзал: «Біз бір-бірімізді ұнаттық, құрметтедік десем де болады. Мен Ибадамен танысқан ағайындарымның айтқанынан шықпадым. Ағайындарыма ұнаса, жар таңдауда қателесе қоймаспын деген ойда болсам, Ибада Қабықәрім ағасының өсиетін орындаса керек. Алғаш үй болған кезде тұрмыс тауқыметін аз тартқан жоқпыз ғой. Таршылықты да, жоқшылықты да көрдік. Алайда бір-бірімізге қабақ шытқан кезіміз болған жоқ. Менің кейде біраз уақыт жұмыссыз қалған кездерім де болып тұрды. Сонда да өміріміз қуанышқа бөленіп өтті деп шүкіршілік етеміз. Біздің қызығымыз да, бақытымыз да, махаббатымыз да, байлығымыз да, шаттығымыз да балаларымыз болды» -деген кезде, ас қамдап жүрген Ибада ыдыс-аяқ алып келіп жүріп Абзалдың сөзін жалғастырып қояды:

– «Айтып отырғаны рас. Сол бір қиын кездерде менің де жалақым айтарлықтай болмады. Жұмыстан қол үзбей жүріп балалы болып, бағып-қағып жеткіздік. Менің ең басты бақытым балаларымның аман-есен өскені. Адам үшін баладан асқан байлық та, қызық та жоқ қой. Балалар есейіп ержетті. Мұнан артық бақыт болар ма?! Солардың ел қатарына қосылып, аман-есен жүре беруін тілеп отырған жайымыз бар».

Мен балаларына есімді қалай қойғанын сұрап едім, Абзал сонау жастық шағына ой жүгіртіп, көңілдене сөйледі: «Дина туғанда жүрегіміз жарыла қуанғандарын естеріне түсіреді. Қаршадайынан Жазушылар Одағындағы зиялылардың ортасында қызмет атқарып, араласып жүрген жолдастары Дина Нұрпейісовадай болсын деп атаған. Баласы Мейір 12 мектепті, О.Жәутіов атындағы физика-математика мектебін бітіріп, ҚазҰУ математика

факультетін тамамдағн, бүгінде Астанада бизнеспен айналысады. Дана банкіте басқарманың білдей бастығы.

Немерелерінің бірі Ғазиза (Ғазиза Жұбанова апайларындай болсын деп) Евразия университетінде оқыса, екіншісі – Ибрагим (Абайдың 150 жылдық тойында дүниеге келген) ҚБТУ-де оқиды. Бәрі де жарасып тұр.

Ақан сері «Достарым» деген өлеңінде:

«*Жиырма бестен артық жас бар ма? Ұйқыдан жаман қас бар ма?*
Ойлаңдаршы ағалар, Шын жарыңнан артық дос бар ма?» - деген екен.

Әрине, жиырма бестен артық жас жоқ, жарыңнан артық дос жоқ. Сондай адал жар болып, бір-бірінің талай тамаша төбелерден көрінуінің жәрдемшісі болып, силастықпен өмір сүріп келе жатқан Абзал мен Ибада кімді болсын төредей төрге шығарып, жылы-жұмсағын ауызына тартып, қажетімен мадақтап, жөнімен жұбатып, көздері күлімдеп, көңіліңді көтере білуі – екеуінің кең пейілділігінің, мол адамгершілігінің белгісі деп білемін.

Абзал мен Ибаданың үйінен шыққанда байлыққа белшеден батып, дүние жинауға, ойын-сауық құруға құнығып, шалқып, тасуды мақсат еткен адамдарға қарағанда қарапайым тірлік етіп, «балаларым – бақытым» деп ғұмыр кешкендердің өмірі әлдеқайда мәнді болатынына көзім жете түсті. Ойыма Ибаданың 70 жасқа толған мерейтойына арнаған жыр шумақтары орала берді:

«Одақтың» керіп тұрған крегесін,
Қарапайымсыз, барша жанға өнегесіз.
Апайларың 70-іңмен құттықтайды,
Сіңлісін Сіз сияқты елегесін!!

Құтты болсын қос 35 мерекең,
Бұл қуаныш «жаңа үйіңе» телі екен.
Өсе берсін әже еткен өзіңді,
Дина, Мейір, Айзададай берекең.

Еңбек етіп келесіз мағыналы,
Көрмей қалса апайлар сағынады.
Абзалыңыз тұрғанда 70 жас түкте емес,
Алла 100-ге жеткізсін Сіздей жанды!

Бірақ, «өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ» - дегендей қас пен көздің арасында Ибада құрбымыздан айырылдық. Алмал не, биыл 2014 жылдың 1 қазанында құрбымым дүниеден өткенде мен:

«Өткен күндер сағымдай.
Көрген түстей болар да.
Ибададай құрбының,
Орны сірә толар ма.

Көркіңе сай керім ең,
Жаралған таза сезімнен.
Барлық жанның көңілін,

Жүрегімен сезінген.

Не істерсің мына тағдырға,
Көнбесіне көндірген.
Қинала қимас көңілмен,
Қоштастық, Ибада, өзіңмен» –

деп жоқтауда айттық. Балалары мен бауырларына «Алла тағала иман байлығын берсін, жаны жәннатта болсын»- деген жалынышты өкінішімізді жеткізгендей болдық.

Маржан Нұрпейісова

☆☆☆☆☆

Отағасын пір тұтқан ана. Бірде мен Қалижан Бекхожинның үйінде Жамал Шорақызы Машановаға көңіл шай беру рәсіміне Жамиға Орманова, Алима Күлшарова, Бану Жұманиязова, Данель Марғұлан , Жамал Машанова және т.б. жандармен дастарханда болдым. Зайдахан барлық отырған жандарды таныстырды. Кезектесіп сөйлесіп отырдық, бір кезде сөз кезегі Жамал Машановаға келді. Ол кісі орнынан тұрды да: «Мені енді Машановтың кемпірі деңіздер» – деп сөз бастады. Мен ҚазПИ-дің химия-биология факультетін тамамданмын, осы уақытқа дейін Қазақ ұлттық техниклық университетінің химия кафедрасында ұстаздық қызмет атқарамын. Мына отырған Жамиға мен Маржан мені жақсы біледі, қазақтың қарапайым әйелімін.



Дегенмен менің отағасым Ақжан Машановты –бүкіл Қазақстан мен Кеңестер Одағы өте жақсы біледі. Бүгінде XX ғасырдың Әл-Фарабиі атанған Ақжан Жақсыбекұлын Әл-Машани деп атайды және оның 100 жасқа толғанын 2006 жылы ЮНЕСКО аясында атап өтілді. Отағасым 91 жасқа келіп дүние салды. Ол кісі бір күн де бос отырған жоқ, еңбектері 10 шақты жинақ болып шығып жатыр. Сондықтан, мені Машановтың кемпірі десе жұрт тез таниды, ерекше құрметтейді»- деді де үй иесіне, отырғандарға қатысты игі тілегін білдірді.

Осы отырыста мен өзім ұстазымыз Ақжан Жақсыбекұлының абройын асқақтата марапаттай білген Жәкеңе риза болдым. Қазақтың әйелдерінің бәрі осылайша еркегін мақтап- мадақтап жүрсе, әйелдердің де беделі биіктей түсерінде күмән жоқ. Бұл да бір өмірдің өзгеше өнегелі өрнегі болар деп түйдім.

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді қаламайтын, ақырғы сағатына дейін адамгершілік қасиетін сақтай білген қара нар өмірден сыр бермей өтті. Кездесу мен қоштасудың арасын жалғастырып, саналы өмірін силастықпен осылайша өткізген, «мен тек Машановтың кемпірімін» деп отырған Жамал Шорақызының еңбегі адал. Ондай аналардан үлгі аламыз, алдарында тек бас имеміз. Кез келген отбасындағы Отағасы мен Отанасынан тараған ұрпақтардың болашағы бақытты болуын тілейміз.

Жұлдызы жанған ару

Мен осы тараудағы «5.1. Қайдасың қаламымды...» ды жазғанда, сөздің білмілдәсін Зайдахан Бекхожинадан бастаған болатынмын және де сол жұлдызы жанған ару Закеңмен аяқтағанды жөн көріп отырмын. Закеңнің айналасындағы жандар осымен тарауда тізілгендермен біткен жоқ. Олардың көбі менің «Мың тағзым» атты кітабымның ішіне «батыстық құда-құдағилар» болып кіріп кетті. Олар: Хасанғалиев, Мырзағалиев, Ақұштап Бақтыгерева, Софья Молдағалиева, Сақыш Қарабалина, Алимә Құлшарова, Сағира Қанахина, Райхан Мертенова, Розалинда Шаханова, Салтанат Мырзалиева, Ақерке Атырауова, Өзипа Жиенбаева, Розита Аралбаева және т.б..

Қазақ қашанда аналарын, қыздарын сыйлаған. Оларды қадірлеген. Біз әдетте жақсы да жайсаң аналарды өткен заман еншісінен іздеп, олар туралы жазылған деректермен танысқанда, таң-тамаша қаламыз. Ал, дәл сондай адамдар бүгінде өз арамызда да аз емес. Сондай аяулы аналардың бірі - Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, поэзияның дүлдүл жүйрігі атанған Қалижан Бекхожинның зайыбы, мейрімді ана, әже, ұстаз Зайдахан Жанайқызы.

«Табиғаттың мизамы сол әуелгі,
Күн болмаса-түнек басар әлемді.
Меңіреу болып жүрмесін деп еркектер,
Шұғыладан жаратыпты әйелді.

Күн болмаса кім ерітер мұздарды,
Ағашы жоқ, таулар қалай ызғарлы?
Жігіттерге ыстық сая болсын деп,
Мәуелерден жаралыпты қыздарды», –

деген Қалекеңнің жыр жолдары жары Зайдаханға арналған.


Зайдахан және Ерлан Бекхожиндар

Зайдахан Жанайқызының жібектей мінезі, аспай-саспайтын жүретіндігі, сабырлылығы, жиын-тойларда өзін ұстауы кімді болса да сүйсіндіргендей. Кейбіреулер елуінде қартайып, олпы-солпы киініп, жасы ұлғайған сайын мінезі де өзгеріп шыға келеді. Сондайларды көргенде, әдеби ортаға келін болып түскен, Сәбит Мұқановтың жұбайы Мәриям апай мен Ғали Орановтың жары Айтбала апайлардан жазушыға лайық жар болуды үйренген Зайдахан Жанайқызы сынды қазақ әйелдерінің

қадір-қасиеттерін тереңнен ұққандай боласың. Замандасымыз Зайдахан Жанайқызы жұлдызы жанған ару, бақытты ана.

Өз жарына ұнағанынан артық қандай бақыт бар әйел затына. Қыз бала тұрмысқа шыққанда ауылым, елім осы деп біржолата келеді, жарына сүйеу болып, аруағын сыйлап өтеді. Зайдахан Қалекеңнің асыл жары ретінде, Қалекеңді өмірінің соңғы жылдарына дейін күтіп, бабын тапқанын, қаламдас достарын әлі күнге дейін қадірлейтінін, сыйлай білетіндігін жұртшылық құрметпен айтады. Ол барды ұқсатып, жанұяны жарқын да жайдары мінезімен, жүрек жылуымен жылытып, аналық мейірбандылығын төккен жан. Міне осындай жаны ізгі, саналы да ұғымды, тілалғыш әйел еркектің ырысы емес пе?




Закең әңгімелесіп отырғанда бір сөзінде: «Қалекең жұмыстан сәл ашуланып келсе, қабағын жазуға тырысатынмын. Негізінде әйел заты еркектен бір саты төмен тұрғаны абзал. Еркекпен таласу, жұлысу, оған дауыс көтеру –мұсылман әйелдеріне жат қасиет» деген-ді. Міне осындай мейірбан, таза, жүрегі адал әйелдер ерлерін мінезімен тәнті еткен. Сондықтан да Қалекең Зайдаханы жайында:

«Асыл әйел! Бақыт – сенің сыр үнің!
Талай сабаз қиған саған ғұмырын.
Ал мен өзім – жүз еркектің шуынан,
Шипа көрем – бір әйелдің сыбырын...» деген ғой.

Зайдахан Қалекең екеуі де Баянауылдың қасиетті топырағында туып өскен жандар. Қалекеңнің әкесі Нұрқожа–оқығаны мол, орақ тілді ақын болған. Зайдахан Жанайқызы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әулетінің ұрпағы.

Закеңнің қазақ журналистерінің атасы аталған қайынағасы Қайыржан Бекхожинді қадірлеп, ол кісінің 90 және 100 жасқа толғанына еске алу кештерін өткізуі, атасы Нұрғожа ақынды пір тұтуының өзі бір төбе. «Ауылда қартың болса, жазулы хатпен тең» дегендей Закеңнің жадында жатқан мәліметтер өте көп. Ол кісінің Нұрғожа атасы туралы айтары, есте қалғандары жеке бір роман боларлық. «Нұрғожа атамыздың дүниеге келген 18 баласы бірінен кейін бірі қайтыс болып, жермен жесен болып отырған бір кезінде түс көріпті. Түсінде босағасында екі жұлдыз жарқырап тұр екен. Түсін атамыз өзі: «менің екі ұлым болады және олардың екеуі де атақты азаматтар болады екен» -деп жорыған екен. Осы түстен кейін ең алдымен Қайыржан, одан кейін Қалижан есімді балалары дүниеге келіп, өсіп келе жатқан екі балаларына қарап: «Сен Қайыржан ғалым жолын қуарсың, ал менің қаламымды мына Қалижан тентегім ұстар» -деген екен деп Зайдахан қызықты әңгімелерін жалғастыра береді.



ҚазМУ-ды тамамдаған, еңбек жолын мұғалім болып бастаған Закең – өмірін «Ақынның жары болуға» арнаған. Мен бұл шаңырақка келген сайын өте бір толқынысты күйді бастан кешемін. Уақыт – ағзамның ағысын кері бұрып, дәл бір ғасыр кейін шегінгендей әсерленемін. Себебі, бұл табалдырыққа кімнің табаны тимеді десеңші! «Мен Одаққа барып келейін» деп Қалекең үйден шыққаннан, ол кісінің жалғыз келмейтінін білетін Закең дастарханды әртүрлі тағамдармен жайнатып қоюға дағдыланған. Содан «Ағамның үйі–ақ жайлау» деп Хамит Ерғалиев бастап, Қуандық Шаңғытбаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков және т.б. ағаларын қолпаштаған бір топ қаламдарс інілерін ертіп Қалекең үйге келетінін еске алады закең. Берекелі дастарханынан қазақтың небір марқасқалары дәм татқан Бекхожиндар әулетінің түтінін бүгінде Закең түзу шығарып отыр.

Алаштың айтулы азаматтары айналып өтпейтін бұл Бекхожиндар әулетінің үйі шынымен тарихтың куәгеріндей. Уақыт деген зымырап өтуде. Қазір ол арыстарымыздың бірі жоқ. Барлығы бақилық болған. Бірақ бір қуантарлығы–мұнда кеше мен бүгінгінің арасындағы сол рухани байланысты үзбей, өткеннің тағлымын бүгінгіге жеткізуші бір жан – Зайдахан Жанайқызы Бекхожина.

Закең ер адамның өмірде, жанұяда алатын орнының жоғары екендігін, рухани биіктігін дұрыс ұғынған жан. Оның ұлын - Ерланды журналистердің атасы Қайыржан Бекхожинге тартқан жігерлі, парасатты азамат етіп, қыздары Гүлнәр мен Мирасгүлді әдепті ана етіп, немерелер және шөберелер тәрбиелеп өсіруі осының айғағы. Әнел немересі Қытайда, Алинасы -Астанада қызмет атқарып жатса, Ерданы аяқтанып, әулетке айдай сұлу - Жанар есімді келін алып келіп, екеуі Алматыда еңбек етуде.

Аппақ өңінен ылғи мейрім мен жылылық есіп тұратын, Арқаның сал-серілеріндей, Қазақстанның бар өлкесінің той-домалақтарынан қалмайтын, теледидарды басып қалсаң сұқбат беруден талмайтын, бүгінгінің салы Закеңе бірде мынандай жыр арнаған едім:


«Жүзі жылы Зайдекем,
Сылқым ерке, сал екен.
Алматыда тең келер,
Сіздей сері бар ма екен?
Баянның аппақ аруы,
Жанары оның қаруы.
Сондықтан да Қалекең,
Бір көргеннен Закеңе,
Ғашық болып қалуы».

Барлық адамға қол ұшын беріп, барынша көмек көрсетіп жүретіндігіне қарап, Зайдаханды бір қарағанда айналасындағы жандарға тек жақсылық жасауға жаралған жан ба деп қаласың. Мәселен, мен мектептегі кезімнен бастап, студент кездерімде де өнерге-шығармашылыққа жақын едім. Ол мақсатым Закеңнің арқасында орындалды десем артық емес.

Бірде Закең: «Өленді қолың тигенде жазып жүрсең де, барлығының басын қосып бір жинақ шығармайсың ба?!» деп қолқа салды. Алғы сөзін кім жазады деп те сұрап қояды. Мен: «Менімен институтта бірге оқыған, Жазушылар Одағының мүшесі Шәмшиден Абдраманов деген досым бар, соған айтамын» дедім. Сол-ақ екен Закең: «Қолжазбаларыңды папкаға салып алып кел, ертең бір жерге барамыз»-деді. Мен бір баспаханаға баратын болармыз деп ойлаған едім, олай болмады. Закең мені Тұманбай Молдағалиевқа ертіп апарды. «Тұмаш! Мынау менің көкшетаулық сіңлім, аздап өлең жазады. Қарап көр де, жараса алғы сөзін жазып бер» деді.

Бұл 2002 жылдың аяғы болатын. Т.Молдағалиев бір ай қарап, мен бірсыпыра жерлерін түзеткеннен кейін жазып берген алғы сөзімен алғашқы «Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем» атты өленлер жинағым 2003 жылы жарық көрді. Тұмекеңнің «Жолың болсын Маржан» деп жазып берген бір парақ алғы сөзі жазба машинкада басылған болатын. Менің жолымды ашқан, Тұмекеңнің қолтаңбасы бар, сол парақ бүгінде сарғыш тартты, бірақ ескірген жоқ. Енді сол қағазға көз салыңыздар.





Жолың болсын, Маржан

Өлең- өнердің биігі. Көз жетпейтін шың. Өлеңге ғашық болмаған жанның көкірегін сәуле мекендемейді. Көкірегі сәулесіз жаннан үлкен адам, азамат та шықпайды.

Маржан қарындасым өлеңді бала кезінде көп жазған екен. Оның өлеңдері кезінде "Ленинші жас", "Қазақстан пионері", "Кеңшетау правдасына" шыққан екен. Жасында өлең жазып, кейін Маржан ғылым жолына түскен екен. Демгілі ғалым жасы ұлғайған шағында қайтадан өлең жаза бастапты.

"Бір жасайын ауылға келгенімде,
Ағайындар сіздерді көргенімде.
Құлын тайдай бірге өскен,
құрбыларым
Тең келе алмас ешкім де өздеріңе.

Ата-анамды сілейтін қариялар,
Балаларындай аймалап қолыңды алар.
Сіреп барад қатарың жылдан-жылға
Кімдер бізді Сіздердей тани алар".

дейтін жолдарды оқығанда әлім сарылған, егде тартқан біз секілді кісілердің көңілі бір түрлі иіп, көзіне жас үйірледі. Маржан өлеңіндегі шынайылық, елге-жерге деген сарыны оқырманды бей-жай тастамайды. Өмірді, анаңы, баланы, ағаны, інініі сүй-дейді Маржан. ~~Өзі өлің, жерің, жақсы көрді~~. Мен оқыған аздаған өлеңдерден түйгенім осы.

Көңілде жатқан көп сөздер, шуақты сезімдер қағазға түскен екен. Қағазда қалып қоймай Отандастары оқитын болсын. Мен соған тілектеспін. Өлеңді сүйетіндерді де, өлеңді жазатындарды да мен өзіме туысқан көрем.

Туысқаныңның атының жалғенін, бәйгеден келгенін кім қаламайды дейсің. Маржан жолың болсын.

Тұманбай Молдағалиев
Қазақстанның халық жазушысы

Ол кітабымның жарық көргенін Тұмекең, зайыбы Күлтәй, Закең бәріміз атап өттік. Содан Молдағалиевтар әулетімен араласып кеттім. 2004 жылы «Қазағымның қыздары-ай!», 2006 жылы «Машановтың ғылыми мектебі», «Атамекен» және т.б. көркем әдебиет кітіптарым жарық көре бастады. Осыларға мұрындық болған, жол көрсетіп жіберген құрбым Зайдахан Бекхожина деп білемін.

Міне осындай замандасымызды «қос жетіге» толды деп айтуға ауыз бармайды. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген» дегендей -

Алматының сал-серісі атанған, экраннан түспейтін Закеңді жұлдызы жанған, басына бақ қонған адам десек артығы жоқ. Закеңді мерейтойымен құттықтай отыра

«Алматы қаласының гүліндейсіз,
Ерекше нұрланып бір күлімдейсіз.
Кең пейіл, құдай берген құшағыңмен,
Баршаға «Айналайын, күнім» дейсіз.

Қауышып қызығымен балалардың,
Сыйласын тек шуағын саған әр күн.
Бақытты жанұяңда өмір кешіп,
Аруағы қолдай берсін бабалардың!» -деген едім.

Әу бастан Қалекеңе кездесіп, жарасты өмір кешіп, бүгінде Ерланының қызығын көріп жұлдызы жанған ана! Бір ғажабы Закең әдеби кейіпкерге айналған жан, Қалекең Закеңе арнап қаншама жыр арнаған.

Иә, 60 жылға жуық поэзия көгіне нұр шашқан қазақтың көрнекті ақынының жыр-дастандарын Закең әлі күнге дейін жинақтап, баспаға беріп, жүрген жерінде замандастарының жүрегіне жол тауып, олардың сүйіспеншілігіне бөленуінің сыры, құпиясы оның қарапайымдылығында екен. Ендеше оның ұрпақтары қаулап өсіп, жалғаса бермек. Лайым, солай болғай!!!

Әрі қарай «Айқын», «Литер», «Қазақ әдебиеті» және т.б. газеттерге жарияланған кейбір мақалаларымнан үзінді келтірмекпін.

5.6. Тынымсыз толғаныстарым

Инженерлік ғылымның ХанТәңірі

Еліміздегі білім беру жүйесі кәзіргі заман талабына сай өзгерістерге ұшырап, түбегейлі жаңарып жатқаны белгілі. Бүгінде білім беру инновациалық сипат алып, білімнің өзегінде жылтыраған жаңалық болуы талап етілуде. Инновациялық-индустриялық даму стратегиясын жүзеге асыру жолында жоғарғы білікі кадрлар даярлауға батыл бағыттар белгілеп, жетістіктерге жетіп отырған, Республикамыздың Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялау орталығы жариялаған рейтинг бойынша техникалық ЖОО арасында бірінші орында және мемлекеттік грант иеленуде көшбасында жүрген, Еуразия білім кеңістігінде өзінің айрықша тұрпатымен қалыптасқан, инженерлік білімнің Хан Тәңірі - Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰТУ) құрылғанына биыл 75 жыл толып отыр.

«Елу жылда – ел жаңа» дейді халқымыз. 75 жыл дегеніміз – тарих үшін үлкен кезең, небір асқаралы асу, тұғырлы тарих деген сөз. Сол тарихтан және университеттік бүгінгі тыныс-тіршілігімен сіздерді хабардар етпекпіз.

ҚазҰТУ-дың тамыры тереңде жатыр; оның өзіндік тарихы, өзіндік жолы бар. Осыдан 75 жыл бұрын 1-қыркүйекте есігін 1 – курс студенттеріне айқара ашқан Қазақ тау-кен металлургия институтын (КазТКМИ)- бүгінгі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ды ашуға дайындық 1933 –жылдан басталыпты. Сол жылғы

20-қыркүйекте КСРО Халық коммисариатының Кеңесі Алматы қаласында Қазақ тау-кен металлургия институтын ұйымдастыру және оның құрамына Семей геологиялық барлау институтын кіргізу туралы қаулы қабылданған. Құрамында небары 120-дай студенті бар Семей институтының барлық үш курс студенттері мен материалдық-техникалық базасы ҚазТКМИ-ға ауыстырылды. Осылайша Қазақ тау-кен металлургия институы Қазақстандағы алғашқы техникалық ЖОО-қазақстанның инженер кадрларын әзірлейтін ұстаханасы пайда болды.

ҚазТКМИ-да жаңа оқу жылы 1934 жылы 1- қыркүйегінде басталып, аудиторияларға барлығы 145 студент отырған. Институт құрамында 22 оқытушы, оның ішінде 6–адам профессорлардың, 9-доценттердің міндеттерін атқаратындар және 7 ассистент болған. Осындай күрделі кезеңде институт Мәскеу, Ленинград, Криворожеск, Краматорск институтарының көмегіне сүйенді.

Институттың алғашқы директоры болып тау-кен инженері Әшір Жанәліұлы Бүркітбаев тағайындалған. Орал-Қазақстан өндірістік академиясының түлегі–ол өзінің сарқылмас күш-қуатының арқасында институттың қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты.

Соғысқа дейінгі жылдар ҚазТКМИ үшін қалыптасу, даму кезеңдері болды. Оқу орнының атағы 1937 –жылдың өзінде-ақ сол кездегі тау-кен металлургия институттары арасында Одақ көлемінде екінші орынға (Мәскеу түсті металдар институтынан кейін) шығып, кеңінен танылды.Алғашқы оқуға түскендердің көпшілігі кейіннен аса ірі ғалым, өнеркәсіп кәсіпорындары басшысы, мемлекет қызметкерлері болып шықты. Олар: А.Машанов, И.А.Онаев, М.Г.Мильграм, В.Штифанов, А.Каюпов, Б.Ысмагулов, С.А.Карамуллин; Ө.А.Байқоңыров; М.Е.Медведев, Н.Төкенов, т.б.

«Іс тетігін кадрлар шешеді» дегендей, сол кезден бастап ҚазТКМИ сапалы кадрлар даярлау үшін, соғыс жылдары Кеңес одағының әртүрлі қалаларынан, Қ.И.Сәтбаевтың шақыруымен институтқа дәріс оқуға көптеген ғалымдар педагогикалық қызметке шақырылып, оқытушы-профессорлар құрамы білікті ғалымдармен толықтырлып отырылды.

Көп дауысты инженерлер хорының ішінен қуатты үні айқын естілетін, дара тұлға – ҚазТКМИ-дің қалыптасуына зор еңбек сіңірген академик Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыровты ерекше ілтипатпен атағым келеді. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдардаң өзінде Қазақстанның өндірісін дамытудың болашағына байланысты біздің институт үшін шешуші кезең болды. Сол кезең институтқа директор болып, өндірісті бірнеше жыл басқарған, тәжірибелі тау-кен инженері Ө.А.Байқоңыров сайланды. 1952-1962 жылдар аралығында ол ҚазТКМИ- ды политехникалық салаға түрлендіру үшін көп еңбектер атқарды, института мамандықтарар саны көбейді, жаңа қалашығын (қазіргі Сәтбаев көшесіндегі) салуға, материалдық-теникалық базасын жаңартуға, оқу орнының кадрлық әлеуметін жақсартуға қол жеткізді. Осылайша, 1960 жылдан бастап институтта геологиялық барлау, тау-кен, металлургия өндірісі мен құрылыс жұмыстарына арналған 12 мамандық бойынша инженерлерді дайындау жүргізіле бастады. Сол кезде институттағы 30 кафедрада 160 оқытушы-

профессорлар жұмыс атқарды, оның ішінде Қазақ КСР ҒА-ның 2 толық мүшесі, 6 корреспондент-мүшесі, 8-і Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткерлері болды.

Қарап отырсақ, өткенсіз-бүгін, бүгінсіз-ертең болмайтын сияқты, ең алғаш ҚазТКМИ, 1960 жылы - ҚазПТИ, 1994 жылы Елбасының Жарлығымен институтқа айрықша мәртебе берілді. 1999 жылдан астап Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (ҚазҰТУ) аталып отырған ЖОО-ның қысқаша тарихы осындай.

Ал енді ҚазҰТУ-дың бүгінгісіне көшейік. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Республикамызды әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу стратегиясын міндеттеп, онда білім беру саласында "Біз әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек" деген. Осы талаптарды орындау барысында ҚазҰТУ қандай нақтылы істер жүзеге асырылуда,

ҚазҰТУ өзі өмірге келген алғашқы жылдан бастап еліміздің өндіріс ошақтары үшін 100 мыңға жуық инженер кадрларын әзірледі. Алғашында тек үш қана: геологиялық барлау, тау-кен және металлургия факультеттері болған оқу орны бүгінде құрамында білім мен ғылымды және тәрбиені сапалы ұштастырып отырған 13 ірі институтар жұмыс ітейді. Олар бұрынғы ошақтың үш тағаны болып тұрған Геологиялық барлау, Тау-кен, Металлургия және полиграфия; содан кейін Мұнай және газ, Машина жасау, Автоматика және телекоммуникация, Ақпараттық технология, Экономика және бизнес, Сәулет және құрлыс, Жаратылыстану- гуманитарлық, Әскери ісі, ЖОО кейінгі Elxellence PolyTech халықаралық білім, Қашықтан оқыту институттары.

Осы институттарда 41 бакалавриаттық, 35 магистранттық, 37 аспирантуралық, 15 докторлық және 10 PhD докторантуралық мамандықтар бойынша кадрлар даярлануда. ҚазҰТУ жыл сайын жаңа мамандықтар даярлауға кеңінен жол ашқан. Мәселенки былтыр 2008-2009 оқу жылында "Дизайн", "Құрлыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру" ашылса, биылғы 2009-2010 оқу жылында жаңадан "Кәсіптік білім", "Мемлекеттік және жергілікті басқару", "Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру", "Бағалау" сияқты мамандықтарға студенттер қабылданды.

Қазіргі таңда біздер ҚазҰТУ-ды бәсекеге қабілетті оқу орны деп толық айтуымызға болады. ҚазҰТУ ғылыми-педагогикалық потенциалы жағынан да ең алдыңғы қатарда. Университетте 1500-дей оқытушы-профессорлар құрамы болса, оның 150-і ғылым докторлары, профессорлар; 500 ге жуығы ғылым кандидаттары, доценттер уақытпен санаспай студенттермен жұмыс істеуде. Бұлардың ішінде Қазақстан ҰҒА-ның, Жоғарғы мектеп академиясы, халықаралық инженгерлік академия және шетел академияларының академиктері, мемлекеттік гранттың иегерлері де бар.

Біздегі білім беру деңгейі Елбасымыздың алдымызға қойып отырған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы талабымен үндесуде. Өйткені, XX1- ғасырда еліміздің өркениетілігі мен қуат көзі – шикізат байлықтарымызбен қатар халқымыздың интелектуалдық, білімділік деңгейлерімен анықталмақ.

Білім беру деңгейлерінің жоғарғы халықаралық стандартаға сай екендігіміз ҚазҰТУ-дың білім, ғылым, халықаралық және т.б. қызметтердің жоғары деңгейде екендігін 2008 жылы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік аттестациядан, міндетті аудиттан кейін сапа менеджментінің жүйесінің ISO-9001:2000:1 стандардартарына сай деген сертификатқа ие болуы ҚазҰТУ-дің ерен еңбегінің айқын дәлелі. Бір жағынан шетелдік оқу орындарының барлық үлгілеріне көзсіз еліктей беруге болмайды. Мәселен, алпауыт Америкада барлық оқу орындары бірдей мықты емес. Олардың ішінде де бетке ұстарлары да, төменгілері де жеткілікті. Біз жақсыларына қарап бой түзеудеміз.

Қай оқу орны бәсекеге қабілетті болса, сол ұтады, бәсекеге қабілетті маман өмірден өз орнын ойып алады десек, ол үшін студенттерге халықаралық стандартарға сай білім беру қажеттігі туындайды. Осы орайда әрдайым өздерін жетілдіріп, біліктілктерін көтеріп, өз шеберліктерін шыңдап, ҚазҰТУ-дың патриоттары болып жүрген Қ.С.Сүлеев, Б.Б.Байысбеков, Г.Ж.Жолтаев, Ә.Н.Нұрмағамбетов, Д.Ш.Садықов, Б.Р.Рақышев Б.Р., А.Ф.Цеховой, Д.Н.Шоқаев, А.Б.Бегалинов; Х.Ә.Юсупов, Л.А.Крупник, А.М.Бейсебаев, Б.М.Жаркимбаев; Ж.Ж.Байғөрин, В.А.Луганов, Д.К.Кішібеков, У.Е.Садыков, М.А.Нұрлыбаев, Е.М.Хайруллин, Т.Б.Бегимов, С.Е.Көмеков, М.М.Мырзахметов және тағы басқа көшбасшы ғалымдар осы оқу орнын біліктілік ұясына айналдырып отыр.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан үлкен қолдау болып, университеттің материалдық базасы түбегейлі жақсарды, тек өткен жылдың өзінде тау-кен металлургия және мұнай-газ секторы бойынша құны 200 млн.теңге тұратын инженерлік профильді зертхана іске қосылды, 60 млн.теңге тұратын карьерлерді түсіруге арналған лазерлік сканер, электронды тахеометрлер, лазерлі нивелирлер алынды. Технологиялық бизнес-инкубатор және технологиялық парк құрылып жұмысын атқарып жатыр.

Бірлескен Қазақстан-Корея IT-технология орталығын және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы грантын жеңіп алуымыз бойынша ақпараттық және ғарыштық зерттеулер мен бейнелеу мониторингі зертханасының мүмкіндіктерін айта кеткен ләзім. Мұнда спутниктік құрылғылар арқылы жер шарының кез келген мүйісінің қажетті бөлігінің бейесін суретке түсіре аламыз. Мұндай құрылым Мәсекуде және біздің елде ғана бар. Бірнеше аудиторияларға биылғы оқу жылында интерактивті тақталар орнатылды және басқа кабинеттер де үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылуда.

Қазір барлық ЖОО эксперименттік режимінде жұмыс істейді. Бүгінде заман күннен күнге өзгеруде. Біз де сол өзгерістерге, әлем мойындаған озық үлгілерге бұрылудамыз. Біздің барлық іс-әрекетіміз заман талабымен үндесіп жүріп жатыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Еуразия ұлттық университетінде студенттер алдында оқыған дәрісінде “осы күнгі инженер жан-жақты білім алуы қажет, техникалық білімді игеріп қана қоймай, болашақ қызмет атқаратын өндіріс орнында Мемлекеттік тапсырыс пен сұранысқа деген менеджерлік көзқарасқа, кәсіпорнының экономикалық өркендеуін негіздеуге және оның қоршаған ортаға тигізетін экологиялық зардаптарынының алдын алуға дағдылануы қажет” деген болатын. Осы тұрғыдан қарағанды ректорымыз -Жексенбек Мәкейұлы Әділовтің өзіміздің түлегіміз болса да, экономика ғылымдарының докторы болғаны дұрыс болды деп ойлаймыз. Қаржыны санай

білген, үнемдей білген, оны тек қажетті жерге жұмсай білген және бұл салада жариялық болғаны дұрыс деп есептейміз.

Бүгінгі кезде қазақ жастарының техника мамандығына деген құштарлығы артуда. Барлық студенттеріміздің 70 пайызы мемлекеттік тілде, профессор-оқытушылардың 86,7 пайызы мемлекеттік тілде дәріс оқиды.

Университетіміздің оқу-тәрбие жұмысын жоғары дәрежеге көтеріп, бірнеше жыл аянбай қызмет атқарып келе жатқан, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректорымыз, неке тойының гимні "Той жырының" мәтінін жазған, профессор Ұлықпан Сыдықов басқарып келеді. Университетте "Тәрбие" атты мақсаттық кешендік бағдарлама құрылған. Студенттер демалысы мен шығармашылық қызметінің үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ету, мәдени-көпшілік жұмыстарға ерекше көңіл аударылған. Сол арқылы дарынды жастар табылып, оқу орнының мәдени өміріне тартылады. Университетте өтетін дағдылы "ҚазҰТУ- көктемі" "Сәтбаев күндері", "Наурыз мейрамы", "Білім күні", "Студенттер қатарына қабылдау салтанаты" және тағы басқа іс–шараларға қатынасып студенттер өздерінің интеллектуалдық дамуын ұштай түсуде.

Жастарымыз бүгінде ұлттық ән өнерімізді Америкаға, Азияға, Европаға танытып, халқымыздың мақтанышына айналған, өзінің атын төркүл дүниеге паш еткен университетіміздің мақтанышы "Дос-Мұқасан" ансамблінің өміріне, жүріп өткен жолдарына, небір асқан асуларына еліктейді. Ансамбль ұжымымен күнделікті кездесіп дидарласып тұрады. Өйткені оларға Д.Қ.Сүлеев, Ұ.Е. Сыдықов, Қ.Бұқтықов, Ұ.Мақановтар дәріс оқиды. Осының өзі тәрбие емеспе?

Жастарымыз өздері білім алып жүрген оқу орнының үстем әрі еңселі болғанын қалайды. Мұның өзі, Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың "Мәртебесі, рухы биік шаңырақтың адамдары бір-біріне жақсылық жасауға құштар, өздерінің тамаша қадір-қасиеттерін бағалап қабылдауға өзге жұрттарды ынтызар етеді" деген дана сөзімен ұштасып жатыр. Бүгінгі таңда университет ұжымы студенттерді өз шаңырағына деген зор құрметке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде.

Сонымен қатар, жастардың сана-сезіміне ҚазҰТУ-дың тарихында алтын әріппен жазылған ұлы тұлғалар арқылы да әсер етеміз. Өздері өлседе олардың артында өшпес еңбектері қалды, басқан іздері тайға таңба басқандай, олар дәріс оқыған аудиториялардан жылы леп есіп тұрады. Оларға арналған арнайы мұражайымыз бар. ҚазҰТУ-дың тарихи және минералогиялық мұражайы оқу үрдісімен тәрбие жұмысына да ұйтқы болып отыр. Университетімізге ресми сапармен келген шетелдік қонақтар міндетті түрде мұражайға келіп, ғалымдарымыз арқылы ҚазҰТУ-дың білік және білім деңгейімен, ақыл-ойымен танысуда.

«Қазақ әдебиеті» 18.09.2009 жыл

Таңдаулы білімді сапа анықтайды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының әрбір бағыты еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену

стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған. Өркениет көшіне тек білім, ғылым арқылы жете алатындығымыз - ақиқат. Жолдауда білім беруді әлемдік деңгейде дамыту, мамандар біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса көңіл аударылғаны белгілі. Осы талаптарды орындау жолында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті алдына заман талабына сай міндеттер қойып отыр.

Қазіргі заман − бұрын-сонды болмаған бәсекелестік заманы. Елбасының Жолдауынан біз де үлкен әсер алдық. Президентіміздің бәсекеге кабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін алға қойып отырған нақтылы міндеттері бізден аянбай тер төгіп, еселі еңбек етуді қажет етеді. Осы бәсекеде жеңіске білімділер ғана жететініне сөз жоқ. Білім мен біліктілік – егіз ұғым. Біліктілік бар жерде күш те бар, бедел де бар. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін орындарын халықаралық стандарттау ұйымы ұсынған нұсқауларындағы 180 900 стандарттар жүйесіне көшу қажет. Сонымен қатар халықаралық серіктестікті күшейту керек.

Бұл дегеніміз — алыс және жақын шет ел университетгерімен тығыз қарым-катынас жасау (ғылыми жұмыстарды бірігіп жүргізу, халықаралық конференцияларға катысу, бірігіп монография, окулық жазу, дәріс оқу, магистранттар және PhD докторларды даярлау, т.б.).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарында инновациялық, шығармашылық идеяларды жүзеге асыруда жастарды тарта білу және ынталандыру маңызға ие болуға тиіс. Бұл ретте оқу құралдары мен оқулықтардың саны емес, сапасын арттыру сияқты мәні зор мәселелерді нақтылы шешуге тура келіп тұр. Әрине, осы мәселелерге орай айтарым, бұл міндеттерді әрбір ұжым бір кісідей бірігіп орындаса, бүкіл мүмкіншілікті өз орнымен пайдалана білсе, оңда Елбасы сенім артқан тапсырмалары тиянақты атқарылары сөзсіз.

Университетте соңғы бес жыл ішінде күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттердің саны 8 мыңнан 13,5 мыңға жетті. Білім ордасында 50-ден астам кафедра бар, онда 1200-ден астам оқытушы еңбек етеді.
Оның 180-і −ғылым докторы, 600-і − ғылым кандидаты. Елбасының алға койып отырған міндеттерін біздің университет әлемдік білім беру кеңістігінде жүріп жатқан Болон үрдісі аясында атқарып жатыр деуге боллады.

Университетіміз 2004 жылдан бастап Болон қаласындағы университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, Еуропаның 500 алдыңғы қатарлы оқу орындарының гильдиясына енді.

Білім ордасы оқу процесін оңтайландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлуде. Дәріс окылатын топтарды ірілендіру, рейтинг, тест жүйесін же-тілдіру, оқу процесінің сапасын, оның тиімділігін арттыруға бізде толық мүмкіндік бар. Мәселен, үш денгейдегі оқу жүйесіне (бакалаврлық, магистрлік және PhD) көшу арқылы мамандарымыздың халық-аралық еңбек нарығында жұмыс істеуіне толық сеніміміз бар. Университетте технологиялық парк ашылды.

Бұл технопарк оқу орнындағы барлық инновациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының басын косып, олардың нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізуде.

Жоғары оқу орны – ғылым орталығы болу қажет. Қазір ҚазҰТУ ISO 900 стандарттау жүйесіне көшу жұмысын толық аяқтады. Бүгінгі кезең-білім, ғылым, сапа кезеңі. Осы үшеуі элитарлық білімнің негізі болып табылады. Сондықтан да, біз жоғары оқу орыңдарын тек білім беретін университет деп біржақты қарамай, оны ғылымның да орталығы деп қабылдауымыз керек. Элитарлық (таңдаулы) білімді бағалау деңгейі – сапа деп білсек, онда сапа – білім мен ғылым жетістіктерінің көрсеткіші болмақ. Ал бұл ретте білім берудің тиімділігін арттыру үшін профессорлар мен оқытушылардың біліктілігі жоғары болуы қажет.

Еңді тау-кен институтының өзім қызмет атқаратын «Маркшейдерия және геодезия» кафедрасына тоқтала кетсем, бұл кафедра мамандық бойынша инженерлер даярлайды. Қазақ және орыс топтарында 500-ден астам студент оқиды. Кафедрада жабдықталған 10 зертхана бар. Олар осы заманғы (лазерлік, электрондық) аспаптармен және GPS-технологиясымен жабдықталған.

Алматы қаласындағы ірі өндіріс орындарында кафедраның 4 филиалы жұмыс істейді. Көптеген тәжірибелік сабақтар сол филиалдарда жүргізіледі. Кафедраның профессорлары оқу процесінің сапасын көтеруде елеулі еңбек етуде. Соңғы үш жыл ішінде 18 оқулық, 5 оқу құралы және 5 монография жарық көргендігі–осының дәлелі. Бұл оқулықтардың 60 пайызы мем-лекеттік тілде жазылған.

«Алматы ақшамы» 20.04.2007ж.

Асылдар ұшқан, жасындар қонған орда

Біздердің білім алған алтын ордамыз–Қазақ ұлттық техникалық университеті және оның бөлінбес бір отауы–тау-кен-металлургия институты. Ол–біздер үшін ұшқан ұямыз да, қонған тұғырымыз да.

Ауыр индустрияда үш сала бар: геология, тау-кен өндірісі, металлургия. Геологтар іздеп, кен орындарын тапса, оны игеру тау-кен мамандарының ісі. Әрі қарай қазылып алынған кеннің құрамындағы қаншама элементтерді бөліп алу металлургиялық зауыттарда жүргізіледі. Қазір бұрынғы тау-кен факультеті Ө.А.Байқоңыров атындағы «Тау-кен-металлургия» институты болып қайта құрылды.

Кімдер оқып, кімдер бітіріп шыққандығы туралы мұрағат құжаттарына көз жүгіртсең, біздің тау-кен-металлургия институты иығына заман жүгін арқалаған, қазақтың нағыз нар азаматтарының бесігі болғанына қуанасың, сүйсінесің, мақтан түтасың. Олар: Қазақстанның халық жазушысы И.Есенберлин, Социалистік еңбек ерлері: В.А.Гребенюк, Ғ.А.Омаров, Н.Т.Төкенов, «Халық қаһарманы»- А.С.Куленов, академиктер: А.Ж.Машанов, Ө.А.Байқоңыров, Е.А.Букетов, Ж.С.Ержанов, Ш.Г. Балғожин; Ш. А.Алтаев, М.Рамазанов, Ж.М.Қаңлыбаева, Б.Р.Рақышев, Лениндік силықтың лауреаттары А.Джакыпбаев, И.Ш.Коган, ССРО Мемлекеттік силығының лауретаттары: Д.О.Ешпанов, В.Ш.Шарипов, В.Ф.Щербинин, И.И.Думанов, М.Г.Седлов, С.М.Мауленкулов, Мемлекет қайраткерлері Л.К.Киинов А.Д.Ясько, В.К.Божко, М.Т. Өкшебаев В.И.Нифадьев, ақын Иран-Ғайып, жазушы М.Сәрсеке және т.б. осы оқу орнының мақтан тұтар түлектері.

Біздер алтын ұямыздан ұшқан асылдарымызға тағзым ету арқылы да болашақ жастарды тәрбилейміз. Оларға арналған арнайы мұражайымыз бар.

Адам танудың кеменгері Қ.И.Сәтбаев Қазахстандағы жалғыз техникалық ЖОО нығайтуға барынша күш салған ғұлама және ҰҒА-ының шаңырағын көтеруде, академияның зерттеу институтарын тап осы КазТКМИ- түлектерімен толтықтырып отырған. Сондықтан ту бастан біздің институтымыздың дамуына мұрындық болған ұлттық мақтанышымыз Қ.И.Сәтбаевтың есіміне ие болу – ҚазҰТУ үшін зор мәртебе деп білеміз.

КазТКМИ-дің түлегі, кейін КазПТИ-ді қалыптастыруға зор еңбек сіңірген академик Ө.А.Байқоңыров есімі университет тарихында алтын әріптермен жазылған және Тау-кен-металлургия инситутына Ө.А.Байқоңыров есімі берілген.



А.Ж.Машанов Ө.А.Байқоңыров Е.А.Бөкетов Ж.С.Ержанов І.Есенберлин



Ғ.А.Омаров А.С.Куленов В.А.Гребенюк Н.Т.Тукенов Д.О.Ешпанов

ҚазҰТУ-дың алғашқы түлегі, алғашқы аспиранты, фарабитану ғылымының негізін салған, өмірінің ақырғы сағаттарына дейін халқына білім мен ғылымның, өнеге мен үлгінің нұрын шашқан, таусылмайтын рухани мұра қалдырып кеткен, ғұлама ғалым, Ақжан Машанов есімі ҚазҰТУ-дың жаратылыстану және гуманитарлық институтына берілген..

ҚазТКМИ-дің түлегі**,** есімі Қарағанды мемлекеттік университетіне берілген, ҰҒА-ның академигі, мемлекеттік силықтың лауреаты Е.А.Букетов есімі мәңгі есімізде.

Еліміздегі білім беру жүйесі қазіргі заман талабына сай өзгерістерге ұшырап, түбегейлі жаңарып жатқаны белгілі. Осы орайда Еуразия білім кеңістігінде өзінің айрықша тұрпатымен қалыптасқан ҚазҰТУ-дың құрылғанына биыл 80 жыл толғалы отыр.

Институттың осындай қысқаша тарихының ішінде ҚазҰТУ-дың төл құрдасы «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының да қосқан үлесі зор. Осы кафедрада 1939 жылдан бастап ғылыми кадрларды даярлау қолға алынған, «Маркшейдерия» мамандығы бойынша аспирантура ашылған. Оның тұңғыш

аспиранты болып Ақжан Жақсыбекұлы Машанов қабылданған. Кафедраны Қазақстанның ғылым саласына еңбегін сіңірген қайраткер, Қазақстан ҰҒА академигі, ХХ-ғасырдың әль-Фарабиі атанған, профессор А.Ж.Машанов 30 жылдай басқарды.

Кафедрада геомеханика, геодезия, маршейдерия, геоэкология, жер қойнауын игерудің қауіпсіздігі, жер беті мен жер қойнауын мониторингтеу салаларында ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми жұмыстарының нәтижелері монографиялар мен алыс және жақын шетелдер жариялымдарында мақалалар ретінде жарық көрген. Кафедрада жыл сайын «Машанов оқулары» атты студент, магистрант және PhD докторанттардың ғылыми-тәжірибелік конференциялары өткізіліп тұрады. Биылғы жылғы дәстүрлі «Машанов оқулары» университеттің және кафедраның 80 жылдығына арналып отыр.

Осындай Қарт кафедрыны ҚазҰТУ-дағы көпшілік қауым «Машановтың кафедрасы» деп атайды. Өйткені бұл Ақжан атамыз жарты ғасыр бойы еңбек еткен қасиетті қара шаңырақ және сол қасиеттен арылмай алға адымдай бермек. Ақжан атамыз жаны да, діні де таза, ешкімге жамандық жасамайтын жан еді. Біздің кафедрағы оқытушылардың барлығына дерлік осы қасиет дарығандай. Машанов ізін салып кеткен «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы білгенге – біздің алтын бесігіміз, терең тамырымыз, мәртебе мерейіміздің тұғыры.

Инженер мамандарды даярлайтын Қазақстанның қара шаңырағы - ҚазҰТУ түлектерімен түлейді, түрленеді, асқақтайды. Ал студент те өздері білім алып жүрген оқу орнының үстем әрі еңселі болғанын қалайды. Кафедра ұжымы студенттерді өз шаңырағына деген зор құрметке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде.

«Оқыту –тәрбиелеу технологиясы» мамыр-маусым 3/2014

Білімді болу – кедергілерді жеңуге берілген мүмкіндік

Мен тау-кен инженері –маркшейдер боламын деп ойлаған жоқпын. Мен сияқты ауылдан келген қазақ қызының ұғымына жақын болуы былай тұрсын, тіпті түсіне де кірмейтін мамандық болғаны шындық. Мен жастайымнан әнші болуды, журналист болуды армандадым. Көгілдір Көкше тауларының сағымды белдерінде жүріп, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай әндеріне, Мағжанның, Сәкеннің жырларына, Сәбит Мұқановтың асыл сөзіне шомылып өстім. Десем де, осы тау-кен мамандығы менің маңдайыма жазылыпты. Мен жастайымнан математика мен сызу пәніне жақын болдым. Маркшейдер мамандығын игеру үшін осы пәндер өте қажет.

Қазақ «Ырыс ауысады, білім жұғысады» дейді. Расында да білім қалауына қарай біреуден біреуге жұғысып, біреуден біреуге ауысып жатады. Ғылым да, білім де бірін-бірі толықтыру арқылы ғана өніп, өспек екен де, жайқалып жемісін бермек екен. Өмір мектебі «мынау жақсы, анау жаман» деп, айтып қана қоя салмайды екен, жақсыдан үйрене, жаманнан жирене білуді талап етеді екен.

Сөйтіп мен кешегі мектеп түлегі емес, өмір мектебінің шәкірті екенімді, осы білім ордасына, оның ішінде тау-кен факультетіне келгеннен бері сезіне бастадым. Өмір мектебінен үйреніп, көңілімді тербеп, жанымды толғантқан, сағым сынған сәттерде демеу берген жайларды ұмыту, естен шығару, тіпті мүмкін емес екен. Тау-кен инженері-маркшейдер маманы болып шығуда өз ісіне мығым, іскер үйымдастырушы, академик Ө.А.Байқоңыров, А.Ж.Машанов, Е.А.Бөкетов және т.б. ақыл-кеңесін алып, түтас тәрбие мектебінен өттім.

Бүгінде мен Қазақтың бір қызының басына лайықты атақ-дәреженің бәріне ие болсамда әлі күнге дейін өмір мектебінен нәр алудамын. Сөйтіп жүріп мен университет және кафедра тарихына үңіліп отырамын.

КазТКМИ-дің түлегі, кейін КазПТИ-ді қалыптастыруға зор еңбек сіңірген академик Ө.А.Байқоңыров есімі университет тарихында алтын әріптермен жазылған және Тау-кен-металлургия институтына Ө.А.Байқоңыров есімі берілген.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикамызды әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосу стратегиясының талаптарына сай еліміздегіі білім беру жүйесі өзгерістерге ұшырап, түбегейлі жаңарып жатқаны белгілі. Бүгінде білім беру инновациалық сипат алып, білімнің өзегінде жылтыраған жаңалық болуы талап етілуде. Инновациялық-индустриялық даму стратегиясын жүзеге асыру жолында жоғарғы білікі кадрлар даярлауға батыл бағыттар белгілеп, жетістіктерге жетіп отырған, Республикамыздың Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялау орталығы жариялаған рейтинг бойынша техникалық ЖОО арасында бірінші орында және мемлекеттік грант иеленуде көшбасында жүрген, Еуразия білім кеңістігінде өзінің айрықша тұрпатымен қалыптасқан Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰТУ) құрылғанына биыл 80 жыл толғалы отыр.

«Елу жылда – ел жаңа» дейді халқымыз. 80 жыл дегеніміз – тарих үшін үлкен кезең, небір асқарарлы асу, тұғырлы тарих деген сөз. Бұл тек біздер үшін ғана емес, бүкіл тау-кен-мталлургия институтының есігін ашып, табалдырығын аттайтын әрбір талапкер, студент үшін тағылымы мол тарих. Әрі жоғарыда аты аталған әрбір азаматтың (аталмағаны қаншама) еңбек және ғылым жолындағы ғұмырбаяны үлгі аларлықтай, өнеге түтарлықтай. Тау-кен-металлургия институты сонысымен де киелі, қасиетті шаңырақ. «Аруақты жерден ат үркеді» деген қазақ нақылының байыбына жеткен әрбір жас мүнда он ойланып, жүз толғанып келсе керек!

Тау-кен-металлургия институтыгның тарихына үңіле отыра кез келген адам бір бұлақ ашқандай болады. Бұл білімнің бұлағы, ғылымның бұлағы екен. Білімді болу туралы ғұламалар аз айтпаған ғой. Себебі олар білім алу дегенді өмірде кездесетін аса күрделі кедергілерді жеңе білу деп өтеге еткен. Бірі «көп білген емес, ең керектісін білген адам ақылды» десе, бірі «ғалым болу –ащы тамырдың тәтті жемісі» деген. Қалай десек те, сол ащы тамырдың нәр алатын ортасы, өніп-өсетін жері мына біздің тау-кен-металлургия институты дер едім.

Әрі қарай мен, ХХ –ғасырдың аль-Фарабиі атанған әл-Машани жайында және кафедраңыз туралы айтқанды жөн көріп отырмын.

Тау-кен-металлургия институттың осындай қысқаша тарихының ішінде ҚазҰТУ-дың төл құрдасы «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының да қосқан үлесі зор. Осы кафедрада 1939 жылдан бастап ғылыми кадрларды даярлау қолға алынған, «Маркшейдерия» мамандығы бойынша аспирантура ашылған. Оның тұңғыш аспиранты болып Ақжан Жақсыбекұлы Машанов қабылданған. Кафедраны Қазақстанның ғылым саласына еңбегін сіңірген қайраткер, Қазақстан ҰҒА академигі, ХХ-ғасырдың әль-Фарабиі атанған, профессор А.Ж.Машанов 30 жылдай басқарды.

Кафедра түлектерінің, аспиранттарының ішінде есімдері елге танымал болған ғалымдар Ержанов Ж.С., А.Қ.Қайыпов А.Қ., Ж.М.Қаңлыбаева Ж.М., Ерофеев Н.П (Красноярск), Кудряшев С.П. (Кривой Рог), Милетенко И.В., Попов В.Н. (Москва), Поклад Г.Г. (Новосибирск), Нұрпейісова М.Б., Жарқымбаев Б.М., Қалыбеков Т., Құрманқожаев Ә., Байғорин Ж.Ж., Машанов А.А., Шамганова Л.С., Қасымқанова Х.М. Пентаев Т., Сатов М.Д. (Алматы), Ипалаков Т.Т. (Өскемен), Е.А.Сапақов (Жезқазған), Е.Нұржумин (Астана) сынды тұлғалар баршылық.

80 жыл аралығында кафедра 2000-ға жуық маркшейдер мамандарымен қамтамасыз етті. Осыншама түлектердің ішінен ҚазҚСР түсті металлургия министрлігінің орынбасарлары Л.М. Катков, Л.А.Парамонов, ҚР энергетика және минералдық рессурстар министрлігінде Төлеуов Б.Т., Карибаев Е.К., Қыдырманов С.З. және т.б. шықты.

Бүгінде кафедра құрамында 20 –ға жуық оқытушы бар. Кафедрада қызмет атқаратындардың барлығы дерлік А.Ж.Машановтың шәкірттері деп айтуға болады. Жастарға білім мен ғылымның кілтін ашудан, үйретуден, ғылымды насихаттаудан жалықпаған ұстаздардың ұстазы, ғұлама ғалым Ақжан Машановтан кеше дәріс тыңдаған, үлгі -өнеге алған, кафедраның бүгінгі аға буын ақылман ағалары мен батагөй апалары жас оқытушыларды жоғары біліктілікке шыңдауда.

Кафедрада геомеханика, геодезия, маршейдерия, геоэкология, жер қойнауын игерудің қауіпсіздігі, жер беті мен жер қойнауын мониторингтеу салаларында ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми жұмыстарының нәтижелері монографиялар мен алыс және жақын шетелдер жариялымдарында мақалалар ретінде жарық көрген. Кафедрада жыл сайын «Машанов оқулары» атты студент, магистрант және PhD докторанттардың ғылыми-тәжірибелік конференциялары өткізіліп тұрады. Биылғы жылғы дәстүрлі «Машанов оқулары» университеттің және кафедраның 80 жылдығына арналып отыр.

Осындай Қарт кафедраны ҚазҰТУ дағы көпшілік қауым «Машановтың кафедрасы» деп атайды. Кафедрадағы Машанов атындағы дәрісхана алдына ұлағатты ұстазға арнап ескерткіш тақта орнату да осы 80 жылдық мерейтой аясында өткізіліп отыр. Өйткені бұл Ақжан атамыз жарты ғасыр бойы еңбек еткен қасиетті қара шаңырақ және сол қасиеттен арылмай алға адымдай бермек. Ақжан атамыз жаны да, діні де таза, ешкімге жамандық жасамайтын жан еді. Біздің кафедрағы оқытушылардың барлығына дерлік осы қасиет дарығандай. Машанов ізін салып кеткен «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы білгенге – біздің алтын бесігіміз, терең тамырымыз, мәртебе мерейіміздің тұғыры.

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасында «Табиғи ресурстарды басқару геокеңістіктік деректерін жинау және өңдеудің инновациалық технологиялары» атты ғылыми-зерттеу зертханасы бар. Мұнда ғарыштық зерттеулер мен бейнелу мониторингі және бірлескен Қазақстан-Корея IT-технология орталығында мәліметтерді өңдеу жүргізіледі. Жерсеріктік құрылғылар арқылы жер шарының кез келген мүйісінің қажетті бөлігін суретке түсіре аламыз. Мұндай құрылым Мәсекуде және біздің елде ғана бар. Бұл біздің мамандықтар үшін өте қажет зертхана.

Бүгінгі біздің студентіміз –болашақтың көшбасшысы. Сондықтан, ертеңгі маманның заман талабына сай адам болып шығуы үшін әрбір дәрісіміздің, жазған оқулығымыздың өзегінде жағымды жаңалық пен маңызды идеялар болуы крек. Мәселенки, білім берудің кредиттік технологиясында бір жақты студенттен сұралатын тәртіп қана емес, оқытушыға да қойылатын талап. Ұстаздың жазған оқулығы өндіріспен тығыз байланыста болса, оқыған дәрісі күнделікті деректерден алынып жатса, ондай оқытушын студент өзі таңдап алады. Студенттің оқытушы таңдауға толық құқығы бар.

Профессор-оқытушылар құрамының алдында тұрған бір міндет –ол оқулықтардың сапасын көтеру. Әр оқу орнының ерекшеліктеріне қарай өз оқулықтары бар. Кітап –білім көзі дейміз. Сол білімнің сапасы оқулыққа тікелей тәуелді. Бәсекеге қабылетті жастар ғана өмірден өз орнын ойып алады десек, ол үшін студенттерге сапалы білім беру қажеттігі туындайды. Қазақ жастарының техникаға мамандығын игеруге деген құштарлығы артуда. Студенттеріміздің 70% мемлекеттік тілде, оқытушы-профессорлардың 86% қазақ тілінде дәріс оқиды. Осыған орай университет ұстаздары студенттерге мемлекеттік тілде дәріс оқумен бірге, қажетті оқулықтармен де қамтамасыз етудеміз.

Дегенмен, кейбір оқулықтардың оқулық деген аты дардай болғанымен, ішіндегі мәліметі бордай үгітіліп тұратынын да білеміз. Аты бар да заты жоқ мұндай күмәнді, мазмұны маңызсыз оқулықтарды сараптайтын арнайы комиссия құрып, кітапхана қорынан шығарылуы керек. Оқулықтың тілі түсінікті, мазмұны терең, тақырыптары мәтіндегі оймен ұштасып жатпаса, онда одан алар тағылым, үйренер үлгі болмайды. Оқулықтар жазуға осы тұрғыдан қараған жөн. Өйткені ол жастардың болашағына жол ашады, білімді, білікті болуына мүмкіндік жасайды. Оқулық студенттің бағдаршамы екендігін ұмытпағанымыз ләзім.

Сонымен қатар, ЖОО –жүйесінде және тау-кен кәсіпорындарында көңілімізге көлденең келетін жайттардың бар екендігін айта кеткен де ләзім.

Біз қазба байлықтармыз жағынан дүниежүзінде ең бай елміз, жалаң шикізатпен ұзаққа шаба алмаймыз. Жерасты байлықтарымыз-ол қалпына қайтып келмейтін байлық. Қазіргі таңда тау-кен, металлургия және уран өндірістері саласын дамытуға бет бұрып отырмыз. Атқарылып жатқан жақсы істермен қатар, олқы жақтарымыз да бар.

1) бір айта кететін жәйіт, ол министрліктің жоғарыдан ұсынып отырған мамандықтар классификторы. Мәсленки, министрлік «Тау-кен ісі» деген бір-ақ мамандық бекіткен. Ол кім болып шығады? «Маркшейдер» деген сөз жоқ. Осы мәселе туралы, яғни «Маркшейдерлік іс» мамандығын «Тау-кен ісі» мамандығынан бөлу туралы министрлікке ҚазҰТУ, ҚарГТУ, ШҚТУ және

өнеркәсіп орындары бірнеше рет хат жолдадық, бірақ мәселе әлі күнге шешілген жоқ. Себебі, министрлікте тау-кен ісі мен маркшейдерлік іс мамандықтарының біріктірілмейтінінен хабары жоқ, жас мамандардың отырғандығы. Бұл жалғыз біздің мамандық емес, мәселен «құрылыс ісі», «металлургия» және т.б. мамандық классифиакаторын қайта қарауды талап етеді;

2) тағы бір айта кететін жәйт- ол еліміздегі ғылымға деген көз қарас. Кез келген ғылым шығынды қажет етеді. Қазір ғылымның бар саласын Қ.И.Сәтбаев сияқты бір бір орталықта ұстап, дамытып отыратын академиямыз да жоқ. Не көп, әртүрлі ғылыми Орталықтар көп. Оларды жеке адамдар өзері ашып алған, ғылымға деген қаражат та соларға кетеді.Осының барлығы Ғылым академиясының жоқтығынан деп білеміз;

3) тау-кен кәсіпорында «Маркшейдерлік қызмет» туралы өзіндік заңнама жоқ. Республика Президентінің жарлығы бойынша барлық нормалық актылар 2001 жылға дейін жасалыну керек еді;

4) маркшейдерлік жұмыстарды жүргізудің нұсқаулары ҚР әлі күнге дейін жасалған жоқ, әзірге РФ нұсқаулары қолданылуда;

5) «Жер қойнауын қорғаудың біріңғай Ережелерін» толықтырып қайтадан жасау қажет және т.б. Айта берсек толып жатыр.

Десек те, меніңше осындай жайттарға төтеп беретін күш –бірігіп еңбек ету, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару. Өз кәсібімізге адал болу, студенттерге ата-анасындай қарау, қамқорлық жасау – ол сонау Машанов, Байқоңыровтар, Бөкетовтар басқарған жылдардан бастап бізде қалыптасқан, санамызға сіңген.

Инженер мамандарды даярлайтын Қазақстанның қара шаңырағы - ҚазҰТУ түлектерімен түлейді, түрленеді, асқақтайды. Ал студент те өздері білім алып жүрген оқу орнының үстем әрі еңселі болғанын қалайды. Кафедра ұжымы студенттерді өз шаңырағына деген зор құрметке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде.

«Айқын» 22.05.2014 жыл

Открывший первым

Каждый год через «Машановские чтения» общественность Казахстана вспоминает ученого с мировым именем, основоположника казахстанской школы геомехаников Акжана Машанова. Столетие горного инженера, в 2006 году включено в календарь памятных дат ЮНЕСКО.

Он был удивительным человеком, пытливым ученым, трудоголиком, фанатом. Неутомимый исследователь недр, первооткрыватель месторождений, замечательный педагог и автор учебников, Акжан Жаксыбекович многим казахстанцам дорог своими человеческими качествами — простотой, добротой, безграничной верой в людей и полным бескорыстием. Его не стало девять лет назад, но сотни учеников продолжают его дело. Дело горного инженера-геолога, ученого-маркшейдера.

Но он открывал не только месторождения. Акжана Машанова считают открывателем наследия аль-Фараби, о чем свидетельствуют написанные им книги, научные и исторические труды «Аристотель Востока», «Об изучении наследия аль-Фараби», «Великие ученые Средней Азии и Казахстана», «Аль-Фараби и Абай» и другие.

Он первым из казахов нашел могилу аль-Фараби в Дамаске и привез оттуда горсть земли. Это было в 1968 году. Он много нам об этом рассказывал, говорил, что надписи на могиле тогда не было, ему помогли найти ее по номеру.

Свое волнение у последнего пристанища философа Акжан Жаксыбекович выразил стихами, которые позже перевел Бек Жанай - мой сын, геолог.

Месяцами искал я могилу,
С вашей родины прибыл сюда.
Талисманом одну лишь горстину
Я земли взял с могилы тогда.
О, мечеть — купола Магауи!
Пыль веков... Сколько видели вы?
И стоит до сих пор где-то там
Место святости Дар ас-Салам.

Ученый прочел много трудов Абу Насыра аль-Фараби и доказал, что он - казах, родился в Отраре, являвшемся крупнейшим центром древней культуры Казахстана и Средней Азии, когда-то носившем имя Фараби, отсюда и имя великого ученого. Изучая труды великого философа, энциклопедиста, математика и астронома, Акжан Машанов пришел к выводу, что в книге немецкого астронома Иоганна Кеплера «Музыка небес» многие факты и данные приведены из труда аль-Фараби «Китаб аль-музыка аль-Кабир».

В 1984 году Акжан Машанов в издаваемом в Кувейте журнале «Аль-Фараби» опубликовал статью на арабском языке, доказывая свое мнение. После этого, ученые во многих рецензиях, посвященных этой статье, признали, что «Господин аль-Машани был прав».

С этого времени считается, что великого ученого для казахского народа открыл Акжан Жаксыбекович, а самому ему очень понравилось новое имя — аль-Машани, и свои последующие книги «Ай арысы» и «Геомеханика» он подписывал уже именно так..

Его по праву считали первым консультантом по изучению научного наследия великого предка, благодаря ему дух и имя аль-Фараби возвращаются на родину. В 1972 году, когда великому ученому исполнилось 1100 лет. Акжан Машанов стал инициатором проведения в Алматы международной конференции с участием видных ученых мира. В 2001 году, во время празднования юбилея аль-Фараби в Казахстане, академика посмертно наградили премией имени аль-Фараби и вручили удостоверение № 1.

Интересы ученого были очень многогранны — история, философия, геология. За свою большую богатую событиями и творчеством жизнь он опубликовал более 200 научных статей, десять монографий, пять учебников и восемь научно-популярных изданий.

Главной заслугой научная общественность считает создание нового направления-геомеханики, сплава геологии, горного дела и математики. А началось все в 1934 году, когда после пяти лет учительства молодой Акжан поступил в Казахский горно-металлургический институт. Окончив его с отличием, он стал первым аспирантом основоположника казахстанской маркшейдерской специальности профессора Петра Алексеевича Рыжова.

Маркшейдер-немецкое слово, означающее определение границ месторождений. Тридцать лет возглавлял это направление Акжан Жаксыбекович. Его научные труды по геомеханике были одобрены и признаны за рубежом и были изданы на немецком языке на родине маркшейдерской науки - в Германии.

В военные годы главной задачей для ученых была разработка методики эксплуатационной геометризации полиметаллических месторождений для правильного планирования горных работ с наименьшими затратами на добычу полезных ископаемых. С этими важными проблемами коллектив ученых Казахстана и России при активном участии Машанова успешно справился.

На Риддер-Сокольном и Текелийском месторождениях они составили прогнозные планы, установили геометрические закономерности разведочных и эксплуатационных работ и выявили новые богатые залежи с высоким содержанием металла. Ученый стал первооткрывателем нескольких золоторудных месторождений, за что в 1978 году ему был вручен диплом первооткрывателя.

Аль-Машани был ученым-философом, изучал и пропагандировал исламскую религию, мусульманство. По его мнению, ислам - глубокое понятие, требующее всесторонней образованности и высогого гуманизма. Свое понимание ислама он выразил в книгах «Табу», «Аль-Фараби және Абай», в рукописи «Научные основы ислама». Он всю жизнь продолжал учиться и познавать, говоря: «Мера человечности - это всесторонняя образованность, поэтому необходимо знать и изучать историю всех наук». Этому он учил и своих учеников, и созданная им научная школа продолжает жить во всех начатых и развитых им направлениях. Почти все научные работники кафедры «Маркшейдерское дело и геодезия» Казахского национального технического университета имени К.Сатпаева являются его учениками.

Время проходит быстро. Уже 17 лет мы живем без Акжан Жаксыбековича, но созданная им научная школа продолжает функционировать практически во всех развитых им направлениях. Основным носителем наследия его научной школы является кафедра «Маркшейдерское

Чем больше горы удаляются от нас, тем больше они нам кажутся высокими и величавыми. Каждый пик этих гор выделяется отдельно и превращается в некое красивое зрелище. И хочется, не отводя взор смотреть на все это, хочется отдохнуть у их подножья и омыть лицо водой из ручьев, стекающих с их склонов. Так и в жизни, бывают такие люди, которые чем больше отдаляются от нас, тем больше кажутся нам великими. Одним из таких людей является наш учитель -А.Ж.Машанов.

Акжан Жаксыбекович прожил большую жизнь и оставил после себя огромное научное наследие. Свою яркую, продолжительную жизнь, полную творческого горения, он посвятил родине, родному народу, будущему поколению. Это нашло свое отражение в его четверостишии:

Дорог невзгоды дальних, познает тот, кто их прошел.
И я, Вам говорящий, не озадачивать пришел. –
Для совести! Отчизны!.. Работу, сделанную мной
Младое поколенье жизни оценит меж собой.
(перевод Бек Жаная)

При жизни он был примером для всех нас. Теперь же, когда его с нами нет, мы еще больше оцениваем его вклад в развитие науки и образования, его человечности. Если подземные недра рано или поздно иссякают, то память-неисчерпаемое богатство, как и то духовное богатство, которое оставила своей земле эта одаренная личность.

«Литер» 02.11.2006 год.

Гармония недр Акжана Машанова

Имя выдающего ученого, основателя национальной школы геомеханики, историка, востоковеда, филолога, а также основоположника казахстанской научной фантастики Акжана Жаксыбековича Машанова(1906-1997гг) по решению ЮНЕСКО включено в Календарь памятных дат этой авторитетной международной организации. Праздничные мероприятия по случаю столетия со дня рождения талантливого ученого в 2007 году прошли не только в Казахстане, но и в России, а заключительная конференция состоялась в Париже.

Казахскому национальному техническому университету (КазНТУ) имени К.И.Сатпаева, где более 60 лет проработал А.Ж.Машанов, в этом году исполняется 80 лет. В мае месяце этого года мне выпала приятная миссия приветствовать участников традиционной конференции «Машановские чтения», посвященной 80 летию университета и кафедры «Маркшейдерское дело» и присутствовать в открытии мемориальной доски нашему Учителю – А.Ж.Машанову.

Я являюсь учеником Акжана Жаксыбековича, и этим горжусь. Мне хотелось остановиться на своих впечатлениях от общения с Машановым. Особенно запомнились мне лекции по геомеханике. Его философские представления материала вызвали у меня большой интерес и оказали влияние на мою дальнейшую судьбу. На своих лекциях наш Учитель говорил о симметрии и гармонии недр. За

«гармоний недр» большое будущее, ведь при освоении богатств земли человек нарушает естественную целостность, и сегодня человечество осознало важность сохранения природной гармонии.

Недра представляет собой незаменимую естественную лабораторию, в которой существуют многочисленные закономерности природы и недропользователи пропитаны мыслью о гармоничности, взаимосвязанности и необходимости поддержания гармонии в каждом процессе.

В истории человеческой культуры много сказано о гармонии в природе. Создататель учения о биосфере В.И.Вернадский утверждал, что в недрах строгий порядок и полная гармония. Поэтическим языком Ф.Н.Тютчев выразил это так: «Невозмутпмый строй во всем, созвучие полное в природе».

Идею «Гармония недр*» в* дальнейшем развил профессор А.Ж.Машанов. Благодаря исследовниям Машанова в области геометрии недр и геометризации месторождений полезных ископаемых был раскрыт генезис многих месторождений, что позволило впоследствии грамотно и рационально их разработать. Закон гармонии – это всеобщий закон строения земной коры. Гармония недр означает соответствие между телом (горным массивом) и слагающими его частями, структурными блоками пород, которые возникли в соответствии с характером деформации массива, сложенного этими блоками. Данное представление вытекает из наблюдения многочисленных фактов, характеризующих условия залегания массивов горных пород. И систему трещин можно характеризовать как соразмерное, имеющее строгую закономерность, явление.

В результате анализа большого количества материалов наблюдения и **обработки результатов многочисленных замеров систем трещи*н*** не рудных месторождениях Казахстана, установлены закономерности образования структурных блоков. В гармонии недр важную роль играют элементы симметрии, выражающие собой всеобщий закон природы. Элементы симметрии, как известно широко представлены в кристаллах, слагающих минеральные агрегаты, в составных частях горных пород. Эти факты зафиксированы на объектах Джунгарии, Каратау и Рудного Алтая.

Литосфера (твердая оболочка Земли), и особенно ее верхняя часть, стала объектом наиболее чувствительных антропогенных нагрузок. В первую очередь это результат вторжения человека в область земных недр.

Освоение подземных богатств достигл гигантских масштабов. На каждого жителя планеты добывается примерно 20 тонн минерального сырья в год. Извлечение ежегодно 80 миллиардов тонн рудных и не рудных материалов из недр сопровождается многочисленными формами нарушения массива горных пород и даже коренного измененияга рельефа земной поверхности. За 150 лет горные работы привели к образованию отвалов обьемом 100 км^3 и карьеров объемом 40-50 км^3.

Массив торных пород с точки зрения сіроительной механики предсгавляет собой весьма сложную конструкцию, состояшую ю мнотчислснных элементов, различным образом соединенных *и* взаимодейсгвующих между собой. Помимо

того, в массиве постоянно происходят геологические, физические, химическис и др. процессы, в нем перемещаются подземные воды, мигрируют газы и растворы. Таким образом, массив горных пород, включающий в себя наносы, земную поверхность и расположенные иа ней природные объектъг, напоминает в какой-то степени организм, в котором постоянно (быстро или очень медленно) происходят различные изменения: что-то зарождается, чго-то. развивается, что-то разрушается и исчезает. Это то, что происходит на поверхности и наблюдается визуально.

Внутри массива горных пород нередко протекают более сложные процессы, обнаружитъ которые без специальных исследований не всегда удается. Внутри массива горных пород нередко протекают более сложные геомеханические процессы, обнаружитъ которые без специальных исследований не всегда удается**.** Вопрос сохранения баланса между внедрением человека в недра и состоянием этих недр является весьма важным, поскольку ставит человечество перед выбором дальнейшего пути развития: быть ли ему по прежнему ориентированным на безграничный рост производства или этот рост должен быть согласован с реальными возможностями природной среды и соразмерен с целями социального развития.

Освоение подземных богатств достигло гигантских масштабов. На каждого жителя планеты добывается примерно 20 тонн минерального сырья в год. Извлечение ежегодно 80 миллиардов тонн рудных и не рудных материалов из недр сопровождается многочисленными формами нарушения массива горных пород и даже коренного изменения рельефа земной поверхности. За 150 лет горные работы привели к образованию отвалов обьемом 100 км^3 и карьеров объемом 40-50 км^3.

Недра были и останутся в XXI веке важнейшим источником народного богатства большинства государств, а для Республики Казахстан - еще и потенциальной базой для вхождения в число тридцати наиболее конкурентно способных стран мира. В Послании Президента народу Казахстана предельно ясно сказано о перспективе развития добычи полезных ископаемых, которых по всем показателям занимают в экономике Казахстана ключевую роль и ведущее место в мировом рейтинге.

Ученики А.Ж.Машанова: зам. председателя Комитетеа промышленности Министерства новой технологии и торговли РК, к.т.н.- Е.Г.Карибаев; главный горняк – маркшейдер SAT & Company», к.т.н. -Б.Т.Толеуов; руководитель «Южказнедра» - С.З.Кыдырманов; директор объединения «Жетисупромбезопасность» - Ж.С.Абайдилдинов; директор объединения «Горное дело» - Қ.С.Арысов; зав.кафедры «Маркшейерское дело и геодезия», к.т.н., доцент - О.А.Сарыбаев, ведут за собой коллективы геологов, горняков-маркшейдеров, продолжают внедрять достижения горно-геологической научной школы в производство и утверждают жизненный подвиг своего Учителя и всемирно известного ученого – Акжана Жаксыбековича Машанова!

«Вечерняя Алма-Ата, 25.05.2007 г

Ұлытаудың ұланы
(Ө.А.Байқоңыровтың туғанына 100 жыл)

Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыров Ұлы ғалым, қазақ зиялыларының ірі өкілі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор. Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыров туралы ойлағанда, «Жаманның ұмыры шағым мен арыздан тұрады, жақсының ұмыры қарыз бен парыздан тұрады» деген өлең жолдары ойға оралады Ө.А.Байқоңыров ел – жұртының, халықтың алдында өтейтін қарывзым мен парызым бар деп ұмыр, жаратылысы ерекше жан болатын.

Мен 1955 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтына оқуға түскенімде Өмірхан Аймағамбетұлы осы институттың директоры екен.

Бүгінгі күні Ө.А.Байқоңыровтың сан қырлы қызметі туралы жан-жақты айту бір жағынан жеңіл, екінші жағынан қиын да. Оның парасатты қызметі халқының көз алдында өтті, әрбір қадамы замандастары мен шәкірттерінің есінде қалды. Асылдың сынығындай болған ғибратты ұстаз біздерге өз бойындағы таза білімі мен даналық теңізін, адамгершілік махаббатын сыйлады Ол туралы бүгін айтып еске түсіретін адамдар да өте көп Оның қызмет жолы туралы көпшілікке кеңінен танымал деректер ешқашанда өз мағнасын жоймайды, десекте оларды қайталаймай-ақ қандай да бір жаңа нәрсе тауып, ол кісінің сан қырына өзімше баға беруге тырыстым.

Біріншіден, Өмірхан Байқоңыров тау-кен ісінің ғалымы.

Оның ақыл-парасаты үнемі өзін-өзі жетілдіру мен дамытуға жетелеп, таусылмайтын күш-қуатқа жеткізді. Дәріс оқыған кездегі алғашқы сөзі «Біздің басты байлығымыз минералды ресурстар» деп басталатын. Ғылыми еңбектерінің саны қаншама көп болса, сапасы да жоғары. Ғалымның әр еңбегі өз саласының жаңалығы мен жаршысы ретінде ерекше. Негізгі еңбектері жер астында кен қазу жұмыстарын үздіксіз жүрпгізуге, жарасты қазбаларының орнықтылығы мен тау-кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеуге, жарасты кен игеру әдістерінің жалпы классификациясын жасауға, жарасты кен қазуды кешенді механизациялауға, кен геофизикасының негіздеріне арналған. Ғалымның ұсынған кен қазудың жаңа жүйелері мен машиналары Жезқазған кеніштерінде осы күнге дейін қолданыста. Осылайша, Өмірхан Аймамғамбетұлының ғылыми-зерттеуші, маман ретіндегі беделі бүкілодақтық дәрежеде белгілі болды.

Екіншіден, Өмірхан Байқоңыров, ұстаз-ағартушы.

О.А.Байқоңыров студенттер, аспиранттар үшін тазалықтың, әділдіктің, бекзаттықтың үлгісі болды. Ұстаздың да ұстазы бар. Ұстаз Байқоңыров сөзімен де, ісімен де, тілімен де, сырт келбетімен де өзіне адамды тартып, баурап алатын тұлға бола білді. Оның басты тәрбиесі ойлауға, талдау жасай біліп, одан шешім шығаруға үйрету болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін аудиторияда қызмет етті, студенттерге дәріс оқыды. Ұстаз –ағартушы өз білі мен ғибратын, тәжрибелік әдіс-тәсілдерін жастарға жеткізуден жалықпады. Ол шын мәніндегі шебер Ұстаз еді. Өмірхан Аймағамбетұлының ашық дәрістеріне студенттер ғана емес, оқытушы-ғалымдардың өздері барып тыңдайтын

Ө.А.Байқоңыровтың ғалым-педагогтарды даярлаудағы еңбегі де зор. Ғалымның еңбегін жалғастырып, келешек ұрпаққа тәрбие беретін мектепті одан әрі дамытып, идеяларын таратушы қазақстандық тау-кен ісі саласындағы

ғалымдардың көпшілігі Өмекеңнің жетекшілігімен дисссертацияларын қорғағандар. Санап отырсақ, Ө.А.Байқоңыровтың ғылыми жетекшілігмен 60 ғылым кандидаттары, 10 ғылым докторлары дайындалыпты, 300 ден астам ғылыми еңбектерінің 15 монографиялар, 30 өнертапқыштық патенттер екен.

Академик Байқоңыровтың шекпенінен шыққан шәкірттерінің ішінде тау-кен саласының көрнекті өкілдері, ғалым-академиктер, министрлер, ректорлар да бар. Бұл Өмірхан Аймағамбетұлының ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз болғанының айғағы.

Үшіншіден, Өмірхан Байқоңыров –қоғам қайраткері.

Ө.А.Байқоңыров 1934 ж. құрылған Қазақ тау-кен–металлургия институтын 1960 ж. Қазақ политехникалық институтына айналдырып, оның қарашаңырақ болып қалыптастырған, қазіргі ғимаратын салғызған ең беделді ректоры болды. Осы қызметте жүргенде министрлік пен үкіметтің арнаулы тапсырмасымен Қазақстанның ірі кен-металлургия комбинаттары жанынан инженер мамандарын дайындау кей жерлерде институт, ал кадрлары аз жерлерде жалпы техникалық факультеттер ашуды ұйымдастырды. Мәселен, 1953 жылы Қарағандыда тау-кен институтын,1958 ж. Өскеменде құрылыс–жол институтын, 1959 ж. Рудныйда кешкі факультет, 1962ж. Алматыдағы Киров атындағы зауытта кешкі мәшинә жасау факультетін және т.б. оқу ошақтарын ашты. Ашылған оқу орындарына жас жігіттер ағылып барып, әрі жұмыс істеп, әрі кешке оқып, көптеген инженер мамандықтарынан мыңдаған жоғарғы білімді кадрлар даярланды. Өндірістерге жас қазақ жігіттерін тартудың ең дұрыс жолы осы еді. Өндірістен қащудан ғөрі, оған ұмтылатындар көбейді. Сол факультеттер қазір институт және университеттерге айналды.

Ғылыми мектептің басымдылығы Ғылым академиясында болғаны баршаға белгілі. 1962 жылы Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысымен академик Байқоңыров Қазақ КСР Ғылым академиясының академик-хатшысы болып сайланды. Сол жылдан бастап ол Қ.И.Сәтбаевпен қоян-қолтық жұмыс атқарып, Ертіс-Қарғанды каналын, Екібастұз, Жезқазған, Теміртау, Балхаштағы өндіріс орындарынды салу, Қарағайлы, Шет аудандарындағы ірі кеніштерді, Мағыстаудағы мұнай кенорындарын іске қосу мәселерімен айналысты. Қ.И.Сәтбаевпен жұмыс істеуді ол өзіне бақыт деп санады.

Ө.А.Байқоңыров ғылыми-педагогикалық жұмысын қоғамдық қызметпен ұштастыра білді. Ө.А.Байқоңыров ҚазКСР жоғарғы кеңесінің, Алматы қалалық кеңесінің бірнеше дүркін депутаты болып сайланды.

Төртіншіден, Өмірхан Байқоңыров ұлы тұлға.

Өмірхан Аймағамбетұлы қандай жоғары дәрежелі орындарда отырса да, өзінің мағыналы өмір жолымен, ішкі рухани байлығымен, асыл адами қасиеттерімен, кішпейілдігімен, қарапайымдылығымен, еңбекқорлығымен бәрімізге үлгі болған үлкен Тұлға. Тек қана тау-кен саласындағы адамдарға емес, ғылым қуған барлық жастардың рухани көсемі, ақылшысы, тәрбиешісі, қамқоршысы да болған жан еді.

Ө.А.Байқоңыров өз қарамағында жұмыс істейтін қызметкенрлерін төмендетуге, оларға жағымпаздық жасауға жол бермейтін. Ол өзінің рухани

қалпын биік ұстап, қызметкерлермен тең сөйлесетін және оларға зор сеніммен қарайтын.

Бесіншіден, Өмірхан Байқоңыров шешен болатын.

Өмекең сара сөздің саңлағы болатын. Егер сын айтса анық, нақты, көңілге кірбің түсірмейтін сөздермен айтатын. Керек жерінде турасын айтатын орақ тілді сөз зергері еді.

Алтыншыдан, Өмірхан Байқоңыров мәмлегер еді.

Ол институт ішіндегі, университетаралық, Ғылым академиясында болатын кейбір келіспеушілік мәселелерді шешуге белсене кірісетін. Талай басшылардың келіп ақыл-кеңес сұрағандарына куәгер болдық. "Елдестірмек-елшіден" дегендей Өмекең дұрыс шешімін айтатын, келелі кеңес беретін мәмлегер болатын.

Жетіншіден, Өмірхан Байқоңыров үлгілі отбасы болды.

Ол өз отбасын өте жақсы көретін. Мариям апай екеуі өнегелі ұрпақ тәрбиеледі. Қай ректор қазір студенттердің қойған концертіне барады? Өмекең көркемөнерпаз стуенттердің концертіне жұбайы Мариям апайды және бала-шағаларын ерте келіп, бірінші қатарға орналасып, концерттің соңына дейін отыратын. Өзінің кісілік қасиеті баларына да дарыды.

Ия, айта берсек, Өмірхан Байқоңыровтың сегіз қыры емес, сексен қырын бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бірін еске түсіріп, ол туралы айта бастасаң екінші жағы мен мұндалап шыға келеді. Өмекең тбанымен жер басқан жұмырбасты пенденің ешқайсысына ұқсамайтын дара жаратылған, ғылым мен білімге өрен жүйріктігі өз алдына, қазақы қасиетке де жетік болатын.

Академик Қаныш Сәтбаев Ұлытау даласын Қазақстанның қазынасы санаған. Себебі, Менделеев кестесіндегі элементтердің басым бөлігі Ұлытау аймағы қойнауынан табылған Міне осындай, Қазақстанның георафиялық орталығы болып саналатын, қазақ халқының бесігі, көшпелі дала мәдениетінің бастауы, ежелгі даланың көне сырларын ішіне бүккен шежірелі Ұлытауда 14.09.1912 ж. дүниеге келген.

Ол Ұлытаудан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген, Толағай Тұлға.

Оның ғұмырнамасы да ұрпаққа үлгі, кім-кімге де өнеге боларлық өрелі жол. Ол халқы үшін еңбек етті, парасатын танытты, даналығын дәлелдеді. Халқымыз Өмірхан Аймағамбетұлының жасағаны мен атқарғанын еш уақытта ұмытпрайды. Таулар алыстаған сайын биіктеп, аскақтап тұратыны сияқты, жалпы тіршілікте де алыстаған сайын асқақтай көрінетін адамдар да болады екен. Біз үшін сондай адамдардың бірі емес, бірегейі Ұстазымыз - Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыров.

Менің өмір жолымның ғылым-білім саласына түсуіне, тіке бағытталуына, ғұмырымды осы қиын да, қызық мамандықпен ұштасуына сол кездегі Қазақ тау-кен металлургия инстиутының директоры Ө.А.Байқоңыровпен тығыз байланысты.

Өз басыма Өмекеңнің жасаған жақсылығы ұшантеңіз. 1959 ж. жолдасым Шәріп Бекбасаров Қарағандының 38-шақтасында өндірістік жарақат алып, бір аяғынан айырылды. Сол жылдары студенттер жатақханаға тапшы болатын.

Соған қарамастан біздің жаниұямызға бір бөлмені босатқызып берді. Екеумізді де аспирантураға алып қалды. Менің ғылыми жетекшім етіп қазақтың бір туар ұлы, ғұлама ғалым-ұстаз Ақжан Машановты тағайындады. Өмекеңнің арқасында ғалым болдық, отбасымызды құрып, пәтер алдық, балалы-шағалы болғанымша қамқорлығын көрдік. Өмекең қамқорлық жасай отырып үлкен талап қоя білетін.

Өмекеңнің өмірде шыққан шыңдары, алған асулары тек қана еңбек ету, іскерлік, қайсарлық, күрескерлік, табандылық, әділеттіктен таймайтын, сөзі мен ісі арасында алшақтық болмайтын жан екедігін дәлелдеп берген.

Адамның ең басты байлығы; ол өзі бақилық болған соң, артында не қалтырды, халқы оны қай тірлігімен еске алады, сол болмақ.

Біздің күнделікті өмірде жиі кездесетін үш түрлі жағдайды еске салғым келеді. Біріншісі, көзі тірісінде өзі сатып алған атақтары мен қызметтері өлген соң ұмытылады. Екіншісі, ұрпақтары бай, үлкен қызметте болса, күмбез тұрғызар, атына көше алып берер, бірақ кейінгі ұрпақ оны білмейді. Үшіншісі, артында ұмытылмас үлкен ғылыми жаңалықтар ашқан, ұрпаққа арнап өсиетті кітаптар қалдырған, ақылды, парасатты, еңбекқор шәкірттер тәрбиелеген адам ғана мәңгілік есте қалады. Өмірхан Байқоңыров міне, осындай ұмытылмас ғұлама болып мәңгі есте қалмақ.

Мақтанбасаң қуанышың өледі,
Үрлемесең оттың өзі сөнеді.
Ұлы адамдардың қолын қыссаң,
Соны айтып, дүниеге айқай салғың келеді, –

деп, Қ.Мырзалиев жырлағандай, Өмірхан Байқоңыров сияқты азаматтардың ұлылығы, көрсеткен өнегесі, асқар асуларға қарай қаймықпай қанат қағып, еңбектеніп ғылым-білім көгінде және тау-кен саласында қызымет атқарып жүрген көптеген шәкірттеріне үлкен септігін тигізді.

Қазір ортамызда Қ.И.Сәтбаев, А.Ж.Машанов, Ө.А.Байқоңыров, Ж.С.Ержанов, Ә.С.Сағынов, Е.А.Букетов сияқты ұлыларымыз жоқ. Бірақ олардың еліміз үшін дайындап кеткен, қазіргі егеменді елімізге қызмет етіп жүрген білікті мамандары және олардың шәкірттері бар. Міне осындай ұлы ғалымның 100 жасқа толатын мерейтойына, оның фундаменталды еңбектерін жарыққа шығару және осы датаны кеңінен атап өту үшін, Қазақ ұлттық техникалық университетінің Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты және де басқа мекемелерде қызмет атқарып жүрген көптеген шәкірттері орасан зор жұмыс жүргізуде.

«Егемен Қазақстан», 2012 жыл

Мектеп ашқан меценат

Ататекті, атажұртты білу, оларды пір тұту, сыйлау, дәстүрді жалғастыру ниетінен, “бүкіл қазақ – бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы” деген ұстамнан туған деп білеміз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты кітабындағы “Қазақ үшін шыққан тегін білу –теңізшінің қолындағы компас сияқты. Осы қасиет қазақ халқының маңдайына жазылған тарихи, географиялық, шаруашылық, саяси-экономикалық, мәдениетіне бірден –бір сай келіп отырған. Жеті атасын білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын тарата отырып, одан әрі исі қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. Көзі жеткен соң сол ұлт тұтастығының қамқоры болып отырған” деген сөздері көңілге әбден қонымды.

XIX- ғасырдың орта шеніндегі отарлау жағдайы кезінде қазақ жеріндегі зорлық-зобылыққа қарсы тұра білген, қиын-қыстау кездерде жол табудың әрекетін жасаған прогресшіл жандар болған. Солардың бірі емес, бірегейі – қазақтың ұлы ақыны, данышпан перзенті, философ, сазгер Абай (Ибраһим) Құнанбаев.

Біржан бабамыздың ән сапарымен ел аралап жүріп, Абай ауылына келіп алты ай жатып кеткендігі М.Әуезовтың “Абай жолы” романында жан-жақты суреттелген. 1865 жылы Абаймен кездесуі Біржан салдың композиторлық, әншілік, ақындық өнерінің дами түсуіне үлкен әсер етті. Абайдың ой толғамдары, жан-жақты білімділігі, ән, өлең өнерінің асылы мен жасығын зерделеп отыратын сыншылдығы Біржан санасына өшпес із қалдырды. Біржанның осы сапарындағы көңілге түйгендері кейіннен оның шығармаларынан ерекше орын алып отырды.

Жасы отызға келген шағында Біржан өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап, сауық-сайран құра жүріп, жәрмеңкесі, ойын-сауығы, өнер өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей еліне де, Торғай; Тобыл бойындағы Ұлытау, Ақтау бойларындағы қалың елді де аралап өзінің алуан түрлі әндерін айтып таратқан. Сол кездерде Біржан айналасына жаңа ақын-әншілер, өнерпаздар топталады. Бірқатары Біржан бастаған әншілік ақындық өнерді әрі қарай дамытып әкетсе, енді бір қатары Біржанның айналасында топтасып, секіктесіп ел аралап жүрген.

Біржан ақындығының биік бір саласы – Сарамен айтысы.

Біржан сал Жетісудағы Сараның ақындық-айтқырлық даңқын естіп, қайткенде іздеп барып онымен айтысуды армандаған. Сөйтіп, атамыз жолдың алыстығына қарамай ел аралап, Ертіс жағалап, Семейлетіп Аягөз арқылы найман еліне жеткен. Найман еліне келгенде Біржанның жанында жиырма-отыз адамдай жодастары болған. Біржан мен Сара айтысы XIX- ғасырдың 80-ші жылдарында өткен.

Сол айтыстағы Сараның айтқан сөзі:

Ауылында Тұрысбектің сөз сөйлестім,
Баласы Қожағұлдың Біржан салмен.
Бұл үйде кім бар деді келе сала,
Үйінде отыр едім Тұрысбектің.

Біржанның Сараны шақырып айтқан сөзі:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,

Енді Тұрысбек деген кім соған келсек. Жетісуда халықтың сауатын ашу үшін ірі байларды мектеп салуға үндеген Маман қажы болған.

Маманның бәйбішесінен туған Тұрысбек қажы мен Сейітбаттал қажылар. Олар Қапал, Шұбарағаш уездерінде орналасқан татар шоншарларымен, әскери орыс офицерлерімен танысып, қоян қолтық араласып, солардың үлгісімен саудамен айналысқан. Соның арқасында аз жылдың ішінде сол өңірдің ірі байларының қатарына ілінген. Байлыққа жеткен Маман ұрпақтары өз қаражаттарына мешіт, мектеп салдырып, жергіліті жердің балаларын оқытқан. Сөйтіп, 1899 жылы үш жылдық "Мамания" медресесі дүниеге келіп, 1909 жылы ол сегіз жылдық мектепке айналған. "Мамания" мектебінің негізін салушы – Маман қажының үлкен ұлы Тұрысбек. Тұрысбек өз заманының прогресшіл азаматы болған.

Жас Тұрысбек білім нәріне сусындап, білімнің халқына керек екендігін көңіліне түйіп, қазақ балаларының сауатын ашу үшін татар мектебі емес, қазақ мектебін ашуды өзіне мақсат еткен. Мектептің құрылысына Семейден қызыл кірпіш, Өсекменнен қарағай, Омбыдан көк қаңылтыр алдырады. Оқу орнының құрылыс жобасы, оқу бағдарламасы, ережлеріне Уфадағы "Ғалия" медресесін үлгі еткен. Мектепте есеп, жағрапия, тарих, ана тілі, әдебиет, дін сабақтары жүрген және орыс тілін үйрететін кешкі курс та ашылған. Осы мектепті оқып жүріп Ілияс Жансүгуров орыс тіліндегі көркем әдебиеттерді оқуға қолы жеткен. "Мамания" мектебінен сауатын ашқандар І.Жансүгіров, Б.Сүлеев, ақын Сара Тастанбекқызы, Қ.Қазыбаев, Д.Бекежанов, Ж.Қалиұлы, Ж.Сыдықов Т.Есімжанов, Қ.Бұғыбаева сияқты қоғам қайраткерлерінің есімдері де елге танымал. Сара Тастанбекқызы Тұрысбек қажының қыздарымен бірге жүріп, мектепте бірге оқыған және Тұрысбек үйінде өтетін жиын-тойлардың ән айтып сәнін келтіріп жүрген немере қарындасы.

Маман балары қазақ мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосқан жандар. Мәселен, олар шет қалаларда оқып жүрген қазақ студенттеріне ақшалай жәрдем көрсетіп отырған. Тұрысбек Маманов қазақ ішіндегі данышпан кісілердің бірі болып саналып, тіршілігінде қолында барын халқына жұмсаған адам. Өзі тірі кезінде Құдайберген, Тәңірберген есімді балаларын оқытып, заман жайын жұрттан бұрын түсініп балаларын саудагершілікке үйреткен, яғни кәзіргінің бизнесіне баулыған. Міне осындай жандар Қазан төңкерісі кезінде бар мал мүліктері кәмпескеленіп, ату жазасына бұйырылып, "халық жауы" аталып, жер ауып кеткен. Фамилияларын өзгертіп, аман қалғандары және ақталғанннан кейін елге оралғандары да бар.

Осы жолдарды жазып отырған мен Тәірберген Тұрысбекұлының кіндік баласы Абділуахитты (Уахитты) көрген, қолынан дәм татқан жанмын. Уахит Тұрысбеков ұлы Отан соғысына қатысып, оның барлық ауыртпашылығын бастан кешіп, аман-есен үйге келгеннен кейін де, "халық жауының баласы" деген аттан құтыла алмай тағы да жер аударылып, тек қана 1955 жылы бейбіт өмірге оралды. Ол соғыстан мүгедек болып және жер ауып келіп, үй-тұзсіз жұргенде Кенжехан атты қызбен тұрмыс құрып, бала-шағалы болды, дүниеге

1957 жылы Серік деген нәресте келіп, артынан балары өсіп-өнді. Уахит Тәңірбергенұлы Тұрысбеков еңбекқор жан болды, ақсап жүріп екі этажды үй салды, сол үйде баласы Серіктің үйлену тойын жасады.

Серік Уахитұлы Тұрысбеков ҚазПТИ-ды ұздік дипломммен бітірді, аспирантураға қалтырылды. Ұздік студент, қоғам жұмысының белсенді мүшесі ретінде талай рет партия қатарына ұсынылды. Бірақ "Тұрысбеков" деген атақты фамилия жолына кедергі болып жүрді. Мен, Біржан салдың қарындасы– ақын Сараның інісі Серік Тұрысбековтың дипломдық жобасының және ғылыми диссертациясының жетекшісі болдым. С.У.Тұрысбеков бүгінде ғылым кандидаты және зерттеу жұмыстарын оны әрі қарай жалғастыруда.

Доцент Серік Уахитұлының жанұясына келетін болсақ, ол да бір бахытты от басы деп айтуға болады. Маман әулеті үйленген кезде, қыздарын ұзатқанда өздерімен терезелері тең адамдармен құдандас болуға тырысқандар. Соның бір дәлелі–Серіктің Көкшенің Ғалия атты қызына үйленуі. Үйлену тойы 1980– ші жылы өткізілді. Сол тойда, бұдан бір ғасыр бұрын кездескен және екінші рет жолыға алмай арманда кеткен Біржан мен Сара еске алынды. Сараның інісі Серік Тұрысбеков пен Біржанның қарындасы Ғалия Молдағанапованың қосылуы ұрпақтар жалғастығының бір көрнісі ретінде әлі күнге дейін жадымызда сақталуда.

Екі жастың үйленуіне себепкер болған Ғалияның нағашы ағасы Башаров Мейрам болған. Ол кісі кезінде Көкшетау жаққа жер аударылған Маманұлы Сейтбатталдың немересі Марияш Сейтбатталоваға үйленген екен. Марияш апайға жиені Ғалия ұнап (әлде бір кезде Тұрысбековтер "Мамания" мектебіне үлгі етіп Уфадағы "Ғалия" медересесін алғандығы ма немесе Көкшелік Біржан-сал мен Жетісудың бұлбұлы- Сараның Маман-Тұрысбек ауылында кездесуінен бе) інісі Серікке атастырған. Үлкен қариялардың тілін алған сол кездің жастарынан айналса болады ғой. Жаман болған жоқ, үбірлі-шүбірлі отбасы болып отыр.

Уахит ағамыз балаларының қолында немерелерін көріп дүние салды. Сонда Маман әулетін түгелдей көріп, ол кісілердің бірауыздылығына, тектіліктеріне тәнті болдық. Құдаларының асына профессор Темірбеков Абдолла Хұсайынұлы және ұлағатты ұстаз Жанмолда Молдағанаповтар бастаған көкшетаулықтар көшіп келгендей болды.

Біржан салдың інілері Молдағанаповтар өсіп-өнген әулет. Былтыр Айыртау ауданының және Қаратал орта мектебінің 80-жылдық мерейтойы атап өтілді. Жақсы тектің тұяғы Жанмолда өмір бойы мұғалім болған, балаларын да білім беру жолына баулыған, халқының құрметіне бөленген жан екендігі сол кездесуде үлкен құрметпен атап өтілді. Жанмолда ақсақалдың балаларының бәрі оқыған, жоғары білімді мамандар. Еліне қадірлі, ата даңқын адал еңбекпен ақтап жүрген азаматтар.

Өлі риза болмай, тірі байымайды деген ғасырдан ғасырға келе жатқан ғажап ақиқат бар. Осы мақаламызға арқау болған Біржан мен Сара аруақтарының алдында бас иіп, бір ғасырлық ұрпақ жалғастығы туралы сөз жаздық. Атасын ұмытпаған ұрпақ, аяулы ерлерін есінде сақтай білетін халық барда Біржан мен Сара есімдері ұрпақтарының, елдің санасында мәңгі

сақталады.

«Алматы ақшамы» 2010 ж

Востребован и полон сил

Более сорока лет профессор Бахит Жаркимбаев работает в Казахстанском Национальном техническом университете имени К. И. Сатпаева. Начав свою трудовую деятельность участковым маркшейдером ССГОКа, он вырос до заведующего кафедрой "Маркшейдерское дело" и профессора КазНТУ. Талантливый организатор и педагог высшей школы, так коллеги оценивают труд Бахита Молдагалиевича.

На руднике ССГОКа Б. М. Жаркимбаев познал вкус горняцкой работы, научился ценить рабочее время и отдавать всего себя поставленной цели. С первых дней он показал себя высококвалифицированным, знающим инженером, которому присущи широта мышления, глубокое понимание производственных и научных проблем. Эти качества пригодились Бахиту Молдагалиевичу и в дальнейшей работе.

На его научные интересы оказал серьезное влияние академик НАН РК А.Ж.Машанов, под научным руководством которого ему посчастливилось защитить кандидатскую диссертацию. В 1970 году ему присвоено ученое звание доцента, а в 2004-м - профессора. Более двадцати лет Б.М.Жаркимбаев заведовал кафедрой "Маркшейдерское дело и геодезия" КазНТУ имени К.И.Сатпаева. Его по праву называют "отцом инженерных кадров" Казахстана.

Впервые годы перехода к рыночной экономике было сложно удержать на кафедре профессорско-преподавательский состав. Благодаря своим личным контактам, четкими предложениями руководству университета и в правительственные структуры Б. М. Жаркимбаев сумел получить поддержку своей линии и открыть новые специальности. Кафедра в настоящее время выпускает специалистов по пяти направлениям (маркшейдерия, аэрофотогеодезия, прикладная геодезия, картография и земельный кадастр) - это личная заслуга Б. М. Жаркимбаева. Кафедра постоянно пополнялась молодежью. Бахит Молдагалиевич говорит: "Сегодня основа основ - старые кадры, но мы готовим молодежь, думая о том, что должны подготовить достойную замену".

Учась и работая с ним более 50 лет, я была свидетелем его блестящей научной и педагогической деятельности. Он доверял коллегам, поддерживая их - такая поддержка дорогого стоит. Когда чувствуешь рядом надежное плечо, то работаешь окрыленно, с огоньком.

Вся учебно-методическая и научная деятельность Бахита Молдагалиевича направлена на подготовку высококвалифицированных специалистов современного уровня. Он является разработчиком государственных стандартов РК по высшему профессиональному (инженерному) образованию ряда горных специальностей. Под его руководством проводится масштабная работа по внедрению системы менеджмента качества согласно

требованиям международного стандарта, которая великолепно стыкуется с кредитной системой обучения. Он является автором более 150 научно-методических публикаций, в том числе пяти учебников нового поколения, отвечающих мировым стандартам образования.

Б. М. Жаркимбаев является видным ученым и специалистом в области охраны и рационального использования недр. Принимал активное участие в разработке Кодекса о недрах и переработке минерального сырья РК. Под его руководством были составлены "Единые правила охраны недр" (ЕПОН) при разработке месторождений твердых полезных ископаемых, ЕПОН при разработке месторождений подземных вод и положения о платежах за нерациональное использование недр. Он вложил большой вклад в решение вопросов, связанных с повышением квалификации кадров. Будучи членом коллегии ГУК РК, организовал центр повышения квалификации Казгеодезии, а также республиканские совещания руководителей маркшейдерских и геодезических служб горно- и нефтегазодобывающих предприятий Казахстана. Он является отличником высшего образования, почетным геодезистом СССР и почетным разведчиком недр РК.

Что касается человеческих качеств, хотела бы подчеркнуть в Бахите Молдагалиевиче удивительную интеллигентность, высокую культуру общения, умение выслушать и понять собеседника. Меня как человека иного темперамента просто поражают его сдержанность, совершенно удивительное умение владеть собой, самообладание и выдержка.

У каждого человека в этой жизни есть собственное предназначение. Наверное, по настоящему счастлив тот, кто сумел осознать свою истинную роль в этом мире. К числу таких людей относится наш Б. М. Жаркимбаев, который, несмотря на 70-летний возраст, все еще является популярным и востребованным.

Вечерняя Алма-ата» 2006

Его центр науки

С именем доктора технических наук, профессора Заткали Айранбаевича Естемесова, неразрывно связана история создания и функционирования так называемой Центральной сертификационной лаборатории строительных материалов (ЦеЛСИМ), на самом деле «Центра науки по экологически чистым строительным материалам». Создание этого «Центра науки» с нуля осуществлялось при его самом непосредственном и активном участии. Сегодня, известный ученый, директор ЦеЛСИМ и генеральный директор Центра сертификации и высоких технологий (ЦентрСервТех) З.А.Естемесов, отмечает 70-летний юбилей.

З.А.Естемесов – выдающийся ученый-энциклопедист в области строительных материалов и строительной экологии, фундаментальные труды которого получили широкое признание со стороны мировой научной общественности, крупный инженер-технолог-строитель и организатор производства, блестящий педагог, воспитавший многочисленных учеников, которые ведут научные исследования в научно-исследовательских институтах и

университетах стран ближнего и дальнего зарубежья. Человек, о котором говорят: «Он сделал себя сам».

Перечислять направления его деятельности можно долго, но важнее подчеркнуть, что везде во всех этих направлениях роль Заткали Айранбаевича была всегда значимой: он был и остается всегда или инициатором, или непосредственным исполнителем или вдохновителем этих работ. В отличие от многих именитых руководителей, которых можно узнать сразу по высокомерию и начальственному тону, Заткали Айранбаевич является работающим инженером, неутомимым научным исследователем, как говорят в народе «играющий тренер».

Успехи З.А.Естемесова не могут быть понятыми без того, чтобы не посмотреть на время его становления, на состояние науки, на окружающих его ученых, его друзей и соратников того времени.

Если мы говорим Естемесов, то подразумеваем ЦеЛСИМ, мы говорим ЦеЛСИМ- подразумеваем Естемесова. Поэтому далее мы расскажем историю создания ЦеЛСИМа, и это будет жизнь Заткали Айранбаевича озоренная наукой. Может быть: наука, озарившая или..наукой, озарившей жизнь..

История

Ц ели создания
Е динства коллектива
Л юбви к науке
С плоченности
И нновации
М ужества



Цель создания. Как диссертации начинаются с цели, так и у любого человека есть цель в жизни. Если нет цели – нет успеха. Успех приходит к тому, у кого есть цель (несмотря на то, какая она - большая она или маленькая), и кто не дружит со словом «невозможно». Жгучее желание добиться своего является стартовой площадкой, отправной точкой к заветной цели. Заветной целью молодого доктора наук, заведующего лабораторией физико-химических исследований строительных материалов Алматинского НИИСтромпроекта З.А.Естемесова, было открыть лабораторию по испытанию цемента на соответствие его требованиям ГОСТа.

Существовавший с 1931 года «НИИСтромпроект» не имел права испытывать цемент по ГОСТУ. Этот вопрос в 70-х годах рассматривался на заседании ЦК КП Казахстана и Совета Министров КазССР, но «НИИСтромпроект» так и не решил данную проблему. Поэтому цементные заводы Казахстана свои пробы отправляли на испытание в Моску и только «НИИЦемент» (Москва) давал разрешение для производства изделий или приостанавливал выпуск продукции.

И только во время развала СССР руководство института объединило физико-химическое и физико-механическое подразделения в единую лабораторию по исследованию строительных материалов, в которой планировало открыть группу по испытанию цемента. Но в это время многие научные сотрудники покинули институт и ушли в коммерческие структуры. Проработавшему в НИИСтромпроекте 26 лет З.А.Естемесову тоже было очень трудно, но он принял твердое решение открыть свою лабораторию по испытанию строительных материалов в другом месте. Предварительно договорившись с генеральным директором ОАО «Алматыгорстрой» Т.К.Султанбековым, Заткали Айранбаевич, как заведующий лабораторией «НИИСтромпроект», пригласил для беседы своих сотрудников. Разговор шел о перспективах развития сертификационной лаборатории строительных материалов, подготовке научных кадров, и пригласил желающих работать с ним. Для создания будущей лаборатории Т.К.Султанбеков выделил помещение общей площадью 380 кв.м.

С этого дня руководитель ЦеЛСИМ З.А.Естемесов составил четкий план по достижениию своей цели и начал выполнять его шаг за шагом. У истоков создания лаборатории стояли четыре человека: Естемесов З.А., Махамбетова У.К., Спичак Е.Е. и Урлибаев Ж.С.

Так появилась на свет Центральная лаборатория сертификационных испытаний строительных материалов (ЦеЛСИМ), занявшаяся комплексной научно-исследовательской деятельностью. Позже он открыл Центр сертификации и высоких технологий (ЦентрСервТех), занимающийся научно-производственной деятельностью.

Единство коллектива. Следующим шагом была работа по сплочению коллектива лаборатории. В начале ТОО «ЦеЛСИМ» работал в тесном контакте с инженерно-техническими работниками «Алматыгорстрой», т.е. ЦеЛСИМ постоянно следил за качеством производимых подразделениями «Алматыгорстрой» строительных материалов и строительно-монтажных работ. В течение года лаборатория приобрела необходимое оборудование и приборы. В конце 90-х годов «ЦеЛСИМ» расширился и занял (1-й и 4-й этажи) другое помещение площадью 2500 кв.м. Сотрудники лаборатории сами перетаскивали, установливали и проверяли все оборудование и приборы, поскольку привлекать посторонних в «ЦеЛСИМе» не было средств: согласно требованиям Госстандарта все накопленные финансовые средства уходили на приобретение компьютеров, множительную технику и приведение в порядок оборудования и приборов на новом месте.

Несмотря на такие трудности, комиссия из Госстандарта дала разрешение лаборатории принимать заказы на испытания и право сертификации строительных материалов. В настоящее время «ЦеЛСИМ» контактирует более чем с 90 предприятиями, среди них есть и иностранные заказчики. З.А.Естемесов создал Центр, исходя из принципа веры, также благодаря своей способности внушить эту веру в умы около пятидесяти человек (Абдуллаев

К.А., Абуталипов З.У., Алтаева З.Н., Бастрыкина Л.А., Васильченко Н.А., Есельбаева А.Г., Еркебаева Б.У., Копылова Е.А. и др.) «ЦеЛСИМ».

Так как «ЦеЛСИМ» занималась научно-исследовательской деятельностью, у нее кроме сотруднико были и соискатели. Сотрудники и соискатели работали с полной отдачей сил. Они защищали то докторскую , то кондидатскую диссертации. Писали отчеты по научным работам, выпускали монографии, сборники научных трудов и нормативные документы. Научные разработки ТОО «ЦеЛСИМ» внедрены во многих предприятиях России, Китая, Узбекистана, Таджикистана и Казахстана.

Самое главное у З.А.Естемесова –это **любовь к науке**. Еще в студенческие годы кандидаты технических наук, доценты КазХТИ М.К.Имашев и А.Б.Байбулеков, приобщили его к науке. Поставили задачу установлениея возможности применения гранулированного шлака в качестве заполнителя. Эту задачу студент Естемесов вместе с руководителями решил, что и определило его судьбу в дальнейшем. Заниматься наукой молодому студенту понравилось, и он пришел к заключению, что надо заниматься именно наукой. После окончания института с отличием и еще с научным открытием его направили в аспирантуру Алматинского научно-исследовательского и проектного института строительных материалов (НИИСтромпроект). С первых дней учебы в аспирантуре молодой Естемесов проявил огромный интерес к науке и увлеченно стал заниматься исследованием процессов твердения фосфорношлаковых вяжущих и свойств материалов на их основе.

Лаборатория физико-химических испытаний строительных материалов Алматинского НИИСтромпроекта, возглавляемая З.А.Естемесовым, разработала и подготовила для строительной отрасли новые решения по улучшению состава цемента, что впоследствии дало значительный экономический эффект в строительной промышленности страны. Эти открытия впоследствии легли в основу его диссертации. Очень скоро Заткали Айранбаевич, успешно применив полученные знания в области исследования фосфорных шлаков, он стал кандидатом, а затем доктором наук, и получил звание профессора в этой области.

Сплоченность. В любом обществе всегда есть небольшая группа людей, которых можно без преувеличения назвать опорой и интелектуальным ядром научной среды. Благодаря таким людям в трудные и даже критические моменты времени происходит прорыв в будущее и сохраняется преемственность поколений – творческое наследие того, что наработало общество: традиции, морали, нравственный и этический капитал5.

Именно такие люди являются инициаторами прогрессивных перемен и идей - будь то наука, культура, или что-либо другое, востребованное развитием общества. Именно таким человеком и настоящим ученым является Заткали Айранбаевич Естемесов. Его можно с полной уверенностью назвать одним из родоначальников строительной экологии в Казахстане.

Без сомнения, профессора З.А.Естемесова можно назвать «отцом казахстанской науки строительной экологии». Сегодня более двацати учеников Заткали Айранбаевича имеют ученые степени докторов наук, профессоров,

академиков. Среди них: К.С. Сейтжанов, У.К.Махамбетова, С.С.Сейтжанов, А.С.Куртаев, Т.К.Султанбеков, Б.К.Сарсенбаев, М.М.Утегенов, Е.Аманкулов и многие другие. Тем самым, среди современников Заткали Айранбаевича заслуженно и небезпочвенно имеет звание «прародителя» научной школы.

Под научным руководством доктора наук Естемесова З.А. подготовлено 32 кандидата технических наук (Алтаева З.Н., Дусипов Б.Б., Есельбаева А.Г., Барвинов А.В., Жунисов С.Ж., Жалелов Р.К., Темиркулов Е.Т., Еркебаева Б.У, Султанбеков К.Т. и др.) Профессором З.А.Естемесовым опубликовано более 600 научных трудов, посвященных проблемам утилизации техногенных продуктов промышленности, строительной экологии и геоэкологии, а также 12 монографий. Он является обладателем 46 авторских свидетельств и предпатентов, им разработано более 40 нормативных документов.

Инновация. В современных условиях повышения эффективности производства можно достичь преимущественно за счет развития инновационных процессов, получающих конечное выражение в новых технологиях, новых видах конкурентоспособной продукции. Поиск и использование инноваций на предприятиях является актуальной проблемой. По своей природе инновации включают в себя не только технические или технологические разработки, но и любые изменения в лучшую сторону во всех сферах научно-производственной деятельности. И это постоянное обновление техники и технологий, повышение производительности, а также эффективности предприятия.

Обладая многочисленными авторскими свидетельствами СССР и патентами РК, З.А.Естемесов не сидит, сложа руки. Если он с 1990 года начал заниматься строительной экологией, то с наступлением 21 века стал интересоваться нанотехнологией. Ведь гидратационные процессы в твердеющей системе осуществляются по законам нанотехнологий. В настоящее время З.А.Естемесов направляет все усилия «ЦеЛСИМ» на получение бетона на принципах нанотехнологических процессов. Для этой цели в настоящее время «ЦеЛСИМ» все свободные средства направляет на приобретение установок и приборов за рубежом.

Мужество. Заканчивая краткую статью, мы не можем не отметить мужество и огромное трудолюбие Заткали Айранбаевича, его верность избранным принципам и иделам, целеустремленность и настойчивость в их реализации. Обладая этими прекрасными качествами, требовательный к самому себе, он имел все основания требовать от своих коллег того же.

Но некоторые сотрудники лаборатории не выдерживали этих требований. Многие сотрудники после защиты диссертации уходили в другие организации на высокие должности или их заманивали другие предприятия, обещавшими различные «блага жизни».

В жизни не все идёт гладко, как зебра с белыми и черными полосками. Так и в лаборатории были трудные моменты. ОАО «Алматыгорстрой» выставляло на продажу здание, занимаемое «ЦеЛСИМ». Почти полтора года З.А.Естемесов искал деньги на покупку. И стрессовое состояние сказалось на

здоровье. Несмотря на все эти невзгоды, он победил. Нашел необходимую сумму денег и полностью рассчитался с ОАО «Алматыгорстроем».

Настоящее время З.А.Естемесов, обладая предпринимательской жилкой, объединил усилия ученых лаборатории для решения задач рационального использования природных ресурсов и техногенных отходов производств. Руководимый им коллектив в настоящее время выполняет конкретные заказы многих предприятий различных отраслей. Залогом успеха этой огромной кропотливой работы «ЦеЛСИМ» является богатый опыт и мужество его руководителя - З.А.Естемесова. Гарантией успеха можно также считать и такую способность Заткали Айранбаевича, как умение предельно сконцентрировать усилия своих соратников на решение важных государственных задач.

И сегодня Заке, несмотря на возраст, полон сил и энергии, и продолжает занимать активную гражданскую позицию. Он - неунывающий оптимист, ценит каждую минуту своей насыщенной жизни, которая в благодарность дает ему уверенность на будущее. Именно на таких увлеченных людей, как Естемесов З.А., рассчитывает Президент Республики Н.А.Назарбаев, ставя перед народом задачу – войти в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира.

Сборник трудов ЦеЛСИМ, 2012

Сыр дариялы, жыр дариялы жердің нар ұлы

Мамандас, замандас ретінде мен Нариман Жалғасұлының еңбек жолын, өмірлік ұстанымын жақсы білемін. Жұмыс бабындағы шаруалармен ғана емес, тіршіліктен туындап жататын әртүрлі жағдайларға байланысты кездесіп, пікір алдысып, әңгімелесіп тұрамыз. Адалдығы мен азаматтығы жүзінен танылып тұратын жандар болады ғой. Мінекей сондай жандардың бірі емес, бірегейі - мен сыйласатын Нариман.

Нариман Жалғасұлы Қазақ кен-металлургия институында (кәзіргі ҚазҰТУ) менен екі курс төмен оқыды. Студенттік көркем өнерпаздар ұйымына бірге қатынасып жүрдік. Студент кезінде өнерге араласып, талай замандастарының кейпін сомдап, сахнаға шығарды.

Жерінде Сырдариясы бар, елінде жыр дариясы бар өлке – көне тарихтың ең жарқын куәгері. Ағысы қатты, арнасы кең қасиетті Сырдария суының құдыретті күшін әлемнің апшысын қуырып, аптаған аңызақ та, аранын ашқан қрғақшылық та мойыта алмаған. Ақмешіт аталған Қызылорда қазақ халқымен бірге талай тарихи оқиғалардың куәгері болған. Осындай қасиетті өлке Қорқыт ата, Базар жырау, Нартай бабаларымыздан бастап А.Тоқмағамбетов; Ә.Тәжібаев, Ш.Сариев, Иран-Ғайып, Ибрагим Исаев сияқты қаншама таланттарға тал бесік болып, ән мен күйге тербеп өсірмеді?. Айта берсек бұл тізім жалғаса түседі.

Сол өлкенің түлегі З.Шүкіровтің туған жеріне арнаған мына бір өлеңі еріксіз тілге оралады.

“Аңсатса Сыр өірі;
Ән тербеп жүрегімді,

Өзіңнен туған ұлың айналсын.
Жайқалған ақ күрішің,
Жаралған шаттық үшін,
Қайран сол, Сыр сұлуы қайдасың!”

Міне осындай Сыр өлкесінің, жыр өлкесінің нәрімен сусындаған жандардың өнер сүйгіш болмауы мүмкін емес. Солардың бірі – нар Нариман Жалғасұлы.

Сыр өңірінің тойына өз мерейтойы дөп келіп отырған Нәкеңе: “Той тойға ұлассын” дей отыра, мен кейіпкерім жайында сөз өрбітпекпін.

Сөйтіп, сыр өңірінде дүниеге келген Нариман Жалғасұлы бір кезде асқақ арманы болған Қазақ политехникалық институтын 1963 жылы бітіріп, еңбек жолын жолдамамен Жезқазғанның алып шахталарында инженерлік жұмыстан бастады. Жезқазғанда өткен бес жылдық кезең Нариман үшін қиын да, жанкешті еңбек жылдары болды және ол өмірдің екі тірегі: “үйренуден жалықпау, үйретуден аянбауды” өз алдына мақсат етіп қоя білді.

Мұқағали ақын «Құрметтеңдер жиырмасыншы ғасырды,Онда біздің қолтаңбамыз басулы» деп жырлағандай жеті хат жер астында істеген жұмыстағы жетістіктері ауыз толтырып айтса айтқандай нәтижелі болды. Өндірістің көптеген күрделі де келелі мәселелерін шешуде Нәкең Ө.А.Байқоңыров, Д.О.Ешпанов, Т.М.Урумов, М.Е. Жәркеновермен қоян-қолтық жұмыс атқарды.

Кешегі Алатауды аялап, сая бағын саялап, сұлу қыздарына көз сала бастаған студенттік шағындағы сырлы сезімдер, өнерге жақындық Жезқазған жерінде де шұрқыраған құлындай шарқ ұрғызды. Қазақстан өңірінің қойнауы тұнған қазына екендігі ежелден белгілі болса да, Жезқазған жерінің даңқын аспандатқан ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаев туралы, Ұлытау өлкесі, Жезқазған комбинаты, Ө.Байқоңыров туралы көлемді мақалары бұқаралық ақпараттарда жарық көре бастады. Сөйтіп жүріп Нариман И.Есенберлин, Е.Бөкетов, К.Салықов, Қ.Ахметов, Қ.Смаиловтар сияқты тұлғалармен танысып, өрісі кеңейді, Ұлытаудың ұлы да болып кетті. Жезқазғандық айтыскер ақиық ақын Шынболат Ділдебаевпен жан жолдас болғанының өзі бір бөлек.

1968 жылы Тау-кен институты өндірісте өзін көрсете білген, талантты жас маман Н.Жалғасұлын аспирантураға шақырады. Тумысынан зердесіне ой, тұла бойына талант қонақтаған Нариман атақты ғалым, академик И.З.Лысенконың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғай білді.

Н.Жалғасұлының содан кейінгі ғылымдығы ғалымдық жолы оны биік шыңдарға жетелеп әкетті. Академиялық тау-кен институтының «Минералды шикізаттарды ұқсатудың физикалық-химиялық тәсілдері» зертханасының меңгерушісі бола жүре, кен игерудің қоршаған табиғи ортаға тигізетін зиянды әсерлерін жоюдың жолдарын іздестірді. Одан кейін академик Т.М.Ермековтің ұстаздығымен «Геоэкология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Бір өзінің осы бір аз ғалымдық ғұмырындағы 200 –ден астам ғылыми еңбектерінің Қазақстанда, сонымен бірге алыс және жақын шет елдерде

жариялануы Нариман Жалғасұлының ғылымдағы шоқтығы биік ғалым екендігін дәлелдеп тұр емес пе?!

Мұның үстіне ғылыми монографиялар мен көпшілікке арналған ғылыми кітаптарын, публицистикалық мақалаларын, қаншама ғылым кандидаттарын даярлап шығарғанын қоссаңыз Н.Жалғасұлының өрелі ісінің өрісі кеңейіп келе жатқандығын аңғартады. Сонымен қатар, Нәкеңнің Польша, Түркия, Мәсеку, Украина сияқты шетелдерге шығып сол жерлерде өткізілетін небір ғылыми жиындарда баяндамалар жасап, дәрістер оқығандығын еске алатын болсақ, ғалымның ғұламалылығын еріксіз мойындауға тура келеді.

Бүгінде Н.Жалғасұлы Д.А,Қонаев атындағы тау-кен институтында "Экология және тау-кен жұмытары қауіпсыздығы" бөлімінің меңгерушісі, "Геоэкология" мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің, ҚР Инженерлік академиясы ғылыми-техникаық кеңесінің, бірнеше ғылыми журналдарды алқа мүшесі екендігін ескерер болсақ; нардың жүгін арқалап жүрген Нариман Жалғасұлының ғылыми ортадағы және қоғамдағы өз орны айқындалған тұлғалы азамат екендігін аңғарасыздар. Жуырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының құрылғанына 70 жыл толғаны атап өтіліп, сол тойда Нәкеңнің «Сырда туып тауда өскен» атты кітабының тұсау кесері болды.

Накеңнің достары мен тума-туыстарын көл-көсір дастарханын жайып қарсы алатын отбасының салиқалы анасы Шолпан Әбілқызы. Нәкеңнің жары Шолпан Әбілқызы, ғалым, профессор, шын мәніндегі жарқыраған Шолпан жұлдыздай, он саусағынан өнері тамған, домбырашы-әнші. Бұл жанұя Айгерім, Ерлан, Салтанат деген балары өсіріп, солардан өрбіген Әмір, Әсем, Абай, Абылай, Інкәр, Жантемір, Ажар сынды ұрпақтарының қызығын көруде.

Міне, Сыр өңірінің Мырзабай ауылында дүниеге келіп, бүгінде Жалағаш ауданының Құрметті азаматы болып отырған Нариман Жалғасұлына алдағы күндері де оған зор қуаныш, баянды бақыт, шуақты шаттық силасын деген тілек білдіреміз!

«Жас қазақ үні» 28.12.2010 жыл

Мен қолыма қалам алып, түннің бір мезгіліне дейін жазып отырған кезде:

«Шуақты күндерімді, қайғы мұңдарымды
Менімен бөліскен, қолымнан жетелеп
Жанымнан кетпе деп, жемістерімді теріскен,
Жетістіктерімді қолдап, қатеммен керіскен,
Қаламым, мен сені аялап өтем!
анат қылып қалықтап кетем!» - деймін.

Маған бұйырған тағдыр мені ғылыми- және әдеби-творчестволық ізденіс жолына салды, ол менің бар өмірімнің мағынасына айналды. Сондықтан, тынымсыз үзбей ізденістен өміріме қанағат алып келемін. Демек, жасым ұлғайған шақта да сол ерінбей ізденушілік тірлігімді тияр емеспін.

Тынымсыз мен ізденумен өтермін,
Ізденумен мақсатыма жетермін!
Ізденусіз бір күн де мен отырмай,
Ізденуім біткен күні дүниеден өтермін....

Іздену үстінде енді мен ғылым мен әдебиет мұхитында тербеліп жүзе бермекпін. Ойланып-толғанып келешеккке көз жіберсем әлі де менің ізденіс бағыттарым тарылар емес, тағдырым мені көп нәрсеге жетелемек...

III

ӨНГЕН ОРТА



1. ҰРПАҚТАРЫМНЫҢ АТА ТЕГІ

1.1 «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды...»

«Есіңде бар ма жас күнің,
Кімді көрсең — бәрі дос.
Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?
Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!»
Абай

Жастық шағымдағы қызықты дүниелерді айта берсем, жаза берсем тауыса алмайтын сияқтымын. 1955 жылы конкурстан өтіп тау-кен факультетіне оқуға түскен жастар бір-бірімізбен Көкшетау облысына егін жинауға барғанда таныстық. Мен ол жайында студенттік достарым деген тарауда жаздым. Екінші курстан бастап сол курстас достарыма «Жерасты кен қазу» мамандығында оқитын Шәріп Бекбасаров деген жігіт қосылды. Мен көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысамын, ал ол спортттың күрес түрі және шахматқа барып жүрді. Біздер бір мамандықта оқығамыз жоқ, біздерді жақындастыратын ортақ мүдде де болған емес.

Шәріппен алғашқы жылдары бір бөлмеде тұратын Қайролла Сердалинге (Петропавлдан) үйінен өндір ет келіп тұрады. Ол етті асып баптауға мені шақырады. Белгілі өлеңдегі «Көршінің қызы әдемі, әкесі оның жақсы адам» дегендей, «ауылдан келген қыз атандым». Жатақханадағы қыздар орысша оқығандар, ауылдан келген жігіттерді менсінбейді де. Маған да үйден азық-түлік жиі келіп тұрады, мен де олармен бөлісемін. Сөйтіп тамақ ішкен кездерде бір столда бас қосып жүрдік.

Шәріптің ағасындай болып кеткен жоғарғы курс студенті Сұлтан Қарабаев(Тараздан) менің құрбым Раушан Нұрымованы(ол да Тараздан) бірінші курстан бастап айналдырып, екінші курста үйленетін болды. Сұлтан Раушан екеумізді киноға шақыратын, сонда жанына Шәріпті ертіп жүрді. Роза тұрмысқа шыққанда мен қыз жолдас болдым. Ойымда дәнеңе жоқ. Махаббат деген осы ма, білмедім. Келе-келе осы жігітке «кет әрі» емес екендігімді ұға бастадым.



Бірде Жамбылдағы апасы «Менің Шәрібім қалай оқиды Алматыда? Көз қырыңды сала жүр. Сен ағасысың ғой» дегенде Сұлтан Қарабаев: «Балаңыздың оқуы да жақсы, қызы да жақсы» депті. Сол-ақ екен, анасы Шәріптен мені қай жақтың қызы десе, баласы – көкшетаулық деген. Көкшетаулық болса – Арғын. Оңтүстіктің ұғымында Арғындар орыстан да жаман. Осындай жағымсыз



жағдайларға қарамастан Шәріп екеуіміздің арамыздағы «қыз-жігіт» қатынасы оқуымызға кедергі болмай жүріп жатты.

Біздің жақта қыз бала оқуын оқып бітіріп, ата-анасының ақ сүтін ақтап қызмет істегеннен кейін тұрмыс құратын әдет болатын. Оған қоса мен - әулетіміздің ең үлкен баласымын және Алматыда оқып жатыр, ертең кейінгі іні-сіңлілеріне тіреу болады деген үміт болатын. Сондықтан Шәріп екеуіміз: «Оқуымызды тамамдап, бір жерге жолдамамен барып инженер болып қызмет атқарамыз. Содан кейін үйленеміз» деп келіскен болатынбыз.

Үшінші курстан кейін мен өндірістік практиканы Қарағандыда, Шәріп Мірғалымсайда өттік. Төртінші курса менде бір айлық практика Алматыда, екінші айы-Қарағандыда өтілетін болды. Ал Шәріп жолдастарымен екі ай Қарағандыға практикаға кетті. Ол кеде ұялы телефон деген жоқ, хат жазысып тұрдық. Тамыздың басында күні бұрын «Біздерді қарсы ал деп, поездың вагонын көрсетіп телеграмма жібердім. Жанымда подругам Роза Абжрахманова(Канафина) бар. Поезд Қарағандыға кешке қарай келіп тоқтады. Қараймын жігітім жоқ. Біздерді оның жамбылдық Назар деген жолдасы қарсы алды. Шәріп шахтада сменада жұмыс істеп жатыр деп, үйіне алып келді.

Назар кезінде оқуға түсе алмай, комсомолдың жолдамасымен Қарағандыға келіп орналасып, квартира алып, Жамбылдан үй-ішін көшіріп алып келген жігіт болатын. Шәріппен мектепте бірге оқыған жолдасы болатын. Шәріп хатында солардың үйінде тұрып жатқанын жазған болатын.

Кешкі тамақты іштік те жаттық. Таң атты. Сменадан келетін Шәріп жоқ. Таңғы шәй үстінде Назардың(шешесі, әйелі т.б.бар) айтқаны: «Шәріп велосипедтен құлап, тобығын шығарып алған, ауруханада жатыр. Кеше сендер шаршап келі ғой деп айтқамыз жоқ. Қазір ауруханаға барамыз» деді. Роза бәрін біліп отыр екен: «Маржан, әкел құжаттарыңды, мен шахтаға барып, практикаға келдік деп орналаса берейін. Мен Шәріпке кейін барамын» деді.

Назар екеуіміз шахтерлардың ауруханасына келдік. Мен халат алып келейін деп Назар бір жаққа кетті. Біраздан кейін ақ халат алып келді. Біз бір тар «тірі корридормен» келе жатырмыз. Корридордың екі жағында ауру адамдар тұр. Бірінің аяғы, бірінің қолы, бірінің басы жарақаттанған, өңшең балдаққа, таяққа сүйенгендер. Түсінбедім. Платаға кірдік. 30 шақты аурулар сиятын палатада Шәріп жалғыз өзі жатыр екен. Осы көрініс менің көз алдымда бір сурет сияқты болып сақталып қалды.

Назар шығып кетті, мен Шәріппен палатада жалғыз қалдым. Байқаймын, біраз жүдеп қалған сияқты. Велосипед тебуді де білмейсін бе? деп, ана-мынаны айтып сөйлеп жатырмын. Бір уақытта, Шәріп: «Мына үстімдегі көрпе ауыр болып кетті, аяқ жағымды көтеріп жіберші» деді. Көрпесін желпіп, қайта жабайын десем, бір аяғы жоқ. Көрпенің астын іздеп жатырмын. «Ия, солай болды. Мен аяғымнан айрылдым. Сен боссың, маған алаң болма» деді. Мен жылап жібердім. Кеше ғана бірге жүрген 21 жасар жас жігіттің аяқсыз, мүгедек болып жатқаны жаныма батты. Басқа ой болған емес. Неге екенін білмеймін,

аузыма бір де бір сөз түспеді, өзімді тоқтата алмай, бетімді жауып жылай бердім. Жылай бердім.

Бір кезде көп адамдардың даусы естіле бастады. Корридорда тұрған әлгі аурулардың барлығы осы палатанікі екен, кіре бастады. Назар да кірді. Олар: «Маржан қарындас, жылама! Аяғын тізеден төмен кесті. Ол жақсы ғой, кейін протез кигенде аяғы жоқ екені білінбей кетеді, тізе өзінікі ғой» деп мені жұбата бастады. Біраздан кейін дәрігерлер келіп, олар да бәрі жақсы болады деп айтып жатыр. Менің аузыма бір сөз түспеді, жылағанды қойдым, бірақ тас болып қаттым да қалдым.

Назар екеуіміз дәрігерлердің кабинетіне бардық. Барлық жағдайды білдім, жатқанына бір жеті болған екен. Қарағандының №38 шахтасында түнгі сменада Шәріп өндірістік жарақат алып ауруханадан бір-ақ шыққан. Ол ол ма, ауруханада аяғын кесуге тұра келген. Жарасы жазылмаған, әлі бір 20 күндей жататынын айтты дәрігерлер. Палатаға енді кіруге болмайды, тек түстен кейін ғана келетін болып рұқсат алып үйге кеттік.

Үйге келсек Роза отыр. Ол «Қарағанды көмір» комбинатында барса: «бір Бекбасаров Ш. деген студенттерің жарақат алды, енді ешқандай студентті практикаға алмаймыз. Керекті материалдардың барлығын береміз» деп, қағаздарымызға практиканы өтті деп қол қойып, мөр басып беріпті.

Үй ішіндегілер мені жұбата-жұбата шаршағандай, үн-түнсіз қалдық. Ауруханадағы күйден шыққандай болдым. Маған бір күш пайда болып Розаға: «Сен 1-2 күн өзіңе де, маған да материал жина, ал мен Көкшетауға үйге барып келейін» дедім. Кейде нағыз жүрекжарды шешім аяқ астынан келеді емес пе? Маңыздысы – соны түсініп, шешім қабылдауға батыл қадам жасау ғой. Роза екеуіміз возалға барып, маған билет алдық, содан кейін ауруханаға Шәріпке келдік. Біраз көңілін көтеріп әңгімелестік. Содан кейін мен: «Үйге барып, жағдайды айтайын, ата-анамның алдынан өтейін. Мен саған тұрмысқа шығамын» дедім. Білмеймін, ол менің сөзіме сенді ме, жоқ па? Мен сол күні Көкшетауға жүріп кеттім.

Бір, екі күннен кейін қайтып келу қайда? Үй ішіндегілерге айта алмай 1-2 күн жүрдім. Сөйтіп, Рахима аптайым арқылы тәтеме, әкеме, әжеме айтқыздым. Өзі жесір әйелдің баласы (әкесі,-Бекбасаров Сәрсенбай 1943 жылы Курскідегі шайқаста қаза тапқан), өзі жалғыз, оның үстіне «мүгедек» балаға кім қызын бергісі келсін! Бәрі қарсы болды. Осындай жағдайға қарамастан (ата-анам рұқсат бермеді) мен ауруханада жатқан Шәріпке тұрмысқа шықтым.

Ол 1959 жылғы тамыздың 16 жұлызы болатын. Оған дейін Шәріп анасына: «Үйленетіндігін айтып телеграмма жіберді». Анасының ешнәрседен хабары жоқ, Шәріптің досының хабарымен Қарағандыға артынып-тартынып Жамбылдан тойға келді. Сонда ол кісінің бірінші рет поездға отырғаны екен. Назар апаны қарсы алып үйіне әкелді. Шәріпті ауруханадан екі күнге сұрап алғанбыз(сенбі, жексенбі), оны басқа комнатаға отырғызып қойдық.

Жолдан аршап келген Шәріптің анасын шай беріп отырып, Назардың анасы: «Мына Қарағанды деген сөздің өзі «кара қан» деген мағынаны беретін

сияқты. Жердің астында күнде апат болып, біреулер өліп, біреулер жарақаттанып жатады екен. Кім білген, біздерде Жамбылдан көшіп келдік қой. Енді біліп жатырмыз, шахтада жұмыс істегеннің қандай екенін» деп әңгімесін бастады. Сіз бақытты ана екенсіз, балаңыз бір ажалдан аман қалды, бір аяғын беріп» деген кезде, «Не деп отырсыңдар, менің Шәрібім қайда?» деп апа құлады да қалды. Екінші бөлмеден балдағымен шыққан баласын көріп, біраз есін жиғыздық. Роза жүгіріп көмектесіп жүр.

Бір кезде Назар. «Апа, қуаныңыз. Бір балаңыз екеу болайын деп тұр. Шәріп үйленгелі жатыр» деп, мені бөлмеге кіргізді. Сөйтіп, сол күні он 20 шақты адам (көбі өзіміздің практикада жүрген студентер: Роза Канафина, Эмма, Емцова, Валя Ковалева) «комсомолдық тойдың» ырымын жасадық. Ертеңінде апаны Жамбылға шығарып салып, Шәріпті қайта ауруханаға жатқыздық.

Енді мені Алматыға барған соң қайда тұрамыз деген ой мазалады. Тамыздың 20 жұлдызы шамасында Алматыға келдім. Жатақханадан бөлме бермесе пәтер іздеу керек. Сондай оймен институттың директоры



Қарағанды,16-тамыз: Назира, Роза, мен, Эмма, Валя

Ө.А.Байқоңыровтың қабылдау бөлмесіне келдім. Бір кезде кабинеттен паркомның хатшысы М.Құрманғалиев шықты. Мені көрді де: «Нұрпейісова сен неге келіп отырсың? деді. Білмеймін, дәл сол кезде ұят дегеннің де не екенін ұмытып кетіппін. «Мен тұрмысқа шықтым, маған бөлме керек. Сол үшін келдім» дедім. «Кімге шықтың, біздің студент пе? Деген сұрағына бәрін айтып бердім. «Сен отыра тұр, мен өзім кіріп шығайын Өмекеңе» деп директордың кабинетіне кіріп кетті. Біраздан кейін мені шақырды.

Институт студентінің жарақат алып мүгедек болып қалғанынан, ауруханада жатқанынан хабардар болып отыр екен. Бірақ ол студентке менің тұрмысқа шыққанымнан бейхабар. «Бұрыннан сөз байласып жүрген бе едіңдер? деп сұрады Ө.А.Байқоңыров. «Иә» дедім. «Дұрыс жасапсың! №4 жатақханадағы 6-бөлмені бергіземіз. Комендантты тауып алып айт, осында келіп кетсін» деді. Рахмет айтып шығып кеттім.

Ол 6-бөлмеде этажды екі кровать тұратын. Яғни төрт студентке берілетін бөлме. Комендантан сол күні комнатаның кілтін алдым. Қуанышымда шек жоқ. Қарағандыға телеграмма салдым. Байқоңыров пен Құрманғалиевтардан ұялмай алдарына барған мен, өзімнің туысым ғой, Қарта нағышыма барайын дедім.

Қарта нағашым сұсты адам болатын, қабағын түйіп алған. Көкшетаудағы ағайындардан хат алысып тұрады. Байқаймын бәрін білетін сияқты. Нағашы апам Құсни шай қайнатып жүріп, маған: «Аузыңды ашпа, нағашың ашулы» деп

сыбырлап қойды. Кейін білдім: Байсанның қызы оқуын бітірмей, рұқсатсыз күйеуге тиіп кетіпті деп естіп жатырмыз. Тиген күйеуінің бір аяғы жоқ, ақсақ институттың мұғалім екен. Мүмкін аяғы ауыр болып қалды ма? Сіздер не білесіздер? деп хат жазған ғой Алматыға.

Шай үстінде жылап тұрып, бәрін айтып бердім. Өзіммен бірге оқитын студент, әкесі соғыста өлген. Шешесі Қарағандыға келді, басқа ешкімі жоқ. Әрі-беріден соң, екеуіміз де студент болғандықтан директорымыз бір комната берді деп кілтімді де көрсетіп жатырмын. Нағашымның қызы Жібек Картаевна, медицина ғылымдарының кандидаты, Тубуркулез институтында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқаратын. Сол нағашы апам Жібектің жұмысынан келе қалғаны жақсы болды. Көрмесе де ауруханада жатқан адамға жанашырлық танытып, «Жер сілкініп, жанар таулар атқылап» жатқан кезді бәсеңдеткені бар. Жібек апайым: «Папа, ұрысқаныңды қой! Қарағандыдан келерде хабарла, бірге барып қарсы аламыз» деді. Сол күні нағашымның үйінде конып қалдым.

Көп кешікпей Шәріптен келетіні туралы телеграмма алдым. Жібек екеуіміз поездан қарсы алып, нағашымның машинасымен үйлеріне алып келдік. Нағашы апам Шәріптің ауруханадан алған қағаздарын, ренген суреттерін және де аяғының жазылмай жатқан жерін көріп (дәрігер ғой): «Күеу бала, сенің аяғың үйде жатып жазылмайды, мен сені больницаға жатқызуға тырысамын» деді де, рентген суретін өзіне алып қалды. Тамақ ішіп болғаннан кейін біздерді машинамен нағашым жатақханадағы бөлмемізге әкеліп тастады.

Бір айға жуық уақыт өтті. Операция жасаған жерінен ірің ағып Шәріптің аяғы жазылмады. Екі күнде бір поликлиникаға барып тазалатып, қайта байлатып жүрдік. Балдақпен жүруге үйренді, бірақ сабаққа бара алмады. Мен ара-тұра барып жүрдім. Комнатамызға нағашы апам Жібек қалай тұрып жатқанымызды көрейін деді ме, бірнеше рет келіп кетіп жүрді. Оның жұмыс істейтін жері-Тубинститут біздің жатақханаға жақын болатын.

Бір күні нағашыларым біздерді қонаққа шақырды. Әдейі көрсін, таныссын деген болса керек, Есмағамбет аға мен Шәйзада апайды да шақырыпты. Ол кісілер де елден хат алған екен мен туралы. Сол жерде Жібек апайымыз: «Операция жасаған кезде кескен жерді дұрыстап тазаламаған. Мына рентген суреттегі ақ дақтар, ішінде қалып қойған сүйек қалдықтары. Солар ішінен іріңдетіп, аяғы жазылмай жатыр. Сондықтан оны тек ауруханада ғана емдеу керек. Тубинститутта жеке палатаға жатқызамын» деді. Шәріпке институт бір жылға академиялық демалыс берді. Сөйтіп Шәріп 1-қазаннан бастап желтоқсанның аяғына дейін ауруханада жатып, құлан таза жазылып кетті.

Ауылдан жиі-жиі хат алып тұрдым, бұрынғыдай емес үйге келіп кетпейсіңдер ме? деп сұрайтын болды. Мен сессиямды тапсырып, диплом алдындағы практикаға қаңтар айында Жезқазғанға баратын болдым да, әрі қарай өзім үйге барып қайтқанды жөн көрдім. Шәріп Таразға үйіне кетті, өйткені апасы беташар той жасап, ел-жұрттың батасын алуға дайындалып жатқан болатын.

Мен Көкшеге, өз үйіме барсам, олар Алматыдан хат алған. «Қылп еткеннен білеміз қыздың сырын» дегендей, Қарта нағашым мен Есмағамбет ағаның не жазғанын ішім сезді, айтқан сөздерінен байқадым. Менің Таразға баратынымды да біліп отыр. Үш-төрт күннен кейін бір қап соғымның етін пойызға салып жолға шықтым.

Таразда көршілерінің көбі өзбектер екен. Өзбекше тойды, туған-туыстарын да көрдім. Біздерді Таразда бірінші қонаққа шақырған Есқазы мен Фатима Нұрымовтар болды. Ол кезде Раушан Нұрымова мен Сұлтан Қарабаевтар үйленіп Таразда тұрып жатқан болатын. Кейін Шәріптің әкесі және нағашылары жағынан туыстарымен таныса бастадым.

Сөйтіп, 1960 жылы қаңтар айында Таразға барып Бекбасаровтар әулетіне келін болып түстім. «Атыңнан айналайын Әулие-ата, алды деп есіміңді болма қапа» деп кезінде Жамбыл жырлағадай, мен де Әулие-атаға бсымды идім. Қарағандыды 1959 жылдың 16 тамызында үйлендік десек те, бес ай өткеннен кейін, сол Әулие -атада бойыма нәресте бітті. Қасиетті жер ғой, мүмкін бұл да үлкен бір әулеттің батасын алғаннан шығар.

Өмір маған –өктем сөйлеп, билік айтатын, өз дегенін өткізбей қоймайтын, батыл да адуынды жаныстарды: Рәзимә апаны, ол кісінің інілері Рахмановтар әулетін және Шәріпті сыйлады. Ол кісілердің айтқанына ешбір жан қарсы келмейтін. Ұл-қыздарының ұлылығын құрметтеу, үлкеннің ақылын заң тұту, өмірлік тәжрибесін пайдаға асыра білу –көз алдымыздағы төрт ұрпақ бойында (ата-ана, біз, балаларымыз және немерелеріміз) көрініс тапқан әдет-ғұрып, этикалық норма осындай.

Шәріп әкесінен жас қалған соң, көбіне нағашыларының тәрбиесінде, ықпалында болған. Бұл жерде әулеттінің өзіне тән темірдей тәртіп «шымылдығы» қалыптасқан екен. Сол шымылдықтың шетін түріп, ар жағын мекен ете білу үшін маған сарқылмайтын сабырлық, таусылмас төзімділік, ерінбейтін еңбекқорлық керек болды.

Әрі қарай сөз қайын жұрт жайында болмақ.

1.2. Әулие Ата оты сөнбейді, бабалар рухы өлмейді

Шежіре сыр шертеді. Біз – қазақпыз! Жеті атасын білмеген жетесіз халық емеспіз. Төле би айтқан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға» талай талас-тартыс, ұрыстарды басымыздан өткеріп, бодандықты басып өтіп, бірталай қыспақтан аттап өтіп ие болған халықпыз. Қазыбек би айтқандай , «біз қазақ деген маал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Ел үшін, халық үшін қасық қанын аямай батырларымыз қаруды ту етіп қорғаған елміз».


Қазақ үшін шежіре – ата-бабадан қалған дәстүрлі мирас. Қан араласпасын, түбін біліп жүрсін деп балаға жеті атадан бері қосылатын үрім-бұтақты санамалап отыру – ата мен әженің, әке мен ананың басты парызы. Сол туыстармен бір атаның баласындай етене жақын араласу – көңілі дархан қазақ үшін қалыпты жағдай.

О баста өз тегіңді білу – адамзат баласына тиесілі ұғым. Алайда, XX ғасыр басындағы зобалаңнан орыстар отбасылық тек туралы айтпақ түгіл, ол жайында ауыз ашудан қорқып өмір сүргені белгілі. Қанша жаугершілік заманды бастан кешсе де қазақтың жеті атасын ұмытпай, жадында түйіп қалғаны бір ғанибет пе дерсің?!


Әр тектің өзінің күшті, мықты жақтары болады. Бүгінгі ұрпақ соны біліп, өз бойына дарытуы арқылы заман ағымына сай жетілдіреді. Неше атаға созылатын ішкі тәуелділік адамның өмірін гүлдендіруі де, тоздырып жіберуі де мүмкін. Сондықтан, әр адам өз тегінде болған құбылмалы жағдайларға жете мән беріп, оларға сараптама жасаса, бүгінгі жанұядағы жайсыз жағдайлардың қайдан бастау алатынын ұғынуына мүмкіндік мол[58].


Жеті атадан Үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы — бір атаның баласы, бір тамырдан тараған» деген ұстанымды орнықтырады. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілікті дәріптеп, ұлттық сенімді ұялатады. Бабалар рухы — аруақтың күн сайын желеп-жебеп отыратындығы туралы сенімін тудырады. Сөйтіп Жеті ата дегеніміз қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік. Жеті аталық ұстаным бабалар рухы алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятады. Осы ұстаным аясында қазақ өмірінің моральдік кодексі, салт-дәстүрі мен тыйым-жораларының негізі қаланған.

Енді, оқырманға осы тараудың жазылу мақсаты түсінікті болған шығар. Бұл тарауға негізінен Жаныс ұлы Қапал өрені әулетінің шежіресі арқау болып отыр. Ол шежіре былай өрбиді:





Ш.Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», М.Шорманұлының шежіресі, Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі», М.Тынышбайұлының «История киргизско-казахского народа» деген еңбегін және 2004 жылы баспадан шыққан «Бәйдібек баба –алып бәйтерек» атты шежірені пайдалана отыра Қапал ата әулетінің төл шежіресін әрі қарай тізбектей берелік.





Әрі қарай Қапал-Кәдір -Арықтан тараған Әлімқұл, Нарымбет, Жанқараш, Бекбасар ұрпақтарының таралу кестесі беріледі**.**





Бекбасардан (Бектен) тараған Шәріп ұпақтарының кестесі осы кітаптың соңында(мұқабада) келтірілген.

Қазақ елінің тарихы-бай. Оны бүгінгі ұрпаққа үйрету, келер ұрпаққа жеткізу-«мен- қазақпын» деген жүрегі кеудесінде дүрсілдеп соғып тұрған әрбір азаматтың борышы. Біз тарихымызды тану арқылы кез-келген жойқын күштерге төтеп бере аламыз. Бұл саясатқа да, экономикаға да, әдебиетке де, мәдениетке де, бәрі-бәріне байланысты [58].

Адам өткеніне қарап болашағын болжайды. Соған қарап іс-жоспар жасайды. Онсыз қандай әрекет болмақ? Сондықтан өткенсіз болашақ жоқ. Бұл да жаңағы айтқандарымыздың бәрінің де құрамдас бір бөлшегіндей. Ендеше дана халқымыз «сен өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атар» деп көп нәрсені меңзеп айтқан.

☆☆☆☆☆

Бәйдібек баба. Қазақ тарихы өзінен-өзі жасалған жоқ. Оның іргетасын есте жоқ ескі замандарда бабаларымыз қалады, қабырғасын тіктеуді ұрпақтан-ұрпаққа аманат етті. Сондай өсиетпен қазақтың тұтастығын қалыптастыруға еңбек еткен тарихи тұлғаларымыздың бірі – Бәйдібек баба.

«Бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай бол!» деген ақ батасымен ауызбіршілікті айтып кеткен осындай тұлғалар рухын ұлықтап отыру — біздің парызымыз. Ұлтымызды өзгелерден даралайтын да осы қасиет!

Бәйдібек қазақ елінің ұлы бірлестігінің негізін құрушылардың бірі. Үйсіннің ұлы Ақсақалы (Абақтың) немересі,Қараша бидің үлкен ұлы (1356-1419 жж.). Бәйдібек баба өмірі барлық деректемеде, аңыз-әңгімелерде де көп айтылатындай, қазақ жерін жау торыған аса күрделі, жорық-жортуылды кезеңде өткені белгілі. Елін, жерін, халықтың дәулетін қорғап, талай жорықтарды басқарған.



Ұлан-ғайыр еліміздің барлық түкпірінде тарихқа қызмет еткен даналарды еске алып, есте қалдыру сияқты шаралардың басы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарынан бастау алды. Мәселен, Қаратау қойнауындағы Балабөген өзенінің орталық аңғарындағы биік шоқыда бейнесі менмұндалап тұрған Бәйдібек бабамыздың рухына ас берілгендігі баршаға мәлім. Бауырынан қазақтың үштен бірі өрген дала абызының өмірлік қосағы, ел аузында Сары бәйбіше атанып кеткен Марау ана мен оның Домалақ анадан туған ұлы, жұртшылық арасында Жарықшақ атанып кеткен Тілеубердінің басына ескерткіштер тұрғызылды.

Сол кезде, осы айтулы оқиғаға ортақ болуды өзіне перзенттік парыз санаған талай қазақ Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданына қарай ағылды. Көкірегінде иманы бар ешкім де өз тарихынан, аруақтан аттап кете алмасы аян. Бір кездері Димаш атамыз, Дінмұхамед Қонаевтың өзі де Кеңес өкіметінің қиын кезінде талай рет келіп, кесененің қалпына келтірілуіне мұрындық болып, шоқы басындағы бейітке дейін баспалдақтар салғызғаны елге аян.

1992 жылы Д.А.Қонаевтың оңтүстік өңірге сапары кезінде, Бәйдібек баба кесенесіне көтеріліп бара жатып, ұлы ойшылдардың бірі Сократтың: «Көп пенде ішіп-жеу үшін өмір сүреді, мыңнан бір адам өмір сүру үшін ішіп-жейді» - деген сөзі бабамыздың ел үшін өмір сүргендігін тағылыммен еске алғандығының айғағы. **Бұл жәйіттар Д.А.Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» [59] деген 1994 жылы «Санат» баспасьшан шыққан кітабында жазылған. Онда бабаларының шежірелік схемасы беріліп, Димекеңнің өзі Бәйдібекке 15-ші ұрпақ екені көрсетілген. Бәйдібек баба1356 жылы, Димекең 1912 жылы туылғаны белгілі, яғни Д.А.Қонаев Бәйдібектен 556 жыл (1912-1356) кейін туылған. Сол 556 жылды 15 атаға бөлсе, аталар арақашықтығы 36-дан сәл асық жыл болады. Біздің 1990 жылы туған балаларымыз Бәйдібекке орта есеппен 18-ші ұрпақ болады [59].**

Кезінде осы Бәйдібек баба ескерткішінің де қойылуына тәуелсіздігіміз тұғыр болғаны анық. Көне Тараз қаласының 2000 жылдық тойының салтанатында сөз сөйлеген Елбасының: «Бүгінгі күні Бәйдібек бабаның ескерткішін аша отырып, біз өзіміздің әруақты ұлы тұлғаларымыздың рухын қайта тірілту арқылы халқымыздың жады мен зердесін оятып, имандылық пен адамдықтың алтын арқауын қоса өреміз» - деген сөзі де елдің есінде.

☆☆☆☆☆

Домалақ ана. **Жалпы жазба деректерде әйгілі бай,** батыр, ұлан ғасыр ұрпактардың арғы бабасы, ұлы баба Бәйдібек 1356-1419 жылдары, ал әулие ана Нурила 1378-1456 жылдары өмір сүргендігі, осы екі данадан туған Жарықшақтың 1398-1475 жылдары өмір сүргендігі айтылған. Сонда ерінен 22 жас кіші Нұрила ана Жарықшағын 20 жасында туған болады. Ақын Дуйсенбай Суттібайұлы «Нұрила» деген 1924 жылы жазылған дастанында [60]:

«Нұрила жаралғандай ақыл-нұрдан,
Қыздардың сұлтаны **еді** елде тұрған.
Он тоғыз жасқа келіп сол Нұрила,
Бәйдібек бабамызбен неке құрған.
Ұлы ана сол некеден бағын тапты,
Келтірді дүниеге Жарықшақты.
Әйелі боп атаның- Албан, Суан
Және Дулат – барлығы үш ұл тапты» -


«Домалақ ана» кесенесі

деп жырлауы жоғарыдағыны растайды.

Жарықшақтың бәйбішесі Тәукебибіден Албан, Суан, кіші әйелі –Бибіфатимадан Дулат туылып, өседі.

Бабалар тарихын ақын Смайыл Ибраһимұлы былай деп жырлайды:

Ұлы жүзде Бәйдіектен тараған,
Қасиетті Домалақтай анадан.
Албан, Суан, Дулат туған ер болып,
Аман қалған Жарықшақтай баладан.

Деректерге жүгінсек Дулат 1426-1506 жылдары өмір сүрген. Құйма құлақтардың айтуынша, Суан Дулаттан сегіз жас үлкен болған. Олай болса Суан 1418 жылы туылған болады.

Жарықшақтың бұл үш ұлы Қазығұрт пен Алатауды жалғастырып жатқан үлкен жонның үстіндегі «Сүлікті» делінетін Домалақ ананың жайлауында, сол кісінің алдында еншілерін алысқан. Жоғарыда аталған «Нұрила» дастанында ол жайлы былай жырланады:

«Үш ұлдың енші алуға көңілі соқты.
Ойларын айтпақ болып жыйды топты.
Атаның құрсақ қағар ерке ұлы
Алдымен ойын айтқан Дулат бопты.
Екі аға бұған бірден өкпелейді,
Дулаттың шешім сөзін дөп демейді.
Бұл іске Нұрила ана араласты,
Жасама, – **деді,-** оларға жарамасты.
Суанжан, жүрегінде отты қайрат,
Іниңді өкпелетпе салып айбат.
Жетісу шығысына қоныс салғын,
Қайта сен шеттен келген жауды жайрат.
Ортаңғы ұл Суан еді, үлкен Албан
Семсердей өткір еді қайрап салған.
Бұл сөзге өжет Суан көнбей қойды,
Тым қатты інісінен көңілі қалған..

Өзгені де өз баласындай көріп, төңірегіне аналық мейірімін шашқан, барынша кішпейіл, алдағы күннің жайын ойлайтын болжампаз, көреген қасиетін құрметтеген ұрпақтары сол заманның өзінде-ақ оның атын атамай, жаратылысынан бойы шағын болғандығына қарай «Домалақ ана», «Домалақ ене» деп атап кеткен. Ананың жерленген жері баршаға мәлім болғанымен жайлауы – «Сүлікті» қыстауы Өзбекстанның Бостандық, ауданындағы кәзіргі «Домалақ» ауыл кеңесі, «Домалақ жергілікті Әкімшілігі» деген жерлер біздерге белгілі деректерден жетіп отыр.

Д.А.Қонаев жоғарыда аталған кітабында Бәйдібектің Домалак анаға үйленгеніне тоқталып, «Сол анадан туған Жарықшақ қайрымды, алғыр болып өседі. Бұхарада медреседе оқып, терең білім алады. Ол жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады.

Әуелі Ташкентте мешіт софысы, сосын қала әмірлігіне кеңесші, кейін бүкіл Жетісу өлкесінің Ұлысбегі Есенбұға ханның бас *уәзірі* болған. Жарыкшақтың үш үлынан тараган - бүкіл Жетісу өлкесін, Шымкент, Әулиеата, Ташкент өңірлерін ен жайлаған ұрпақтың түп анасы осы Домалак ана» деп жазады [59]. Д.А.Қонаевтың бұл пікіріне **ешкім** шек келтірмес.

Жетсу өлкесінің Ұлысбегі ☆☆☆☆☆ шақ 1398-1475 жылдары өмір сүрген. Түп нағашы ықпалымен Бұхарада оқыған. Сол нағашысының ықпалымен Жарықшақ Ташкент әміршісінің кеңесшісі болып сайланады. Бертін келе Жарықшақ Жетісу өлкесінің Ұлысбегі болады. Оны Уәйіс хан барлық кезде қолдап, ақыл-кеңесін беріп отырған.

1429 жылы Уәйіс хан дүниеден өтеді. Артында Жүніс, Есенбұға екі ұлы қалады. Халық әкесінің орнына Есенбұғаны хан көтереді. Сол күннен бастап Жарықшақ Есенбұғаға бас уәзір болады және Жетісу өлкесін де басқаруды қоса атқарады. Парсы елімен қарым-қатнасты нығайту дәуірінде ол - Жарықшақ «Шығыс ханы» атанады [61].

1452 жылдары Жарықшақ анасы Нұриламен ақылдаса отырып, үш баласына Жетісуды өрлей мекендеп жайлауды тапсырады. Содан Албан тараған. Суан балалары Қытаймен шектес Нарынқол, Кеген жерін мекендеп кетеді. Ал Дулаттан өсіп-өнген Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс рулары қазіргі Талдықорған, Алматы, Шымкент облыстарын мекен етіп тіршілік етеді.

Содан кейін, 1452 жылы Есенбұға ханның бас *уәзірі, бүкіл Жетісу Ұлысбегі Жарықшақ Бәйдібекұлы –Жетісу ұлысбегі қызметін ұлдарына тапсыру туралы* Есенбұға ханға тілек айтады. Оған үш ұлының Албан, Суан, Дулаттың қайсысы лайықты деген мәселе жөнінде пікір алысады. Бұған Нұрила ана да араласып, *ұлысбегі қызметіне Дулатты тағайындайды.* Бұл ұсыныстыЖарықшақ та, Есенбұға хан да, халық та мақұлдайды.

☆☆☆☆☆

Дулат сұлтан. Көне қытай қолжазбаларында Үйсіннің бір ұлы Дулат өз алдына енші алып, бір ұлыс болғаны айтылады. Улат туралы тарихи мәліметтер көптеген тарихшылардың еңбектерінде бар. Мұхаммед Хайдари Дулатидың дүние жүзіне белгілі «Тарихи-Рашиди» атты кітабында да жазылған.

Дулат 1426-1528 жылдары өмір сүрген. Бұхара медресесінде және Дорильфинде оқып, үлкен білім алған. 1452 жылы Жетісу өлкесінің Ұлысбегі етіп тағаиындалғанда, ол 26 жаста болатын.

Дулат –Жарықшақтың қара шаңырағын ұстаған үлкен үйді иеленген баласы. 1462 жылы Есенбұға хан қайтыс болады да, әке тағы үлкен ұлы Жүніс сұлтанға өтеді. Жүніс хан 1482 жылы Ташкент төңірегін Сайрам өңірін қоса Ұлықбегі Дулаттың қарауына алып береді. Дулат билеген Жетісу өлкесіндегі шұрайлы жерлерге Қараша би, Жалайыр би, Сіргелі, Қаңлы Шанышқылы ұрпақтары қоныстанады [61].


Жаныс баба кесенесі

Кейінен Дулаттың ұрпақтары Алтай тауынан бастап Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Ташкент өңірлеріне дейін мекендеген. Бұл өлкенің барлық халқы Дулат сұлтанның ұрпағы атанады. Дулат сұлтан елді жинап шоғырландыруда көп еңбек жасаған.

Дулаттың әйелі Гүлзейнептен – Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр сынды ұлдар туған. Дулаттың осы төрт баласының өскеленділігі жөнінде халық арасына ақиық ақын Кенен Әсербаевтың «Байрақ боп өткен батырлар» деген өлеңі мақал-мәтел болып таралып кеткен.

«Жаныс көп пе, қамыс кеөп пе,
Сиқым көп пе, қиқым көп пе,
Шымыр көп пе, шыбын көп пе,
Ботбай көп пе, бота көп пе» - деген екен.

Кенен атаның тарихи тұжырымына ешкім қарсы келе алмас.

☆☆☆☆☆

Жаныс баба. Дулаттың бір ұлы – Жаныс талантты қолбасшы, елге билік жүргізуші көсем әрі шешен болған. Жаныс баба – аты ел ұранына айналған, қазақтың ұлт болып қалыптасуына, мемлекеттілікті нығайтуға орасан зор үлес қосқан тұлғалардың бірі.

Жаныс баба да, өзге көптеген ұлы қайраткерлер сияқты, бүкіл қазаққа ғана емес барша қазақстандықтарға от\ртақ мақтаныш болып табылады.

Жаныс баба – аты ел ұранына айналған, қазақтың ұлт болып қалыптасуына, мемлекеттілікті нығайтуға орасан зор үлес қосқан тұлғалардың бірі. Жаныс баб да, өзге көптеген ұлы қайраткерлер сияқты, бүкіл қазаққа ғана емес барша қазақстандықтарға от\ртақ мақтаныш болып табылады.

Жаныстың Бибікамал атты әйелінен Жантан, Жанту, Жарылқамыс дүниеге келген. Жантуден - Жайылмыс, Байыс, Өтеміс. Жайылмастан- Қожамберді, Қыбырай, Жамбай. Қожамбердіден – Құдайберді, Құдайқұл, Кәдірқұл, Кәдірберді, Олжанқұл,

Сұлтанқұл, Ақберді. Құдайбердіден - Тұгелбай, Данай ,Ақтай, Бақыбек, Қарашәуке, Әжібек, Құдайменді, Тоқпай, Әлібек [61].

Әлібектің Молбике атты әйелінен – Тыныбай, Ақбота, Шора туған. Қаламқас атты әйелінен – Өтебай; Төле, Елібай туған. Жаныстың Сұлуша есімді әйелінен Қара және Қапал дүниеге келген. Ал, Қарашаг деген әйелінен Шегір туған.

Қасиеті жоғары Сұлушаш әже сын-сымбатты, көркі келіскаен, адамгершілігі жоғары, қайрымды, қажет болса өктемділігі, ер мінезділігі де бар кісі болған екен. Осындай қайрымы мол әже –Сұлушаш Қара мен Қапал әлі жас шағында қайтыс болғанда (Қапал не бары үш жасында қалған) жаныс баба Сұлушаштың сіңлісі – Қарашашқа үйленген. Қарашаштан дүниеге Шегір деген ер бала келіп, Қара, қапал және Шегір үшеуі бірге өскен.

Ақылды Қараша әже, бабамыз дүниеден өтіп кетсе де, Қара,Қапал, Шегірді ержеткізіп, қиындық көрсетпей тәрбиелеген. Қапалдың алғашқы баласының атын «Өте» деп Қарашаш әже қойған екен.

Жаныс бабадан тараған ұрпақтар кәзір Алматы, Жамбыл облыстарымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысының көптеген аудандарын, Өзбекстан Республикасының аймақтарын мекендегені белгілі.

Жаныс баба тарихын ақын Әбділдә Аймақ былай жырлайды:

Жаныс бабам, жан бабам,
Алатаудай нар бабам.
Қамыстай көп елміз біз,
Су ішкен бір арнадан,
Аталы сөз толғаған.
Майқы бидің сынығы,
Асыл сөздің тұнығы.
Төле бидей данаңыз,
Бар қазақтың ұлығы,
Қазығұрттың құлыны.

Үйсін Шәріп Бекбасаровтың ата-тегі Қапал батырдан бастау алған.

☆☆☆☆☆

Ел қорғаны – Қапал батыр. Қазақта көкірегін жауға тосқан алып тұлғалы, арыстан жүректі батырлар көп болған. Солардың бірі – қазір тұтас бір рудың атасына айналған Қапал батыр. Ш.Уәлихановтың деректеріне сүйенсек, Қапал батыр - бір рудың ғана қамын жеп, сойылын соқпаған, бүтін қазақ елін , жерін, қандыкөз көршілерден тепкісінен сақтау жолында еңбек еткен, исі қазатың ортақ мақтанышы. Қапал батырдың кім екенін айтудан бұрын оның шыққан тегіне қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдім. Шежіре бойынша Ұлы Жүз Дулаттың Жанысынан Жанту, Жантан, Жарылқамыс, Бөгежіл, Қара, Қапал, Шегір, Оймауыт атты 8 ұл туады.

Қапал батыл, өжет, қайсар мінезді болып ер жеткен екен. Ес білгеннен қолына қару алып елін қорғаған. Қатардағы жауынгер де, қол бастаған хас

батыр да болған. Әскербасы ретінде қол астындағылардың дәстүрлі әскери тәртіпті, талаптарды бұлжытпай орындауын қатаң бақылаған. Дұшпанымен ымыраға келмеген жеңімпаз болған. Сол себепті халық арасында «Қапал батыр досына қатал, жауына апан» деген мақал қалыптасқан екен[62].

Әкесі Жаныс бабамыз 1452 жылы туған деген мәліметке қарағанда, Қапал батыр XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында өмір сүрген. Бұл Қасым, Хақназар, Шығай, Тәуекел және Есім хандардың билік құрған тұстарына сәйкес келеді. Нақты жазбаша деректердің жоқтығына қарамастан, халық қастерлеген Қапал осал адам болмағаны даусыз. Оны батыр деп босқа атамағаны тағы шындық. Себебі, халқымыз айрықша бір қасиетімен топ жарып көзге түспеген адамды әспеттеп басына көтермеген. Бабаның Шоқан Уәлиханов назарына ілігуінің өзі де көп жайды аңғартса керек. Батыр бабамыз бұрынғы Талдықорған облысының Қапал ауданындағы Ешкіөлмес тауындағы Қарамола деген жерде жерленген. Ол жер жау келетін жолда айбат шегіп жатқандай. Қапал батырдың қабірін тауып анықтауға Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» жазбалары түрткі болды.

Тарихи деректерден белгілі болғандай, Шоқан Уәлиханов Қапал бекінісіне 1854 жылы Қашқария сапары қарсаңында келген. Мұнда ол Ұлы Жүз аңыздарын жазып алумен шұғылданған. Екінші рет 1864-1865 жылдары Шоқан дәрігер Соболевскийдің үйінде жатып емделген. Емделе жүріп Ш.Уәлиханов Қапал ауылының, Қапал қаласының тарихын зерттеген. Қапал батырдың өмір сүрген кезеңі, оның Қарамола деген жерге қойылғанын, ол жер Қапал қаласынан 40 шақырым қашықтықта екенін жазып қалдырған.


Қапал батыр
XVI-XVII ғғ.

Тарихшы Марат Әлібаевтың анықтағанындай, Шоқан Қапал қаласының аты Дулат-Жаныс әулетінен шыққан Қапал батырдың есімімен аталғанын, оның Есімханның батыры әрі қолбасшысы болғанын, Жетісуды қарақытайлардан тазартып, халыққа бейбіт өмір сыйлағанын, қартайғанда дүние салып, Ақтасты аймағы, Қарамола қыстағы бойымен ағатын Төле би тұнбасы (бұлағы) бойына қойылғаны туралы деректер қалдырған. Қапал батырдың жанына Төле бидің бәйбішесі де қойылған. Өйткені, осы маң сол кездерде Төле бидің жайлауы болған екен. Төле би бабаның бәйбішесі осы аймақта жайлауда отырғанда өмірден озған. Ол кісінің денесін Төле би атамыздың қасында жатсын деп Қапал батырдың төменгі жағын ала жанына қойдыртыпты. Төле би Қапал батыр атасының бейітін қастерлеп күту ісіне көп күш салған, үлкен мән берген.

Тәуекел хан қайтыс болған соң оның орнына таққа Есім отырады. Қапал батыр Есім ханның басшылығымен Жетісу аймағын басқыншы қытайлардан азат етіп, халқына тыныштық өмір орнатады. Ол Тәуекел ханның тұсында да Сыр бойын шапқыншылардан босатып, бейбіт өмір орнатуға өз үлесін қосқан.

«Қазақтың баһадүрі» деген атақ Ер Қапалдың мерейін үстем қылды. Қазіргі кезде Қапал батырдың есімімен Алматы облысындағы кент, белгілі шипажай, өзен, Тараз қаласындағы көше мен канал және Жамбыл облысының

Жамбыл ауданындағы ауыл, Шымкент қаласындағы үлкен даңғыл аталады. Алматы – Өскемен автомобильдық жолының «Қапаларасан» санаторийіне бұрылған жерінде Қапал батырға бюст, Шымкент қаласының ортасында үлкен ескерткіш орнатылған. 2002 ж. Қоңыр ауылындағы зиратының басына үлкен кесене тұрғызылды.

Қапал бабаның ұрпақтары қазір Оңтүстік Қазақстанның Төле би ауданындағы Тоғыс өзенінің және Түлкібас ауданындағы Балықты өзені бойында; Жамбыл облысының Шу, Меркі, Жамбыл аудандарында; Алматы облысының Қарасай батыр, Жамбыл, Күрті, Қапал аудандарында; Талдықорған аймағында, сондай-ақ, бізбен шекаралас Қырғызстан мен Өзбекстанда, т.б. жерлерде өмір сүруде. Олар өзара араласып тұрады.

Ел қорғаған есіл ердің есімі қазақ халқы, өзінің тікелей ұрпақтары барда ешуақытта ұмытылмақ емес.

1.3 Аталас Қапал батыр ұрпақтары

Жәлімбетовтер әулеті. Өте-Қойғара-Байгелді-Бердімбет ұрпақтарынан таралған Жәлімбетов Өмірзақ Мылтықбайұлы Алматыда тұрады.

Мен осы Бекбасаровтар әулетіне келін болып түскеннен бастап, біздерді қамқорлығына алып, Шәріпті інім, мені келін деп құрметтеп келе жатқан Алматыдаағы туыстардың бірі Өмірзақ аға мен Күлтай жеңгей.

Шәріп екеуіміз бір күнде кандидаттық диссертацияларымызды қорғап жатқанда, Өмірзақ аға мен Күлай жеңешеміз, атқарып жатқан жоғары қызметтеріне қарамастан, баладай жүгіріп қызмет етті. Ташкенттен келген менің оппонентімді екеуі қарсы алып, үйлеріне қонақ етіп, самолетке шығарып салу көп жанның қолынан келе бермейді. Келсе да, өзінен кішіге қызмет етуге арланады. Байқасам, Күлекең мен Өмірзақ аға айналасындағы барлық жандарға осылай қарап, қамқорлық жасайды екен.



Ө.М.Жәлімбетов ағамыз еңбек жолын Жамбыл облысында бастап, бірнеше жыл А.Асқаровтың қоластында қызмет атқарып, Тұрмыс қажеттігі министрінің орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген жан. Өмекең өзінің азаматтық тұлағасына лайық терең білім-білігі, екінің бірінде жоқ қажамас қайрат, күні-түні тыным таппайтын еңбққорлығы, кісілігі, көрегендігі таусылмас жыр.

Сонымен қатар балаларымыздың, немерелеріміздің үйлену тойларының басы-қасында болып, баталарлын бергендерін айтпай кетуге болмайды. Немерем Рахымның үйлену тойына Өмірзақ аға жалғыз келді. Күлтай жеңешеміз науқастанып жатып: «Шәріп көре алмай кеткен тойға бар» -деп ағаны жіберген-ді.



Рахым немеремның үйлені тойы. Асаба Бақытжан Жұмадлов. Шәкір екеуіміз батасын беріп, тойдың пердесін ашқан Өмірзақ атаны құрметтеп жатқанымыз.

Жуырда ағамыздың 80-ге толған мерейтойын ел-жұрт болып атап өттік. Күлтай жеңешеміздің дүниеден озғаны болмаса, ағамыз әлі тың, балаларының қолында, Айбек, Бақыт, Қанат сынды балалары, Жанат, Сұлтан, Жәнібек және т.б. немерелерінің қызығын көруде.

Күлтай жеңешеміз әңгіме басқа. Күлтай Сүлейменовна қандай кісі еді дегенге келсек, Күлекең- жаратылыстың өзінше бір сомдап жаратқан туындысы дер едім. Сыртқы бейнесіне жан дүниесі үйлескен абзал жан еді. Күлекеңнің бейнесін бір сөзбен былай деуге болады:

Көңілі пәк еді баладай,
Ақылды еді, зерек данадай.
Айбынды да мейрімді,
Жомарт еді, дархан даладай.

Күлекеңнің елінің игілігіне істеген істері бәріміздің көзіміздің алдында. Күлекең тіршілігінде беделдіге бас иіп, бұғып, ығып көрген жан емес. Айтайын дегенін бүкпей, кімге де болса тура айтатын. Күлекеңді туған-туыстары, жора-жолдастары, ел-жұрты қадірлейтін, қастерлейтін. Күлекеңнің өзі де өзім дегенге өзегін суырып беретін.

Күлекеңнің жаны да, өзі де жомарт еді. Көл-көсір дастарханы ешқашан, қай күні, тәуліктің қай сғатында барсаң да жиналып не ортайып көрген емес. Ел Өмекең мен Күлекеңнің дастарханы-ай дейтін.

Күлекең қазақтың сат-дәстрін аса құрметтейтін жан болатын. Шәріп екеуімізді қайным, келінім деп силап өтті. Күлекеңнің балаларына деген аналық мейірімі ерекше болатын. Меруертті қандай жақсы көруші еді, оның киетін киімін сонау Мәскеуден «Бурда-модан» тапсырыспен алғызатын. Айбек пен Бақыт менің қолымда, құрылыс мамандығында оқыды. Күлекең сол балармен бірге оқығандай өмір кешті. Олардың үй болғаны, немере және шөбере сүйгені,

сондағы Күлекеңнің көңіл-күйі әлі күнге дейін көз алдымызда.


Егер елімізде аналардың еңбегін, қадір-қасиетін қастерлеп тізетін «Кітап» болса, соның бір бетіне Күлтай Сүлейменовнаның есімі алтын әріптермен жазылар еді. Ондай кітап жоқ, десекте, Күлекеңнің есімі, сонау Жамбылдағы туған-туыстар, қайын-жұрттар, Алматыдағы жекжаттар жүрегіне әлдеқашан өшпес әріптермен жазылып қалған.

☆☆☆☆☆

Қарабаевтар әулеті. Өте- Нұрымоет-Құлшық-Қайдауылдан тараған Қарабаевтар әулеті Тараз бен Алматыда тұрып жатыр.

Қарабаев Сұлтан Мелдебекұлы Таразда туып–өсіп, Қазақ тау-кен-металлургия институтын тамамдаған. Еңбек жолын тау-кен кәсіпорнында инженерлік жұмыстан бастаған С.М.Қарабаев, кейін Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында көп жыл (Тараз, Алматы) қызмет атқарған. Бүгінде зейнеткерліктің дәмін татып, Тараз қаласында тұрып жатыр.

Оның балалары: Қарабаев Арман әкесі Сұлтекеңе және нағашысы Нұрымов Марат Есқазыұлына еліктеп ҚазПТИдың тау-кен факультетін үздік бітерген, бүгінде Қазақстанға белгілі кино-продюсер. Қызы Зәуре Қарабаева бизнестін хас шебері.



Аманбай Қарабаев, Жамбыл гидромелоративтік институтын бітірген, Даурен, Досжан деген балаларынан немере сүйіп Тараз қал

☆☆☆☆☆ р.

Нұрлыбаевтар әулеті. Қапал атаның Өте-Тілеуке - Досалы балаларынан тараған Нұрлыбаевтар әулеті бүгінде Алматы тұрады. Нұрлыбаев Мұрат Атайбекұлы Шамалған ауылында дүние келіп, Шымкент тау-кен-металлургия техникумын тамамдап, Кеңес Армиясы қатарында міндетін атқарып, Алматыда дағы ҚазПТИ-дың тау-кен инженер-электромеханигі мамандығын бітіріп, еңбек жолын Қаратау тау-кен-химия комбинатының жанындағы ҚазПТИ-дың филалының меңгерушісі қызметінен бастады.

Ғылыми дәрежеге қол жеткізді, бүгінде М.А.Нұрлыбаев Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУУдың профессоры.

Мұрат Атайбекұлы Қаратауда қызмет атқарып жүргенде «інім» деп Шәріпке көп көмек жасады, әлі де тығыз қарым-қатынастамыз.

Мұратбек Атайбекұлы Нұрлыбаев ҚР суретшілер одағының мүшесі, Абай атындағы Педагогикалық университеттің профессоры болып көп жыл бойы қызмет атқарды. Қазақстанның мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер атағы бекерден бекер берілмесе керек. Бабасы Қапал батырдың портетін(387 бет) салған тұңғыш суретші болатын Әттең, ғұмыры қысқа болды.



Мұрат, Мұрабек Нұрлыбаевтар

«Туып еді – ел қуанды, өліп еді –жер қуанды» дегенді осындай адамдарға айтатын

шығар.

☆☆☆☆☆


Нарымбетовтер әулеті.Тараз қалсында тұрады. Нарымбет пен Бекбасар бірге туған. Нарымбет баласының атын Әзербай қойғанда, Бекбасар атамыз өз ұлын Сәрсенбай деп атаған екен және де бірге туған ағайындардың балаларының барлығына: Ырысбай, Қылышбай, Бөгенбай, Қырғызбай сияқты есімдерді берген.

Әзербай атадан туған Рамазан, Дауыт, Асанбек және олардың балалары Таразда бір көшеде, аулалары бір-бірімен жалғасып жатқан үйлерде тұрды. Біздер Таразға, олар Алматыға келіп-кетіп, тығыз байланыста болдық. Біздер Алматыдағы О.Жәутіков атындағы Республикалық физика-математитка мектебінің жанында тұрғандықтан, Нарымбетовтің немерелері сол мектепке түсіп, үйімізде жатып оқыды. Шәріп екеуіміздің жұмыс орнымыз ҚазПТИ болғандықтан қолымызда тұрып жоғары білім алды. Қапал атамыздан тараған тустармен қарым-қатынасымыз осындай.



1.4. Бекбасаровтар әулеті

Атамыз **Бекбасаров Сәрсенбайды** көргемін жоқ, ол кісі 1943 жылы Курскідегі шайқаста қаза тапқанекен. Апамыздың айтуына қарағанда «атамыз-Сәрсенбайдың өмірі көктем емес, күзде басталған екен». Олай дейтін себебім, әкесі Бекбасар-баласының бір жасында, ал анасы жеті жасында қайтыс болып, жетімдіктің қасіреті басына түскен. Сөйтіп ол Нарымбетовтер жанұясында тәрбиеленген. Мал баққан, маңдай терімен күнін көрген кедей адам болса да, 1915 жылы 20 жасында, бір байдың баласының орнына 1-дүиежүзілік соғысқа жіберіліп, соғыс азабын көрсе де, ер жүрек, қайсар мінезімен, еңбекқорлығымен елге танылған екен. Соғысқа қатынасқан, Кеңес үкметін орнатуға белсене ат салысқан қатысқан-большевик Сәрсенбай ата қалың мал төлеуге қолы қысқа болып 40 жасқа дейін үйленбей жүрген.



«Отырған қыз орнын табады» дегендей атамыз 1935 жылы, Құдайдың жазуымен, бір текті жерден шыққан Рәзимә сынды келіншекке үйленген. 1937 жылы атамыз дүниеге келген тұңғыш баласы Шәріпті 42 жасында сүйген. Қуанышы көпке созылмай, Ұлы отан соғысына аттанған. Атамыздан мына алдарыңыздағы жалғыз сурет пен «1943 жылы Курск шайқасында қаза тапты» деген қара қағаздан басқа ештеңе қалмаған.

Курск жайқасында қаза тапқан соғыс ардагерлерінің тізімінде (№2077) Бекбасаров Сарсенбай атамыздың есімі алтын әріптермен жазылған.

Бір нәрсе айқын. Кешегі Кеңес үкметін орнатуда ерен еңбегімен көзге түскен, байсалды мінезімен танылa білген, сұрапыл соғыстың еш шешуші майдандарының бірі болып саналатын Курск шайқасының белортасында жүріп қаза тапқан Сәрсенбай Бекбасаров тәрізді тұлғалар көп емес. Ендеше оларды халқымыздың алтын қоры деуіміз әбден орынды.

Рәзимә ана Шәріп жалыз болмасын, отағасысы соғыстан аман-есен оралсын деген ниетпен, балалар үйінен бір жетім баланы алып, есімін «Аман» деп қойған екен. Әрі қарай Шәріп және Аман Бекбасаровтар жайлы сөз болмақ.

☆☆☆☆☆

Бекбасаров Шәріп Сарсенбайұлы 1937 жылдың қысында Тараз қаласында туған. Анасының айтқанына көнбей, 5-кластан кейін, әкелері соғыста қайтыс болған балаларға арналған интернадқа өзі өтініш беріп орналасқан. Мектептің 7-класын бітіргеннен кейін, конкурстан өтіп, Ленинабадтағы әскери-ұшқыштар училищесіне оқуға түскен. «Көкте ұшып жүріп өліп қаласың, сен жалғыз баламсың. Ол оқуды таста»-деп, анасы күндіз-түні жылап маза бермеген соң, Шәріп Ленинабадтағы оқуын тастап, қайтадан 10- класқа келіп отырған. Мектепті алтын медалмен бітіріп, ол 1955 жылы Қазақ тау-кен-металлургия институтының кен факултетіне оқуға түскен. Бірінші тарауда айтылғандай, ол оқып жүріп, шахтада өндірістік жарақат алып, 3-топтық мүгедек болды. 1961 жылы институтты үздік тамамдап, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУда оқытушылық қызмет атқарды.

Оқытушы бола жүре Шәріп ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысты. Мәскеу, Ленинград, Свердловск қалаларына конференцияларға жиі барып, баяндамалар жасап жүрді. Осындай бір Мәскеуде өткен Бүкілодақтық конференцияда жасаған Ш.С.Бекбасаровтың баяндамасы Қазақстанда маркшейдерия мамандығын қалыптастырған, кезінде А.Машановтың жетекшісі болған, профессор П.А.Рыжовқа айырықша ұнады да, ол Мәскеу тау-кен институтына сырттай аспирантураға түсті. Ақжан Машанов П.А.Рыжовтың тұңғыш аспиранты болса, Шәріп оның соңғы аспиранты болды. Шәріптің диссертациясы даяр болғанда, жетекшісі оң пікір жазып үлгерді, нағыз қорғар алдында профессор П.А.Рыжов дүние салды. Шәріп Сәрсенбайұлы 1974 жылы «Карьер беткейлері орнықтылығын бағалау үшін тау жыныстарының құрылымы мен беріктігін зерттеу» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғап, ғылыми дәрежеге және доцент атағы ие болды.



Ұшқыштар училищесінің курсаты-Шәріп



Шәріп екеуіміз ұл баламызбен

Жалғыз аяғымен тақтаның алдында тұрып жастарға сабақ берді, өз балаларын тәрбиеледі. Туыстарға деген қамқорлығы да шексіз болатын, барлығына қол ұшын беріп, көмектесуден жалықпады.

Құдайға шүкір, жұмыстан қалмай жүріп үш ұлды өмірге әкелдік. Қазіргі Қазақстан мейманханасының орнындағы ескі жатақханалардың бірінде апамыз, үш баламыз бар 1 бөлмеде тұрдық. Шәріп 3-топтың мүгедегі. Ол кезде пәтердің кезегіне тұру, оны алу өте қиын болатын. Бірақ еңбек еттік, Қ.Аманжолов*:*

«Берсең бер, бермесең қой баспанаңды,
сонда да тастамаймын астанамды» -

дегендей, ескі үйлер бұзылып,орнына мейманхана салынғанша тұра бердік.

Үш баламыз аман-есен есейіп ержетті. Мұнан артық бақыт болар ма?! Солардың ел қатарына қосылып, аман-есен жүруін армандадық қой.

Әлі есімде, тұңғышымыз туғанда жүрегіміз жарыла қуанғанымыз. Ол туғанда атын қалай қоямыз деп жеребе де тарттық. Есімі Шәкір болды. Шәкір Шәріпұлы болғаны да жараса кетті.

Екінші ұлымыз Көкшетауда дүниеге келді. Тойға жыйналған туыстар, оның ішінде мектеп директоры Ғ.Кәрімов: «Күеу бала-Шәріп Жамбылдан екен, одан «Жа» буынын аламыз, біздің атамыз Қанай би, сондықтан Қанайдан «най» буынын аламыз. Сонда бұл баланың есімі «Жанай» болады» деп бекітті. Бір жетіден кейін Алматыға келіп алған куәлігіне Жанай Шәріпұлы болып жазылды. Үшінші ұлымызға әйгілі Асқар Тоқпановтың атын қойып, кіндік шешесі Есекеңнің бәйбішесі Күлән апамыз болды.

Шәріп спорт десе ішкен асын қоятын жан еді. Мүгедек болып қалған соң ғой, әйтпесе өзі «еркін күрестен» және шахматтан разрядтары болатын Олимпиадалар кезінде «хокей», «бокс», «шаңғы» , «күрес», «спорттық би», «мәнерлеп сырғу» сияқты спорт түрлерін түні бой көріп тамашалайтын едік, балалар да соған дағдыланды.

1980 жылы Серік Қонақбаев Олимптиадада күміс медаль алғанда күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып көрген еді. Көгілдір экранның ішіне кіріп кете жаздағаны есімде. Серіктің әкесімен жолдас еді, Керімбек Қонақбаев Жамбылда гирдрода, ал Шіріп ҚазПТИ-да «Сызба геометриясы» пәнінен сабақ береді. Керімбекке телефон шалып, құттықтап қуанышында шек болмағаны есімде. Жақсылық Үшкемпіров те ел мерейін үстем қылып жүлдегер болғанда, оған да қатты қуанды. Сонда олар КСРО-ның атынан түскен елдің азаматтары болса да, КСРО-ның орақ пен балғасы бар Қызыл туы көтерілсе де, алтын мен күмісті иеленген біздің қазақтар деп мақтанатын еді. Тәуелсіз болмасақ та, сол медалдарды өзі ұстап тұрғандай еркін сөйлейтін, намысқой болатын.

Шәріп қазір өз туымыздың желбірегенін көре алмады. Көргенде:

«Көк тудың желбірегені,
Қазақтың асқақ беделі.
Намыс пен қайрат- екеулеп,
Шымырлатып денені,
Жаныңа қуат береді» -деп әндетер еді.

Шәріп «бетегеден биік, жусаннан аласа» кішпейіл еді десем, осы кітапты оқыған көздері тірі замандастар иланбас еді. Шәріп сырттай зиялы кісі болып көрінгенімен биязы кісі еді дегенге келмейтін, адыр мінезі бар, басы ноқтаға(қалыпқа) сыймай өмірден өтті.

Сөйтіп жүріп, Шәріп «қант диабеті» деген ауруға шалдықты. Жалғыз аяғы ауырып, жүруі қиындап кетті. Басында дәрігерлер «салмақ бір аяққа түскен, содан полиартритке шалдыққан» деп, диагнозды дұрыс қоя білмеді. Қант диабеті екенін, яғының бәшпайлары қарая бастағанда бірақ білдік. Он жылға созылған осы науқастан кейін екінші аяғын кесуге тура келді. Өмір сүргісі келмейтін, қатты күйзеліске ұшырады. Сол кезде үлкен баламыз шет елде жұмыс істейтін еді, оны шақыртып алдық. Ер балалар әкесін өздері көтеріп, суға түсіріп, креслосына отырғызып күте білді.

Бұл ауру аяқтан бастап жоғары көтеріле бастайды екен, бұйрегіне, тісіне, көзіне әсер етті. Диабеттік катарактадан екі көзіне ота жасаттық, бәрібір нашар көртін болды. Менің мына отырысымды(екі аяғы жоқ, көзі көрмейді) жұртқа көрсетпексіңдер ме деп, үйге қонақ шақыртпайтын. Ойда жоқта, көңілін сұрауға біреулер келе қалса, дастархан басына келмейтін болды.



Балалар жер үй алып беріп, жағдайымызды жасады. Турасынан келген ауру қоймайды екен, сөйтіп ол 1996 жылдың 2 қазанында(59 жасында) өмірден озды. Шәріппен отасқан 38 жыл 38 секундай ғана болып өте шыққанын сезбей де қалдым.

Шәріптің өмірден өткен 15 жылы бойы оның лаулата жаққан отбасы отын өшірген жоқпыз. Ұрпақтары өсіп жатыр. Олар туралы айтарым алда.

Жер басып жүрген бәрімізге ортақ қасиет: әр адамның күнгейі мен көлеңкесі. Мен өз мінезім жайында да, Шәріп туралы да айтқанда осы қасиеттерді тілге тиек еттім. Қысқа ғұмырындағы еңбегі мен өмірдегі мінез ерекшеліктерін жасырмауға тырыстым. Сөзімнің соңын, өмірден ерте озған жұбайыма арнаған өлеңіммен [5] аяқтағанды жөн көріп отрмын.

Жетім өскен жігіт едің сыңарым,
Өмір сені жаст айыңнан сынады.
Қан соғыста қаза болып әкешің,
Қиындыққа жығылмадың, шыдадың.


Қамқорлығын көрмей өстің ағаның,
Болғаны жоқ қарындас пен апаның.

Еркелеген іні даусын естімей,
Жалғыз өстің қаңбағы боп даланың.

Кездескенде студентсің-жігітсің,
Алғырлығыңмен жүрегімді жібіттің.
Шахтада жүріп аяғыңды берсең де,
Арман қуып, соңына ердің үміттің.

Тағдыр қосып, қол ұстастым өзіңмен,
Шыққаным жоқ сенің айтқан сөзіңнен.
Иығыма ауыр салмақ түссе де,
Сыр бермедім, сабырменен, төзіммен.

Ағайын болды, тілеулес боп жүретін,
Достар болды бізді жақсы көретін.
Кедір-бұдыр соқпағында өмірдің,
Аяғың боп, тіреу болдым сүйедім.



Сүйтіп жүріп әке Шәріп атандың,
Соңыңа ерттің үш ұлыңды, ботаңды.
Немелерге жүгіріп жүрген жаныңда,
«Сила» дедім, «асқар таудай атаңды».

Ғалым болдың, ол дағы бір үлкен - ат.
Аға болдың ел сыйлаған азамат.
Алып кетті арамыздан сұм ажал,
Көре алмадың сол еңбектен бір рахат.

Жамандарды жақындатпай маңыңа,
Әділетсіздіктен қараятын қаның да.
Жылпостардай өзгере де алмадың,
Бейімделіп замананың заңына.

Өтіп кетті бұл өмірден таза адам,
Дәріс, үлгі алмағандар аз одан.
Сыймай кетті қайран басы ноқтаға,
Сыйғызам деп кейбіреулер соқса да.

Әке, ата болдың ақылды,
Ардақтаймыз атыңды.
Бабында болар бағыңыз,
Жәннәтта болғай жаныңыз!

☆☆☆☆☆

Бекбасарова Нина Николаевна. 1935 жылы атамыз Сәрсенбай мен Рәзимә апа екеуі тұрмыс құрып, Тараз қаласы Фурманов көшесінің 4-айналымынан

жер алып үй салған екен. Сол үйде Шәріп туған. Шәріп жалғыз болмасын, бірге ойнасын деп балалар үйінен бала асыра алған екен. Соғыстан атамыз аман-есен келсін деген ниетпен, баланың есімін Аман деп қойған. Аман Бекбасаров 10 класты бітіргеннен кейін Жамбыл қаласындағы Гидромелиоративтік-құрлыс институтын тамамдап, Нина деген татар қызына үйленді, балалы-шағалы болды. Нина келініміз де Жамбыл педагогикалық институтының математика факультетін тамамдап қызмет істей бастады. Өзіміз Алматыда тұрып жатқаннан кейін, сол үйді Шәріп Аман мен Нинаға ауыстырды.

Аман Бекбасаров балаларының өскенін көріп, үйлі-баранды болғанын көре алмай өмірден озды. Ал, өмірінің 40 жылын ұзтаздыққа арнаған Нина Николаевна жайлы әңгіме басқа.

Нина Николаевна соғыстан кейінгі қыйын-қыстау кездің қысында (25.12,1947 жылы) Хакасияның Джержинск деген ауылында дүниеге келген. Әке-шешесіне көмектесу үшін 8-кластан кейін оқуын тастап, балабақшада тәрбиеші болып орналасып, кешкі мектепте оқып орташа білім алған. Өзінің осындай ауыр өмірінде, Хакасияның қағыраған қысынан кейін, жанұясы көшіп келгенде, Нинаға күнгей Жамбыл жұмақтай көрінген-ді.

Жамбылда біздің Аманмен танысып тұрмыс құрған, Бекбасаровтардың фамилиясын алған. Нина Николевнаның еңбек кітапшасында бала бақша тәрбиешісі, Жамбыл мектебінде математика пәнінің мұғалімі, мектептен тыс жұмыстардың ұйымдастырушысы, №31 мектептің директоры, қаланың орталық ауданы оқу бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл қаласы оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары, №9 мектептің директоры деген жазулр бар. Ол Қазақстан Республикасының халыққа білім берудің үздігі.

Бірнеше жыл директоры болып отырған №9 мектеп басқа мектептерге қарағанда қаланың шет жағында орналасқан және 3 кластан 11 класқа дейін түрік тілін оқып үйрететін қаладағы жалғыз мектеп. Мұндай мектепте жұмыс істеу Н.Н.Бекбасарованың «Тіл туралы Заңды» құрмет тұтатындығы. Татар, қазақ, орыс тілдерін жетік білетін Нина Николаевнаға түрікше үйрену қиынға соққан жоқ.

Оның дайындаған оқушылары математика, физика биология пәндерінен олимпиадалардың бірнеше дүркін жеңімпаздары болып, орталық жоғарғы оқу орындарына түскен. Қалалық олимпиадалардың шахмат бойынша жеңімпазы Н.Н.Бекбасарова өз балаларының да, мектеп оқушыларының да шахматқа деген қызығушы-лығын арттырып келеді.



Бұрынғы ата мен ападан қалған үйді Н.Н.Бекбасарова кең сарайдай қылып қайтадан көтерді. Бүгінде Бекбасарова Эльмира Аманқызы «Назарбаев парасаттылық мектебінде» физикадан сабақ береді.

Ал, Бекбасарова Жанна Аманқызы да педагог, информатика пәнінің мұғалімі. Екеуі де тұрмыс құрған, Нина Николаевнаны әже қылып отыр.

Адам өмірі қамшының қысқа сабындай қысқа келеді. Алайда, маңдайға жазылған осы ғұмырды адал өткеріп, бала


Рәзимә апа

мен немере тәрбиесіне көңіл бөліп, өз ортасында сыйлы да құрметті болғанға не жетсін!

Иә, Нина Бекбасарованың отбасы осы айтылғандарға сай жандар.

1.5. Тегі жақсы қандайды!

1982 жылы 12 маусымда біздің үлкен баламыз Шәкір Шәріпұлы Бекбасаров үйленді. Сол тойдың ең үлкен адамы – Шәріпті жалғыз өзі бағып-қаққан, Шәкірден бастапқы немерелерін тәрбиелеген Рәзимә апрамыз болды. Беташардың сөзін жазған Рәзимә апаның інісі, ақын Әсілхан Рахманов еді.

Сондағы Рәзимә апаны таныстыруға көз салыңыздар[63].

Мынау аз күн дүние,
Көш-керуені нөкер ме ең.
Көзін көрген көненің,
Таласа сөйлер нөсермен.
Жалғыз ұлын асырап,
Бір талайға жеткізген.
Танысып қойғын халайық,
Рәзимә сынды әжеңмен.

Осыдан байқаған боларсыздар, келесі сөздің кім жайында боларын

☆☆☆☆☆

Асылдың сынығы - Рәзимә ападан қалған сөз. Абай бабамыз айтқандай «дүние шалқар көл, заман соққан жел». Зымырап бара жатқан күндер-ай, күнделікті тіршілікпен жүріп жатып, уақыттың қалай тез өте шығатынын сезбей де қалады екенсің. Өмірде ешнәрсе мәңгі бақи бір орынында тұрмайтынына көзің жетеді екен. Өйткені айнала төңрегіңдегі нәрсенің бәрі де үздіксіз өзгерісте болатыны ақиқат.

Жарық жалғанда бәрі тозады; тау-тас мүжіледі, өзен-су суалады, жылжыған құм жаңа орнын табады, бетіміздегі бүгінгі әжім, самайдағы ақ шаш –сол уақыттың белгісі. Бір кезде жас болдық, қариялардың айтқандарын ескермедік. Енді міне жас келгенде қариялардың айтқандары - біздің тарихымыз екенін енді ғана ұғынып жатырмыз. Уақытқа ұрлатқан өткеніміз – тарих, алдан күткеніміз – болашақ болып, әр сәтіміз сырғып барады. Тек бәрімізді біріктіріп отыратын алтын арқаудың бар екендігі күннен күнге сезіледі.

Ешнәрсе бүгіннен басталмайды. Бүгіннен сөз бастау үшін кешегіге оралу қажет сияқты. Әрбір ұрпақ өз ортасынан ең қадір тұтатын азаматтарын біліп, атап көрсетеді. Соның бірі Рахман әулетінің үлкен әпкесі Рәзимә апа.

Рәзимә апамыз Тараз қаласының Әулие Ата аталуына қатысты анасынан, нағашыларынан, ағаларынан естігендерін және басқа да қызықты деректерді жырдай етіп айтып отыратын көкірегі дария тірі – шежіре еді. Енді мен, апа

аузынан естігендерімнің жадымда қалғандары мен магниттаспасына жазылғандарын айтып бергім келеді.

Бір кезде жорығы жеңіспен тамамдалған Абылай хан нөкерлерімен осы әулиелерге Құран бағыштауға келіпті. Молдалығы бар Қойгелді батыр қоңыр даусы күңірене Құран оқыды. Басқа бірнеше батыр да өздері білген сүрелерін қысқа қайырып, бет сыйпасқанда әңгіме Әулие ата қарахан жайына ауысты. Абылай хан үнсіз, ой үстінде отырғанда, туған жер тарихын жақсы білетін білімдар Қойгелді былай дейді:

- Алдияр! Сіз енді Сарыарқаға кетесіз. Біз, үйсін баласы, осында туған жерде қаламыз. Міне, кешегі ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға дейін жоңғарлар қиратқанша, өртегенше мына үйінділер болған үйлерде ата-бабаларымыз тұрушы еді. Бұл күнде жоңғарлар да жоқ, біздің Тараз қаласы да жермен жексен болған. Сонау Сайрам, Шымкент, Ташкент арасында қазақтың атын байлайтын қазығы сияқты еш қаласы қалмапты. Жетісуда да ешқандай керуен тоқтап, тыным алатын сарайымыз да жоқ. Осы аралықта, жау шапса паналайтын бір қорған қамалымыз да көрінбейді. Рас, Түркістанымыз бар, Ташкентіміз бар. Жел қуған қаңбақтай ұшып-қонып жүрген көшпелі қазақтар да баяғыда сарайлар салып, жат елдің елшілерін қабылдап жатушы еді. Хан ием, Сіз кеткен соң мына қалың үйсіннің күні не болады? Әбілфайыз сұлтан Ташкентте отыра берсін, ал мына қираған Тараздың орнына Әулиеата баба мазарының маңына тағы да үйлер тұрғызып, қала салсақ қайтеді? Соған Өзіңіздің кенереңізден шыққан бір сұлтан ұлыңызды әкім етіп қалдырсаңыз қайтеді? – деген екен.

Өз туысының бұл сөзін біздің түп нағашымыз Мәмбет батыр да бірден қоштай жөнеліпті:

- Уа, Алаштың ардақтысы Абылай ханымыз! Сіз жаз жайлайтын Көкшетауыңызға, Қызылжарыңызға кетіп барасыз. Бізге мына сонау қалың қытайдың қақ ортасына барып, аты барда жер танығаң, талай ел танығаң ұлыңыз Әділ сұлтанды әкім етіп қалдырыңыз. Әділ сұлтанның нағашысы қарақалпақтар ғой. Бір жағы қазақтардай көшпелі болғанымен саз балшықты қамырдай илеп, қала салуға шетінен шебер де икемді. Біз де өз білгенімізше үй салып жатырмыз. Өзбек ағайындардың, сарттардың шеберлерін мен әкеліп салғызған үш-төрт үйлік қыстауым анау тұр. Түбі қала салған, егін салған, тоған, арық қазған ел озады, - деп барып тоқтаған екен Мамбет бабам.

Мәмбет батырдың сөзін қалған үйсіндер шуылдап, қоштай жөнелді де, қос алақандарын жайып Абылайдан бата сұрады. Хан тебіренуде еді. Қытайдың астанасы Бейжінге барып, елшілік міндетін ойдағыдай орындап келген ұлы Әділ сұлтанның жүзіне назар салып еді, қылыштай қылпып тұрған жас жігіттің неден болса да қайтпайын қайсар бейнесін көрді. Абылай тамағын сәл кенеп, даусын көтере сөйлеп кетті:

- Уа, қалың елім, қазағым! Өшкенді қайта жаңғыртайық дейсіңдер, қираған қаланы қайта салайық дейсіңдер. «Көп түкірсе - көл» деген. Халық қаласа, хан астындағы атын союы тиіс. Болсын солай! Баяғыда халық үшін әзиз басын көрге тірідей тыққан Әулие ата бабамыздың мазары айналасына қала салынсын! Менің жарлығым - осы! Әкімдерің - Әділ сұлтан! Қала салуды сонау жылдары мені

жоңғар тұтқынынан босатуға барған досым Мәмбет батырға тапсырдым! Қаламыздың атауы ұмытыла бастаған Тараздың орнына Әулиеата болсын! Әумин! –деген екен деп.

Енді осы айтылғандардың дәлеліне келелік. XVIII-ғасырда, яғни 1774 жылы Абылай ханның жорықтас батыры Мәмбеттің ханмен бірге Талас өзенінің жағасында қираған ескі Тараз қаласының орнына қарақалпақтарды көшіріп алып келіп Әулие Ата кентін салғызған. Абылай хан Мәмбетке Көкшетау керейлерінің сұлу қызы Жәмиланы өзінің өкіл қызы ретінде ұзатып, кейін одан атақты Байзақ датқа өмірге келген.

Ал Байзақ датқа мен оның ұлы батырбасы Ақмолда сол кездегі қазақтың біртуар ұлы ғалымы, Абылай ханның немересі - Шоқан Уәлихановпен дәмдес-тұздас болғандығы туралы Бақытяр Әбділдәұлының «Талас-Тараз» атты кітабының 10 - б. толық жазылған. Бірақ қарақалпақтар мен үйсіндер өздері осыншама еңбекпен салған қаланы көршілес қоқандықтар ширек ғасырдан соң қирататынын қайдан білсін?!

1864 жылы Қоқандықтар Байзақ даңқаны алдап Шымкентке шақырып алып, тірідей зеңбіректің аузына байлап қойып атылғанын және оның быт-шыт болған денесінен қалғанын Талас өзенінің жағасынжағы Сарыкемер ауылының маңына жерленгенін алғаш рет мен Разимә апамыздан естідім. Бүгінде Байзақ жатқаның басына, Сарыкемерден 12 шақырым жерде, ескерткіш орнатылған. Әрине, естігенде бұл жан түршігеді. Кейін осы деректерге Ш.Уәлиханов еңбектерін оқыған кезде көз жеткіздім(Шоқан Уәлиханов, Таңдамалы, А., «Жазушы», 1985ж., 255-6.).


Байзақ Мәмбетұлының өмірі әлі толық зерттеліп, жазылған жоқ. Десекте, ел аузында Мамбет батыр, Байзақ датқа және оның баласы Ақмолда батыр басы туралы деректер өте көп сақталған.

Осы Мәмбет батыр мен оның туысы Таңсыққожа туралы атақты Бұқар жырау: «Абылайдың қасында Таңсыққожа, Мәмбет бар» дейтіні белгілі. Сол сияқты ұлы Жамбылдың Сарыбас ақынмен «Жұлдыз» журналының 1998 жылғы №1 санында тұңғыш рет толық жарияланған айтысында Сарыбастың:

Дулат деген елімнен
Таңсыққожа, Мәмбет пен
Байзақ шықты басынан,
Ақмолда шықты жасынан, -

деп көрсететін Таңсыққожа мен Мәмбет батыр ұрпақтарының ұлт-азаттық көтеріліске зор үлес қосқандығына күмән жоқ.

Менің тақырыпты «Тегі жақсы қандайды!» деп қоюымның себебі - көп ғылымдардың ішінде «тектану» (генетика) деген ғылым саласы барлығын, оны көре білу, әрі қарай дамыта білу қажеттігінен туындауы. Тектануға ғылыми тұрғыдан қарасақ «тұлпардан тұлпар, жабыдан жабы, мәстектен мәстек туатыны» аян сияқты, «тектіден текті ұрпақтың дүниеге келуі» - өмірдің шындығы. Оған бүгінде көз жетіп отыр.



Рәзимә апамыздың айтуынша Сатыбалды(Қисық) атамыз баласы Рахманды Мамбет әулетіндегі Омардың Рәпия есімді қызына үйлендірген.

Енді ұлы Рахман атамыз бен Рәпия әжеміздің, яғни нағашы жұртымыздың шежіресінен мәлімет бермекпін.

Рәпия әжеміз Сағымбек, Разимә, Сабденбек есімді балаларды дүниеге келтірген. Нағашыларым батыр да шайыр болған, біздің тұқымға шайырлық нағашы жұртымыздан келді деп отыратын. Кезінде Сағымбек орысша үйреніп, Кеңестер үкіметінде соттың хатшысы қызыметін атқарған.

Жиеніне риза болған нағашысы Кәтіпхан Омаруұлы көп өлеңдерінің бірінде

«Сағымбек біздің туған жиеніміз,
Жөніне шатақ істің жүйеліміз.
Мамбеттің тауда жатқан баласы деп,
Біздің де көпке кеткен сүреніміз» - деп мақтан еткен.


«Сағымбек көкем 25 жасында кенеттен ауырып, дүниеден озды. Сондағы нағашыларымыздың жиналған елдің алдында, домбырасын қолына алып, жүректен шыққан жырымен жоқтау емес, тоқтау айтқаны әлі есімде»- дейтін Разимә апамыз[63].

«Әу, әлеумет құлағың сал,
Құдай салды жүрекке,

Жалғанда бітпес жараны.
Күтпеген жерден кездесіп,
Бәрімізге батып түрғаны,
Мезгілсіз құрбан болғаны.
Жігіттің гүлі нарымыз,
Ажалға тоқтау бола алмай,
Сарқылды емес пе барымыз.
Жыламай пенде шыдамас,
Сағымбегімді алған соң,
Сағынып көрген қызықты,
Көре алмай зарлап қалған соң.
Қайда кеттің жиырма бес,
Тастан шыққан бұлақтай,
Жиырма бес бар ма маңайда,
Жайқалған жасыл құрақтай.
Туғаннан соң өлмек бар,
Кімдерден дүние қалмаған,
Ешкімге ақыл салмаған,
Жүз жиырма төрт пайғамбар,
Отыз үш мың сақаба,
Олар да тірі қалмаған.
Бұл өлім қайда жоқ?
Жарқыраған айда жоқ,
Күркіреген күнде жоқ.
Өтері өтіп кеткен соң,
Мың теңгелік қайғыдан,
Бір теңгелік пайда жоқ.
Бұл дүниенің мысалы,
Ұшып кеткен құспен тең,
Өмірде өткен жақсылық,
Ұйқыда көрген тұспен тең».

Рәзимә апамыз оқымаған, бірақ бір естігенін жатқа айта беретін. Намаз оқуға татар молда жалдаған екен. Мен молданың айтқанын тез жаттап алатынмын, ал Сәбденбек болса қиналатын. «Сен неге бәрін жаттайсың, қақсайсың да отырасың. Сенің кесіріңнен маған ұрсады»- деп ренжитін еді маған деп отыратын. Шынындада апамыз ешкімге сөз бермейтін, тек өзі сөйлегенді жақсы көретін еді. Ал біз болсақ, «құмырсқаның тіршілігіндей» таңның атысымен күн батқанға дейін жұмыс, бала-шаға, үйдің тіршілігі дегендей ол кісінің әңгімесін жас кезімізде тыңдай қоймадық. Үйге қонақ келсе, әсіресе, Асекеңнің Алматыдағы жора-жолдастары, ақындар келіп қалса, бар жақсы киімін киіп алып, қонақтармен бірге отырып, жатқа білетіндерін тоқтамай айта бастайтын. Әулиеатадағы туыстарының апаны «қақсауық әпке» деп атап кеткені де осыдан болар.

«Қызы бар үйдің қызығы бар» демекші Рахман ата мен Рәпия апа қыздары –Рәзимәні әулиедей ардақ тұтып, төредей күткен, үлкен үміт артқан. Сегіз жасқа толғанда, іс үйренсін деп, келіп қалған бір неміс саудагерінен Зингер іс машинасын сатып алып берген. Содан апамыз өте іскер, тек өзіне ғана емес жұрттың киімін тігетін аса шебер болды. Көрінген матадан көйлек



тікпейтін, оның түсіне қолданатын жіп-таспалары мен түйме – қапсырмалар сияқты әшекейлерінің түсі сәйкес болуын қалайтын. Кәзірде біздер қалдықсыз технология деп жатамыз, сол сияқты апамыз іс тіккенде қалдық қалмайтын. Қалдықтың барлығы оюлы көпелерге жұмсалатын. Басына тек ақ орамал мен күндік киетін. Бір кигенін екінші кимейтін, «ертең өлгенде керек болады»- деп сандыққа сала беретін. Апамыз 90 жасқа келгенде дүние салды, сонда келіндері, сінлілері, туған-туыстар апаның киімдерін «тәбәрік» деп талап алды.

Дүниедегі тіршілік атаулының тұтқасы ана екеніне ешкімнің дауы жоқ. Сондай аналардың– Рәзимә апа болды. Ол кісінің бой жетіп, тұрмыс құрған кезінде, өз туыстары да, келін болып түскен жұрты да Кеңес үкметінің зобалаңы зардабынан қуғынға ұшыраған, мал-мүліктері тәлкіленген екен. Сол қиын-қыстау кезде апамыз жеті құрсақ көтеріп, барлығы әртүрлі аурулармен ауырып, бірі ерте, бірі кеш шетіней берген. Сөйтіп жүргенде атамыз Сәрсенбайға жолығып тұрмыс құрған. Одан Шәріпті көрген.

Бір күні сәті түсіп, үйде оңаша отырғанда, апаның бетіне қарап, көңілінің жайдары кезін байқап әңгімеге шақырдым. «Сіздің өміріңіздің қаншама қиыншылықта өткенінен азда болса хабарым бар. Ал, көрген жақсылықтарыңызды мен тіпті білмеймін. Егер есіңізде болса шет жағын айтсаңыз, біз немелеріңізге айтып мақтанып жүрейік»-дедім. Сонда апам «Сендер мақтанатындай ештеңе болмаса да, өмірімнің бақытты кезі, ата-анамның ақ босағасында отырып, тәлім-тәрбие алып өскенім. Үлгі аларлық көптеген ақыл-кеңестерін есіме сақтап, бой жеттім. Сәбденбек екеуміз тетелес болғандықтан жас кезімізден бір-біріміңзге жақын болдық, шекісіп қалсақта тез татуласатынбыз. Оны өздерің жақсы білесіңдер, ол менің інім ғой, оның балалары - менің балаларымдай.

Сәбденім Кәбира мен Әділхан үшеуі Хабаровскіде жер ауып жүргенде ата-анам, Асылхан қолымда болды. Ата-анамды ақтық сапарға ақ жауып, арулап, өз қолыммен аттандырдым. Қас-қабағына қарап мәпеледім. Бүгінде өсіп-өніп, ағайын-туыстың арасында басым қадірлі болса, солардың берген батасының шарапаты шығар.

Баяғыда бір адам базардан бірінші рет түйе сатып алыпты. Үйіне алып келіп, түйесін жақсылап қарап «Құдайым-ай, бір түйе беріп, оның ернін жырық қып бергенін қарашы» дегендей, құдайым маған жалғыз Шәріпті беріп, оның

бір аяғын ақсақ қылғанына қапаланған едім. Бүгінде өсіп-өніп, немерелерім мен шөберелерімді көріп отырмын, алланың мұнысына да шүкір» -дегенді.

Апаның еңбекқорлығы, жанқиярлығы, өмірсүргіштігі, көпшілдігі ұрпағына қалдырған асыл қасиеттері деп білеміз. Апамыздың көргені де, көңіліне түйгені де, өмірден тоқығаны да мол, шежіре жан еді. Жас кезінен зерек, намазға жығылып, аллаға сиынып, барды қанағат етіп, азды місе тұтып, төзімділігі мол, даналықтың қоры бола білді. Сөзін жалғастырып, «Немерелердің құлағына құя беріңдер, олар руын, тегін білсін.

Тектілік пен ру біздің халықтың маңдайындағы ғажайып ерекшелік, ата-бабаның қаншама ғасырлар бойы екшеген, електен өткізген мұрасы.. Ендеше, олардың аруағын силай білейік.

☆☆☆☆☆

Жынанкөз нағашымыз - Сәбденбек Рахманов.

Қазақты мың өлтіріп, мың тірілткен замана. Соның бірі күні кешеге дейін жер жүзіне бет қаратпай жетпіс жыл өктем өмір сүрген Кеңес өкметі еді. Бұл үкімет те, кешегі патшалық Ресей өкіметі сияқты, қазақ еліне найзасының ұшын, қылышының жүзін, білегінің күшін көрсетіп, қорқытып, қоқаңдап келді емес пе? Зорлық-зомбылық тұрған жерде оңыушы ма еді? Ел-жүрт бір-бірімен сеңдей соғысып сергелдеңге ұшырады емес пе?.

Әскер ақ пен қызылға, адам бай мен кедейге бөлінді. Мал мен жан тартып алынды.Наным мен сенімнің күл-талқаны шықты. Бұл сергелдең заманнан аман қалдық-ау деген елдің бірең-сараң игі жақсылары мен естілері ұясы бұзылған бейшара құстай болып, бірі қыр асты, бірі тау асты.

Міне осындай ала-сапран кезеңде алпысты алқымдап қалған Рахман ата үлкен ұлы Сағымбекті Кеңес өкметіне жұмысқа берді. Ол аздап орысша білетін және сот ісін жүргізудің үш айлық курсын бітіргендіктен, сот хатшысынан бастап, судьяға дейін көтерілген. Осындай асыл азамат жұмыс үстінде 25 жасында кенеттен қайтыс боған. Рәзимә апамыздың айтуынша «Көкеме қастандық жасалған».

Қыз баласы Рәзимәні бай жерге тұрмысқа берген соң, қолдарында үлкен нағашымыз 12 жасар Сәбденбек (Сәкең) қалған екен. Сәкең кейіннен адвокаттық мамандықтың курсын тамамдап, Шу, Балхаш, Алматы өңірлерінде қызымет атқарған.



Сталиндік-голощекиндік геноцид қазақ әулетіне, тектілердің тағдырына зор нұқсан келтірді. Осы кезеңде Рахман ата ұрпақтарының бастары пәледен, жандары жаладан, көңілдері кірден тазармады. «Байларды құрту керек» - деп ұрандатқан ұрды-жықтылардың құрығына ілінді. Рәзимә апаның барған жерінің малдары тәлкіленіп, жандары ит жеккенге Сібірге айдалған. Кәзір Абай ауылы болып отырған жердің тұрғындары сол жылдардың ауыртпашылығын бел қайыстыра арқалап, азабын көтергендер.

Қазақ «Жеті жылда, жер жаңа» демей ме? Жұрттың көбі сол кездің зомбылықтарын көрген түстей ұмыта бастады.Тіршілік не істетпейді. Абай ауылы «Көппен көрген ұлы той» деп колхоз ісіне белсене араласып кетті. Бірақ бейбіт өмірдің ұмыры ұзаққа бармады. 1941 жылыдың 22 маусымында соғыс басталды.

Соғыс аяқталса да Рахман ата мен Рәпия апамыздың көз жастары тиылмады. Соғыстан кейін қайтадан қудалау кезеңі басталды. Бұрынғыны еске алып «Бай баласы» және соғысқа бармаған деп тауып, Сәкең үш жылға жер аударылды, сөйтіп, үлкен нағашымыз шығыстағы Хабаровскіден бір-ақ шығады. Өзімен бірге марқұм Кәбира апа мен 5 жасар Әділхан Рахманов бірге кеткен.

Сәкең жылын өтеп елге келгесін де бұрынғы мамандығы бойынша адвокат болып қызыметін атқарып жүрді. Нағашымыздың кенже баласы Әділхан, сегізінші кластан кейін Алматыға келіп сурет училищесінде оқуға түсті. Жатақханада тұрса бұзылып кетеді деп біздің үйге тұрғызды. Қолымызда Рәзимә апамыз да бар. Бір жағынан әкпесіне, екінші жағынан баласына деп, келген сайын ақша беріп кетеді. Ол кезде нағашымыз Жамбылда адвокат болып қызымет атқарады..


Сәбденбек, Әділ, Кәдә Хабаровскде

Сырттай апамыздан нағашымыздың жер аударылғанын және көрген көп қиыншылықтарынан кейін мінезі ауыр екенін еститінмін. Бірақ. Мақтап қойғанды жақсы көретін. Бірде көңілденіп отырған кезде үлкен нағашымыз Сәкеңнен «Біздің апамызбен шыж-быж болып ұрсысып қалатыныңыз бар, бірақ долданған мінезіңізді көрмедік» - деп қалдым. Сонда, көзі шатынап:

- «Қателесесіз, келін. Жамбылға келгенде көрерсіңдер менің мінезімді. Алты ай түн болып тұратын мен Ленинград дейсіңдер ме? Менің мінезімде төрт мезгіл бар. Бірде көктем, бірде жаз, бірде күз, бірде қыс.. Кей кезде жапалақтап жауған қардай болсам да, тез еримін. Оны мынау отырған әкпем де жақсы біледі. Біздің атамыз Қисық болған, оны біліп қойыңдар» - дегені бар. «Қылп еткеннен білеміз қыздың сырын» дегендей, нағашымыздың не ойлап отырғанын сезе қоятын едік. Бізге де күн көру керек, осыдан кейін үлкен нағашыға қарсы сөз айтпай, тек мақтайтын болдық.

Нағашымыз барлық балаларын жақсы көретін. Бірақ жасы келгенде көрген кенже баласы Әділге деген ықласы өзгеше болатын. Мүмкін Кәбирә апамыздың ықпалы да шығар. Алматыға келген сайын Әділге қалаған киімдерін өзі алып беретін. ЦУМ-ның жаңадан ашылған кезі. Бір жолы дүкенге барып қалтасындағы бар ақшасынан айырлып келді. Очередте тұрғанда ұрылар жан-жағынан қысып, төс қалтасынан әмиянын шығарып алыпты. Ол жолы ештеңе сатып аламады, бірақ Әділханның сыбағасын жақсылап берді. Әйтеуір ол жолы өзіміз боқтаудан аман қалдық. «Мінезіңізді Жамбылға

бармай-ақ көрдік-қой» - деп айтуға шама жоқ, жолына белет алып беріп Жамбылға шығарып салдық.

Келесі жолы келгенде Әділханға бір сым алып берді. Сол кезде «дудочка» деген сән шыққан. Әділхан сатып алған жай сымын ательеге «дудочка» жасағанға өткізіп келді. Кешкі тамақты ішіп жатқанда Әділ сымды алып келді. Нағашымыз «Өте қымбатқа алдық, әпкеңе киіп көрсет» -деді. Киейін десе, сым өте тар, симайды. Сонда Әділ «Мұндай сымды жатақхандағылар аяқтарын сулап, шалқасынан жатып киеді»-деді. Содан Әділді шалқасынан жатқызып, екі аяғын жоғары көтеріп қойып, Шәріп екеуіміз қазыны айналдырғандай қылып сымды кигіздік-ау, әйтеуір. Ол сымды Әділхан түнде шешпейтін болды, шешсе – кие алмайды. Онда бір көрдік нағашымыздың «мінезін».

Бірде апамыздан ашуланғанда нағашының «көзі неге шатынап кетеді»?- деп сұрағанда, ол кісі «Жыланкөз» есімді атамыз болған. Сәбденім сол атаның немересі. Атасына тартқан нағыз жыланкөздің өзі» деген болатын.

Әділ оқуын бітірді. Қызыл диплом алып, жолдамамен Мәсекудің көркемөнер институтына оқуға түсті. Бірінші курсты тамамдағаннан кейін, сол Академияның полиграфия факультетінде оқып жүрген Клара деген қызбен танысып үйленетін болды. Кларaның әке-шешесі, оған қарсы.. Біріншіден, екеуі де оқуларын жаңа бастап жатыр, әлі институт бітірген жоқ. Екіншіден, суретші деген мамандықтың болашағы жоқ деген сенімсіздік білдірді.

Қолымызда өскен Әділхан Кларaны біздің үйге алып келді. Енді оның әке-шешесінің алдынан өту керек. Апамыз інісі Сәкеңе Жамбылға хабар бергізді. «Мәскеуден оқуын бітіріп келіп, үлкен бір дәрежеге жетеді»- деп армандап отырған Әділханның бірінші курстан кейін қайтып келуі бәрімізді де үлкен ойға қалтырды.

Әкесі –Сәбден келіспейді деп қорқып, Әділханның сонда ойлап тапқаны. «Қыздың әкесінің Д.А.Қонаевпен бірге түскен суреті бар, әкеме соны көрсетемін» -деді. Клара келіннің әкесі Жалғасбаев Төлен Жолдыбайұлы, Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебін тамамдаған, ғылым кандидаты екен. Кезінде Орталық комитетте қызымет атқарған, біз танысқан кезде Қазақстанның Жоғарғы партия мектебінде сабақ беріп жүрген болатын. Димаш Ахметовичті сол кездің өзінде жұрт сыйлайтын, кәзір пір тұтпайтын адам жоқ-қой. Суретті көргеннен кейін, нағашымыз көнді, болашақ құдалардың алдынан өтуге біздер де бардық.

Құдалар қаланың тәртібі бойынша қарсы алды. Асекең өлеңін айтып отырысты қыздыра түсті. Бірақ «денсаулығымыз жоқ еді» - деп, болашақ құдалар ішімдіктен бас тартты. Сол мезгілде «қызылды» алып отырған үлкен нағашымыз құдаға қарап: «Құда, Жамбылға келгенде дені сау құдалар келетін болсын. Ауруларын өлтіріп алармыз» - дегені.

Алғаш Әділхан бір комнаталы, кейін шағынауданнан үш комнаталы пәтерлер алды. Екі балалы болды, «Қазастанның еңбек сіңірген суретшісі» деген атақ алды. Сол кезде өкмет Әділханға Алматының қақ ортасынан, өңшең өнер адамдарына арнап салынған үйден төрт комнаталы пәтер және сол үйден өзіне жеке шеберхана берді. Сол қуанышқа нағашымыз Кәбира апа екеуі Жамбылдан бір мал және көлемі 5х4 $м^2$ кілем алып келді. Біздер нағашыны

мәшинәмен қарсы алып, жаңа пәтерге апардық. Кешінде үйдегі апамызды ертіп «жаңа пәтер жуғанға» бардық.

Барсақ нағашымыз «жыланкөз» болып отыр. Пәтердің үлкен бөлмесі 30м^2 екен, тым үлкен. Әділхан кілемді жерге төсейміз дейді, ал нағашымыз - қабырғаға ілу керек дейді. Шатақ содан басталға екен. Шәріп 200 грамдық қырлы стақанға қызыл арағын құйып беріп, әйтеуір нағашысының ашуын басқаны бар.

Үлкен нағашымыздың көңілі көншіп, рахаттанған бір сәтінің де куәгері болғанбыз. Михайловкада (кәзіргі Сарыкемер) той өткіздік, той кеш аяқталды. Үлкендерге үйге төсек салып бердік. Нағашымыздың төсекті жерге үшеумізге салыңдар деді. Нағашымыздың екі әйелі болатын-ды. Оң жағында айы-Айғаным, сол жағында күні-Кәбирә жатыр. Біздер не болар екен деп бақылап жүрміз. Күні бойы шаршаған екі апа ұйқыға кетті, ал нағашымыз әкпесі Рәзимә (апа сол бөлмеде кроватта жатыр) екеуі таң атқанша баяғының әңгімелерін айтты ғой бір-біріне. Міне, нағыз «кайф» деген осы ғой, екі әйелінің ортасында рахаттанып, әкпесінің әңгімесін тыңдап таңды атқызған.



Сәкең өмірдің не бір қиын өткелдерінен өткен, көпті көрген көнекөздердің бірі еді, 1984 жылы сексен жасында дүниеден озды.

Кейінгі кезде нағашымыз әпкесіне: «Арманым жоқ, немерелерімді, шөберелерімді көрдім, тек туған жердің топырағы бұйырса болғаны»- дегенді көп айтатын.

Кәзір сол сөздері еске түссе, Сәкең «ең үлкен бақыт – ол өз әулетің, туған жеріңнің топырағына қайта оралу» -деп түйген болар деген ой келеді. Себебі, буыны қатпаған бала кезінен «бай-шонжарлар әулетінің ұрпағы», «халық жауы» ретінде көрмегенді көрген нағашымыз, сонау Хабаровскінің суығына, батпағына шыдамай өлген, көмусіз қалған көп тектінің тағдырын ойлаған шығар.

Тектілер тұяғының соңғы сөзі де тәубасымен тағылым көрсетіп тұрғанын кеш түсінетінімізді айтамын да.

☆☆☆☆☆

Ақын нағашымыз - Әсілхан Рахманов рухымен сырласу. Айтса айтқандай, текті тұқымның ұрпағы, көбіміз көзін көрген, өлеңдерін оқыған, суырып салмалық өнеріне тәнті болған, жылжыған жылдармен ілесе отырып артына өшпес із қалдырған Әсілхан Сәбденұлы Рахманов.

Әрі қарай маған «Асекең» деп айту ләзім. Әсекеңнің туған жері, өскен ортасы, оқыған орны, руы және тегі жоғарыда айтылып кетті. Біз бұл тарауда оның ақындық рухын, елінің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен суреттей білгенін, өлең жазған кездегі ішкі дүниесін сіздердің алдарыңызға тартқымыз келеді.

Асекеңді мен жай ғана жазба ақыны емес, сал-серілер қатарына жататын ақын дер едім. Ұлтымыздың әдеби-мәдени өмірінде сал-серілердің ро-өлі айрықша болғандығы мәлім. Олар бірнеше өнерді бір басына сәтті түйістіріп, тоғыстырған жандар, яғни өленді өз жанынан тез шығарады, өзі домбыраға қосып жырлайды.

Әсекең туған елі, өсіп-өнген жері – Әулие ата өңірін ерекше перзенттік сезіммен сүйеді, сол сүйінішін сұлу да сымбатты сөз өрнегімен өріп өсіреді. М.Мақатаев «Қарасазым» деп жырласа, Ә.Рахманов «Жаңасазында» [64]:

«Қалай тез өттің басымнан,
Қаңқылдап ұшқан бала қаз.
Шалғыны жатсам жасырған,
Сағындым сені «Жаңасаз» -деп,

өзінің бала кезіндегі туған елге деген сырын ашады. Ақын жиі-жиі есіне алып, аруағына сыйынып отыратын атамекен –Жаңасаз көрністері де жүрегіңе жылы ұялайды.

Әсекең үлкен аудиторияларда, кең сарайларда емес, шағын той-думандарда құда-жекжаттық отырыстарда домбырасын қолына алып, алысқа көсіле шабатын. Сондай сәттерде туындаған өленderінің көбі қағаз бетіне түспей, тек кейбір құйма құлақтардың есінде қалды. Солардың кейбіреулерінен үзінді келтірелік.

1982 жылы 12 маусымда Рәзимә апаның үлкен немересі Шәкір Шәріпұлының үйлену тойының асабасы – Қазақстанның белгілі режисеры Асқар Тоқпановтың орнын Әсілхан Рахманов басты.

Сол тойда өзінің Рәзимә әпкесін, жиені Шәріпті және мені былай деп таныстырды:

Мынау аз күн дүние,
Көш-керуені нөкер ме ең.
Көзін көрген көненің,
Таласа сөйлер нөсермен.
Жалғыз үлын асырап,
Бір талайға жеткізген.
Танысып қойғын халайық,
Рәзимә сынды әпкеммен.

Өмір жолын іздеген,
Қайда жүрсе әр адам.
Тайдан атқа қосылып,
Тұлпарлықты қалаған.
Сылтып басар сән үшін,
Сөйлеген сөзін санаған.
Шәріп сынды жиенім,
Ғалым боп бізге қараған.

Күндіз-түні ізденіп,

Сызу сызған көз ілмей,
Биігіне ғылымның,
Ентелеген ерінбей,
Қаратаудың тастарын,
Зерттеп жүрген көрімдей,
Болмасаңда ұқсап бақ,
Маржан сынды келіндей.

Алматыға келіп жүріп Әсекең Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеудің негізін қалаған біздің ұстазымыз ұлға Акжан әл-Машанимен танысып араласып кетті, көп мағлұмат алды.

Ол Әл-Фарабидің қазақ топырағында, Қазақстан мен Орта Азияның ертедегі мәдени орталығы болған Отырар қаласында туғандығын дәлелдеген, оның еңбектерімен ұрпағын сусындатуда және насихаттауда теңдесі жоқ қызмет атқарған ғұлама ғалым болатын. Ақжан атамен таныстық Асекеңді Отырар туралы дастан жазуға жұмылдырды. Шығыс әдебиеті ішінде, әсіресе, Әл-Фараби шығармаларын, өмірін зер салып құныға оқыды. Отырар ойраны» дастанының алғашқы қолжазбасын сол Ақжан әл-Машани оқып, баспаға жолдама берген болатын. «Сөйтіп, «Отырар ойраны» дастаны жарыққа шықты. Егер Асекең көне тарихтан, көне қалардан қалған жәдігерлерден хабардар болмаса «Отырар ойраны» дастанына қалам сілтемес пе еді. Мына суретте Ақжан ата өзінің жұмыс кабинетінде отыр, ал оның тұсында ілулі тұрған әл - Фарабидің бейнесін Машановтың сұрауы бойынша Әділхан Рахманов салған. Ол сурет кәзір Қарқаралыдағы музейде тұр.

Жалпы, Әсекең туралы басқаны қайдам, менің білетінім: аққөңіл, адал, аңқылдаған жан. Қулығына құрық бойламайтын кейбіреулер сияқты емес, есеппен өмір сүру дегенді білмейтін. Ол барлық ақын-жазушыларға тән зат. Көкелеп жүріп мықтылардың қолтығына кіріп, ағалап жүріп азулылардың алақанына тап болған жан емес.

Әсекең рухымен сырласқанда менің көз алдыма екі түрлі адам келеді. Біреуі – күн шуақты, жайдары мінез, жымиып күлген жүзінен нұр шашылып тұрған тұлға. Көңілі келгенде Әсекең көл-дария болатын. Екіншісі – азуын қайрап, атылуға әзер тұрған айбарлы арыстандай қаһарлы кісі. Ол кезде жүзіне тура қарай алмайсың. Тек қана Айпен жеңешеміз ақырын жүріп, аңдап сөйлеп, жылы сөзбен ашуын басатын.


А.әл-Машани жұмыс кабинетінде

Әсекең өлеңдерін ойланып, зерттеп оқып, ақын басынан кешірген мың сан сезімді сезінсек, мүмкін ғұмыр-тіршіліктің қандай ғажап, керемет екенін біліп, жанымыз байыр ма еді. Осы тарау ақын жанын түсінсек деген тілектің бір нышаны болар. Бұл Асекең өлеңдеріндегі ойлы дүниелердің тек бастамасы деп білемін.

Құдайға шүкір! Әсекең арманына жетті деуге болады. Балалары да тегіне тартты. Көз майын тауысып, көңілге түйгенін қағазға бірі өлең өнерімен, екіншісі сурет өнерімен тастап кеткен Әсілхан мен Әділхан туралы да естеліктер бар. Демек, оларға мәңгілік ескерткіш орнатып отыр. Ендеше өзіміз туралы емес, сол асыл азаматтардың рухтарымен сырласайық, түсінуге тырысайық, сонда өзіміз де рухани баитынымыз ақиқат.



Кәзір бұрынғыдай алып ақындар жоқ, жастар ұсап кетті. Қазір ақындар тұралап жұмыс, тамақ іздеп босып кетпеді -ме.Осы орайда ақынның: «Мұқаңдар жоқ. Мұқаңдардың сарқыты –біздер бармыз» деген өлең жолдары еріксіз еске түседі. Ендеше, нағашымыз Әсекең де сол алып ақындардың, ұлы тұлғалардың тірі көзі еді. Әсекең өлсе де сөзі өлмей, ақын-жырға айналып, жылдан-жылға рухы биіктеп, ақындық ғұмыры елін аралап, салтанат құра бастағаны, ағайын.

☆☆☆☆☆


Жұлдыздар таң ата сөнеді. Ақындар «сөз патшасы – өлеңімен», суретшілер қыл қаламынан туған ғажайып «бейне көрнісімен» өшпес мұра жасайды. Менің бұл ойымның осылайша өрбуіне себепші болған – Қазақстанның халық суретшісі, Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, 1997 жылы 55 жасында дүние салған Әділхан Сәбденұлы Рахмановтың тамаша туындылары. Ол 1942 жылы Жамбыл қаласында дүниеге келген. Әрі қарай Әділханның сурет өнеріне қалай келгендігі жайлы сөз өрбітеміз. Бүгінде қағаз, қалам жеткілікті, бояудың да неше түрі бар.

Балалар суретті тақтаға да, асфальтқа да салып байқау өткізіп жатады және осы мамандыққа бесіктен бастап баулитын арнайы мектептер бар. Одан қалды үлкенді-кішілі оқу орындарындағы үйірмелер қаншама. Ал, Әділхан Рахмановтың сурет салуы мектепте жалғасып, ақыры оны Алматының көркемсурет училищесіне алып келді, мұнда оның таланты ашыла түсті. Кейін ол Мәскеудің полиграфия иниститутында оқыды. Талай тамаша туындылар дүниеге келді. Ол да табиғат аясында болып, айналаға қиял көзімен қарап, оны ой-санасында қорытып, қылқалам-қарумен қатырма қағаз, керме кенеп бетіне түсіріп жүретін. Ойдағы қиял мен бойдағы сезім бұлқынып қағаз бетіне асығатын. Ондайда Әділ өзі өскен орта, туған өлке, өзі өкілі болып табылатын ұлттың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын, өзінің көз алдында өткен, өзі куә болған оқиғаларды жүрек сырындай, көңіл жырындай етіп сурет түрінде бейнелейтін.

Әділханның алғашқы туындысы 1967 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Біржан сал» кітабын суретпен бейнелеу еді. Кітапты құрастырған менің нағашым - Қарта Қаңтарбаев, оның суретшісі Шәріптің нағашысы – Әділхан Рахманов болды. Сонымен қатар, Қарта Қаңтарбаевтың 80 жасқа толуына арнаған портеттік суреті жайлы осы кітапың бірінші ортасы 4.3.Қаңтарбаевтар тарауында жазылған.

Әділ Рахмановтың жұмыс кезіндегі шабытты шақтары туралы шеберханасы қатар орналасқан Қазақстанның халық суретшісі Сахи Романов

өте бір жылы, керемет сезіммен: «Қыл қаламның сүйкеп өткен әр ізі, әр тынысынан бірде арудың нұр шуақты ақ жүзін аңғарсаңыз, бірде М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Абай, Біржан, Махамбет, ЕрТарғын, бейнелерін, немесе, өзінің ата-бабалары, ана мен бала тақырыптарынан терең ойды көресіз. Мұншама жасампаздық үшін жаныңды сала тер төккен қаншама еңбек, қаншама уақыт қажет.



Ә.Рахманов. «ОТБАСЫ» топтамасынан (1980)



Әділ Рахманов. «Ер Тарғын» эпосы кітабы

Ол жұмысқа құныға кірісті. Бойындағы бар талантын керме кенеп пен қатырма қағаз бетіне төкті дейсің бір келіп. Шапқан аттың қолтығы терлеген сайын аяқты алыс тастайтынындай шабыты шалқи түсіп, тамаша суреттер бірінен кейін бірі дүниеге келіп жатты, келіп жатты» -деген болатын.

Мәскеуден кілең қазақ бейнелеу өнерінің шоқжұлдыздары шоғырланған Алматыдағы шығармашылық ортаға қайта оралғанда Әділханның шеберлігі шыңдалып, сақайып қалған суретші еді.

Есейе келе суретшінің көкірек көзін кеңістік пен адамның, барша тірлік дүниесінің бірімен бірі, өзді өзі сырласуы, аралас-құраласы, толқымалы тынысы тәнті ететін болды. Сондықтан да образдың бейнеленуі шексіз, алайда соның өзі сізге картинадан тыс қалған әлемнің сыры мен мәнін түсіндіргісі келетін тәрізді. Әділхан тек кенепке жағар көп бояуды ғана емес, көкірегінде ойнаған күй мен кең дүние – айналасын, адамдармен қарым-қатнасты да әдемі жасаған. Өнердің өзі «болмыстың қолдан шекіп соққан қалыбы» дейтініміз де сондықтан. Ал, Әділхан өз әлемінің сол болмысын жүректің жылуымен әлдилеп, шекімей-шертпей аялап, оны күншуақ пен көлеңкенің нұр сәулесі тұнған алуан түстермен бейнеледі.

Қазақтың графиктік өнерінің тарихына Әділхан Рахмановтың шығармашылық өмірбаяны көрнекті орын алған. Ол тарихтың қай бетін ашсаңыз да, алдыңыздан Әділ сомдаған тамаша образдар шығады. Оның көркем полотноларындағы образдар жүрек жылуын жер бетіндегі барша тіршілікке сыйлап тұрғандай. Ал Әділдің болмыс бітімі, жылы жүзді көзқарас, биязы, жұмсақ үні мен жылы сөзі адамдардың осынау жарық дүниеге деген құштарлығын оятқандай еді.

Әділ Рахманов полиграфияның кәсіби суретшісі, демек, суретке кітап авторы кейіпкер-лерінің көзімен қарайты-ны сөзсіз. Оның туындыларындағы композицияның жай жанр емес, өзінде қозғалысқа тұнып тұратын оқиға бейнеленетін.

Суретшінің жан дүниесінде өзін қоршаған айналаны түсінетін бірден бір жан жалғыз өзім деп түсінетін таңғажайып түйсік бар болатын. Жан дүниесінің соншама сезімталдығы және асқан дарынының арқасында суретші ғаламға деген поэтикалық түйсіктің жаңа бір көзін ашты. Ол Әділхан Сәбденұлының бейнелеу өнерінің бір жанры – графиканың іргетасын қалағандығы. Егер біз В.Сидоркинді суреткер, бір жағынан Гүлфайруз Исмаиловаңың жұбайы ретінде көкке көтерген болсақ, Әділхан көптеген кітаптарды безендіруге ешкімнің көмегінсіз атсалысқан. Ол М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи кейіпкерлерінің толық бір галереясын жасаған десе де болғандай.

Әділхан тағдырдың өзі еркелеткен, ұзақ жылдар бойына оған өзгеден ерекше көре білу, сезіне білу қабілетін аямай сыйлаған аяулы жан. Оның болмыс бітімінде кез келген суретші армандайтын асыл қасиеттер – шеберлік пен даналық, жан дүниесінің қартаймайтын жастығы бар. Суретші қылқаламының әр сілтемесі техникалық шеберлік пен сезім қуатына толы. Ал, алуан түсті бояу мен нұр сәуленің өзі дүнияуи және руханият әлемінің арнайы жіберген ақ періштесіндей. Ол адам жанын поэтикалық әсер мен пәк сезімдерге бөлеуге қашанда әзір.


Ә.Рахманов. «Өмір образдары» сериясынан (1987)


Өзінің шеберханасында гүл шоғы көзге көп түсе бермесе де, суретшінің қайта-қайта сала беретін сүйікті суреті – табиғат және адам бейнесі. Адамның сырт бейнесі емес, ішкі жан дүниесі.

1987 жылы біз Шәріп екеуіміз 50 жасқа толуымызды тойламақшы болдық. Дайындық алдында Кәбира апа біздерге келіп, - «Әділ сіздерге не силарын білмей қысылып жүр» -дегені бар. «Ештеңе керек емес, жұмыста атап өтеміз. Кешке үйде өзіміз туыстар отырамыз, көп адам болмайды» -деп жатырмын мен. Сонда Шәріп: «Маржан екеуіміздің портретімізді салсын, міне фотосуреттеріміз»-деді. Сондағы Әдлханның қыл қаламынан шыққан бейне мына төмендегі суретте келтірілген.

Суретті көрдім де мен үндегемін жоқ, ерекше қуаныш күй байқалмағанын ол тез аңғарды. Біздің берген фотосуретіміз мүлдем басқа, киген киіміміз де басқа болатын. Мен ойлап жүрмін, сол суретті көшіре салады екен деп. Портретте Шәріптің жүзі жұмсақ, ал менің бет әлпетім бір ер адам сияқты болы бейнеленіпті.

Кейін бір рахаттанып отырғанда, Шәріпке айтқаны бар: «Мен көшірме жасамаймын, суретті көзбен емес, көңілмен саламын. Мына суретте мен екеуіңіздің жан-дүниелеріңізді, образдарыңызды өз түсінігімше беруге тырыстым» -деп. Мен осы суреттің мәнін, автордың ойын 20 жылдан кейін

түсінгендей болып отырмын. Сондықтан да Әділханның осы еңбегі менің үйімнің төрінде ілулі тұр.
1986 жылы ұстазымыз А.Машанов 80 жасқа толып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Орденін таққызып суретке түсірдік, бір сурет маған да тиді. Суретті үйге алып келіп, Әділханға портетін жасап бер деп Шәріп екеуіміз қолқа салдық. Сол кезде ол өте бір қаурыт жұмыс атқарып жатқан болатын. «Машановтай адамның портеті бір күнде, бір жұмада емес, айлап, жылдап салынады. Менің уақытым тығыз. Сондықтан сіздер мынандай тосын си жасаңыздар» деді. Тамақ піскенше үйде отырып сызба қағазға Әл-Фарабидің басындағы сәлдесінің суретін қарындашпен сызды да, оны Машановтың орденмен түскен суретінің үстіне қойды. Сонда КСРО-ның орденін таққан Машанов басында сәлде киіп отырған болып шықты. Суреттің астына



Әр ісіңіз үлгі-өнеге байсалдық,
Нәр алдық та өзіңізден
жайқалдық.
Әлде болса білім нүрын төгіңіз,
Фарабидей түріңізден
айналдық! –

деп бір ауыз арнау сөз жазып қолымды қойдым. Машановтың өзіне барып, арабша «Машанов» деп жазғызып алдым, оны да суреттің оң жағына орналастырдым. Әрі қарай сретті бірнеше экземпляр қылып басқыздық, енді көрсетуге басшылардан қорқып жүрміз.

Мерей той үстінде ұстазымыздың өзіне бір сурет силадық. Мәз болды. Жанында отырғандарға көрсетіп, Машанов мәз болды. Тойға келгендер бір-бір суреттен алғысы келді, дайынданымызды таратып бердік.

Машановтың 85 жасқа толуына байанысты, Машановтың және онымен қызыметтес болған бірнеше ғалымдардың суреттерін салу және «Маркшейдерлік іс» кафедрасының фойесін безендіру керек болды. Ә.Рахманов Шәріптің көмегімен 1990-1991 жыдары сол институтпен келісім-шартқа отырып еңбек жасады. Мына төмендегі суретте сол Әділхан жасаған «Машанов аудиториятсының» бір көрнісі келтірілген.



Ә.Рахманов. ҚазҰТУ-дағы



Әділ Рахманов. «БУРАБАЙ» (1994)

Ағасы – ақын Асылхан Рахманов жүрек түкпіріндегі жан тебіренісін өлеңмен өрнектеп қағазға түсіргенше жаны тыншымаса, інісі – суретші Әділхан Рахманов көз алдындағы елестерді көркем шығармаға айналдырып сурет түрінде дүниеге әкелгенше жаны жай таппайтын. Ақын Бурабай туралы:

«Сені мақтап талай ақын жырлаған,
Күңірентіп сөз көркемін арнаған.
Сұлулықтың көрмесіндей келбетің,
Қызықтырып кімді құштар қылмаған.

Бурабайдың көл басында күнде той,
Сәкен сені әнге қосып кеткен ғой.
Менің дағы қиялымды толқытп,
Қытықтайды қызықтырып тұнық ой.» -десе, Әділханның осы айтылғанды айнытпай, көзбен емес, көңілмен нақыштап кенепке майлы бояумен бейнелегені мына төмендегі суреттен көрінеді. Әділдің осы салған суреті де менің төрімді түрлендіріп тұр.

Бірі – ақын, бірі – суретші. Екеуінде де жан тебіренісі бар. Екеуі де шығармалары сәтті болса, көңілдері бей-жай, бүкіл әлем олар үшін ғажап, керемет тамаша!

Әлілхан Рахмановқа КСРО Суретшілер одағына мүшелікке қабылдануы, оған Қазақ КСР мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер атағы бекерден бекер берілмесе керек. Әттең, ғұмыры қысқа болды.

Әділхан Рахманов 1997 жылғы сәуірдің 13 жұлдызында таңата, Шәріптен 6 айдан кейін дүние салды. Сол Шәріп шыққан үйден нағашысы шықса ештеңе етпейді деп, арулап үйімізден шығардық. Асекең мен Айпен бастап Тараздан келген нағашылар, Алматыдағы суретшілер қимас лебіздерін білдіріп,

Әулиеатаның төрінде туған, талантты азамат Әділхан Рахмановты Алматыдағы мәңгілік мекеніне аттандырды.

Иә, ол жарық жұлдыз еді. Ай мен күн болмаса, қараңғы түнде адамдар адасар еді. Әділдей өнер жұлдыздары болмаса, мына күйбің тіршілікте адамдардың көңілін кір басар еді. Осындай қыл қалам шебері, таза адам таң алдында жұлдыздармен бірге сөнді. Енді біз Әділханды ылғи да аспанда жұлдыздармен бірге көретін боламыз.


Асылхан Рахманов және АсқарТоқпанов

Өмірден озып кетсе де, 55 жасқа толуына орай Қазақстанның суретшілер Одағы арнайы көрме ұйымдастырды. Әділхан Рахмановтың шығармашылық еңбектері Мәскеудің Третьяков сурет галереясына, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік көркемөнер музейінде, Астанадағы Заманауй бейнелеу музейінде орын алғаны біздер үшін мақтаныш. Оның еңбектері жайлы «Өнер» баспасынан шыққан «По залам государственного музея искусств Казахской ССР» (1976 ж), «Избразительное искусство советского Казахстана» (1990 ж), «Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері» (1996 ж) және т.б. бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаны мамандар мен қалың жұртшылықтың оң пікірін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ә.Рахманов» атты фильм жарық көрді.

☆☆☆☆☆

Ақар Тоқпанов. 1982 жылы 12 маусымда үлкен баламыз Шәкірдің үйлену тойының асабасы – Қазақстанның белгілі режисеры Асқар Тоқпанов (Рәзимә апаның інісі, алматылық жаныс) болатыны күні бұрын белгіленген болатын. Сол күні кешке батыр атамыз Бауыржан Момышұлының қайтыс болуына байланысты - қонақасы берілетін болғандықтан Асекең Тоқпанов тойдың басын бастап, жалғастыруды інісі – екінші Асекеңе (Асылхан Рахмановқа) тапсырды. Сонда Асекеңнің Асқар Тоқпановты дүйім жұртқа таныстырғанының бір шумағы:

Жастайынан талпынып,
Өнер шіркін әркімге,
Жеңіл-желпі келер ме?
Асқар ағам Тоқпанов,
Қазағымның бетке ұстар,
Тұңғыш театр режисері,
Досы түгіл дұшпаны,
Қолын созған сәлемге.

Асқар Тоқпановты білетіндер осы бір шумақ өлеңнен оның қандай адам екенін аңғара береді.

Дегенмен АсқарТоқпанов-Асекең кім еді?!

Асқар Тоқпанов -режиссер, педагог, Қазақстанның халық артисі.1932 -1933 ж. ҚазПИ-де оқыған. 1939 ж. Мәскеу Театр өнері институтын бітірген. 1939 жылдан бастап Қазақ академия драма театрында режессер қоюшы болып қызмет атқарған. Ол Алматыдағы театр училищесінде (1939 -1944) жөне Онер институтында (қазіргі Қазақ үлттық өнер академиясы, 1955 - 1963 ж. кафедра меңгерушісі, професор) сабақ берген. 1985 ж. Алматыда ол тұрған үйге мемориалды тақта орнатылды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған жан.

Алғашқы танысқанымда (II-ортаның 1- тарауы) Күлән апай арқылы жезде болған Асқар Тоқпанов, кейін апамыз Рәзимәнің інісі хақында біздерге нағашы болып кетті. Шәріп оның жеке меншік шопыры болды. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қауратты Асқар нағашымыз ақылына білімі сай, тентектігіне мінезі сай, жігеріне қайраты сай адам еді.

Асекеңді сегіз қырлы, бір сырлы десек те болады: ол –артист, ол – режиссер, ол-педагог, ол- көркемсөз шебері, ол- әмбебаб ғалым, аудармашы, жазушы [65].

Асекеңе қандай сауал қойсаң да шапшаң, ойланбай жуап бере білетін. Сөйлеген кезде ағып тұратын көркем сөздің көсемі еді. Жаңылысу деген жоқ, шаршамайтын. Үзіліс, пауза дегенді білмейтін. 30-40 минут бойы сөйлеп, ешкімге сөз бермейтін. Әрине, мағналы, жүйелі, ретті, мәнерлі сөйлейтін, отырыстардың сәні еді. Ал ашуланса, тілі ащы. Айтып салатын, кемшілікті жасырып қалуды қылмыс санайтын. Жарықтық, табан астынан жау тауып алудың шебері еді. Өзін шындықтың адамы деп есептеп, орынды-орынсыз жерден мін тауып, айтысудан қаймықпайтын қайсарлығы өз басына зауал болып төнсе де, мұқалмайтын.



Асекеңнің асау мінезіне тойтарыс бере алатын, тіл табыса алатын балдыздарының бірі – Гүль Махметқызы болатын. Ол Күлән апайға көмектесіп, балаларына қамқор бола білді. Кіші қызы- Ляззәт ҚазПТИ-дің экономика факультетінде қолымызда оқыды.

Асекеңнің 60 жасқа толған тойы 1975 жылы Акемтеатрында өтті. Күлән апай екеуінің сахнада төрінде жарасып отырғаны әлі есімде. Сол кезде Асекең мына бір шумақ өлеңге сай болатын.

«Тізгінсіз тентек, ерке бала қиын,
Асеке, мінезің бар алақұын.
Өнердің көрігіндей құйма құлақ,
Кеуденде күмбірлеткен дала күйін»

Асекең қаншама шет ел пьессаларын(А.Чехов «Шағала», А.Софронов «Стряпуха», Г.Ибслон «Нора», М.Горьки «Фома Гордеев») аударып сахнада қойды және «Сахна саздары», «Бүгінгі күнге дейін» атты кітаптар да жазды. Асекеңнің жетпіске келген тойына бара алмадық, өйткені үш ұл, үш қыз туып берген және «Асқарым-ау, Асқарым! Керегі жоқ басқаның!» - деп әндетіп, кез

келген жерде отағасысының атын аспаға көтеріп отыратын Күлән апайымызбен ажырасқан кезі болатын. Екінші әйелі Жаңылмен жараса алмадық.

Десек те, Асекең, Асқар Тоқпанов халқымыздың бір таур перзенті. Ол өзінің тарихтағы орны мен тұлғасын көзінің тірісінде-ақ маңдай терімен, тегеруінді дарынымен өзі сомдап кетті. Сахна өнерін Қазақ жерінде халқының мұңымен ортақтастырып тұсауын кескен ең алғашқы кәнігі (профессионал) режиссеріміз –Асекең – Асқар Тоқпанов екені шындық. Ол қазақ өнерінің даңқын айдай әлемге танытқан тұлға.

1995 жылы тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды және Алматыда көшеге есімі берілді.

2. БЕКТЕР ӘУЛЕТІ

2.1. Менің трегім балаларым

Бекбасаров Шәкір Шәріпұлы 1960 жылы 18 қыркүйекте дүниеге келген.



Біздер Шәріп екеуімізде тау-кен инжекнері болғандықтан баламызды осы мамандыққа баулыдық. Мектепте оқып жүрген кезінен бастап, өзіміз жүргізіп жүрген карьердегі, жер астындағы ғыли-жұмыстарға қатыстырып отырдық. Сөйтіп баламыздың санасына осы мамандыққа деген қызғушылық ұялаттық.

Мектепті үздік бітіріп Шәкір Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті. Институт қабырғасында осы мамандықтың кезіндегі кеменгерлері академиктер Ө.А.Байқоңыров, Ш.Г.Балғожин, М.Е.Медведьевтерден дәріс алып, 1982 жылы «пайдалы кендерді жер асты әдімен қазып алу» маманды бойынша үздік дипломмен институтты тамамдады.

Осы жылдары лениндік стипендияның иегері, оқу тобының старостысы, комсомол комитетінің, факультеттің ғылыми студенттік қоғамның және көркем өнерпаздер үйірмесінің (би) белсенді мүшесі болды. Ғылыми конференцияларды баяндама жасай жүріп, «ҚазПТИ студенттері ғылыми-еңбектерінің жинағында» мақалалары жарияланды.



Мәскеу олимпиадасы. Ортадағы Шәкір

Шәкір ҚазПТИ-дың халық би ансамблінің құрамында 1980 жылы Мәскеудегі жастардың дүниежүзілік фестивалға барып, лауреат атағына ие болды және шет елдерге барып концерт беріп жүрді.

1982 жылы Ш.Ш.Бекбасаровты оқу озаты ретінде аспирантураға қалуға, немесе комсомолдық жұмыспен айналу ұсынылды. Алайда ол өндіріске барып, мамандығы бойынша еңбек етуді таңдады және де Қазақстанда емес, Ресейдің Қиыр шығысына кетті. Еңбек жолын Якуталмастың Депутатский тау-кен-байыту комбинатында кен мастерінен бастап, участке бастығы, бас инженердің орынбасарына дейін көтерілді.

2000 жылы «Тау-кен кәсіпорындарының қызыметін экологиялық-экономикалық тұрғыдан бағалауды жетілдіру» тақырыбына диссертация қорғап, ғылым кандидаты деген дәрежеге ие болды.

Қазақстанға қайтып келіп, Алматы қалалық экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасында бас маман, бөлім басқарушысы қызметтерін атқарды. Осы жұмысында Шәкір Бекбасаров Алматы сияқты үлкен мегаполистердің қатты

тұрмыстық қалдықтарын зерттеумен және оларды сақтайтын полгондарын жобалаумен айналысты. Ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға түсетін техногендік жүктемені төмендетуге мүмкіндік беретін, өндіріс және тұтыныс қалдықтарынан құрылыс материалдарын жасаудың технологиясын ұсынды.

Сөйтіп, осы жұмыстары негізінде, 2010 жылы «Өндіріс және тұтыныс қалдықтарын басқаруды ғылыми-әдістемелік және технологиялық қамтамасыздандру» тақырыбына техника ғылымдарының докторы дәрежесін «Экология» мамандығы бойынша алу үшін диссертациясын қорғады.



Бекбасаровтар еңбектерінің мұқабалары

Диссертациясын қорғар алдында екі монографиясы жарық көрді.

Әкесі Шәріп Бекбасаров, ұстазы Ақжан Машановпен бірге Қаратау кен орындары жайлы монгографиялар жазып, артына өшпес із қалдырса балалары да сол ізбен ғылыми кітаптар мен оқулықтар жазуда. Ата жолын қуған деген осы-да.

Бүгінде ол тау-кен-металлургия және құрылыс өндірісінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы танымал ғалым, 60 тан астам ғылыми еңбектердің авторы. Балам 50 жасқа толғанда оған бір жыр арнаған едім, содан үзінді келтірудің жөні келіп тұр.

Шәкіржан, 50-жасқа сен де келдің,
Түңғышым, төл басым деп жақсы көрдім.
Ақ жүрек, адал ниет, жүмсақ мінез,
Жыйнадың қасиетті Алла берген.

Бақытың балаларың жігіт болған,
Өсірдің, азамат қып - аруақ қонған,
Рахымың мен Шолпаның диплом алып,
Институтта оқып жатыр Ұлан балаң.

Майрамен өмір бойы жарасып жүр!
Көп қыздар Ұланыңа таласып жүр.
Әулеттің сен үлкені - ақыл берер,
Қамқор боп інілеріңе қарасып жүр!



Осындай ғылыми жұмыспен айналысуда және күнделікті жоспарлаған іс-әрекеттерін жүзеге асыруда ой бөлісетін, демеу болатын адамы оның сүйген жары –Майра Жанғалиқызы Бекбасарова. Майра келінді нағыз «бизнестің ханымы» деп айтуға әбден болады. Ол Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетін тамамдаған. Шәкірмен бірге 7 жыл Қиыр Шығыста заңгер болып қызмет атқарған. Қазір «SAT & Company» АҚ-ның персоналдарды басқару және әкімшілік департаментінің директоры.

Майраға арнаған жыр жолдарымнан үзінді келтірудің сәті келіп тұр.

Бірін бірі қоштаған, айналайын қос балам.
Шуақ болып төгілсін, аналарың қосқан ән.
Майра менен Шәкірім, сендер жырым жазатын.
Сендер менің жарығым, сендер кенім қазатын.

Желбіресін туларың, биік болсын шыңдарың.
Алтындай боп Шолпаным, ақылды болсын ұлдарың.
Осыған мен қанағат, болмасын тек жаманат.
Бақытты бол Майрашым, саған айтар аманат.



Майра мен Шәкір балалары: Ұлан, Рахым, Асель, Шолпан және немерелері Тимур Бектердің патшайымы Маржанмен бірге

Шәкір мен Майра Бекбасаровалар үш балаларын ержеткізіп, келін түсіріп немере сүйіп отырған жандар. Немерелері туралы айтарым алда.

☆☆☆☆☆

БЕК Жанай Шәріпұлы. Марқұм Шәріп тірі кезінде өз фамилиясынан «ов» деген жалғауды алғызып тастаған болатын. Ол қайтыс болғаннан кейін, мен Онамастика комитетіне өтініш жаздым. Қазақта «Бекбасаров» деген есім болуға тиісті емес. «Бекті» табан астына тастап, баспайды. «Бекболсын» немесе «Ізбасар» болуы мүмкін. Тоғысбаев Бек, Александр Бек деген фамилиялар бар. Сондықтан отбасының фамилиясын «Бек» деп өзгертіп берулерін өтіндім. Бір айдан кейін Комитеттен оң шешім алып, барлық балаларым мен немерелерімнің ата-тектерін «Бек» деп заңды түрде өзерттім.



Бек Жанай Шәріпұлы 1962 жылы 26 қарашада Көкшетауда туған. Нағашылары екі жаққа(Жамбыл және Көкшетау облыстарына) ортақ ат қоямыз деп: «Күеу бала Шәріп жамбылдық екен, одан «Жа» ны аламыз, біздің атамыз Қанай би, сондықтан Қанайдан «най» буынын аламыз.

Сонда бұл баланың есімі «Жанай» болады» деп шешті. Тууы туралы куәлігіне Жанай Шәріпұлы болып жазылды.

Жанай ҚазПТИ-дың инженерлік геология факультетін 1984 жылы үздік дипломмен тамамдаған. Алматыда Қазақ Мемлекеттік инженерлік іздестіру ғылыми-зерттеу институында (КазГИИЗ-де) 1996 жылға дейін еңбек етті. Көп жылдар бойы жеке фирмада бухгалтер болып қызмет істеді, қазір денсаулығына байанысты шағын бизнеспен айнылысады.



Жанай қызы Жұлдызбен бірге

«Бес саусақ бірдей емес» дегендей үш балам үш түрлі өмір кешуде.


Осы үш баламның ішінде ішінде нағашыларына (Рахмановарға) тартқан, әлі күнге дейін «басы ноқтаға симай жүрген» Жанай Бек. Техникалық жоғарғы білімі болса да, өлең жазғанға бейім. Өзіне «Бекжани» деп лақап ат (псевдоним) қойып алып өлеңдерін орыс тілінде жариялайдыБос уақытында орыс тілінде өлең жазады. Бек Жанай Рәзимә әжесінің інісі, суретші Әділ Рахманов сияқты өмір кешіп жатқан жайы бар.

2001-жылы «Бекжани» деген лақап атпен «Неравнодушием занемог.....»[62] атты өлең кітабы жарық көрді. Сол кітаптың авторы-балам Жанайға арнаған мына өлеңімнен үзінді бергенді жөн көріп отырмын:

«Жалт-жұлт еткен жақұттайын жырларың,
Жүрегіңнің түбінен мұң тыңдадым.
Аппақ, адал көңіліңмен кіршіксіз,

«Жалғыздықты» тізіпсің-ау іңкәрім.

Сенің жырың кәусар бұлақ, мөп-мөлдір,
Тілің басқа, ойың өткір қанжар бір.
Нәрестедей пәксің Жаным-ақыным,
Ойда жоқта фонтан болып атылдың» деген едім.



Бек Жанайдың алғашқы өлеңдер жинағының мұқабасы мен 2-беті

Міне дәл осы жағдай, туа жалғыз-дық емес, «рухани жалғыз-дық» Әділдің де басында болды. Өздерін жан-жақты ашу үшін, «заттай-ақшадай» емес, жанын түсінетін, «рухани» қолдаушы таба алмай өмірден өтті. Олардың еңбектерін көздері тірі кездерінде талай «академияны» бітірген қатырма қағаз иелері, жақын деген жары қолдау жасаудың орнына күндеумен болды. Бүл өлең Жанайға арналса да, арулап өз үйімен шығарған Әділхан Рахмановтың соңғы бір ауыр жылдары осы жыр жолдары авторының ойында түсті ме екен....



Мен де «жедел жәрдем дәрігерлері» сияқты анда-санда арнаулар жазып қоятыным бар. Осы үш баламның ішінде ішінде нағашыларына (Рахмановарға) тартқан, әлі күнге дейін «басы ноқтаға симай жүргені» Жанай Бек. Техникалық жоғарғы білімі болса да, өлең жазғанға бейім. Өзіне «Бекжани» деп лақап ат (псевдоним) қойып алып өлеңдерін орыс тілінде жариялайды. Кейінгі кезде менің қазақша жазғандарымды Бекжани орысшаға аударумен айналысып жүр. Мәселен, осы кітіптың II - отрасындағы 2.2.1 - тараудағы ұстазым А.Машановқа арналған 2.2.1 өлеңді ол орыс тіліне былайша аударған[63].

Была как степь Сарыарки – душа его;
А он искал подземные богатства.
Столетием Учителя – великого –
Ученики справляют братство.

«Казахов гордость, говорим – Аль-Машани
Учёный и мыслитель откровений».
Кто знаний глубину пытался раз найти,
Поймёт взлёт Машановых свершений.

Вершине гор подобен образ Машани,
Чьё имя целый век уста тревожит.
Я посвящаю Вам, Учитель мои стихи,
Чьё имя память позабыть не может.

Для нас был пример Ваше каждое дело;
Впитав их идеи, и мы разрослись.
Пусть дух Ваш поддержит нас дальше умело;
В сердцах наших Вы, с Фараби вдруг слились.

Енді II - отраның 5.3 –тарауындағы мінезім туралы өлеңнің аудармасына көңіл аударыңыздар .

Иногда мой характер – нежной девушки красочный звук,
Иногда мой характер – летний день, света яркого круг.
Иногда мой характер –буйный ветер, буранов кипень,
Иногда мой характер – злой, неистово прыгнувший зверь.

Иногда мой характер – усиление обиды и зла,
Иногда мой характер - уходящие в высь облака.
Иногда мой характер – как легчайший прорыв ветерка,
О, друзья « Коль обидела Вас я, - простите меня.

«Көкшенің көлдерінендей тасып жүрем» өлең жинақтарымдағы «Өмір деген кен екен», «Өмір кезеңдері» және т.б. өлеңдерді аударып жүр. Бес саусақ бірдей емес дегендей, осы ортаншы баламның отбасы дұрыс болмады, екі рет үйленді, екеуі де сәтсіз болды. Құдайға шүкір, үш баласы бар.

2012 жылы Жанай балам 50 жасқа толды, балама қарап отырып:


«Шаштарыңа ақ кіріпті қарашы,
Нешеу екен, кәне балам, санашы.
Уақыт *шіркін* өзгертеді *бәрін* де,
Ақыл кірген ақ нышанға балашы.

Қамықпа Жанай, қамықпа!
Бұлт артынан күн шығар.
Шеріңді шығар жырыңмен,
Әйтпесе жаның тұншығар» - дедім.

Жанайдың Есбол және Жұлдыз есімді балалары туралы айтарым алда.

☆☆☆☆☆

БЕК Асқар Шәріпұлы 1964 жылдың 9 қарашасында Алматыда кеншілер жанұясында дүниеге келген. Үлкен ағасы ҚазПТИ-дың тау-кен, кіші ағасы геология факультеттерінде оқиды. Ол жастайынан біздердің күнделікті айтар сөзіміз, жұмысымыз, іс-сапарларымыз кен орындарымен байланысты екендігіне және ғылыми жұмыспен айналысу керектігіне көзі жетті. Кеңестер үкіметінің кезінде Мәскеу, Ленинград қалаларына 4-5 айға біліктілікті жоғарылату курстарына жіберіп отыратынды.



Мені осындай кезекті курсқа 1976 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 4 айға жіберді. Үйде апамыз бар, дегенмен үш баланы бірдей тастап кету қиын болды да, мен 5-класта оқитын Асқарды Мәкеуге өзіммен бірге алып кеттім. Екеуімізге жатақханадан орын берді, баламды жаңа жылға дейін оқуға мектепке орналастырды.

Төрт айдың ішінде Асқар менімен бірге жүріп Қазақстанда маркшейдерия ғылымның негізін қалаған, Ақжан Машановтың ғылыми ұстазы, ғалым П.А.Рыжовтың жанұясымен танысып, кейінгі жылдары оның баларымен (Владимир, Петр Рыжовтармен) тығыз қарым-қатынаста болды. Ол біздердің М.Е.Певзнер, В.И.Борщ-Компониец, Гудков сияқты мәскеу ғалымдарымен араласатынымызды мақтан тұтты.

Мектепте оқып жүрген кезден бастап, оның бойында озықтық қасиеттер байқала бастады. 1982 жылы О.Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебін бітірді де, ағалары сияқты кенші де, геолог та болмаймын деп, Ломоносов атындағы Мәускеу мемлекеттік университетінің теориялық физика факультетіне оқуға түсті. Мектептегі күшті дайындықтың арқасында ол Мәскеу университетінде Лениндік стипендияға оқыды.

МГУ-да оқу жаңа жылда тамадалады, яғни олар желтоқсан айында Мемлекеттік емтиханды тапсырып, қараша айында қолдарына диплом алады. 1986 жылдың қазан айында Асқарды аспирантураға алып қалуға шешім шығарылды. Жетекшісі де белгілі болды, біздірдің қуанышымызда шек болмады. Сөйтіп, баламыз Асқар дипломдық жұмысын қорғап, үздік дипломмен университетті тамамдап шықты. Бірақ аспирантураға қабылдамайтын болды. Себеп Қазақстандағы желтоқсан мәселесі...

Асқар Мәскеуден дипломын қорғағанын айтайын десе телефон істемейді. Мәскеу де Қазақстанды мықтап қолға алған екен.... Үйде телефон бірде қосылады, бірде үзіледі. Қиыр Шығыстағы үлкен баламен де сөйлесе алмай, Мәскеумен де хабарласа алмай Шәріп екеуіміздің жүйкеміз таусылды. Жаңа жылдың алдында Асқар телеформен: «Біздерді Мәскеуден үйге қайтарып жатыр» деп қысқаша сөйлесті. Бәрі де түсінікті болды.

Содан Асқар бір жыл бойы Қазақстанда ешқандай жұмысқа орналаса алмады. Осындай қиындықтарға қарамастан 1988 жылы Тау-кен істері институына инженер болып орналасты. Академик Ш.Г.Балғожин батыр адам еді

ғой, «Тау жыныстарының физикасы» деген зертханаға мынандай дипломмен алмағанда, кімдің аламыз»- деп бұйрыққа қолды қойып жіберді.

Сол кезде балама былай деп өлең шығардым:

«Тыныш таппай жүдырықгай жүрегің,
Қажетсіз боп, көзтүрткі боп жүдедің.
Кімге барып ақылдасасың апыр-ау,
Табар екен көңіліңнің кім емін.

Арманыңды асау ат қып мінесің,
Ерке өскен, бір доға ғой мінезің.
Қайсар, қайтпас қылығымен тек қана,
Түлпарынды ақ боз үйге тіредің» .

Көңілдегі сергелденді баса алмай,
Ғылым жолын іздеймін ғой қашанда.
Өнер, білім, ғылым қуса деймін мен,
Жерұйықты іздепжүрген Асандай.

Тау-кен істері институтындағы жинақтаған материалдары негізінде кандидаттық диссертациясын «Геомеханика, кеніштік аэродинамика және тау-кен теплофизикасы» мамандығы бойынша қорғауға: халықаралық жоғарғы мектеп академиясының академигі, профессор А.М.Бейсебаев пен доцент М.Н.Сәндібековтер (бірі ҚазҰТУ дағы Д 14.05.07 диссертациалық кеңестің төрағасы, екіншісі -хатшысы) көмектесті. Содан кейін Асқар ҚазҰТУ дың физика кафедрасына доцент болып жұмысқа орналасты.

А.Ш.Бек 2004 жылы докторантураның күндізгі бөліміне түсіп, ҚР минералдық ресурстар Академиясының академигі, профессор Д.Г.Букейхановтың кеңесшілігімен, Тау-кен істері институтының кеңесінде 25.00.35-«Геоинформатика» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап шықты. Оның жұмыстарының ғылыми бағыты - ашық әдіспен кен игерудің техникалық және экологиялық қауіпсіздігін жоғарылататын жартасты-жарықшақты тау жыныстарынан түзілген карьер беткейлерінің орнықтылық қасиеттерін болжаудың геоинформациялық негіздерін жасау. Жарық көрген 60 тан астам ғылыми еңбектерінің ішінде «Геоинформационное обеспечение устойчивости карьерных откосов» атты монографиясы және «Основы спутниковой геодезии» атты оқулық жазды.

«Ат баспаймын деген жерін үш басады» деген мақал бар.

Бір кезде «Мен геолог та, горняк та болмайтын» деген сол Асқар айналып келіп, тау-кен информатикасы ғылым саласынан өз орнын тапты.

Асқар баламның мінезі тура әкесі Шәріп пен Асқар Токпановқа тартқан. Апамыз осы кенже немересін өте жақсы көрді, «апа баласымын» деп, әжесінің жанында жататын. Сонда Рәзимә апамыз: «Менің Асқарым момын ғой» дейтін. Қайдағы момын, нағыз асаудың өзі болып тұр. Сол асау балама:

«Жұмсақ та болма жағадай,

Қатты да болма қададай.
Тапқаныңды жұмсай біл,
Жалтаң көз болма баладай.
Шәкірді сыйла бабадай,
Жанайды сыйла ағадай.
Қадірің сонда артады,
Дәулетіңе қарамай.
Аялап күт жарыңды,
Алдына тос барыңды.
Риясыз, пәк болсаң,
Сындырмайды сағыңды» -

деп ақылымды айтып қоямын, тыңдайтын құлақ болса.

Енді Асқар баламның отбасы туралы сөзді белгілі ақын Қасым Аманжоловтың: *«Отбасы шағын мемлекет, Мен-президент, сен-премьер»* – деген жарына арнаған өлеңімен бастағым келіп тұр. Шындығында, әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі болатыны секілді әр отбасының болмыс тіршілігінде соған ұқсас жақтары бар. Оның құрамы да басшылықпен қосшылықы қажет етеді. Бірінің -әділ, ұстамды, екіншісінің мейір шапағаты болуын қажет етеді.

Ақын сөзімен айтқанда: «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтің бірі». Отбасы –сыйластық, жарастық ортасы. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Осындайда қабақ жарасымдығы мен жан жарасымдығының үйлесімді болуы от басы мәртебесін арттыра түседі. Ол от басының отын лаулатып отырған әйел еңбегінің өзгеше ерекшелігі мен өзгеше жауапкершілдігі дер едім. Әйел отбасына күннің қызуындай мейір-шапағат, бақытты кескін-келбет береді. Осындай әйелдердің бірі Асқардың өзі тауып қосылған, бес баланың анасы, табалдырық аттағанжан иесіне жайылып жастық, төселіп көрпе бола білетін, үлкен үйдің кішкентай ғана бикеші Салтанат.

Салтанат Көкшетауда туған, әке-шешесі(фамилиялары Ашимов) менімен бірге бір мектепте оқыған. Күләш, Майра, Сағындық, Күлпаштар Алматыда оқыған және осында тұрып жатыр. Елге барған сайын, Салтанат алдымнан жүгіріп шығып. «Тәте, мен де Алматыға оқуға барамын» -дейді.
Мен: «Сенің фамилияң Ашимова, сен маған емес, Байкен Ашимовқа баруың керек. Мен тек Нұрпейісовтарды ғана оқуға түсіремін» деп ойнап айта салдым. Айтқанымды ұмытып та кеттім.

Ауылымызда барлығы Ашимовтарды емес, Нұрпейісовтарды жақсы біледі. Салтанат10 класты бітіріп, ауылсоветке барып, менің төлқұжатыма «Нұрпейісова» деп жазып беріңіздер десе, ауылсоветтің хатшысы өзіміздің адам, жазып бере салыпты. Күляш екеуіміз Алматыда жұмыс істеп жатырмыз. Бір күні Салтанат Нұрпейісова деген қыз оқуға түсуге келіп тұр.

Сөйтіп Салтанат Алматы архитектура – құрылыс институына оқуға түсіп, Күләшпен бірге тұрып, оқуын тамадады. Біздің Асқарымыз күнде тетя Күләшқа барып келейін деп жүріп, Салтанатпен тіл табысып, тұрмыс құрды. Мына қиын-қытау заман ағымына ілесе отырып, отбасының береке-бірлігінің ұйтқысы

Салтанатпен жарасымды жұп құрғаны, шаңыраққа шаттық нұры шашылғаны емес пе? «Қазақ әйелі бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қағида осы Салтанатқа тән деп білемін.



Бек Асқар және жұбайы Салтанат балаларымен бірге

Омырауына «Алтын алқа» тақпаса да, қалада тұрып бес бала тәрбиелеу оңай емес. Салтанат пен Асқардың бес балалары туралы сөз алда. Әсірге, 45 жасқа толған мерейтойымен Салтанатты шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, жанұясымен бақытты өмір кешуін тілей отыра:

«Арқа тосып тірліктің салмағына,
Айналған жанұяның ардағына.
Бес бала тәрбиелеп, ене күткен-
Ана тұр Салта деген алдарыңда.

Ақ жарылып, көзері күлім қаққан,
Бойына биязылық гүлін таққан.
Кішіге тәте, үлкенге сіңлі болып,
Асқар деген «асаудың» тілін тапқан.

Жақ болсын сен сияқты, тәңір, аққа,
Мықты боп денсаулығың, алға атта.
Айналып қырық бес жасың екі келсін,
Сен тұрған қасиетті шаңыраққа!» деген едім.

«Үйлену оңай – үй болу қиын» деп халқымыз ескертеді де, кей кезде бас қосқан екі жасты өмір қайығына салып дарияға жібереді. Сол дарияның асау да өткел бермес иіріміне төтеп беру, тұңғиыққа батпай, ағымымен, толқынымен алыса жүріп, жағаға шығу екінің бірінен келе бермейтін ерлік десек те болады. Өмір болған соң неше түрлі жағдай болады екен, солардың бәріне сабыр сақтап, не нәрсе болсада төзе білген дұрыс екен. Басқа түскен ауыртпашылықты көтеріп жүргендердің бірі – Асқар мен Салтанат.

Асқардың өмірі бір жатқан сынақ деуге болады. Қарап отырсам, Алла тағала өз құлдарына көбінесе қиындық жібереді екен. Мүмкін олар – сүйген құлдары болар, сондықтан да сүйгендерін сынайтын болар. Жұмыс жағынан да көп қиындықтар болды. Оның үстіне Айбар деген кенже баласы іштен «жүрек ауруымен» туды. Оны да екеуі уайымдайды. Егер адам сол қиындықтарды, басына түскен ауыртпашылықтарды жеңе білсе ғана қуанышқа, жақсылыққа кенеледі деген ғой құранда. Олар осы кезге дейін еңселерін түсірметен, мүжіліп кетпей, нар түйедей өмір ауыртпашылығын көтеріп келеді. Себебі оларда өмірге деген құштарлықтың оты әлі өшкен жоқ.

2.2.Немерелерім менің

БЕК Рахым Шәкіруұлы 1983 жылы туған. 1982 жылы Майра мен Шәірдің қосылуы құдамыз Жакең мен біздер үшін алғашқы қуаныш болды. Сол тойдағы бір өкініш - Рахима күдағидың болмағаны. Бірақ көпшіліктің айтуына қарағанда менің сол Рахимаға көп үқсастықтарым бар екен.

Қыз ұзату тойындағы көптілегі Майраға «анасы орнына ана болғын» деу болды. Мен «оны өмір көсетер» - деген едім. Содан бері 32 жыл өтіпті, бүгінде құдамыз Жанағалидың кенжесі Майра үш баланың анасы болды. Кешегі жиырмадағы жас қыз емес, үлкендерінің бабын табатын, кішкентайын еркелете білетін жөне менің «көлденең көңілімді» сезе қоятын анаға айналды.

Тұңғыш немереміз Рахым 1983 жылы 8-наурызда дүниеге келді. Өзім қыз тумаған адаммын. Ол кезде УЗИ деген жоқ, арманым немеремнің қыз болғаны. Ұл туды дегенде, ойпыр-ай, 8-наурызда (әйелдердің мейрамында) еркек бала туа маекен деп, көңілім пәс болып қалды. Ал Шәріп болса, жан-жаққа телефон шалып, ата болдым деп қуанып жатыр.



Немеренің атын «Рахым» деп Рахима құдағиды мәңгі есте сақтау ұшін Жакең қойған еді. Тұңғыш немере деп Шәріп екеуіміз Рахымды еркелеттік, қазақша бала бақшаға бердік, айтқанын екі етпедік.

Мектепте жүрген немереге «Рахым сал» деген жыр жазып:

«Бойы өскен соң сәл ғана,
Рахым болды бозбала.

Нағашы атасы Біржандай,
«Сал жігіт» деп аталып,
Қырындап жүр қыздарға.

Қыздарды көрсең елпілдеп,
Желмаядай желпілдеп.
Болма Рахым, жеңілтек,
Сегіз қырлы бір сырлы,
Айтсын сені жігіт» -деп» -

дегендей өлеңдетіп, Алматыдан немереме лайықты қыз іздеп жүргенде Рахымым Қарағандының Асел деген қызына көзі түсіп, үйленіп шыға келді. Сол Рахым ҚазҰТУдың «Жылжымайтын мүлікті бағалау» мамандығын, кейін Қарағанды кооперативтік институтының «экономика» мамандығын тамамдады. Үйленген соң салмақты отбасы, әке болған немерем туралы

«Аралады Алатау, Арқа, Алтайды,
Үйленген соң, Рахым енді жантайды,
Қолы жетпей Рахымдай сері жігітке,
Алматының 60 қызы қартайды» -деп жырлайтын болдым.

Немере келініміз Асел ҚарГТУды тамамдаған. Рахым мен Аселден Темури, Тамина және Жасмина есімді шөберелер сүйіп отырған жайым бар.

☆☆☆☆☆

БЕК Шолпан Шәкірқызы. Мен қыз баланы армандап, күдерімді үзбей жүрдім. Өзімше, егер балаларымда қыз балалар бола қалса, онда есімдері «Шолпан Шәкірқызы», «Айман Асқарқызы», «Жұлдыз Жанайқызы» болса жарасып тұрар еді деп армандадым.



Баламыз Шәкір Қиыр Шығыста жұмыс істеп жатыр, немереміз-Рахым екі жаста. Бәріміз бірге тұрып жатырмыз. Майра келін Әл-Фараби атындағы университетті тамамдауға дипломдық жұмысын жазып жатыр, әрі аяғы ауыр. 1986 жылдың сәуірінде арманым орындалып әулетімізге Шолпан атты тұңғыш немере қыз келді. Екі балалы болғансоң Шәкірге Депутатскийде 2 бөлмелі пәтер де берді. Майра дипломын алды, аяғы жеңілденді, енді жұбайына барғысы келіп даярлана бастады. Ал, құдаларымыз Маржан құдағи қыз туды деп Қарағандыда той жасады. Шолпан туғанда мен 49 (мүшел) жаста едім. Той үстінде былай деп өлең айттым.

«Немерелер бір керемет сиқырлы,
Тұрғызады түнде бөліп ұйқыңды.
Бар ма екен-ай басқа жанда осындай
Тәмпіш мұрын, сары домалақ сүйкімді.

Шолпаным деп сені талай іздегем,
Туады деп күдерімді үзбегем.
Рахымыма адам жетпейді бірақ та,
Әжесіне жақын екен қыз деген.

Рахымжаным аспандағы ай ма екен!
Осы қызым ағасына сай ма екен?
Екеуінің арттарынан еретін,
Ұрпақтарым-үйірлесім қайда екен?.

Қартайғанда құлақ қояр сөзіме
Нұр тайғанда шырақ болар көзіме.
Мүшелімде туға қалған Шолпан деп,
Сырға тақтым інжу тастан өзіңе»- дедім де,
өлдім-талдым дегенде көрген қызымды «Якутияның 50°С суығына жібермеймін» - деп Шолпанды екі айлығында алып қалып, Майра келінді Рахыммен бірге Депутатскийге жібердім.





Мына суретте 1985 жылдың күзінде (Майра, Рахым 2 жасар және мен) Шәкірді Якутияға аттандырып жатқанымыз. Кеңестер үкметіне өкпем жоқ, Қиыр шығысқы («Якуизолотоға») екі рет іс сапармен, яғни балаларды алып «ит жеккенге» де бардым. Ол жақта жер мәңгілік тоң болғандықтан, үйлерін қадаға орнатады екен. Ортадағы суретте «Депутатский» поселогінде қадаға орнатылған үйдің жанында екі немерем және Майрамен тұрғаным. Суретке Шәкір түсірген. Рахым мен Шолпанды Шәріп екеуіміз бағып-қақтық десем артық айтқаным емес. Оң жақтағы суретте Шәріп екеуіміз Рахым және Шолпанмен бірге Алматыда паркте қыдырып жүргеніміз.

Сөйтіп өсірген Шолпаным айдай аппақ, шашы қызыл, мінезі де апасына тартқан қыз болып өсті. Жас кезімде менің шашым оттай қызыл болды. Жеті атасына тартады деген осы екен, Шолпанның шашы да қып-қызыл, «шашын бояған ба?» деп көрген адам сұрап қояды.

Сол қызым 16 толғанда:

«Үркерім десем айдайсың,

Ағарып атқан таңдайсың.
Ақ жүзің көркіңді ашатын,
Ақ беттегі қалдайсың.
Көбелек қонса жарасқан,
Қызғалдақша жайнайсың.
Шолпаным десем күндейсің,
Шебер бір салған түр дейсік.
Сары шашың жібектей,
Жарқыраған күндейсің.
Жыл өткен сайын Шолпаным,
Ашылған бақтағы гүлдейсің.

Көңілің болса, сөзің бал,
Домбыра тартқан үндейсің.
Қытығыма тиер кей кезде,
Сыдырып соққан желдейсің
Алғашқы көрген сары қызым,
Апталған алтн кендейсің» -дедім.



Шолпан немерем 10-класты бітіріп, университеттің психология мамандығын алды. Оны мес қылмай Жаңа Зелланидияға барып тіл үйреніп, АҚШ-та бір жыл қызмет атқарып, бүгінде «Эйр Атана» әуе жолының бизнес класс аспансергі.

☆☆☆☆☆

БЕК Айман Асқарқызы Асқар мен Салтанаттың тұңғышы, 1990 жылы



салмағы 2,5 кг болып мезгілінен бұрын туды. Үйге алып келдік, 90 жасқа жақындап қалған Рәзимә апа нәрестені қолына алып: «Талай бала туған едік, көрген де едік, дәл мынандай қызыл шақаны көрген емеспін. Мынау қуыршақ сияқты ғой, қалай адам болады» деген еді. Бір жасында қолына алып, апа: «Мынаған ет бітіпті ғой, Құдай жазса, адам болар» деген-ді.

Міне содан бері 23 жыл өтіпті. Өмір зулап алға жылжып, ешқашан да ұмытылмайтын сәттермен есте қалады екен. Жиырма үш жыл бойы Асқардың түсірген суреттеріне (әкесі қызын түсіре

берген ғой) қарап отырыпт, қағаз бетіне түскен қаріптің өміршектігіндей, суреттегі Айманның бейнелері көз алдымнан бір киноның лентасы сияқты көз алдымнан өтіп жатты.

Немерем Айманның өткен белестері мен шыққан биіктерінен хабардар етеді. Қуаныштан жылаған және «күліп тұрып, жылаған кездер» де көз алдыңыздан өтеді екен. Кейде фотоальбом ғаламның тылсым табиғатын, адам көре-тұра байқай бермейтін қырларын аңғартқандай. Сондықтан да шығар, фотожинақты қолына алған әрбір жанға ғалымдар шарқ ұрып іздеген «өмір өзенінің» де қажеті болмайтыны!

Ендеше, әркімнің өз қиял-ғажайып «ұшақ-кілемшесі» бар емес пе? Осы орай-да алғаш нәресте, оқушы, кейін бойжеткен, кішкентай күндерінен өзі бағып-қағып өсірген інілерінің, туған-туысқандарының қамқоршысы, келе-келе бір үлкен шаңыраққа келін болып отырған, Айман немеремнің өмір жолының мөлтек сырларын сарғайған суреттерден оқырман қауым назарына сағындырып ұсынып отырмыз. Қабыл алыңыз, танып алыңыз!



«Есейіп кетсемде мен саған сәбимін...» деген жыр жолдары 80-нің сеңгіріне шыққан, ел-жұртының демесем де (әлі жас қой) әулетіміздің құрметіне бөленіп, шаңырағы береке-бұлағына айналған, көп бала тәрбиелеп орытған бақытты ана – Салтанаттың бес баласының үлкені – Айманға арналғандай.

Балалардың үлкені, сәбиі, біркездегі бойжеткен, ал бүгінде сол ана отбасының қамқоршысы- Айман. Қыз баланың қамқорлығында шек жоқ, өйткені ол- үлкен апа, әкпе.

Осы бір сөзді естігенде кім-кімнің де жүрегіне жылылық ұялайтыны аян. Өйткені менің көз алдымда тұлымшағы желбіреген сәби, өнер лицейінде жақсы оқып, би билеп, домбыра тартып жүрген оқушы елестесе, екіншіміздің ойымызға інілерін бесікке бөлеп, кірлерін жуып, тамақтарын даярлап, сабақтарына көмектесіп, анасының қолқабысшысы болып жүретін бойжеткен елестейді. Ал үшіншіміздің көз алдымызға үйлі-баранды болып отырған ана бейнесі келеді.

Бұл балғын санада қалған суреттер есейе келе өзгереді екен. Айман М.Базарбаев атындағы №138 өнер лицейін тамамдап, ҚазҰТУдың архитектура және дизайн кафедрасының үздік студенті, топтың старостысы болып көзе түсті.

Менің жадымда мәңгі сақталатын бойжеткен Айманға арналған жыр.

Сұңғақ бойлы, нәзік қой біздің Аймаш,
Белге дейін түседі қос қолаң шаш.
Тындырымды, мамасына қолқарас,
Інілерін қарап жүреді-ол да рас.

Сабағына түстен кейін барады,
Түске дейін музыкаға жанын салады.
Күнделігі толып тұрған «4» пен «5»,
Келешекте өз бәйгесін алады.

Жұмыстан шаршап қайтқанда,
Ешбір сөз маған айтпаңдар.
Алдымнан шығып жарқ етер,
Шәйімді беріп әрқашан,
Айманым менің ержетер.

Демалыста әжеңнің,
Жанындағы нұрысың.
Түсіне қояр көзімнен,
Сырымсың да жырымсың.
Айналдым, сенен Аймашым!

Бек Айман бүгінде ҚазҰТУ-ды архитектура мамандығы бойынша тамамдап отыр. «Кавказдың тұтқын қызы» кинофильмінде «өзі әдемі, өзі комсомол, өзі спортсмен» дейтін еді, сол сияқты «өзі әдемі, өзі суретші, өзі музыкант, өзі тамақ пісіргеннің қас шебері» десем артық емес. Айта берсе, Айманның бойынан Алла тағалам пендесіне несіп еткен жақсы қасиеттердің бәрі де табылады. Ал, мұның барлығы бала бойына әкесі Асқардың қанымен, анасы Салтанаттың ақ сүтімен даритын ізгілікке келіп тіре

☆☆☆☆☆

БЕК Жұлдыз Жанайқызы. Адам ұрпағымен көркейеді» демекші, Есбол деген немереден кейін дүниеге тағы бір қыз бала келді. Немере қыздарымның барлығына аспан денелерінің аттарын бердім. Жанай мен Мәншүктен туған қыз баланың атын «Жұлдыз» деп атадым, сөйтіп ол Жұлдыз Жанайқызы болды.

Осылайша, Рахым мен Есболдан кейін дүниеге келген Жұлдыз деп, оны төбемізге көтеріп, өмірінің алғашқы күндерін айрықша атап қуанышқа бөлендік. Жұлдыздың күн санап өсуі, біздер үшін үлкен шаттық болды.



Жұлдыз 1-кластан бастап-ақ жақсы оқыды. Қазақ мектебін үздік тамамдап, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ашылған Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне (ITU) мемлекеттік грантқа оқуға түсіп, оны есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша аяқтап отыр.

Ағасы Есбол кішкентай кезінде өте толық болды, біздер оны «Пончик» дейтін едік. Менің көз алдымда сол ағасының соңынан қалмай жүгіріп жүретін кішкентай Жұлдыз елестейді.

Есболдың соңынан қалмастан,
Жұлдыз жүреді жүгіріп.
Қытығына тиіп «Пончиктің»,
Қояды кей кез бүлдіріп.
Мінезі бар бір беткей,
Түсінбейтін айтқанды.
Кімге тартқанын білмейміз,
Айтқанынан қайтпайды.

Айман менен Шолпанның,
Соңынан ерген Жұлдызым.
Арқа сүйер Есболдың,
Қарындасы Жұлдызым!
Жақсы оқитын IT-дің,
Студентісің сен бүгін.
Қолқабыс жасап Алмаға,
Көтеретін бар жүгін.

Ағаларың өңшең «Бек»,
Тілеуқор інің ол –Айбек.
Диплом тойың құтты боп,
Өмірің өтсін тойменен,
Тілек етем көптен-көп!

Жұлдыз қай ортада болмасын жоққа жасымай, барға тасымай, өзін үнемі


Есбол, Жұлдыз және Айман Бектер

бірқалыпты ұстайтын қыз бала болды. Жалпы немере қыздарым инабатты, ибалы болып бойжеткеніне құдайға шүкір деймін.

Балаларымыздың туғаны, бала болып өскені, үй болып өніп, немерелер сүйдіргені біз үшін қандай қуаныш, қандай қызық болғаны айтпасақ та түсінікті болар. Қазір Құдайға шүкір, балаларымнан он шақты немере, үш-төрт шөбере көріп отырмын. Қазақ бала санын айтпаушы еді. Санына мән бермеген дұрыс. Аман болса немерелер көбейіп, көктей берер. Шәкірден Рахым, Шолпан, Ұлан деген немерелерім де өсіп жатыр. Рахым немеремнен тараған шөберелер жетіліп қалды. Жанайдың балалары институтты бітірді, ал Асқарымның балаларының алды институтта оқып жүр, кейінгілері мектеп жасында. Қыз балаларды жақсы көргендіктен үш қызымды жеке атап өттім, ендігі кезек ер балалар жайлы болмақ.

☆☆☆☆☆

БЕК Есбол Жанайұлы. Адамның бір қызығы бала дегендей, Есбол шыр етіп дүниенің есігін ашқан сәттен, оның алғашқы рет шырыдап күлгені, әрбір талпынысы, ата-анасының көңіліне нұр құйғаны сөзсіз. Баланың үілдеп күлгені де, ойыншық ұстағаны да, отырғаны да, қаз тұрғаны да бәрі-бәрі үлкен қуаныш. Сөйтіп, Рахым мен Шолпанның соңынан Есбол туды.



Рахым, Есбол, Шолпан, Айман, апа



Есбол, Айман, Жұлдыз, Айбек, Айдос, Ұлан, Айдар

Есбол Жанайұлының артынан қарындасы Жұлдыз туғанда:

«Түспесін деп жалғыздық,
Есболжанның басына.



Берді Құдай Жұлдызды,
Серік етіп қасына.
Арқа сүйер Жұлдызға,
Аға болдың сен бүгін.
Қарындасыңа қамқор боп,
Көтерерсің бар жүгін» - деген едім.

Сөйткен Есбол қазақ мектебіне барып, 10-класты бітіріп Қазақ ұлттық техникалық университетінің информатика факультетіне оқуға түсті. Оны тамамдаған жылы бүйрегінде үлкен науқастың барлығы анықталып, одан айығудың жолын іздеп, әкесі Жанай мен нағашы апасы Алма екеуі дәрігерлердің айтқанын бұлжытпай орындап, төзімділікпен әлі күнге дейін дертен емделіп келеді.

Сол бір ауыр күндерде барлық Бектер «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», балығы қан тапсырып, жансақтау бөлімінің алдында күзетте тұрды. Осы жерде құдашамыз Алманың (Есбол мен Жұлдыздың нағашы апалары) осы екі баланың анасындай болып, бар өмірін сарып қылып отырғанын айтпауға болмайды. Алма Халилина ҚазМУ-дың химия факультетін үздік бітірген, ел қатарлы қызыметін атқарып және балалардың бабын тауып отырған жайы бар.



Алма құдаша Есбол мен Жұлдызға деген махаббаты (аналық махаббаттан артық болмаса, кем емес), үміті сияқты сезімдер жетелеген нәзік тұлға. Есбол үш ай емханада жатқанда «Мен осы балаларды туғаннан бағып-қағып келемін. Не қылған қатал өмір, бар еңбегім далаға кететін болды ғой» - деп жылағаны, жанына батса да шыдамдылық танытып жүргеніне тәнтімін.

☆☆☆☆☆

БЕК Айбек Асқарұлы 1992 жылы сәуірде дүниеге келді, бесікке бөленіп, қазақша тәрбиеленді. Айбекті атасы өте жақсы көретін-ді. Шәріптің өмірінің соңғы жылдарында біздер жер үйде тұрдық. Сол кезде Айбек бізбен бірге болды. Аулада ойнаса да, бір іс жасаса да Айбек терлеп-тепшіп, бастаған ісін аяғына жеткізбейінше тыным таппайтын. Атасының балдағын, дәрі-дәрмегін, қажет заттарын апарып қолқабыс жасағаннан жалықпайтыны жас кезінен қалыптасқан болатын. Осы баланың «Туған айы-сәуір, өзі тәуір» деп қоятын. Шәріп қайтыс болғаннан кейін, менің де сол балаға деген ықласым ерекше болды және оның әр айтқан сөзі, қимылы, істеген ісі көз алдымда өтіп жатты. Әкесі мен шешесі Айбекке ұрсса, қорғайтын атасы жоқ болғандықтан, менің жаныма бататын болды. Сонда менің:

« Бала деген бала ғой,
Бұзық болып үлгерді.
Екі алды ма белмеймін,

Бір нәрсені бүлдірді.
Арқасынан Айбектің,
Қатты ұрдың-ау тегінде,
Сол арқылы бір тептің,
Көңіліме менің де!» - деген кездерім болды.

Бүгінде Айбек ҚазҰТУ-дың студенттері. Айдос екеуі студенттік өмірге бойлары үйреніп, «бір атаның баласындай» бірнеше ұлт өкілдері бір-біріне бауыр басып оқып жатыр. Шыжығынан қызығы мол, қайталанбайтын студенттік жылдарды бастарынан өткізуде. Сол студент жігітке:

«Айбекжан келіп қапсың 20 жасқа,
Өмірлі, бақытты бол, тілім тасқа.
Болған соң «ата баласы» еркелетем,
Боса да немерелер сенен басқа.

Ұқсап тұр түрі Шәріп атасына,
Үлкеннің беріп кеткен батасына,
Атақты, бай-қуатты азамат бол,
«Бек» деген атақ қалсын ортамызда» -деп те қоямын.



Айбектің жанашырлық, елгезектігінен басқа сөзшеңдігі де көңіл аударатын жәй. Рәзимә апамыз тоқтамастан сөйлеп отыратын еді, мүмкін сол әжесіне тартқан болар, сөз сөйлегенде ағып тұрады. Достары өте көп. Оның бойында балалық шақтан бастау алған бекзат болмысты бойына сіңіріп, ол үнемі маған, Сізге және оған Дос болып жүреді.

☆☆☆☆☆

БЕК Айдос Асқарұлы 1993 жылы туған. Ағасы екеуі егіз қозыдай бірге жүреді, бір мектепті тамамдап, бүгінде бір университетте оқиды. Ол мектепке барар жылы жазбаша тест тапсырып, конкурспен қабылдау қолға алынды. Сонда менің «Айдос барды мектепке деген» жырым жарық көрді, онда былай делінген болатын.

Тест бойынша тапсырды емтиханды,
Кім білген, бұрын ондай болмаған-ды.
Әлі есігін мектептің ашпай жатып,
Шығарыпты есепті, жазу жазып.

Қобалжып жүр папасы мен мамасы,
Директормен сөйлесіп, жоқ мазасы.
Конкурстан өткен соң ойдағыдай,
Екеуі де мақтап жатыр баласын.

Жақсы екен деп есепке, мұғалімі мақтапты,

Есебінен ешбір қателік таппапты.
Туа біткен математик қой папасы,
Сондықтан да есептің болмау керек қатесі.

Айбек, Айдос гүл бітсін қадамыңа,
Бақытты боп нұр жаусын талабыңа.
Болжаймын келешекте немерелер,
Қияға өрлеп, шыңдарға барарына.

Бүгінде екеуі де ҚазҰТУ-дың студенттері. Жоғарғы оқу орындарының бәрі теориялық білімді өндірістік практикамен ұштастыруда. Практикаға бармай қалып қойғандарға жаза қатал, оқумен қош айтысып жіберуі де ықтимал. Міне осындай өндірістік практиканы бірі (Айбек) алып қаланың астын кеулеп қазып, метро желілерін жүргізіп жатқан «Алматыметрополи-тенде» өтіп жатса, екіншісі (Айдос) кешегі сұрапыл соғыс (1941-1945жж) жылдары да, қазір де, болашақта да Отанымызды жау оғынан қорғайтын қамал бола алатын Жезді марганең кенішінде тәжрибе жинақтауда. Оқи жүре берері мол, болашағына деген мәні зор студенттердің ғылыми конференцияларына атысып, мақалалар



да жазып қояды. Солардың бірі Айдостың тау-кен ісі процестерін компьютерлік модельдеу, яғни анимациялап көрсетуге қатысты мақалалары дер едім.

Мен өзім компьютерді тек мәтінді теру үшін қолданамын. Қалған опе-рацияларды осы Айдос арқылы жүзеге асырамын. Менің қаламымнан шығып жатқан оқулықтар мен көркем әдебиет кітаптардың ішіндегі суреттер, схема-лар және дизайнында осы немеремнің үлкен үлесі бар. Айдос ауызекі сөзге сараң да, компьютерлік ойлауға жомарт. Бұл немеремнің келешегі алда.

☆☆☆☆☆

БЕК Ұлан Шәкірұлы (ағасы Рахым әйелдердің мейрамы – 8 наурызжда түниеге келсе) 1995 жылы 5-наурызда туды. Нәрестенің дүниеге келгенін екі атасы (Шәріп және Жанғали) көріп, есімін Ұлан деп қойып кетті. Бұл Шәкір мен Майраның кенжелері әрі өздерінің баққан баласы, оған шатағымыз жоқ. «Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық, белгісі қартайғанның серттен тайдық» - деп Біржан-сал айтқандай, қазір бала қарайтын шама қалмады. Десек те, Ұлан туғанда шығарған «Ұлан бастық» деген жырымнан үзінді келтірудің жөні келіп-ақ тұр.

«Дүниеге келді нәресте,
Жанғали мен Шәріпке.
Екі атасы қуанып,
Атын қойды Ұлан деп.
Тамақ берді мамасы,
Жөргек жуды папасы.
Кезектесіп тәтелер,

Жөргектерін әзірлер.
Бұйырады бұл бастық,
Тұрмаса да жарасып.
«Кімге тартқан өзі» -деп,
Қаламыз да таласып».

Бүгінде сол бастық бала Бизнес және менеджмент академиясының студенті, қыздарға қырындап жүрген бозбала. Әпкесі Шолпан сияқты шет тілдерін үйреніп жүр, мұхит асып кетеме, бизнесмен болып кете ме, оны уақыт көрсетер.

☆☆☆☆☆

БЕК Айдар Асқарұлы әулетке бір «құтты бала» болып келді. Сол жылы әкесі Асқар кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал, әжесі мен осы күнгі стандартқа сай оқулықтарды жазғаным үшін «Саңлақ автор» атағына ие болдым және Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым. Айдарға арнап «Құтты бала» деген өлең жаздым.

«Жыл аяғы құтты болып жанқандай,
Әрбір таңым тамаша боп атқандай.
Наградалар бірінен кейін бірі кеп,
Ерен еңбек өз иесін тапқандай.

Себеп оған дүниеге келді бір адам,
Асқар-Салта қыл өтпестей арадан.
«Құтты бала» бола қалды апаға,
Папасына да жасап қойды оң қадам.»

Мына төмендегі суретте «Әліппені» ашып қойып, ұйықтап кеткен Айдар немерем Айбек пен Айдос ағаларының мойнына асылып өсті, бүгінде алтыншы сынып оқушысы, оқу озаты.



Немерелерімнің ішіндегі ең инбатты, әдепті, әрқашан күлімдеп тұратын, жылылық сезімдерге толысы осы Айдар.

Осы баладан бірдеңе шығады деген үлкен үмітіміз бар және оған бәріміз былай дейміз.

Айдар – мой внук, отлично успевающий!

Айдар – немерем менің, быстро читающий!
Айдар – молодец, ученик красиво пищущий!
Айдар – наш, хороший мальчик, Бековский!
Айдар – всегда «хорошо» деп хвалящий!
Айдар – сегодня, «свой день рождения» проводящий!
Апашка и все целуют, тебя поздравлящий!

☆☆☆☆☆

БЕК Айбар Асқаруұлы әкесі екеуінің жорамал жұлдыздары «сары шаян», бірі 8-, екіншісі 9-қарашада дүниеге келгендер. Сарышаяндар кішкентайынан бастап басқа балалардан ерекшеленіп тұрады. Дәп бір ересек адамдарша өз пікірін ерте білдіре бастайды. Қалағанына қолы жетпесе, қатты ашуланып, жылап тынады. Кейде өзімен өзі оңаша қалуды ұнатады, ондай кезде оны мазалауға болмайды. Бастаған ісін аяқтамай қоймайтын, сын көтермейтін қырсық.



Мына алдарыңызда тұрған сарышаян Айбар деген бала, бірінші сыныпты аяқтады. Ол айналасындағылардың көңіл-күйін, болып жатқан оқиғаларды әрқашан қадағалап отырады, ештеңе оның назарынан тыс қалмайды.

Айбардың желкесінде орайы бар. Орай - шаштың төбеде, маңдайда немесе желкесінде бұралған орамы. Көп нәрсе осы орайға байланысты. Мәселен, ой орайдан тарайды. Денедегі қызу арқылы орайдан ой айналымға түсіп, көкке көтеріледі. Ойдың жаңғырығы әуеге, ғарышқа тарайды.

Жақсы ой адамды мұрындық жіп секілді жақсы істерге жетелейді дегендей кішкентай Айбарды ғарышпен байланысты бір ой жетелеп, «История купола» деген кітапша жазды. Оның ойынша әр адам жеке бір әлем. Кітапшада әр адамның өз бойындағы дертпен күресуінің жолдары жазылған.



БЕК АЙБАР

ИСТОРИЯ КУПОЛА

Алматы, 2012

В этой книжке я рассказываю о Куполе здоровья, который лечит нас.

Я тоже болею иногда. Я сам вместе с мамой начал свое лечение. Вы тоже начните, желаю Вам удачи!

Енді осы кітапшаның соңғы бетінен үзінді келтіруді жөн көріп отырмын.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

И так, наша жизнь поддерживается за счет окружающего нас Купола, основой которого является Энергия Космоса (вселенной). Эта энергия питает наши органы тела. Эта наша связь с внешним миром. Мы живем также благодаря атмосфере, кислорода и др. элементов, которые питают нас, поступая в организм через органы дыхания и через кожные покровы. И конечно же, нашу жизнь поддерживают питательные вещества, поступающие в организм с водой и пищей. Частичное или полное отсутствие одного из перечисленных элементов нашего организма, является толчком к развитию дистрофии и болезни и приводит к началу истощения.

Дорогие родственники! Чтобы не болеть, давайте начнем лечение. Во время лечения, в комнате никого нет, тихо и спокойно. Звучит негромкая, успокаивающая музыка. Удобно устраиваемся, закрываем глаза и мысленно взлетаем в Космос. В Космосе также находим удобное кресло или кровать. Удобно сидя или лежа закрыли глаза и вслух или почти шепотом, обращаемся к своему Куполу, призывающую Энергию словами:

Бисмиллиа ир Рахман ир Рахим!

Дорогой мой Купол! Прошу не разорви ту нить, которая Тебя и меня связывает. Пусть все болезни и враждебные силы отойдут от меня и замрут перед силой моего и Твоего сердца! Дай мне Энергию и Здоровье! Аминь!

После этого нужно находиться с закрытыми глазами в течение 20 - 30 минут. Во время этого лечения мысленно ведите через свой Купол - поток – реки - ручейки Энергии в свое пораженное болезнью тело, например ноги или руки. Шепотом попросим Энергию унять боль, и это произойдет.

Завершая лечение, в последние 5-10 минут представьте себя здоровым и счастливым человеком.

Кроме того, на столике или в тумбочке обязательно должна находится Ваша красивая фотография. Во время проведения лечения (или молитвы) периодически смотрите на фотографию. Это тоже один из важнейших элементов программы лечения при помощи Купола здоровья.


Всем здоровья и счастья! Айбар Бек

2.3. Шөберелерім менің

БЕК Темури Рахымұлы. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді халық даналығы. Демек бала сүю, ұрпақ өсіру әр адам үшін тіршілік парызы. Соның ішінде «шөбере» деп аталатын төртінші ұрпақ көру көп нәрсені аңғартады. Бұл кемеліне келген қарттық өмірдің үлкен белгісі. Оның қазақ әдетінде жөн-жосығы, қағидасы бар. Жөн-жосығы – қазақ үшін өмірдің бір қызығы – шөбере алақанынан су ішу. Қағидасы – шөбере қолынан су ішкен адам бұл дүниеде бақытты, о дүниеде де жолы ашық, жеңілдік болады. Қалай болған күнде де төртінші, бесінші ұрпақты көру көп жасаудың белгісі ғана емес, ұзақ ғұмыр кешудегі өмір сапарының мазмұнды жолдары екені артық.

Шөберені қырқынан шығарып «отыз күн ойынын, қырық күн тойын» жасадық**.** Мен осы уақытқа дейін балаларымды, немелерімді жырладым, алғашқы шөберем Темуриды әнге қостым, мендей шөбере сүйіңіздер деп келген құрбыларыма тілек айттым.

Темуридің дүниеге келгеніне әжелер ғана емес, жас әке мен анасы, жас ата, апаларының қуанышында шек болмады.



Жас ата-Шәкір Жас апалар:Майра, Сауле Асель, әже, Рахым шөбере Тимурмен

Шөберем атасына тартып биші болып тұр, билегенде алдына жан слмайды. Маған шөбере силаған Асель келінді де:

«Әселжан-ау, Әселгүл,
Жаз гүліндей жайна бір.
Жымиғаның тым жақсы,
Рахымменен қайта күл!

Жарық күнге асықпын,
Нәзік гүлге ғашықпын.
Тиманы силап біздерге,
Қарттығымды жасартың» -деп жырыма қосып қойдым.

Теледидардағы «Цесна» ұнының жарнамасында

«Алақай –ау, алақай! Менің әнім ақ бидай.

Бауырсақ пен тәтті шай, әкеледі әжетай!»- дегендей менің ендігі әнім мен айтар сөзім 2013 жылы қасиетті рамазан айында дүниеге келген қос шөбере жайында болмақ. Шөбереге жеткізген Алла тағалаға шүкіршілік айтамын.

Жасмина және Тамина БЕКТЕР. Ауылдан қария атасы келіп немерелерін сүйіп жатса, ұнатпаған келіні ақырындап балаларына: «Беттеріңнен сүйгізбеңдер, ол кісінің микробы бар»-деп ескертіпті. Сол сөзді естіп қалған қария: «Осы балалардың барлығы менің микроптарым ғой» деген екен. Сол сияқты, дүниеге келген жас нәрестелердің жіңішке тамырларында осы кітапқа арқау болып отырған менің де титтей микробым бар шығар деп ойлаймын.

2013 жылдың 18- шлдесінде біздің үйде қос гүл ашылды. Өмірге Жасмина және Тамина деген екі шөбере келді. Біреуінің шашы қызыл-күрең болып маған тартыпты. Алла тағалаға шүкіршілік деймін, ұрпақтар жағасып жатыр, мен өте қуаныштымын.



Рахым, Асель, Тимури, Тамина, Жасмина -2014

Тамина мен Жасминаға жыр арнадым.

Жұпар шашқан маусымдағы қос гүлім,
Нұрын төкті аспанымда ай бүгін.
Тимурыма қарындас боп тудыңдар,
Одан сайын жарқыратып жаз күнін.

Отбасымда қос қызғалдық ашылды,
Сендерді ескеп шаршағаным басылды.
Жасимина мен Таминаға арнайы,
Қуанғаннан даярладым шашуды.

Өскеннен соң елжіретер қызығың,
Әжелікті мойындатқан «бұзығым».
Айыра алмай жүрер ме екем сендерді,

Бантик тағып желкілдегенде тұлымың.

Жаңа ашылған таза, мөлдір бұлағым,
Қарай қалсам, төгіледі жыр-әнім.
Тимурға ұқсап билегенде сендерге,
Құдай жазса, мен де қарап тұрармын.
Басынан Алатаудың қары кетпес,
Бұл тойға көп адамдар тегі жетпес.
Қолынган шөберенің суын ішіп,
Жұмаққа путевка алғаным естен кетпес.
Тамина қыз, Жасмина қыз,
Не деген керемет ең!
Өмірді сезінуге, қуанып көз ілуге,
Шөбере сүйіп өту керек екен!
Ай! Жасмина деп-ай, Ай!Тамина деп-ай,
Ей, әнімді айтып-ай,
Жұрмін шалқып-ай!

Жас кезінде балалардың барлығының мұрындары таңқиып тұрады емес пе? Мына екі қызға қарап, нағашылары «Әжесіне тартқан, әсіресе, мұрны»- деп қояды. Баяғыда бір қыз айнаға қарап отырып: «Көзді сүзсе болады, ауызды бүрсе болады. Мына қу мұрынды қайтсе болады?» деген екен. Сол сияқты құдай берген мұрнымызды жасыра алмаймыз.

Осы кітаптағы түрлі-түсті суреттердің 8- бетінің төменгі сол жағындағы суретте Шәкір мен Майра немерелерінің кімге тартқанын біле алмай, беттеріне қарап отыр. Кім екенін білмеймін, бірақ ортадағы отырған қызға тартқаны сөзсіз.

Кімге тартса, соған тартсын, ұрпақтар жалғасын тауып жатыр.

Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі бала. Әке - асқар тау, ана - бауырындағы бұлақ. Менің үлкен немеремнің отбасы (Рахым мен Аселдің) өзгеге үлгі боларлықтай үш бала тәрбиелеп отыр.

Қуанышы мен мұңы, күнгейі мен көлеңкесі қатар жүретін жылдардың қанатында отырып-ақ өмірдің өтіп бара жатқанын да өзіміз байқамай қалғандаймыз. Қариялар: «өмір деген шұбатылған керуенге ұқсайды» деп жатады. Оның көшіне лайық бола алсақ жарайды ғой. Халқының ұлы болудың орнына қарынның құлы болып жүргендер қаншама. «Өлді деуге бола ма, өлмейтұғын артында із қалдырған» дейді Абай. Өлмейтін із қалдыруды екінің бірінің маңдайына жазбаған. Сол сиректердің қатарында өзімді бар деп есептеймін де, соған қуанамын, шүкіршілік етемін.

Осы кітабымның қолжазбасы аяқталып, баспаға тапсырғалы отырғанда біздің отбасында үлкен қуанышты уақиға болды. Айман мен Русланның обасына кішкене нәресте келді. Еңбегім жарыққа шығарда біздерге жиеннің келуі жақсы ырым, жағымды жаңалық. Әулетіміздің жалғаса беруін құдайым қош көрсе болғаны да!

Менің артымда қалар із – қолыңыздағы ғұмырбаяндық кітап. Оның беттерінде өмірдің бұрылысты, бұралаңды жолдары, ғылымның қия-шыңдары да, артымнан ерген ұрпақтарым өткен күннің белгісіндей бейнеленген.

3. ҚҰДА-ҚҰДАҒИЛАРЫМ МЕНІҢ

3.1. Оралдық құдалар

Қожановтар әулеті. Ақиық ақынымыз Қ.Мырзалиев «Қазақ осы құда бол деп қинайтын, құдаларын құдайындай сыйлайтын», - деп жырлағандай Шәріп екеуіміз бір кезде Қожановтар әулетіне (Жанғали Тәттіғалиұлы Қожанов отағасыға) құда болайық деп қолқа салған едік. Ол 1982 жылдың ақпаны болатын. Міне содан бері 32 жыл өтіпті. Осы аралықта өз көрген-білгенімді, Жакең-Жанғали арқылы өрісім кеңейгенін, құда-жекжаттар, аралас-құралас, дәмдес болған адамдарым туралы өз пікірімді айтқанды жөн көрдім.

Жалпы қазақтың «текті жердің баласы тегіне тартып тұрады» дегені ұғымға айналып кетті. Менің ұғымымда тектану шежіре білу-ғылым. Оған ғылыми тұрғыдан қарасақ: тұлпардан тұлпар, жабыдан жабы, мәстектен мәстек туатыны аян сияқты, яғни тектіден текті ұрпақтың дүниеге келуі - өмірдің шындығы.

«Құда болғанша тегіңді сұрас, құда болған соң құл да болса сыйлас» демейме халқымыз. 1982 жылы танысқанымызда рудан бастамасақ та, кейін бәрін біле жаттық. Жакең әкесі жағынан бағналы бәйтерек кіші жүздің он екі ата Байұлының ішіндегі Ысықтан тараған.

2013 жылы Жанғали құдамыздың әкесі Тәттіғали Қожановтың туғанына 115 жыл толғанын Батыс Қазақстан облысы, оның ішінде Қаратөбе ауданы жұртшылығы кеңінен атап өтті. Осы атаулы шараға шашу ретінде мен «Мың тағзым» деген кітап жаздым. Үш бөлімнен тұратын бұл кітаптың «Тәттіғали Қожанов» деп аталатын бірінші бөлімінде зорлық-зомбылықтың құрбаны болған, кең құлашты, кемел ойлы Т.Қожанов жайлі естеліктер топтастырылған. Екінші бөлімі – Ұлы отан соғысының ардагері, бар өмірін күреспен өткізген-Жанғали Тәттіғалиұлы Қожановқа, ал үшінші бөлімі аталар мен әкелердің ісін жалғастырып жүрген Қожанов әулетінің ұрпақтарына арналған-ды.

Жерінде Ақжайығы бар, қойнында мұнайға толы байлығы бар, елінде жыр мен күйдің құдыретті күші бар Батыс Қазақстан – көне тарихтың ең жарқын куәгері. Ағысы қатты, арнасы кең, қасиетті Жайық суының және Еділ мен Жайық өзендері аралығын алып жатқан Нарын құмының құдыретті күшін, әлемнің апшысын қуырып, аптаған аңызақ та, аранын ашқан құрғақшылық та мойыта алмаған. Үш жүздің ішіндегі жерді ең көп иеленген өлке Жайық пен Тобылдан бастап Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі алқапты алып жатқан, бір кездегі Бөкей Ордасы қазақ халқымен бірге талай тарихи оқиғалардың куәгері болған.

Бұл өлке және оның азаматтары туралы түйін сөз Қадыр Мырза-әлидің мына жыр шумақтарында көрініс тапқан:

Бұл қара жер болған бізге кең мекен,
Кең мекенге қанша қауіп төнді екен!
Білсең оны төбе шашың тік тұрар,
Бишараның көрмегені кемде-кем.

Найзағайы өзгешелеу шатырлар,
Бұл далада көп сортаңдар, тақырлар.
Бұл далада өседі тек қасқайып,
Сексеуіл мен найза ұстаған батырлар!

Осындай баласының бірі мына сарғайған суреттегі жас жігіт- Тәттіғали Қожанов!



Ол – Қаратөбе өлкесінің нәрімен сусындаған жандардың бірі – қазақтың қас батыры, һам ардақты азаматы, «Қартөбеден шыққан комиссар» деп аталып кеткен, ҚазССР-ның тұңғыш Жер комиссары- Тәттіғали Қожанов. Тәттіғали Қожанов дүние салғалы табаны күректей 72 жыл. Ал сол кезде ол тек қана 43 жаста екен. Қырық үш жас адам ғұмырымен есептегенде Орда бұзар жас. Иә, ол отызында орда бұзып, 40 жасында ҚазССР Жер комиссары болып тағайындалып, еліне қамал болған жан.

Бұл жас, қазақы ұғыммен айтқанда, өлгенің өшіп, тірінің тұғырға шығар шағы. Бұл адам Рухының қайсарлығы сыналар тұсы. Бұл жалғанды жалпағынан басып кейбіреулердің қара көбейтіп жүрер немесе Орда бұзар кезін көрсетер кезеңі де осында...

1931-1933 жылдары Алматы облысында Іле аудандық партия комитетінің секретары, облыстық, жер бөлімінің бастығы. 1933-1937 жылдары Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық партия комитетінің секретары, облыстық, атқару комитетінің председателі. 1938-1939 жылдары Қазақ ССР халық Жер комиссары, 1-сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Дана халқымыз елінің бақыты үшін еңбек етіп тері мен қанын бірдей төккен ұл-қыздарын ешқашан естен шығармайды. Оның мұндай перзенттері аз емес. Солардың бірі деп Қожанов Тәттіғалиды берік сеніммен айтуға болады. Өткен ғасырдың 20 — жылдары жұрт сауатын аша-алмай жүрген шақта, Ресейде жоғары білім алып, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуі Т. Қожановтың текті жерден шыққандығының айғағы.

Ол осы облыста, оның аудандарында Кеңес үкіметін **орнатып,** бекіндіруге аянбай атсалысқан азамат, кейін кен байтақ республика көлемінде әбден танылған, халық қалаулысы болған қоғам қайраткері.

Өзінің барлық саналы өмірін елі, халқы үшін қызмет етуге арнаған ардагер азамат Т.Қожанов жазықсыз жаланың құрбаны болды.

Мен Жер комиссарымын,
Өз еліме ұлтанмын.
Әуелден-ақ білгенмін,
Ататынын бір таңның.

Шешен десең шешенмін,
Көсем десең көсеммін.
Кесіп тастай алмадым,

Заманымның кеселін.
Орындалмай тілегім,
Соқпай қалды жүрегім.

Қызығым көп жоғалған,
Шаттығым көп тоналған.
Халқы үшін көз жұмған,
Азаматта жоқ арман! -деген,

Тәттіғали Қожановтың өмірі ерлік пен қасіретке толы болды, айдауда жүріп, зорлық пен зомбылықтан 1941 жылы 43 жасында Хабаровск өлкесінде мәңгілік көз жұмды.

43 жасында қыршын кеткен Т.Қожанов бір ғана Қаратөбенің азаматы, Батыс Қазақстанның перзенті емес, бұл дегенің *«Ауызың алты қарыс қырық үш жаста, Семсерсің майырылмас салсаң тасқа»,-д*еп жырға қосқан қазақтың маңдайына біткен санаулы шоқ жұлдыздарының бірі дер едік.

«Өлтірген 70 мыңды оққа байлап, жоғалтқан бір талайын Сібірге айдап" деген жыр жолдарын еске сала кете мемлекетіміздің құрылуына, дамуына маңдай терін төгіп қызмет еткен, әрі нағыз күш-жігері тасып, қайнап тұрған шағында «халық жауы» атанып қорлықта өлген боздақ Тәттіғали Қожановтың және оның замандастары: Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ильяс Жансүгіровтердің рухтары алдында бас иіп, тағзым етеміз.

Бұл заман қазақтың қуғын-сүргінге ұшыраған, қасіретті ғасыры еді. 1938 жылы халық жер комиссары болып тағайындалып, екі жыл өтпей жатып қамауға алынып, Т.Қожанов «Халық жауы» деген жаланың құрбаны болып кете барды. Сол кезде, төрт баламен (Жанғали, Марат,Софья, Мамлакат) қалған жұбайы Тәрбиә анамыздың тартпаған азабы жоқ екен.

Сол төрт баланың бірі мен құда болып отырған Жанғали Қожанов.

☆☆☆☆☆



Ал **Жанғали Тәттіғалиұлы Қожановтың** жүріп өткен өмір белестері, оның қан майдандағыерліктері, туған-туысқандарына деген мейірбандығы, қомқоршылдығы жаны жайсаң жанның туған еліне, қасиетті жеріне деген перзентгік махаббатымен өзектес еді. Арамызда ақсандап болса да жүріп жатса, біз 9 мамырда Жакеннің 88 шыққанын атап өтер едік. Амал не, биыл Жакеңнен айырылғанымызға он үш жыл толып отыр[22].

Жакеңнің бар өмірі күреспен өтті деуге болады. Соғыстан мүгедек болып келіп, жұмыс істеп жүріп, сырттан жоғары білім алуы, 12 жыл бойы қарындастары Софья мен Мамлакатты оқытып, аяғынан түрғызайын деп еңбек етуі, 1957 жылы Рахима Галиқызьша үйленіп, балалы болып, енді сол балалардың қызығын бірге көрер шақга, 1978 жылы жұбайы Рахимадан

айырылып үш баламен қалуы, оларды өзі жалғыз ержеткізіп, жоғары білім әпертіп, үй қылып үядан ұшыруы және де денедегі жау оғының жыландай сорып жатқан жараққаттарымен алысуы – «өмір» деген өткел бермес дариямен алысу емес пе?

Құдайға шүкір! Жакенді армансыз деуге де болады. Балалары ер жетті, құда-жекжаттарын көріп өрісі кеңейді.

1982 жылы Майра мен Шәкірдің қосылуы Жакең мен біздер үшін алғашқы қуаныш болды. Сол тойдағы бір өкініш - Рахима құдағидың болмағаны. Жакең кенже де сүйікті перзенті Майраны қатты уайымдады. Бұл ерке қызым Алматыға барып, «судай сіңіп, тастай батып», келін бола алар ма екен деген ойда болды. Қызына: «Майруша, қарағым, жақсы мен жаманды ажырата біл, ешкімге қиянат жасама, жолдасың Шәкір жақсы бала, сыйла. Ана орнына ана болып отырған Маржан құдағидың алдынан келме» - деп айтып, «сөзімді тыңдай ма, тыңдамай ма» дегендей, бір беткей, ерке өскен қызының бірден сыр бере қоймайтын дидарына көз салатын.

Жакеңнің қызы Майраға құда түсуге келдік. Ақпан айы болатын. Тайғанап кетпес үшін Шәріп қолына таяқ ұстаған-ды. Біздерді алдымыздан шығып, қарсы алған адамның да қолында сүйенген таяғы бар екен. Шәріп шахтада оң аяғынан айрылса, болашақ құдамыз соғыста сол аяғын берген екен. Сол құдалықта Жакеңнің қарындасы Софья, күйеу баласы Зайкен Інкәрбаевтармен, екінші қарындасы Мамлакат және күйеу баласы Мұрат Ізмұхановтармен, балдызы Роза және күйеу баласы Армия Бляловтармен, інілері Ғұмар — Гүлбаршын, Амантай — Асия, Максұт — Мархаба, Нұрғаим — Сапар, Барухан — Батырғали сияқты жекжаттарымен таныстық. Жолдасым Шәріп Бекбасаров екеуіміз бір естен кетпес кездерді бастан өткіздік.

12.02.1982 жылы Саран қаласында сол құдалықта айтқаным:

Айналайын Майражан табылдың қайдан,
Алма мойын ақ үйрек ұшар сайдан.
Майра арқылы сіздермен таңысқалы,
Келіп қалдық арнайы Алматыдан.
Алма ағаштын гүліндей,
Текеметтің түріндей,
Табысыпты екі жас,
Сізбен бізге білінбей.
Ағынан да алманы көгі жақсы,
Барынанда жаманның жоғы жақсы.
«Мың жыл құда» болайық төс қағысып,
Арамызда ниеттін ағы жақсы.
«Мың жыл құда» ойымызда,
Мін барма екен бойымызда.
Өлең айтып би билейік,
Ертең болар тойымызда.
Айналайын Майрашым орта бойлым,
Сары майдан айрып торта қойдым.

Қызым жоқ еді, болсын деп үлкен қызым,
Майрашым деп аты да жорта қойдым.
«Жүз жыл күйеу» ойында
Міні жоқ қой бойында.
Өлең айтпай отыра алман
Шәкірімнің тойында.

Тойымызды 12.06.1982 ж. Алматыда өткіздік. Жоғарыда аты аталған адамдар және Алматыдан екі отбасы (Хасанғалиевтар мен Ізмұхановтар) құда болып тоймызға келді. Майра Жанғаликызы ҚазМУ-ді заң мамандығы бойынша бітірді, кәзір «SAT & Company» компаниясында кадр департаментін басқарады.

Жакең шахмат ойнағанды жақсы көретін еді. Менің жолдасым Шәріп екеуінің көп уақыттары шахматқа арналатын, себебі екеуі де мүгедек жандар болды, екеуінің де машиналары қолмен басқарылатын еді. Машинаны қойғаннан кейін екеуі де тек шахмат ойнайтын, немесе кітап оқитын-ды.

Бүгінде Жәкең - Шәкең екі құда да өмірден озды. Екі құда да өмірге құштар еді. Олар өмір сүрудің зор бақыт, ерен қуаныш екенін ғұмырының соңғы сағаттарында да сезініп жатты.

... Денемде сау жерім жоқ егілмеген,
Жатады жан ауыртып темір тебен,
Шыдайсың, шипа іздейсің қиналасың,
Адамға қандай ыстық өмір деген, -жыр жолдары осы сөзімізге анық дәлел.

Бірақ уақыт зымырап өтуде, амал не қазір арамызда көбі жоқ. Жан болған соң амал бар ма тозбасқа! Көкірегің алабұртқан боз қасқа. Құдаларым сіздер жөнінде сөз басқа!

Жакеңдей-Жанғали Қожановтай жаны жайсаң азаматпен құдаластырған тағдырға мен дән ризамын

☆☆☆☆☆

Серік Қожанов - Жакеңнің тұңғышы, 1958 ж. туған. Осы балам өзіме серік, жалғыз аяғыма тіреу болсын деп атын Серік қойған екен.

Серік әкесінің артқан үмітін ақтады, Қарағанды жоғарғы милиция мектебін бітірген, подполковник, халықты қорғау жүйесінде қызмет атқарған, қазір адвокаттық қызметте. Анасы Рахима қайтыс болғанда 20-ға толмаған Серік, Марат пен Майра үйлі-жайлы болғанша Жакеннің серігі де, тіреніші де, қуанышы де бола білді.

Мен Қожановтармен құдаласқаннан бері Серіктің бір дауысын көтеріп үлкен адамға қарсы келгенін, әкесінің сөзін тыңдамай қойған кездерін көрмедім. Ал қарындасы Майраға деген мейірімділігі, жиендеріне деген бауырмашылығы ерекше. Жанар деген келініміз туралы айтар сөзімді:

Көрсең мейлі, күйінбе, -
Тұрмыстың көп күйбеңін.
Жадыратар үйіңді,
Жақсы болса сүйгенің.

Кейбір сәтсіз шағында,
Сүйеу болса сүйгенің
Сырыңды тек қасыңда,
Ұқса болды сүйгенің –

деген өлең шумағы жеткізгендей.

Менің немерелерім Рахым, Шолпан, Ұландар Жанара мен Серік десе ішкен астарын жерге қояды. Нағашылары еркелетеді, бастарына жастық, астарына көрпе болып төселеді. Серік пен Жанардың баласының атын «көптен күткен, сағынған немере» деп Жакең Сағынғали қойған. Сағынғали Қожанов жоғары білім алған, бүгінде Қарағанды облыстық прокоратурада қызмет атқаруда.



Серікті үйлендіріп Жакең Ғаббас және Балкен деген құда-құдағи тапты, жақсы силасып кеттік. Ғаббас Әлмағамбетов көп жыл аудандық атқару комитетін басқарған, Қазыбек бидің ұрпағы, көпті көрген, білімдар адам еді. Ол құдамыз да дүниеден өтті. Өкінішпен, иманы өзіне, жаны жаннатта болсын деп тілек білдірген жаймыз бар.

Серік Жанғалиұлы кәзір Қарағандыда тұрады, отбасының қадірменді иесі, дос-жарандарының арасында шоқтығы биік, Жакеңнен біткен биязы мінезімен, байыпты жүріс-тұрысымен, ақыл-парасатымен көпшілік сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген, әке жолын қуған азамат.

Жакеңнің өзі де, өзіне құдай қосқан құдалары да текті жерден шыққандар. Ғаббас Әлмағамбетов құданың балалары өскен, өркендеген өмірден өз орындарын тапқан саналы азаматтар.

Жакеңнің Софья қарындасы 1957 жылы Алматы мединститутында оқып жүріп, Қарқаралының қаракесегіне (Зайкен Інкәрбаевқа) тұрмысқа шығып, Жайықтан Сарыарқаға дейін «Софьяның сара жолы» деген жол салған екен. Жакең сол ізбен өз балаларына, балдызы Розаға, жиендеріне келгенде тек каракесектермен құдаласқан. Серік пен Маратқа өзі құда түсіп қаракесектің қақ ортасынан текті жерден екі құда тапты. Жакеңнің Мустафин Базарбай құдасы өз алдына бір тарих.

☆☆☆☆☆

Марат Қожанов. Жакеңнің ағасы — Марат майданда қаза болған. Сол інісінің есімі мәңгі аталып жүрсін, ержүрек ағасындай болсын деп, Жакең екінші баласын Марат деп атаған екен.

Марат Жанғалиұлы Қазақ ауылшаруашылық институтын бітірген, мамандығы механик. Мараттың үйлену тойының басы - қасында болдық.



«Қырық күн ойын, отыз күн тойы» — болды дегендей, ол кездер қазір естен шықпайтын болды. Мараттың үйіндегі Гүлбаршынды (Гуля дейміз) өзіміз қолымыздан алдық. Тойдағы бір плакатта Жакең жалғыз аяғымен арқан баспалдақты ұстап тұрып Маратты ең жоғарғы алаңға көтеріп жатса, екінші бір плакатта тығыз денелі, орта бойлы — Рабиға (құдағи) алақанымен жас отауды ұстап тұрған бейне бар еді. Соның бәрі сол кезіміз бен келешегіміз болатын.

Иә, Маратты Жакең өзі жалғыз бақты, ержеткізді, үйлендірді. Оған бәріміз куәміз. Марат үй болғаннан кейін Рабиға мен Базекең сынды құдалардың Жакең үйінің ошағы оттан түспесін, Жакеңнің Айнұр, Азат, Адия деген немерелері атасының бауырында өссін деп, жыртықтарына жамау, тесіктеріне бітеу болғандарына да бәріміз куәміз.

Менің немерелерімнің аты-жөні басқа болды ғой. Жакеңнің Айнұр және Азат Қожановтар туғандағы қуанышында шек болмады, ол қуанышқа бәріміз де ортақ болдық.

2011 жылдың маусымында газетте мына төмендегідей құттықтау жарияланды: «Сонау 1935 жылы Акжайықтан келіп Қазақ КСР-нің халық жер комиссары болған боздақ Тәттіғали Қожановтың шөбересі, Саран қаласының құрметті азаматы Жанғали Қожановтың немересі Айнұрдың Бектастай өмірлік қосағын тауып, ұзатылып жатқанымен барлық Қожановтар әулетін құттықтаймыз! Марат! Гүлбаршын! Сіздердерге жас жанұяның келешекте керегесі кең, терезесі тең, үлгілі отбасы болуын тілейміз!».

Қожановтар әулетінің осы тойына Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтау, Ақтөбе облыстарынан, Алматы және Астана қалаларынан Марат Жанғалиұлының жолдастары түгел келді. Осы тойдан Марат Қожановтың қарапайымдылығына, қызыметтес адамдармен сөз таба білетіндігіне, дос-жарандарға өте берік, өзім дегенге өзегін жұлып беретін азамат екендігіне көз жеткіздік. Бұл да ата мен әкеден қанмен берілген қасиет болар деп түйдік.

Қазір алдыңғы буын Қожановтардың өздері жоқ болса да ізі бар. Олардың ұрпаққа үлгі болар ғибратты үлгілерін артында қалған балалары жалғастырып келеді. Серік пен Марат Қожановтардың жыл сайын, 9 майда Саран қаласында, футболдан «Жанғали Қожановқа арналған» турнир өткізуі, атаға-әкеге деген зор құрмет екенін ақиқаты.

☆☆☆☆☆

Софья Қожанова - Зайкен Іңкәрбаевтар. Жакеңнің Софья қарындасы 1957 жылы Алматы мединститутында оқып жүріп Қарқаралының қаракесегіне

(Зайкен Інкәрбаевқа) тұрмысқа шығып, Жайықтан Сарыарқаға дейін «Софьяның сара жолы» деген жол салған екен.

Софья Тәттіғали қызы Алматы медицина институтына түсіп, ағасы Жанғалидың көмегі арқасында бітіріп дәрігер мамандығына ие болған. Алматыда оқып жүрген кезде, Қазақ тау-кен-металлургия институтының студенті Зайкен Іңкәрбаевпен танысып, отау құрған.

Мұқағали Мақатаев:

«Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,
Жақсы адамдар ба екен сүйіп өтем.
Жамандарды іздемен, өзі-ақ табар,
Жасыларды табуың қиын екен»-

дегендей табиғаты бөлек, талантты дара, рухы қайратты, ешкіммен салыстыруға болмайтын Зайкен аға туралы сөз қозғамау мүмкін емес**.** Жай сөз емес, мақала емес, жеке естелік кітап жазуға тұратын жан болатын. Зайкен Іңкәрбаев Жакең секілді соғыс ардагері болмаса да, Қазақстанға танымал саяси қоғам қайраткер ретіндегі салмағы ешқандай ғұламаңнан кем емес еді. Ол да ұлықтауға ылайық тұлға. Өмір бойы еліміздің өндерісі мен шаруашылығын зерделеген, Зайкен ағаның бойы, түрі, өз болмысы да тектіліктің теориясын танытып тұратынын жан баласы жоққа шығара алмайды.

Зайкен Іңкәрбаев Ол 1928 жылы Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданындағы Ақтасты ауылдында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін, 1944 жылдан Қарағанды қаласындағы №18 шахтада жұмыс істей жүре, сол қаладағы тау-кен техникумын, ал оны бітіргеннен кейін ҚазТКМИ-на оқуға түсіп, оны 1956 жылы бітіргеннен. Еңбек жолын «Сарануголь» тресіндегі шахта вентиляциясының бастығынан бастаған ол, бас инженерге дейін көтерілген. 1961 жылдан бастап З.Іңкәрбаев партия қызметінде жоғарлатылған. Саран қалалық комитетінің хатшысы, Абай қалалық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. Үш жылдық жоғары партия мектебін сырттай оқып бітіріп, Қарқаралы аудандық комитетінің бірінші хатшысы, облыстық жоспарлау комиссиясының бастығы, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін аткарған, партия және қоғам қайраткері. Мен Софьяны құдағи деп, ал Зайкен Іңкәрбайұлын –аға деп кеттім.



Жанғали Қожанов Қаратөбеден Саран қаласына қоныс ауыстырған кезде Софья мен Зайкеннен тараған Ермек, Гүлмира және Зерелер Жакең үйінде еркелеп өскендер екен. Ермек Зайкенұлы Іңкәрбаев қазір ішкі істер министрлігінің Қарағанды облыстық бөлімінде қызмет атқаруда, оның баласы Ерік Іңкәрбаев Жәкеңнің немересіндей өсті, мамандығы заңгер, үйленіп ол да кішкентайлы болып отыр.

Гүлмира Зайкенқызы Іңкәрбаева Жакеңнің жиені, Қарағанды кооператив институттын бітірген. Марғұлан мен Гүлмираның қосылу тойын Жакеңмен, Зайкен ағамен, Софьямен бірге жүріп тойлаған едік және осы екі жастың арқасында Сібір сынды құда, Мәкендей құдағи тауып жекжат болып кеттік. Бүгінде міне арамызда Зайкен аға, Сібір құда және Жакең жоқ. Зайкен дүние салғанда Жакең қатты кайғырды. О дүниеге кету менің жолым, еді ғой деп күпіршілік те білдірді. Зайкен аға қайтқанда Жакең ауруханада еді, естігенде есінен танды.

Дүние қызыл-жасылды
Сан ұрпақ, саған бас ұрды.
Асыл туған ағаның
Топырақ жүзін жасырды –

деп жоқтау да айттық, бірақ ешкім ол дүниеден қайтіп келмейді екен.

Құдай берген шөберелерін көріп, 2000 жылы Софья Тәттіғалиқызы да дүниеден озды. Бүгінде артында Софья Қожановаңы еске алатын ұлы Ермек Іңкәрбаев, күйеу балалары Марғұлан Қарибаев, Сабыр Толеубаев және немере, шөберелері бар деп тұжырым жасаудың орны келіп тұр.


З.Іңкәрбаев, Ерік Інкәрбаев,Жанғали Қожанов және Софья Қожановалар

Араб елдерінің бірінде жол жиегіндегі зираттарға : «Ей жолаушы! Біз де сендей болғанбыз, сендер де біздей боларсың» деген жазуы бар тақта қойылады екен. Жұмыр басты пендеге тағлым берерлік осынау сөздерде қаншама мағына жатқанын қиынға соқпайды. Оның мәні дүниенің мәңгілік еместігін, сондытан аруақ риза болмай ісің алға баспайтынын меңдейді.

Қамшының қысқа сабындай мынау жалған дүниеде аз уақыт өмір сүрсе де, көп іс тындырып үлгерген жайсаң жандарды сүйген халқы саңлақ деп құрметтейді. Софья Қожанова мен Зайкен Іңкәрбаев әулетінің бала-шағалары да заман талабына сай қызмет атқарып, тектілік танытуда.

Зайкендей, Сібірдей нар тұлғалы жігіттер жөнінде қалай айтса да, қалай тебірене жазса да көптік етпейді. Сондықтан да, о дүниелік болған ата-бабаларымыздың, замандастарымыздың рухына басымызды иіп, тағзым етелік!

☆☆☆☆☆

Мамлакат Қожанова - Мұрат Ізмұхановтар. Жакеңнің кіші қарындасы — Мамлакаттың мамандығы мұғалім. Ляззат, Жанат жөне Салтанат деген қыздары бар. Жакең Мұрат — күйеу баласын да қатты силап өткен. Мұрат Ізмұханов — фармацевт. Мұраттың ағасы Әндіжан Ізмұханов, Жакеңнің Алматыдағы құдаларының бірі. Әндіжан Жакеңе құда болғандықтан, 1982 жылдан бері маған да құда.



Мамлакат және Майра Қожановалар

Ә.Ізмұханов жүрек өкпе зақымдануын хирургиялық жолымен емдеуді практикаға енгізген белгілі хирург - ғалым. Ол Сырым Датұлы ауданындағы Жымпиты ауылында (01.01.1931) дүниеге келген. Орта мектепті медальмен бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін тамамдаған.

Еңбек жолын 1955 жылы өзінің туған жері -Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында хирургтік жұмыстан бастаған Әнжідан Қажбайұлы, бас дәрігер болып тағайындалды. Бір жылдан кейін ол Алматыдағы А.Н. Сызғанов атындағы Қазақ клиникалық-экспериментальды хирургия ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып ауысып, сол институттың жүрек тамырлары хирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі, кейін институт директорлығына дейін көтерілді.

Мамлакат пен Мұрат Ізмұхановтардың Ляззат сынды қыздары музыкант, жолдасы Нұрдәулет Казақстанға белгілі күйші.

Жанат Мұратқызы Ізмұханова Алматыда қызмет атқаруда, жолдасы Талғат Қорғанбекұлы Биатов заң ғылымың докторы, профессор. Ал Мамлакат пен Мұраттың құдалары Гүлжан мен марқұм Қорғанбек Биатовтар біздің де құдалар деп айтуға болады. Гүлжан Зайкен ағаның қарындасы болса, Қорғанбек Көкшетаулық -менің ағам, әрі Шәріптің жолдасы. Сөйтіп, жолдастығымыз да, туыстығымыз да, құдалығымыз бар, жекжат болып кеттік.

☆☆☆☆☆

Жакеңнің **Базарбай Мұстафин** құдасы туралы сөз басқа деп жоғарыда айтып кеткен едім. Базарбай Срлыбайұлы Мұстафиннің есімі тек Қарағанды облысы ғана емес, бүкіл республикаға таныс, қазақ журналистикасының



қаламы қарымды жазушыларының бірі еді. Ол 1931 жылы Қарқаралы ауданының Ақтайлақ ауылдында дүниеге келген. Мектепті Қарқаралыда 1948 жылы бітіріп, Қарағандының мұғалімдер институтына түскен. Оқып жүріп шығармашылық еңбекке қызығушылық танытқан ол, 1950 жылы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсіп, оны 1955 жылы үздік аяқтаған. Базекең бір орында («Советтік Қазақстан», қазіргі «Орталық Қазақстан» газетінде, арағанды телевизиясында еңбек еткен. Оның қаламынан тарихи, мәдени және рухани тақырыптарға очерктер және бірқатар кітаптар шыққан. Б.С.Мұстафин 1981 жылы Қазақстан жупрналистер одағы сыйлығның лауреаты атанды. Зейнеткерлікке шықса да қол қусырып қарап отырмай «Қарқаралы» журналын шығаруға ат салысты.

Мына тапшылық заманда журнал шығару көп адамның қолынан келе бермейді. Бұл Базекеңнің елге, халыққа деген перзенттік борышының, әлі де болса бергенінен берері көп екендігінің айғағы болатын-ды. 2001 жылы Базекең нің 70-ке толға мерейтойында болып, құттықтап кеткен едім, көп ұзамай өмірден озды.

«Кімдер келіп, өмірге, кімдер кетпес,
Қуанышсыз, қайғысыз күндер өтпес.
Білдірмейді бұл уақыт басқан ізін,
Жақсылығын ешкімге міндет етпес»- дегендей Жакеңнің Базекең құдасының кенеттен өмірі үзіліп, фәни жалғаннан жер ананың қойнына тапсырып, ақтық сапары бақилыққа аттандырдық. Алла тағала иман байлығын берсін, жаны жәннатта болсын деген жалынышты сезімді жеткізгендей болдық.

Бүгінде Мұстафиндер шаңырағынан түлеп ұшқан балалардың тілеу қоры Рабиға құдағидың табиғат дарытқан мейрімділігімен жиен-немерелердің қуанышына бөленіп отырғаны біздерді сүйсіндіреді.

☆☆☆☆☆

Әрмия Біләлұлы. 1982 жылы Саранға құда түсуге барғанда алдымыздан шыққан алғашқы адамдар Роза мен Армия еді, сұрай келе білдік, Роза көзін көрмеген Рахима құдағидың сіңлісі екенін. Жакең мен Рахиманың қолында тұрып Майра жиенін тәрбиелеген, медициналық училищені бітірген соң жездесі мен апасы өз қолдарынан Армия есімді жігітке ұзатқан. Армия Жакеңнің күйеу баласы емес, өз баласындай болып кеткен. Алғашқы кездескеннен кейін Роза мен Армия біздерге құда болып кетті, Майраны ұзатып Алматыға алып келгендер де осылар болды.

Армия Біләлұлы 1940 жылы 23 ақпанда Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ кеңшарында дүниеген келген. Қызыл әскер күні дүниеге келген баласына ата-анасы жауынгер болсын деп Армия есімін берген екен. Бірақ ол қаруға да, офицердің шеніне де ұмтылмады, ол дәрігер мамандығын қалады.

1964 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын тамамдағаннан кейін, Егіндібұлақтың учаскелік ауруханасында дәрігер болып еңбек жолын бастаған. 1969 жылдан бастап Қарағанды қаласына аусқан. 1970-1974 жылдар аралығында тамақ, мұрын құлақ ауруларын емдеу клиникалық ординатурасында оқып емдеу мамандығына машықтанды. Армия Біләлұлы 2003 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін ширек ғасыр бойы балалардың Қарағанды облыстық ауруханасында құлақ және тыныс жолдары ауруларын емдеу бөлімшесінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.



Жоғары деңгейдегі хирург - дәрігер 40 жылға жуық еңбегінде 10 мыңдай дай операция жасап, осыншама баланың ғұмырын ұзартып, жарық дүниенің қуанышын силапты. Міне осындай Армия сынды азаматтың еңбек және өмір жолында серігі, сүйеушісі, балаларының анасы бола білген сүйген жары туралы да айтар кез келгендей.

1966 жылы бас дәрігердің орынбасары қызыметінде отырған жас Армияның алдына жолдамаман жұмысқа орналасуға медициналық училищені бітірген Роза есімді қыз келеді. Розаның туған жері Ақжайық екенін құжаттарынан көрген Армияның алдында нағыз Қыз Жібектің өзі тұрғандай болды. Бір көргеннен Розаға ғашық болған Армия, үлкендерден бата алып, от басын құрды, балалы-шағалы болды.

2000 жылдың 23 ақпанындағы Армия Біләлұлының 60 жылдық мерей тойы және және қосылғандарының 35 жылдық торқалы тойында Армия мен Роза ешқандай уайым-қайғысыз, шат-шадым бақыт пен қуаныш көлінің айдынында жүзіп келе жатқан екі аққудай болып отырды. Осы сәт сол тойда болған әркімнің жадында мәңгі сақталары хақ. Бірақ, Қособода тығылып жатқан Бекежан сияқты «сұм аурудың» есіктен сығалап тұрғанын ешкім аңғармады. Өмірдің осындай қатыгез қас қағым сәтін мынандай өлең шумақтарына сиғызуға болды.

Жоқ болатын оларда қайғы-мұң да.
Жүруші еді жарасып тай-құлындай.
Ертелі-кеш қос аққу жүзуші еді,
Арқаның көлдерінің айдынында.

Қабағына қар қатып, қыс түнерген,
Ұзақ көздеп жағадан сұсты мерген.
Жалп еткізді аққудың бірін атып,
Екіншісі жан дәрмен ұшты көлден.

Зұлымдық пен махаббат қайшыласып,
Арман жыры кете алмай айға ұласып.
Сыңарынан айрылған Армияның,
Қан жылады жүрегі қайғы басып.

Замана да жарқырап нұр ағылған,
Қайғы-мұңнан тазарып кім арылған?
Құсалықтан ұзамай кетті Армия,
Айрылған Розадайын сыңарынан.

Ия, Сарыарқаның абзал азаматы, қадірлі де қадырменді Армия Біләлұлы дүниеден озды. Жылдар өтті. Сол жылдар ішінде көп нәрсе өзгерді. Өзгермеген жалғыз нәрсе – ол Армия Біләлұлына деген туған-туыстары, дос-жарандарының көңіл-күйі, ыстық ықласы, шынайы сүйіспеншілігі. Оның жұдырықтай жүрегіне Сарыарқаның кең даласы сиятын дархан еді. Қырда көшкен сағымдай жосылып, арада жыл өтсе де, ғасырдың ызғары мен суық желі Армияның бейнесін жұрт көңілінен өшіре алмайды.

Өлшемі қысқа өмір-ай.....

3.2. Ақтөбелік құдалар

Халилиндер әулеті. Ортаншы баламыз Жанай институтты бітіргеннен кейін, үйленетін болып, Шәріп екеуіміз 1989 жылы Ақтөбенің Қарабұтақ деген ауданына құда түсіп бардық.



Құдаларымыз Халилиндер Қазақ ауылшарушалық институтын тамамдаған жандар екен. Қабылтай Халилин –агроном, ал Нұржиян Халилина- экономист. Екеуі де сол Қарабұтақ ауылында өмірдің қиындығында, қызығын да көріп, елеулі қызметтерімен елге өздерін танытып, ұл-қыздарына сапалы білім, саналы тәрбие беріп келе жатқан өнегелі отбасы екен.

Біз құда түсіп келіп отырған Мәншүк деген қыздары мектепті алтын медалмен бітірген, ҚазҰТУдың түлегі. Жалғыз Мәншүк қыздары ғана емес, кейінгі Алма, Гүлмира, Жәнібек есімді балалары да орта мектепті медалмен тамамп, Алматыға бірінен кейін бірі келіп жатты.



Құдағи Нұжиян, Сәбирамен той үстіндегі отырыс. Шәріп пен Нұржияның үйдегі отырысы

Екі баланың үйлену тойы 1989 жылдың 15 - наурызында Алматыда өтті. Сол тойда мен балаларыма былай деп тілек айтқан едім:

Құдағи мен құдам қандай болар деп,
Оймен көшіп, талай жерге барам кеп.
Жақсы болса жабатұғын жалам жоқ,
Жаман болса көнемін де амал жоқ.

Құдағи мен құдам қандай болар деп,
Балам қалай өз тізгінін алар деп.
Келін келіп босағаны аттар деп,
Әр биікке аялдамай барам деп.

Не де болса шықса екі жас адам боп,
Өз ісіне кәдімгідей маман боп.
Махаббатқа кіршік, таза адам боп,
Бұдан басқа айтар тілек шамам жоқ!

Жанай мен Мәншүктен Есбол және Жұлдыз деген екі бала дүниеге келді. Олардың алғаш рет немере сүю қуанышынтарын тойлап, біздің кенже баламыз Асқардың үйленген тойында құда-жекжат болып жүрген кездеріміз естен кетпейді. Алма құдаша ҚазМУ-дың химия факультетін, тамамдады, Гүлмира құдаша ҚазҰТУ-дың маркшейдер мамандығына ие болды, бүгінде барлығы да Алматыда қызмет атқаруда.

Ақтөбелік құдаларым Қабылтай мен Нұржияннның отау құрғандарына 25 жыл толуымен 1991 жылдың 26 қазанында құттықтап

Бүгін –үміс, ертең –алтын, інжуді
Тойаңыздар, білмеңіздер ренжуді.
Зор денсаулық, береке, бақыт демеу боп,
Жасаңыздар, берік ұстап тізгінді! –

деген едік. Енді туып - өскен жерлері Қарабұтақта (Ақтөбе облысында) тұрып жатқан сол құдаларға зор денаулық, бала-шағалардың қызығын көріп, 50 жылдық «Алтын тойға» жеткізсін демекпін.

Ақтөбелік құда-құдағилар (Уазипа Жиенбаева, Сағира Қанахина, Ақерке Атырауова және т.б. жайлы «Мың тағзым» кітабында жазылған[22].

.

3.3. Көкшетаулық құдалар

Шаттыққа толы шаңырақ. Солтүстік Қазақстан(бұрынғы Көкшетау) облысы Алқатерек ауылының Халилин тұрғындары Әшімовтар жайлы сөз қозғағанды жөн көрдім. Жеті бала тәрбиелеп, әрқайсысы өз алдына отау тіккен осы үйелмелі-сүйелмелі ұл-қыздар әулетінің иелері Қалел мен Қайыржанның отасқандары 60 жылға таяп қалды. Қалел Әшімов алғаш от басын құрған кезде 23-те болса, Қайыржан 19 жаста екен.

Қалекең - Қалел Әшімовтың жасы 80-нен асса да, күнделікті күйбек тіршіліктен қол үзген емес. Кәрілікті мойындай қоймаған қария әлі тың. Жұбайы Қайыржан екеуі отыз күн оразаларын ұстап, бес уақыт намаздарын да қаза етпеген. Ауылдастары Қалелді «оқыған емес, тоқыған, шешіреші, мақалшы ата» деп мақтанады. Еңбекқор шаруа адамы ретінде танитындар да жеткілікті.

Кеңестік заманда ауылсоветтің қарапайым қызметкері болса да, қара сөзге жүйрік.

Ел жиналған жерде сөзін жүйелеп, мәнерлей мақалдап, ақын-жыраулардың жырларын жатқа айтып, өз жанынын шығарған өсиеттерді, күлдіргі оқиғаларды да айтып отырады. Ал батагөйлігі өз алдына бір төбе. Жалпы, Қалел өнегесі мол азамат. Көкшетаулық құда-құдағиларға арнаған «Шежіреші Қалелге», «Қайыржан Нүкеноваға» деген жыр жолдарым жарық көрген[7].

Ізгі ниетті қауымның өз ішінде де азаматтық ажарымен, орнықты кішпейілдік, ақпейіл мінездерімен, адалдығымен, еңбеккерлігімен танымал Қалел мен Қайыржан қара шаңырақтарынан шыққан, өз алдына отау тіккен үйелмелі-сүйелмелі ұл-қыздарынан 20 жуық қыр қызғалдақтарындай құлпыра өсіп келе жатқан немерелер мен шөберелер сүйіп отыр.

Олар өмір бойы ата-баба қонысында, өздері туған ауылда, бірі – ауылдық кеңесте қызмет атқарса, екіншісі- сиыр фермасында сауыншы болып, бүгінде құрметті зейнеткерлікке шыққан азаматтар.

Қайыржанның шыққан тегі де келін болып түскен жері де Көкше жұртына бегілі әрі силы орта. Қалелдің әкесі Шалақай ақсақал кезінде ел басқарған, баласына қыз атастырғанда текті жерден, елге белгілі Нұрмұхамбет (Нүкен) Бейсембайұлы мен ақылды да мейірімді Айтжан ананың кенже қызы Қайыржанды қалаған. Шалақай ақсақал «Шешесіне қарап қызын ал» демекші осы қыз баланың ерекше мінезін байқаған да шығар. Олар жарты ғасырдан астам тату-тәтті тұрмыс құрып, өмірдің қызығын да шыжығын да бірге көріп, Алладан рахым, пайғамбардан шапағат, бала-шағасының аман-саулығын сұрап, еліміздің өркендей беруін тілеп отырған жайы бар. Балаларын осы заманға лайық тәрбиелеп, жоғары білім әперіп, қызмет істеулеріне мүмкіндік жасап отырған жандар.

Міне осындай еңбектеріне ризашылық ретінде балалары орлардың «Алтын тойларын» дүрілдетіп өткізді. Мен де сол тойда болып, бала-шағалары, немере-шөберелерімен қауышып, олардан алған әсерім туралы сыр шерткелі отырмын.




Қалыңдық пен күйеу баланың той алдында отырысы. «Алтын той» иелері Қалел, Қайыржан

Сонда балалары мен немерлері ата-аналарына арнап:

«Ел ішінде абройға кенеліп,
Адал еңбек еттіңіздер Отанға.
Отырсыздар қошеметке бөленіп,
Бізді өсіріп қосқаннан соң қатарға.

Сіздер бізге болдыңыздар саябақ,
Кеңейді ғой Сіздер салған жол бүгін.
Жанымызға құйдыңыздар аялап,
Дүниедегі жылылықтың барлығын» - деген еді.

Әрі қарай осы «Алтын той» иелерінен тараған ұрпаққа тоқталсам деймін. Бүгінде Қайыржан 7 баланың анасы атанып «Алтын алқа» иегері болып отыр. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. «Біздің жолымызды балаларға берсін» деп отырған жандар. Қазір Қалел мен Қайыржанның құрған Әшімовтар әулеті өсті, өрбіді, өрісі кеңейді. Балалары да тегіне тартты.

Шынында да, Қалел ақсақалдың ұл-қызына ғана емес, немере-жиендеріне қарап та, осындай ой түйесіз. Сексеннің сеңгіріне шықса да, қолынан газет, журнал түспей, елі мен жерінің, жұртының жақсысына сүйсініп, жаманына күйініп отыратын қарияға қарап, «сүйегі асылдан-ау» дейсіз. Текті тұқым болғасын шығар, отбасындағы балалары, немере мен жиендердің барлығы жоғары білім алғандар.

«Тәңірінен «перзенттерімді адал жолға ұмтылдыр» деген тілегі қабыл болды. Шүкір, бұл күнде өз кіндігінен тараған ұл-қыздың отауларының түтіні түзу шығып келеді. Өзіне де, өзгеге де талапшыл, адалдық пен адамдықты өмірінің басты қағидасына айналдырған, дүниедегінің бәрінің есебі барын ұрпағына ұқтырған Қалел атаның байлығы - балалары. Оларға берген таусылмайтын қазынасы - білімге құштарлық, еңбекқорлық, ізденгіштік, қол жеткенге мастанбау, қарапайымдылық қасиеттері.

☆☆☆☆☆

Әділхан Әшімов. Ер балалардың үлкені **Әділхан,** мамандығы агроном. Қалел қария жастайынан есеппен өмір сүру дегенді білмеген, аңқылдаған, жайдары мінезді, арқаның сал-серілеріндей думаншыл, домбырамен өлең айтып дуылдатып жүретін жан. Әкесіне тартып үлкен ұлы -Әділхан бүгінде ойын-тойдың көркі, ауыл үйдің көңіл ашары –домбырашы, әнші болды. Шаршап шалдыққанын домбыраның сазымен, ән шырқаған назыменен жуып тастап, адамгершілік, азаматтық қасиетін жоғары ұстаған азамат. Өнерге жақын адамдарының сал-сері екендіктері баршаға мәлім ғой.

Сәлия сынды келін –мектепте ұстаздық етуде. Олардың үлкені - Айнаш – шет тілінің маманы, Орталық Азия университетін тамамдаған.





Алматыға талдай болып келген
Айнаш, таудай азамат болды

Қазір Алматы технологиялық университетінің халықаралық қаты-настар департаментінде қызмет атқарады. Университетте оқыған жылдары бізбен бірге тұрды. Әкпесі Салтанаттың жәрдемшісі, Айманның сырласы бола білді.



Айдар мен Айбарды бесікке бөлеп, бағып-қағып өсіргені, Айнашқа университетті үздік бітіруге кедергі болмады. Түннің бір мезгіліне дейін сабағына дайындалып отырған кездері есімнен кетпейді. Айнаштай құдаша бақытты болуға әбден лайықты!

Әділхан мен Сәлиянің Даурен деген баласы үйленген, Көкшетауда колледжде сабақ береді. Ұлағатты ұстаз Сәлия құдағи 50 жасқа толғанда:

«Сәлия құдағи асықпайды, саспайды,
Жайлап жүріп, ақырындап аттайды.
Келіндердің бәрі өзіңдей болсайшы,
Қатты сөйлеп әдептен бір аспайды.

Елу деген жастығыңның жалауы,
Қызған шоқтай басылмаған алауы.
Шат көңілмен жайраң қағып жүрсеңдер,
Алпысыңа тез-ақ ертіп барады» -

деген едім. Сол алпыс биыл келіп қалыпты. Құдағиға «Қос отызың» құтты болсын, Айнашың мен Дәуреннің қызығын көре беріңіз деген тілек білдіремін.

☆☆☆☆☆

Уәлихан Әшімов. Екінші ұлы Уәлихан мен жұбайы Қарлығаш бизнестің қас шеберлері. Уәлихан Шортан қаласында оқып жүріп, Қарлығаш Жезбаевамен тұрмыс құрып, балалы-шағалы болды.



Еліміздің қиын-қыстау бір кезеңінде олар бизнестің диірменін шыр айналдырып туған Көкшеде біліктіктері мен білімділігінің және зор ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында еңбектері бағаланып зор абройға ие болды.

Уәлихан Қалелұлы Көкше даласына егін егіп, мал басын көбейтіп жүргенде, кәсіпкерлік үлкен апасы Ляззят Қасымқызынан дарыған Қарлығаш бизнестерінің есеп-қисабын уысында ұстап отырды.


Зәурештің мектеп бітірген сәті

Ал отбасы қандай дегенде мен: «Егер дәл бүгінгі заманда ақ сөйлеп, адал күлетін жанның тазалығын да байлық санап, жұрттың алдына да түспейтін, көштің соңында да қалмайтын тату-тәтті өмір кешіп жатқан отбасы бар ма десе, мен Уәлихан мен Қарлығаш Әшімовтардың отбасы дер едім. Бүгінде олар Астанада тұрады. Өйткені, жоғары білім алған ұлдары Сәкен Астанада қызметте, ал мектепті үздік бітірген Зәуресі Астанадағы медицина университетінің студенті.

Күнделікті жұмыстарынан қолдары тимей, Айбар деген немерем туғанда нағашылары көпке дейін келмей жатты. Сондағы бесік жырын, мен компьютерге басып, хатқа салып жібердім. Ол келесідей болатын.

«Туған күнге келсе егер,
Нағашыларды көрерсің,
«Келген бұлар кімдер?» деп,
Жатырқанып жүрме сен.

Ырысты мен Сағындықты,
Папаң, мамаң сыйлайды.
Ляззят, Сәлия, Қарлығаш,
Апалар десең ыңғайлы.

Дулат пенен Уәлидей,
Нағашыларың бар дардай.
Билет қымбат, жол алыс,
Жатыр содан келе алмай.

Келеді олар, келеді,
Айбарчикті көреді.
Кінәләрін мойындап,
Көрімдігін береді.»


Айбардың тұсауын кесіп жатқан Қарлығаш құдағи

Құдағидың бұл өлеңі газет бетіне жарияланбай тұрғанда барайық деп, ұялған нағашылар келіп, жиендерінің тұсауын (Қарлығаш) кесіп кеткен болатын. Сол жиендері биыл 1-сыныпты үздік аяқтады.

☆☆☆☆☆

Дулат Әшімов. Тек Әділхан ғана емес, бұл әулет баларының, немерелерінің барлығының жан-дүниесі, мінез құлықтары өздерінің туып-өскен, кіндік кескен топырағына қалыптасқан деуге болады.



Кенже ұлы Дулаттың бойында да Көкшеге тартқан кербездік барлығын, кеуделеріне әншілік қасиет ұялағандығын, туған өлкенің керемет табиғатын сезінесің.

Жастау болса да, әр кездескенде, жанымызда отырып сұхбаттасқанда айтары мол, тынысы кең Дулат іниме деген ықласым өсе береді. Аруақты елдің ұлы, оқшау жаратылған, аталарынан дарыған көптеген асыл қасиетерді бойына жинап, бір емес екі мамандықты игеріп, әр нәрсені алыстан болжап, өрнекті тілмен, жырмен ойындағысын айтып отырады. Қалелдің осы ұлында нәсіл қуалаған бір дарын бар. Немересінің атын да Дарын деп қоюы тегін емес Қалел құданың.

Дулат алғаш Алматыға келіп, біздің қолымызда КазПТИ-дың тау-кен факультетінде оқыды. Ол оқуға алғыр болды.

Алматыда не көп, студент қыздар көп. Әкесі Қалел, ағасы Әділхан, нағашысы Асылбек сияқты серілік құрып, бір кезде оқуды ұмытып, қыз таңдап үйде тұрмайтын болды. Бірдеңеге ұшырамай, аман-есен тұрғанда еліне қайтарайық деп, Дулатты Көкшетау университетінің тау-кен факультетіне ауыстырдық. Осы шешім дұрыс болып, Дулат өз бақытын, адал махаббатын Алматыдан емес Көкшетаудан тапты.

Осы жерде бір шегініс жасағым келіп тұр. Алматы үлкен қала. Жан-жақтан жиналған неше түрлі халық бар. Біреу біреуді біліп болмайды. Мен немерем Рахымды таныстырмаған қызым жоқ, ал ол жұбайы- Әселді Қарағандыдан тапты.

Сол сияқты Дулаттың жастығын бесік етіп тербеткен Алматыда 2 жыл жүргенде алдынан шықпаған арманы, ұшыраспаған бақыты, ақ періштесі – Самал өзіміздің Арқаның даласында, Көкшетау қаласында күтіп жүр екен.

Дулат пен жұбайы Самал да жоғары білімді. Ол да бір емес екі мамандықтың иегері. Дулат заң қызметкері болса, келін бухгалтер болып қызмет атқаруда. Дүниеге Нұркен деген бала келгенде Самал келінге:

«Ақ келін-ау, ақ келін,

Әулетке түскен бақ келін.
Осы биязы мінезбен,
Туыстарға жақ келін,

Құдағиға ырыс қой,
Сыйласқаны дұрыс қой.
Май құйрық болып Нұркені,
Алқатеректе болсын той!» деген едік.

Бүгінде Нүркеннің соңынан Дарын, Еркежан есімді балалар туды.



Нұркен деген «бала-сұлтан сайысына» қатысып, ауданның жас сұлтаны атанды. Дарынды кейін көре жатармыз. Ал, Еркежан кішкентайынан атасы мен әжесінің қолынд тәрбиеленуде. Өзі бір ерекше, тілі тәтті, бәрін біліп тұр, айтып та, билеп те, береді. Шешесінің мамасын біздерге: «Бұл менің нағашы апам ғой» деп таныстырып қояды. Біздер оның тіліне қызығып сөйлетеміз. Қалел мен Қайыржан Көкшетауға көшіп келіп, осы балаларды бағып отырған жайлары бар.

☆☆☆☆☆

Әшімовтардың қыз балаларының үлкені **Ляззат.** Жарқырап көзге түсетін, батыл да өткір айтатын, бауырмалдығы да мол осы құдашаны өзім өте қастерлеп жақсы көремін.



Ляззят өздері туған ауылының, бірге мектепте оқыған **Қайырсерік Әйткенов** деген азаматына тұрмысқа шыққын. Қайырсерік мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ береді, жастарды спорттық жарыстарға даярлайтын бапкер. Ляззят пен Қайырсерік екеуі Жұлдыз, Жанат, Жанар есімді балаларын ержеткізді. 2004 жылы Жұлдызды ұзатты, Даниярдай күйеу баланы бауырларына басты. Сол қыз ұзату тойында Ляззят құдашаға мынандай жыр арнаған едік.

«Жар болған қыз мінезді Серігіне,
Жарасымды отбасы, өнегеге.
Кешгі мен білетін жас құдаша,
Қыз ұзатып бүгінде кенелуде.

Құтты болсын алғашқы тойларыңыз,
Қоздасын егізінен қойларыңыз.
«Жұлдызың» бақытты боп барған жерде,
Орындалсын арман-үміт ойларыңыз».

Бүгінде өздері немерелі болып, әкесі мен шешесіне Диас және Жансаядай шөберелер сүйгізіп отыр. Жанар сынды қыздарын да құтты жеріне қондырып

немерелі болып отыр. Балташ және Әсия Шәкенов есімді құдалары Ақмола облысында тұрса, Асылбек, Сандуғаш Бейсенбаев сынды құдалары Қостанайда тұрады. Өрісі кеңейді деген осы да!

Серіктің шешесі Сапан құдағи өте бір ақылды, көрген-білгені көп, салмақты кісі еді. Ляззят пен Қайырсеріктің қолында тұрып, құдаларымен сыйластық қарым-қатынаста болып дүниеден озды.

Қазақта ер егіз деген қағида бар. Ол рас. Қайырсеріктің Әмен Нығмдеген ағасы бар. Әмен Нығметұлы Алматыда тұрады. Бірнеше дәріханалары бар кәсіпкер. Бауырмалдығы мол, кісіге жақын, қарапайым Әмен құданың абройы биік. Ляззят пен Қайырсерік осы ағаларынан көп нәрсені үйренуде.

☆☆☆☆☆

Мәнсия Қалелқызы Әшімова Алқатерек ауылында туып, ержетіп, Щучьеде педагогикалық училищені, кейін Көкшетау пединститутын тамамдаған жоғары білімді, мамандығы мұғалім. Мәнсия құдаша мектепте сабақ беріп, халық үшін қажымай, ел үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі бола білген, бүгінде бала-шағасының құрметіне бөленіп отырған жан.



Жоғары білім алған үш баласы бар: Маликасының мамандығы –мұғалім, Әселі-бухгалтер, Еркіні Астанадағы Евразия ұлттық университетін тамамдады. Қызы Әсел Қанат сынды жігітпен тұрмыс құрып, Мәнсия Ырысжан Әкімбекова деген құдағи тауып берді.

Біз әдетте жақсы мен жайсаңдарды өткен заман еншісінен іздеп, олар туралы жазылған деректермен танысқанда, таң-тамаша қаламыз. Ал, дәл сондай адамдар бүгінде өз арамызда аз емес. Солардың бірі, емес бірегейі – Мәнсия Қалелқызы. Өмірде аналардың бәрі бірдей деп жатамыз, аналарды әнге де қосып шырқаймыз. Өз перзентіне деген мейірімділік, сүйіспеншілік, аялы алақан жылуын дарыту тұрғысынан алғанда аналардың бәрі бірдей көрінетіні анық.

Десек те, өмірде аналық парыз делінетін қасиетті ұғымның ең биік шыңына көтерілуде, осы парызды өтеу жолында өзі көретін қызықтардан бас тартқан аналар көп емес. Міне, осындай асқақ рухқа жету үшін қажырлы еңбек, толағай мейірім, шексіз махаббат, үлкенге құрмет, кішіге ілтипат жасап жүрген ақ жаулықты аналар омырауларына орден тағуға, халықтың ықлас-ілтипатын сезінуге әбден лайық жандар. Сондықтан да,

Ана есімі біз үшін биік тұрған,
Асқақтасын Мәнсия биік тұлғаң.
Көре бер бұл өмірдің бар қызығын,
Өсіп-өнген қыздар мен сүйікті ұлдан.

Басқан әрбір ізіңізден гүл өнер,
Құрметтейді Сізді жақсы біледі ел.

Ана деген атыңызға лайық,
Ұрпағыңмен бақытты өмір сүре бер!-
деген толғаныспен аяқтағанды жөн көрдім.

☆☆☆☆☆

Кенже қыздары ***Бақыт Қалелқызы*** жұбайы Аманкелді екеуі ұйып отырған отау иелері, қарапайым еңбеккерлер. Бала күнінен бір ауылда туып-өсіп, есейе келе көңіл жарастырып, жұптасқан жандар.



Туған ауылдары Алқатеректе тұрып-ақ, Рүстем және Абылхайыр есімді екі бала тәрбиелеп отыр.

Амангелді аудандық жедел жәрдем стансасында еңбек етеді. Күндіз-түн демей, ауыл-аймақтағы науқастарға мәшинәмен жүріп жәрдем көрсетеді. Қанша жерден жұмысбасты болса да қоғамның іргетасы саналатын отбасын алғы кезекке қоятын Аман жанұялық өмірде де жұбайымен жарасқан, қос құлынындай көретін, қос ұлына қамқор әке болып отырған жан.

Үлкен ұлы Рүстем Көкшетаудағы Шоқан Уәлиханов атындағы университеттің география мамандығын тамамдап, мектепте сабақ беріп жүрсе, Абылхайыры колледждің студенті.



Бір кезде Бақыт құдаша басынан ауырып, дәрігерлерге қаралды, Алматыға келіп «Халық емшілері орталығына» жүгінді. Олар Бақыттың бойында емшілік қасиет бар екендігін анықтағанды. Міне осы қасиет, бүгінде Салтанаттың бойынан да табылып отыр.

Бақыт құдашаның түсінігі мол, көргені, білгені көп, кішпейіл де ақжарқын. Жұбайы екеуі келген жанды бар пейілімен күтеді, қонақтары риза болып кетеді.

☆☆☆☆☆

Әшімовтардың құдай қосқан құда-құдағиларыларының балалары өскен, өркендеген өмірден өз орындарын тапқан саналы азаматтар. Үлкен келіні Сәлиянің анасы **Гүлбағиса Ахметқызының** қолы шебер болған екен. Қайыржан әр кез, сол Гүлбағиса құдағиының ою-өрнекпен тіккен көрпелері мен сырмақтары кезінде көптеген көрмелерге қойылып, халықтың ықыласына бөленгенін, келген кісілерге көрсетіп, мақтан тұтып отырады.

Қарлығаш келіннің әжесі, 100 жасқа келіп дүние салған үлкен құдағи **Жезбаева Қалия,** және оның балары: келіннің әкесі - Айтмағамбет Тасымұлы,

шешесі – Жақсылықпен, Ляззат Тасымовна, Қаматай Тасымұлылармен талай дастарханда болдық.



Айтмағамбет, үлкен құдағи Ғалия, Қалел, Қайыржан, Уәлихандармен

Қалия әженің қызы Ляззят (кезінде халық «шахиня» деп атап кеткен) Жезбаеваның өмірдегі тыным-тіршілігі мына менің шағын кітабыма сыймайды. Ляззат Тасымовна «Өмірі ақындардың дастанындай» деген жеке кітап арнауға тұратын, мақтан етер қазақтың бір қызы.

Самал келіннің әкесі **Қайыржан Қожахметов** Көкшенің Қызылту ауданының тумасы, ұстаздар әулетінен шыққан. Қайрекең болмысынан бекзат, әрбір қадамын байқап басатын, әр сөзін аңдап айтатын, қандай жағдайда да қобалжып саспайтын, бармын деп мақтанып таспайтын, ақиқаттан бой тасалп қашпайтын жан. Еңбек жолын мектепте ұстаздықтан бастаған ол, комсомол жұмысына ауысқан, Алматыда жоғарғы партия мектебін тамамдаған. Алған кәсіби мамандығына қоса, саси жағынан шыяңдалған, партия-кеңес органдарында жұмыс атқарған азамат. Кәзірше айтқанда өмірін мемлекеттік қызметке арнаған жан.

Құдағи Қожахметова Күләпәш көп жылдар бойы мектепте математикадан сабақ берген ұлағатты ұстаз. Ғажабы мол ғаламдағы, әсемдігі мол әлемдегі әр бір адам, әр бір пенде ананың ақ сүтінен қалай нәр алған болса, дәл солай кез келген адам да ұстаздан тәлім алған. Сара боп туған ғалымдар, дара боп туған дарындар, асыл боп туған ақындар да ұстаздың ұлықтығының арқасында жетістіктерге қол жеткізген. Осындай ұстаз деген ардақты атқа лайықты жан Күләпәш құдағи, бүгінде зейеткерліктің дәмін татып отыр. Балалары да жоғары білімді.

«Текті жердің баласы», «Тегіне тартып туған» деген сөз сөз тіркестері бүгінде ұғымға айналып кеткен тәрізді. Тұлпардан тұлпар, жабыдан жабы, мәстектен мәстек туатыны сияқты жақсыдан жақсы тууы өмірдің өз шындығы. Атаға тартып туған ұл, анаға тартып туған қыз – ол ең алдымен ұлттың ұлағаты, елдің мерейі болмақ.

Өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз тегіне тартқай!

☆☆☆☆☆

Өнегелі әулетке қыдыр қонып, бақ дарысын!

Мен Абдрахмановтар әулетін 60 жылдан астам уақыт бойы білемін десем артық емес. Гүлбағиса құдағидың талай әңгімелерін естіп, пікірлескенмін. Ұлы Сократ «Кім екеніңді айтайын, бір-екі ауыз сөйлеп көрші» деген екен. Сол айтқандай Абдрахмановтармен кездескен, істес болған әрбір адам оның сөзінен де, ісінен де кім екенін бірден біледі. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан Гүлбағиса қария балаларының ұйтқысы, бәрінің басын қосып, «бағалы нұсқаулар» беретін орталықтың басында отыр. «Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін» деген өлең жолдарындағыдай, балалары үйлі-баранды, немерелі болса да ананың алдында құрдай жорғалап, айтқанын екі етпей жүреді. Сонда Гүлбағиса қария кім деген сауал туындайды?!

Мен бастауыш класта Сәуле деген ауылды мекен мектебінде оқыдым. Сол соғыстан кейінгі жылдары біздерге Айтқожа Әбрахманов ұстаздық етті. Тілге тиек болып отырған Гүлбағиса құдағи – сол Айтқожа ұстаздың жұбайы.

Мен ұстаздарым туралы осы кітаптың 1 - бөліміндегі «Қалдырған іздері мәңгілік» деген тарауында жазған болатынмын. Дегенмен қайта оралудың сәті түсіп тұр. Айтқожа ұстаз сабақты аспай-саспай түсіндіретін. Менің ерекше кітапқұмар болуыма әсер еткен сол кісі болды. Май шамның жарығын сығырайтып отырып кітап оқуды әдетке айналдырған едік. Айтқожа мұғалімнің үйінде «Мың бір түн» кітабы болды. Ол Сәуледегі бір ақ кітап болатын. Оны оразаның кезінде мұғалімнен сұрап алып, сәресіге дейін қарияларға оқып беруге дағдыландым.

1957 жылы А.Д.Әбрахманов Еңбекшілдер ауданының Ұйымшыл аулының мектебіне директорлық қызметке ауысты. Ұрпақ жалғастығы деген осы ғой, Төлеген Айтқожаұлы Казгородокта менің Күләш сіңліммен бірге оқыды, көзі тірісінде балаларына инженерлік білім беріп кетті. Ал, Айтқожа мұғалімнің қызы Рыстыгүл менің Сағындық Нұрпейісов деген інімнің құдай қосқан жары. Ұлағатты ұстаз Айтекең өмірден өтсе де, жары Гүлбағисаның көзі тірі, құда бол деп қинайтын құдағиларымның бірі.



80 ге келіп сегіз ауыз сөзді құрастырып айта алмайтын қариялар бар ғой. Ал, Гүлбағиса құдағидың айналасындағы бауырларынан даланың исі бұрқырап тұратын, жатқан шежірелер.

Қан майданның қаһарманы Айтқожа атаның ұрпақтары әке дәстүріне берік азаматтар. Осы шаңырақтан түлеп ұшқан ұл-қыздар әр салада абройлы еңбек етуде.Үлкен ұлы Төлеген Жолымбет кенішінде еңбек еткен. Жеңісі – агроном болған, Марат –Бурабай аудандық санитарлық-эпидемиялогиялық қадағалау бөлімі зертханасында бас дәрігері, Мұрат бүгінде әке шаңырағын ұстап отыр, Манат ҚР ауылшаруашылығы министрлігі Көкшетау қалалық инспекциясының бастығы. Қыздары Рыстыгүл Көкшетау қаласында, ал Гүлбаршын–Астанада ұстаздардық қызмет атқарады.

«Ұяда не көрсең-ұшқанда соны ілесің» дегендей, балалар жастайынан үлкен ананы, әкені қалай сыйлау керектігін көздері көрді, үлкен мектеп тәрбиесінен өтті. Гүлбағиса құдағи отағасы–Айтекеңнің атын атамай «мұғалім» деп өмір кешіп келеді. Қашанда карттарды сыйлап, қастерлеу ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан дәстүр, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Біздің ұлттық әдет-ғұрпымыздың бірден-бір артықшылығы мен ерекшілігі де осында.

Абдрахмановтар әулетінің бір-бірімен кереметтей силастығы, ауызбірлігі, бір-бірін іштей ұғыса білетін қасиеттері бұлардың әрқашан шоқтығы биік жандар екендігін аңғартады. Абдрахмановтар әулетінен тәрбие алып шыққан балалардың бәрі шеттерінен еңбекқұмар, ерінбей еңбек етпей, еңсенің биік болмайтынын түсінетіндер. Сондықтан да барлығы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын ұйымшыл да, ынтымақты жандар.

80-нің сеңгіріне шыққан Гүлбағиса құдағиға және Сағындық пен Рыстықүлдің үйлену тойының үстінде дүниеге келген Салтанат деген немересінің Ерландай қосағын тауып отау құрғанына жыр арнамай қалған кезіміз болған жоқ[7].

Ендігі сөз кезегі, елге бара қалсақ, біздерді қарсы алатын, баратын жерімізге жеткізіп, кетерімізде шығарып салатын Манат Айтқожаұлы жайлы болмақ. Ол жұбайы Гауһар екеуі Көкше жерінде елдің елеулісі, халықтың қалаулысы болып, үш бала тәрбиелеп отырған жандар. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» - жыр жолдары осы құдағи келінге арналғандай дейсің. Оның сабырлылығы, кез-келген ортада өзін ұстай білетіндігі кімді де болса сүйсіндіргендей. Әйелдің ең үлкен міндеті – ол жақсы жар болу, ерінің сенімді серігіне айналу, оның алаңсыз жұмыс жасауына жағдай жасау, қолынан келгенінше көмектесу. Бұл тек қазақ әйелдеріне тән мінез.



Көкшетау қаласының тұрғыны, үлгілі обасының ардақты отағасы, айналасына қадырменді сыйлы азамат Манат ініме әрі құдама:

«Манат жан, өміріңнің өріндесің,
Апаңның көңілінің төріндесің.
Сылдырап Ұйымшылдан аққан бұлақ
Тағдырдың сындарында жеңілмесін.

Келеміз қиялдарда күн кешіп те,
Құдалық сезімдермен үндесіп те.
Тербеткен Гүлекеңнен айналайық,
Бес ұл мен екі қызды бір бесікте.

Манатқа ақ тілегім ақтарылсын,
Әкеңе тұрпатымен тартқан ұлсын,
Рухы Айтқожа ата қолдап әркез,
Әулетіңе қыдыр қонып, бақ дарысын» дегім келеді.

3.4. Қарағандылық құдалар

Алма құдағи . Немере келінімиз Әселге құда түсуге 12.04.2008 жылы Қарағандыға барып Алма, Роза, Күләш Баймульдиналар сынды өзім қатарлы және Сәуле, Тимури сияқты жас құда-құдағилармен танысып өрісіміз кеңейгендей болдық. Әсел - Алма әженің жиені екен.



Өнегелі ұрпақ өсіріп, баларыңның, құда-жегжаттарыңның ортасында қадірлі болып отырсаң жасыңа жас қосылып көркейе бересің. Ұрпағың жақсы болып өссе, солармен бірге қайта гүлденесің, шалқисың, толқисың. Осындай аналардың бірі емес, бірегейі Алма Мүгтиқызы Баймульдина.

Қарағадыға ғана емес, Көкшетауға да танымал Алма ана,1965 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін, еңбек жолын қарапайым дәрігерлік қызыметтен бастаған, бүгінде құрметті зейнеткер, үлкен шаңырақтың алтын қазығы болып, бала-шағасының аман-саулығын сұрап, әулеттің өркендей беруін тілеп отырған жан.

Өткен күнде белгі жоқ деп кім айтады?! Неге болмасын. Өзінің талтүс шағынан бесін шағына беттеп бара жатса да, барлық күні кешегідей жадында, көз алдында. Алма Мугтиқызы 1942 жылы арқаның атышулы Көкшетауында дүниеге келген. Ал ата-баба қасиетін ұғынып, ұлылардың үнін жүрегіне жаттап өскен, халықына риясыз қызмет істеген әкесі Мугти Баймульдиновтің батасын алаған жан. Сондықтан да, Алма «Ата-бабаларымның батасымен көгеріп отырмын»- деп сыр толғайды.

Алма ананың әкесі Мугти Баймульдинович өз заманың зиялы азаматы болған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тамамдағаннан бастап (1937-77жж) еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысының Зеренді аудандық прокуратурасынан бастап, Солтүстук Қазақстан және Көкшетау облыстарының заң саласындағы жауапты қызметерін атқарған. Ол кісінің еңбегі елінде елеусіз қалған жоқ, кезінде Кеңестер одағының ордендерімен, медальдарымен марапатталған. КСРО-ның «Знак почета» орденін сол кездегі жоғарғы кеңестің төрағасы М. Калининнің өз қолымен табыстаған. Мугти Баймульдиновтің еліне, халқына деген адал қызыметі осы күнгі жастарға үлгі боларлықтай. Көкшетау қаласының орталық көшелерінің бірі М.Баймульдин есімімен аталған.

Мугти Баймульдинович дүниеден озса да оның артында ерен еңбегі, өшпестей із қалды. «Қызы бардың ізі бар, ұлы бардың өзі бар» дегендей ұлы Болат –инженер, Көкшетаудың үлгілі азаматы. Үлкен қызы Роза, фармацепт-врач. Күляш Көкшетау қаласының белгілі тіс дәрігері. Алма – терапевт, ал Бағлан есімді қызы – филолог, ҚарМТУ де қызмет атқаруда. Сөйтіп Баймульдиндер әулетінің балалары мен немелері бүгінде аты алтын әріппен жазылатын атаның ісін жалғастыруда, олар бүгінде адал еңбектерімен халықтың қалаулысы, елінің елеулісі болып отырған жандар.

Мақаламыздың кейіпкері Алма Мугтиқызы «бар байлығым – балаларым, осылар аталары сияқты ел үшін, халқы үшін адал қызмет етсе, менің аналық парызымның өтелгені» -дейді. Бүгінде Алма ана ұрпақтарын өсірді, өрбітті, өрістерін кеңейтті. Оның балалары Сәуле, Рустем, Ермек, келіні Бибігүл бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып Әсел, Даяна, Меруерт, Дарина, Камилла есімді немерелерін ержеткізіп жатыр.

Еңбекқор Мугтидай атасына, Алмадай анаға тартқан, інілерінің қамқоршысы Сәуле есімді қызы. Сәуле – Алма анасының тіршілігінің гүлі, өмірінің нұры. Ол адал да қажымас еңбегінің арқасында Қарағанды қаласындағы үлкен «Қазақювилир» ұжымын бірнеше жыл басқарған, ал Қарағандыдағы Каспий банкісінің білдей бастығы – Т.Ш.Гогоберидзе сынды күйеу баласы бар екен.

Қарағандыда тұрады екен, бірақ туып-өскен жерлері Көкшетау болып шықты. Сол құдалықта айтқан өлеңімнің (әні бар) мәтінін бергенді жөн көріп отырмын.

«Әселдің жүзін көре сап,
Немере қызға баласақ.
Арнайы келдік[2] бас иіп,
Сәлемдесуге, туыстасуға
Құда болуға жарасақ.

Екі жас бірін қаласа,
Кім тұрмақ оған таласа.
Құдалар жаңа [2] табылды,
Терезесі тең, өрісі де кең,
Әніме менің жараса.

Алатау –арман тұрса алда,
Екі жас отау құрғанда.
Ақ келін болсын,
Бақ келін болсын әулетке,
Бағалайтұғын, қолға ұстайтұғын,
Рахымым менің тұрғанда.

Ризалық болса халайық,
Қосылып әнге салайық.
1000-жылдық құда болдық деп,
Екі жас үшін, балалар үшін,
Бір тосты тұры алайық» - деп әндеткен едім.



Мың жылдық құдалықтың тостын көтеру және құдалық кәделерді жасау сәттері

Сол жолы «құдағидың құлағына алтын сырға» дегендей барлық кәделерді жасап, шапанды жауып, костюмді кигізіп, төс түйістіріп, құйрық-бауыр жесіп, сый-құретпен жарастық тауып қайттық.



Көкшетау. Қос Күләш, Алма және мен

Көкшетауда тұратын Күляш есімді құдағимен араласып, туыстай болып кеттік. Роза, Күляш, Алма Баймульдиндер, Кенжеғали құда бәрі де адалдықта жандарына серік еткен жандар екен.

Дүниеге Тимури есімді шөбере келді. Ол екі жақ үшін үлкен қуаныш болды. Үлкен әже болғандар қуанып,

бір-бірімізді құттықтап жатырмыз. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей қуанғанның көкесін жас құдалар Шәкір мен Тимір және Майра мен Сәуле көрсетті. Ал мен болсам, тұңғыш шөберемнің тойын өзім өткіздім. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасап дегендей, шөберені қырқынан шығарып мәре-сәре болдық.



Алматы. 25.01.2009 ж. Тимуриді 40 нан шығарып отырған қос әже

Жас құда-құдағилар Сәуле мен Темури аңқылдаған ақкөңіл, көпшіл адамдар болып шықты. «Жақсы құдаң бар болса, сыйласарсың туыстай» -деп Қайып Айнабеков ақын айтқандай, Шәкір мен Майраның осындай құдаларға тап болғанына шүкіршілік айтамыз.



Жас құдалар Шәкір, Сәуле, Майра Темури



Ата болған Шәкір балам

Рахымға деп алынған екі бөлмелі пәтердің жөндеуі мен ішін жиһазға толтыруына жас құдаларымыз үлкен үлес қосты. Бүгінде үш балалы болып отырған жас отаудың, кішкентай сәбилердің қасынан Сәуле мен Темури қашанда табылуда. Екі жақтың тату-тәтті араласып, бір-бірін тани білгендеріне, бағалай білгендеріне ризамын. Осындай жарасқан құдалық қарым-қатынас жалғаса берсе екен деген ниетпен ғұмыр кешіп жатырмын.

3.5. Алматылық құдалар

Жансүгіровтер әулеті. 2013 жылы Алматыда жасөспірімдер театрында Иран-Ғайыптың «Фатима» атты қасірет-намалық қойылымының үш күн қатарымен тұсаукесері өтті. Осы бір ғана қойылымда қазақ халқының басынан өткен небір қиын жағдайларды: айдау мен тергеу, алдау мен арбау, адамдық, аналық ар-ождан тапталуы сияқты машақаттарды бір адамның өміріне сыйғызған. Және солай болған да! Ол Фатима Ғабитованың ғұмыры, басынан кешкен қасіреті жайлы қойылым болатын.

Қойылымның алғашқы күніне мен де құдағи ретінде шақырлдым. Сол кеште Фатиманың қызы Ильфа Жансүгірова балалары, немерелерімен, Саят Жансүгіров, Мұрат Әуезов, Болат Жансүгіровтың жұбайы-Қарлығаш Қаңтарбаева бала-шағасымен қатысты. Спектаклден кейін журналистер балаларымен сұхбаттасты. Фатима анадан қалған көздің жауындай заттармен танысу үшін Қарлығаштың үйіне журналистер келіп, барлық туыстар жиналған отырыс та болды. Бір айдан соң «Фатима» атты қысқаметражды фильм телеэкранға шықты.

Ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлының аузынан түсіп қалғандай Мұрат Әуезовтың анасы Фатима Ғабитова екенін барша қазақ біледі. Сонымен қатар


Фатима ана Мұрат, Ильфа, Үміт, Болат, Азат және апасымен

Фатима апай Үміт, Ильфа, Болат Жансүгіровтердің де, Азат Сүлеевтің де анасы. Қазақ халқының болашағы үшін аянбай еңбек еткен ірі тұлғалар: Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров және Мұхтар Әуезовтерге Фатима рухани сүйеу бола белген, осы алып-арымыздың қолжаз-баларын НКВД-ның суық қол, сұқ көзінен сақтап, Архивке тапсы-румен қатар, олардың ұрпақтарын шашыратпай, бір ұяда өсіріп-өндірген АНА.


Мұрат Әуезов, Саят Жансүгіров, Қарлығаш Қаңтарбаева, Болат Жансүгіров

Мен осы Фатима –анамен 1967 жылы жазда таныстым. Ол былай басталған. 1965 жылы Бурабайдан келіп, мединститутқа оқуға түсіп, нағашы апасы Гүлбахрам Сейфуллинаның үйінде тұрып оқып жүрген Қарлығашты көріп Фатима ана «Жансүгіровтің үйіне көзімнің тірісінде қазақтан келін түсіремін» деп Болатқа қосқан екен. Оған Гүлбахрам қарсы болған. Фатима апаның Көкшетауға (Қарлығаштың шешесі Гүлбануға) жазған хатын мен өз көзіммен оқыдым, онда: «Құрметті Гүлбану ханым! Бұл хатты жазып отырған Ғабитова Фатима, Ильяс Жансүгіровтың әйелі. Кеше менің ұлым Болат пен Сіздің қызыңыз Қарлығаш қосылатыны жайлы маған айтты және Сіздің алдыңыздан өтуге жердің шалғайлығы мен қолдары тимейтіндігін айтып хат жазуымды өтінді. Келісіміңіздді беріңіз. Құрметпен Фатима» деп жазылған екен. Хат қысқа да нұсқа және өте мәдениетті түрде жазылған.

Елден нағашы апамыз Гүлбану Қаңтарбаева келіп қалды, ашулы. Үлкен апасы Гүлбаһрамға да, Күләнға да бармаған. Үлкен қызы Гүлді ертіп біздің үйге келді. Біздерде әлі пәтер жоқ, қазіргі Қазақстан мейманханасының орнындағы жатақхананың бір бөлмесінде тұрамыз. Қарлығашты келін қылып алып отырған Фатима апа кешке үйіне шақырыпты. Олар сіздің үйге жақын жерде «Пивозавод» деген аялдамаға жетпейтін жерде тұрады екен. Кешке дейін күтпейміз, қазір барамыз дейді.

«Фатима құдағи ауыр халде жатыр екен, күндіз барып көңілін сұраймыз, әрі Қарлығаштың аяғы ауыр көрінеді» деді. «Жас коммунарлар» деген аялдамадан түсіп, Фонвизина көшесіндегі №17-жеке меншік үйге бардық. Үйде бірнеше татар әйелдер жүр, бірақ барлығы таза қазақша сөйлейді. Ол кезде Мұрат Әуезов Мәскеуде оқиды екен. Қарлығаш әлі жас, мединститутттың 2-курсының студенті. Мынандай өсіп-өнген үлкен әулетке келін болған да оған оңай емес, оған жанымыз ашып кетті. Міне сол кезден бастап, Ильфа Жансүгірова, Санжар Жандостовтармен араласып тұрдық. Содан көп ұзамай, Фатима құдағи Болат пен Қарлығаштан Лейланы көріп, дүние салды.

Кезінде Болат Жансүгіров, Олжас Сүлейменов екеуі Қазақ ұлттық университетінің геология факультетін тамамдаған. Оны мес қылмай екеуі де Мәскеуге барып, М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқыған. Б.И.Жансүгіров «Нұреке» (Нұрмолда Алдабергенов туралы), «Ұзақ құс жолы», «Турксиб» және т.б. фильмдер дүниеге әкелген танымал ресжиссер болды. Лейла Болатқызы Жансүгірова Қазақстан Республикасы «Генетика және цитоология» ҒЗИ-ның директоры, ғалым. Умиля әке жолын қуып, ҚазПТИ-дың геология-барлау факультетін біті-ріп, ел қатарлы еңбек етуде.


Л.Б.Жансүгірова

Саят Жансүгіров екеуіміздің мамандығымыз бір, тау-кен инженеріміз, ол ғылым кандидаты, Тау-кен істері институтында қызмет атқарады.


Н.Жалғасұлы, мен, С.Жансүгіров

Болаттың немересінің атын «Олжас» деп қойып, оған осы уақытқа дейін өкіл ата болып жүрген ақын Олжас Сүлейменовтің кеңпейілділігіне, досқа деген адалдығына әркез көз жеткізудеміз.



Саятттың жұбайы Фатима, Саят, Лейла, Қарлығаш, Болат, Мұрат Олжас Сүлейменов 40-нан шыққан Олжас Жансүгіровті ұстап тұр.



IT-ің 1-курсы студенті Олжас Жансүгіров



Қарлығаштың туған күні: Мұрат, мен, Мереке; солдан оңға қарай түрегеліп тұрғандар: Лейла, Қарлығаш, Алуа Әуезова, Умиля, Нұрия

Мұрат Мұхтарұлы Болат пен Қарлығаштарға келгенде, жаны-на балаларын ерте келіп, анасы Фатиманың үйіне келгендей көл-көсір болып, шалқып, толқып отырады. Өйткені Қарлығаш қайнысы Мұратты төредей төрге шыға-рып, жылы-жұмсағын аузына тартып құшақ жая қарсы алады. Ол Қарлығаштың кең пейілділігінің, мол адамгершілігінің және бүгінде үлкен «АНА» шаңырағын ұстап отырған ана екендігінің белгісі.

☆☆☆☆☆

Райхан құдағи. Қолымызда тұрып Орталық Азия университетін тамамдаған қызымыз Айнаш Жұмабеков Ернат деген азаматпен отау тікті. Содан бері Райхан Тұрсынова деген қатарласымызбен құдағи болдық.

Райхан Алматы облысы, Балқаш ауданының, Іле бойындағы Бақаназа дүниеге келген. Туған жеріміз туралы «Бақанас – жердің байтағы» деген әнімізді естіген шығарсыздар? деп зор мақтанышпен айтып отырады.



Көкшетау. Райхан құдағи Қалел және Қайыржанмен

Иә, Д.Қонаев атамыздың кіндік қаны тамған елді-мекенді білмейтін адам жоқтың қасы. Бақанас биік таулары болмаса да, көлі, құмы, сексеуіл, тораңғыл, жыңғыл, жиде – табиғаты көз тартарлық. Бақанастықтардың «Әр бұтаның түбі – бір асым ет» деген мәтелі де бар. Себебі, Бақанастың орман-тоғайынан қашанда қоян мен қырғауыл табылады. Бір асым ет деген сол.

Өн бойынан қазақылық-тың исі аңқыған, елге сыйлы, беделді қариялар қай ауылда болса да болады ғой. Райхан құдағи сондай жан. Ол бала-шағалары мен немерелерінің ортасында отырған кезде «Бақанас жердің байтағы» деген Жұрсін Ермановтың сөзіне жазылған әнді рахаттанып айтып та отырады. Ол әннің мәтінінде мынандай сөздер бар.

«Қырына қыдыр түнеген, жырына қосып Ілемен.
Ұлыңа ғұмыр тілеген, арналды саған бұл өлең.
Суыңды біреу айтады, нуыңды біреу айтады.
Бақ-дәулет ізден келгендер, бақытты болып қайтады.
Бабадан қалған бақ – мекен, Бақанас – жердің байтағы.
Тұғырын теңіз тіреген,құмынан байлық күреген.
Дидарын көріп Іледен, қыздары құстай түлеген».

Әннің «қыздары құстай түлеген» деген сөзіне лайық, Райхан құдағидың Гүлзат және Ляззят деген екі қызы Алматыда тұрып жатыр. Үлкені Гүлзат, жұбайы Серікпен балалы-шағалы болып, ал екінші қызы Ляззят Бақытбекпен тату-тәтті жанұя құрған. Құдағидың кенжесі - ұлы Ернат, керектісінен тарықпаған. Екі апасы мен жезделеріне еркелеп, Алматыны қыдырып жүріп Ернат біздің Айнашқа жолыққан.

Міне содан бері Райхан құдағи Бақанас, Алматы, Астана, Көкшетау араларын жол қылып, бала-шағалары мен немерелерінің ортасында марқайып отыр. Жұбайынан ерте айрылса да, балаларының асыл анасы, немере-жиендерінің аяулы әжесі Райхан құдағи отының өшпеуін, шаңырағының шайқалмауын, сәбиінің жыла-мауын тілеп отырған жан.

Осындай құдағиға:

«Күлімдеп тұру парасат, құдағи Сізге жарасад.
Тауып қойған әкеңіз, Райхан деп тамаша ат.
Туыстар айтар ақ тілек, береке, байлық, бақ тілеп.
Немере сүйіп кенелсін, құдағи біздің жүзге кеп» демекпіз.

☆☆☆☆☆

Алматылық құдаларымыздың бірі ***Тоқтаевтар әулеті.***

Айман немерем Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқып жүріп, жұмыс істей бастады. Сол жұмысында алматылық, ұлты ұйғыр Руслан деген жігітпен танысып, достасқан. Кейін достығы махаббатқа айналды. Бұл қалай болар екен деген ойға қалдым.

Жасым ұлғайып қалған шақтағы мен, қатты уайымдадым. Ал балаларым Асқар мен Салтанат: «бірін-бірі өздері тапты, ұнатты, қажет болса көмектесеміз, оған неге уайымдайсың» деп мені барынша сабама түсірп қойды.

Бір күні Русланның әке-шешесі - Тоқтаев Сабыржан мен жұбайы Мәриям екеуі үйімізге келді. Жас жағынан менің балаларым шамалы. Жүріс-тұрысы мен қимылы ширақ, сөздері қорғасындай салмақты да салиқалы көрінді. Олар да Шәріп екеуіміз сияқты үш ұл тәрбиелеген екен, қарпайым еңбек адамдары. Сабыржан құда құрылыс саласында мәшина жүргізсе, Мариям үй шаруашылығымен айналысқан, балаларын ержеткізген жандар болып шықты.

Сабыржан мен Мәриям бұйымтайының шет жағасын суыртпақтап көрсеткелі отыр. Ішім сезеді, құлағым соларда. «Құдайға шүкір, үлкен ұлымыз былтыр үйленген, бөлек тұрады, жуырда немере сүйеміз бе деген ойымыз бар. Ал, екінші ұлымыз Руслан қызмет істеп жүрген жерінде сіздің Айманыңызбен жүздесіп, табысқан екен».

Осына айтты да сәл кідіріп, жанарын төмен салды. Сол кезде жұбайы Мәриям біздерге қарап, әрі қарай жалғастырды: «Сол балалардың жарасымды күйін сіздерге жеткізейік деп екеуіміз келіп отырмыз. Мұсылмандардың рәсімі ғой, Айманға сырға таққалы келдік. Жастар шаңырақ көтермек, отау тікпек. Соны айтқалы келдік, ақ ниетті баталырыңызды тілеп келіп отырмыз» -деді.

Міне, осылайша алматылық Тоқтаевтар әулетімен құда болдық, немеремнің құлағына сырға тақты. Айман немерем ұйғыр жігітіне тұрмысқа шықты. Әрі қарай, тату-тәтті өмір сүріп жатқан сол балалар және жаңа құдалар жайлы айтып бергенді жөн көрдім.

«Қазақстан – көпұлтты мемлекет». Осылай дейміз де, қалың ұлттың тізімі белгілі болса да, бірін білсек, бірін білмейміз. Тіпті, атын естімеген халықтар да жетерлік. Тоқтаевтар, біздің балалар сияқты, осы әсем қала Алматыда туып-өскен жандар екен.

Алматы әдемі көркімен, жанға жайлы нәзік табиғатымен кім-кімді болса да өзіне тартадын, мәңгі есінде қалатын әсем қала. Алматы, бүгінде әр адамның жүрегінен жылы орын тапқанында күмән жоқ. Осындай күн қала, гүл қала Алматыда туған және тұрып жатқан жандардың жан-дүниелерінің де әсем болары сөзсіз. Онсыз да әсем әнімен баурап алатын Алматы, мына біздерді жақындастырып, әр күнімізді құлпырта түсіретіндей. Ләйім солай болғай!

Құдалар ұйғыр болса да, ұлтаралық түсініспеушілік жоқтың қасы. Ұлтта тұрған ештеңе жоқ екен, бәріміз қазақ-ұйғыр болып араласып дастархан басында отырғанда Қазақстанның ортақ тілі - орыс тілінде сөйлесіп жаткқан

жаймыз бар. Ұлты басқа болса да, қазақи тәрбиедегі азамат, ең бастысы мұсылман.

Тоқтаевтар балаларының үлкендері Рассул келіншегі Халима екеуі кішентайлы болып, Сабыржан мен Мариямға Эльдар есімді немере сүйгізіп отыр. Ал, Руслан мен Айман жеке үй болып, еңбек етіп жатыр. Болашақтары алда деп ойлаймын. Өйткені, Алматы – жаңа мүмкіндіктер мекені. Алматы - жастардың көбісінің жаңа өмірге қадам басуына да себепкер болып, қолынан жетектейтін қала. Сол себептен де болашақ жастарда.

Не айтсақ та, Алматының әсем табиғаты мен шырайлы шуағы ешкімді ұлтына, ұлысына бөлмей, туған анасы әлдилегендей сезім ұялатады. Сондықтан да, осындай әсем қала Алматыда тұрып, құдалығымыз берікті, қаламыз көрікті бола берсін!

3.6. Семейлік құдалар

Майраның Бауыржаны Динара есімді қызға үйленетін болып, Күләш екеуіміз құдалыққа Қытаймен шекарадағы «Достық» деген жерге бардық. Ол жерге поездбен де бруға болады екен, біздер арнайы мәшинәмен бірнеше адам жолға шықтық. Шілденің іші, Алакөлден кейінгі 160 км-дей жолы нашар екен. Жастар ұялы телефонмен сөйлесіп жатса керек, жақындап қалғанымызды біліп, келе жатқан құдалардың алдынан қарсы алуға мәшинамен адамдарды жіберген.

Ауылды мекен «Достық» жақындаған жерде бір көл бар екен. Сол жерде суға түсіп, «ат шалдырып» дегендей, біраз бөгелдік. Келсек, алдымызда арқан керіп, екі мәшинә қарсы алушылар тұр. Мәшинәләрінің үстіне ішімдіктер мен жеңіл тамақтарды қойып қойған.

Қытайға өтетіндерді тексеретін кеден қызметкерлері сияқты, біздерді дәм татпасаңыздар өткізбейміз деп тұрып алды. Құдалыққа келе жатқан әрқайсымыз міндеттерімізді бөлісіп алған болатынбыз. Күләш пен Майра «китке», сөз сөйлеп, өлең айту –маған, «у» берсе де бәрін ішу және жеу - Әбілеге, би-билеу –Ақайша мен Айманға жүктелген болатын. Соған сәйкес, біздің Әбіле ішімдікті тартып жіберсе, күннің ыстығынан арақ - қайнап, салат - ашып кеткен. Басқаларымыз ауру-сырқау едік деп, өттік-ау әйтеуір шекарадан.

Құданың үйінің ауласының алдына мәшинәмізді тоқтаттық, кірейік десек, бір қария- кемпір құдаларды қарсы алғанда айтатын, «ауылдың алтыауызын» айтып тұрып алды. Кезек менікі. Жауап берейін десем, тоқтамайды (құлағы онша естімейді екен). Әйтеуір сол қариямен дуэт болып айтысып жатып үйге кірдік-ау! Кең үйлері бар екен, оған қарамай алты қанат киізүй тігіп қойыпты. Сол жерге жайғастық.

Құдалармен таныстық. Құдалар Нүкебаев Бақыт Молдағалиұлы және жұбайы Гүлжанат Әбішқызы екеуі де Семейдің Аягөзінде туып-өскен. КСРО мен Қытай арасына теміржол салу келісімі бойынша, жол салынып, 1990 жылы екі жақтан келе жатқан жолдың түйіскен жері осы «Достық» станциясы болғаны баршаға белгілі. Құда алғашқылардың бірі болып 1994 жылы көшіп осы жерге қоныстанған екен. Содан бері теміржол саласында жұмыс істейді.

Құда сегіз ағайынды екен: үлкен апасы Күляш Молдағалиқызын (өздері – «генерал» деп атайды) сол стансияның бастығы деп айтуға болатын жан. «Достық» ашылғанының бірінші күнінен бастап сол жерде еңбек етуде. Бақыт құда інілерімен, қарындастарымен, күйеу балаларымен таныстырып болғаннан кейін: «осы барлығымызды дүниеге әкеліп, өсіріп-өндірген, адам қылған мынау әкеміз деп Молдағали ақсақалды және анасы-Бижамалды таныстырды.

«Бақсам бақа екен» дегендей, есіктің алдында менімен дуэт айтып жүрген, көршінің бір кемпірі екен деп ойлап қойғам, сөйтсем ол үлкен құдағи екен. Сол кісі менің жаныма келіп орналасты, кешке кафеге барды және біз жолға шыққанша аяғынан тік тұрды ғой. Қариялардың сүйегі асыл деген осы да!

Қазақ түз төсінде жолыға калса да жеті атасын таратысып, егжей-тегжей жөн сұрай келе: «Ой! Сіздер өзі бөтен болмадыңыздар, тіпті ет жақын туыс болып шық қой, Арғын-найман бір туған, енді құдандалы болдық» десіп шұрқыраса табысып, құшақтарымыз қабысып, әзілдеріміз жарасып бір жасасып қаладық. Ән де шырқалуда, тілектер де төгіліп жатыр.

Сұрасақ, шынымен Қытай шекарасына жақын жерге келген екенбіз. Қытай ол елді мекеннен 5-6 шақырым жерде екен, шекара анадайдан көрініп тұр. Арқан керген жерде қайнап тұрған арақты жұтып жіберген Әбілеміз ауырып қалып, оған дәрі беріп Ақайша қатарға қосты. Біраздан кейін, біздерді ыстық арақпен қарсы алып жүргендер туыстары да келіп дастарханға отырды. Сонда сол мидай далада 15 шақты адам бармыз (келе жатқан біздер және қарсы алып тұрған 4-5 адам). Атақты «Арқан керген» де сол тұста екен. Есіме семейлік айтыскер ақын Ринат Заитовтың мынандай бір шумақ өлеңі түсе қалғаны:

«Қазақтай ұлт жоқ білем бар әлемде,
Тұщынбай тағдыр уын тататұғын.
Алла берген жерді қорғап бабалары,
Балалары ойланбай оны сататұғын.
Бір ғана солдаты бар жалғыз өзі,
14 солдатты өлтіріп қашатұғын» деген.

Бағанағы арқан керген жерде «сен іш те, мен іш» деп тұра бергенде, бәріміз қырылып қалатын едік қой деп жатырмын. Енді мына жайлы жерде отырып, кезек маған келген кезде:

«Уа, құдалар бақытымыз үшін де,
Келіңіздер жүзім сусын ішуге.
Бауыржан-Динара балғын бақ боп көбейсін,
Жүрейікші бәрімізде сол бақшаның ішінде» -деп әндеттім.

Міне осылайша, семейліктермен құйрық-бауыр жесіп, құда болдық. Құда болдық дегенім ресми жағы, айтқаным келіп, Динара мен Бауыржаннан ұрпақ тарап, балғын бақтың ішінде жүрміз.



Динара, Бауыржан, Гүлжанат құждағы, Бақыт құда, Майра қырқынан шыққан Мақанмен және құда балалармен

Бауыржан, Динара Мақан және Рахымжан

Шынында да, Бауыржан мен Динара Алматының «Алмалыбақ» деген жеріндегі үш бөдмелі пәтерлерінде тұрып жатыр.

Бауыржанның ең жақын, ең аяулы серігі Динара келініміз оның жігеріне қайрат қосып, ыстық ықласы мен махаббат нәзіктігін сыйлайтыны соншама, қазақ қыздарына тән төзімділікпен, үйдің де түздің де қамын түн ұйқысын төрт бөліп, көздерінің қарашығындай балалары Мақан мен Рахымжанды мәпелеп, жанұяның береке бірлігіне ұйтқы болып келе жатқанына ризамыз.

Мақан деген нәрестеміздің бір жасқа толғанын құдалармен тойладық, сонда:

Жиналып қуанышқа жақын талай,
Отырмыз туыс болып, жатырқанбай.
Тойы бұл жөргегінен жерге тұрған,
Қарашы бірге толған Макан қандай!

Бұл ортақ той біздерге ғаламат тым,
Төгеді нұр сәулесін бағалап Күн.
Мерейі үстем болсын Майра әженің,
Балажан Күляштің де, жамағатым.

Жүрдек қой, өте жылдам уақыт мына,
Жас бала жүгірсінші атып тұра.
Сондықтан ағайындар Маканчиктің,
Тұсауын кескізейік бақыттыға.

Жұлдызы шаңырақтың жыр тағы деп,
Атасы Махметтің ұрпағы деп.
Батаңды оңынан бер ағайындар,
Екі әже сүрінбестен жүгірсін тек.

Қосылып 100 жыл келіп бір жасыңа,
Бақыт бер бармақтайын бір басына!
Жолатпа жамандықты, Е құдайым,
Махметов Бауыржанның баласына!» деген едім.

Айтқаным келіп, бүгінде Күляш пен Майра екеуі екі немерені кезектесіп бағып-қағып жүгіріп жүр, құдандалы адамдарға одан артық не керек?!

Наурыз айында, бір жұмыспен Алматыға анасы Бижамал мен келіп қалған генерал Күләш құдағиды үйге шақырып, қонақ қылып жіберген едік. «Достыққа» барғаннан кейін Күләш құдағидың 25 жасар баласы жол апатына ұшырап қайтыс болды. Өткенге салауат, қалғанға берекет деп халық бекер айтпаған ғой. Сіздерге арнаған осы қысқа арнауымды Ақселеу Сейдімбектің «Дәурен-ай» деген жырымен аяқтағым келеді.

Жастық дәурен тұрмас,
Қайта мойнын бұрмас,
Тоқтамастай, шапқан аттай,
Атқан оқтай, дәрен-ай.

Иә бүгінде, ойын да, өмірін де, пиғылын да табиғи қалпында сақтай білген, рухани таза Қуаныштай азаматты Жер-ана қойнына алып, әлдилеп тербетіп жатыр.

3. 7. Жамбылдық құдалар

«Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз де баяғыдан келе жатыр. Бұл қазақтың аралас-құралас, алыс берісті, құда жекжат, жамағайын жұрағаттығын аңғартатын сонау іргеміз сөгіліп қаймағымыз бұзылмаған заманадан жеткен ұғым. Өткенімізді қарап отырсақ, ел бастаған көсем де ділмар шешен де, ақиық ақын, ел қорғаны батыр да осы сөздерді жиі айтқан.

Бірде мені Жамбыл облысы Жуалы ауданының «Военсовхоз» ауылды мекеніне үйлену тойына шақырды. Сонау 60 жылдардан бері құдандалы болып, Алматыда, Таразда кездесіп жүрсек те, мен сол үй иелері: **Қуандық (Қуан)** және оның жұбайы **Күлдәнеш Мірәлиевтер**мен жете танысудың сәті түспей жүрген еді.

Ауылдағы құда күту тойы басқаша болды. Сол ауылды мекендегі ең үлкен, анадайдан көзге түсетін үй осы Қуан құданың үйі екен. Мірәлиевтер заманына жарасқан, айрандай ұйыған әдемі отбасы екеніне көзім әбден жетті. Қуан құда талай ала–топан дауылдардың, талай жауын-шашындардың арасынан жол тауып өтіп жүрген азамат. Ол өте алғыр бухгалтер-экономист болған. Бітіргені Тараздың статтехникумы бола тұра тоқығаны басымырақ Қуан Мірәлиев кезінде «Қызыларық» кеңшардың бас бугалтері болған. Оның техникумда алған біліміне әке-шешесінің еңбекке деген адал қасиеттері дарыған болуы керек. Әйтеуір Қуан қолына алған шаруа ылғи оңтайлы шешімін тауып жатты.

Алматыдан келіп түссек, үйінің ауласына құдаларды қарсы алуға алты қанат киіз үй тігіп қойған екен. Киіз үй ішкі жасауымен, ою-өрнекті көрпелерімен, жастықтарымен көздің жауын алады, «Төселіп төр алдына құрақ

көрпе…» деп басталатын жыр жолдарын еріксіз есіңе түсіреді. Көрпе үстінде Әсілхан нағашымыз қолында домбырасы, өлеңін айтып, думанды қыздырып отыр. Айпен жеңешеміз де төркініне келіп төрде демалып жатыр.

Жуалыға бір келгеннен кейін дәндеп алдым, 2008 жылы Айпеннің мерейтойының жалғасын сол военсовхозда өткіздік. Не керек, қашан барсаң да сол шаңырақта рахатқа бөленесің: ет қазанда қайнап, бауырсақ пен қаттама пісіріліп, самауырыны екі бүйірінен дем алып, әрқашан бұрқылдап тұрады. Оның барлығы сол үйдің бәйбішесі Күлдәнештің арқасы деп білем.

Күлдәнеш Мірәлиева ұлағатты ұстаз, ҚР халық ағарту ісінің үздігі. Ұстаздық жұмысты бастауыш сыныптағы тәрбиеліктен бастаған, Күлекең жасының келгеніне қарамастан жастарға титтей шапағаты, жақсылығы бар-ау деген нәрсеге жанын салып, соны соларға жеткізгенше, ұғындырғанша асығады. Келіні Гүлзираны да мұғалімдікке баулып отыр. Шәкірттерін өз балаларындай көріп ұстаздық еткен Күлекең бүгінде зейнеткерлікке шыққан.


Ұлағатты ұстаз

Қуан мен Күлданеш екеуі тұңғыштары Сағындықты үйлендіріп, қызы Алиманы құтты жеріне қондырып, немере ер мен жиендердің қызығын көріп отыр. Немерелерін ертіп, Алматыда тұратын қызы Айгерім мен күйеу баласы Ертайдың үйіне жиендеріне келіп-кетіп, Жуалы мен Алматының арасын жол қылып жүреді. Сол кезде Күлдәнешке:

«Мектептегілердің құрдасындай
Әкпелердің мұңдасындай.
Қалай деп жағдайлары жесірлердің?
Келіп тұр Алматыға жиі осылай!» деп қоямыз.

Қазір Қуандық үлкен бір әулеттің отағасы болса, Күлекең сол шаңырақтың отанасы. Жалпы, алысты жақын, жақынды бауыр тұтып, туыстық желіні үзбей, береке-бірлікті бұзбай жүрген Күлдәнешке:

Алпыс жыл Жуалыны еткен мекен,
Халқына еңбек еткен мұғалімдікпен.
Жүргені әлі күнге алшаң басып,
Арқасы Қуан құданың десем бе екен.

Қуан құданы ерекше қадірлеген,
Қабағынанан жай-күйін тани білген.
Жанашыры туыс пен ағайынның,
Үлгі алсашы бар әйел бір өзінен.

Екеу боп Сағындығың жарасып жүр,
Ерланыңа көп қыздар таласып жүр.
Өссін өрбіп, өркендеп ұрпақтарың,
Ұмытпай жеңешелерді қарасып жүр» дегім келеді.

3.8. «Абысын тату болса ас көп деген....» .

«Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», дегенді дана халқымыз текке айтпаған. Ынтымақ болған жерде ырыс та, несібе де болатыны анық. Елді ынтымаққа, бірлікке баулитын аға ұрпақ өкілдері мұны бір сәт ойланып, осындай игі істерге ұйытқы болса қанеки!

Біздің қазақ «бөлінгенді бөрі жейді», «ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп», «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дегенді бекер айтпаған болар. Ертеректе үлкендер айтып отырушы еді: «елдің ынтымағын еркегі ез ауылдың қатындары бұзады» деп. Бар болса бере алмайтын, жоқ болса көре алмайтын ағайынның кері тартқан тірлігін бері тарту сіз бен бізге парыз.

Семей өңіріндегі Абай ауданында татулықтың тамаша үлгісін көрсетіп, ел-жұртқа өнеге болған үш абысын тұрады. Әулеттің атағын әуелетіп, дәулетін кемерінен асырған келіндер бірлесіп бизнес ашып, халыққа қызмет көрсетіп отыр. Аудан орталығында бос тұрған қосқабатты ғимаратты қалпына келтіріп, шаштараз бен тігін цехын іске қосқан. Қазір бастаған бизнестері тәп-тәуір ширап, табысқа кенеліп отыр.

Осыған дейін ауылда жұмыссыз отырған үш абысынның еңбекке араласуына «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы себеп болған. Ақылдаса келе несие алып, оны дұрыс ұқсатқандықтың арқасында несібесін көріп отыр. Бір жыл бұрын шаштаразды іске қосса, араға біраз уақыт салып, тігін шеберханасын ашты. Бұны мен жас абысындарға(келіндерге) үлгі-өнеге болсын деп айтып отырмын.

Абысын дегеннің кім екенін айтып жатудың қажеті жоқ. Мен тек осы Алматыда аталас жамбылдықтырдың жұбайлары, яғни абысындас адамдармыз деп жүрген бірнеше азаматтар арасындағы қарым-қатынас туралы айтпақпын. Олар: Әлимә Күлшарова, Роза Зұлқарнаева, Айпен Мірәлиева, Даметкен Шитекова және мен.

☆☆☆☆☆

Әлимә Ахметқызы Күлшарова. Құдайға шүкір деймін! ұзақ уақыт көрмей қалсақ құшақтасып көрісетін, шүйіркелесіп сөйлесетін абысынымыздың бірі Алима Ахметқызы Алекең қасиетті де киелі Ордада дүниеге келген. Орда –алғашқы мектеп ашылған білім ордасы. Бірнеше газет-журналдар шыққан хан Бөкейдің ордасы. Истатай мен Махамбеттің, Құрманғазы, Даулеткерей, Сейтек, Диналар дүниеге келген жер. Мәншүк өскен, Тайыр, Базарбайлардың кіндік қаны тамған Орда. Алима Ахметқызы осы Орда топырағынан нәр алып, өсіп-ержетіп, Алматыда білім алып, халық үшін қажымай, ел үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі бола білген, бүгінде бала-шағасының құрметіне бөленіп отырған Алекеңмен қарым-қатынасымыздың түзулігін тілге тиек еткенді жөн көрдім.



Алима Ахметқызы жас кезінде нағыз Қыз Жібектің өзі болған. О, керемет орта бойлы, апақ, айдай сұлу, шашы ұзын, реңінде шуақ ойнаған, жылы жүзді хас сұлудың өзі. Адамға жанарын жалт еткізіп қарағаны қандай керемет! Ақын-жазушылардың еліктің лағына балайтын жан осындай-ақ болар. Ол ҚазПИ-ның филология факультетінің студенті Алима болатын. Осындай хас сұлу студентке кім хашық болмайды?!

Алимаға ғашық болған жандардың бірі –Әкім Әшімов (Тарази). Қыз көнбеген соң Оралға соңынан қуып барып, туған-туыстарының алдынан өтіп, қыр соңынан қалмай үйленген. Сөйтім Алима Ахметқызы Таразға келін болып түсті, үш баланың анасы болды.

Бертін келе, балалы-шағалы болғанда, ұзын шашты күтіп ұстау қиыға соққан кезде, Алима ұзын шашын кесіп, сақтап қойған. Еске салатын бір жайт, «Қыз Жібек» фильмін түсірерде, театр художнигі А.Ненашев Алекеңнің шашын сұрап алып, актриса Өтекешоваға пайдаланған. Ол шындық. «Бөтен кейіпкер емес, өзіміздің Ақжайықтың Қыз Жібегі ғой. Фильм жақсы шықсын»-деп уақытша бердім дейді Алекең. Сондай айдай сұлу кезінде құдасы Қалижан Бекхожин көріп, ақ маңдайлы, қыпша бел құдағи деп атап кеткен. Бізде әлі күнге дейін сол сөзді ұстаймыз.

Айдай сұлу Гүлзира Әкімқызы Алматы хореграфикалық училищесінің көркемдік жетешісі, мәдени алмасу шеңберінде шетелде де жұмыс атқарады. Күеу бала- Болат кәсіпкер. Гүлзира мен Болаттың Алдияр, Айша есімді балаларын Алима әжесі тәрбиелеп, ержеткізіп отыр.

Дана Әшімова жұбайы Бауыржан Ибрагимов екеуі де Жүргенов атындағы өнер академиясын тамамдаған. Ибрагимовты (Бауыржан шоу) білмейтін адам жоқ. Ал, Дана қызы қазір Астанадағы өнер Академиясында кафедра меңгерушісі. Жанұяларында Шыңғыс, Атахан және Айғанша есімді балалары ержетуде. Шыңғыс жоғарғы оқу орнын тамамдап қызмет атқарып жатса, консерваторияның студенті - Атаханның келешекте өнер жұлдызы болатынына күмән жоқ. Айғанша жиенін Алима Ахметқызы құтты жеріне қондырып, келешегінен ұміт күтіп отыр.

Алдан Әшімова «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадио кешенінің» бас директоры Ерлан Бекхожинның жұбайы. Ердан және Алиса есімді балалары жоғары білім алған, өз орындарын тауып еңбек етіп жатқан жандар. Алекеңнің тәрбиесін алған балалары мен немерелері сайдың сары тасындай. Анаға және әжеге осының өзі бір бақыт. Бақытқа бөлене беріңіз, жеңешеше!

☆☆☆☆☆

Роза Зұлқарнаева (Көрпетаева). Ғылым-ілімнен түйгені көп, тартысты өмірден «күйгені» көп, білгенін ішке бүкпеген, айтар тұсы келгенде сөз кезегін күтпеген азулы азаматтардың бірі ұстазымыз Пангерей Шолақов болатын. Шәкірті болсам да, кейінгі кезде мені «Маржан құдағи» деп қоятын. Себебі мен Пангерей Шолақовқа екі рет құдағи болдым.



Біріншісі, 1965 жылы Шәріптің нағашы інісі, студент Есенгелді Көрпетаев, ҚазПТИ-дың партия комитетінің екінші хатшысы – философ, Сайын Зулқарнаев деген азаматтың қарындасына үйленетін болды. Зулқарнаевтар Оралдың Жәнібек ауданынан екен. Алдынан өтуге барсақ, қыздың әкесі мен шешесі қарсы емес, ал мына өзімізбен бірге қызмет атқаратын ағасы, ғылым кандидаты С.Зұлқарнаев келісімін бермей қойды. Ол кезде Шәріп екеуіміздің де ғылыми атақтарымыз жоқ, жай ғана оқытушымыз.

Зулқарнаевтар Оралдың Жәнібек ауданынан екен. Алдынан өтуге барсақ, қыздың әкесі мен шешесі қарсы емес, ал мына өзімізбен бірге қызмет атқаратын ағасы, ғылым кандидаты С.Зұлқарнаев келісімін бермей қойды. Ол кезде Шәріп екеуіміздің де ғылыми атақтарымыз жоқ, жай ғана оқытушымыз.

Институтта бірге қызмет атқаратын әріптестерімізбен ақылдасқан едік, ол кісілер бұл мәселені Пангерей Шолақов ғана шеше алады, Зұлқарнаев екеуі жерлес және дос деді.

Пәкең Шәріп екеуімізді мақтап: «Екеуі де ғылыммен айналысып жүр, бүгін болмаса, ертең-ақ ғалыми атаққа ие болады, мына екі жасқа да көмектеседі»-деп көндірді ғой жолдасын. Құдалық осыдан басталды.


Ал, Пәкеңе екінші рет құдағи болғаным, үлкен баламның келіншегі –Майра, оралдық болды.

Роза Зұлқарнаева 1965 жылы Каскеленде орта мектепті ойдағыдай бітірген соң Қазақ политехникалық институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түсіп, студент атанған. Екінші курста оқы жүріп, өзімен бірге оқитын жамбылдық Есенгелдімен отау құрған. Сөйтіп, Роза Зұлқарнаева Таразға келін болып түсті.

Роза мен Есенгелді ҚазПТИдан инженер-геолог мамандыған алып шығып, екеумі жолдама бойынша сол кездегі Целиноград (қазіргі Астана), қаласына КазГИИЗ-ге, қазақ мемлекеттік инженерлік іздестіру ғылыми-зерттеу институтына қызметке барған. Екеуі елге үлгі боларлықтай өмір сүрген. 1969 жылы тұңғыш ұлдары Ержан дүниеге келді. Арада алты жыл өткенде оны Есенгелді Көрпетаев сол институттың Батыс Қазақстан бойынша филиалының директоры орнына тағайындап, Ақтөбе қаласына қоныс аударды. Есенгелді 1984 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Сол жылы екінші ұлдары Нұржан дүниеге келді.

Роза мен Есенгелді Ақтөбеде 20 жыл тұрды. 1991 жылдан Есенгелі Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласы бойынша кәсіпкерлер одағының Президенті қызметін атқарды. Олар ширек ғасыр жұбайлық өмірді бірге өткеріп, күміс тойларын да тойлады.

Ия, Құдайдың құдіреті шығар, сол жылы тамыз айында Есенгелді Көрпетаев



кезекті бір іссапардан қайтып келе жатып, автомобиль апатынан қаза тапты. Сол кезде 23 жасқа енді толған Ержан анасы Розаның сүйеніші, інісі Нұржанның ақылшысы әрі тірегі болып қала берген.

Әкесі мен анасы оқып, мамандық алған Қазақ политехникалық институтын бітірген Ержан Көрпетаев – қазір бизнеспен айналысады. Нұржан Ақтөбе педагогикалық институтын бітірген.

Студенттік күндерден бастап араларынан қыл өтпеген жары Роза және бала-шағалары Есенгелдінің шаңырағын шайқалтпай ұстап отыр, байырғы достарымен арасын үзбей қарым-қатынас жасауда. Ержан мен Нұржан өз қатарлары арасында біз ұялмайтынтай қызметтерін атқаруда. Біз оған қуанамыз, мақтанамыз.

Роза Көрпетаева келін Ержаннан Арсен және Жанеля есімді немерелер сүйіп отыр. Олар ертең-ақ ержетіп, Есенгелді атасының жетпеген биіктіктеріне жетсе екен деген тілектеміз. Кеше ғана 55 жасқа толғанын тойлаған Роза, биыл 65 жасқа толды, тірі болса Есенгелді де осы жасқа келер еді. Амал не, өмірі қысқа болды Есеннің.



Роза, Софья құдағи және Зайдаханмен

Роза келінге туған күнің құтты болсын! Зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілейміз. Алла берген күш-қуаттың арқасында, өмір атты толқыны қатты теңізде туыстарыңды, балаларың мен немерелеріңді, жалпы Сіз деген жандарды қуантып жүре беріңіз дей отыра, мына өлең жолдарын арнаймыз:

Роза біздің «алпыс беске»-ке еліпті,
Көңілі жас, күлімд егенкөрікті.
Арылмасын осы жақсы көңілден,
Тек қуаныш, қызық көрсін өмірден.

Ақылды ана, азаматты ардақтаған,
Туыстарды бағалап салмақтаған.
Есенгелдінің шырағын сөндірместен,
Өсірген екі ұлыңды ел мақтаған.

Екеу болып Ержаның жарасып жүр,

Нұржанға қанша қыздар таласып жүр.
Өссін өрбіп, өркендеп ұрпақтарың,
Ұмытпай жеңешелерді қарасып жүр.

☆☆☆☆☆

«**Басына бақ көгершіні қонған ана» -** деген тақырыппен «Балбұлақ» журналына 2011 жылы үлкен мақала жарияланды. Оның авторы Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, жазушы, «Алаш» әдебиет сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова болатын. Республикамыздың түкпір-түкпіріне таралатын осы журнал бастан аяқ қандай бақытты анаға арналды екен деген сауал туындайды сөзсіз.



Әр адам «Бақытқа» өз соқпағымен, тар жол тайғақ кешуімен жетеді. Адам баласы өз өмірінде небір рахат, қызық көрсе деұрпағы дұрыс болып өспесе, көргені түстей болып өте шығады. Осы ретте мен ақын Қайрат Жұмағалиевтың «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» деген өлеңінің сөзін кейінгі кезде «Баласы жақсы адамдар, ешқашан қартаймайды» –деп өгертінгіреп айтып жүргенін еске салғым келеді. Өйткені өнегелі ұрпақ өсіріп, баларыңның, құда-жегжаттарыңның ортасында қадірлі болып отырсаң жасыңа жас қосылып көркейе бересің. Адам ұзақ өмірден де жалығады, егер ол аурушаң және қадірсіз болса. Ұрпағың жақсы болып өссе, солармен бірге қайта гүлденесің, шалқисың, толқисың.

Сонда ғана сөз басындағы «ана бақыты» деген әркімнің басына қона бермейтін үркек көгершіні әр жүрекке ұялайтыны сөзсіз. Егер ойың бұзылып, кеудеңде өзімшілдк, асқақтық ояна бастаса, біреудің бағын өзіңдікінен көп көріп, қызғаныш сезімі туа бастаса – онда бақ көгершіні үркіп, ұшып кетеді. Осындай басына бақ көгершіні қонған аналардың бірі емес, бірегейіне Алматы қаласының тұрғыны Айпен Мірәліқызы.

Айпен Мірәліқызының шыққан тегі де келін болып түскен жері де Жамбыл облысына бегілі әрі силы орта. Айпен Алматыдағы кооперативтік техникумды бітірген, кейін Мәсекудегі Кеңестік сауда институтын тамамдаған. Еңбек жолын сауда қызметкері болып бастап, үлкен шаңырақты ұстап отыру-мен қатар, сол салада директірдің орын-басары, ұйым-ның партия хатшысы дә-режесіне дей-ін көтерілді. Мақаламыз-дың кейіпкері Айпен жоғарыдағы «Тегі жақсы қандайды...» тараушада айтып кеткен нағашымыз, белгілі ақын Асылхан Рахмановтың жары, аяулы ана, және мейірімді әже.

Өнер адамдарының, ақын-жазушылардың сал-сері екендіктері баршаға мәлім ғой. Солардың бірі Асекең есеппен өмір сүру дегенді білмеген,

аңқылдаған, жайдары мінезді, жымиып күліп тұратын жан еді. Нағашымыз Айекеңнің арқасында өмірдің қызығын көрді, өрімдей бес ұлдың әкесі, немерелерінің атасы болды. Құдайға шүкір! Рахмановтар әулеті өсті, өрбіді, өрісі кеңейді. Бүгінде Рахмановтар әулеті түгелімен Алматыда тұрады.

Балалары Айдар, Қайрат, Болаттар кәсіпкерліктің қас шеберлері, Талғаты Астанада банктің бастығы, келіні Асель Алматыда банкте қызмет атқарады, немересі Нұржаны шет елде банкте жұмыс істейді. Келіндер «қайын ененің топырағынан жаралып» Рахмановтардың ұрпақтарын жалғастыруда.

Міне осындай ұйып отырған әулет балалары анасының «қос отыз беске» толған мерей тойы қарсаңында Таразда мешіт ашты. Айпеннің мерейтойын балалары туыстарының, құда-жекжаттарының тұрып жатқан жері Тараз қаласында өткізді. Біздер де сол тойға шығарған күнтізбемізді, газеттерімізді көтеріп барып, күнгей жақта той тойлап қайтқан едік.



Айпеннің «қос отыз беске» толған мерей тойының салтанатынан көрініс

Суретте мен құттықтап сөз сөйлеп тұрмын, Салтанат Айпеннің иығына құндыз манто жауып жатыр, Нина келін газеттерді таратуға дайындалып тұр.

Сонда Айпен Мірәліқызын мерейтойымен құттықтай отыра мына жыр жолдарын Салтанат екеуіміз арнаған едік.

Отыз ба, отыз бес пе, Айеке, бүгін?
Көктем шығып жайғандай қызыл гүлін.
Жетпіс жасқа келді деп сеніп жүрген,
Келіндердің көрмейсіз бе «қателігін»!

Сұңғақ бойлы, ажарлы, ақ жеңеше,
Жүріс-тұрыс, есепке сақ, жеңеше.
Құдайға құлшылық қып, мешіт салып,
Қондырған әулетіне бақ, жеңеше.

Кешудесің ғұмырды мағыналы,
Көрмесе немерелер сағынады.
Шөберені жетектер күнде туғай,
Алла 100-ге жеткізсін Сіздей жанды!

Тілегіміз қабыл болып, Айпен жеңешеміз шөберелерге де жетті. Басына бақ көгершіні қонды деген осы да!

☆☆☆☆☆

Дина (Дәметкен) абысын. Айпен жеңешеміздің отызға таянып қалған кенже баласы Болат келіншек алу туралы ауыз ашпай жүрді. Үйлену туралы әңгіме бастасақ, күледі де орнынан тұрып кетіп қалатын.… Бірде Тараздан нағашылары келіп бәріміз бас қосып қалдық. Болат жалықты, білем… Күлдәнеш үйлену туралы әңгімені бастай берген кезде, Болат «Үйленем» деді. Бәріміз қуанып қалдық. Біреуің бар ма? деп сұрап жатырмыз. Қыздар көп қой деп, күліп қойды. Сол-ақ екен, Күлдәнеш: «Біздер Таразға жүрейік деп отырмыз. Шаруа бастан асып жатыр. Қызың болса алып келсейші, біржола тойлап қайтайық» деп Болатты қолға алмасы бар ма?



Мен мойшаға барып келейін деген Болатқа, Күлдәнеш жабысып жүр, мен де сенімен бірге барамын деп қояды. Болат мәшиәсіне отырып кетіп қалды. Қуан футбол көріп жатыр, Айпен екеуіміз ұйықтап қалдық. Түннің бір ортасында, «Болат қыз алып қашып келі» деп, Күлдәнеш бәрімізді оятып жатыр.

«Міне келіндерің!» деді де, Болат екі жолдасымен үйден шығып кетті. Қыз «кетемін» деп жылап жатыр. «Шок!»(естен танып қалды). Айпен екеуіміз қорыққанымыздан не істерімізді білмей жүрміз. Дәл сол күні қыз алып қашамыз деген өңіміз түгілі, түсімізге де кірмеген. Ары қарай белгілі ғой, келінді үйге кіргізіп, басына орамал салып, бәрін орнына келтірген Күлдәнеш болды.

Сұрасақ Болат көптен бері Әсел есімді қызбен танысып, үйленсем деп ойлап жүр екен. Әсел банк операциялары мамандағы бойынша нархозды бітірген, Алматыда банкте қызмет істейтін көрінеді. Ол Тараздың тұрғыны ***Оразхан Қабыкеевтің*** кенже қызы, анасының есімі ***Дәметкен*** екен. Ағасы Арман Қазақтың политехникалық институтының мұнай факультетін тамамдаған, кәсіпкер. Ұлкен әкпесі Назым -банк қызметкері болып шықты. Айекеңнің де балаларының барлығы банкирлер.

«Қылп еткеннен білеміз қыздың сырын» дегендей, түнде қыз үйге келмегеннен кейін ағасы мен жеңгесі, әпкесі үшеуі ертеңінде қуып келді. Тараздағы құдалардың алдынан өтуге Қуан мен Күлдәнеш барып, барлығын жайғастырды. Оның бәрін несін айтамын. Қазір, екеуі бақытты да баянды ғұмыр кешіп жатыр. Үйлеріне қонаққа барғанда өткен оқиғаларды қуанышпен еске алып отырамыз. Ұл-қыздары бар, өсіп жатыр. Балаларының қызығын көрсін!

Әңгіме басқада! Екі жастың тойы Алматыда өтті. Жамбылдық қайын-жұрт барлығы қуанып жүр, басқа жақ емес, құдалар өзіміздің жамбылдық болды деп қояды. Дәметкен құдағиымыз әнші екен, өленді сазына келтіріп орындағанына тәнті болдық. Сонда Оразхан құдамыз: «Мына әнші - Дәметкен құдағиларыңыз Керекудің арғыны. Әншілердің барлығы арғындар ғой» демесі бар ма? Нағыз «шок» сонда болды.

Есіме түсті, баяғыда екі кемпір отыр дейді әңгімелесіп. Бірі менің келінім – арғын десе, екіншісі – орыс депті. Сонда алғашқы кемпір: «Сен бақытты екенсің, орыс өзіміз ғой» деген екен. Арғын болса да, екі жақ тонның ішкі бауындай болып кетті. Екі жас бақытты да баянды ғұмыр кешіп жатыр. Үйлеріне қонаққа барғанда өткен оқиғаларды қуанышпен еске алып отырамыз. Ұл-қыздары бар, өсіп жатыр. Балаларының қызығын көрсін!

Ал, Дина құдағи туралы сөз бастасақ есімізге поэзияның дұлдұл жүйрігі атанған Қалижан Бекхожинның мына бір жыр жолдары тілге орала кетеді.

«Баяным ақын тау ғой баяғыдан,
Шетілген шежіресі аңыз жырдан.
Күй беріп сандық тастар, сырнай көлдер,
Бұбұл көп сайрап ұшқан Баянымнан».

Ақын жырлап кеткендей Кереку қаншама талантты азаматтарға тал бесік болып, ән мен күйге тербеп, күмістей көлдеріне шомылтып өсірмеді? Кербез де тәкаппар тау, саумал ауа, сауыққой ел кімнің де шабытын көтерері мәлім.

Осындай жерде туып-өскен Дәметкеннің өнерге, дәл ғылым саласына(есеп-қисапқа, шахматқа жақын болмауы мүмкін емес еді.

Дәметкен Қаратаудың құрылыс техникумында оқып жүріп студент Оразханмен көңіл қосқан. Екеуін таныстырған шахмат екен. Шахматтан екеуі бірнеше жарыстарға қатысып, жүлдегер болғандар. Сөйтіп, жамбылдық жігітке тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болып, арамызда жүрген аяулы адамдардың бірі - **Дәметкен Шахманқызы Шитекова.** Басында құдағи еді, қазір абысын болды.



Жылдар жылжып өтті. Дина Жамбыл обысында құрлыс басқармасы-ның бухгалтер-экономисі болып, жауапты қызмет атқарған жан. Екі қыз бір ұл өсірген. Өкініштісі, құданың 60 жастан асып дүние салғаны. Дина үш перзентінен немере сүйіп, зейнеткерлікке шықты. Дина абысынға:

«Түлеп ұшып Керекудің төрінен,
Танылдыңыз дүниенің өрінен.
Анық басып, абройға бөлендің,
Қажырлы еңбек, маңдайыңның терімен.

Дина сіңлім әрі әнші, ашық-жарқын,
Ажыратар көргеннен адам парқын.
Сіз сияқты абысындар көп болсе екен,
Қадірлеген қашанда ата салтын» деп қоямыз.

3.9. Баянауылдық құдалар

2000 жылдары мен бас құдағи болып, Баянауылдан қыз алдық. Алматыны дүркіретіп, үлкен той жасадық. Ұлы жүздің жігітіне қыз ұзатып жатырмыз деп Зайдахан бастаған баянауылдықтар тойға келді. Мені көріп «сен қай жақтансың?»деп сұрайды. Мен жігіт жақтанмын деп қойдым. Сөйтіп, баянауылдық құдалар: **Қабиден Әбілғазыұлы Әубәкіров** және **Бахыт Батырқызымен** танысып білістім.



Қабиден (Қабыкен) Әубәкіров Алматыдағы аулшаруашылық институтына түсіп, оны 1961 жылы қызыл дипломмен тамамдаған. Бұл кез елдегі тың көтеру науқанының қызған шағы болатын. 27 жастағы өрімдей өр мінезді Қабікен «Александровка» кеңшарға директор болып тағайындалды. Осы қызметті ол жиырма жылға жуық аброймен атқарды. Жаста болса бас болып отырған Кабаң «Александровка» кеңшарының ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ауылы екендігін әбден білетін-ді. Ең басты мәселе – шаруашылықты дұрыс жолға қойғаннан кейін, Қабаң Қ.Бекхожин, Ш.Айманов, С.Сейітов сынды ардақты адамдарды алға салып, үкімет басышыларының атына арнайы сұрау қағаз жазып өзі басқарып отырған кеңшарға 1967 жылы С.Торайғыровтың атын бергізді. Атқарған еңбегі, төккен тері өз жемісін беріп Қабаң елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы болды. Баянауылдың не бір арқалы азаматтары Қабікен Әубәкіровты Ер Қабаң деп атап кеткен екен.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қ.Әубәкіров бала-шағасының, немерелерінің жанына Алматыға көшіп келді. Қабыкен мен Бахыттың тепсе темір үзер, отызында орда бұзар, қырқында қамал алар, әке болып отырған екі бірдей балалары келмес сапарға аттанғанда, қайғыларына ортақ болдық, көңілдерін жұбаттық.

Соған қарамастан, егде тартса да еңкеймей, еңбек етіп жүрген Қабаң мен Бақытқа ісің оңға бассын, кәдеге ассын деп тілек білдіремін және жетпістің бесеуіне шыққан Қабиден құдаға:

Ұстап жүрсіз берік қып керегені,
Дағдырдың бұралаңын елемедің.
Еңкеймеген егделікке Ер Қабасыз,
Әрі қажысыз бұл күнде көрегенді.

Ғұмыр кештіңіз баршаға мағыналы,
Бармасаңыз Баянауыл сағынады.
Қарлығаш-Меруерт тұрғанда 75 түкте емес,
Алла 100 -ге жеткізсін Сіздей жанды-
дегім келеді.

Қабыкен мен Бақыттың маңайына жиналған іні, қарындастары, күйеу балалары, құдалары бар екен, солармен таныстық. Сағия-Мұхтар Абраевтар, Сәния мен Мұхтар, Қанағат - Бибігүл Әбсәләмовтар, Сара мен Рашит, халыққа білім беру саласының үздігі Оспан Қожахметов, Мемлкет қайраткері Қамза Бижанов, жұбайы Тұрсын, Қазақ ҰҒА-ның академигі Зайролла Дүйсенбаев, Көкенай мен Насыр Әбілязов сынды құда-жекжаттар тапқан тамаша кезеңдер естен кетпейді. Мұхтар есімді екі құданы бір-бірінен ажырату үшін бірін «Мұхтаризде», екіншісін «Мұқтарашвили» дейтін едік.

Қазақи жөн -жобаңды, әдет-ғұрыпты жетік білетін, той-домалақтарды жоғары дәрежеде ұйымдастыру қабылеттері бар, баянауылдық осы жайсаң жанды бізді бірден өздеріне тарта білді. Құдалардың әрқайсысына, кезінде, жыр жолдары арналды, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде мақалалар жазылды[5,32,56, 72, 74]. Сол кездерді ұмытып кеткендердің, осындайда, естеріне салып қойғанда да жөн.

Айналасына нұр сеуіп, жүрген жерін жайнатып жүретін асыл жанды, Мұхтарашвили және Зайролламен, Зайдаханмен бір класта оқыған Сараны, жалған дүниенің тұрлаусыз екенін кезекті рет дәлелдегісі келген, қара жер қойнауына алғаны, Қанағаттың баласы Ермектің қас қағым сәтте өмірден озғаны жанымызға қатты батты. Дана халқымыз «Бесікке тиген жамбас, жерге тимей қоймас» дегендей өмірден озғандардың иманы өздеріне, жақсылығы балаларына дарысын демекпін.

5. БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

5.1. Сырға толы сиқырлы сандар сыры

Мына қолдарыңыздағы кітаптың соңғы беттерін оқуға тянып қалдыңыздар. Оны бастамай тұрып кітаптың мазмұнына қайтадан көңіл бөліңіз. Кітап «Үш орта» деп аталатын 3 бөлімнен тұрады. Әр бөлім 5 тараудан, әр тарау 5, 7, 9 немесе 12 тараушадан құралған. Жазайын деген ойыңды, есіңде қалған естеліктеріңді, өмірнамаңды бұлай етіп бөліп құрастыру шарт емес. Дегенмен мен осы сырға толы сиқырлы, киелі, тағдырды таразылайтын сандар бойынша жүйелеп баяндауды жөн көрдім.

Жалпы, сандар жайлы не білеміз? Сан деген не өзі? Бұл сұраққа кез келген адам ойланбастан: «Қандай да бір заттың көлемін, ретін, мөлшерін және т.б. өлшемін айқындайтын бірліктер» - деп жауап қайтаруы мүмкін. Енді осы сандардың адам өміріне қандай қатысы мен әсері бар екендігі жөнінде ойланып көрейікші.

Ең алғашқы сандар, яғни цифрлар б.з.д. 2 мыңжылдықта болған деседі. Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кезде сандар 1 мен 0-ден ғана тұрған секілді. Жан жағымызға қарасақ сандар тек қана математика емес, тағы басқа көптеген ғылымдарда маңызы зор. Қарап отырсақ, осы қарапайым 10 цифр болмаса, біз телефон да соға алмаймыз. Бірлік, ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болған. Кейіннен атақты ойшыл – математик Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне сандар әлемді билейді деп үйреткен. Оған қоса күллі әлем жаратылысының құпиясын сандар арқылы жасырылған кодтың шешімін табу арқылы түсінуге болады деп тұжырымдаған.

Осы наным-сенімдер мен ырымдар бізге де, басқаларға да ерте кезде өмір сүрген ата-бабаларымыздан жеткен. Көзбен көріп, қолмен ұстап көрмесе ештеңеге сенбейтін бүгінгінің жастары үшін бұл көбіне-көп өткен ғасырлардың мәдениеті ретінде қабылданады. Дегенмен мұндай сенімдерді әлі күнге дейін жас-кәрісі қосыла, түгел құрметтейтін ұлт, жалпақ жұрт бар. Олар - салт-дәстүр мен наным-сенімге бай - қытайлар.

Мәселен, **8** - қытайлардың ең сүйікті саны. Ол - «гүлдену», .да дыбысталуының арқасында ерекше құрметке ие. Оның омонимі - «гүлдену», соңында «гүлденуге» жетелеп әкеледі деген мағананы білдіреді. Сондықтан «Арты гүлденуге әкелсін» деген ниетпен 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасының ашылу уақыты **8-ші айдың 8-ші жұлдызы, сағат 8-ден 8 минут 8 секунд** өткен мезгілге белгіленді.

8-наурызда туған менің немерем Рахымның гүлденіп келе жатқандығы да бекер емес.

Міне, әдетте соншалықты маңыз берілмей, өз жөнімен қолданыла беретін сандардың бәрінің мән-мағынасы бар екен. Бұл сандар таңбаланғанда көзді бір жүгіртіп өткен адам «мұның бізге қатысы жоқ, қытайлардың түсінігімен құралған сипаттама ғой» деп түйіндеуі де мүмкін. Алайда бұл қытайлар

бірдеңенің түбіне жетіп, әбден түсініп алмайынша, ой түйіндемейтініне бүкіл әлемнің көзі баяғыда жеткен.

Ұлы ғалым Пифагор: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие», – деген екен. Өмірде нумерология дейтін, сандар туралы ежелгі ғылым бар. Көпшілік қай санның қандай мағына арқалап тұрғанын соның болжамдары бойынша анықтап жатады.

Соған сәйкес тіпті, автокөліктің нөмірінің қандай мән беретінін талдап, түсіндіретіндер де аз емес. Ол үшін автокөлік нөмірінде көрсетіліп тұрған бар санды бір-біріне қосады. Ондық сан шықса, мысалы 45 деген, онда екеуін тағы да қосады: 4+5=9. Қосынды қандай сан, болжамға қарап, ой қорытады. Тағы да сандар сипатына назар аударайық.

Көптеген адамдар 13 саны сәтсіз деп санайды. Қазақтар 7 санын қасиетті санап, мүшел жасты өмірдің қиын, қауіп-қатерге толы кезе ңі деп түсініп, сейсенбіде сапарға шықпауға тырысқанымен, ешбір санды жамандамайды. Біздер үшін Аллаһ Тағаланың барлық күні сәтті. Тек, ниетің оң, ісің адал болсын. Алайда, өзге халықтардың наным-сенімі бойынша, қазақтар да кейінгі кезде 13 санын сәтсіз санға балайтынды шығарды.

Оның бір сыры: кезінде император Наполеон, мұнай алпауыты Поль Гетти, АҚШ президенттері Франклин Рузвельт 13 санын қатерлі санаған. Диана ханшайым мінген автокөлік Париждің жер асты жолындағы он үшінші бағанға барып соқтығысқан. 13 санын қатерлі көргендіктен, ағылшын теңізшілері әлі күнге дейін айдың он үшінші жұлдызында кемеге мінбейді, американдық кейбір авиакомпаниялар мұндай күні өз кестелерінен ұшуды алып тастаған. Ал, енді еуропалықтардың түсінігінше айдың 13-і жұмаға сәйкес келсе, ол күн «қара жұма» деп саналады. Жалпы, «қара жұма» он бір жылда бір-ақ рет қайталанып отырылады.

Сонда 13 саны сәтсіз, қатерлі болғаны ма? Біздіңше, бұл наным-сенім қазақтар үшін емес. Өйткені, қазақта алғашқы мүшел – 13 жаста, сол себепті халқымыз: «Он үште отау иесі», - деп ұлын ардақ тұтады.

Демек, әрбір санның түбінде қандай да бір ой, идея жатыр. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым - нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Нумерологияшыл ғалымдардың ойынша әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады.

Қазақ халқының өзіне тән ұлттық ұғымына енген,қасиетті саналатын бірнеше сандары бар, олар: 3,7,9,12,40,1000.

Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары да болады. Біреудің бақытты саны - 13, бақытсыз саны - 9 делік. Ал, менің таңдаған сандарым киелі: 3, 5, 7, 9, 12 және 40 сандары.

4.2. Киелі санындағы ұшқыр ойлар

Қазақ халқының да өзіне тән ұлттық ұғымына енген,қасиетті саналатын бірнеше сандары бар, олар 3,5, 7,9,12,40,1000. Осы сандардың ішіндегі ырымды 3 санының шығу себептері бар. Мысалы үш жүз, үш жұрт, үш байлық, үш тәтті, үш арсыз, үш мақсат, үш көз, үш алыс, үш қуат, үш ғайып, үш даусыз, үш тоқтам, үш қадірсіз, үш биік, үш қуаныш, үш кедейлік, үш жамандық, үш жақын, үш ақиқат, т.б.

Үш саны туралы айтарымыз.

Үш ақиқат: қымбат-шындық, арзан- өтірік, даусыз-кәрілік.

Үш алыс: жер мен көк, кәрі мен жас, жақсы мен жаман.

Үш апат: ғалымдар мен қарттарды силамау, үкіметті силамау, асты ысырыап ету.

Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі.

Үш артық: адалдық, еңбексүйгіштік, өнерпаздық.

Үш асыл: көз, тіл, көңіл.

Үш асыл мінез: шыншылдық, адалдық, әділдік.

Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық.

Үш бағыныштылық: патша мен қызметкер, әке мен бала, күйеу мен әйел.

Үш бақытсыздық: жаман ат, жаман қатын, жаман көрші.

Үш би: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

Үш биік: билік, дәулет, даналық.

Үш ғайып: – ажал, қонақ, несібе.

Үш дана: Абай, Шоқан, Ыбырай.

Үш даусыз: мінез, кәрілік, ажал.

Үш жүз: ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз.

Үш жұрт: ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт.

Үш жамандық: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабаның көзі – ескі жұртты бұзу.

Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет.

Үш қадірсіз – адам жатық шақтың, денсаулықтың, жақсы жардың қадірін білмейді.

Үш қат: жоғарғы қат(аспан),орта қат(жер үсті), төменгі қат(жер асты).

Үш қасиет: өліде-аруақ, малда –кие, аста-кепиет.

Үш кедейлік: кесірлік, еріншектік, ұйқы.

Үш кемдік: надандық, еріншектік, зұлымдық.

Үш қуаныш: алғыс алу, өзіңді көптің іздеуі, ісіңнің өшпеуі.

Үш қуат: ақыл қуат, жүрек қуат, тіл қуаты.

Үш көз: су анасы - бұлақ, жол анасы - тұяқ, сөз анасы –құлақ.

Үш мақсат: сауда мақсаты –ұту, жол мақсаты –жету, дау мақсаты-біту.

Үш серік: өмірлік жарың-жұбайың, мінген атың-пырағың, өірден сүріндірмей алып өтетін-парасатың, ақылың.

Үш тағлым: Мейрім сауап, жақсылықтан –шарапат, жамандықтан – кесапат.

Үш тәтті: жан тәтті, бала тәтті, жар тәтті.

Үш тоқтам: ақыл-арқан, ой-өріс, адам-қазық.

Үш тұл: – қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым тұл.

отбасының негізгі **үш элементі**: еркек, әйел, ұрпақ.

Адам өмірін: балалық шақ, жастық шақ, есейген шақ, орта жас, кәрілік және т.б. жіктеуге болады. Сондықтан да мен осы еңбегімді төрт орта емес, бес орта емес, **үш орта** деп атадым, олар: I – туған орта, II –өскен орта, III – өнген орта деп үшке бөлдім.

Қастерлі төрт саны. Сіздер білесіздер ме, 2014 жылдың ақпан айында 4 дүйсенбі, 4 сейсенбі, 4 сәрсенбі, 4 бейсенбі, 4 жұма, 4 сенбі, 4 жексенбі болды. Мұндай жағдай 732 жылда бір рет қана кездесетін жәйт.

Халқымыздың 4 санына қатысты айтқан төмендегі жорамалдарына назар салып көрелік. Осыдан-ақ бабаларымыздың бұл санды қаншалықты қастер тұтқанын аңғаруға болады.

Төрт тұлға: от, су, жел, жер.

Төрт құбыла: шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік.

Төрт маусым: көктем, жаз, күз, қыс.

Төрт түлік: түйе, жылқы, сиыр, қой.

Төрт мұрат: дау мұраты – біту; жол мұраты – жету; қыз мұраты – кету; саудагер мұраты – ұту.

Бес - аса құрметті сан. 5 саны жоғарыда айтылған 3 пен 7 садарының ортасында орналасып, жан-жағын басқарып тұрады. Айналадағы болатын барлық құбылыстар мен өзгерістерді қадағалайды деп саналатын негізгі бес планета бар, олар: Меркурий, Венера, Марс, Юпитер , Сатурн. Бес негізгі элемент, адамда бес негізгі мүше және сезім мүшелері бар. Негізгі бес түс бар, бес дәм бар. Бал ашу кезінде бестік императорлықты білдірген. Бестік шарықтау шегіне жетудің белгісі. 5 саны ауқатты, күшті, белсенді де сабырлы және биіктен көрінер сан болып есептеледі. Сондықтан оны белеске, даңқа, аброй-атаққа теңейді.

Бес санының өте жоғары бағалануына бір мысал келтірелік.

Көп ханымдар қол жеткізе алмайтын Шанель №5 иіс майы(әтір). Оның неге 5-нөмірмен белгіленгенін, шығу тарихын білген артық емес деп ойлаймын.

Осы бір атақты иісі майда оның иесі Коко Шанелге тән және өте қымбат сиқырлы белгілер мен символдар жасырынған. Шанель №5 әтірінің 1921 жылы дүниеге келуі дүниежүзі парфмерия тарихына үлкен жаңалық және оның иесі Коко Шанелге атақ алып келді. Сол жылдары ол Ресеймен жақсы қарым-қатынаста болып, императорлық сарайдың иісі майшысы Эрнест Бомен танысады және оған тапсырма береді. Эрнест Бо француз ханымына жағу үшін оған иіс майдың 20 түрін жасап, нөмірлеп Шанелдің алдына қойды.

Тіккен киімдерінің әрбір тігісін, түймесесін өзі тксеретін Шанель ханым, бұл жолы өзін басқаша көрсетті. Ол: «Мен иіс майдың тұсауын 5- айдың 5 күні кескім келіп отыр. Сондықтан №5 иісі майды таңдаймын. Менің сүйікті саным 5, мен үшін 5 –белгісі сәттілікті және жолыңның болатынын білдіретін символ» деген екен. Сөйтіп, Шанель ханым «№5» белгісін әтір ыдысының

сыртына жазғызған. Иіс майдың ыдысын, сол кезде әр нәрсені кубтар арқылы бейнелеп жүрген атақты Пикассоның жолы болғыш, яғни «везунчик» атты суретіне лайықтап жасатқан және қақпағына Вандом алаңының(алаңда оның атақты дүкені орналасқан) бейнесін салғызған. Сонымен бірге, әтір қорабының сыртына С әрпінің бір-бірімен қыйлысып тұрған, Екатерина Медичидың сиқырлы белгісін салып қойып отырған. Сөйтіп, бақыттың құпиялы белгілерімен құндақталған осы №5 иісі май дүниедүзілік атаққа ие болды.

Жалпы, қытайларда ерекше көңіл мен сипатқа ие негізгі сандар осы бес сан болып табылады. Өйткені бұлар он екілік циклдың негізгі іргетасы делінеді. 6-дан 12-ге дейінгі сандар осы негізгі бестіктің қайталанып қосылуы болып саналады. Дегенмен олардың да өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ халқының киелі сандарын оқи отырып, сандар мен олардың сырларын терең ұғындыру арқылы өз бойымызға сіңіріп, әрі қарай дамытамыз. Қазақта бес санының қадір-қасиетінің қаншалықты екенін білеміз бе? Білсек айтқанымыз артық болмас, білмесек, құлақ салғанымыз жөн болар.

Бес асыл: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым.

Бес баянсыз: еңбексіз келген байлық, қорқақтың достығы, жалған мадақ, опасыз махаббат

Бес дүшпан: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - Бес дұшпаның, білсеңіз...» -деп Абай айтқан.

Бес қару: садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта.

Бес негізгі элемент: су, металл, от, ағаш, топырақ.

Бес негізгі мүше: бас, қол, аяқ, көз, ауыз

Бес негізгі сезім мүшесі: көз-көру, құлақ-есту, мұрын-иіс сезу, тіл-дәм сезу; тері-ыстық пен суықты сезу мүшелері.

Бес негізгі түс: ақ, қызыл, жасыл, көк, сары.

Бес парыз: Құдайға сену, намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау, қажылық қылу.

Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары да болады екен. Біреудің бақытты саны - 13, бақытсыз саны - 9 делік. Ал, менің таңдаған киелі сандарымның бірі **5** болды. Сөйтіп мен, кітабымдағы әр ортамды **5 тарауға**, әр тарауды **5** (кей жерлерде 7 және **9**) **тараушаға** бөлдім.

Қасиетті жеті саны. Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаса, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды. Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады.

Қазақтардың таным - түсінігінде Жеті ата. Бұл – қазақ хал-қының дәстүрлі салт-сана-сында адамның ата жағы-нан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады.

Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда былайша ататек жалғаса-ды: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Мұнан соң туыстың атаулар әрі қарай: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып ке- те береді. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бабалар рухы ал- дында іштей жауапкершілік сезімін оятатын күшке ие.

Қазақ халқында жеті сан киелі деп есептеледі. Себебі, орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жұлдызға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17 – ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті сөзінің қасиеттігіне байланысты болған. Өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу жетімен байланысты. Наурыз көжеге де жеті тағам салып пісіреді.

Жеті амал: тоқсанның кіруі, киіктің матауы, мұздың қатуы, айдын тоғамы, үркердің батуы, қарашаның батуы, күннің тоқырауы

Жеті ата : бала, әке, ата , арғы ата, тек ата, түп ата, баба.

Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, **і**лім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, жүйрік тазы, берен мылтық.

Жеті күн: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Жеті құбылыс: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан әлемі, жер орта, жер асты .

Жеті ұрпақ : әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат

Жеті түс(кемпірқосақтағы): қызыл, қыз-ғылт-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк және күлгін.

Жеті жарғы: Ол – Тәуке хан (1678-1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы осынау заң жүйесін өмірге әкелген. Ол 20-ғасырдың басына дейін қолданылып келді. «Жеті жарғы» деп аталуы Тәуке ханның бұрынғы заңдарға енгізген жеті өзгертуі.

Жеті жұт: құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт; оба(ауру), соғыс, топан су, зіл-зала (жер сілкіну).

Жеті жоқ: жерде өлшеу жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ, Аллаһта бауыр жоқ, аққуда сүт жоқ, жлқыда өт жоқ.

Жеті жетім: тыңдамаған сөз жетім, киюсіз тозған бөз жетім, иесіз қалған жер жетім, басшысы жоқ ел жетім, аққу-қазсыз көл жетім, жерінен айырылған ер жетім, замандасы қалмаса – Бәрінен де сол жетім.

Жеті континет: Африка, Антарктида, Австралия, Еуропа, Солтүстік және Оң-түстік Америка.

Жетісудың жеті өзені: Лепсі, Ақсу, Көксу, Сарқан, Қаратау, Іле,Шу.

Жеті ғашық: 1. Ләйлі – Мәжнүн. 2. Фархад – Шырын. 3. Таһир – Зухра. 4. Арзу – Камбар. 5. Уәлик – Ғарра. 6. Уәки – Күлшаһ. 7. Жүсіп – Зылиқа.

Жегідей жеген жеті кесел: 1. Коррупция. 2. Мафия. 3. Парақорлық. 4. Бюрократтық. 5. Рэкетерлік. 6. Маскүнемдік. 7. Жезөкшелік.

Әлемнің жеті кереметі: алғашқы 7 керемет: 1. Египет пирамидасы. 2. Вавилон ның аспалы бағы. 3. Ерте дегі Артемида храмы. 4. Олимпиядағы Зевстің мүсіні. 5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы. 6. Жерорта теңізі аралығындағы Гелиостың (Күн Құдайы) қолдан жасалған мүсіні. 7. Александрия маягі.

Бесінші ғасырдан бері танылған **жеті керемет:**

1. Рим колизейі. 2. Александрияда жер астында жол пішінде қазылған мазарлар. 3. Қытайдың ұлы қорғаны. 4. Англиядағы алып тас қор-ған. 5. Италиядағы Пиза қисық мұнарасы. 6. Қытайдың Нанжин қаласындағы фарфор мұнара. 7. Ыстамбұлдағы әулие София ғибадатханасы.

Бұдан үш жыл бұрын Т.Кәкішев, Б.Қанапьянов, К.Нұрпейісов, З.Самашев, С.Сартаев, Шота Уәлиханов бастаған Қазақс танның бір топ ғалымдары **«Қазақстанның жеті кереметін»** анықтады.

Ғалымдар анықтаған кереметтер мыналар: 1.Таңбалы тастағы суреттер. 2.Алтын адам. 3.Қазақтың киіз үйі. 4. Домбыра. 5. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. 6.аңғыстау жерасты мешіттері. 7. Астана-Бәйтерек.

Өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу және "Жетіге келгенше жерден таяқ жерсің", "Жеті қабат жер астында" сияқты дәстүрлік сөздер мен мақал - мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты.

Христиан дінінде Жеті саны: сенім, үміт, қайырымдылық, әділеттілік, сабырлық, ақылдылық және рухтың күші.

Таурат кітабы бойынша: Құдай 1 – күні жарықты, 2 – күні аспанды, 3 – күні жерді, 4 – күні Күн, Ай және жұлдыздарды, 5 – күні балықтар мен құстарды, 6 - күні аңдар мен адамдарды жаратқан, 7 – күні дем алған. Бұл әлемді жаратуға арналған жеті күн деп аталады.

Наурыз көжеде жеті дәмнен жасалынады: су, тұз, сүт, құрт, ет, арпа, күріш. Наурыз көжеге дәнді дақылдарды бір тамырдан өсіп-өнген өсімдіктей ұрпағымыз көп, сүттей ақ болсын деген тілекпен қосатын болса керек. Наурыз көжеге белгілі бір дәмді ғана салу керек деген арнайы нұсқау жоқ. Әркім барын салады, бірақ барлық қоспаның саны жетеу болу керек.

Данышпан бабаларымыздың өсиетті сөздері бүгінгі күнге дейін үлгі :

«Жеті жұрттың тілін біл,

Жеті түрлі ілім біл».

«Жеті атадан қыз алыспаңдар».

«Жеті қарама-қайшылық: жер мен аспан, жас пен кәрі, жақсы мен жаман, тәтті ме ащы, түн мен күн , су мен ауа, жаз бен қыс.

7 қабат жер асты, 7 қабат аспан әлемі, 7планета. Егер де 7 санына дейінгі сандарды бір-біріне қосса, 1+2+3+4+5+6+7=28 болады екен. Бұл бұрынғы 1 айдың ұзақтығын береді және саусақ буындарымыздың саны 28.

Ит те 7 қазынаның біріне жатады.

Тоғыз саны сыр шертеді. Ерте кезде арабтар тоғыз санын да қасиетті деп санаған өлген адамың үшін тоғызын беріп еске түсірген. Сол арабтар арқылы ислам дінінің қазақ даласында енуіне байланысты тоғаз санының

ерекше құрмет тұтылуы да байқалады.Тоғыз саны араб елінен дінмен байланысты енген тәрізді. Сондықтан халқымыз: «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз әйелдің толғағы бір күні келіпті», «Тоғыз жолдың торабы», «Тоғыз қабат торқа қию», «бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз» (үйленгендегі ырым) сөздері тегін шықпаған болу керек.

Тоғыз-құмалақ — қазақ ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Он екі саны да - халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша он екі айға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Олар: тышқан, сиыр, балық, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Осындағы он екі жылды бір мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. Он екі сөзімен байланысты «он екі мүшең сау болсын», «он екіде бір нұсқасы жоқ», «он екі баулы өзбек» деген сөздер де айтылады.

Адам өміріне, жалпы, айналадағы қоршаған ортаға әсер ететін цифрлардың ішіндегі ең құрметтісі 12 болған. 12 жыл, 12 ай, 12 жануар... тағы басқа. Осы 12-ге дейінгі сандардың әрқайсысының да қытайлар үшін қасиеті, мағынасы зор. Сол он екі санның негізгілерімен таныстырып өтейік.

12 - ең қасиетті сан. Көптеген циклды таңбалайды - 12 ай, 12 жыл, 12 қарақшы, 12 сағат... Бал ашу кезінде 12 түссе, ол «тағам» мағынасын аңғартатын болған.

Он екі қазақ күнтізбесі бойынша он екі айға жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Қырық саны да киелі сан. «Сәби дүниеге келді» деген салт-дәстүрге тоқталатын болсақ, сәбиді қырық күн толғанда «Қырқынан шығару» деген ырымы жасалған.

Байырғы қазақ күнтізбесі бойынша (оның негізі ертедегі араб күнтізбесінде жатыр) 12 айға арнайы жәндіктер мен хайуаннаттар атын беру (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз). Оларды 12 қазына деп атаған. Он екі жылды адамның бір мүшелі- қатерлі жыл деп арнайы атап өтуі де тегін емес.

Жыл аттарын хайуанаттар мен атау туралы бірнеше аңыз да бар. Соның біреуі бойынша он үш хайуан жыл атын иемденуге талап қылып өзара таласып қалыпты. Сонда тышқан тұрып: «Ертен ерте тұрып жаңа шыққан Күнді аңдиық . Сонда Күнді ең бірінші көрген жыл басы болсын. Қалғандары Күнді көрген кезек тәртібімен жыл атына ие болсын» деп ұсыныс жасапты. Бәрі соған келісіп, уақыт жақындаған кезде тышқан ептілікпен түйенің басына шығып алып, Күнді бірініші болып көріпті. Бұдан кейін Күнді көрген он бір хайуан да жыл атын иемденеді де, «менен бұрын ешкім көре алмас» деп бойына сенген түйе жыл атынан құр қалыпты делінеді.

Енді бір түсіндірмеде ол түйенің дене құрылысына байланысты делінген. Яғни мүшелдегі хайуандар бәрі жиналып, түйенің денесін бөлісіп алған екен. Шынында да түйенің құлағы тышқандікіндей, тұяғы сиырдікіндей, кеудесі барыстікіндей, ерні қояндікіндей, мойыны жылындікіндей, шудасы жылқының

жалындай, жоны қойдікіндей, бөксесі мешіндікіндей, төбесі тауықтікіндей, сандары иттікіндей, құйрығы доңыздікіндей емес пе? Осындай түсіндірме сөз тізбектері қазақтың өлеңдерінде де орын алған.

Өлеңнің ұзыны бар, қысқасы бар,
Сөздің де айта алатын ұстасы бар.
Қарағым, сен білмесең мен айтайын,
Түйеде он екі жылдың нұсқасы бар.

Бұл жөнінде мынандай түсіндірме ұғымдар да бар: «Түйе жылдан құр қалмаған. Ол он екі түрлі жан иесінің жиынтық нұсқасы, яғни мүшел он екі жылдың символдық- синтезі десе де болғандай».

Азия хзалықтарынң жылдарында белгіленуін зодиак тілімен айтсақ былай түсіндіріледі: тышқан жылында туғандар зерек, сиыр жылында туғандар қайтпас қайсар, барыс жылында туғандар тәкаппар да озғыр, қоян жылдылар биязы да сыпайы, ұлу жылдылар арманшыл, жылан жылы туғандар ұрыс–керіске батыл, жылқы жылдылар ашық-жарқын,ырықты, қой жылдылар момын да табанды, мешін жылдылар зерек те қағілез, тауық жылдылар болжампаз да сәуегей, ит жылдылар адал да мейірімді, доңыз жылдылар байсалды да дархан келеді.

Қазақтың лира-эпос жолдарында да он екі санын кездестіруге болады:

«Орай да орай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан!» (Қобыланды батыр)
«Он екі айдың жартысы жаз болады,
Жаз белгісі үйрек пен қаз болады» («Қозы Көрпеш- Баян Сұлу»).
«Үлкендігі басының, он екі қарыс қазандай» («Қамбар батыр») деген сөз тіркестері 12 санын ерекше қасиет тұтудың белгісі. 12 саны қазақ халқының ертегілерінде, өлеңдерінде, жұмбақтарында да жиі кездеседі. Мысалы:

Біз, біз, біз едік, біз он екі қыз едік.
Тап боп отқа шоқ болдық, таң атарда жоқ болдық.

Бұрынғы қариялар мектепке баратын балаларға тілек-бата айтатын: «Хатты тез танып, кітапты көп оқып, Лұқпандай хакім,Атымтай жомарт, 12 ғалымның тілін білсін» деп.

Қазақта Ораза айын 12 айдың сұлтаны дейді. Өйткені осы айда дау-дамайдан, ұрыс-керістен, ұрлық-қарлықтан арылып, тек денсаулықты, тазалықты, жақсы мінезді қалыптастыру керек.

Жылқы малын сойғанда соғым етін 12 жілікке бөлуі киіз үйдің де 12 қанатқа дейін болуы санның қасиеттілігінен болады.

«Қырықтың бірі – Қыдыр». Халқымыздың қасиет тұтатын тағы да бір саны - қырық. Үйге бақыт , байлық әкелетін Құдай елшісі- қырықтың бірі-Қыдыр . Нәрестенің мойны бекіп, қырық күн толғанда "Қырықынан шығару" деген ырымы бар. Өлген адамның «Қырқын беру» дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты «Қырықтың бірі - қыдыр" деп қарсы алу т.б. сенімдер, ырымдар «қырық» сөзімен байланысты.

40 санында да өсиетті сөздер мақал-мәтелдер кеңінен өріс алған .

Жас сәбиді алғаш рет күміс салынған суға шомылдырғанда мынанадай тілек айтады:

Отыз омыртқан бекісін,

Қырық өабырғаң қатсын.

Артынан сәбиді шомылдырған әйелдер күмісті өзара бөліп алады.Жас сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн бойы ешкімге көрсетпеу шашын және тырнағын алмау әдеттеріміз де бар.

«Отызыңды орда бұзбасаң,
Қырқыңда қамал алмасаң»
«Отызда орда бұзбасаң,
Қырықта қырып келдім дегеніңе кім сенеді» (Абылай хан)
Бір кісі таққа отырса қырық кісі атқа отырады.
«Ханда 40 адамның ақылы бар»
«Жақсы кісі қырқында толады,
Жаман кісі қырқында солады».
«Қырық атан ұстама,
Қырық тамыр ұста».
«Әйелдің 40 жаны бар».

«Қазақта бір күн дәндес болғанға 40 күн сәлем» деген сыйластық қатынастар да бар.

1000 санына байланыста, мәтелдер:

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»
«Мың малың болғанша,
Бір балаң ғалым болсын».
«Күніне мың пәлеге жолықсаң да,
Бір Алладан күдеріңді үзе көрме».
«Мың қосшыдан бір басшы артық»
«Бір кісі арық қазады
Мың кісі су ішеді»
Мен істедім дегенше,
Мың істеді десеңші.
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші. (Бауыржан Момышұлы).

Осы келтірілген ырымды сандарды еске алып, иреті келген сәттерде жас ұрпаққак олардың мән – маңызын түсіндіріп отыратын болсақ, бұдан ұтпасақ ұтылмаймыз. Мұның бәрі ұлттық тәрбие берудің бірн жолы. Осыны ұмытпағанымыз жөн.

4.3. Сандардың сыры

Ойлап қарап отырсаңыз, тарихи тұлғалардың көбісі өздерінің ұлылығы мен данышпандығын, таңғажайып батырлығын, дүниені дүр сілкіндірген жаңалығы мен жетістігін 17, 21, 25 жасында-ақ танытып үлгірген. Мәселен, Француздың ұлы ғалымы Блез «Паскаль теоремасы» атты атақты еңбегін 17

жасында жазса, Венгр халқының атақты ақыны Шандар Петефи небәрі 26-ақ жыл өмір сүріп, өзінің барлық шығармаларын осы жасқа дейін өмірге әкелді, «Тынық Дон» роман -эпопеясының 1-2 кітабын жазғанда М.Шолохов небәрі 23 жаста болды. Шоқан Уәлиханов 30 жас, Саттар Ерубаев 23 жас қана өмір сүрді. Әрине, тарихта мұндай 17-30 жас аралығында-ақ атақ-даңққа бөленгендер аз емес. Сонда 17, 21, 23 , 30 жастың қандай құдірет күші бар, жалпы сандардың адам өміріне қатысы қаншалықты шындық?! Бұл жөнінде халықтың наным-сенім, ырымында болжам көп...

Адамтану мәселесімен айналысушылардың айтуынша, адамның ғұмыры үш кезеңнен тұрады. Осы үш кезеңнің әркімге қатысты өз саны бар. Сол сандар арқылы өзіңіз алдағы 10 жылды, 20-30 жылды қалай өткізесіз, соны да біле аласың. Олардың пікірінше, алдағы ғұмырың туралы сандар сыр шерте алады. Жасыратыны жоқ, оған ырымшыл жандар, басқа да адамдардың бірқатары сенеді, кейбіреулер оған күдіктене де қарайды. Алайда мұндай болжам айтушылардың әңгімесіне назар аударған, оны өз өміріңмен салыстырып көрген, алдағыны сандардың айтатынын талдап, та- нысқан артық емес. Біз енді адамтану мәселесімен айналысушылардың әр пенденің маңдайына жазылған ғұмырдың 3 кезеңінің оған «тиесілі» 3 санын қалай анықтайтынына, ол жөнінде қандай пайымдаулар айтатынына тоқталайық.

Ғұмырдың 3 кезеңі.

Бірінші кезең. Ол – 28 жасқа дейінгі ғұмыр.

Бұл кезде адамның балалық, бозбалалық шағы артта қалып, ол салиқалы шаққа аяқ басады. Сіз өмірдің бұл бөлігін қалай өткересіз, оны көрсететін сан жөнінде мынандай болжам бар:

«Өмірдің бұл бөлігін қа лай өткеретініңізді көрсете-тін сан, қаңтардан қыркүйек-ке дейін туғандар үшін сол айлардың реттік саны (қаңтар – 1, ақпан – 2, наурыз – 3 ай дегендей есеппен 9 - айға – қыркүйекке дейін кете береді) болып табылады. Қазаннан желтоқсанға дейін туғандардың мұндай саны екі қатар санның бірін-біріне қосу арқылы шығады (қазан - 10-ай: 1+0=1, қараша - 11-ай; 1+1=2: желтоқсан - 12-ай: 1+2=3). Мәселен, мен сәуірде туғанмын, сәуір – 4-ай, яғни менің саным 4.

Екінші кезең. Ол – 28 жастан 56 жасқа дейінгі ғұмыр. Адамтану мәселесімен айналысушылардың айтуынша адам ғұмырының бұл бөлігіне тән сан – туған күннің саны болып есептеледі. Бұл кезеңде де 2 қатарлы санды бір-біріне қосу арқылы бір қатарлы сан алу тәсілі пайдаланылады (мысалы айдың 28-інде тусаңыз: 2+8=10; 1+0=1 дегендей.Негізінен, әр айдың 9-жұлдызына дейін туғандардың саны сол туған күні болып та- былады. Яғни, 9-қыркүйекте туғандардың саны – 9; 7 – ақпанда туғандардың саны – 7 деген тәрізді. Енді осы «тиесілі» сан бойынша болжам жасайтын болсам, мәселен, мен айдың 25 –де тудым, демек менің өмірімнің екінші кезеңіндегі сан 2+5=7, ал менің немерем Рахым 8-наурызда туған, яғни оның саны 8.

Үшінші кезең. Ол – 56 жастан кейінгі ғұмыр. Адам жасының осы кезеңінің саны туған жылының санын бір-біріне қосып, бір қатарлы сан шығару қажет. Мұны 2 амалмен жүзеге асырады. 1951 жылы тусаңыз, бірінші амал:

1+9+5+1=16. Екінші амал: 1+6=7. Сіздің саныңыз – 7. Мәселен, 1937 жылы туған мен үшін 1+9+3+7=20. Екінші амал: 2+0=2.

Адам ғұмырының үш кезеңіндегі «тиесілі» сандарды анықтап алғаннан кейін мына сандардағы болжам-арға арқа сүйеп, соған байланысты мінез-құлқыңызды, алдағы өміріңіздің қалай болатындығы туралы ой қорытуыңызға әбден болады. Әрине, оған сену, сен беу өз еркіңізде. Бұлар – адамтану мәселесімен айналысушылардың болжамы ғана. Ал болжамның ақиқатқа айналатыны да, іске аспайтыны да бар. Бәрі Аллаһ Тағаланың бұйрығында. Алайда, өз ғұмырың туралы болжамдарды естуден қашпайтын шығарсыз деп ойлаймын. Өйткені біздер, қазақтар ежелден құмалақ сал-ғызып, жауырынмен болжам айтып, ырымға зейін қоятын халықпыз ғой. Әрі қарай осы киелі сандарда қандай сыр бар екен, соған көңіл бөлсек.

1 саны. Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі 1 санына тұспа-тұс келетін болса, бойыңызда сенімділік, бастан сөз асырмайтын шам-шылдық сезімі бар. 1 санының иелері үнемі ізденіп, талпынып, өсу, жетілу үстінде өмір сүреді. Айдың бірінші күні ме, аптаның бірінші күні ме, өз өміріңнің бір кезеңіне бұл 1 саны жазылғандарға жақсылық сыйлайды. Осы күндері бір іске кіріссеңіз, сапарға шықсаңыз, соның бәрі сәтті аяқталады. Олай болса, мұндай сан иесі сондай саннан басталатын айдан, күннен, сағаттан қуаныш күте берсе болады.

2 саны. Адам ғұмырының бұл санға тұспа-тұс келген кезеңі иесінің жанына көңіл-күйінің, сезімінің үстемдік ететінін танытады. Не болса соған сезіктене, секемдене қарау, қорқып-үрку, дұрыс шешім қа былдай алмау, қай істі де мерзімінен кеш қолға алу осы кезеңге тән құбылыстар. Алайда адамдармен тіл табыса білу, қай нәрсенің де жақсылығы мен жамандығын қат-қабат көру өмірдің 2 санын еншілеген кезеңін табысты өткізуге көп көмектеседі. Сондықтан да бұл қасиеттердің керектігін әсте ұмытпаған жөн.

3 саны. Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі осы 3 санына сәйкес келетін болса, ол дос-жолдастың, тілектес әріптестердің көбеюімен ерекшеленіп, мазмұндана түседі. 3 саны «тиесілер» сауық-сайранға, серілікке бейім. Сол себепті олардың сауық-сайран, серілік өмірден басқа да маңызды мәселелердің, ел алдында азаматтық жауапкершілігіңіз бар екенін ұмытпағаны жөн.

4 саны. Өмірінің 3 кезеңінің бірі бұл санға сәйкес келетін адамға тән ерекшелік – еңбекқорлық. Бұл сан иелері жоғары қызмет атқармаса да өзінің қабілеті, іскерлігі бар екенін танытып, өзін сол арқылы бақытты сезіне алады. Олардың есінде сақтауға тиісті жағдай: жаңаны жатсынып, ескіге бүйрегі бұратын кертартпалықтан (консерваторлықтан) ешкім атақ-абыройға ие бола алмайды, сол себепті ондай сезім бар болса, одан арылуға тиісті.

5 саны. Адам ғұмырының бұл санға тұспа-тұс келетін кезеңі иесінің халыққа қалаулы болуымен ерекшеленеді. Бірақта Сіз «мен осындай санның иесімін. Яғни, жұлдызым жанып тұр», – деп дандайсымаңыз, ойланбай еш-нәрсені де жасамаңыз. Бұл ақыл-кеңеске құлақ аспасаңыз, бармағыңызды тістеп, өкініп қалуыңыз да мүмкін.

6 саны. Зерттеушілердің пайымдауынша, «бұл кезеңнің билігіндегі уақыт жұптасуға, топтасуға қолайлы». Егерде сіз осы уақытқа дейін жалғыз жүрсеңіз, енді қасыңызда жанашыр жан пайда болады. Сіз жанашырыңызбен ақылдасып, пікірлесіңіз. Сонда бұл өмірдің мән-маңызы мен оның Жаратқан Иеміз сыйға тартқан таңғажайып тіршілік екенін терең түсіне бастайсыз.

7 саны. Өз өмірінің бір белесінде бұл санға «ие» болғандар өзін-өзі жетілдіруге, жан-дүниесін байытуға барлық күш-қайратын жұмсайды. Олар өткен өмір жолына үңіліп, өзіне-өзі есеп береді, келешекке жоспар құрып, осыған дейін жіберген қателігін енді қайталамауға бет бұрады. Ой-өрісі кеңейіп, тереңдейді, дүниеге көзқарасы жұмбақтанып, құпиялана түседі. Оның өмір бойы жина-ған тәжірибесі шығармашы-лық жұмыспен айналысса, оң нәтижесін береді. Қай мәселені де талдап, талғамдай алатын қасиетінің қай істе де көмегі мол.

8 саны. Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі бұл санға тұспа-тұс келсе, өзіңізді өзгелерге билік жасау, басқару ісі күтіп тұр деп ойлай беріңіз. Мүмкін ел бас қармассыз. Алайда бұл кезеңде Сіздің үй-ішіне, туған-туыс-тарыңызға билігіңіз, сөзіңіз жүреді. Оған кәміл сеніңіз.

9 саны. Бұл санға «ие» болсаңыз, ауқымды ой жоспарлардың, жанқияр батылдықтың кезеңі келді деп біліңіз. Бұл кезеңде бойыңыздағы күш-қайрат тас қопарып, тау бұзуға жетеді. Жалғыз-ақ, армандап, қиялдана білсеңіз болғаны. Осы кезеңде өзіңізді үлкен маңызды істердің күтіп тұрғанын ұмытпаңыз. Тағы да қайталап айтамыз, зерттеушілердің бұл болжамдарына сену, сенбеу өз еркіңізде. Алайда осынау қорытындылардың тектен-текке өмірге келмегені, онда халықтың мол іс-тәжірибесі жатқаны есіңізде болсын.

Сан құдіретіне қатысты мына жайды да айта кетуге тура келеді. Қазақтың жаңа жылы Наурыз айынан басталады. Наурыз көжеде 7 түрлі тағам бар.

Қазақ **7 санын** киелі санап, айрықша назар аударған және ерекше қастер тұтқан. Мысалы, қазіргі күні қолы жеткен адамдар темір тұлпарларына мемлекеттік нөмір аларда **777** немесе **077, 707** тәрізді нөмірді алуға ұмтылатын ежелден қалыптасқан. Үкметтің ұйғаруымен дәл осындай нөмірлер сатыла бастады. Демек, бұл сан қазынаны молайтуға қызмет ете бастады.

Сондай-ақ ,13 жас бірінші мүшел, 25 жас екінші мүшел, 40 жасы кемел жас, - деп есептеледі. Әрі қарай айта берсек, Шал ақынның мына айтқаны тілге орала кетеді:

«Елу – ердің жасы,
Алпыс – сұмдықтың басы,
Жетпіс – оттың қасы,
Сексен – көрдің қасы,
Тоқсан – қураған еті жоқ, қу сүйек».

Иә, мен қазір оттың ортасында жүрмін.

Алматыға арман қуып **17 жасымда** келген екем, биыл **77 жасқа** толдым. Сонда осы жастың 60 жылын ҚазҰТУ-да өткізіппін. Мен **77 жасқа** келгеніме шүкіршілік етемін және осы кітабыма «Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем» атты өлеңіммен нүкте қойғалы отырмын. Одан кейін, әрине тоқсан ауыз сөздің

түйіні бар. Ал, кітаптың тұсау кесері **7777**-ге келгенде өткізіледі, сіздермен сонда кездесуге жазсын.

Көкшенің Көлдеріндей тасып жұрем,
Жанымды жақсыларға ашып жүрем.
Халқымның жүрегіне жаз орнатып,
Әнімді ақмаржандай шашым жүрем.

Көкшенің Көлдеріндей тасып жұрем,
Пернесін әдемі әннің басып жүрем.
Көк ызғар баспасын деп көңіл күйін,
Жаманнан жертүбіне қашып жүрем.

Көкшенің Көлдеріндей тасып жұрем,
Асудан ау тұлпармен асып жүрем.
Көзге ілмей анау-мынау пенделікті,
Дүниені қонышынан басып жүрем.

Көкшенің Көлдеріндей тасып жұрем,
Жақсыға көңлімді ашып жүрем.
Сіздердей жайсаңдармен кездескенде,
Әнімді ақмаржандай шашым жүрем.

ТҮЙІН

Қымбатты оқырман! Ғұмырнамалық «Үш орта» кітабының, міне соңғы беті де жабылмақ. Бар шынымды да, бар сырымды да алдарыңызға жайып салдым. Ойлап отырсам, сіздерден жасырып қалар менің құпиям жоқ екен, құрметті ағайын!

Адам баласы жаратылғаннан бері өмірге кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр? Бірақ , халық даналығы айтқандай, «Ақынның аты, ғалымның қаты өлмейді». Міне, бұл кітапқа сол өлмейтін тарихи тұлғалардың өмірі және менің ғұмырыммен өріліп жатқан өмір өткелдері арқау болды.

Мына жарық дүниеге келгенде адам баласы ізгілік пен шуақ аңсап келеді. Жақсылық атаулыға іңкәр көзбен қарап өмірден өзатын жандар да жоқ емес. Айналасына арайын ашып, сәулесін шашатын жандармен қатар жүрген күндерге қарыздар секілді сезінемін. Сол сезіну ата-бабаларым, ұстаздарым алдындағы парыз, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен туындаған болар деп есептеймін.

Даналарымыздың айтуынша «өмір деген –жастықтың көзімен қарағанда шегі көрінбейтін болашақ, ал біз сияқты қарттардың көзімен қарасаң – өл өте қысқа өткен шақ». Біздер өмір базарынан оралып келе жатқан жандармыз. Жетіп жығылар жеріміз алыс па, әлде жақын ба, бір Алла біледі. Ылдиы мен өрі бар, өткелі мен асау арнасы кезек алмасқан мына тіршілік сапарында барлығы да ғажайып тамаша болды десем, шындыққа жанаспас еді. Дихан Әбілов:

«Сол болдық біз, күлсең кәрілерге,
Көңіл тоймай кейде бір әбігерге.
Айтып салып, айыпты боп жүремін,
Сондай мінез болады кәрілерде.
Шіркін өмір қызығы жастықта екен,
Сенсіз бақыт есігін аштық па екен» дегеніндей,

1- бөлімдегі бал дәуренді балалық шағым көгілдір Көкшетауда өтті.

Қандай қиындық, таршылық жағдай кездессе де, зор талаппен, әрдайым ілгері қарап, жақсы-жаманға бала жастан көз қандырып, ақпен қараны айыра білумен өстік. Ата-баба әруағының алдында өтелер парыз бар. Менің үрпағым да осы парызды, ұлағатты ойды жан-жүрегімен ұғынса екен деймін. Асын адалынан ішкен аталарыма Құдайдың көзінің түзу болғаны сол шығар, мен бұл өмірде өзімнің бақытымды таптым деп есептеймін.

Ол –менің тіккен отауым, көтерген шаңырағым – өнген ортам. Ілгері басқан балаларым. Біз ұрпақ жалғастырып, әулетіміздің отын өшірмей, түтінін түзу шығарып келеміз. Ұлдарым мен немерелерім осы қасиетті жолды жалғастырады деп сенемін.

Ол – менің сүйікті ісім, ғылыми жолым, өскен ортам - қайнар бұлағым. Қазақстаным деп лүпіл қаққан жүрегім. Елім деп еңбек еткен –білегім.

Еңбек жолымды «Қанат қаққан шақ», «Бұлақ ашқан шақ», «Ғылымға көңіл бөлген шақ», «Сәуле шашқан шақ», «Жұлдызым жанған шаштарым» деп (II-ортада) саралап бердім. Көкшеден кеше тұлымы желбіреп талдай болып келген мен – Қазақ ұлттық техникалық университетінде(ҚазҰТУ) таудай

азамат болдым. Көкшетауда туып, Алатауда өстім. Инженерлік білімнің Хан Тәңірі –ҚазҰТУ бақытымның бастауы болды, жұлдызымды жандырды. Сіздер бір сәтке жастық шаққа саяхат жасап, ардақты ҚазҰТУ-дың қабырғасында өткізген қызығы мен шыжығы мол өмір өткелдерін көз жібердіңіздер.

Бүгінде мен ентіге басып, бір жерлерде аялдап, бірде тоқтап төбенің басына көтеріліп келемін. Жан-жағыма қараймын, төңірегіме көз тастаймын. Қарасам: төбеге өрмелеп көтерілген із жалғыз емес екен. Талайлардың ізі сайрап жатыр. Әркімнің ізі әртүрлі. Бәрі де өз әлінше, өз әдісімен төбеге шыққан. Осының өзі адам өмірінің бір көрінісі.

Менде де «қалдырған ізім» дерлік не бар екенін байқасам, өмір деген өтіп барады екен. Өмірімнің тобықтай түйінін айтар болсам, Ар туын жоғары ұстап, адалдықтың жолынан адаспай еңбек етіппін. Жадымда қатты сақталғаны балалық шақтың жүрегіңді шым еткізер сағынышқа толы жарқын суреттері. Адал еңбектің арқасында көштен қалған жоқпыз, бұйырған қызметті адал атқарып келе жатқан сияқтымын.

Жастарды оқытып –ұстаз болдық, қағаз кеміріп – ғылым сырына үңілдік, кітап жазып – жазушы болдық. Атақты Ибн Сина: «Дәрігердің қолында үш түрлі құрал бар. Біріншісі – сөз. Екіншісі – дәрі. Соңғысы –пышақ» -депті. Емнің үлкені де құдыреттісі де Сөз екен! Мына қолдарыңызға ұстаған кітаптағы жазылған сөзерді - көңілдің толқыны, жүректің сыры деп қабылдаңыздар, ағайын!

Сіздер осы кітапты оқи отырып, менімен ортақтас болған көптеген мырзалар мен ханымдар туралы қысқаша мағлұмат алдыңыздар. Қысқаша дейтін себебіміз, әрбір адамның өмірінің өзі бір-бір кітап. Ал олардың бәрін бірдей қамту ешкімнің де қолынан келмейді. Бұл ұлкен бәйтеректің бір кішкене бұтағы жайлы жазылып отырған тұңғыш кітап. Ал тұңғыштың кемшіліктері мен артық-кем жерлерінің болуы заңды құбылыс.

Биыл менің алтын ұям –Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің құрылғанына 80 жыл. ҚазҰТУ-да қазақтың небір марқасқалары мен жайсаңдарының рухы бар. Мәселен, бір ғана Ақаң-Ақжан Машановты алсақ... Бір өзі бүкіл ұлттың болашағына алаңдаған жан.

Бүгінде ел мақтанышына айналған тұлғалардың көбісі дерлік осы оқу ордасының білімімен сусындап, қанаттанды.Айтулы мемлекет және қоғам қайраткерлері де осынау білім ошағының түлектері. Қаншама әйгілі академиктер мен ғалымдар да осы киелі оқу орныннан өз білімдерін ұштап, әлемге танылып, дүние жүзін мойындатуда. Осы еңбегінің арқасында, мыңдаған таланттардың талпынысының нәтижесінде ҚазҰТУ-дың дәрежесі жоғары, мәртебесі биік. Қаныш Сәтбаев атамыздың рухымен қуаттанған университет ұжымы осы күнге дейін тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл жет елдерге танылды. Оның ішінде менің де үлесім бар.

Мен осы кітабымда ҚазҰТУ-дың 80 жылдық өмір жолында қалыптасқан дәстүрлері, ұлы ұстаздардың есімдері мен атқарған істері инженер кадрларды даярлайтын ұстахананың, еліміздегі жасампаз оқу орнының басынан кешкен тарихын өзімнің өткен жолдарыммен байланыстырып барынша баяндадым.

Иә, 80 жыл! Бұл біз үшін, жалпы қазұтулықтар үшін айрықша жыл. Киелі қара шаңырақта үлкен той, үлкен мереке. Бұл менің осы тойға арнаған шашуым деп қабылдаңыздар.

Жас оқырман! Мен өмір базарынан келе жатсам, сіздер сол базарға бара жатырсыздар. Сіздер оған алтындай армандарыңызды алып бара жатырсыздар. Жүрек лүпілі, мақсат-мұраты бір адамдардың тілегі де бір ортада тоғысады. Ендеше, сол армандарымыз орындалуға жазсын!

Сіздер бағындырар белестер әлі алда!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салықов К. Жезкиік. –Алматы:Жазушы, 1973.-200 бет.
2. Сейфуллин С. Көкшетау(поэма).-Алматы: Жалын, 1979.-35 бет.
3. Бердяров Т. Жер шоқтығы – Көкшетау «Дауылдан кейінгі тыныштық» кітабында., Алматы: Жазушы, 1970. -210 бет.
4. Аманжолов Қорғанбек. «Қанай-Абылай», 2009. Егемен Қазақстан.
5. Нұрпейісова М.Б. Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем.- Алматы: «Print House», 2003.-150 бет.
6. Мусин Ж. Жер шақтығы Көкшетау. –Алматы: Жалын, 1989.-192 бет.
7. Нұрпейісова М.Б. Атамекен.- Алматы: «Status-print», 2008. -202 бет.
8. Шоқан Уәлиханов.Таңдамалы шығармалары.–Алматы: Жазушы, 1985. -560 бет
9. Абуталипов А. Арыстарға тағзым. –Көкшетау: Жалын, 2000.-156 бет.
10. Көмекұлы Ш. Өлеңдері. Үрімші. Шынжа халық баспасы, 1994.-689 бет.
11. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында.-Астана, Ақорда. 2007.-315 бет.
12. Шәкеев К. Көкшем менің.- Астан: Елорда, 2001.- 200 бет.
13. Казбеков А, Бурабай, Оқжетпес, Аулиеколь. –Кокшетау, 2004.-288 с.
14. Екі мың жылдық дала жыры. Бұхар жырау.-Алматы:Қазақ энцикло-педиясы, 2000.-Б.147-154 .
15. Қажыбаев Т. Сәуле-менің ауылым. –Көкшетау, 2008.-480 бет.
16. Рамазанова Р.Ә. Атығай батыры Андықожа .-Қостанай: «Центрум», 2008. - 176 б.
17. Бекхожин Қ. Батыр Науан//Алты асқар. -Алматы: Раритет, 2005.-320 б.
18. Кәкішев Т. Сакен Сейфуллин. –М.: Молодая гвардия, 1972. -224 с.
19. Сейфуллин С.Көкшетау: дастандры. –Алматы: Жазушы, 1994.-296 бет.
20. Бекхожин Қ. Сұңқар туралы жыр.Таңдамалы шығармалары, Алматы: Қазақпарат,2012.- Б.670-685.
21. Жұмабаев М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1989.-448 б.
22. Нұрпейісова М.Б. Мың тағзым.- Алматы: «ҚазҰТУ», 2013.-268 б.
23. Нұрпейісова М.Б.Көкшенің үнін жүрегімде жаттап өстім. Арқа ажары. 14 тамыз 2008ж.
24. Ысмайылов Е, Қаңтарбаев Қ. Біржан сал. - Алматы: Жазушы, 1967.
25. Ысмайылов Е, Ақындар айтысы.- Алматы, 1944
26. Жүнісов С. Ақан сері.-Алмты: Жазушы, 1987.-376 б.
27. Жансүгіров І. Құлагер. Алматы: Жазушы, 1974, 552 б.
28. Жұбанов А. Замана бұлбылдары. Алматы: Көркемөнер баспасы, 1963.-432 б.
29. Қажыбаев Т. Сексен көл сылдыры. Ақмола: Жазушы баспасы, 1996.-190 бет.
30. М.Габдуллиннің таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы. 1972
31. Зікібаев Е. Аңыз аға (Е.Әуелбеков туралы)-Жұлдыз, 2000.- С.114-124
32. Нұрпейісова М.Б. Қазағымның қыздары–ай.- Алматы: «Print House», 2004.-135 б.
33. Роза Шамжанова. Қазақ жерінің зиялы азаматтары. 1-том .-С.347-349.
34. Нұрпейісова М.Б. Жылуын жүрегінің аямаған. Көкшетау,2008
35. Нұрпейісова М.Б Аялаңдар ананы, бәріңнің де анаң бар. Дүние толқын, 2009 ж
36. Нұрпейісова М.Б. Көкшенің сұлуы. Арқа ажары, қаңтар 2014
37. Қарта Қаңтарбаев. Махметті еске алу, Алматы, 1980
38 Нұрпейісова М.Б. Гүл десе гүл еді-ғой. –Алматы, Гүл,2013.- 150 с.
39. Нұрпейісова М.Б. Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік, Айқын №40,17.09.2005 жыл
40. *Нурпеисова М.Б. Золоторудные месторождения Кахазстана// Труды междун. н.п. конф. «***Проблемы освоения недр в 21 веке.** *-М.: ИПКОН РАН, 2012. - С.126-130.*
41 Нурпеисова М.Б Қара шаңырақ. Алматы:РАС. 2009 жыл

42. Нұрпейісова М.Б Инженененрлік білімнің Хан Тәңірі, Қазақ әдебиеті, 18.09.2009 жыл.

43. Нұрпейісова М.Б. Машановтың ғылыми мектебі. –Алматы: «Искан- дер», 2006.- 182 бет.

44 Нұрпейісова М.Б. Ұлытаудың ұланы (Байқоңыровтың 100 жылдығына) «Егемен Қазақстан», 2012 жыл

45. Нұрпейісова М.Б. Аудиторяның ашылуына. Академик Байқоңыров – Алматы: Из-во «Са-Ға», 2012, 600 стр.

46. Сәрсеке М. Ебіней Бөкетов. Алматы: «Қазақстан», 2005.-504 бет.

47. Нұрпейісова М.Б. Асылдар ұшқан, жасындар қонған тұғыр. Журнал «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» мамыр-маусым 3/2014

48. Нұрпейісова М.Б Білімді болу –кедергілерді жеңуге берілген мүмкіндік. Айқын, №85, 22 мамыр 2014

49. Нұрпейісова М.Б Инженеңрлер ұстаханасы Қазақ әдебиеті, 18.09.2009

50. Нұрпейісова М.Б. Топ жарған Ержановты еске алу РАС, 2011.- 4 -бет

51. Нурпеисова М.Б. Востребован и полон сил./Вечерняя Алматы, №25, 2006. – С.4.

52. Нұрпейісова М.Б. Его центр науки // Сборник трудов ЦеЛСИМ, 2012

53 Нұрпейісова М.Б Сыр дариялы, жыр дариялы жердің нар ұлы Нариман // Жас қазақ үні, №51, 28.12.2009 ж. 20 бет.

54. Нұрпейісова М.Б.Жақсылардың жұрағатымен сұхбат. Дүние толқын, 2008.

55. Нұрпейісова М.Б. Мектеп ашқан меценат. Маман қажы ұрпақтары туралы. //Алматы ақшамы, №74, 2002.-С.12-13.

56. Нурпеисова М.Б. Қазақстанның зиялы азаматтары. Алматы: том 17 С.287-289

57. Машанов оқулары. ҚазҰТУдың 80 жылдық мерей тойына арналған конференция материалдарының жинағы.-Алматы: ҚазҰТУ, 2014. 150 бет.

58. Бәйдібек баба – алып бәйтерек: Ұрпақтар шежіресі.-Алматы. Өнер, 2004.- 992 б.

59. Қонаев Д.А. Ақиқатты аттауға болмайды.-Алматы:Санат, 1994.

60.Дүйсенбаев Д. Домалақ ана, Шымкент,1991.

61. Бектаев Қ. Төле би – саясаткер, диломат, психолог.Шымкент,1993.

62.Тлемісов Ә.Қапал батыр өрені.-Алматы, Кітап, 2005,-304 б.

63. Нұрпейісова М.Б. Тегі жақсы қандайды... Тамыры терең бәйтерек кітабында.-Алматы: «Экономика» басп.-2013. - Б.51-111.

64.Рахманов А. Өмір өзен.Өлеңдер. –Алматы;1999.-450 б.

65. Асқар Тоқпанов. –Алматы: Өнер, 2005. -240 бет.

66.Қазақ совет энциклопедияся, 6 том. Алматы: Қазақстан, 1975. -640 б.

67. Нұрпейісова М.Б. Ана бақыты,-Алматы. Дүние толқын, 2008.

68. Нұрпейісова М.Б. Жаныс баба мешіті есік ашты.Дүние толқын, 2009.

69. Нұрпейісова М.Б. Мойнымызда жүрген парыз еді... Айқын, сәуір 2014 жыл.

70. Нұрпейісова М.Б. Өшпейді асыл бейнең жадымыздан (Раушан Нұрымованы еске алу. Алматы:

71. Нұрпейісова М.Б. Жапырағы жайқалған бәйтерек. Алматы ақшамы, 4.01.2010. 13-бетте.

72. Нұрпейісова М.Б. Егделікке еңкеймеген ер Қаба! Жас қазақ үні, 2008.

73. Нұрпейісова М.Б. **Асқар таудай Евней ағамыз жайында // Қарағанды: Маркшейдерия және Геодезия, 2012. №1. Б.9-11.**

74. Нұрпейісова М.Б. Зерделі зерттеулердің зергері. –Алматы: ҚазМУ, **2013.- С.8-11.**

75. Нұрпейісова М.Б. Есқазы ел есінде.Алматы. Дала мен қала. 20.09.2010

76. Нұрпейісова М.Б. Мәңгілік Машани. –Аматы: Үркер журналы, №3, 2010

77. Нурпеисова М.Б. Время собирать цветы. Кызылорда таймс.01.10.2010.